

84/5 кқз)
к. 25.

Қонаш Қалдыоразұлы

ӨМІР ИІРІМДЕРІ
(ДЕРЕКТІ ПОВЕСТЬ)



Ҷонаш Қалдыоразұлы



Өмір иірімдері

(повестер жинағы)



Атырау-2011



УДК 821.512.122
ББК 3-Қаз-7
Қ 25


Қ 25 «Өмір иірімдері». Қалдыоразұлы Қ. - Атырау: «Ағатай» баспасы,
2012 ж. 334-бет.

ISBN 978-601-7018-88-7

Бірнеше көсемсөздік шығармалардың авторы Қ.Қалдыоразұлының бұл кітабында елдің еңселі ерлігі, заңғар замандастары, өз өмірі көркем тілмен өрнектелген.

Кітап қалың оқырманға арналған.

УДК 821.512.122
ББК 3-Қаз-7



ISBN 973-601-7018-88-7

Ағатай, 2012

Қонаш Қалдыоразұлы

Алматы қыркүйек айы

1999 жыл



Бұл жинағымды ардақты әкелерім Қоспай мен Қалдыоразға, аяулы аналарым Ақзер мен Бұлжан рухына бағыштаймын

Автор

27050-12-1

МЖ



Өмір иірімдері

Осы кітаптың авторы туралы

Киелі қазақ даласының бір аймағы Атырау өңірінде өмір сүріп, өршіл өнер мен қасиетті қаламды қатар ұстап, тізгін қаққан Қонаш Қалдыоразұлы 1942 жылдың 7-қаңтарында Жылыой ауданында шаруа отбасында дүниеге келді. Әкесі соғыста опат болып, анасы соғыс жылдарында ауылда дүние салып, жетімдік пен жалғыздықтың зарын тартып өскен азамат. Өмір керуеніне ілессе жүріп қалып қаламды ерте қолына алып, азамат шығармашылық жұмысқа абырой биігінен көріне білді. Өртүрлі жанрда қалам тартып жүрген Жылыойлық жігіт білім алуды да ұмытпады. Аудандық газетте еңбек ете жүріп, Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін тәмәмдап, теориялық білімін жұмысымен шебер ұштастыра білді. Республикалық, облыстық, аудандық басылымдарда өлеңдері мен очерктері, эсселері мен әңгімелері жиі жарық көрген қаламгер көптеген кітаптарын шығарып, шығармалары жинақтарға еніп, елінің құрметіне бөленіп келеді. Соның ішінде "Шуақты жүрек", "Тоғысқан тағдырлар", "Ел анасы- ер ана" деректі повестері, "Махаббат әні" әңгімелер, "Ана туралы ән", "Жылыойдың жайсаң жігіті", "Қазына мекені" атты эссе, очерктер жинақтарын оқырман қауымы жылы қабылдады. Сондай-ақ, "Жылыой қаламгерлері", "Бекет ата", "Қойнауы құтты Кең Жылыой", "Қыз-келіншектер еңбегі соғыс жылдарында", "Дарабоз" кітаптарында өлеңдері, очерктері, эсселері жарық көрді.

Еселі еңбегіне орай Қазақстан КП Гурьев облыстық комитеті мен облыстық атқару комитетінің, Қазақстан Журналистер Одағының, "Отан" республикалық саяси партиясының Құрмет грамоталарымен марапатталған қаламгер 1976 жылдан Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі деген атына сай еңбек етіп, ел ілтипатына бөленіп келеді.

Бұл күнде ол көңілдегі көрікті ойды ұшқыр қиялмен жүйрік қаламға арқау етіп, ертеңге нық сеніммен қадам басып келеді. Жылыой жұртшылығы, қала берді Атырау аймағының адал жанды азаматтары айрықша ардақ тұтып, құрметтейді. Ендеше қаламгердің биіктен көріне беруіне ілгеріде елі тілектес.



Алғысөз немесе кітаптың кілті

Бүгінгі бұрқыраған алағай да былағай заманда, мың құбылған тірлікте мың-мың жағдайды бастап кешіп жүрген адам пендесінің өмірі де, көңілі де мың түрлі өрнектеліп, өрге де өрлеп, төменде құлдилап құйқылжаған күн кешері белгілі. Өз арнасымен ілгері озып ақты дегенмен өмірдің өзі өзгеше иірімдерге толы екені ақиқат. Өмір иірімдері қашанда адам пендесін өз тұңғиығында тұншықтыруға, тереңіне батыруға бейімдігін айтсайшы. Тірліктің ол әрекеті әредік сені кейде еріксіз күреске шақырып, шымшытырық шырғалаңдарға қарсы шығуға құштар етеді. Сен қайткенде де көрінісі сұсты, түбі терең иірімге иілмеуге белді бекем буып, білек сыбанып, талайлы тағдырыңа табан тіреп, ертеңің үшін өз ерік жігеріңмен шайқасуға, тіресуге, тайталасуға, белдесуге амалсыз шығуға мәжбүр боласың. Өйткені сен адалдықты көксеген, арды биік ұстаған, айбыны асқақ, адами қылық-қасиеттерді қастерлеген адамсың. Ал адам өмірі қашанда қауіп пен қатерге, қасірет пен қайғыға толы, әр түрлі тұңғиық иірімдерге бейім. Содан да деймін-ау, адам күреске, алапат айқасқа әрдайым әзір, әмәнда белсенді болуға тиіс. Өмір иірімдері өзінің сұсты да тұңғиықтығымен қашанда адамзат баласын қиындық пен қайшылықты, қасірет пен қайғыны жеңе білуге, зұлымдыққа адамдықтың үстем етуіне жетуіне үйретеді, үндейді, жеңіске, ерлікке бастайды. Соған орай қабырғаны қайыстырар, қасірет-қайғыға тұншықтырар қаншама мұң, шер, кесапат, кедергі болса да адам жеңемін, жеңіске жетемін деп үміттенеді. Адам сонысымен асқақ, сонысымен биік. Үмітін үзбей, жігерін жасытпай, арманын асқақтатып жүріп алыстарға самғауды, биіктерден көрінуді көңілінде ұялатып, көкейінде берік сақтай біледі. Міне, мынау "Өмір иірімдері" атты кітапқа топтастырылған повестер жинағының кейіпкерлері де қиындықпен белсене күреске қашанда дайын, өмір иірімдерінен әділдік пен әпсаналық, әдемілік пен әсемдік, адалдық пен адамдық, азаматтық пен адамгершілік, кісілік пен кішілік іздеген ізгілікті істерді өмірлеріне өнеге, тірліктеріне тірек еткен, елдің елдігін, адамның асқақтылығын, азаматтың айбындылығын іздеген жандар. Кейіпкерлердің қуанышы мен реніші, қызығы мен шыжығы, қасіреті мен қасиеті қатар өріліп, сені бірде қуантып, бірде мұңдантип отырады.

Өмір иірімдерінде құдайдың құлына, Мұхамбеттің үмбетіне, адамның пендесіне не тап болмайды, кімдер кездеспейді десеңші. Сенің жігерінді



Өмір иірімдері

жасытар сұм да, қайратыңа қайрат қосар, жігеріңе жігер берер жақсы да кездеспей қалмайды. Сұм сенің жігеріңді құм етеді, жақсылар ерлік үлгісімен сенің санаңды нұр етеді. Бұл күнде бәз біреулер адам тағдырымен ойнауға, ойыншық қылуға құмар. Шүлдіктей шиырып сені алысқа атып жіберіп адастыруға, сөйтіп, көзден де, көңілден де шығаруға, тасада қалдыруға бейім. Ондайлардың қатарында отырған тағын, басындағы тәжін бұлдап, адамгершіліктің, адамдықтың ала жібін аттап, арсыздыққа баратындары қанша ма? Есесіне жіптіктей есіліп, адами қасиетімен көңіл тоғайтатын таңғаларлық азаматтарда аз емес. Оны осы ұсынылып отырған повестер жинағынан да айқын аңғаруға болады. Таразыға тартылған талай тағдыр ойлы оқырманның назарынан тыс қалмаса керек. Соның ішінде бірқатар келеңсіз істерге бейім боп көрінетін, бейбастық, берекесіз кейіпкерлерде жоқ емес. Әсіресе, "Ажалмен арпалыс" повесіндегі аудан мен облыс дәрігерлері қауымының қатарында да адалдық пен адамдықты аттап өткендер жайлы біраз қаузап жазылды. Содан да келіп бас кейіпкер Бабық көп жапа шегіп, зәбір көреді. Шындық іздеп шырылдаған жолында талай азаматтар тарапынан тегеурінді тойтарысқа тап болып, талабы қайтып, қайта-қайта тауы шағылады.

Әрине, өмір иірімдері тірлік тынысы бір қалыпты емес. Тірліктің тоқсан тарауында көңіл қалдырар талай келеңсіз жандармен қатар қылығы мен ісі жан сүйсінтерлік жайсаң жандар да бұл өмірде аз емес екені белгілі. Оның біразы "Ұлымның күнделігі", "Кермек дәмді балалық" повестерінде қамтылған. Ол шығармалардағы аға шопан Асанбаев, мұнайшы Сағира және басқа да кейіпкерлер жақсы жағынан көріне білер жайсаң жандар. Әрине, бұл кітапқа топтасқан шығармаларды төрт аяғынан тең басып тұр деуде артық болар. Бірінде айтар ой, пікір-парасат жетпей де жатуы мүмкін. Енді бір кейіпкердің бейнесі солғын көрінуі ғажап емес.

Қорыта келгенде, "Өмір иірімдеріндегі" топтасқан шығармалар шынайы өмірдің өзінен алынған, күнделікті күйбің тіршілікте ұшырасып отыратын кейіпкерлер кейпінен жазылған деуге болады.

Әдебиет- ардың ісі. Олай болса мен қаламгер ретінде арымды биік ұстап, қай кейіпкердің де жанын ауыртпай "жаралауды, жазалауды", немесе көпіртіп көкке көтеріп мадақтауға да жөн көрмегенімді айтар ем. Бәз біреулердің басынан өткен бақытсыздықты да, тағдыр тауқыметін де сол күйінде жазуды мұрат тұттым. Көңілге тоқ санайтыным, ол әдісім өзімше жаман шықпаған сыңайлы. Соған байланысты бұл кітабымды қанағатты сезіммен өздеріңе ұсынамын, ойлы оқырманым. Ал ендігі сөз өздеріңнің еншілерінде, ағайын!

Қонаш Қалдыоразұлы



Ажалмен арпалыс
(повесть)





Беташар сөз

Адам! Ол ұлы ұғымның ұлағатты иесі. Атадан жаратылып, ана қағанағын жарып жарық дүние есігін ашып, тіршілікке келісімен кереметтей кемелді жағдайларға, ізгілікті игіліктерге ие болуға тиіс және толық қақысы бар. Рас, адам алдымен өнегелі өмір сүруге, тұщы да ащы тіршіліктің дәмін татуға бейімделуі, икемделуі керек. Осы жолда, әсіресе, дені де, тәні де сау адам боп қалыптасу үшін әркім жанды жаралап, тәнді ауырттар сырқатпен күресе білгені жөн. Қашанда күрестің басты мақсаты-құдай берген денсаулықты бұзбау, сақтай білу, қолдан келсе нығайта түсу. Дені саудың тәні сау, дейді халық. Әрине, адам денсаулығына әртүрлі жайлар, жағдайлар әсер етеді. Әсіресе, қолайсыз қоршаған орта, ластанған табиғат қысымы, лас ауа мен су адам ағзасына кері әсер етіп, көп ретте көңілге мұң толтырады. Соның ішінде соңғы жылдардағы осы бір өңірдегі өзгеріс оң бағытқа емес теріс бағытқа бет алған сыңайлы. Өңір табиғаты мүлдем өзгерді. Табиғат тозды, айлапат далалар азды. Қоршаған ортадағы ауа мен су қатты ластанды. Бұрынғыдай көктемдегі құлпырған табиғат, ұшып-қонған құс атаулы көзден ғайып болды. Неге, неліктен? Иә, оның да жөні бар. Соңғы он жыл бедерінде Жылыой жерінде Теңіз кен орыны ашылып, газ өңдеу зауыты салынып, пайдалануға берілді. Бұл әлдекімдерге байлық жолын ашқанмен, көпшілікке қайғы мен қасірет әкелді. Табиғат тепе-теңдігі бұзылды. Оның ақыры аң-құстардың жойылуына жеткізді. Қызғалдақтай құлпырған көкөрім жастар Теңіз зауытынан шыққан улы газдан қынадай қырылып, алды ажал құшып, арты азап шегу үстінде. Байлыққа қарық қылады деген кен орнының кесапаты аз болмауда. Зауыттан тараған улы газ бен күкірт залалынан адам ағзасы аза бастады. Түптің-түбінде бұлар Семей полигонының қасіретінен де көп қасіретке ұшырауы мүмкін. Әйтпесе, зиянын көріп, залалын тартпаса зиялы қауым баспасөз, теле-радио арқылы дабыл қағып, жандары шырқырап бар әлемге жар салмас та еді ғой. Расында да солай. "Жел болмаса шөп басы қимылдамайды" деген. Ал зауыт төңірегінде құйтұрқы жайлар, біле білген, сезе білген кісіге, аз емес. Бұл бағытта шырылдап жүріп шындыққа ұмтылған көптеген ұлағатты азаматтар болды. Бірақ, соңғы кезде олардың да аузына қақпақ қойылған сыңайлы. Өйткені, олар айтса Теңіз кен орыны төңірегіндегі құйтұрқы қылықтар мен былықтарды, жымысқы іс-әрекеттерді, экологиялық қиын жағдай мен табиғат тарылып бара

Қонаш Қалдыоразұлы

жатқандығын, қоршаған ортаның қолайсыздығын, ауа мен судың ластығын айтады. Мамандар, экологтар бұндай берекесіздік пен бассыздықты бастан айтып, елді сақтандырмағанда кім әрекет етеді. Ал олардың ел мен жер жағдайына орай айтқан оң тілегін, пікірі мен пайымын парасатты басшылар деп жүрген, атамекенді ардақтар азамат деп аталатын, ел мен жерге жүрегі ауырып, жаны ашиды дейтін перзенттеріміздің өңін айналдырып, теріске шығаруы көңілге қонбайды. Ол елдігімізге, бірлігімізге, Жылыой деген жердің жұртына үлкен сын. Рас, оларға Теңіз орнынан тауып, қалталарын қалыңдатқан теңге мен доллар керек те шығар. Қазіргідей қоғамды да, сананы да ақша билеген заманда мол қаржылы болу өзінен-өзі түсінікті жай болса керек....

Ал халықтың, қалың бұқараның мүшкіл халі, ауыр жағдайы оларды неге ойландырмайды? Соның ішінде шетелдіктермен қатар жүріп, тізгін ұстаған, тәжге ие болған, таққа отырған оңқай асықтай алшысынан түсіп жүрген аптал азаматтардың адалдықтың ақ туын биік ұстап, халқына, туған жеріне, атамекеніне жаны ашуы керек қой. Олай деуге, толық негізде бар... Бірақ, іс-жүзінде бәріде керісінше... Ойланарлық жай...

Жә... Сонымен...2002 жылдың сәуірі де келді. Биылғы жыл ел бойынша денсаулық жылы боп жарияланды. Арнайы Елбасының шешімімен алынған бұл жылда адам денсаулығы жолында біраз игілікті істер істелді. Жүзеге асар деген әркімнің көңілінде үзілмеген үміт бар. Бірақ... Бұл жыл Бабық үшін ауыр басталды. Азаптанып жүрді. Аяқ астынан әлде не кеудесін құрсаулап, тынысын тарылтып, жағдайын күн өткен сайын төмендете түсті. Аяқ астынан душар болған дерт жүйкесін жұқартып, жанын жей түсті.

Әлдеқалай жай болар деп жүре берген жайы да жоқ емес. Болмады.. Наурыз айының аяғында тұмау тиді де қақырық пен қатты жөтел пайда болды. Адам деген сорлы ғой кейде. Тұмауды ауру емес деп көбіне мән бермейтінін қайтерсің. Ал ауру қашанда батпандап кіріп, мысқалдап шығады. Сол тұмау шіркін ғой, барлық аурудың вирусын қоздырып, жаныңды жайсыздыққа тап қылатын... Аурудың жаманы тұмау, арты құрт, деп неге айтады дейсің дана халық.

Жанын мазалаған дерт әсерінен күн сайын әлсірей берген Бабық бір күні Құлсары қаласының қақ ортасындағы аудандық поликлиникаға баруға мәжбүр болды. Барып учаскелік дәрігерге көрінеді.

-Ой, ағай, қашаннан бері келмегенсіз. Денсаулығыңызды ойламайды екенсіз ғой, -деді Бабықтың кеудесін тыңдаған жіңішке леу, әдеміше, орта бойлы келген дәрігер келіншек.- Рентгенге түсесіз, қан, дәрет және басқа анализдеріңізді тапсырасыз. УЗИға түсесіз, қылтамақ ауруының дәрігеріне



Өмір иірімдері

көрінесіз. Соның бәрінен өтіп өзіме қайтып келесіз...

Дәрігер келіншек Бабықтың төрт жағынан кетпестей етіп төрт тіреу қойғандай сыңайлы. Бұның бәрін тыңдап болғанмен қылтамақ ауруын қарайтын дәрігерге көрінесің дегенде Бабықтың шошып кеткені рас. Бәріне қаралып, енді сол қалып еді, деп ойлады Бабық іштей. Біртүрлі назары сынып, мұңайып қалды. Рас, өкпесінің ақауы бар, қолқасы ауырады. Оның бәрінің емін алып, бірқалыпты күн кешіп келе жатқан Бабықтың қылтамақпен ауырамын деуі әбестік.

Бабық уақыт өткізбей дәрігерлерге көрініп, аппараттарға түсіп, тексеріле бастады. Флюорографияға түскен соң-ақ атой сап бір пәле дерт бұның мойнына мініп алды. Түсірілген суретті шолып өткен дәрігер Юлдашев "Экинококовая киста", деген диагнозды дабырайтып қойып беріпті. Сол сол-ақ екен поликлиникадағы бар дәрігер Бабыққа бас салды. Жанұясына лап қойды. Асай-мүсейлерін асынып аудандық санитарлық-эпидемиологиялық станса мамандары Бабықтың үйін бетке алып аттана жөнелді.

-Ой-бай, бұл аса қауіпті және жұқпалы ауру. Үйдегі ит, мысық, малдың көзін құрту қажет. Бұл ауру адамдарға солардан, тек солардан жұғады. Бәрін - адамдарында, мал мен мысығын да, ит пен құсында қалдырмай жан-жақты тексеру керек, - деген шешім шығарды. Олардың шешімін қисынсыз көрді Бабық. Қисынсыздығы Бабықтың үйінде мал да, мысық та жоқ. Бір иті бары рас. Бірақ ол байғұс итте үнемі байлаулы тұрады, бір шешілмейді. Оны да Бабық емес асырап жүрген, балалар. Мақсаттары үйде қалған асты ысырап қылып далаға төкпей, иттеріне беру. Ал Бабық болса иттің қасына бір барып көрген жан емес. Ермегі- жұмысы, кітап оқиды, өлеңін жазады, гүл өсіреді... Сонымен не керек, санэпидстансы дәрігерлері келіп, үйдегі еңбектеген баладан белі бүгілген кәрияға дейін уколдап, әлек-шәлегін шығарды. Бабық болса егілмеді, қасарысты.

-Бұныңыз жөн емес, - деп тепсінді укол салмақшы болған дәрігер.- Дәрігер басыммен мен өзім салғалы келіп тұрмын. Түсінгеніңіз жөн. Ертең қайталап, өзгелерге жұғады.

-Олай болса кезінде көрерміз,- деген Бабық ақыры қасарысып отырып алды. Есесіне терапевт, хирург, онколог дәрігерлердің бәрінің тексеруінен өткен Бабықтың мынаған көзі жетті. Тәңірі тілеуіңді бергірлер бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, қалай бірін-бірі қайталаудан танбайды-ай. Бәріде жоғарыдағы Юлдашев қойған диагнозды құптап кетті. Біреуі өзге әңгіме айтпады-ау, айтпады. Осы әңгіменің шындығына жетейін деп Бабық келесі күні аудандық өкпе аурулары ауруханасына барып рентгенге түсті. Бірінші күні түсіргені шықпай қалып, рентгенолог келесі күні қайта

Қонаш Қалдыоразұлы

түсірді.

Осы аурухананың бас дәрігері болып істейтін Юлдашевтың ендігі сайрауы өзгеше шықты. Бұдан екі-үш күн бұрынғыдай емес дәрігердің өзгеріп сала бергенін байқады Бабық.

-Маған шындығын, нақтысын айтыңыз,- деді Бабық дәрігерге тура қарап.- Қандай ауру болса да жасырмағаныңызды қалаймын.

-Түсініңкіремей тұрмын, -деді дәрігер өзі қипақтаған күй кешіп.- Бұрын өкпең ауырған сыңайлы. Содан қалған қалдық та болуы мүмкін. Өзгеше де болуы мүмкін...

- Сонда не, жасырмаңыз... айтыңыз,- деп қоймады Бабық.

- Асылы, осы сіз облыстық өкпе аурулары ауруханасына барып қайтқаныңыз жөн-ау. Онда құрал-жабдықтар біздегідей емес қой. Біздегіні көріп отырсыз ғой, баяғыдан келе жатқан ескі-құсқы, көбі сапасыз боп қалды. Көбі өндірістен шығып қалған, тетігі, қажет құралы таптырмайтын жабдықтар,- деп енді дәрігер шындығын айтты.

- Бұлай деп шынықты айтқаныңа да рахмет, Юлдашев,- деді Бабық. Ал онда жолдамаңды жаз.- Жолдамасын алған Бабық аудандық өкпе аурулары ауруханасының білгір деген дәрігері Юлдашевқа да көңілі толмай, жедеғабыл қош айтысты да көшеге шықты.

Қолқасы ысылдап, өкпесі алқынып, көз көрім жерге әрең жетуге айналған Бабық, сәл жүрсе болды малшынып терлеп кетеді, азапқа түседі. Әлсіздік бой алып барады. "Экинококовая киста"- Бабықтың пайымдануынша жалқаяқ құрт. Дәрігерлердің долбары бойынша тез операция жасалмаса болмайды, күн сайын ұлғайып, денені жайлап кетеді. Жалқаяқ құрт күн сайын өседі, өнеді, көбейеді. Өкпені мүжіп құртады. Енді кідірсе- тірлігің тәмәм, өмір сәулесі өшіп, өлімге бет түзегенің деп біле бер. Қай дәрігердің де дендеп айтқаны осы болды. Бабық бәрінің лебінен соны ұғып, соны есте тұтты...

Көшеге шыққан Бабықтың көңіліне ой келді.

- Қазір еңбек демалысында дейді, осы дәрігер боп көп жыл істеген нағашым Алғысбаев Асхатқа неге соқпаймын, кеңес алайын, снимкілерімді көрсетейін,- деп көңіліне түйген Бабық біреудің көлігіне ілесіп көл жағасындағы нағашысының ауылына бет алды. Бұны кеше келіншегі де айтқан Бабықтың.

- Әй, кейде, әйелдің де айтқанын тыңдаған жөн-ау. Жасың алпыстан асқанда неғылған эхинокок. Ол сенде болса маған жұқпай ма,- деп безілдегенді.

Көп ұзамай көл жағасындағы көрікті үйдің кең ауласына кіргенде Бабықтың алдынан бұрынғы дәрігер Алғысбаевтың өзі шықты. Көптен



Өмір иірімдері

көріспеген екеуі айқара құшақтасып амандасты. Әп дегеннен Бабық әзілге басты.

- Зейнеткерді ұстау оңай емес екен. Осымен үшінші рет келіп тұрмын,- деді Бабық өтірікті қоса, әзілін араластыра сөйлеп,- аулаңнан әлденелерді алып кетсе де білер емес үйіндегілер...

- Е, сен секілді жаман жиен келетін еді деп күтіп отырайын ба, ауладағыны күшң жетсе алып кет, сенен қалғаны да жарайды,- деді Асхат Алғысбаев та күле сөйлеп, жиенін қуана қарсы алып. - Жұмыс-жұмыс деп қол тимеді, енді зейнеткерміз. Бұрынғы кездерде алмаған, құшаққа ала алмаған қыз-келіншектеріміз бар, реті келсе соларға барамыз... Енді не дейсің?

- Өзің қырансың ғой, нағашы-ау. Қанатың қайрылмаған, топшың кетілмеген бе, қалай өзі. Ал Балжан жеңгемді қалай, көңілін қалдырмай жүрмісің. Әуелі соны айтшы,- деп Бабық тағы да еркелей күлді.

- Ә, жеңгең бе, жөні бөлек жан ғой. Оның көңілін қалдыруға бола ма, сірә да, - деген Асхат ағаштар арасындағы күн қағарлы орынға бастады.

- Әуелі солай десеңші, нағашыке, - деді де Бабық Асхатқа келген шаруасын айтты. Кімнен не естіді, қандай жағдай болды, бірін де жасырмады. Асхат нағашысының алдына бар пленканы жайып салды Бабық..

Асхат асықпады. Пленкаларды мұқият қарады, жазбаларды зер сала, зейін қоя оқып шықты. Бабық үндемей отырды.

-Ештеңеден де қорықпа. Өкпенің жайы бәз баяғы өзім емдегендей, еш өзгеріс жоқ, байқалмайды. Мезгілінде демал, қуатты тағамды мол іш, ағарғанды жиі пайдалан,- деді Асхат барлық жазбалар мен пленкаларды Бабыққа қайтып беріп жатып- "Ни пуха, ни пера".

-Ал дәрігер Юлдашев Атырауға барып тексеріліп кел дейді. Оны қайтем,- деді Бабық бәсең үнмен.

- Әй, өзің ауруды мойындап қалғандайсың ғой. Өкпең таза, ешқандай эхинококте, киста да жоқ, білдің бе? Алда-жалда тексеріліп кел десе бар, анық-қанығын білгенің өзіңе жақсы. Ал басқа не айтасың? Оданда үйге кір, шай ішіп отырып, өткен-кеткенді әңгіме етелік,- деп Асхат орнынан тұрды.

- Рахмет, нағашы,- деп Бабық қош айтысты.

Көшеге шыққан Бабық көп ойланды. Енді не істеймін, деп басы қатты. Бір дәрігер олай, бір дәрігер былай дейді. Ал Асхат Алғысбаев айтуының жөні бар сияқты. Өйткені, осыдан жиырма алты жыл бұрын Бабықтың, сол дәрігердің қарамағында үш ай емделгені бар. Суланған өкпесін әбден құрғатып шығарды Асхат өзінің жеке емімен. Онда Асхат Алғысбаев өкпе

Жонаш Қалдыоразұлы

аурулары ауруханасының білдей бас дәрігері-тін. Рас, көпшілік аурухананың атынан қорқатын. Бірақ Бабық одан қорықпады. Дәрігердің ұйғарымы бойынша толық емделіп шыққанша жатты.

- Енді бізге келетін болмайсың. Ешқашан өкпең ауырмайтын болады,- деген сонда Асхат Алғысбаев ағалық ақылын айтып шығарып салып тұрып.- Бүгіннен бастап біздің есепте жоқсың.

- Аузыңа май, ағасы, айтқаныңыз келсін,- деген Бабық дәрігер ағасының жақсы лебізіне жаны сүйсініп.- Расында да ол содан кейін өкпесінің сыр бергенін сезген де, білген де жоқ. Ал биыл, аяқ астынан не болғаны? Ненің жабысқаны сонда?

...Әлбетте, облыстың аты облыс қой, деп ой түйген Бабық барып қайтуды көңіліне түйіп, үйге оралды.

-Нағашың не айтты,- деді келіншегі Бабықтың бір түрлі бет әлпетіне шошына қарап. -Ол кісі біледі ғой...

Бабық нағашысы зейнеткер- дәрігер Асхат екеуі арасындағы әңгімені әйелінен жасырмады.

- Әне, айттым ғой, ол кісі біледі,- деп, біледі. Сенде ешқандай ауру жоқ. Ал облыс орталығына барып қаралып кел десе жөн шығар. Тексерілу керек болар.- Әйелі де осылай уәж айтқасын Бабық барып қайтуды ойластырды. Ойы онға, санасы санға бөлінген Бабық келесі күні-ақ қасына келіншегін ертіп, көңілсіздеу күйде Атырауға бет алды.

- Еңсеңді көтеріп отыр, бұға бер ме, азамат емеспісің,- деп қайрай түскен келіншегі Бабыққа автобус үстінде тығыла түсті.

- Облыстық өкпе аурулары ауруханасы Атыраудан әрірек Қара-өзек деген жерде. Бабық бар демімен аурухана ауласына жетіп, қойылған отырғыштардың бірінде демалып біраз отырды. Көптен соң барып ішке бет алды.

- Болмады, бәйбіше, болмады,- деді Бабық деміге тіл қатып әйеліне. Аудандық өкпе аурулары ауруханасынан әкелген жолдамаң қисық, деп қайырып жіберді. Салы суға кетіп далаға шыққан Бабық күркілдеп жөтеліп те қояды. Әйелі бұлқан-талқан боп ашуланды.

- Әй, отағасы-ау, ақша бермедің бе. Түлкідей жылмандап бар шаруанды өзі-ақ бітірмес пе,- деді күйіп-піскен әйелі Бабыққа алая қарап.- жазған-ау жаныңнан неңді аяп жүрсің.

- Расында да осы әйелімнің әдісі мен әңгімесі жөн-ау, - деп ойлады іштей Бабық. Шындығында әйел дегенің жөн тапқыш, батыл ғой.

-Сенікі де жөн шығар, бәйбіше. Бірақ араға күн салып келелік, әйтпесе әлгінде ештеңе демей, енді ақша берем деп қайта барғаным жөн болмас, - деді Бабық. Әйелі оған да келісті.



Өмір иірімдері

...Араға екі күн салып облыстық өкпе аурулары ауруханасына тағы да ат басын тіреген Бабық бас дәрігердің орынбасарының кабинетін жаттап алған, салып ұрып кіріп барды.

- Бауырым, мен тағы келдім. Ауылға бара алмадым. Рентгеніңізге түсіртіңіз-дағы еңбегіңізді алыңыз, борышкер болып қалмаймын,- деді Бабық күркілдей жөтеле тұрып.

Бұның қолындағы жазбаларды, пленканы қолына алған дәрігер қарағандай ыңғайда біраз отырды. Сосын көп сөзге келмей әлдекіммен телефон арқылы хабарласты. Сәлден соң ақ борықтай бір келіншек кеп Бабықты балаша жетелеп, ертіп кетті. Апарып, ол рентгенге түсірушіге табыс етті Бабықты. Рентгенші келіншек Бабықты ол жағынан бір, бұ жағынан бір түсіріп, біраз әуреледі.

-Киіне беріңіз,- деді рентгенолог әйел суретті шығарып жатып. Көп ұзамай пленканы әлгі дәрігерге алып келді. Олай қарап, былай қарап дәрігер дәйекті пікір айта алмады. Бар айтқаны: дұрыс, эхинококковая киста, операция жасамаса болмайды, деді. Аудан дәрігерлерінің қойған диагнозы дұрыс. "Қарға қарғаның көзін шұқымайды" деген осы екен-ау, деп іштей ойлаған Бабық жаңа пленкамен бірге қағаздарын жинап алды. Ал дәрігер болса төмен қарап отырып, Бабық берген көкала қағаздарды қалтасына басып жатты...

- Облысың осы болса күйсегеніңе болайын,- деп Бабық аурухана ауласынан көңілі құлазып, жүзі жабырқап шықса керек. Оның өңі өзгергенін көрген келіншегі шошып кетті.

- Әй, не болды, таныштық па, - деді келіншегі қасына келер келместе.

- Бәрінің де күйсеуі бір, - деп дүңк еткізді Бабық.- Ауылдағыларданда жаман. Оның үстіне денсаулық жылында әр дәрігерге сүмеңдеп ақша беріп, жалынып, жалпайып қаралу қайбір жақсылықтың белгісі дейсің...

- Қой, түңілме. Жақсы адамдарда бар шығар, кезігер әлі. Тірлігіңнің дәмі, өміріңнің өнегесі осылай болса қайтерсің,- деп келіншегі жанын жұбатып, Бабықты сабасына түсірді, көңілін демдеді.- Қазір бәрі ақша емес пе? Ақша болса барсың да, жоқ болса керексізсің. Заманың солай боп, тап келдің, қайтесің. Кешегі өткен Кеңес дәуірінде қай дәрігерге ақша беріп қаралып ең... Ешқайсысына... қайта өздері ел жағалап жүріп сырқаттарды іздеп табатын, емдейтін. Қазір сондай дәрігерді тауып көр. Бір ғана нағашың Асхат ағаны ал. Сені және сен сияқтылардың қаншасын жанын салып емдеді. Елті емімен қоса әдемі әңгімелері қандай еді. Немесе, анау Таисия апай, Жәкен ағайлар қандай адал жандар еді... Менің пәлсәпам осы: Енді еріп емес беріп жағасың...

- Оның рас-ау. Айтуыңның бәрі жөн, бәрі дұрыс-ау, бәйбіше. Мен

Қонаш Қалдыоразұлы

күрт өзгеріп сала берген қоғамға, құбылысқа, адамдарға өзімде таңмын,- деді Бабықта көкірегі сырылдай келіншегінің қасына отырып, әңгімесін жалғастыра.- Зіңгіттей зиялы жанның ақшасының құлы болып, қарапайымдылық пен қайырымдылық, имандылық пен ибаны, ізгілік пен ізетті, адамдық пен адалдықты, адамгершілік пен азаматтықтан адасқан адамды адал деу қиынның қиыны болар деп ойлаймын. Бәлкім, әлі де иманды жолдас еткен жақсылар бар да шығар...

* * *

....Арада апталар, айлар өте берді. Зымыраған жаз айлары да ортасынан ауып барады. Тамыз айы да тақау. Облыс орталығында тұратын жиен қыздарына хабарласқан Бабық өзіне қажетті дәрігердің бар-жоғын, сұрап, білді.

- Бар, келе берсін деп жатыр,- деді қыздары.

... Бабық тағы да келіншегін ертіп облысқа бет алды.

Сонымен...

Бірінші тарау

Арпалыстың басы

Қашаңда тағдыр қатал, тағдыр қатал,

Әрдайым қабыл болсын анам батаң.

Тәуекел түбі қайық өтер ме екем,

Қорғай жат, рухыңмен дана атам.

Иә, осылай ой түйіп, көңілін орнықтарған Бабық жұмыстан шығысымен көп кідірмей келіншегі мен кіші ұлын қосшылыққа алып, Құлсары қаласынан шыға берді. Бет алыстары теріскей шығыс. Оның үстіне күн бүгін жұма болатын. Алыс та ажалмен арпалысты жолға аттанарда Жайлаубай төбеде жатқан жан анасы Бұлдырықтың басына соғып, мінәжат қылып қайтуды мақсат еткен Бабық бір түрлі терең ойда келе жатты. Желдей ескен жеңіл көліктің де жүрісі жанын жадыратып, көңілін көтере алмады. Әп-сәтте олар қауымға жетіп, ана басында тәу етіп отырды.

- Ұлыңды демей де жебей жат, ене, - деді Бабықтың келіншегі. Бірақ биік төбе басында мелшиген молаларда жатқан анасы Бұлдырық та, басқасы да мізбақпай Бабыққа да, басқаға да тіл қатар болмады.

Бабық орнынан тұрып төңірекке зер салды. Ұзақ қарады. Шаңырағын қимай тұрған ұзатылатын қыз сыңайлы сезілді көңілге. Шығыс жақтан Қарағай елді мекенінің ауылы ағараңдап көзге шалынды. Бұл мекенге



Өмір иірімдері

соңғы жылдарда талас көп. Аудан мен қала, ауыл дөкейлері осы араға қоныстануды арман етіп, жерді алып қалуға жанталаса жандарын салып, арпалысуда. Біреуге жан-қайғы, біреуге мал қайғы, деген осы. Көңілге қонақтаған көз жетер жердегі тіршілік өмір көрінісін елестетеді. Мал баққан, қайырмалап жайып жүрген малшылар дала өмірінің көрінісіндей, киелі иесіндей сезіледі. Ал асфальт жолмен заулаған машиналар легі де мол. Ерсілі-қарсылы шұбырған әртүрлі автокөліктерге есеп жоқ.. Бұ да болса халықтың әл-аухатының, жағдайының өскендігін айғақтайтын ақиқат.

Әні, батыс-теріскейге көз жіберген Бабықтың көзіне Дүйсеке қауымы шалынды. Он тоғызыншы ғасырда бой көтеріп, білім таратқан Хазірет еңбегімен салынған Дүйсеке мешіті Кеңес дәуірі кезеңінде келеңсіздікке тап болып, быт-шыты шыққан-ды. Еліміз егемендікке қол жеткізген соң ғана ол мешітті Мүсекең сын-ды аптал азаматтар жөндеуді жедел қолға алып, қалпына келтіруге көп күш жұмсады. Ақыры ол жұртшылық сүйсіне көретін тарихи орын боп шықты. Бүгінде жөнделіп, қалпына келген алты күмбезді мешіттің зәулім бедері мен бейнесі сонадайдан көрініп, көз тартады. Онда қаншама асыл ағалар мен апалар, ардақты жандар жатыр. Осының бәрін көңіл сүзгісінен өткізген Бабық бір сәт теріскейге назар салды. Арнасы ағараңдап Жем өзені ағып жатыр. Өзен бойы қайнаған тірлік, біріне-бірі жалғасқан ауылдар, өмір жалғасы көрініс береді.

Ал құбыла бетте кең көсіліп Құлсары қаласы жатыр. Одан беріректе Орта Азия Орталық газ құбыры желісінің Құлсары газ өткізу стансасы. Көкпен тірескен тұрбалардан шыққан көгілдір-сарғыш түтін көк жүзінде көлбей созылып, қала үстін жауып жатыр. Әуелдегі стансаны қаладан аулақтау салу жөніндегі халық пікірі қолдау таппады. Енді залалды, зиянды түтін зары мен қасіретін қала тұрғындары тартудай-ақ тартып келеді.

Жайлаубай төбе қорымның төңірегі сай-салалы, жыра-жықпалды боп келеді. Терең сайлар мен арналы өзекшелерде жоқ емес. Бұдан көп жылдар бұрын, яғни жиырмамыншы ғасырдың отызыншы-елуінші жылдары аралығында, соғыстан бұрын және соғыс кезінде ел болып осы араға жаппай егін салып, тарыдан мол өнім алған ел аман қалған. Бабықтың қарап, іздеп тұрғаны да қайран анасының осы арада қалған ізі. Ескірген, көнерген атыз, жаптардың сұлбасы әлі жатыр. Бәлкім сол атыздарды ашып, жаптарды жөндеген де менің аналарым болар деген Бабықтың көз алды тұманданып кетті. Бәлкім, анасына деген сағынышы жанын толқытқан да болар. Иә, сол жылдарда, соғысқа кеткен ерін жоқтатпай, Бабықтың

Жонаш Қалдыоразұлы

Бұлдырық анасы да бір кісідей еңбек еткен. Салығын жетектеп, Бабығын арқалап жүріп егін өсірген. Таң білінбей егіндікке аттанып әйелдер әбден көз байланғанша жұмыста боп, бір оралатын, деген анада бір жерлесі Бабыққа анасы жайлы әңгіме айта тұрып. Сөйтіп жүргенде Бұлдырық оқыстан өмірден өтті. Өтініші бойынша осы Жайлаубай төбе қорымына қойылды. Өзінен бұрын кеткен перзенттерінің қасына жатты аяулы ана. Содан бері алпыс жыл артта қалды. Осы жылдарда әлемде талай өзгеріс болды. Ел басынан талай жайлар өтті. Адамзат баласы сан қилы оқиғаларға душар боп, жамандықты жақсылық жеңіп, үстемдік етуде. Зымыраған уақытта тоқтау болса не дейсің? Анасынан сәби шағында, әкеден соғыста айырылған Бабықта бүгінде алпыстан асып барады. Бір шаңырақтың ғана емес, үлкен бір ауылдың ақсақалына айналды.

-Жан анам, жалғыз ұлыңды демеп те жебеп жатқын, аруағыңмен қолдай көр,- деп тілек етті Бабық. Анасы басындағы қойылған белгіні құшып, тәжім етті. Көңілі босады ма, көзіне үйірілген жасты көрсетпейін деп теріс айналды. Жүрегі елжіреген Бабық қызығын көрмеген, тірліктен бақиға ерте кеткен кейуана анасын шын сағынып келіп еді. Қойны суық қара жер оны өз құшағына алып, Бабықтан ажыратқалы қашан. Өзегі сағыныштан өртенген Бабықтың көмейіне өксік тығылды. Жусан басқан көк жасыл дала өзінше құлпырып, тылсым тыныштық құшағында сұлық жатыр. Төбеден айналып шағалалар мен бір топ бозторғайлар ұшып өтті. Бәрі де Бабыққа жол болсын айтатындай. Жаз аспаны мөлдіреп тұр. Бір шөкім бұлт көрінсейші. Төңіректі сағым құрсап, сиқырлы сәнге бөлегендей сезіледі. Көк зеңгір аспан неткен биік едің? Биіктігіңді Бабық бүгін көріп, бүгін ұққандай. Созсаң қолың жетпейтін жеті қат аспан әлемінің де, жеті қабат Жер-Ананың да құнықтырған құпия сырына жетіп болған әлі ешкім жоқ. Көк тәңірісі Күнінен нәр алған Жер-Ананың қуаты мен келбеті жыл сайын артып, барша адамзатқа несібе мен ырыс беріп келе жатқанына не жетеді. Адамды да, малды да аш қылмай, ашты жалаңаш қылмай келе жатқан осынау көсіліп жатқан ұлан дала, Жер-Ана емес пе?! Сол даңғайыр дала төсінде, төбе басында елеусіз боп, ескерілмей қалған анасы Бұлдырықтың басына алпыс жыл бойы мола салынбай келе жатқаны Бабықтың жанын жеп, еңсесін езді. Бұдан жеті жыл бұрын ғана басына мәр-мәр тастан белгі қойған. Езіліп тұрып, елжірей тұрып соны сипады. Мәрмәр тасқа жазылған бір шумақ өлеңді өзегін өртеген өкініш отына күйе тұрып оқығандай еді. Ертеректе көп іздеді ана бейітін. Бірақ көрсеткен жан болмады. Әйтеуір бір азамат үйде отырып осы Жайлаубай төбеде жатқанын, жерленген жер белгісін нұсқады. Оған да рахмет. Содан бір шумақ өлең жазып, Бабық белгі тас дайындатып, қойды.

27050-12-1





Өмір иірімдері

Еседі беттен нұр самал,
Сағыныш әнін салғызған.

Ескерткіш ана бұл саған,
Артыңда қалған жалғыздан.

Таяуда Бабық Атырауға операцияға жүрмек. Сонда жаман айтпай жақсы жоқ, әлде қалай жағдай бола қалса... Әзиз анасы моласыз қала берер ме екен? Бабықты ойландырғанда осы жағдай еді. "Мендей ақылсыз туған балаңды кешіре көр, жан ана" деп іштей тілек тілеген Бабық егіліп кетті ме, көзінен жылт моншақтар үзіліп, жерге тамып жатты. Бір жақсысы, бұл кезде келіншегі мен баласы көлікке қарай кеткен-ді.

Келесі күні- сенбі, демалыс күндерінің бірі еді. Бабықтың үйіне келіп кетушілер қарасы кешке дейін азаймады. Құдалары, көрші-көлемдері, жекжаттары бірінен-соң бірі келіп, ақ тілектерін паш етіп, жол болсын айтысты. Әсіресе, келіншегімен екеуіне ортақ апалары Зағираның ықыласы бөлек. Бабықты бауырына басып, бетінен сүйіп, апалық қасиетін таныта білді. Құдды екеуінің анасы іспетті Зағира, қалтасынан бірдеңе алып Бабыққа берген болады. Зейнетақысынан жырып беріп жүрген азғантай ақшасы екен. Бабық бәріне риза. Қашандағы қалыпты көңілімен бәріне рахмет деумен жүр.

Ә... айта кету керек, сәрсенбіде Бабық келіншегімен екеуі Дияр қорымында жатқан ата-анасы басына, бейсенбіде Бақашы қорымында жатқан ағалары мен інілерінің, бір топ аналарының басына барып қайтысты. Бастарына мизамдарын байлап, мінәжат етісті. Рухтарыңмен желеп- жебеп жатқайсыңдар деп тілек тілесті.

Жексенбі күні ерте тұрған Бабық Құлсарыдай қаласына, өзі тұратын, өмір сүріп келе жатқан үйіне ұзақ-ұзақ қарап, көңіліне орнықтырды. Енді көрем бе, жоқ па, дегендей де сыңайы бар. Қобалжыған көңілін баспақ боп, салқын суға шомылды. Көп ұзамай Атырауға бет алды. Облыс орталығына жеткен Бабықтар жиен қызының үйіне жетіп, көлік басын ірікті. Ал келесі күні жиен қыздары ертіп апарып Бабықты облыстық онкологиялық диспансерінің цитолог дәрігері Мәрзия Баққалиқызы Өміровамен таныстырды.

-Мен ауру адаммын. Киста (өкпе мен қолқа сырты еті өскен) деген диагноз белгіленді. Бұдан бір айдай бұрын келіп, қаралып кеткенмін. Сонда қаралған дәрігер дереу операция жасалу керек деген-ді. Сол бойынша бүгін келіп тұрған бетім,- деді Бабық.

Мәрзия Бабықты ертіп бас дәрігер Құсанов Бекшембайға апарды. Бас дәрігер сұңғақ бойлы, толық денелі келген, сары өңділеу сымбатты да сындарлы жігіт екен. Пайым-парасаты жоғары екені сәлемдескеннен-ақ

Жонаш Қалдыоразұлы

айқын аңғарылып тұр. Азамат жігіт, деп әлгінде Мәрзия сырттай мақтаған, жақсы маман, білгір дәрігер деп және қосып қойған-ды. Бекшембай Бабықтың пленкаларын мұқият қарап, жазылған жазбаларды зейін қоя, зер сала оқи отырып, кейбір түсірілген пленкалардың сапасыздығына тоқталды.

-Мына кісіні дәрігер Лореттаға апарыңыз, R- скопияға қолқасын түсірсін,- деді Бекшембай Бабықты Мәрзияға мұқият тапсырып.

-Жарайды,- деді Мәрзия Бабыққа жүріңіз дегендей белгі беріп-Жолыңыз болады екен, бас дәрігер бұлай ешкімге шұғыл кіріспейтін еді.

-Айтқаныңыз келсін, қарындасым,- деді Бабық риза көңілінен. Екеуі жоғары қабаттағы бір кабинетте отыратын дәрігер Ким Лоретта Алексейқызына келді.

Лоретта Алексейқызы бұл диспансерде көптен істейтін, білікті, маман-дәрігер. Кішкентай келген, тез-тез жүретін, кәдімге корейліктерге тән акцентпен сөйлейтін, бірақ мінезі салмақты, ұстамды, ұлағатты жас келіншек көрінді. Мейірбикесіне қажетті құралдарды әзірлеуді тапсырды. Толықша, сары өңді келген мейірбике Жеміс жүріс-тұрысы көңілге қонымды, келісті адам көрінді Бабыққа. Әп-сәтте дәрігердің әзірле дегенін әзір етіп үлгерді. Екеуі Бабықты әуелі бронхоскопияға түсірді. Сосын шприцпен Бабықтың тамағына әлденені шашып жіберді. Бабықтың тамағы жансызданып жүре берді. Іле әлде бір аппаратқа жалғанған шлангінің ұшында жарығы, үшкір темірі бар құралды Бабықтың кеңсірігіне кеулеп ендіріп, шыр айналдырып, тыныс жолынан проба алды. Тұмсықтың арғы жағынан әлде нелерді сорып банкіге ағыза бастады. Үшкір құрал кеңсірігіне енген сайын Бабықтың жаны көзіне көрініп, жағдайсыз жайға тап болды.

-Шыдағаныңыз жөн,- деді Лоретта Алексейқызы.- Пробалар дұрыс алынса аурудың түрі тез айқындалады.

Бабықтың сөйлеуге дәрмені жоқ, барынша шыдап отыр. Әйтеуір бұл жұмыста жарты сағат көлемінде аяқталды-ау. Есеңгіреп қалғандай Бабық тағы да Мәрзияға ере берді. Екеуі тағы да бас дәрігер Құсанов Бекшембайға беттеп келе жатты.

-Дәрігеріміз, бас дәрігерді айтам, өте білімді білікті, білгір, тәжірибелі де тәлімді, адамдығы да, азаматтығы да жоғары маман,- деді Мәрзия кеудесін ризашылық кернеп, жолай әңгімесін әрі қарай жалғастыра түсіп. Ол келгелі бұнда тәртіп те орнады, емдеу-сауықтыру жұмыстары да жүйелі жолға қойылып, жақсара түсті. Операциялардың қай түрі де сәтті өтіп, емдеушілер бек риза.

-Кеудеңіздегі ісік залалды емес, қорықпаңыз. Бірақ бір аптадан соң

Өмір иірімдері

операция жасалу үшін осы онкологиялық диспансердің хирургия бөліміне келіп жатасыз,- деді бас дәрігер Бабықты тыныштандыра, әңгімесін аяқтай келе.- Әлбетте келер қарсаңда міндетті түрде хабарласып алыңыз. Әйтпесе, әлде қалай жағдай болмай қалады, ең ақыры орын даярланбай қалуы мүмкін.

-Жақсы, бауырым. Өзіңізде үміт. Мәрзия сізді ерекше мақтады. Ешқайда бармаймын да, ешкімге мойын да бұрмаймын, тіке өзіңе келермін, інім,- деді Бабық өзімсіне сөйлеп. Ризашылығын білдірген Бабық дәрігердің дәу қолын алып, қош айтысты.

Бір аптада болса да елде, еңбек ұжымында, балаларым ортасында болайын деген ниет билеген Бабық көтеріңкі көңіл күйде ауылға оралды. Есіне нағашысы зейнеткер-дәрігер Асхаттың айтқаны оралды. Ол: егер сауығамын, жазыламын, десең дәрігермен бір жақ бол, оның үстіне дәрігер өзінің әдемі әңгімесімен де емдей білетінін естен шығар ма, деген-ді.

Өмірдің өз заңы бар. Ол сенің кейде дегеніңе көне қоймайды. Бір аптадан соң Бабық облыстық онкологиялық диспансер дәрігері Мәрзияға хабарласқанда бас дәрігердің еңбек демалысына кеткенін, бұратала тамыз айының ортасы ауа келетінін білді.

-Қап, әттеген-ай, енді қайттім, не істеймін, деп қобалжыған Бабықтың ойына түрлі ой келді.- Тура бір айдай күту керек. Әлде осы кезеңде менің шаруам бітеді ме? Соны біліп, мені алдарқатып бас дәрігер Бекшембай демалысына шығып кеткені ме? Алдарқатқаны не болғаны? Амал не, аспанға ұш,, жерге түс, Бабыққа қайткенде де кідіруге тура келді. Бабыққа тағы бір ой келді. Әй, осы сонда жиенімнің қайынағасы, құда- хирург Дауылжан деген бар дейді ғой, соған хабарлассам қайтеді? Ақырында шыдай алмаған Бабық сол Дауылжанға хабарласып тынды. Бір-бірін көрмесе де Дауылжан Бабыққа барынша дұрыс жауап беріп, көңілін тынышталдырды.

-Ағасы, облыстық ауруханада Сіздің сырқатыңызға орай жетік маман жолдас, жігіт бар еді, сол Мәскеуде оқуда, тамыз айының басында келеді, хабар өзімнен болар,- деді Дауылжан. Бабықтың көңілі көтеріліп, жаны риза күй кешті.

-Рахмет, бауырым. Алла разы болсын, күтем,- деп телефон тұтқасын орнына қойған Бабық сырттай болса да көрмеген дәрігер Дауылжанның кісілік қылығына, адамгершілігі мен адамдығына аса риза болды. Осындай жаны таза, жүрегі жайсаң мамандар көп болса ғой. Сырқат адамдардың өзі көңілді күй кешіп, қуанышқа бөленер еді-ау. Әлі емдерін алып, операциядан өтпесе де облыстық онкологиялық диспансер басшылары мен дәрігер- мамандарына жаны сүйсінген Бабықтың көңілі көкке

Жонаш Қалдыоразұлы

өрлегендей көтеріле түсті.

Тамыз айы басталысымен Бабықтан маза кетті. Оның үстіне ешқандай ем алмағанына орай сырқаты күн сайын сыр бере бастады. Күн өткен сайын күшейе түсетін сыңайлы. Жексенбі күні Атырауды бетке алып тағы жолға шыққан Бабық жол бойы үнемі ой үстінде, өзімен-өзі отырды. Кештетіп Атырауға құлаған Бабықтар жиен қызының үйінің босағасынан аттап бір тыныс алды.

-Неге тұнжырып, ұнжырғаңды түсіресің, Мәрзиямен сөйлесіп ем, залалды ісік емес дегенді айтты,- деді жиен қызы шай үстінде Бабық нағашысына.- Әлі жас жігіттей көрінесің, көңіліңе әр немені оралта берген оңды болмас... Еңсенді көтеріп, әзілді төгілтіп отырсаңшы.

-Соны айтам-ау,- деп қоштай жөнелді Бабықтың келіншегі де, ө мен әу, бастан айтып келем сенде ісік жоқ деп. Ісік болса ұйықтата ма? Оның үстіне тамақты да жаман ішпейді. Тек қана кеудесінде сырыл бар, тез шаршап, ентігіп қалады. Ол ештеңе емес, емделсең кетеді деймін, емделмейді.

-Қалай емделесің. Әр дәрігер әртүрлі пікір айтады, әртүрлі диагноз қояды. Әрқайсысының емін ала берсек неміз қалады. Одан да бір жағына шықсын, сосын емделуге болар,- деді Бабық бәріңе бір жауап дегендей.

-Иә, дәрінің бәрін ала беру жөн емес. Бір жерге пайда болғанмен екінші жерге залал. Ол түсінікті,- деді жиен қыздары.- Бірақ антибиотиктерді алмасқа тағы болмайды...

Ертеңіне облыстық онкологиялық диспансерге аяқ басқан Бабық дәрігер-хирург Дауылжан Сәтжанбаевті бірден тапты. Дауылжан үстіне киген желеңі өзіне жарасқан, орта бойлы, әдеміше келген, толық денелі, сары өңді жігіт көрінді. Жас шамасы отыз бестерде болса керек. Адам жатырқамайтын ақ көңіл жігіт екені көрінді. Бабық бірден сөйлесіп, күнде көріп жүрген жандардай сезінді бірін-бірі. Дауылжан 1985 жылы "Қара алтынның" байырғы орталықтарының бірі Қосшағыл кентінде орта мектеп бітіріп, өмірге жолдама алыпты. Кәмелеттік аттестатпен мұнайшы болуға бел буыпты. Мұнай өндіру цехына орналасып, жерасты жабдықтарын жөндеу бригадасында жөндеуші болған. Бұл аса ауыр жұмыс түрі. Оған жігіттің жігіті ғана шыдайды. Бірақ жасынан жігерлі де ұстамды боп тәрбиеленген Дауылжан шыдай біліп, шыңдалып, аз мезгілде қатарларынан басып озған. Көп ұзамай, келесі көктемде әскери қызметін өтеуге аттанып, абырой арқалап қайтқан. Әскерден оралысымен өзгелердей қыдырып жүріп алмай, оқуға баруға талаптанған. Жатпай-тұрмай әзірленіп, теміржол институтына түскен.



Өмір шірімдері

-Оқи беруге де болатын еді, бірақ көңілі түскір дәрігер болуды қалады да тұрды дер еді, ол әңгіме орайында.- Ақыры теміржол институтын ұнатпадым ба, әлде ұнамады ма, тастауға тура келді. Ізденген жетер мұратқа, деген, ақыры Ақтөбе мемлекеттік дәрігерлік институтына түсіп, арманыма жол ашылды.

Иә, 1995 жылы дәрігерлік дипломмен Атырауға оралған Дауылжан облыстық ауруханада бес жыл оташы боп, істеп, біраз тәжірибе жинақтаған. Ал 2000 жылы Мәскеудің академик Петровский атындағы ғылыми-зерттеу институтының 2 жылдық курсына түсіп, міне, 2002 жылы бітіріп келген сәті екен. Осы ауруханаға шіде айының басында ғана келіпті. Келіншегі Мейрімкүл де өзімен қатар институтта да, 2 жылдық курста да бірге оқып, бітірген. Дауылжанның ілтипаты да ізетті жас екені көрініп тұр.

-Облыстық аурухананың дәрігер мамандары Сағи, Әділ сынды азаматтарымен ақылдасып, сөйлестім. Олар келіскендіктерін айтты. Алайда тағы бір басшы ағалардың алдына баратын шығарамыз,- деді Дауылжан.

Бабық Дауылжанға еріп отырып салып ұрып Сағиға, аптығып Әділге барды. Обалы не керек екеуі де барын салып пленкаларды қарағыштап, жазбаларды оқып шықты. Әділ рентгенге қайта түсу керектігін айтты. Дәрігердің жұмсауымен Бабық №13 бөлмедегі рентгенологке барды.

-Түстен кейін, сағат 3-ке кел, қолым тимей жатыр. Жұмыс бастан асуда,- деп дүңк еткізді рентгенолог жігіт. Бабық шыдап бақты. Бірақ рентгенолог шыдатпады.

- Неғып тұрсыз, айтылды ғой, барыңыз. Өзіңіздің деніңіз саламат па, тұра бересіз бе, - деді тағы да әлгі рентгенолог.

Ақша берсем бе екен? Бабық сәл-пәл ойланып қалған-ды. Әй, бірақ кет дегенде итте кетеді ғой, кет, деді-ау, маған, деп көңілі пәс болған Бабық бір аттап, екі аттап кабинеттен әрең шықты. Япырай, мына жас жігіт қандай дөрекі еді. Сыпайлықты, ізгілікті ибаны сақтаса бірденесі түсіп қалатын ба еді? Қасқағым сәтте бітетін шаруаны түстен кейінге қалдырғаны несі? Қап, әлгінде Дауылжанды ерте келмеген екенмін. Қой болмас, кетейін. Сонда қайда барам. Сағат үшке дейін уақыт өтсе болар еді!? Оданда Дауылжанға қайта барайын, болған жайды айтайын, үшке дейін қасында отырайын. Ішкі ойын осылай түйген Бабық облыстық ауруханадан шығып онкологиялық диспансерге бет алды.

-Келіп қалдыңыз ба, -деп Дауылжан Бабықты жылы шыраймен қарсы алды.

-Келіп қалдық, бірақ бітпеді, түсқайта үште кел, дейді,- деді Бабық болған жайды жасырмай.

Жонаш Қалдыоразұлы

-Оқасы жоқ. Ондай-мұндай боп тұрады, ақасы, қам жеменіз. Өзіміздегі рентгенге түсіңіз,- деп Дауылжан рентгенологке ертіп апарды.-Мына кісіні түсіріп жіберсеңіз...

- Қазір, шешіне беріңіз, ағасы... Рентгенолог Кәмила ештеңе деместен Бабықты рентгенге түсіріп берді. Арада жиырма минут өткенде пленка да әзірленіп үлгерілді.

Айналайын, адамдар, қилы-қилы шамаң бар. Қылықтарын қандай-ды, мінездерің қандай-ды. Мән бермейтін ісіне, қараулар бар ішінде. Жаныңды бірден түсінген, жақсыны жақсы кісі де. Адамдардың анайы қылығына жаны жараланып, жақсы қылығына жүрегі елжіреп риза болған Бабық тағы да облыстық ауруханаға әлгі Сағи мен Әділге бет алды. Екеуі біраз ақылдасты, шефке бару керек, деді бір-біріне. Шефі кім екен, деп іштей ойлаған Бабық қос дәрігердің соңынан ерді. Біраз жүрді, дәліздерден өтті. Бір мезгілде барып бұлар есік сыртында облыстық аурухана хирургия бөлімі бас дәрігерінің орынбасары Санат Жанжігітов деген жазуы бар кабинет алдына кеп бір тоқтаған-ды. Қос дәрігер шефтеріне кіріп кетті. Біраз кідірді. Жарты сағат шамасында Бабықты шақыртты.

-Ассалаумағалейкум,- деп қазақы салтпен сәлемдесіп Бабық ішке кіргенде-ақ ұзынша кабинеттің төріндегі үстел басында оқтау жұтқандай сіресіп отырған дүр қара бетін тыржитып, қабағын шытты. Ізет білдіріп, амандасқан Бабықтың сәлемін алмақ түгілі назар да аударған жоқ. Бірден сарыуайым әңгімеге кірісіп, сарнай жөнелді.

-Нансаңыз, бізде дәрі де, құрал-жабдық та тіпті басқасы да жоқ. Тіпті жоспарлы операцияны жасмағалы да екі айдың жүзі болды. Ауылда да, аудандарыңда да дәрігерлерің бар емес пе? Неге олар операция жасамайды. Олар, шындап келгенде, жалақаны бізден едәуір көп алады, ал операция жасауды бізге итере салады. Оңай әдісті тапқан екен, шіркіндерің. Ол қалай, сонда,- деп сызданды ол.

Бабық түйіліп, тығылып тұр. Қапелімде аузына сөзде түспегендей.

-Аурудан азып, ат арылтып алыстағы ауданнан келгенімізде бір кісіге операция жасау мүмкіндігі жоқ аурухананы көргенім осы,- деп Бабық бірден тіке тартты. -Ауылда дәрігерлер бар, бірақ олар маған операция жасай алмайды. "Маған" деген сөзге екпін түсіріп, мән бере сөйлеген Бабық дәрігерге оқты көзін қадай қарады.

-Олай деменіз, біз жөнін айтып отырмыз. Жоқ екені, жоқ. Ал ақи-тақи осында орналасамын десеңіз қайтадан толықтай анализ тапсыруыңыз керек. Жүрек, бауыр, бүйрек, қарын, өңешті тексертіп келгін. Оның бәрін және ауылдан қаратасыз. Оның үстіне қазір күн ыссы, салқын түсе келгеніңіз жөн,- деді ол ақыры, жанарын аулақ салып, сыздана түсіп.



Өмір иірімдері

-Анализдің бәрі бар, қалғанын осыннан тапсыруға болмас па? Мен жатып тапсыруға келген адаммын. Неге денсаулық жылында адам тағдырына, сырқатына осылай жауапсыз, немқұрайды қарайсыздар. Әуелі соны түсіндіріңізші. Әлде ел басының қабылдаған шешіміне қарсысыз ба,- деп Бабықта табан тіреп болатын емес.- Ал мен анализ тапсырып болғанша күнде салқын түседі, бәрі бір күнде біте салатын шаруа емес қой...

Оның жүзі күлгін тартты, өңі өзгеріп сала берді. Шықшыты шодырайып шығып, көзі аларып кетті. Бабыққа барынша суық қарады. Бабық бірақ, оның ызғар шашқан жүзіне тайсалмай қарай түсті.

-Жарайды, сендейлермен салғыласып отырар уақытым жоқ, басқа айтарыңыз бар ма - дегендей әңгімесін шорт үзді ол.

-Мен "сендейлермен" дейтін жеңіл адам емеспін, сіздің де әуселенізді көрерміз,- деген Бабық Сағи екеуі кабинеттен шығып кетті. Бабықтың да жүзі қарауытып, салы суға кеткендей...

Япыр-ай, деді іштей Бабық, "күштінің арты диірмен тартады" деген осы болар ма? Бұл қалай сонда? Білдей бір жұмсақ орында білдей бір тізгінді ұстап отырып, өзгеге өнеге, жұртқа үлгі көрсетеді деген лауазым иесінің сойы осы болғаны ма? Санаттың санасыздығы, адамның ауыр халін, жаралы жанын ұқпайтындығы, өз міндетіне жауапсыз жеңіл қарауы Бабықтың намысына, азаматтық арына, адами атына тигендей сезілді. Бабық облыстық әкімшілікке барып, Санаттың үстінен арыз айтып, әлек-шәлегін шығаруды бір ойлады. Әлде облыстық денсаулық департаментінің директорына барып, алдына санасыз Санатты дедектетіп алдырғысы да келді. Жо..жоқ, деді іштей тағы да Бабық өзіне-өзі, "қарға қарғаның көзін шұқымайды" деген бар. Олардың қайсысы да менің сөзім емес, Санаттың сөзін сөйлейтіні белгілі. Одан да Дауылжанмен ақылдасқаным жөн шығар. Осы ойын Бабық қасына ере шыққан Сағиға айтып еді, о да теріс көрмеді.

* * *

Біраздан соң ашуы тарқап, реніші басылған Бабық іштей "Мен кімге міндетсінемін, емделсем өзім үшін, емделмесем өзім үшін. Кімге наз қылып, айтқанымды орында деймін. Кімнің шікірәсімін, өзгелердей мен де қарапайым пенде емеспін бе? Ал қалтасында қаржысы жоқ, қолында билігі жоқ адамдардың ажал құшар, емделе алмайтын кезге жеткен кезеңі келді. Нарық, шіркін, күн өткен қос өкпені қаусыра қысып, алып барады. Ал осыны біліп алған дәрігерлер өздерін-өздері "жарты құдай" деңгейіне көтеріп, көңілі соқса, алым берсең қарап, әйтпесе қарамайтын болды" деп ой түйді. Ренжігенмен бола ма, облыстық онкологиялық диспансердегі Дауылжанға тағы баруды ұйғарды. Бабықтың бар әңгімесін зейін қоя

Қонаш Қалдыоразұлы

тыңдаған Дауылжан тағы да адамдық үлгісін, азаматтық өнегесін көрсете алды. Шалғайдағы демалыс орнында жатқан бас дәрігер Бекшембаймен телефон арқылы байланысты.

-Бас дәрігер рұқсатын берді, осында орналасыңыз,- деді Дауылжан Бабықты қуантып.

-Рахмет, бауырым. Осылай жақсылыққа, кісілікке бейімделе бер,- деп алғысын айтты Бабық.

Ертесіне Бабық облыстық онкологиялық диспансердің хирургия бөліміне 6 палатаға орналасты. Диспансер Жайықтың жағасындағы ескілеу үй. Көкжелек ағаштарға оранғандықтан ба, онысы білінбейді. Едәуір жерді алып жатқан алаңқайдағы үш қатарлы корпустің айналасы серуендеуге, қыдыруға ыңғайлы. Ал хирургия бөлімі осы үйдің үшінші қабатында. Палата екі кісілік екен. Бұл Бабыққа қолайлы да ыңғайлы көрінді. Палатада бұрыннан жатқан кісі бар екен. Өңеш ауруымен түсіпті. Жасы Бабықтан үлкендеу, 66- дағы қасқа бас, шашы сұйықтау келген сидаң кісі, ұзақ жыл Каспий теңізінде тынымсыз еңбек етіпті. Аты- Мұхамбет Қалиолла. Балаларының бәрі де ер жеткен, ұлдары үйленген, қыздары тұрмыс құрған, көсегесі көгерген, өрісі кеңейген кісі көрінді. Балаларының бірі Бабықтың жиен қызымен бірге Атырау мұнай және газ институтында оқытушы болып істейді екен. Бабықтың ұққаны- Мұхамбет- Қалиолла көп сөйлемейтін бір тоға кісі. Есесіне шылымды шамадан тыс шегеді.

Кейбір жандары таза, жүрегі пәк, көңілі ақ достар мен азаматтардың арқасында Бабық ауруханаға алынып, енді, міне, аяқты айқастырып, ақ төсектің жамылғысына айқара оранып, қамсыз жатыр. Көңіліне әртүрлі жайлар оралды. Артындағы ауылы мен үйі, балалары мен немерелері... жұмыстастары...

Иә, Бабық әлі мына қасында жатқан Мұхамбет- Қалиолла сын-ды зейнеткер емес. Биыл жасы алпысқа толғанмен, зейнеткерлікке, әлі үш жыл бар. Сол үшін де ел басына талайлар өкпелі... Жалғыз Бабық емес. Бабық жасынан қиындық қазанында қайнап, пісіп өскен адам. Колхоз-совхозда еңбек етті. Сосын отыз жылдай ортан қолдай журналист болып жүрді. Талайды тамсандырып, очерк, фельетон, әңгіме, өлең жазды. Міне, соңғы он жыл бедерінде құрылыс басқармасында еңбек етеді. Қаламды қалаққа айырбастаған жайы бар. Оған да нарықтық қатынас кінәлі. Балалары өсіп келе жатты. Оқыту, үйлендіру, қызды ұзату ата-ана парызы. Ал оған журналистің өнжеусіз ақшасы тығын болмайды. Кассаға салып жинақтаған біраз ақшасы бар еді, ол дегенің тиын болып шыға келді. Халық қақсады да қалды. Ерлер ел басына қатты ренжіді, іштей кіжінді. Бірақ, қолдан келер дәрмен жоқ. Іш қазандай қайнайды, деп қиналған көпшілік



Өмір шірімдері

Абайдың кебін киді. Әрине, қайткенде де қиыншылықты жеңу, алдағанның аузында, арбағанның азуында кетпесек деп жүрген бір жан. Азаптың ала қабын арқалап ауруына дауа таба алмай ажалмен арпалысып жүрген пенденің де есебі жоқ. Оның үстіне Теңіз кенішінің қасіреті көптеген шаңыраққа қайғы мен зар, аза мен қаза алып келуде. Улы газ аң-құс пен шыбын шіркейді құртып болды да енді адамға ауыз салды. Ажалмен арпалысуға шамасы келмегендер төсектен тұра алмай, қылжия кетіп жатыр... Қандай қасірет пен қайғы десеңші...!

Арада екі күн өтті. Бүгін он төртінші тамыз еді. Ертелетіп лаборант қан мен дәрет тапсыртқызды. Электрокардиограммаға түскен Бабыққа әлі ешкім ештеңе деген жоқ. Түс ауа Бабықты жас дәрігер Балзина Бисенбаева келіп тексерді. Жан-жақты қарады. Кеуде демалысын, тыныс жолдарын, қан қысымын тексерді, өлшеді.

-Қан қысымыңыз төмен. Тыныс жолдарыңызда да ақау бар. Оң жақ қапталыңызда сырлы байқалады. Өкпеңізде су болуы мүмкін, оны анықтау керек. Жалпы қай жақтан келдіңіз, ағасы,- деді дәрігер қыз.

-Жылыой ауданы, Құлсары қаласынан,- деді Бабық.- Мұнайлы өлке, шырайлы өлке. Мұнайлы Теңізім бар....

-Жарайды ағасы, Теңізге жақын жерден келсеңіз ауруыңыз жөн,- деді дәрігер қыз. Өкпеңіздің ақауы бұрын болып па еді?

-Болған. Бұрын өкпенің сулануымен де, қабынуымен де емделгенмін,- деді Бабық. Сосын қашан қалай, ауырып, қанша емделгенін дәрігерге жайып салды.

-Дұрыс, ағасы, бірақ қорқынышты ештеңе көрінбейді,- деді дәрігер қыз.-Емделе білсеңіз бәрі де жазылатын сырқаттар...

-Айтқаның келсін, айналайын,- деді Бабық қызға елжірей қарап, ерекше ықылас білдіріп.- Адам жаны жақсы сөзбен семіреді.

-Балзина Ақтөбе мемлекеттік дәрігерлік институтын биыл ғана тәмамдаған жас-ты. Өзі Жамбыл облысы өңірінде туып, өскен, қыз. Ұяң мінезді, елгезек, үлкен-кішіге ілтипатты жан екенін ілкі күннен көрсете біліп, көңіл тоғайтты.

Ауырған адамда уақыт аз емес. Біраз мезгіл емдерінді алумен кетеді. Сосын сырқат жаңдар тынығуға, әркіммен әңгімелесуге, кітап, газет-журнал оқуға кіріседі. Түскі асты ішіп алып Бабықтың ұйқыға берілгені осы еді, палатаға сұңғақ бойлы, толықша келген жігіт кіріп келе жатты. Бабық есіктің ашылғанынан оянып кетті. Мұхамбет-Қалиолланың мұнай-газ институтында істейтін баласы екен.

-Әкей ауырады, тамағында жара бар дегенді айтады дәрігерлер. Соны емдеудің басқалай жолы бар ма екен, сұрамақ едім, бас дәрігердің

Қонаш Қалдыоразұлы



демалыстан келмей жатқаны,- деді мұғалім жігіт.

-Бәрімізде сол бас дәрігер Құсанов Бекшембайды күтудеміз,- деді Бабық мұғалім жігіт сауалына жауап беріп.- Ол келеді деп күтпей-ақ, бөлімше дәрігерлер емдеу үстінде. Келгенімнен көп жақсымын. Байқаймын, Мұқаң да жаман емес сыңайлы...

- Айтқаныңыз келсін, ағасы. Бірақ үлкен кісі айтқанға көнбей тұр, операцияға түспеймін дейді,- деді мұғалім.

-Ол енді, ағаның өз еркі болуы тиіс,- деді Бабық...

Бір апта бойы әртүрлі дәрілермен егіліп, емдік препараттар алған Бабықтың халі түзеліп қалған сыңайлы. Келгендегідей емес, тынысы кеңейіп, дем алысы дұрысталып қалғандай. Күндегісін ауылдан, осыннан келіп жатқан ағайын, дос-жолдаста есеп жоқ. Бәрі де жақсылық, сәттілік тілейді. Бұның өзі дертті жанға үлкен демеу. Үлкен ұлы төрт бірдей досын ертіп келіп донорлық міндеттерін атқарып, лабораторияға қан беріп кетті. Арада екі-үш күн өте берген Бабықтың үлкен ұлының осындағы бес-алты досы келіп тағы да қажетті деген қандарын берді. Бәріне де рахмет, деді Бабық, жанына жалау болған жандарға жақсылық тіледі. Бұның бәрі де адам көңіліне демеу, бәрі де медет.

Атырауда Жаңбырбай атты досы бар Бабықтың. Бәрінен де көп келетін сол. Ол ұзақ жыл Бабық екеуі еңбектес боп, газет шаруашылығында бірге істеді белгілі қаламгердің шыққан биігі де аз емес. Қаламы жүйрік, ойы ұшқыр азамат. Бүгін де мұнай өңдеу зауытында аудармашы боп істеуде. Жаңбырбай Бабық досына келген сайын әлденелерді ала келеді. Әсіресе, газет-журналдарды көп әкеледі. Соңғы бір келгенде Жаңбырбай Г.Толмачевтің "Д.А.Қонаевпен 50 рет кездесу", Т.Жауыровтың "Атыраудың әзілқойлары" атты кітаптарын әкелгенде Бабық қатты қуанды. Қайта-қайта оқып шыққан Бабық көңіліне көп жайларды түйе білді. Іштей Жаңбырбайға ризашылығын білдіріп, рахметін айтып қояды.

Бүгін күн жұма. Аспан ашық. Аз-кем шығыс желі баяу ғана есіп тұр. Жайық жағасын қыдырыстап жүрген Бабықтың көңілі көтеріңкі, жаны сергек. Өйткені, осында жатқан екі аптада қарамаған дәрігер жоқ. Бабықтың қуығын тексерген Задагүл есімді дәрігер кіші дәрет жүрісін көп сұрады. Компьютер алдында біраз отырып мұқият тексеріс жұмысын жүргізді. Бұрын немен ауырғанын да жан-жақты сұраңқырады.

Ал кардиолог дәрігер кеуде тұсын тексеріңкіреді. Жас дәрігердің қолы тым ыстық көрінді. Бабықтың жүрек тұсына үлбірген алақанын басқан қыз қандай терледі десеңші. Қан қысымын өлшеді. Өсіңкіреп тұрғанын айтып, қосымша ем белгіледі.

Уақыт өте берді. Күнге күн, аптаға апта жалғасты. Сөйтпін, Бабық 26-



Өмір иірімдері

тамызға да жетті. Бір күні бас дәрігер Құсанов Бекшембайдың келгенін, жұмысқа шыққанын, бүгінгі дүйсенбі де бас дәрігер әр палатаны жағалап, өзі тексеретінін, сол үшін палатаны таза ұстау керектігін санитаркалар мен мейірбикелер ерекше ескертіп, зыр қағып жүргенін естіді Бабық. Бәрінің қуанышы бас дәрігермен дидарласу, әңгімелесу арқылы өздерінің болашағын білу... Әр мейірбике мен санитарка кеп: - ас-аухатты асханадағы тоңазытқышқа апарыңдар, тумбаларыңызды таза ұстаңдар, - деп тақ-тақ етеді. Өздері есік-терезелерді, қабырғаларды сүртіп, төсек орындарды ауыстырып әлек-шәлектері шығып жүр.

Міне, сағат он бір. №1 палатадан бастап бас дәрігер нөкерлерімен палаталарды аралап, сырқат жандарды тексеріп жүр. Сағат 12-шамасында №6 палатаға келген дәрігерлер әуелі Мұханбет-Қалиолланы тексерді. Кеудесін тыңдап, қан қысымын өлшеді.

-Аға,- деді Бекшембай Құсанов,- төменгі тістен есептегенде 29 сантиметр төменде көлемі, 1,5 x 2,5 сантиметр мөлшерінде жара бар. Ол жараны емдеудің екі жолы бар. Біріншісі- операцияда, екіншісі- радиология бөліміне ауысып, күйдіру арқылы емделу. Мұхамбет-Қалиолла екіншісіне келісім берді.

-Бұл аптаға емдеріңізді ала берсеңіз,- деді бас дәрігер Бабыққа. - Ішкі құрылысты, қан қысымын, бүйрек, бауырды толықтай қалыпқа келтіру керек.

-Жарайды,- деген Бабық бас дәрігердің сыр-сымбатына, тұлғасына риза кейіппен қарап қалды.

Хирургия бөлімнің тоғыз палатасын толықтай аралап, әртүрлі сырқат иелерімен асықпай әңгімелескен бас дәрігер Бекшембай кетісімен кеу-кеу әңгіме өріс алды. Бәрі дерлік әуелі бас дәрігердің ашық әңгімесіне дән риза болысты. Сүйкімді сөзін, әсерлі әңгімесін қанағат тұтқан кейбір сырқаттар көңілі көтеріліп, көңілдене түсті. Бұның өзі жақсылық еді. Әрине, жылы сөз, ыстық ықылас, ізгілікті илитпат та көңілдері мұңды жандарға біраз демеу, күш қуат берері ақиқат... Соны медет тұтқан сырқат жанды жатқандар біразға дейін кәукелдесіп әңгімеге ырық берді. Ал әңгімеге көп қосыла бермейтін Бабық палатасына келіп, төсегіне жатты. Кешегісін оташы Дауылжан бұған: - ертең операция жасаласыз, әзір болыңыз, Бекшембай келді, - деген. Сендіре, сенімді айтылған әңгіме әсері ме, Бабық түнімен ұйықтамады. Қолына қалам алды. Көңіл мұңын, жан сырын, жүрек сезімін, асыл арманын өлең жолдарымен өрнектеді. Бұл ақырет алдындағы ақырғы тұяқ серпері іспетті көрінді. Көңілін жадыратып, өмірін гүлдендірген келіншегін, қуаныш-қызығын арттырып, берекесін тасытқан балаларын көз алдына келтіріп, еске алды. Олардың

Жонаш Қалдыоразұлы

дені қалада жүргенмен әзіргісін қасында жоқ еді. Кейінде қалған достары мен жолдастырын, ұжымдастырын ойлады. Әсіресе, әзілі әзір тұратын, қалжыңы қалтасынан шыға келетін қатарлары мен қарындастарын, нағашы-жиенді жайсаң жігіттерді ойға оралтты. Содан соң қаламға ерік берді. Көңіл сезімін өмір сөзіне айналдырды.

Кеудемде бар бір ісік, залалды ма?
Залалсыз ба? Білмеймін. Қалам мұңға.
Ертең сойып тастамақ дәрігерлер,
Бәлки, тірі қалмаспын, қалармын да.

Бір алланың қолында бәрі дағы,
Және саған дәрігер табынамын.
Қош болыңдар! Көз жұмып кете барсақ,
Кездесеріміз, сау қалсақ әлі дағы.

Аман болғын туған жер, ата мекен,
Дерт қажытса жаныңа батады екен.
Баста бөрік қисайса, ауру меңдеп,
Әркім сырттан өсекті атады екен.

Аман болғын ұл-қызым, асыл жарым,
Сендер еңдер қашанда асыл әнім.
Аманатым артымда қалғандарға,
Менің текті тегімді басынбағын.

Көре алмасақ сау болың ағайындар,
Көңіл сырын бір төгіп алайында.
Қу тірлікте реніш болған шығар,
Демім барда кешір деп қалайын да.

Аман болғың достарым, асыл жандар,
Кешіріңдер, болса бір қасың қалған.
Бақиласып бәріңмен жатырмын мен,
Өсекпенен құтымды қашырмаңдар.

Қамқорым да болып ең, жарым да сен.
Айсұлуым, мәңгілік бағым да сен.
Көздің жасын төгемін, көңілде мұң,
Қиыспасым, ақ пейіл арым да сен.



Өмір иірімдері

Өмір сүргін тәңірге табын да сен,
Ұл-қызынды қызықтап жалында сен.
Амандықпен күн кешер бірге жүріп,
Күн туса егер, бір жанға жалынбас ем.

Бір-бір апа бар бізде- панамызды,
Сыйлай білгін, ақылшы ол -данамызды.
Аман болғын бар туыс-жекжаттарым,
Бір сағыныш билейді санамызды.

Көңіл бүгін неліктен алағызды,
Құдалармен кім бөлер арамызды.
Бар жақсы ғой қашанда? Пәк тілегім,
Жалғыз болып не бақыт табамыз да?

Аман, болғын сондықтан барлығың да,
Көңіл сезіп жатады барлығың да.
Менің аман қалуым, қалмауымда,
Жан Алланың ертеңгі жарлығында.

Бір-біріңді ешқашан қарала ма,
Зәрлі сөзбен жан, жүрек жараланар.
Абай болғын айтылар сөзіңе де,
Көңіл қалса бақытың жана алар ма?

Бір-біріңді, сыйлаңдар, септесіңдер,
Күн көріңдер бірігіп, ептесіңдер.
Мынау ғұмыр сонша ма қысқа да екен,
Сыйласыңдар, демеймін кектесіңдер.

Аман болғын Жылыойдың кең даласы,
Бақыт құшсын шаттықпен әр баласы.
Мен кенеттен көз жұмып кете барсам,
Күтіп алар алдымнан жан анашым.

Оның жолы әрмен, дос болсын деймін,
Мінәжат қып Аллаға зорсың деймін.
Өмір-өлім мәңгілік тайталаста,
Өмір жеңіп, тілегім болсын деймін.

Қонаш Қалдыоразұлы

Ойын осылай өлеңмен өрбітіп, көңіліне әртүрлі жайлар оралған Бабық біразға дейін ұйықтай алмай, таң ағарып ата бере ғана көзі ілінген-ді. Тәттілігі шырындай таңғы ұйқыны айтсайшы. Балбырап дүниенің бәрі ұйқы құшағында жатыр. Тәуліктің жартысында тірлік үстемдік етсе, жарты бөлігі ұйқымен өтіп, адамдар өліп тұрады екен. Бұл бұ дүниедегі жаратылыс заңдылығы. Ал о дүниедегі жаратылыста тірлік, қозғалыс жоқ. Бақилық болған адамдар қимылсыз, қозғалыссыз дүниеге енеді дейді пәлсапада. Жартылай өлі дүниеге енген Бабықты Атыраудың масасы мен уколға деп жар салған мейірбикенің дауысы оятып жіберді. Аздап жіпсіп қалған Бабық едәуір жеңіл тұрып еді. Енді міне, түс кезінде тағы басы ауырып, көзіне ұйқы тіреле берді. Тамақ ішуге де зауқы соқпады. Сөйтіп, кеп төсегіне қисайған-ды...

* * *

Облыстық онкологиялық диспансер үйінің салынғанына қырық жылға тақапты. "Г" үлгісіндегі салынған үш қабат қызыл кірпіш үй. Жайық өзені таяқ тастам жерде жайыла ағып жатыр. Сыртқа шығып жүз метрдей жүрсең болды, ән боп талайларды аңсатқан Ақ ерке Жайықтың жағасына жетіп, өзен жағасындағы, бетіндегі қызғылықты тірлік көріністерін қызықтайсың. Көп сырқаттар ертеден кешке дейін осы өзен ауасымен тыныстап, жағада жүреді.

-Анау не тобыр?- деді әлгіде ғана өзен жағасына келген Бабық батыс беттегі топтасқан адамдар мен көліктер шоғырын нұсқап.

-Кеше бір кісі суға кетіп қалыпты, әлі табылмай жатқан көрінеді,- деді сырқаттардың бірі.

-Қалай кетіпті, байғұс жан, ендігі өлген шығар, иманды болсын,- деп Бабық бетін сипады.

-Қалай кеткенін қайдам, анық көргеніміз жоқ. Бірақ әйелімен екеуі кілем қағыпты. Содан үстін шаң баспай ма? Суға бір сүңгіп шығайын деген ғой ері, - деді әлгі адам.

-Содан шықпай қалыпты.

-Обал болған екен, байғұсқа. Япыр-ай, біреудің өлімі оттан, енді біреудікі судан, деген осы-ау,- деп іштей күбірлеген Бабық ол жаққа қарамауға тырысты. Тәуліктен асып кетті, ал суға кеткен адам әлі табылмай жатыр, әйеліне де обал-ау, көзбе-көз азаматынан айырылып қалу қай әйелге оңай дейсің.

Арада екі-үш күн тағы өтті. Бабықтың мұрынынан бронхоскопиядан тағы өтуіне тура келді. Қатты қиналды. Қан қысымы бірден 220/110-нан бір шықты. Дереу Дауылжан ем беруді бұйырды. Уколдардың бірнеше түрі салынды. Соның ішінде дибазолды мейірбикелер дәрігердің



Өмір иірімдері

нұсқауымен айдаңқырап жіберді-ау деймін. Сонсоң мейірбикенің бірі метрат деген система қойды.

Біраз ұйықтаған соң оянған Бабық жеңіл тұрғанын сезінді.

Екінші тарау

Оңды істің сәтсіздігі

Қыркүйек айының алғашқы сейсінбісі қапырық, өте ыссы боп басталды. Оның үстіне маса да маза берер емес. Теледидардың хабарлауынша ыссылық деңгейі 320 - цельсийге жетіп отыр. Бұл азайтылып хабарлау болар. Ал негізінде 400 - Цельсийден артық-ау, дейді көпшілік. Солайы-солай шығар. Жан шыдатар емес. Жұрттың бәрі Жайық жағасында жүр. Үйден гөрі, өзен жағасында демалып, тыныстағанды жақсы көреді. Бүгінде сол сағат он бола бергенде хирургия бөлімінде жатқан халі бар сырқаттардың бәрі Жайық жағасына кетіп болды. Ал сағат 9.30-да операцияға түсетін адам жөнеліп болады.

-Бүгін кімнің кезегі еді?

-№5 палатадағы Володя шығар, - десті сырқаттар біріне-бірі, кеше-кешкілік мейірбикелер соны әзірлеп жатты ғой.

Сәттен соң жылжымалы арбаға мінген Володяны операция өтетін бөлмеге алып бара жатты.

- Жол болсын, Володя, сәттілік тілейміз,- десті көпшілік.

- Рахмет- деп ол қолын көтерді.

Володя операцияға жарты айдай әзірленді. Елу бестердегі жігіт ағасы. Жігері жоғары, сезімі сергек, әңгімесі әдемі, әзілі жарасымды азамат. Диспансерге өте жоғары сергек күйде келді. Жігерлі жігіт екенін таныта білді. Операцияға бірден келісті...

....Операция ұзаққа созылды. Уақыт шіркін, зымырап өте берді. Күтушілерден де, өзге қызметкерлерден де маза кетті. Ертеңгі сағат 9.30-да басталған операция әлі аяқталмай жатыр. Түс ауып барады.. Міне, түсқайтағы сағат 5-ке таяп қалды, операция аяқталды. Дәрігерлер малшынып шықты. Енді қайтсін жеті-сегіз сағат бойы тікесінен тік тұрып, демалмастан операция жасау оңай ма?

-Операция сәтті аяқталды,- деді оташы Дауылжан, - қатаң аурулар палатасында жатыр.

Сырқат жандар қуанып қалды. Сәтін салып, аман шықса жақсы ғой, десті өзара. Апталдай азамат, қол-аяғы балғадай жігіт аман кетіп, ажал

Жонаш Қалдиоразұлы

құшып қайтса, қандай қиын?.. Әркімнің тілеуі амандығы, қу жаны, денінің саулығы... Сол үшінде олар осында кеп, дәрігерлерден үміттеніп, екі көзі төрт болып, ертеңіне алаң боп жатыр.

Арада көп уақыт өткен жоқ. Дәрігерлер мен мейірбикелер әбден әбігерге қайта түсті. Ананы шақыр, мынаны шақыр, ананы әкел, мынаны әкел деген әмір көбейді. Тынымсыз жүгіріске түскен мейірбикелерде бір тыным, мігір болмады. Жеңін таба алмай, етегін басып жүрген біреу.

-Әй, мыналарға не болды, бүйі тиді ме, сона шақты ма,- деді Бабық палатасынан шыға бере көзі түскен көрініске таң қалып.

-Қайдам,- деді бір сырқат, -әлгі Володяға бірдеңе боп қалмаса.

-Оның жолы әрмен...

-Дұрыс-ау, бірақ Алла біледі ғой.

Расында да көп ұзамай қолайсыз бір жай жайылып үлгерді. Жансақтау палатасында жатқан Володяның араға уақыт салып жүрегі сыр беріпті. Бұны көз алмай бақылап отырған мейірбике Индира дереу дәрігерге хабарлап үлгеріпті. Дәрігерлер қанша күш салып әуреленсе де, қаншама шарасын алса да сыйқалы жүректің икемге келер түрі байқалмапты. Қандай ем берсе де тозған, тоқтауға бейімделген жүрек қабылдамапты. Ажалмен арпалысқан ақ желеңді жандардың еңбегі қайтпай, жігері құм болыпты. Ақыры арыстай азамат көз жұмды. Кенеттен көз жұмған атан жілік азаматтың өкінішті өлімі дәрігерлердің еңсесін түсіріп жіберді. Оларға қоса барлық сырқаттар да назарын төмен салып, бір үміт пен бір өкінішті тайталастырған сезім күйін кешті. Оның үстіне Володяның әйелі мен апаларының, достары мен жолдастарының қабырғасы қайыса қайғырғанын, жылап-сықтағанын көрген адамның да көңілі босап, көзіне жас алмауы мүмкін емес еді. Ал айтушылардың әңгімесіне қарағанда Володя бұдан аз бұрын облыстық ауруханада хирургия бөлімінде операция жасалыпты. Бірақ жауапсыздық орын алған. Оташылардың шалалығы, әлде асығыстығы, не болмаса байқалмағандығы- жігіт денесінде әлде бір пленка ма, не басқа зат па, белгісіз, ұмыт қалдырғанға ұқсайды. Сол белгісіз зат Володяның денсаулығына кәдімгідей әсер еткен. Кешегі құлындай құлдыраңдап шауып жүрген жігіт күн өткен сайын әлсіздікке тап болып, амалсыз облыстық онкологиялық диспансерге жатуға тура келген.

-Аяқ астынан өкпеге, жүрекке, көк етке жабысқан әлдеқалай ісік пайда болғаны таңданарлық. Ол және қауіпті ісік болып анықталғанын қайтерсің. Операция үстінде ісікті тәуір-ақ айырып, сылып алғанбыз,- деді дәрігерлер бірде Бабықпен әңгімелесе отырып..- Амал не...

Бұл әңгімені естіген Бабықтың бойында да бір үрей көрініс бергені



Өмір иірімдері

көзінен байқалды. Бір түрлі шаралы көзі дөңгелегінен шығып бара жатқандай көрінді. Бұны байқап қалған Дауылжан: - Бабық аға, сіз шошыманыз, Сіздің сырқатыңыз өзгеше, - деді. Володя түптеп келгенде біздің диспансерге мәжбүрліктен келді. Облыстық ауруханаға қайта барғысы келмеген, ал өзге өңірге, алыс қалаларға баруға жағдайы да, халі де көтермеген. Біз оның өмірі үшін аз арпалысқанымыз жоқ. Әр дәрігер бар күш-жігерін, білім-білігін жұмсады. Алайда... өмір деген, тірлік деген осы, ағайындар, абыржымаңдар. Қуанышы мен реніші, қайғысы мен қасіреті, мұңы мен шері, сәттілігі мен сәтсіздігі қабат жүреді. Өмірдің сыртында сығалаған, найзасын кезеген өлім бары өкінішті...

Иә, Дауылжанның да айтуы да дұрыс шығар. Бірақ, таңертең бар адамның енді жоқтығы біртүрлі екен. Орны үңірейіп-ақ тұр. №1 палатадағы Ғалымжан оны әзілдеп: - Мекелай, Текалай, хал қалай? - деп жүретін.

-Менің атым ешқандайда Мекелай емес, Володя, дейтін ол байғұс. Ал Ғалымжан болса оның айтқанын есіне сақтай алмай-ақ қойды. Володя марқұм болса Ғалымның тағы айтқанын жымия тыңдап, әзілмен жауап беретін. "Әй, Ғалым, барып тұрған залым, мені өтірік қағытасың, көп пе малың, қайда сенің арың" деп қағытатын. Қазақша таза сөйлеп, мақалдап соғатын. Одаңда өмір жайлы өнегелі әңгіме айт, Ғалым. Тірліктің тәттілігі турасында көбірек әңгімеле. Сонда адамдардың көңілі көтеріңкі де хошты келеді деп отыратын Володя өмірінің өтіп бара жатқанын алдын-ала аңғарған-ау, жарықтық.

Бұл диспансерге де біреулер келіп, біреулер шығып жатады. Көңілін мұң басып, еңсесі езіліп келген пенденің жазылып, жаны жарқырап, жүрегі жадырап, көңілі көріктеніп, еңсесі биік боп шықса қандай жақсы. Кеше бұл емделу орнына Құлсары қаласының іргесіндегі Тұрғызба аулының азаматы Аяубек деген келіп түсті. Бабықтың жатқанын білді де, бірден іздеді. Өкпе ісігімен түскен Аяубектің айтарлықтай жағдайы мәз емес еді. Міне, бүгін, о да өкпесі сырылдап, тынысы тарылып, екінші- үшінші қабатқа көтерілсе алқынып, ажалмен арпалысып отырған жайы бар. Оны кешегі майталман механизатор, асқақ үнді әнші, ел ішілік әңгіме-әзілдерді, өлең-жырларды көп білетін жалын жүрек жігіт деп кім айтар.

-Менде өкпе сырты ісігімен жатырмын,- деп бастады әңгімесін Бабық Аяубекпен кездескен сәтінде.- Алтыншы апта аяқталды. Кешегісін емнің бәрін тоқтатты. Облыстық аурухананың рентгеніне түсірді. Оған не болғанын қайдам? Бүгін осы диспансердегі рентгеннің екі түріне түсірді. Бұл менің сәуір айынан бергі нешінші рет рентгенге түсуім десеңші. Залалды сәулелер денемді құрсап, жүйке желілерін алып та, болған

Қонаш Қалдыоразұлы

шығар... Маған операцияны алдағы жұмаға белгілепті. Хош! Ол күнге де жетерміз тірі болсақ. Алла жар болсын. Әлгінде бір орыс әйел омыраудан операциядан өтті. Сәтті аяқталыпты. Қуанышы ерекше. Қайтсін енді. Бір шыбын жан үшін келіп жатыр ғой бәрі де. Міне, қараңыз, тағы біреуді операцияға алып барады... Біз қайтер екенбіз?

-Қой, өңің жақсы ғой, қобалжыма,- деді Аяубек өзі әрең демалып отырса да Бабыққа дем беріп...

-Аузыңа май, Аяу. Аман болайық. Ұрпақтарымыз қатарға қосылып, енді қызық көреміз бе деп келе жатқанда, деп жалғай түсті әңгімесін Бабық.- Адам өмірі деген қызық екен. Жанымыз неткен нәзік еді. Сәл затқа ренжіп, қайғырамыз.

-Қайғыру түбі- қасырет, Бабық, қуанышты көбірек ойлау керек,- деген Аяубек шылым шегуге орнынан тұрды.

-Міне, мына темекі өкпенің қас жауы, тастау керек, Айеке,- деді Бабық.- Бұның өзі жасты қысқартып, тікелей ракке жеткізеді дейді ғой....

-Ой, Бабық-ай, бұл менің елу жылдан бергі серігім ғой. Одан айырылсам әйелімнен ажырасқандай болмаймын ба,- деген Аяубек әрі қарай ұзай берді...

* * *

Кешкілік Бабық палатада жалғыз жатыр. Әлгінде кезекші мейірбике Индира қызуын өлшеп кетті. Екі күннен соң операция. Тағы да жан тебіренісі, көңіл қиналысы басталған сыңайлы. Денесі дел-сал боп, қан қысымы көтерілгендей ме, қалай? Дереу Индираны шақырды. Мейірбике келіншек қан қысымын өлшеп, тыныштандыратын дәрі берді.

-Көп қобалжыма, бәрі де сәтімен болады,- деді Индира.

-Рахмет, қалқам, аузыңа май, -деп риза боп қалды Бабық.

Осында жатқалы Бабық осы бір, сүп-сүйкімді жас келіншекті жақсы көріп, көңіліне жақын тарта беретін болды. Оның бойынан ілтипат пен ибаны, мейірім шуағын байқай алды. Жаны таза жанға ұқсайды. Өзгелердей елтең-селтеңмен ісі жоқ, өз жұмысын ғана біліп, сырқаттар жайын ғана ойлайтын маман ретінде мерейлі көрінеді.

Бабық тағы да қаламды қолына алды. Ойланып-толғанып ұзақ отырды. Ойы да шашыраңқы, жинақталар түрі жоқ. Алдында жатқан дәптерге әлденелерді жазған болады, бірақ өніп жатқан ештеңе жоқ. Құр шимай-шатпақ. Көңілі алабұртқан Бабықтың басына сан ой келіп, кетті. Адам қиналғанда басқа не келмейді. Қуаныштан гөрі, көңілге көбірек оралатын да, жанды жаншитын, жүйкені езгілейтін, жүрекке салмақ түсірер мұнды сезім екенін қайтерсің. Сол түні Бабық дәптеріне бірнеше өлең жолдарын түсіріпті. Соның бірі мынау еді.



Өмір шірімдері

Жабырқама, сабыр еткін гүл көңіл,
Арпалыста жеңіледі "у-өлім".
Дертті жанды түсінеді дәрігер,
Талайларды алып қалған бұл бөлім.

Ақ желеңді ақ періште - асыл жан,
Еңбектері даңқын биік асырған.
Қандай қиын сәт болса да оташы,
Кездері жоқ қиналған бір-жасырман.

Ақ кездігі қолында бұл- алтын бақ,
Дәрігердің тұрар жүзі жарқылдап.
Сылып тастар кездерінде ісікті,
Көрген емес қолдары бір қалтылдап.

Маңдай тері моншақтап бір ағылар.
Ар өлшенер қиналыс сәт тағы бар.
Қарсы тұрып арпалыста жеңетін,
Дәрігердің жаны жайсаң бағы бар.

Сырқат жанда жазылам дер арман бар,
Құдіретті жандар олар жалғанда.
Пейілінен, ниетінен дәрігердің,
Дерт жазылмай қалған ба?

Ары таза, қолы жұмсақ, көңілі ақ,
Ақ сезімдер селкеу тартса өлім жақ.
Талантына табындырған талайды,
Дәрігермен жарқырайды өмір-бақ.

Бабық ой үстінде әлі де. Үміті мен сенімі нығайған сыңайлы. Ертеңгі күнге көңілін беркітіп барудың ілкі баспалдағының басқыштарын басып, батыл аттауды армандады. Төсекте адамды сан ойлар мазалап, сан жайлар жетегіне алары айқын. Бабыққа ертең операция болмақ. Көңіліне күпті еткен сезімді серпу үшін қолына тағы қаламын алды. Жан серігіне айналған қалам сырласы да, мұңдасы да.

Ертеңгі операцияға байланысты дәрігерлерге деген сенімі мен үміті үзеңгі жолдас боп жүрегінде ұялап, көңіліне орнықты. Сонымен келер күнге үміт артқан үкілі өлең Бабықтың тағы бір тұяқ серпер сәтін өрнектегендей көрінеді көңілге.

Қонаш Қалдыоразұлы

Қайдан келдім? Қалай келдім? Білмеймін?
Бұлт астынан жарқырайды тілдей күн.
Ол үміт қой? Қайда бастар құдай-ау,
Өлем бе, әлде? Тірі қалам, білмеймін.

Көзім жұмық, көңіл ояу, жатырмын,
Дәрігерлер сөйлеседі ақырын.
Құдіреттің киесі ұрса қайтемін?
Қараңғыға айналар ма ақ түнім?

Көз ұшында бір үміт нұр білінер,
Рас денем, ақ кездікпен тілінер.
Қиналғанда жан өзекке келіп бір,
Қолдай көргін Бекет бабам- Пірім-ер.

Мен жатармын өліктей боп үстелде,
Аяқ мұздай, қол да мұздай, үскен бе?
Жүрек мәңгі жанып тұрса, өшпесе,
Ол қуатты бар алапат күштен де.

Жон еттерім ақ кездікпен сөгілер,
Өлген анам көзге елестеп көрінер.
Қиналармын, қайыспаспын бірақ та,
Жеңем сені, белдесуге өлім, кел.

Елге орал, деп, ақ ниетпен бәрі де,
Сен керексің дос, туысқа әлі де.
Бата беріп, қол жаяды, бақ тілеп,
Тапсырдық, деп сені ұлым тәңірге.

Мінәжат қып бас ұрамын тәңірім,
Бар әлемге сенің үстем әмірің.
Өмір берсең біразырақ, өтелер,
Өлі-тірі пенде арманы- бәрінің.

Солай, солай... Мен жатырмын өлген боп,
Қадалды ма, қалай бүгін өңменге оқ.
Тәубә дер ем бергеніне Тәңірінің,
Тірі қалсам лаулап жанам- өлгем жоқ.



Өмір иірімдері

Осындай ой құшып, сезімге беріліп, ертеңіне үміт артып жатып, ұйықтап кеткен Бабық ертеңгісін ұйқыдан ерте оянды. Дәліздегі шығысқа қараған терезе алдына барып біраз тұрды. Ағаш жапырақтары суылдаған далаға одан әрі қалаға көз жіберді. Қала әлі толық оянбапты. Көшелерде қозғалыс аз. Әріректен ирелеңдеп ағып жатқан Ақ Жайықтың бір иірімі көзге шалынды. Өзен беті де тыныш. Күн көзі көлегейленіп, бұлыңғыр тартқан сыңайлы. Аспан бозғылттанып, шаңылтып тұр. Терезе алдындағы топ терекке қонған қара қарғалар қарқылдап, мазаны алады. Әуезсіз әуені қандай жаман еді, антұрғанның. Бұл араға да көп аялдамаған Бабық таза ауа жұтқысы кеп далаға шығып кетті. Жайық жағасына бет алды. Баяу ағып жатқан Жайықтың бірін-бірі қуалаған майда толқындары қандай көркем көрінеді. Өзен бетінде жалт-жұлт етіп мың сан жұлдыздар ойнайды, әні, бұрылыстан өзен бойымен жүзіп келе жатқан катер көрінді. Суды тілгілеп, жүзген катер екпінімен пайда болған ақ бұйра толқындар Ақ Жайықтың жағасына ұрып, әсем суретті көз алдына әкеледі.

Ақ Жайықтың жағалауына біраз қыдырыстап, ертеңгі қоңыр салқын ауамен тыныстаған Бабық біраздан соң палатасына қайтып келді.

№1 палатада Ғалымжан деген ашмаралдау, сидаң кісі жатады. Өзінің қимыл -қозғалысы жеңіл. Өзі қаладан көп қашық емес, Таңдай деген елді мекеннен... Бабықтан бірер жас үлкендігі бар. Бірақ әйелі жас көрінді.. Сонысына малданып анаумен де, мынаумен де әзіл-қалжың жарастырып, ойнап жүреді. Ол өзгеге ерсі болғанмен өзіне лайықты көрінеді. Сол Ғалымжан дәлізде диванда отырған Бабықтың қасына жетіп келіп, әй жоқ, шәй жоқ "маған өлең шығаршы" деп өңмеңдеді.

-Япыр-ай, таң атпай ма?- деді сасып қалған Бабық.

-Иә, таң атпай.. Қазір операцияға кетіп қаласың...

-Жарайды-ақ, ал мені өліп шығады деп үмітіңді үзіп отырмысың...

Тілегің...

-Жоға, сонда да дегенім ғой,- деді сасып қалған Ғалымжан.

-Онда жазып көрейік, деген Бабық қалам-қағазын қолына алды.

Әй, Ғалымжан, Ғалымжан,

Екенсің нағыз залым жан,

Пейілің неге тарылған,

Кісінейсің қыз көрсең,

Айырылып қалма барыңнан,

Айырылып қалма арыңнан

Жұрдайсың ынсап, сабырдан,

Қызталақ жансың қағынған.

Қонаш Қалдыоразұлы

Тұрса да жайнап алдыңнан,
Жас жарың, сені сағынған,
Қошқардай қортық сен бұнда,
Қыз қуып жүрсің қағынған.

Әй, Тәжитов, Тәжитов,
Келді ме кезең алжитын.
Бір соқсам қайтед шалжитып,
Итпісің, айтшы шындығын,
Бұта көрсе саритын,
Жас қаншық саған қарамас,
Абай бол деймін кәрі итім..

Бабық өлеңді оқыды да Ғалымжанға бере салды. Бұны күтпеген Ғалымжан бір бозарып, бір қызарды. Бірақ Бабықтың қатарлығын қатерге алған Ғалымжан қалжыңды түсінді, ештеңе демей-ақ, қағазды қалтасына салып алды. Бірақ осы кезде қастарына келген Аяубек қайта:

-Өзіңе де сол керек, торғай шырылдамай дәметпесті дәметіп,- деп бір түйреп өтті.

Сөйтіп, сыртылдаған сағат уақытты оздыра берді. Сағат тоғызға тақау дәрігерлер келе бастады. Күтініп отырған Бабық палатада газет оқуға кіріскен.

-Баке, қалайсыз, көңіл-күйіңіз жақсы ма,- деп палатаға кірген Дауылжан операцияның тағы да кейінге, келесі аптаға қалғанын айтты.

-Япыр-ай, тағы не боп қалды екен? Менің сырқатым күрделі боп осылар тәуекел ете алмай жүрмесе игі еді,- деді іштей өзіне -өзі күдікпен қараған Бабық- Әлде көкейін тескен ақша дәметіп жүр ме? Ақша сұраса? Берілер-ау, өзіңнің жаның үшін бар жиған-тергеніңді төгерсің-ау. Қой кешкісін Дауылжанмен нақты сөйлесейін...

* * *

Кешегісін жап-жас екі әйелге омыраудан операция жасалды. Аянышты. Бірақ басқа түссе, амал бар ма? Гүл жайнаған нұр жүздері солғын тартып, азап шеккен келіншектер кеселден арылғасын ажарлары ашылып, елмен емен-жарқын амандаса бастады. Тірлікке деген іңкәрлік, өмірге деген құлшынысты айтсайшы. Иә, күндегісін омыраумен қосып әйел жатырына, қарын, өңеш, тоқ ішек, өкпе және басқа ағзаларға, жасалып жатқан операцияның есебі жоқ. Күніге екеу, тіпті кей күндері үш операция жасалып жатса, дәрігерлер мен мейірбикелердің тынымсыз еңбегі, іргелі ізденісінің жемісі болса керек. Бәрі сәтті аяқталса бір қуаныш екеу боп көбейе түсері тағы бар. Бұл дәрігерлердің үлкен жеңісі. Сырқаттардың



Өмір иірімдері

мерейі мен жемісі. Әлбетте әйел байғұстардың тартар азабы, көңілге ұялар мұңы да аз емес... Алайда әйел адам бәріне көнбіс, шыдамды келеді ғой..

Ертерек оянып, ұйқысы қашқан Бабық көңіліне көп ойлар оралады. Ойлардың оңдысы да, жайсызы да жоқ емес. Бірінші қыркүйекке қарсы Бабықты дәрігер бір күнге үйге барып, моншаға түсіп келуге жіберді. Күн ыссы екен, аспан айналып жерге түскендей. Таң ата жиен қызының үйінде қапылыс, абыр-сабыр басталды. Бүгін жаңа оқу жылының алғашқы күні. Жаз бойы еркін жүріп, ерекше тірлік еткен балалардың ұйқыдан тұрғысы жоқ. Әсіресе, бірінші сыныпқа баратын Таңырыс: ұйқым қанғасын тұрайыншы, деп қыңқылдайды.

-Қане, бәрің де тұрындар, бол тез,- деген жиен қыздың әмірі ақыры оларды жауынгердей тез тұрғызды.

Әп-әсем боп киінген төрт ұл мен қыз қолдарына бір-бір гүл ұстап, бірін-бірі қолынан ұстап мектепке тартты. Мектеп үйден алыс емес. Арада көп өтпей-ақ гүлін қолына ұстап Таңырыс үйге қайтып келді.

-Е, не болды, Таңырысжан,- деді Бабық атасы мен Айсұлу әжесі.

-Қойшы оқымаймын, барғым келмейді,- деген Таңырыс шешіне бастады.

-Ең болмағанда гүліңді бермедің бе, апайыңа,- деді Бабық атасы.

-Кімге берем, бәрі кетіп қалды,- деп томсырайды Таңырыс.

-Сендерді мектепке алып кеткен аналарың не бітірді?

-Ол жұмысқа кетті. Бір қыз маған қарап күле береді. Жыным келіп кетіп қалдым,- деді Таңырыс төңіректі таң-тамаша қылып.

Бір мезгілде Бабықтың жиен қызы телефон шалып: - Үйге Таңырыс барды ма,- деп сұрады.

-Иә, үйде, келді,- деді Бабық.

-Онда тез мектепке жіберіңдер,- деді жиен қыз Бабық нағашысына.

-Жақсы, онда да барса..,- деген Бабық телефон тұтқасын орнына қойды да Таңырысқа қарады. Бірақ Таңырыс тапжылар емес. Әрең деп Бабық пен Айсұлу Таңырысты киіндіріп, қолына гүлін ұстатып, мектепке жіберді.

Түс ауа Таңырыс мамасымен екеуі үйге бірге келді.

-Қадамың құтты болсын,- деді Бабық пен Айсұлу немерелеріне.- Ал сен қайда жүрсің, жиен қыз-ау, қызың іле үйге келді,- деді нағашы апасы Айсұлу.

-Біздің бәрімізді үйге кіргізіп қойды,- деді жиен қыздары.- Ал жиын тарағасын бар бала сынып бөлмелеріне тұра жүгіргенде қайда барарын білмеген Таңырыс шығып алып үйге тартқан ғой. Жиын іште өтті. Тұрған жеріміз ысып кетті. Бірінші сыныпқа келген бір бала:

Ҷонаш Ҷалдыоразули



- Мама, сиіп барамын деп айқай салды. Өзі қақ ортада тұр. Оған жету, алып шығу мүмкін емес. Содан олай іздедім, бұлай іздедім, Таңырыс жоқ. Балаларды жан-жаққа жүгірттім, таппадым. Сыныбына бардық, жоқ. Содан табылуы белгілі ғой. Гимназия сыныбына апардым. Мұғалім жанұяңда қанша адам бар, жаз, деді. Таңырыс: Папам, мамам, екі ағам, апам бар. Сосын мама: Ата мен әжені жазайын ба, дейді. Мен жоқ, дедім. Әкең кім, болып істейді, деді мұғалім.- Әкем бе? Бастық. Таңертең кетеді, кешке келеді, деді Таңырыс. Ал, мамаң ше, деді мұғалім.- Білмеймін. О да бастық шығар. Бірақ үйге түсте келеді. Жұмыстан қашып кетеді, деп қарап тұр Таңырыс. - Ал "Три медведя" деген не? - деді мұғалім. - Не, соны да білмейсің бе, үш аю да, - деді томсырайған Таңырыс.

Жиеншарының бір күнгі хикаясына мәз болған сонда Бабық атасы. Кештетіп диспансерге оралды. Ал бүгін 6- қыркүйек. Бөлімшеде ертемен қапылыс басталды. Бабықтың Меңдеш жерлесі операцияға түспек. Тоқ ішегінде жара бар. Ол Бабықтан да бұрын жатыр. Құлсары қаласында бір мекеменің жүргізушісі. Сұңғақ бойлы келген, қапсағай денелі, аш маралдау жігіт. Үнемі күледі де жүреді. Кеше кешкілік оны бүгін болар операцияға жан-жақты әзірледі. Енді, міне, оны сағат 9.30- да каталқаға жатқызды да операция залына қарай мейірбикелер алып бара жатты.

- Сәттілік саған, тілеймін, жан інім,- деп Бабық оның қолын қысты.

- Жақсы, аға.- Ол жымия күліп оң қолын көтерді. Уақыт жылжып, алға оза берді. Меңдешке жасалған операция түсқайта 4 сағат 30 минутте аяқталғанын естіді жұрт.

- Операция сәтті аяқталды, сүйінші, сүйінші!- деп Бабық сыртқа тұра жүгірді. Тағатсыздана күтіп тұрған Меңдештің тумаларын қуантты.

- Рахмет, Бабық аға. Сүйіншінді берерміз, қашанда әзір, - деп жүздеріне нұр жігірген оның тумалары бірін-бірі құшақтап, қуанысып жатты. Талай күн зарыға күткен сәт, сәтті кеп, жанды қинаған, жүректі басқан қиындық пен қасірет ілезде ғайып болды. Күндей жарқырап, шыға келген көңілдер Жайықтай тасып, шалқи жөнелді.

...Меңдеш жан сақтау палатасына салынды. Оған қатынауға ертесіне ғана мүмкіндік туды. Бабық дәрігерлердің рұқсатымен палатаға кіріп шықты.

- Қалайсың, інім?- Бабық Меңдештің маңдайынан сүйіп, қолын қысты.

- Рахмет, аға, жақсымын,- деген Меңдеш Бабық ағасына сүйсіне қарап, риза кейіп танытты.

Ол жан сақтау палатасында бірдей бес күн жатты.

- Реті, ауырлау шыққан-ау, дейді сырқаттар өзара әңгіме орайында.- Әйтпесе, өзгелер бір-екі күннен қалмай жалпы палатаға шығып жатады



Өмір иірімдері

ғой..

- Қайдан оңай болсын. Қиын жер емес пе? Аман шыққаны шүкіршілік емес пе?

- Меңдеш миллион теңгенің пайдасын көрді. Бас дәрігер Бекшембай Құсановтың шеберлігі мен тәжірибелілігі, біліктілігі мен білімдарлығы арқасында тоқ ішектің кесілген жерлері пластинкалармен шебер жалғастырылды, - деді дәрігерлер әңгіме өресінде. - Тоқ ішек сыртқа шығарылған жоқ, іштен бітіп, жазылатын күйде. Бұл екінің бірінің басында бола бермейтін бақыт, кезкелгеннің қолына қонбайтын қуаныш.

Диспансердегі емделіп жатқандардың бәрі бұл әңгімеге қатты қуанды. Кейбір сырқатты жандардың еңсесі көтеріліп, жүздеріне нұр ойнады. Ал жақын-жуығы мен балаларының қуанғанын көрсең ғой. Әсіресе, талай апталар бойы ұйқы жоқ, күлкі жоқ, қабағы қатып, назары түсіп, жүзі солып, ас ішуге де зауқы жоқ жүрген әйелінің қуанғанын айтсаңшы. Еріне елжірей қарап, оның әр қимылын, қылығын әңгімелеп, әзілдеп, тамақ ішкізіп, жас баладай күтіп-баптап, дәретке отырғызуының өзін сондай ептілікпен атқарып, екеуара шүйіркелесіп әңгімелесудің өзі әйел жанына әдемі бақыт, қызықты қуаныш, мол күш-қуат, береке-байлық екен ғой. Құдай көпсінбесін, кім-кімде де туған-туыс, бауыр мен бала да аз емес. Бірақ соның бәрі ер азаматтың жаны ашитын әйелінен өзге жан болмайды екен, деп анық ойлауға болады. Бұны мынау Меңдештің де, Бабықтың да күнделікті тірлігінен айқын аңғарылады. Бабық та келіншегі Айсұлуға дән риза. Күндегісін күні бойы Бабықтың қасында отырғаны. Әңгімелеседі, тамақты бірге ішіседі. Ананы іш, мынаны былай іш, деп кеңес береді. Бұның өзі бір мерей.

Әйел- жақсы болса бақытың мен ырысың. Әйелінді аялай біл дұрысы, оның ашық қабағы, нұрлы келсе жүзі де, тез тарайды сенің дағы құрысың.

Әйел- сенің қуанышың, мерейің, жақсы әйелге мен құдайдай сенейін. Азаматтың атын көкке өрлетер, асыл жандар әйел біздің- не дейін.

Әйел деген шамшырағың, жарығың, әйел барда сен жүрмейсің тарығып. Бөбегімен бірге сені өбектер, тоқ болады әрдайымда қарының.

Әйел- ердің бағы болса, құты болар еліңнің, әйел- мәңгі нұр шуағы жерімнің. Әдемі де әсем келген әйелмен, біз еркектер биік әрі керіммін.

Иә, осылай ой кешіп жатқан Бабық бірден ұйқыға еніп бара жатты...

* * *

-Осы, Бабық деген біреуге келушілер бір таусылмай-ақ қойды, - деп есік алдында тұратын санитарка да ренжи бастады. - Қазір палаталарды дәрігерлер аралап, сырқаттарды қарай бастайды, кіргізе алмаймын. Сендер үшін жұмыстан шығып кететін жайым жоқ.

Қонаш Қалдыоразұлы



- Сізге сыртта кісі келіп, шақырып жатыр,- деді біреу Бабыққа кеп. Бабық далаға беттеп, дәлізге шыға бергені сол еді, ауылдасы, жан досы Жәмитпен ұшырасып, құшақтаса кетті. Көңілі неткен бос еді. Жанарына жас келіп қалғанын Бабықтың өзі де байқамай қалды. Досын көргенде шыдай алмаса керек. Жаны езіліп, жүрегі елжіреп, кеміріліп кетіп бара жатқандай сезінді Бабыққа...

- Бір минутке,- деп әрең кірдім-ай. Тәртібі неткен қатты еді. Тәртіптің қатты болғаны жақсы ғой, үнемі осылай болса... Сыртта қос келіншек тұр. Далаға шыққанымыз жөн шығар.

- Дұрыс болар.

Екеуі төмен түсті. Ал далада ағаш көлеңкесінде тұрған қос келіншек Маржан мен Қалжан Бабықты екі жағынан құшақтап бетінен сүйіп жатыр. Жаны жақын, ниеті бір достардың орны бөлек екен. Бабық бауыры езіліп, жүйкесі босап бара жатқандай сезілді ме, қалай? Үні дірілдеп, сөйлей алар емес!?

- Еш қорықпағын, Бакесі,- деп демеп қойды Жәмит.

- Құдай сәтін салсын,- десті қос келіншек,- біздер тілекші ғой.

Ауылда танитындардың бәрі сәлем айтып жатыр. Жасырары жоқ, елдің тілегі Сіздің үстіңізде. Қадіріңіз артық екен көп- жұртқа...

- Оны білмейді екенсіздер ғой, біз "дефицит" адамбыз ғой,- деп жымыды Бабық.- Ауырғасын бірқатары өтірік мүсіркеп жатқан шығар.

- Өтіріктің беті әрмен, көптеген адал достар, жақсы жолдастар кәдімгі,- деді сасып қалған қос келіншек.

- Е, онда сәләмат болсын,- деді жай ғана Бабық.- Бәріңе, бәріне рахмет, сәлем айтындар ауылдағыларға. Келгендеріңе шын көңілден ризамын, жандарыңа жақсылықтың нұры жаусын. Балалардың тойын жақсы өткізіңдер Жәке, Жәке... Мені тойдың ішінде деп есептеңдер. Дәрігерлер жағалап жүрген, мен ішке барайын.

Бабықтың алқымын әлде не қысып бара жатқандай. Енді сөйлей алар емес. Қос келіншек Бабықтың жағдайын сезді ме, тағы да бетінен шөпідетіп бір-бір сүйіп, әрі айналып кетті.

- Бәкеңді жолға салып жіберейін, сәттілік тілелік,- деп Жәмит ере жүрді.- Дәрі аларсыз.

- Рахмет, Жәкесі.- Екеуі тағы да құшақтасып, қимай-қимай қоштасты. Тағы да жанарда мөлтілдеген жас, босаңси бастаған көңіл Бабықты артына қаратпай, тістене басып, жоғары көтерілуге мәжбүр етті. Артына қараса көңіл шіркін одан әрі елжіреп, жүрек езіліп кететін сыңайлы. Әйтеуір Бабық палатаға да жетті-ау. Су ішіп көңілін басты. Жәмит едәуір мөлшерде қаржы беріп кетіпті. Міне, жігіт, адами қылық, азаматтық қимыл. Бұ да



Өмір иірімдері

болса қаржысы аз, қалтасы жұқа Бабық сынды кісіге елеулі көмек. Аудандағы белгілі бір мекеменің бастығы. Ұлағатты ұстаз. Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген мұғалім атағы бар. Ал жуырда ұлының үлкені үйленбек. О баста сол баланың құда түсуіне Бабықта барған. Амал не енді сол баланың тойына қатыса алмайтындығына Бабықтың көңілі босап, өкініш өзегін өртеді. Палатаға келген Бабық біраз демалған соң қаламын қолына алды. Ойында өлең жолдары өріле берді. Өлеңін "Жан досым Жәмитке" деп атады.

Достық сезім көрінеді қиында,
Адал досқа тәңірімдей сиынғам.
Достық пейіл елжіретіп жүректі,
Сен ауырсаң іздеп келер қиырдан.

Аурухана төсегінде таңылып,
Жатушы едім бәріңді де сағынып.
Келдің досым, хал-жайымды білуте,
Тартқан кезде көңіл дәйім жабығып.

Келдің досым, келдің алыс ауылдан,
Сенен көрдім көрмегенді бауырдан.
Асыл сезім жүрегінді әдилеп,
Менің үшін жаның қалмай ауырған

Сен жігітсің артық туған, ғажапсың,
Алысқа шап, арғымақты жарат шын.
Кемел ойлы, кең жүректі, пәк жанды,
Сендей болар нағыз жомарт қазақ шын.

Нар тұлғаға ер мінезің жарасқан,
Қара тасты тіке қияр алдаспан.
Сақилардың сері сезім дәстүрі,
Сеніменен келешекке жалғасқан.

Ұлағатты, үлгі тұтар өмірің,
Бұл тірлікте ортаймасын көңілің.
Кісіліктің көк жалауын көтеріп,
Жүзіңнен нұр тұрсындағы төгіліп.

Жонаш Қалдыоразұлы

Сен демедің көңілімді жабықтау,
Достарды ойлап кейде көңіл зарықты-ау.
Пейіліңнен айналайын жан досым,
Сен бар жерде керек маған тарықпау.

Сәлем айтқын елде барлық жақсыға,
Кезімде жоқ өзің барда апшыған.
Аман болғын, асыл досым ардақты,
Аман шықсам... Ауруымнан жан шыдап.

Ауылды, ауылдастарын ойлаған Бабық бәрін көңіл таразысынан өткізіп жатты. Азаматтардың адамдығы мен адалдығы, жұмыстастардың пейілі мен бірлігі осындайда айқын аңғарылып, білінеді екен. Кім сені қалай сыйлайды, қадір тұтады? Нағыз білінетін кезі осындайда болса керек. Өткенде Бабық өзі еңбек ететін мекеменің бас есепшісі баласы іспетті Әділет екі мәрте келіп Бабықтың жағдайын біліп, керектерін әкеліп берді. Міне, азамат деп сүйсінген Бабық жаны марқайып, көңілі көтеріліп қалды. Ал бүгін келген Жәмит досы Бабыққа сәлем айтқан, қатар жүрген жақын достар боп келетін қыз-жігіттердің ыстық сәлемін атап-атап жеткізді. Әрине, бұның бәрі жаны дертті, көңілі пәс сырқатты жандарға үлкен демеу. Бабық асыл сезімнен туатын адамдардың адал пейілінен, ниетінен айналып біраз отырды. Ойына оңсыз жайларды да оралтты. Жасырары жоқ, кейбір азаматтар азаматтарды ақ адал сезіммен, шынайы пейілмен, ізгілікпен іздемейді. Ондайлар аурулы адамның қадір-қасиетін жете ұқпайды, ұқса да немқұрайды қарайды. Сайып келгенде бұл аса жаман қасиет. Бабық бәрін іштей саралап, көңіл таразысынан өткізе берді. Әйтпесе, әр ауылда Бабықпен араласа білген, әлі күнге байланыстары берік жолдастары жоқ емес. Бірақ Бабықтың ауруханада жатқанына бір айдан асса да, хабар салмағаны жетерлік. Алайда Бабық не істесін? Іштей есептеп, шотқа соғып, біразын есептен шығаруға ниеттеніп жатқаны болмаса...?

* * *

Келесі күні де бас дәрігер Бекшембай Құсанов бастаған бір топ дәрігерлер мен мейірбикелер әр палатада жатқан сырқаттарды жағалап, мұқият қарап шықпақ боп іске кірісті. Түске тақау Бабық жатқан №6 палатаға кірді. Әуелі Бекшембайдың өзі, сосын орынбасары Серғазы Бабықты қарауға кірісті. Кеудесін, жүрегін тыңдады, қан қысымын өлшеді. Бәрі де бір қалыпты... Бірақ....

-Тамографияға түсірткіз,- деді бас дәрігер бөлімше меңгерушісі



Өмір иірімдері

Дауылжан Сәтжановке тиянақты тапсырып.- Ал сіз Серғазы Бәкенді үшінші қабатқа дейін жүгіртіп шығарып, жүрек тынысын, пульсын тексергін...

-Жарайды, айтқаныңыз орындалады,- деген қос дәрігер қабаттаса және қосарлана жауап берді.

-Сізге операция жасау оңай шаруа емес,- деді бас дәрігер әңгімесін жалғастырып.- Ал жасамасқа мүлдем болмайды. Жасағанда өзіңізді жүрек жағыңызға жатқызамыз. Сонда жұдырықтай жүрегіңіз бен екінші өкпеңіз ауырлыққа шыдай ма? Операция ұзақ та болуы мүмкін. Сонда алдымен соған көз жеткізуіміз керек. Міне, әңгіме қайда жатыр, әріптестер. Осы жағдайға сырқат жан да, біз де бейіл болуға тиіспіз. Егер ауру адам сол жағымен ұзақ жатып, операцияны көтерсе ажалмен арпалыса білетін адал адам болғаны.

...Бас дәрігер Бекшембай Құсанов сұңғақ бойлы, толықша келген сымбатты да сындарлы, сары өңді жігіт. Үстіндегі ақ желеңі мен басындағы ақ чепшигі өзіне құйып қойғандай жарасып-ақ тұр. Өз әңгімесіне қарағанда ұлы күйші Құрманғазы атындағы ауданның кішкентай ғана ауылында туып,, өскен. Жанұядағы төрт ұл, төрт қыздың да үлкені де осы Бекшембай көрінеді. 1969 жылы аудан орталығы Ганюшкинода орта мектеп бітіріп, кәмелеттік аттестатқа ие болған ол алысқа аттанбай-ақ Гурьевтегі ауыл шаруашылығы техникуміне түскен. Оқып жүріп Отан алдындағы міндетін өтеуге- әскери қызметке алынған. Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскери құрамасында 1971-1973 жылдары қызмет атқарған. 1974 жылы техникумді тәмамдаған Бекшембай 1980 жылға дейін Ганюшкинде жүргізуші, механизатор механик боп істеп, ауылшаруашылығы саласында тәлімді тәжірибе жинақтап үлгерген. Іскер жетекші, жігерлі жұмысшы атанып, абырой арқалаған.

Бірде Бабықтың Бекшембаймен кең отырып әңімелескені бар. Бұл сұраушы да, ол айтушы.

-Ауылшаруышылығына төселген маман бола тұра дәрігерлікті таңдауыңыз неліктен?- деді Бабық білуге құштарлығы жеңіп.

- Кім-кімге де ана қымбат. Менің ардақты анам аурушандыққа ұшырап, мазасы кетіп жүрді. Қан қысымы кенеттен көтеріліп кетеді де, келеге келуі қиынға соғады. Астраханьға он бес рет апардым-ау деймін. Дауасы түспеді. Анам да шаршады, мен де шаршадым. Ауру анамның ауыр халі ақыры мені дәрігер болуға жеткізді,- деп жалғады әңгімесін Бекшембай.- Сөйтіп, 1980 жылы Алматы мемлекеттік дәрігерлік институтына түсіп, оқып бір кеттім. Арадағы алты жыл алты ай да болған жоқ. Зымырап өте шыққан уақытты айтсайшы. 1986 жылы институтты

Қонаш Қалдыоразұлы

қызыл дипломмен үздік бітірдім. Алты жыл бойы үзбестен институттағы 3000 адамның арасында бір ғана студентке берілетін Лениндік стипендиат атандым. Бұл еңбек пе, еңбек. Білімге деген құлшыныс па, құлшыныс....

Иә, оқу орнын үздік бітірген Бекшембайдың алдында арналы жолдар, алыс сапарлар жатты. Ауылға да бару керек, ата-ана қасында да болу керек. Бірақ институт ректораты жібергісі жоқ. Жоғары білікті маман белгілі институт студенттеріне керек. Ауылға хабарласқан Бекшембай ата-анасынан қарсылық жоқ екенін естіп қуанды.

-Қазір шүкірмін, құлыным, қайда жұмсаса да бара бер,- деді анасы. Анасының ақ пейіліне, шын ниетіне риза болған Бекшембай белін бекем буып, болашақ білім өріне батыл аттады. Дәрігерлік оқу орнын үздік бітірген Бекшембай еш кідіріссіз институтқа мұғалім етіп қалдырылды. 1986-1988 жылдары кафедрада жұмыс жасап, клиникалық ординатурасын тәмамдады. Ал 2001 жылы онкология бойынша С.Ж.Асфендияров атындағы ұлттық дәрігерлік университетінің онкологиялық кафедрасында үздіксіз еңбек етіп, біраз тәжірибе жинақтай білген. Әуелі мұғалім, кейін доцент болған-ды. Студенттерге сабақ бере жүріп, ауруханада да жұмыс істеп, еңбек еткен Бекшембай 25 ғылыми бағыттағы еңбек жазған. Атырау облыстық денсаулық сақтау департаментінің шақыруымен 2001 жылдың маусым айында осында келген білікті де білімді дәрігер Бекшембай Құсанов осы кезеңге дейін 100-дің үстінде операция жасауға қол жеткізген.

- Сіз ата-анамды емдеймін деп дәрігер болдыңыз, еңбегіңіз қайтты ма?- деді Бабық Бекшембайды әңгімеге тарта түсіп.

- Қолымнан келгенше емдедім, қолқабыс еттім. Бірақ жастары егде тартқан ата-анамның қарттықтары болмаса бөтен міні жоқ,- деді Бекшембай риза көңілмен.- Әкем дүние салды, ал анам баяғы ауырған күйінде күн кешіп келеді.

- Сіз оқу орнын үздік бітірген, тәжірибеңіз мол, білім мен білігіңіз де жетерлік, жоғары категориялы дәрігерсіз. Ал кандидаттықты қашан қорғадыңыз? Қандай тақырыпта..?- Бабық дәрігерге тағы да сауал тастады.

- 1996 жылы өкпе рагі және одан емделу жолдары жөнінде кандидаттық диссертация қорғап, медицина ғылымының кандидаты атағын алдым. 1997 жылдан бастап доцент болдым,- деді Бекшембай.- Келіншегім де дәрігер, бірге оқыдық.

- Жақсы екен. Бір үйде қос дәрігер. Үйдегілердің ауыруға мұршасы жоқ шығар,- деп жымыды Бабық...

... Түс ауған кез. Бабықтың палатасына келіншегі Айсұлу келді. Бабық



Өмір иірімдері

дәрігермен арада болған әңгімені айтып берді.

- Жасатамыз ғой операцияны,- деп Бабық келіншегіне сауал қоя қарады.- Сен қалай қарайсың?

- Жасатасың ғой, отағасы,- деді Айсұлу.- Ауылға, балаларға хабар беру керек шығар.

- Әрине, жасатамыз ғой. Бәз біреумен ұрысып, бәз біреумен керісіп, сол үшін келіп жатқан жоқпыз ба, - деді Бабық.- Бірақ балаларға операцияның нақты күні белгіленбей хабарламаған дұрыс шығар, кідіре тұрғын, жаным, асықпағын.

Дауылжан дәрігер қолхат жазуды қажет етіп отыр,- деді Айсұлу.

- Қолхат жазу қиын ба, жазамыз да қоямыз. Оны және сенің атыңнан жаза жақпыз, - деді Бабық келіншегіне. Сонымен Бабықтың келіншегі бас дәрігер атына қолхат жазуға дереу кірісті.

Атырау облыстық онкологиялық диспансердің бас дәрігері, жоғары категориялы дәрігер, медицина ғылымының кандидаты

Құсанов Бекшембайға

Мен азаматша, Құлсары қаласының тұрғыны Достанова Айсұлудан

Қолхат

Мен осы қолхатты жаза отырып, емделуші-сырқат Балабеков Бабыққа операция жасауға толық келісімді беремін. Операция кезінде, не кейін қандай ма қиын жағдай кездесе де жан күйзелісін білдірмеспін деймін. Дәрігерлерді еш кінәламайтындығымды қатерге беремін. Не бір қиын жағдайға, жайға тап болсам да тағдырдың ісі деп, тәубә деймін. Еш жерге арыздануға бармайтынымды айтып, кәміл сендіргім келеді.

Сол үшін қолымды қойып, жазған қолхатымның сенімді екенін білдіремін. Айсұлу Достанова. 10 қыркүйек, 2002 жыл

...Кешке салым Айсұлу үйге кетті. Бабық қолхатты Дауылжанға табыс етті. Бірақ өзі іштей ойға беріліп, ұзақ уақыт үнсіз, ой құшағында отырды. Япыр-ай, дейді Бабық өзіне-өзі іштей, осы қолхатты алу үшін де әнеугіден бері операцияны созып келе жатқаны ма? Мынау тірлік дүниесі, өмір өрімі не болып барады? Әр қадамың, әр ісің есеппен атқарылып, әр сөзің есеппен айтылады. Пайдасы болмаса, зиянды жағына жан баласы баспайды. Замана келбеті өзгерді ме, әлде адам пиғылы өзгерді ме? Қайткенде де дүние өзгерісі бар екені анық, айқын аңғарылады. Кешегі түймедей түйін бүгінде түйедей күрмеуге айналды. Күрмеуді шешу оңай болса да қиын. Оны шешуге үлкен күш, адами адал харекет керек. Бірақ адалдық пен адамдық кезкелген адамның көңіліне қонақтамаған. Бүгінгі

Қонаш Қалдыоразұлы

тірлік иесі- адамдар hareketінен осы көрінетін істі ұғатыны анық. Содан ба екен, бүгін шешімі табылған түйіннің де бір қиындығы әзір тұрады. Түптеп келгенде түбір астындағы белгісіз белгілері көп. Оны табу үшін бірдеңе қажет. Ал не қажет? Оны түйіннің белгісіз белгісін шешетін кісі табу мен шештіретін кісі ғана біледі. Бірақ екеуі де сақ, бейтаныс көзінен аулақ. Бәрінің түйіні ақша екен.

* * *

Күн еңкейе Бабық далаға шықса, ағаш көлеңкесіндегі орындықта Ғалымжан мен Аяубек отыр екен. Бұл жайлап қастарына барды.

- Қалай батыр, айқасқа әзірсің бе?- деді екеуі бірдей қосарлана.

- Шабар жау болса, қалқан мен қылышымыз әзір,- деп жымыды Бабық.- Майдан алаңында жалғыз әскер жасақ емес, деген бар, бірақ қаһарлы жауға, өзекті жанға бір өлім, қарсы тұрамыз. Айғырлардай айқасамыз...

- Айғырдың қасиетін білесің бе,- деді Ғалымжан Бабықтың көңілін алаңдатып.- Даладан келген биеге құлынын түсіртіп барып шабады.

- Айғырдың, жаңа туған құлынды қызғанып шайнап тастайтынын білесің бе,- деді Аяубек.

- Айғыр жоғалған үйірді айырып, айдап шығуға епті де жақсы,- деді Ғалымжан.

- Арам биелер болады. Нәпсісі қанбаса бұқпантайлап, жер бауырлап барып, басқаға білдірмей келіп екінші айғырға шаптырады, соны білесің бе,- деді Аяубек.- Оны көрген үйірдегі өз айғыры ол биені өлсе де үйіріне қайта жолатпайды. Ал әлгі шапқан айғыр да ол биеге екінші зауқы соқпайды. Сөйтіп, екеуінен де айырылған бие шетқақпай болып саяқ жайылады. "Саяқ" жылқы сондайдан қалған екен-ау.

- Заңдары мен тәртібі қатал екен-ау, ақылды екен-ау жануар болса да,- деп Бабық нұрлы жанарын күн батысқа қадап, Жайық бетіндегі мың сан жалтылдаған жұлдыздарға көз жіберді.

- Сонау Сауран айналып қабырғалы қалың Адай Жем бойына қоныстанып, алды Маңғыстауды жерленіпті. Сонда оларды қияндағы жерге жеткізгенде белді, қуатты, ақылды айғырлар екен,- деп жалғады әңгімені Аяубек.- Өзге ел келе қоймаған кез болса керек, өңшең Адай өзді-өзі құда бола бастапты. Сонда Көшке деген атамыз бар екен, былай депті: Маңқыстау деген жерім болды, өз қызым өзіме келін боды. Сонда Адайың да жылқы мінезді, адалдықты, тазалықты ұнатады екен-ау.

Бабық палатаға келіп төсекке қисайғанмен ұйықтай алмады. Маса дегенде мазасын алып болды. Сосын көзін жұмған Бабық терең ойға беріліп, ойына ой қосыла берді. Бабық әдемі сөздерді, мақал-мәтелді жақсы көретін. Өзі де мақал-мәтел құрастыруға құмар келетін.



Өмір иірімдері

Әдемі көңіл болмай,
Әдемі өмір болмайды.

Әншінің бақыты әнінде,
Сұлудың бақыты сәнінде.
Ойды ой жалғайды. Ойлы адам қор болмайды.

Қанша қуатты болсаң да,
Жетіліп ойың- толсаң да.
Тірлігің жетсе бәрін ұқ,
Жетеді бір күн кәрілік.
Өтесің сенде өмірден,
Төгіліп арман көңілден.

Осы жайларды ойлағанда, Бабықтың көңіліне мына бір өлең жолдары
өзінен-өзі оралып, төгіліп жатты.

Ей, азамат, асыл жан,
Өтті ғой сан жай басыңнан.
Жастығың жалын басылған,
Арулар келіп асылған,
Олар да кетті қасыңнан.
Үзгендей әнін ғашық жан,
Жүргенмен кеше тасып жан.
Жүргенмен кеше тасып жан.
Жүруші ек аумай жасыннан
Бәрі де бүгін басылған.
Басылған бірақ жасымаң,
Ойлағын алғы күніңді.
Кезінде білмей ашынған,
Солдырдың талай гүліңді.
Жақсылар кетіп бас ұрған,
Биледі қайғы түніңді.
Күнәң да аз ба шашыңнан,
Шығартпай жүрген үніңді.
Азапқа түстің, жасырман,
Батырып ерте күніңді.
Жастығың солып тасынған,
Тірлігің солай бүлінді.
Ей, азамат, жасы ма,
Кәрілік келер басыңа.
Аяққа тұсау салынар,

Қонаш Қалдыоразұлы

Қатарың кетіп қасыңнан.
Көңілің кейде жабығар,
Басылып жаның тасыған.
Жанарың шыққа малынар.
У татыр кермек ашыған,
Кешегі дәмді сары бал.
Жем түсіп кетсе аяққа,
Айырылар тұлпар жалынан.
Дәуренің кетер басыңнан,
Өткенді жаның сағынар.
Жүргенде кеуде жанып ән,
Семер деп сезім жабығам.
Келер деп өлім қамығам.
Жолдас боп келген жасыңнан,
Демесін қанша ғашық ән,
Бақ күнің өтер басыңнан.
Алыстарсың да бағыңнан,
Құландай жеріп қағыңнан,
Даулы да басың сабылар.
Айтып, айтпай не керек,
Тірліктің бітер таңы бар.

Осылай төсегіне қисайған Бабық көзі әбден жұмылғанша ой құшып жатты...

* * *

Бүгін он бірінші қыркүйек. Сәрсенбінің бұл таңы арайлана атып, көңілдерге нұрын құйып, адам жанын жадырата түсті. Бабықтың ойына өткен жылы 11- қыркүйекте болған Америкадағы ланкестер әрекеті оралды. Қарапайым халықтар жазықсыз қырылып еді-ау. Қаншама үйлер қирап, адамдар зардап шеккені тағы белгілі. Өмірінде ештеңе көрмеген американдықтар аяғын жиып, дүниеге басқаша көзқараспен қарауға мәжбүр болып еді-ау.

Осы бір ойларды көңіл таразынан өткізген Бабық ойына ертеңгі бейсенбіде өзіне жасалатын операция оралды. Өткен аптада да түрлі себептермен жасалмай қалған-ды. Етреңгісі шын болса болар еді деп ойлады.

Кешкілік палатада Бабық жалғыз еді. Көңілін қамалаған ойлар оның сезім-түйсігін сан-саққа жетеледі. Бір ойды бір ой қозғайды, деген шын болса керек. Бүгінгі түнім тірлігімнің ақыры болар ма екен? Әлде ертеңім



Өмір иірімдері

нұрын шашар жарық күндей сезіліп, тірлігімнің жаңа бастауы басталар болар ма? Әй, бірақ бәрін де бір Алла біледі ғой. Сосынғы тағдырым ертеңгі операция жасайтын дәрігерлердің дәртегінде емес пе? Осы жайларды ой елегінен өткізген Бабықтың көңілін мұң басып, біразға дейін көңілсіз күй кешіп отырды.

Жә, ойланар, ой кешер жөні бар. Жақсы болсын, жаман болсын, алпыстан асқан жасы бар, көпті көрген басы бар, дегендей біраз жайды көрді, біраз қиындықты бастан өткерді.. Ал өмірін жақсы өткізді ме, жаман өткізді ме, бір Аллаға ғана аян. Өмірге жылап келген ол тірлігін ата-анасыз өткізсе де өкпелеу дегенді білмеді, ешкімге міндетсімеді. Жоқшылықты да көрді, тапшылыққа да талай тап болды. Соның бәрін төзімділікпен қарсы алып, тәубә деумен келеді.

Тәңірі табыстырған асыл жары Айсұлудың Бабық үшін жөні бөлек. Жадау көңіл, жабау тірлік кешіп жүрген шағында құдай қосқан қосағы Айсұлудың көркемдігі мен көріктілігіне қоса, қолының ұсынақтылығы, шеберлігі, барды келістіруге икемділігі- Бабықтың көңілін табудағы талантын танытты. Ал осы Айсұлумен бас қосып, түтін түтеткелі жетпегені жоқ. Өмір қызығын көрді, тірліктің бал дәмін татты. Расында да Айсұлу оның соқа басын бақытқа жеткізді, қатарға қосты, азамат қылды, шәрлі бір ел етті. Өрісін кеңейтіп, көсегесін көгертті. Ақпейіл, ақкөңіл, ақ жүрек әйел атанған Айсұлу сыңары, асыл жары Бабықтың мерейін өсіріп, мәртебесін биіктетті.

Екеуі екі арналы өзен еді. Тәңірі оларды табыстырды да, бір арнаға тағдырларын тоғыстырды. Тоғысқан тағдыр, табысқан жүрек қырық жылдай қатар соғып, өмірдің ағысымен бірге ағып, күндегісін бірге тыныстап келеді. Үміт-армандары бір бағытқа бейімделеді. Осы жылдарда бір-біріне "ища" деспеген жандар есебінде өзгеге үлгі бола білді. Өмір-өзен секілді. Арналы өзеннен, тірлікке нәр берер асау арнадан- жаңадан бірнеше өзектер бөлініп шықты, тіршілік тараулары боп байтақ өмір кеңістігіне тарады. Олар Бабық пен Айсұлудың ұлағатты ұл-қыздары, көк жүзін жайнатып жарқыраған жұлдыздары, жағаларын жарқылдатқан құндыздары болатын. Олардың да өз арналары жалғасып, өмірлеріне өзек тапты. Олар балаларының ұрпақтары еді. Бабық пен Айсұлудың бар бақыты да, бар байлығы да сол ұрпақтары болатын.

Бабық ойға беріліп ұзақ та үнсіз жатты. Ойына ой келді. Жанұясына бағыштап өсиет-сөз қалдыруды әкелік мақсат, парыз-мұрат деп есептеп қинала отырып қолына қалам алды.

Уай, жанымның жаннаты, жүрегімнің жұбанышы, көңілімнің қуанышы, сезімнің қуаты бола білген ардақтым, асыл жарым Айсұлу, сен

Қонаш Қалдыоразұлы



бақытқа бөленіп, ұлағатты ұрпағыңның қызығын көргейсің. Мен, жаман айтпай жақсы жоқ, олай-бұлай жағдайға ұшырап, жаныңды қайғы мүжір болса, көтере білгін. Әрине, қандай жағдайда да адам жақсы сөз айтуы тиіс. Бірақ жанымды жеген батпан жүкті көтере алам ба, жоқ па, белгісіз. Өзіңді, өмірдің өзекті өртер өкінішті сәтінде жан қарыр жамандығында жеңе біледі деп сенемін. Оның үстіне құдіретті Қосай атамның ұрпағысың, ұстамдысың, барлық іс қолыңнан келеді, деп есептеймін.

Жақыңды жақын тұтар, алысты да жақын тартар, жекжат-жұрағатпен, ағайын-туыспен сыйласа білер, араласа білер қасиетің мол перизат әйелсің. Басыңда сенің ғана бастамаңмен, күшіңмен салынған үйің қасыңда қошаметтеп, құрметке бөлер, анасын аялар, ардақ тұтар ұрпағың бар. Боз ордаңа бозала таңдардың нұрлы сәулелері бақыт боп құйылып, шаттық боп ене берсін. Шаңырақтарыңа шалқыған шаттық орнап, балқыған бақыт күйін кешіңдер. Аллатағалаға дендеріңе саулық, бастарыңа береке-бірлік, ырыс-ынтымақ, баянды бақ-дәулет, таусылмайтын несібе бергей.

Мен бардағыдай ағайын арласып, құдалар құраласып келіп тұрар болсын. Қуанышымызға ортақтасқан, ренішімізді бөліскен, ақыл бөлісіп, жақсы пиғылдарын айтып тұратын жақсы да жайсаң достардан қол үзбегейсің. Дос бола білу адамның өзіне байланысты екенін сен менен гөрі жақсы білесің. Уақытша жылтылдап жүретін жалған достарды алыстау ұстағаның жөн. Әрине, жаңа достар да табылар. Бірақ ескі досты ешқашан естен шығармаған жөн. Ескі достың ерекшелігі - көңілде берік орнаса, ерекше білінеді. Ескі дос сенің өткен өмірің, сезім әлдилеген көңілің... Соны ұмытпағын.

Ендігі ерекше айтарым тағдыр екеуімізді әлі де бірге болуға жазса, о, онда әңгіме басқа. Бағымыз тасып, өрлесін. Көңілдер жасып өлмесін. Өзің білесің, балаларымыздың әдет-қылығы өзгеше және әртүрлі. Басқа балаларымызға қарағанда Жауһаржанның орны бір бөлек қой. Ей, ардақты Айсұлуым, оған қараса, қарайласа жүргейсің. Ол ақылды, тоқсарғыш, түйсінгіш, ұққыш. Оның өзі де өмірден өгейлік көріп, тағдырдың тауықметін тарта қоймас. Талай тайталас тартыста жеңіп шығары ақиқат. Бірақ оған жүрек шуағы мен жан жылылығы жетіспейтін сыңайлы. Балам құнарлы көлге қонды ма деп едім, білмеппін. Қонған көлі аққудың көгілдіріндей бауырын жазып еркін жүзуге ерік бермейтін іспетті көрінеді де тұрады. Көлдің белгісіз аңшылары, көл қорушылары көп сияқты. Көлдегі тұрмыс-тіршілік көңіл мен көзге қолайсыз көрінеді де отырады. Баламның беймаза өмір сүруі, қонған көлінен қуаныш пен қызық



Өмір иірімдері

көрудің орнына қуғындау мен түртпектеу көрсе, бақыт орнына бопсалау азабын тартса болашағы не болмақ, мәңгілік жанұя бақытын тауып, отын жаға алар ма? Соны ойлан аяулы асылым, менің Айсұлуым.

Мен бүгінде екі оттың ортасында жатып, қызыма көрсетілген қоқан лоқы жанымды жегідей жеп, жүйкемді жұқартып, жүрегімді мазалап, ажалмен арпалыс сәтінде менің қақ жүрегімнен атылған оқтай сезіледі. Соған налып, соған қабырғам қайысады. Мен көрде тыныш жатсын десеңдер қызымның бақытты боп, қуанышты өмір сүргенін қалаймын.

Жан перзенттерім! Мен жетпеген биікке сендер жетсеңдер қандайлық қуанып, сілкінер едім. Жақсылық пен адамдық биігінен көрініп, аналарыңды бақытқа бөлеп, қам көңілдер қуанатын болсын. Жақсы істеріңмен ғана жан-жаққа атақтарың мәлім боп, абырой арқалаңдар, айналайындарым. Бір ғана тілегім және ақыреттік сапар алдындағы ақырғы тілегім- сендер және келіндер, жалғыз жанашырларың мен тілекшілерің Жауһаржанды сыйлай біліңдер, қадірлендер, ардақтаңдар, бетіне жел болып келмегейсіңдер. Бірінді-бірің сыйлап, кішің үлкеніңді тыңдап, бірлік жағдайда ғұмыр кешсеңдер жөн болар еді. Бірлік бар жерде тірлік бар, деген. Тату болсаң төбедегі түседі, ала болсаң ауыздағы кетеді, дейді ғұламалар. Сендердің бірігіп күн көргендеріңді көре алмаушыларда табылар, әманда ондай ондайлардан аулақ жүріп, сақ болыңдар...

Жан перзенттерім! Жаза түсуге жағдайым келетін емес. Операция алды емдерді алғанмын, әлсіреңкіреп қалдым. Демалуды жөн көріп отырмын. Осы жолдардың өзін қинала-қинала әрең жазғандаймын. Қайран, жазу десе кідірмейтін қолым, зымырап жаза беретін қаламым-ай. Сені де ауырсынғаным ба. Қасиетті қолға да күш түсіп, әлі кете бастағаны ма?

Тынысым да, ырысым да- немерелерім! Сендердің жарқын жүздерің, былдыр тілдерің жанымға қуаныш сезімін құйып, жанымды жадыратқаны, жүзімді жарқыратқаны белгілі. Жақсы жігіт, үлгілі азамат боп өсетіндеріңе бек сенімдемін. Өздеріңді тірлікке әкеліп, өмір берген әке-шешелеріңнің бақыты мен жақұтына айналыңдар. Сендер көп болсаңдар, жайсаң жігіттікке, абзал азаматтыққа жетсеңдер- менің бар арман-тілегімнің орындалғаны. Біріңнен-бірің өткен бүлдіршіндерім, бәріңнің кескін-келбеттерің, жарқын жүздерің көз алдымда тұр мөлдіреп.

Ардақты ағайын, туған-туыс (егер ол менде болса), көңілім қимас дос-жаран! Бәріңе де амандық, ынтымақ, бірлік тілеймін. Артық кеткен жерлеріміз болса, орынсыз тілім тиіп, сөккен болсақ кешіргейсіздер, кешіргейсіздер, кешіргейсіздер. Пенде болғасын ауыс-күйіс әңгіме айтылатыны ақиқат. Сіздердің арқаларыңда адам болдық, ел қатарына қосылып, азамат атандық. Әлгіңде, тұсқайта ағайын боп келетін Жалмырза

Қонаш Қалдыоразұлы

келіп, біраз әңгіме-дүкен құрдық. О да қарнына жара түсіп, Алматыға операция жасалмаққа кетіп барады екен. Алматыда емшектес қарындасы бар, дәрігер боп істейді. Жалмырза соған арқа сүйеп барады. Қамқор болар қарындасың болған қандай жақсы. Оның үстіне дәрігер болса, құдайдың бергені ғой.

-Ауылдың бетке ұстар азаматы едің. Қатар едік, құрбы-құрдас едік. Аманшылықпен қауышайық,- деп көңілі босап, көзіне жас алды. Ұзақ-ұзақ құшақтап, арқамнан қақты.

-Айтқаның келсін, Жалмырза. Қамқорлар қарындасың бар, жаси берме, құдай есендікпен елде кездестірсін,- дедім менде көңілім қобалжып.- Әр жердегі бір шыбық едік, көктемей жатып солмайық. Амандығымызды ел тілеп жатқанда, сауығып қайтсақ қандай жақсы көрінер еді, жақсы күндерде жолыққанша... Алыс жолға көңіл бұзылмай аттанғын... жолың болсын.

Ол қимай-қимай қоштасты. Бұл қимастықтың белгісі еді. Бұл басына түскен қиындықтың не бір құқайын көріп, азапты тірлікпен арпалысып келе жатқан пенденің шын көңілінен төгілген тілектің бір парасы ғана еді...

Жан перзенттерім! Дәрігерлердің айтуы бойынша операция қиын да ауыр болатын түрі бар. Ажалмен арпалысуға шамам келе ме, жоқ па, білмеймін. Егер әлдеқалай жайсыз жағдайға ұшырап, бақиға аттанар болсам- барар жерім Жайлаутөбе деп білгейсіңдер. Ол анау газпромнан әрідегі жалғыз шошақ бейіті бар қауым. Жайлаубай-Жетімек ауылының жақсы бір ақсақалы дейді. Менің анам Бұлдырық сол жерде тыныстап жатыр. Үстінде моласы болмаса да басында мрамордан жасалып қойылған белгісі бар. Сол жан анамның жанында қоныс теуіп, жеті қабат жер қойнына еніп қасиетті мекенде тыныстаймын. Аста-төк шығын шығара көрмеңдер. Жұрттан қалмаймыз деген ниет болмасын. Бәріде қарапайым болсын. Садақамда той үстеліне қойылар тағамды қоя көрмеңдер. Тілегім де, тілерім де сол.

Аспанмен астасқан кесене саламын деп әуреленбеңдер. Төрт құлақты бейіт салсаңдар, жарап жатыр. Әрине, аналарың екеумізге лайықпен қана дегендей. Әрине, Бақашы қауымына, аналар мен ағалар, інілер қасына баруға да болар еді, бірақ оларда бірғауым ел ғой деп есептедім. Алпыс жылдан бері азынаған жел өтінде ашық далада жатқан жан анамның жанынан орын теуіп пана болсам деп едім. Тірі де тимеген пайдам өлгенде тиеме деген ой ғой мен байғұстікі. Осыны есте тұтыңдар, ұлағатты ұрпақтарым.

Ей, аллатағала! Туысым болған Тәңірім! Жасаған, ием, жаратқан!

Өмір иірімдері

Құдіреті күшті құдай! Уа, Мұхамбет пайғамбар расулла ғалейссалам! Уа, әлемдегі барлық әулие-әнбиелер! Әулие бабам Ер Қосай, әулие бабам Пір Бекет! Асылзада ата-бабаларым, өз әкем, аяулы да ардақты анам! Мынау қысқа ғұмырымда біреуге артық сөз айтсам, тілім тисе, белгілі, белгісіз күнәларым болса кешіре көріңдер, кешіре көріңдер, кешіре көріңдер. Бергендеріңе мың да бір тәубә, тәубә, тәубә. Барлық ниет-тілегімді қабыл ете көріңдер. Үйдегі-түздегі бала -шағамды, мал-жанымды аман ете көріңдер! Пәле-жәледен, қауіп-қатерден, көлденең кесапаттан, оқыс оқиғадан, өсек-өтіріктен, зорлық зомбылықтан сақтай көргейсіңдер. Сөзділердің сөзінен, көзділердің көзінен, тілділердің тілінен, пейілсіздердің пейілінен, ниетсіздердің ниетінен, пиғылсыздардың пиғылынан қорғай көріңдер.

Перзенттерімнің бақытын биік, дендерін сау, еңбектерін жемісті, ұрпақтарын ұлағатты ете көргейсіңдер.

Ей, Аллатағала, тәңірім, жаратқан, ием, жасаған, Құдіреті күшті құдая! Әлемге, еліме, халқыма, әулетіме, шаңырағыма, өзіме, ұрпағыма денсаулық, баянды бақыт, шаңырақтарына шаттық, ырыс-ынтымақ, береке-бірлік, бақ-дәулет, таусылмас несібе бере гөр, - деп бір тоқтаған Бабық біразға дейін ұйықтай алмай жатты...

...Кешкілік Бабықтың билігі мейірбикелерде болды. Әлденеше рет ішін тазартатын процедуралар жүргізілді. Системалар алды. Анестезиолог Серғазы екі ұнжорғасын күре тамырдан скоба саламын деп көп әуреледі. Бабық қатты қиналды. Өйткені, дәрігер қанша әуреленгенмен оң жақтағы тамыр табылмады білем, ұстатпады. Амалсыз сол жақтан иық пен мойын арасынан күре тамырды тапқандай болды. Оған көп дәрі айдап жіберді және система қойды. Кейін ұйықтайтын, тыныштандыратын дәрілер де жіберілді.

-Деніңіз тығыз, реті спортшы боларсыз,- деді дәрігер Бабыққа сауал тастап.

-Оның рас, спортпен айналыстым, әлі де айналысамын. Күндегісін ертеңгілік мұздай суға шомыламын. Жүгіру, гимнастика жасау күнделікті дағдым,- деді Бабық.

-О, жарайсыз, ағасы. Әй бәсе, дене бітіміңіз, бұлшық еттеріңізге тығыздықтан ине өтер емес,- деп қойды дәрігер.

Келесі күні ертеңгілік Бабық ерте тұрды. Мейірбикелер тағы ішті тазарту шараларын алды. Укол салынды. Кешеден тамақ ішпеген Бабықтың қарны жабысып, жарап қалғанға ұқсайды. Қырынып, жуынған Бабық іш дәрет алып, Аллаға сиынып "стартқа" әзір отырды. Ертелетіп Бабықтың балалары, достары, келіншегі келіп, ауруханада хабар күтіп

Жонаш Қалдыоразұлы



отырды.

Уақыт өте берді. Бабықты операцияға алып кету ұмытылған сыңайлы. Бір мезгілде Бабықтың палатасына оташы Дауылжан келіп, әр нәрсені әңгімелеп, біраз тұрды. Сонсоң барып: -бас дәрігер Бекшембай Құсановты облыс әкімі шақыртып жатыр, қашан келері белгісіз. Сіздің операция кейінге қалдырылды,- деді.

-Жарайды, өздерің білесіздер ғой,- деді Бабық амалсыз.-Жазған құлда шаршау бар ма, қайтесің көнесің-дағы... Ал, сіздер балаларым, достарым, кербез келіншегім, қайта беріңдер. Енді қашан болатынын қосымша хабарлаймын...

Түс әлетінде шалғайдағы ауданнан бір топ қарындастары мен інілері келіп еді, оларды да кейін қайырды Бабық. Оларға да жан ризашылығын білдіріп, ағалық ақыл-кеңесін айтқан Бабық оларды біраз жерге дейін шығарып салды.

Өткен жұмада операциясы ауыр да ұзақ жасалған Меңдеш жалпы палатаға шығып, қуанышы қойнына симай, аңқылдай сөйлеп, ұзын дәліздің бойында ерсілі-қарсылы жүр. Міне, кеше ғана операция жасалған Жеміс пен Оңайша да бүгін жалпы палатаға шығып, көңілдерін бірлеп үлгерді.

-Қалайсың, қалқам,- деді Бабық Оңайшаға барып амандасып.

-Жақсымын, аға, рахмет. Сіздің операциядан сәтті өтуіне тілектеспін,- деген Оңайша бұған нұрлы жанарын аударып қарап қалыпты.-Бүгін деп еді ғой, сізге.

-Бүгін болмайтын болды. Мен дегенде ай жарық болып тұр. Осымен төртінші рет кейінге шегерілді,- деді Бабық бір түрлі мұңайған кейіппен.- Жасаймыз дегесін жасап тастау керек қой...

-Біз солай дегенмен бұлар асықпайды-ау деймін, ағасы, -деді Оңайша да.- Екі ай дегенде маған да әрең жасады ғой.

...Ертеңгісін облыстық аурухананың анестезиолог дәрігері Сабыржан Қаржауұлы кеп, Бабықтың оң жақ ұнжорғасының күре тамырына түтікше салып кетті. Қолы жеңіл жігіт болса керек, тамырды лезде тауып, жеңіл тықты инені. Есесіне операция кейінге қалдырғанын қайтерсің...

-Аға, жасыңыз алпыстан асты дейсіз, бірақ денеңіз жас жігіттің денесіндей. Реті спортпен көп айналысқан боларсыз,- деді мына дәрігер де.

-Иә, інім, спортсыз жүре алмайтыным даусыз,- деді Бабық.

-Әй, бәсе,- деді дәрігер,- жас жігіттейсіз, денеңіз тығыз.. Сүйсінерлік кәдімгі, бұндай дене көрмеппін. Ақсақағалдығыңызға қарағанда өзіңізді күте білген, ұстай білген сыңайлысыз.

Өмір иірімдері

-Ниетіңе рахмет, інім. Жаман ағанды біраз жерге биіктетіп тастадың,- деді Бабық шын пейілмен.

* * *

Арада апта өтті. Бүгін ауа райы ашық, күн жылы екені байқалды. Келіп кетушілер легі толастар емес. Біреу оны, біреу бұны әкелді. Палата тамаққа толды. Бірақ бәрін Бабықтың ішуге мүмкіндігі жоқ, зауқы да соқпады. Жалғансай ауылындағы бір ағасының және осында тұратын інілері мен қарындастары қалмай келгеніне Бабық ерекше таң қалды. Шақырса бүйтіп келмес. Екі-үш күн бұрын келіншегі ауылға кеткен, ол келді. Бабық барлық елі көшіп келгендей сезінді. Ел жаңалықтарына қанығып, мәре-сәре боп отырғаны сол еді, Бабықтың аяқ астынан тағы да қан қысымы көтеріліп, мазасы кете бастады. Дәрігерлер дереу укол салдырып, тексеріп, жатқызып тастағанын қайтерсің.

-Енді адамдар келуін азайтсын, операцияға дейін демалғаныңыз жөн,- деді тағы да Бабықты жан-жақты тексеріп, қарап шыққан дәрігер Дауылжан.- Демалғаныңыз өзіңізге жақсы...

-Жарайды, айналайын. Айтқаныңа құлдық. Жатқан құлда жазық бар ма, жат дей ме, жатамыз,- деді Бабық.- Ал бәйбіше бәрің де бара беріңдер, кештетіп хабарласарсың...

Түс ауа ұйқыдан бір тұрған Бабық сәл-пәл жаңбыр сіркіреп өткенін көріп, көңілі толды. Күн салқын тартқан сыңайлы. Көк жүзін торлаған бұлт әлі де жаңбыр жауатындығын аңғартқандай.

Ұйқыдан тұрып, әрлі-берлі жүрген Бабық жуынып болысымен Меңдештің палатасына бет алды. Меңдештің де көңілі көтеріңкі жүзі жақсы көрінді. Әңгімені әзілмен бастады.

-Ағасы, ауылдан жеңгем келгесін өңіңіз кіріп қалыпты ғой,- деді Меңдеш мейірлене күліп.- Әйелдің жүрген жері жақсы-ау, өзі. Өтірік дей алмассыз, ағасы.

-Соны сезініп, соны ұқсаң болар, шырағым,- деді Бабық та Меңдешке мүлтіксіз жанарын қадап.- Қаншама күннен бері мына келін ұйқы жоқ, күлкі жоқ, сенің тілеуіңді тілеп жүр. Бала-шаға болса сірә да ұмытылған шығар. Қанша күннен бері сенің ас-суыңды беріп, астыңды тазалап, дәретіңді төгіп, бәйек болып жүр. Өзі бір адал сүт емген бала екен. Оның қызметін сен еркек басыңмен ұға алсаң жақсы, ұқсаң болар еді-ау. Бірақ әйелдің кіршіксіз жанын, таза көңілін, пәк жүрегін ұғу қайда? Еркек байғұс әйелінің сырын, әйелдің құпиялы жайттарын, әйелдердің әсем табиғатын қашан ұғып, сезініп еді?! Әйел орбитасының жүзден бір бөлігін аңғарып, анық сезінсе сол-ақ. Ал өзің тамақ ішуге кірістің бе?

-Төңкеріп жатырмын, тояр емеспін. Күніге екі-үш кастрөлі кетіп

Жонаш Қалдыоразұлы

жатыр-ау, деймін,- деді Меңдеш- Алдымнан ас қайтпайтын ауруға тап болдым.

-Онда жақсы екен,- деді сеніп қалған Бабық.

-Өтірікті соғып отыр, ағасы. Тек қара шай ішуге, онда да бір стаканнан аспай отыр,- деді келіншегі.- Өзгелер тамақ ішіп шырайлары кіріп қалды. Ал бұл әлі сүлесоктау, тәбеті жоқ..

-Сенікі не, Меңдеш-ау. Жасалғаныңа бір апта өтті, одан да асты тіпті, жата бересің бе. Орныңнан тұрып жүргенің жақсы. Сонда ғана асқа араның ашылады,- деді Бабық.- Ал ас ішпеген адам әлсіз, әлжуаз боп, әлсіреп қалады, біліп қой, інім. Кеше, бұрнағы күндері операция жасалған қыз-келіншектерге қарашы, шауып жүр, тамақты да қабылдап жатыр.

-Саспа, аға. Оларды да қуып жетемін, мүмкін болса басып озамын. Өзіңіз қалайсыз, "стартқа" әзірсіз бе?- деген Меңдеш әңгімемен тағы да екі-үш аяқ шай, орта кесе сорпа ішіп, терлегенін аңғартты.

-Әзірлігі әзірмін-ау "стартқа", бірақ кешеден бері система құю көбейді. Қан қысымы қалыпқа келмей тұр. Кеше кешкілік басым қатты ауырды. Дәрігерлер укол салдырып ұйықтатты-ау деймін,- деді Бабық.- Бүйте берсе дене құрсауланған дәрілер шөгіндісіне айналар түрі бар...

Ертеңгісін бас дәрігер Бекшембай мен бөлімше меңгерушісі Дауылжан ақбурыл шашты біреуді ертіп Бабықтың палатасына келді. Ол Алматыдан келіп, осында облыс аудандары мен қалалық ауруханалардың онколог дәрігерлерін жинап лекция оқып жатқан Алматы онкологиялық институтының профессоры Асқар Ембергенов екен. О да Бабықты мұқият тексеріп, көктемнен бергі түскен пленкаларды кезек пе кезек тексеріп, өкпені жапқан ірі ісік екенін, ол үшін міндетті түрде операцияға түсу керектігіне тоқталып, өзге дәрігерлерге, жас мамандарға кеңес беріп үлгерді.

Сонымен, ертең 17- қыркүйек, Бабықтың операцияға түсетін күні. Бұ жолы шын болуы мүмкін. Өйткені, бүгін түс әлетінде анестезиолог дәрігер келіп қарап, тексеріп кетті. Бір апта бойы оң жақтағы күре тамырында скоба тұр. Системалар мен дәрілер осы скоба арқылы жіберілуде.

Кешкілік Бабық палатада жалғыз отырды. Әркім әкелген газет-журналды да, кітаптарды да қарауға зауқы жоқ. Әлгінде, кештетіп келген келіншегі біраз әңгіме басын қайырып, қасында болды. Ол кетісімен Бабықтың жаны жабырқап, көңілі құлазып, жүрегі жалғызсырап сала берді. Сүлесоктау қаламы мен дәптерін қолына алған Бабық ештеңе жаза алмай отыра түсті. Сосын дәптердің қақ ортасына "Сен батыл бол, дәрігер" деп, баттитып жазып қойды. Ойланып отыр ол. Ой болса тұман. Ойдың өріс алар түрі байқалмайды. Қалам қозғалар, қол көтерілер емес.



Өмір иірімдері

Жо... жоқ жазу керек. Ақырғы аманаттар, ақырғы тілектер айтып қалу, жазып қалдыру парыз. Әлдеқалай жағдайға тап болсам... Ештеңе айта алмай кетті демесін елім, жерім... ұрпағым, жан жарым. Демім жетіп, халім көтерсе жазып көрейін.

"Сен батыл бол, дәрігер"

Тағы кейін ысырса болар істі,
Ой қажытты, жүректе ызғар сұсты.
Неге, неге дәрігер қаймығады,
Кедергі боп келе ме сорлар ішкі.
Күрделі деп қояды айтып-айтып,
Кетсін дейме ауылға мені қайтып.
Азамат ем намысшыл, беттен қайтпас,
Келіп еді сұм ажал қашан айтып?
Көңіл налып мен соған жабығамын,
Өткеніме көңілде жалын-әнім?
Апта сайын кідіртіп, алдарқатса,
Өлімді де, қайтемін, сағынармын!
Ақ желеңді абзал жан дәрігерлер
Салмаңдаршы жанымды әбігерге.
Өлер болсам тезірек өлейінші,
Тілек тілеп туыстың бәрі келген.
Сұм ажалға кім қарсы тұра алады,
Жақсылыққа жақсы ісін бұра алады.
Менің жаным артық па өзгелерден,
Өзі берген, Алланың, өзі алады.
О, дәрігер! Мен саған тапсырамын,
Тағдырымның кетілген ақ нұр әнін.
Сенің батыл болуың керек деймін,
Әлде күтіп жүрмісің жан шығарын...

Уақыт зымырап өтіп жатыр. Дәрігерлердің бірі келіп Бабықтың қан қысымын тағы өлшеді. Демалу керектігін айтыңқырады.

-Операцияға ұйқыңыз қанып, шаршамай барғаныңыз жөн, - деді Дауылжан да үйге қайтарында тағы бір соғып, жанашырлық танытып.- Ертең күн ауыр болуы мүмкін...

-Жарайды, демаламын. Өзім ұйықтаймын, дәрі салмай-ақ қойыңдаршы,- деді Бабық.

-Жақсы, ағасы,- деп келісті дәрігерлер.

Дәрігерлер кетісімен Бабық қағаз-қаламын қолына қайта алып, әлі біраз

Қонаш Қалдыоразұлы

отырды. Жан-жары Айсұлуға бағыштап тағы өлең өрді. Оның тақырыбын "Сен мені сағынарсың" деп жазды.

Дәл ертең алыс кетсем, жасырман мұң,
Сен мені сағынарсың, асыл жарым.
Тәңірден бұйрық келіп тірі қалсам,
Мәңгілік мен өзіңнің қасыңдамын.

Айырар өлім деген жақсыларды,
Бірақ та ешнәрсеге апшымағын.
Сағынған кездеріңде көңіл налып,
Өзіңді тербетумен жатсын әнім.

Салсам-ау мен әніне ғашықтардың,
Көңіліңді көкке өрлетіп тасытқан кім?
Көз жұмсам, көлгірсігендермен бірге,
Жаныңды жабырқатып жасытпағын.

Ер жігіт кеш туады, ерте өледі.
Сен менің, жаным сүйген еркем едің.
Жүректің сүйгені де, жанашырым,
Өзіңе ақтық күйін шерте бердім.

Ойлаймын өткен өмір белестерін,
Тоймаймын қылығыңа- келместе енді.
Қос жұлдыз- кең Жылыойдың көркі атанып,
Көргем жоқ саған жанның теңескенін.

Бота көз, қара торы -көркем едің,
Жүзіңді көрген сайын өртенемін.
Өзгеден өзгешелеу әйел едің,
Білемін тағдыр жүгін көтерерің.

Шынар ең тауға біткен, дара да едің,
Ақылды, парасатты- дана да едің.
Қайтеміз қайран тағдыр алыстатса,
Жоқтаушым өзің ғой деп санар едім.

Кең Жылыой жазиралы белі қандай.
Белгілі, берекелі елі қандай.



Өмір иірімдері

Дидарың жүрегімнің нұры болды,
Сезуші ем жарқыраған сені таңдай.

Аман бол, асыл жарым, балаларым,
Сақтаңдар жан арманын бабалардың.
Мен кімнің шікірәсі дейсіңдер бір,
Тым ерте кеткен талай ағаларым.

Аман бол, айналайын, туған елім,
Жылыойым- әлемге аян думан жерім.
Деуші едім гүлің болып жайнасам деп,
Мен бекер ұлың болып тумап едім.

Осы өлеңді аяқтай бере Бабық шын ұйқыға берілерін бір білді. Көңілі ояу болса да көзі жұмыла бергені сол жарықты да өшіруге шамасы келмеді.

Ал ертеңгісін? Бабық ерте оялды. Ұйқысы қанған. Өзін сергек сезінді.

Сағат 9-дан кете бере мейірбикелер каталканы палатаға кіргізді. Бабық енеден жаңа туғандай, тыржалаңаш каталкаға орналасты, үстіне ақ жамылғы жабылды. Осы ақ кебінім болмасын, деп ойлаған Бабықтың көңілі біртүрлі пәс тартты. Операция залына қарай оны алып ала жөнелді. Сағат 10-ға дейін операция залында төңірегіне көз жіберіп, мейірбикелердің, дәрігер-анестезиологоттың қимыл-қозғалысын қарап жатқан Бабық содан соң бірте-бірте есінен айырылғанын аңғарды. Қош бол, Жарық дүние!

Бабық операциядан қалай шықты, қашан шықты, қанша уақыт жасалды, білмейтін. Қай мезгіл екені белгісіз, көзін ашып қалғанда системада жатқанын бір білді. Қарсы алдында ақ желең киген жас қыз отыр. Бұдан көз алмайтын сыңайлы. Жан-жағына көз жіберіп, барлау жасаған Бабық шиырмамен бөлінген төсекте екі адам жатқандарын байқады. Бабық біреуі өзі екенін білді, санасы сау, дені дұрыс, беті де бірқалыпты екенін аңғарды. Бабық жан-жағындағының бәрін сезіп біліп жатыр. Екіншісі кеше жасалған кісі болуы керек. Мынау қатаң аурулар салынатын бөлім екенін де Бабық біліп жатыр.

-Сағат не болды, қалқам,- деді Бабық ақ желеңді қызға. Ілкіде шошып кеткен қыз Бабықтың оянғанын сезді де тұрып қасына келді.

-Сағат алтыдан өтіп барады. Дәрет етпейсіз бе, ағасы?

-Ыдыс берсеңіз өзім-ақ келістірем. Ішетін су болмас па екен?

-Су ішуге болмайды, ағасы. Бірақ тамағыңызды, ерніңізді сулы мәрлімен сүртемін. Қыз еңкейіп келіп Бабықтың тамағы мен ернін сулады.

Қонаш Қалдиоразұлы

Жастығын дұрыстап, жамылғысын қайта жапты. Маңдай терін сүртті. Бабықтың көзімен түйісіп қалған қыз жанары жарқ еткендей боп, жүзін қарып өтті. Қыз жанары неткен құдырет едің? Жаны ауырып жатса да бұлқынған жүрек, бүлкілдеген жан сезімін ұқты Бабық.

-Сонда мен наркозбен қанша сағат ұйықтағанмын,- деді Бабық өзіне-өзі аң-таң болып.- Тірімін бе, жалпы операция жасалдым ба?

-Жасалдыңыз. Тірісіз ғой, көрініп тұр. Ал наркоз астында сегіз сағат міз бақпастан жаттыңыз. Оянғаныңызға шүкір деңіз,- деді сүйкімді қыз.

-Иә, шынында да... дей берді Бабық.- Айтуың рас, қарындас. Ажал жеңіліп, тірлік жеңіске жеткені ғой. Тәубә...құттықтамайсыз ба, қарындасым-ау, ол қаншама ай мен апта, қаншама күндер азап шегіп, қасірет тартып жаттым мен. Ол, тіршілік неткен тәтті едің! Армысың жарық дүние, өмірге келдім қайтадан. Тірлікке бүгін мен ие, қуанышпенен айта алам...

-Қуанышыңыз құтты болсын, ағасы, ұзағынан болғай,- деп тақылдаған қыз алдындағы дәптерге әлденелерді жазып жатты...

Бір сәт балбырап терлеп жатқан Бабық ойға берілді. Бабық тыныштық құшағында жатып, алдымен осы бір орта бойлы, тынымсыз қызмет көрсетіп жүрген мейірбике жайында ойлағысы келді. Оның Бабыққа алдымен әсер еткені жанары еді. Сол жанар жігіт ағасы атанған Бабықтың көңіл күйін әдемі әсерге, қуанышқа бөлегені шын еді. Еліктің елігіндей елеңдеген қыздың өзгеден артықшылығы да, ерекшелігі де сол жанарында болатын.

...Қыздың көзі, қыздың жанары! Неткен тұңғиық едің, сен. Мөлдіреген терең көл дерсің. Ғажаптың ғажабы. Адамды арбайтын жанар біткен сыйқыр ғой. Қарашы әні, зер салшы мынау бойжеткеннің жанарына. Бадырайған үлкен де емес, кірпіктері жабысып, әрең ашылатын кіші де емес. Сүйкімді, дөңгелек нұрлы жанар. Ағы мен қарашығы әсем үйлесім тауып, от жанардың жарқылы ерекшелендіріп тұрғаны бір ғанибет. Тұнық көлдің түбінде мөлдіреген кішкене ғана қарашық жүрегіңе өрт, жаныңа дерт салардай күй кештіреді. Қанша ма құпияны жасырын сақтап тұр десенші. Осынау отты жанардың айтар сыры да, шертер күйі де аз болмаса керек. Тыңдарма еді, деп тамсанды Бабық іштей. Одан әрі ойға берілген Бабықтың да көңіліне түйгені де аз емес-ті. Ол жанар, қыз жанары, адамға елжірей де емірене, мейіріммен және мейірлене қарай алатыны ақиқат. Бабық қыз жанарынан сондай күйді ұға алды. Ол қыз орта бойлы, сүйкімді келген перизат. Нұрлы жанарға қоса оның ұзын да емес, қысқа да емес бұрымы иығынан төмен түсіп, арқасын жауып тұрғаны қандай жарасымды. Шашының алды бұйра-бұйра, әдемі таралған, әсем өрілген. Қолаң шашы мен мөлдір жанарына құлағы да сүп-сүйкімді боп үйлесіп



Өмір иірімдері

тұр. Әні, жарқыраған жазық маңдай көп қызды кездесе бермейтінін қайтерсің, кездесе де көңілге қуаныш ұялатпайды, ұнамайды. Кірпігі мен қабағы, қалп-қара қасы- бәрі-бәрі мөлдір жанарды жан-жақтан жандандырып, асқақтатып тұрғанына не жетеді! Қайран, қылаусыз қыз жанары-ай. Көңіліңді қоздыра түсіп, ынтық сезіміңді ерекше өршітетіндей.

Мынау қыр мұрын, қаймыжықтай, әлде бір әдеппен далап жағылған еріннің несін айтасың. Сол жұқалтаң еріндерді жымдастырған ауыз бен сүйіріле біткен, одан төмен көгершіннің жемсауындай бүлкілдеген бұғаққа қарауға көз керек, суреттеуге сөз керек.

Осынау көзге әр беріп, жанарды жаһұттай жарқылдатып тұрған осы бір дене мүшелерінің мінсіздігін айтқасын әрі қарай әрнемені артынан емген бұзаудай түртпектей беру де жөн болмас, сәні де келмес. Аллатағала ақ борықтай осы қыздың барлық дене мүшесін ақ мрамордан үйлестіріп-ақ соққандай. Алладан артық жасау адам қолынан келмейді-ақ.

- Құдай күпірлік етсем кешірерсің, суретші болсам осы қыздың суретін салар ем-ау алдымен. Амал не...

- Не деп жатсыз, ағасы.- Қыз Бабықтың соңғы сөзін естіп қалған сыңайлы.

- Суретші болсам сіздің суретіңізді салар ем,- деді Бабық.

- Суретші болмасаңыз болмассыз, бірақ сізді ақын дейді ғой, өлеңде жарап жатыр,- деді қыз жай ғана жымиып, батылдықы танытып. Жымиғанда екі бетінің ұшы шұқырланып кететіні сондай сүйкімді, сондай жарасымды.

- Оны кім айтты, қалқам?- деді Бабық- Ешкімге өлең оқыған жоқ едім ғой.

- Ел болғасын естиміз. Естімесек укол сала жүріп көріп жүрміз,- деді мейірбике қыз.

- Жарайды, қалқам. Жақсы жаным. Тірі қалғанымның белгісі болсын,- деген Бабықтың бозбалалық дәурені есіне түсті ме, жүрегін тербеткен өлең жолдарын мөлдіретіп қоя берді.

Сені жаным ұнаттым жүрегіммен,
Көрдім-дағы қыранша түледім мен.
Үлбіреген жүзіңнен айналайын,
Кең даланың аумайсың гүлдерінен.

Мен өзіңді ұнаттым жанарыммен,
Кең даламның сырласам таңдарымен.
Ары таза, жүрегі ақ, пейілі кең,
Табу қызды өзіңдей арманым ең.

Қонаш Қалдыоразұлы



Көктем келсе қыр гүлін тересің сен,
Жүрегіме жыр-қуат бересің сен.
Кешіккен бақытымның бірі болып,
Сезім тербеп жаныма енесің сен.

Айып етпе мен сені сәнім десем,
Жайландырар жанымды әнім десем.
Ештеңең де, кетпейді, кемімейді
Жүрегіңнің бар сырын мәлімдесең.

Махаббаттың білгейсің тегі неде?
Бұндай бақыт маған-ай беріле ме?
Ақ жүзіңді айқабақ, ерініңді,
Арқау етіп жырыма, тебіренем.

Солай жаным, ардақтым, аман болғын,
Өзіңменен ниеттес ағаң болдым.
Келермін-ау кел десең, бірақ-тағы,
Қиындығын білемін саған жолдың.

Махабаттың мініп ап пырағына -ай,
Кездестің кештеу неге шырағым-ай.
Жас кезімде жайнаңдап қолға қонсаң,
Табар едің жігіттің қыранын -ай.

-Дәмең Дәмештікіндей деген екен бір жеңгесі қайнысына. Махаббаттан үмітіңіз үзілмей жүргеніне қарағанда Сіздің дәмеңіз де сондай болса керек,- деді мейірбике қыз сылқылдай күліп. Күлкі таудан сылдырап аққан бұлақ сыңайлы, мөлдір де таза.

-Қалқамай, ағаңа қатты айттың-ау. Ешкімнен қалмаған өр көңілім мына сөзіңнен басылып қалғандай ма, қалай. Біздің де дәуреніміздің өткені-ау деп жатырмын,- деді. Бабық зілсіз көңілінен шыққан лебізін қарсы алдында отырған қаршадай қызға бағыштап.- Өркенің өссін, айналайын. Қазақ қызына батыл болған жарасады, батыл бол әманда...

- Ниетіңізге рахмет, ағасы, артық айтсам ғафу етерсіз. Әңгімеңізге, әзіліңізге қарағанда жаман емессіз ғой, қалайсыз, өзі. Көп сырқаттардың операциядан кейін сөйлеуге шамасы келмейтін еді, Сіз күндегіден де шұнаңдап кеткен сыңайлысыз. Тіфә... тіфә... тіл-аузым тасқа. Жақсы болыңыз, - деген қыз Бабықтың қызуын өлшеуге термометрін алып келе



Өмір иірімдері

жатты.

Қолтығына градусникті салған Бабық көңілінде ой өрбітіп, сырлы сезімнің түйінін түйді. Перзентімдей қызға өлеңі түскірді қайдан шығардым деп қапаланған Бабық ақ періштедей арудың нұрлы жанары қанша ынтықтырғанмен адами қасиеттен, азаматтық парыздан, ағалық борыштан аттай алмады. Сыр сезіміне тербеліп жатып, ұйықтап кеткенін бір білді.

* * *

Арада екі күн өтті.

-Қорқатын ештеңесі жоқ болды, ағасы. Бәріміз де босқа үргелектеніппіз. Профессор Ембергенов те қатысты. Бұндай ішкі ағзаны көрмедім деп таңқалды. Операция дегенің жақсы, жеңіл өтті. Кейін кездесіп әңгімелесерміз. Ал қазір Сізді мейірбике рентгенге апарып өкпеңізді түсіртесіз бүгін. Еш абыржымаңыз,- деді бас дәрігер Бекшембайдың өзі Бабықтың қасына келіп.

Рентгеннен шығысымен Бабықты палатасына әкелді. Бөлімшедегі сырқаттардың бәрі қуанып жатыр. Жүруге жарап қалған Меңдеш те мәз, қасындағы келіншегі де қуанып жүр.

Палатада төсек орынды ауыстырып, жайнатып қойыпты. Төсекке жатысымен Бабыққа система қойды. Арада аз уақыт өткенде Бабықтың денесі дірілдеп, тоңып, қалшылдап, ұшып бара жатқандай жайға тап болды. Операциядан сәтті шығып, енді ажалға ілігермін бе деген ащы ой Бабықтың санасын осып өтті. Дәрігер деуге ғана шамасы келді Бабықтың. Құдай қарасса молынан қарасады ғой, Дауылжан бастаған дәрігерлер кетпеген екен, мейірбикелермен келіп үлгерді. Дереу системаны айырып, үш-төрт түрлі уколды басып жіберді. Аяғына ыссы жылытқыш қойды, екі-үш одеяло жапты. Дауылжан болса Бабықтың алақанын уқалап, соңына дейін кідіруге мәжбүр болды.

-Кейде бұндайда болады, ағасы, -деп ақталды Дауылжан, - бұлар іштен, өзімізден дайындалатын ертінді, сәтсіз жасалған ғой. Кейде қыздар қоспалардың мөлшерін нақты сақтай алмай қалады. Мықты есеп керек...

Бабық не десін, біраздан соң тынышталғандай боп көзі ұйқыға кете берді. Бірақ Бабық көп ұйықтаған жоқ, шамасы бір сағаттан соң оянды. Ойына әлдене түскендей, Бабық іштей мырс ете түсті. Бірде жиен қызы келгені бар Бабықтың жайын білмекке. Сонда не деп еді?

-Ни пуха, ни пера. Ештеңеден қорықпа, нағашеке. Нар шалсың ғой, нарлығың қайда, - деген-ді. Сол жиенімнің айтқаны жөн-ау. Сәл нәрсеге ызыңдай бермейінші. Дәрігерлер де, мейірбикелер де оны көрмей қалар, деген оймен нұрлы жанарын палата төбесіне қадап ұзақ жатты. Есіне

Жонаш Қалдыоразұлы

түспегені жоқ. Сонау сұрапыл соғыс жылдарындағы сүренсіз өткен балалық шағынан бастап жүріп өткен өмір жолы көз алдына кино лентасындай келе қалды... Бәрі де күні кешегідей өте шығып, ештеңе болмағандай сезілді. Жасы алпыстан асқанша бұл Бабық не көрмеді. Отты да, суды да, аштықты да, жалаңаштықты да көрді. Басынан бәрін өткерді. Өліп көрмеп еді, оны да көрді. Сегіз-тоғыз сағат қимылсыз жатуы өлген емей немене? Бұның көргенінің өзге жұрт үштен бірінде көрген жоқ. Бірақ Бабықтың бір қасиеті асып-тасуды, артық сөйлеп, біреуге тиюді білмейтін жан. Аузы күзетте, ақырын жүріп, анық басатын азаматтың санатынан.

"Ұлдарым ұлағатты, қыздарым қылықты болуы тиіс" деп ойлайтын. Ол солай болды да. Ұлдары оқыды, тоқыды өз нәпәқаларын тауып жүр. Жан қызы Жаухаржан ғана, барған жерінен тынышы кетіп, мазасы болмай жүргенін естіп жатыр. Аюдай ата, айдаһар ене екі жақтан, байға кетпей отырған кәрі бойдақ қыз - кәр қыз үшінші жақтан мүйіздеп, отырса опақ, тұрса сопақ дейтін көрінеді. Бірақ Бабық қызының зомбылық пен зорлыққа, қорлық пен қудалауға көнбейтіндігін біледі. Әйтпесе, құда-құдағиы бір келіп хабарласар еді ғой. Ұлдар жағының бар құдасы келіп жағдайын білгенде, Жаухаржанның ата-енесінің бір келмеуі, бір көрінбеуі сезікті.

Түс ауа Бабықтың келіншегі келіп қасына орналасты, күтуге рұқсат алды. Екеуара әңгіме өрбітіп, сыр айтысып, шүңкілдескен шымшықтай ел болып қалысты.

-Ал операция қалай өтті, қанша уақытта аяқталды, дәрігерлерден сұрадың ба?- деді Бабық келіншегіне сауал тастап.

-Менің түсінгенімше өкпеңде ештеңе жоқ, таза дейді. Көк етің өсіп, кеудеңдегі өкпе мен жүректі, бауырды да жапқан. Ет өсе, өсе келе барлығын сығып біріне-бірі жапсырған сыңайлы. Содан сенің тынысың тарылып, демалуың әлсіреген,- деп бастады Айсұлу әңгімесін. Үш сағат жарымда сені ауыр халді аурулар жататын палатаға апарды. Тағы нені айтайын? Ә, бас дәрігерге:

- Айналайын, тек ашып-жапқан жоқсың ба, неге тез, - дедім.

-Ол не деді,- деп сұрап қалды Бабық шыдай алмай.

-Ой, апа не айтасыз, деп бас дәрігер сасып қалды. Сіз одан да қуаныңыз апасы, бәрі сәтті болды. Ағай әуелден нысаналы жан болса керек, ақ көйлекпен туды десе де болады, дегенді айтты дәрігер. Білмеймін не болғанын. Мен ол -пұл әкелейін деп үйге кетіп ем, келсем балалар үрпиісіп тұр екен,- деді Айсұлу ойға түйгенін жеткізген болып.

-Е, не болды, сонда десем,- деді Бабық.

-Біз бәріміз есіктің алдында тұрғанбыз. Көп уақыт өтпей-ақ, дәрігерлерде, мейірбикелерде далаға атып шықты. Әкемізге бірдеңе болған



Өмір иірімдері

екен деп ойлап үлгеріпті балалар. Бір дәрігер біраз бұрын төменге түсіп кеткен Ембергеновке жүгіріпті. Ерсілі-қарсылы жүгіру, әлденелерді операция бөліміне жеткізіп, қапылып жатыр. Бір мезгілде профессор Ембергенов операция залына қайта кіріп кетіпті. Көп кідірмей қайта шыққан. Бірақ жүзі жабыңқы емес дегенді айтты балалар. Ол жөнінде сұрап ем, бас дәрігер- шаршап тұрмын, кейін айтармын дегенді айтты,- деді тағы да Бабықтың келіншегі.

Бұл не болар сонда? Алты ай бойы сергелдеңге салған "эхинококковая киста" деген диагноз қайда? Денсаулық саласының білгірлерінің де білмейтіні болса... бұл бақ па, сор ма? Бабық көп ойланды. Жатып ойланды, тұрып ойланды. Иә, адам ағзасы күрделі құбылыс. Оны біліп болу үшін бір ғұмыр жетпек емес. Адам табиғатын зерттеу жолында талай тарландар сарабдал ғұмырын сарп еткен. Медицина ғылымының атасы Гиппократта, өзіміздің әулие Ибн Сина да жетем дегеніне жете алмаған. Бірақ Бабықтың бір сенетіні- Бекшембайдың білгірлігі, сабырлылығы, күрделі операция сәтінде де, аяқ асты өзгеріске тап болса да ұстамдылығы ұнайды. Оны онымен бірге еңбек ететін бар дәрігерлер және басқа мамандар айтады. Бәрі бір кісідей оны мадақтап, үлгі тұтады. Арада апта аралатып, орнынан тұрып жүруге жағдайы келген Бабық іште жата алмады. Бас дәрігер Бекшембайға барып, барлық жайға өзі қанығуды ойластырды. Бас дәрігер Бекшембай Бабықты қуана қарсы алды.

- Келіңіз, ағасы. Сіз "чудо человексіз", деп бір қойды Бекшембай.- Сіз мәңгілік адамсыз. Осыншама ренішті жайларды басыңыздан өткерсеңізде шыдай білдіңіз. Шыдамдылық ерді шын болаттай шыңдайтын жақсы қасиет. Сіз нағыз азаматтық, адами қылық таныттыңыз,-деп мақтай жөнелді.

Бабық бас дәрігермен әңгімелесе отырып, мынаны ұқты. Бір апта бойы қайта тапсырған анализдер қортындысында- өкпе, жүрек, бауыр, бүйрек, тоқ ішектің бәрі сау екені айқындалған. Бұған Бабық қуана түскенмен көкейінен бір сауал кетпей-ақ қойды.

-Ал, жақсы, ағзаларымның бәрі сау екен, дейік. Сонда бұрынғы қойылған диагнозым не болды? Теріске шықты ма?? Күллі аудан дәрігерлері, облыстық ауруханадағы ақ желенді азаматтар, өкпе аурулары ауруханасының басшы мамандары, тіпті өздерінде, Алматыдан келген профессорды қолдадыңдар емес пе?,- деді Бабық қызына сөйлеп.

-Ондай жайлар болады,- деп жалғады Бекшембай. әңгімесін.- Операция үстінде бәрі де басқаша көрініс берді. Мен қазақы тілмен сізге қарапайым түсіндірейін. Айқынырақ айтсақ, бауыр асты көк ет өсіп, бауырды да, өкпені де жауып, кеудені қара көлеңкеге айналдырған. Оның,

Жонаш Қалдыоразұлы



үстіне әлгі өскен көк ет тоқ ішекті бауырға жапсырғанда көтеріп кеткен. Бір еттің астында қалған өкпе, бауыр, жүрек бір-біріне тығылып, қолқаға тақалғаннан соң демалысыңыз қиындап, тыныс тарыла бастаған. Соны түсінгеніңіз жөн.

-Ал түсіндік дейік, сосын не жасадыңдар?- деп Бабық тағы Бекшембайға қарады.

-Көк етті тартып орнына әкелдік, артық жинақталғанын пластинкалармен бастырып тіктік. Тоқ ішекті айырып төмен түсірдік. Кеудедегі өкпе, бауыр, жүректі арасын ашып өздерінің тиісті орындарына орналастырдық. Рас, ілкіде сасып қалғанбыз. Бұндай құбылысты бірінші көруіміз,- деді Бекшембай әңгімесін жалғастыра түсіп.- Бұл менің де басымда кездеспеген, профессор Асқар Ембергенұлына да кездеспеген жағдай ғой.

-Сонда менің сырқатым медицина үшін үлкен жаңалық болғаны-ау, - деді Бабық байыппен сөйлеп.

- Солай десе де болады. Тағы бір айтайын дегенім,- деді бас дәрігер Бекшембай таңдана.- Сіздің өзіңіз білмейтін ерекшелігіңіз бар. Айтайын. Сіздің туғаннан бір өкпеңіз дамымай, бала кездегі кішкентай күйінде қалыпты.

-Апырай, бұл естен кетпес екінші жаңалық болды-ау, - деді Бабық Бекшембайдың жүзіне таңдана қарап.- Медицина үшін бірден екі жаңалық енгізген мендей кісі жоқ шығар, а? Сонда бір өкпемен-ақ алпыс жылдың үстінде ғұмыр кешсем тағы бір алпыс жылды кідіріссіз асып кететіні ме сене беріңіз?

-Оған сөз жоқ, бірақ сізді 45- тердің о жақ, бұ жағындағы адам шығар деп ойлағанмын, - деді Бекшембай.-Өңіңізді бермепсіз, жас көрінесіз.

-Жасартқаныңыз үшін көп рахмет. Өңім жас болса, жүрегімнің нұрлылығынан, әйелімнің жақсы күтім жасағандығынан болар,- деп қойды Бабық күле сөйлеп.- Адалдығым мен адамдығының жақсылығы десем мақтанды демессіз...

-Солай болса солай шығар. Бірақ жүрегіңіз мықты көрінді. Ал жеңгеміз бәрінен мықты сыңайлы, құдіретті көрінді. Енді сол жүректі, жүрек сүйген жеңгейді сақтай біліңіз,- деді Бекшембай рахат сезіміне бөленіп.- Асықпай емделіңіз. Қиындықты жеңдіңіз. Аранын ашқан ажал артта қалды.

-Бекшембай, бауырым. Менің аман қалуым, алдымен Алладан, содан соң Сіздердің ерлік еңбектеріңіздің жемісі. Сосын барлық дос-жолдастарымның, туған-туыстың, ұрпақтарым мен жан-жарымның ақ тілегі мен ниеті,- деді Бабық әңгімесін одан әрі жалғастырып. Бекшембайдың асығып отырғанын сезсе де Бабық әңгімелесе түскісі келді.



Өмір иірімдері

-Сіз, 2001 жылдың жазында келдім дедіңіз ғой, үй алып, көшіп келген шығарсыз,- деп Бабық тағы сауал тастады.

-Көшіп келдік деп толық айта алмаймын. Үш балам, келіншегім болып - медучилищенің жатақханасында тұрып жатырмыз,- деді Бекшембай әңгімесін жалғай отырып.- уәде көп, орындалуы қиындау боп тұр. Облыстың бұрынғы әкімі үй береміз деп үлкен сеніммен уәде етті. Үміттеніп жүргенбіз. Үміт үдесінен шыға алмады. Әкім аяқ астынан ауысып кетті. Жаңадан келген әкімнің де алдын көрдік, жағдайды айтып кіріп шыққанмын. Көрерміз деп уәде етіп, шығарып салған-ды. Мен әкім уәдесін күтіп әлі жүрмін. Қайдам, бір күні бұл әкім де ауысып кетіп жүрмесе...

-Япырай! Сіздей маманды ұстау керек,- деді Бабық Бекшембайға шын жаны ашып.- Демалыстан келе сала қысқа әзірлікті бастап кеттіңіз. Сарыала таңнан көз байланып, ымырт түскенше осында жүресіз. Оның үстіне күнделікті операция қанша жасалып жатыр. Бәріне қатысып, араласудасыз. Бұның бәрі адамды шаршататын факторлар ғой. Жұмыстан шаршап, , жай келген жағдайда кең көсіліп, демалып жататын үй болмағасын қиын емес пе? "Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім", деп аяғы шығып жатса да өз лашығына разы болған Жиренше шешен неге айтты дейсің.

- Өзі де солай-ау, ағасы. Бірақ іс жүзінде олай болмай тұр ғой. Бізде адам жағдайынан гөрі алдымен жұмыс жағдайы көбірек талап етіледі емес пе. Сенің жағдайың, тұрмысың әлдеқашан екінші кезекке ысырылғалы қашан,- деді Бекшембай, бір түрлі мұңайған кейіппен.- Үй жоқтықтан талай жақсы мамандар кетіп қалуға мәжбүр болды. Облыстық ауруханада жақсы бітіріп келген жас мамандар көп болатын, үй жоқтықтан дені басқа жаққа кетіп қалды. Бүйте берсе енді аз жылда бірде-бір білікті маман, тәжірибелі дәрігер қалмауы мүмкін.

-Иә, солай, інім. Бір ғана дәрігерлер емес, өзге де саланың мамандары күй жоқтықтан, үй жоқтықтан мамандығын ауыстырып, өзге салаға ауысып жатқанын көріп жүрміз,- деп түйіндеді әңгімесін Бабық.- Шыдамды болу азаматқа жарасар, жақсы жандар қашанда, бір-біріне қарасар, жалғыз жүріп жол таппай, жамандар сірә адасар, - деген бауырым, нарық қос бүйірден қысып, қинағанмен, қайтесің, шыдайсың. Бұл талайды толғандырып, мыңды ойландырып жүрген маңызды мәселе, шешілуі қиын болып тұр ғой. Мұнайы тасыған бай өлке, дегенмен өзімізге жетпеуі көңіл көншітпейді. Шамның жарығы түбіне түспейді, дегеннің кебін киіп отырмыз-ау, өзі. Солай емес пе інім.

-Солайы солай ғой, ағасы. Бірақ біздің де қолымызға қарға кәк етпес деймісің, деген үкілі үмітіміз үзілмесе болды,- деді орнынан тұрған

Қонаш Қалдыоразұлы

Бекшембай.- Біраз әңгімелесіп, едәуір жеңілденіп қалдым. Ал жақсы, аға...

-Айта берсе әңгіме таусылмас, бірақ сол әңгімеміміз таусылмасын інім, -деген Бабықта орнынан тұрып кетуге бет алды...

* * *

Операциядан соң Бабықтың көңілін сұрап келушілер көбейе түсті. Оның өзі жаны дертті, көңілі мұңды адамға едәуір демеу, күш-қуат беріп көңілін тасытары кәміл. Алдымен күніге екі-үш реттен кіріп шығатын дәрігерлер мен мейірбикелерге шын жүрегінен риза Бабық рахметі мен алғысын айтудан танбай келеді. Соның ішінде операцияны өзі жасап, қатысқан бас дәрігер, жоғары категориялы дәрігер, медицина ғылымының кандидаты Бекшембайға, оташылар Дауылжан мен Балзинаға, анестезиологтер Серғазы мен Қалымға, операция үстінде бірге болып, ақыл-кеңес берген Алматы мемлекеттік дәрігерлер институтының білім жетілдіру бөлімінің жетекшісі профессор Асқарға, барлық мейірбикелер еңбегіне шексіз риза еді.

Сондай-ақ, ажалмен арпалыс сәтінде тілеуін тілеген, ниет пейілін білдірген асыл да ардақты достарына, тума-туыстары мен құда-құдағиларына, барлық іні-қарындастары мен бала-келіндеріне, немерелеріне, әртүрлі мамандық иелеріне, құрдастарға, жұмыстастарына, тіпті журналистер мен өнер иелеріне үлкен ықылас білдіріп, баспасөз арқылы рахмет жолдады. Алыс-жақыннан телефон шалып жатқандар қаншама десеңші. Бәрі де Бабықты операциядан сәтті өтуімен құттықтап, хошамет көрсетуде. Ілгеріде жақсылықпен кездесуді тілейді. Бабықтың да тілегі сол емес пе?! Халқына, еліне дән риза. Сол елге, жерге, халыққа деген ұлы махаббат, сүйіспеншілік қиындықтың бетін бері қаратпай, ажал ауылын алыс қондырды. Халықты қадірлемеген көмусіз қалады, елін елемеген ер ескерусіз қалады, деген рас болу керек.... Осы бір жайларды көңіл сүзгісінен өткізіп, күнге-күн жалғастырып жатқан Бабықтың жағдайы жақсара түскені көзге байқала берді. Бірақ Бекшембай да, Дауылжанда оның тез шығуын қолайлы көрмеді. Әбден жазылып, өз жаңды азамат ағаның толық қатарға қосылуын тіледі...



ТАҒДЫЛАР

Бейтаныс келіншек

Қоңыр күз өз күшіне еніп, дендеп барады. Күн суыта түскен. Жайнап тұрған көк аспанды қоңырқай түсті қорғасын бұлттар басқан. Желдің күштілігі ме, бұлттар болса бір қиырдан бір қиырға жөңкіліп барады. Ызғырық бойды тоңазыта түсуде. Жайық жағасында да адамдар қарасы азайған. Ауруханадағылар да өз палаталарынан шықпайтын болыпты. Палаталардың күн беті болмаса көлеңке бетіндегісі салқындау. Әсіресе, Бабық жататын екі орындық палата ызғарлы сияқты. Бабық тәуірлене бастады. Көпшілікпен араласып, тамақты да бірге ішуге айналды.

-Құдай берді ғой, жаным, мен тірі қалдым. Сен қуандың, күнім. Сенің қуанғаныңды көріп жүрегім нұрға толды. Талай айдан бері менің қасымда боп, күтемін деп өзің де азып кеттің. Енді ауылға барып, үйге қарағаның, балалардың қасында болғаның жөн шығар,- деді Бабық келіншегі Айсұлуға кешегі кеште.

-Жарайды, сен рұқсат етсең... Елден кеткелі де төрт айдай бопты, арасында бірді-екілі барып келгенім болмаса,- деді Айсұлу да.- бірақ сен күтін, кез келген тамақты іше берме? Ұйқыңды қандыр, телефон шалып тұрамын ғой.

-Жақсы, жақсы, күнім. Сенің айтқаның маған заң ғой. Көп жатпаспын менде, шығарда киетін жылы киімдерді ала келесің ғой,- деді Бабық келіншегіне жаны елжірей көз салып.

-Әкелемін, салқын тигізіп алма, жылы кеудешенді киіп жүргейсің,- деген Айсұлу ауылға аттанып та кеткенді.

Бабық кешке көппен бірге асханаға барды. Асхана іші толып отыр. "Кемедегінің жаны бір" дегендей, әр палатаның сырқаттары бөлек-бөлек үстелдерге жайғасып алыпты. Орын жоқ десе де болады. Тамақ іше отырып, сырқат жандар гу-гу әңгімеге берілген. Сырқаттардың жасаңдауы, жүруге жарайтындары шай құйып беріп жүр. Бабық бос орын бар ма екен деп жан-жағына қарап біраз тұрды.

-Бұрын барсаң орын бар,- деп қалды орта жастағы бір әйел.- Майыса басып, майсаңдап жүретін еркектер қимылы қашанда көңілге қонбайды.

Бабық ол әйелді танымады, сосын да ештеңе дей алмады. Оның үстіне орын тауып алайын деген ой Бабықты ілгері жетелей берді.

Қонаш Қалдыоразұлы



-Екі кісі ығысса табылады бір орын, деген, келіңіз, келіңіз,- деді Бабыққа еркектер жағы. Бабық жігіттер нұсқаған орынға қарай бұрыла берді. Бірақ "Бұл келіншек мені неге қағытты, кім болды екен" деген ой көкейінен кетпей қойған Бабық жігіттермен бірге ас ішуге кірісті.

-Ас ішіп болған көпшілік дәлізге шығып демалуға басталды. Үлкендер жағы теледидарға телміріп, ел хабарын тыңдауға кіріссе, жасаңдау жағы шылым шегуге, Жайықты жағалап қайтамыз, деп далаға беттеді. Бабық болса ойда отыр. Теледидарға қараған боп, көзімен әлгі келіншекті іздей бастады. Ә, о да көп ұзамай Бабық отырған диванға кеп жайғасты.

-Замандас, сіз мені қағыттыңыз-ау. Неге ұрындыңыз, орынсыз ұрынған әйелдер көңілге қона бермейтін еді, ел қайдан,- деді Бабық диванға кеп құйрық баса берген әйелге...

-Есеңіз кетіп бара ма, әуелі отырып алайық та. Сосын кім екенімді өзіңіз тауып алыңыз. Мен сізді келген күні-ақ танығам,- деді жауабын беріп үлгерген әйел.

Қап, мына келіншек тағы жалтарып кетті-ау. Сайтан екен-ай, қайтсем екен, деген Бабық іштей ширығып отырса да, жай сөйлеуге бейімделді.

-Танығаныңызға рахмет, бірақ мен танымадым, айып менен. Ал ел-тұрағыңыз қай жақтан?- деген Бабық жанынан бет орамалын алып сүртінген кейіп танытты.

-Жасыңызға жетпей алжиын дегенсіз ғой. Еркек қой ісегінде қартаяды, деген,- деп тағы бір қойды келіншек.

-Қап, мына бір суырылған келіншек түлкі бұлаңмен діңкемді құртады екен?- деп Бабық та әзілге әзілмен жауап беруді ойластырды.

-Шаршасаңыз...Шалдығып қаларсыз, қоялық. Миялыдан келдім. Баяғыда, 1963 жылы Гурьев пединстиутының физмат факультетінде бірге оқығанымыз қайда? Жібек, Шолпан, Жайсұлу, Дәметкен, Қайша, Ордалы, Тілкқабыл, Жанболсын, мен, сен, тағысын тағылар,- деген келіншек әңгімесін одан әрі өрбітті.

-Е, есіме енді түсе бастадың, кербез келіншек. Зыпылдап сөйлейтін ұзын тұра Мәнсия, қыртық бойлы Күміс деген болып еді группамызда. Сол Мәнсия сен болдың-ау,. Бірақ сен, жаңылмасам, Миялы жақтың қызы емес едің ғой,- деген Бабық оған ошарыла қарады.- Ал кел, қайта амандасалық төс түйістіріп, құшақ айқастырып дегендей.

-Құшағыңды да білмеймін, зыпылдағыңды да білмеймін, Мәнсияң мен, Махметова деген. Миялыға дәм бұйырғасын бардық та,- деген Мәнсия Бабыққа қолын ұсынды.- Қыз дегеніңнің бармайтын жері, баспайтын тауы бар ма?



Өмір шірімдері

- Ал күйеуіңнің, то есть шалың бар ма?- деп қалды Бабық.

- Күйеуім бар, шалым жоқ. Шал болайын деп пе едің? Күйеуім әлі шалдыққа жетпеген шымыр жан. 1945 - жеңіс жылы туған жайсаң... Атақ-жөні - Алпатанов Ұлықпан, бұрын Қызылқоға аудандық партия комитетінің екінші хатшысы боп істеген. Партия тарағасынан мектеп директорлығына ауысқан-ды. Қазір психологиядан сабақ беретін мұғалім,- деді Мәнсия жанұясы мен жан-жары жайлы.

- Иә, естуім бар ондай есімді. Жарайды. Хатшының қатынымын десейші. Қиындық көрмеген, кербез жүріп, кертіп ішкен келіншек сойынан екенсің. Сыланамын, сипанамын, деп баланы да аз туған әйелдің бірі шығарсың,- деді Бабық Мәнсияға сынай қарап.

- Қорықпа, Бабық, бала туудан да қалысқанымыз жоқ, тоғыз балам бар,- деді Мәнсия.

- Аямаған екенсің,- деп күлді Бабық.

- Аяйық, аямайық, болды ғой бәрі де. Несін аяймыз,- деп бір қойды Мәнсия.- Бәрін оқыттық, қатарға қостық. Қыздарды ұзаттық, ұлдарды үйлендірдік. Кенжетайымыздың өзі Атырау университетін бітіргелі жүр,- деді кеудесін аналық мақтаныш сезімі билеген Мәнсия.

- Тілекқабыл мен Жанболсын не істейді? Алты айдай ғана бірге оқыған мені ұмытпағаныңа қарағанда еске сақтау қабілетің мықты болды-ау,- деді Мәнсияға жаны разы болған Бабық.

- Құдай сенен сақтасын, кешегісін бүгін ұмытып отырған. Курстастарымыздың бірде-біреуін танымайтын шығарсың, Бабық-ау,- деді Мәнсия.

- Оны қайдан білесің? Оқуға бірге түсіп, студенттік дәуренді бастан өткергелі қырық жыл болды емес пе? Ешкімді танымайды деп мені кінәлама, сосын,- деді Бабық.- Ауылда Қайша, Алтын бар... Ордалы мен Дәметкен де Құлсарыға келіп тұрады.

- Солайы солай ғой. Бірақ бәрі күні кешегідей көрінеді де тұрады көңілге. Тілекең жақсы мұғалім еді, қайтыс болды, біраз боп қалды. Жанболсын зейнеткерлікке қалды,- деді Мәнсия күрсіне. - Өмір өтіп барады.

- Жакең үйлестіреді, жиырма бес жылдық стажбен қала салды. Өзім де зейнеткермін. Көп балалы ана ретінде қырық алты жасымда зейнеткерлікке шыққам. Содан бері де онның үстінде жыл өтіпті. Бірақ мектептемін әлі де. Он сағат көлемінде сабақ беремін,- деді Мәнсия тірлігіне риза кейіппен.

- Жарайды, дұрыс... Шаруаны үйлестірген әйел екенсің. Бұнда немен түстің?- деді Бабық ыңғайсыздау болса да сұрап қалып.

- Адамға айтар ауру емес, -деп күлді Мәнсия.

Қонаш Қалдыоразұлы

-Жарайды, өзің білесің. Әйелдің құпиясына қол сұғуға жайымыз жоқ,- деген Бабық тағы да кездесерміз деп орнынан көтерілді.

Бабық біраздан соң палатасына келіп, төсегіне қисайды. Оңашада ойға бөкті. Мәнсияның әңгімесіне жалғастырып Жайсұлуды, Дәметкенді, Ордалыны көңіл сүзгісінен өткізді. Бәрінің де шырайлы шығармаға арқау етер тағдырлары бар болатын. Шіркін зымыраған уақыт! Олар да алпыс асуға тақап қалыпты -ау. Қайда жүр екенсіңдер, жастығымның жайсаң күндерін азда болса бірге өткізген жампоз жандар. Ордалының Дәметкенді алып қашуы, Жайсұлудың газетке шығулары бір-бір хикая емес пе?

Ерболдың ерлігі

Әр палатада әрқалай адам жатады. Аурулар да әртүрлі. Мінез - құлықтары да бір-бірінен өзгеше. Соның ішінде №1 палатада өңкей жас жігіттер жатады. Жасынан олардың сырқатты болғанына, дертке ұшырағанына жаның ашиды. Әрқайсысы бір-бір үйдің асыраушысы, бір-бір елдің қорғаны болар кезде жандары күйзеліп, жүздерін мұң шалып жатыстары мынау. Қайран дүние-ай, қайырымсыз тірлік-ай. Қайда салса да қиып түсетін қайраулы қара балта шағында мынау жас жігіттердің тауы шағылып, тірліктен опа таппай, пышаққа түсу кезегін күтіп жатқанына не айтасың? Бәрі сол таланы қайтқан табиғат, ойраны шыққан қоршаған орта, ластанған су, бүлінген шөп, ауадан бәрі-бәрі адам ағзасына әсер етіп, жасын жасытып, үлкенін бүгілтіп мезгілінен бұрын азайып, ақыры азып-тозып таусылатын да шығар... Бабық мынау көкөрім жастарға қарап осылай ой қорытты. Құртылмағанда қайтеді қазағын, соңғы әзірде балалардың дүниеге келуі мүлде азайды. Әлдеқалай жарық дүниеге келген сәбилер шет ел асып сатылып кетіп жатыр. Жұмыссыздық жайлаған елде наркомандар мен аурулар түрі көбейіп барады. Елдің бірлігі мен тірлігі арасында алшақтық басым. Ат төбеліндей биліктегілер бай да жайлы тұрады. Ал қара халық ше? Айлығы шайлығына жетпей күн көрістің төмендігінен күйзеліске ұшырағалы қашан. Әлбетте, әлдеқашан әлем елдерінің алдына шығып кететін Қазақстан кейбір келімсектердің кесірінен кері кетіп, халқына үріккен қойдай тоғытып жоқшылық жүгенін кигізіп үлгерді. Алдымен халықтың малын жоқ еткен үкімет енді жерді алпауыттарға арзанға сатып, елді одан әрі тұралатып отыр. Осы бір келеңсіз жайларды көңілінде тербетіп, ой елегінен өткізген Бабық та жастарға қосылып әңгіме тыңдауға бейімделді. №1 палатадағы бесеудің бірі Ербол



Өмір иірімдері

деген жігіт екен. Орта бойлы, қою қабақ, қара торы келген кескінде жігіт. Көп жылдан бері жүргізуші болып істейді екен. Ал қазір қарынынан операцияға әзірленуде. Отыздың о жақ, бұ жағындағы жас береннің қарнында жара бар. Жас жігіттердің дені сол палатаға жиналыпты. Ауру азабын, көңіл мұңын әңгімемен, әзіл-қалжыңмен жеңуге бейімделген жастар қызу-талас әңгімеге кіріскенін қайтерсің. Бірінен бірі асырып айтады әңгіме дегенді. Сонда да өзгелер Ерболдың әңгімесін ерекше ықыласпен тыңдайды. Ербол да өзінің отыз жасында әрең үйленгені жайында хикаяны шабыттана сөз етіп еді. Жастардың жарасымды әзілі мен жақсы әңгімесіне Бабық та ден қойып, құмарлана құлақ түріп, тыңдай түсті. Сондағы Ерболдың айтқан үйлену жайындағы хикаясы мынау еді: Жаспын, жалынмын. Жиырмаға толған жалаңдаған жігітпін. Оңды, солды қарпып, қыз біткенге лақтырған құрығым дөп түседі, қармағым қапқыш. Алтын балықтар құмдауыт жағада жарқылдап аунап жатады. Содан не керек, қалада бір дөкейдің қызына үйленбек боп уәде байласқам. Бір күні барлық жағдайды ата-анамның алдында айтып, қашан әкелейін деп сөздерін күттім. Әке-шешем бірден ыршып түсті, қатты қарсылық етті.

- Мал сауа алмайтын, от жаға алмайтын, қарттардың бабын таба алмайтын, бала тапса баға алмайтын, қылығымен ауыл-үйге жаға алмайтын, қасқырдай қанша бақсаң да орманына қарай алаңдайтын шөп желке қала қызын қалайша келін қылып қарық боламыз. Өзің ойланшы, балам. Риза болсын десең бабаң, әкең мен анаң, апаларың мен ағаң, бізді мәңгі асырап келе жатқан далаң, сондай селкілдеген сөлкебай қыз селоңнан да табылар. Бізді тыңдасаң оған алаң болма,- деген ата-ана азар да безер болды. Ауылда имани тәрбие алған сорлы басым әке-шешені тыңдамасқа бола ма?

-Дегендерің болсын, ата-анам. Алайда, ауылда мен туралы өсек өріп жүрмесін,- дедім де жұмысымды істеп, тамағымды ішіп жүре бердім. Көңілім қалаған қала қызы қарайлай-қарайлай көзі талған шығар, не мен хабарласпағасын жалыққан шығар, көзге көрінуді қойды. Ол сонымен өтсін. Тағы бірде мынадай қызық болды.

Арада жылдар өтіп, жасым жиырманьың төртеуіне де толды. Талай тұстастарым үйленіп, үй болып, қызық көріп, бала сүйіп, дегендей мәресәре өмір сүруде. Сол жасымда тағы бір қызды келін ғып әкелетінімді айттым. Бұ жолы да ата-анамның алдынан өтейін, қыздың жай жапсарын айтайын, деген оймен өзімше әңгіме бастап, болашақ келіндерінің ата-анасы жоқтығын айта бергенмін.

-Ат басын тірейтін құда жоқ болса, қалай болады, өзі? Балам соны ойладың ба,- деді ата-анам бұ жолы. Мен не дейін. Бірдеңе айтқым келеді,

Қонаш Қалдыоразұлы

бірақ үлкен кісілерге қарсылық білдіріп үйренбеген қазақ баласымыз. Алдынан кесе өтпейтіндігімізді біледі де ата-анам алдымды орап, ойымдағыны іске асыруға мүмкіндік бермейді. Соған ренжісем де үлкен кісілердің айтқан уәжіне тағы иліктім. Қимай-қимай қызыммен қоштасып, құдай алдында кінәм мен күнәм болса кешіре гөр деп мінәжат қып, тәубе еттім.

Содан жүріңкіреп қалдым. Қой үріккен жағына баспайды, деген, қызға беттемейтін болдым. Жүрегім қайтып, қаймығып қалғандаймын. Қыз көрсем қашқатайтын әдетке тап болыппын. Жас отызды орталай бастады. Зымыраған уақыт қашанда жеткізбейді ғой, жылдарға жылдар жалғасып өтіп жатты. Менің ойым, келін жайлы әңгімені енді ата-анамның өзі бастасын, деп жүрмін. Уф! Бір күні бұл әңгіме де басталды-ау. Соған дейін шыдағанымға өзімде таңмын.

-Біздің де өлер шағымыз болды, осы үйге бір шүйке бас келмес пе екен,- десті кемпір-шал бір күні. Бұрынғы екі қызды сылтау айтып, мін айтып алдырмаған ата-анама өкпем де жоқ емес еді.

-Өздеріңнен. Келін әкелейін десем тағы бірдеме айтып қала ма деп аңдысын аңдып жүрген жай бар, -дедім де қойдым.

-Ой-бұй, жарығым-ай, саған қарсы болып не істейік. Көріп отырсың ғой біз үшін тірлік тұтқасының қиыны кетіп барады, - деді анам. -Осы үйге ие болар жан келсе, төрт қабаттап төсек салып жатар едім. Әй, отағасы, сенде бірдеңе десейші. Әкем айқаныңның артығы жоқ, ата-ананы ойлар бала әлдеқашан келіншек алып, қуантпай ма, деді де қойды. Ата-анамның анық шаршағанын, бір келін керек екенін ұқтым. Содан бастап әйтеуір, бір күні деймін-ау, бұл істің де сәті түсті-ау. Ақтөбенің Кеңқияғынан бір қызды алдым да келдім. Келін келген ауыл қашанда абыр-сабыр ғой. Машинадан түсер-түспесте әйелдер келінді қолтықтап ортаға алды. Бірнеше әйел шымылдықы алып келеді. Баяншы жігіт баянын безілдетіп әнге басты. Бір әжеміз салт бойынша келіннің басына ақ шархат жауып әлек. Бойы сұңғақ болатын қызымның. Бәкене бойлы әлгі әжеміздің бойы жетер емес.

-Әй, бәтшағыр, бәріміз де келін боп сызылғанбыз, еңкейсеңші,- деді әжеміз амалсыз. Сәл жымыған келін тізесін бүгіп еңкейе берді. Менде ес жоқ, арсалаңдап, сойған қарсақтай күле берем. Бір уақытта барып әкем тұрған топқа беттедім.

-Әй, бала, келіннің руы кім,- деді әкем, басқа лаж таба алмай. Мен іштей мырс ете түстім.

-Тұра тұрыңдар, сәл,- дедім де келін боп, жаңа түсіп жатқан сыңарыма қарай зымырадым.- Жүгіріп барып сұрап келейін.



Өмір иірімдері

Туған адамдардың бірі күліп, бірі мүйіздеп, әжуаға айналдырып жатыр. Үлкендердің онысын құлағыма іліп жатқан мен жоқ.

-Адайдың қызы екен, әке,- дедім арсалаңдап қайтып келіп.

-Жарайды. Адайдың қызы болса бағың жанды, балам,- деген әкем риза болды ғой деймін, келіннің маңдайынан үлкен басымен өзі барып сүйді.

-Сонда не, руын сұраған жоқпысың, -деді жарыса сұраған жастар-Шалғайда жүрген қарындастарыңның бірі болса қайтесің?

-Оны ойламаппын. Білмеген у ішеді деген, у ішеміз де. Бір қыздың да руын сұрағам жоқ. Оны қажет деп таппаппын ғой, сорлы басым. Ол жайында әкем мен шешем де ештеңе айтпайтын. Сол жаман екен, білмегенді айтам. Үйрету ата-ананың, үйрену баланың парызы болса керек...

-Қазір сол келіншегің бе?- деді шетте отырған қияңқы сары.

-Енді кіммен деп едіңіз? Шөп желке байдың да, ат байлайтыны жоқ жарлынының да қызы емес. Орташа күйі, жан-жағына сыйлы, аулына ардақты қайын жұртым бар, - деді Ербол бар шынын айтып..

Осы кезде әңгімеге шиқылдап сөйлейтін Шикібай араласты да Ерболдың әңгімесін жалғастырғандай бір хикаяны бастап кетті. Оның айтуынша өздері Қызылқоға ауданының Райгородок аймағынан. Руы Алтын-Жаппастың Алтын бөлімінен.

-Менің әкемнің ауылда Тынысбай деген құрдасы бар, -деп бастады Шикібай.-Бір күні соның үйі жағынан шаң-шұң, айқай-шу шықты. Орынсыз айтылған әңгіме сарыны құлаққа келді. Зәрлі сөз өкпеңнен өтіп, жүрекке жетіп, шекеңді шағып барады. Бұл не шу деп біздің үйдегілердің бәрі аңтарылып тұрып қалды. Тынысбай ренжісе, кейісе, ауылда менің ғана әкемнің айтқанына тоқтайтын.

-Бұл антұрғанға не болып жатыр, өзі, -деп әкем құрдасының үйіне қарай аяңдады. Әкемнің артынан білдірмей біз де ердік. Үйге жақындағанда байқағанымыз аула іші толы адам, бәрі абыр-сабыр. Аула сыртында бірді-екілі автокөлік көрінеді. Ол және автокөліктің тапшы уақыты.

-Әй, тентек, бұ не болып жатыр, не бүлдірдің, бұ не қылық,- деді әкем Тынысбай құрдасының босағасынан аттай беріп.

-Мынау не топыр, не айқай? Саған не болды түтігетіндей. Ел тыныш, күн ашықта қай жау шапқан, көрсет маған көріп алайық.

Әкемнің гүжілдеген зор дауысы қызыл кеңірдек керілдескенді де, айқайласқанды да сап тиды. Су сепкендей басылған тобырдың әңгімесінен жалпы жұрттың ұққаны мынау болды.

Жонаш Қалдыоразұлы

Тынысбайдың бірінші әйелі ерте дүние салады. Одан қалған бір ұл, бір қыз бөлек қашаннан, алыста тұрады. Балалар мен әкенің араласы аз, қатынасы қиын. Тынысбек екінші рет үйленіп, біраз балалы болды. Содан сол балаларының бірі кешелі-бүгін келіншек әкелулі. Ел болғасын кімнің қызы екен, төркіні кім екен деп сұрамай ма? Сұрай-сұрай қарын бөле шығады дегендей, сұрастыра келгенде босаға аттаған келін Тынысбайдың бәйбішесінен туып, бөлек тұратын баласының қызы боп шығады.

- Ойбай да ойбай, бай-байда, бай-бай, - деп жер тепкілеп, бетін жыртқан Тынысбай бұл жолы құрдасы- менің әкемнің де сөзіне тоқтамай, екі жасты түріп айдап, үйден қуып шықты. Содан бала мол кетті, ешкімге көрінбеді. Әкем де бұл оқиғаға байланысты құрдасы Тынысбайға батып ештеңе айта алмады. Тек: - Балаларым, қыздарым, абай болыңдар, жақыныңның ұрпағымен жарасып қалып жүрмеңдер, - деп сақтандыратын.

Ал Тынысекең бақилық болғанша баласын көрмей көз жұмды. Ру сұраспаудың бір қасіреті мен қырсығы осы, -деп Шикібай да әңгімесін тәмамдады.

-Емдеріңді алуға қамданыңдар, -деген мейірбикенің мейірімді үні құлаққа келді. Әркім өз палатасына қарай беттеп бара жатты...

Меңдібектің басынан кешкендері

Адам тағдыры тірлікте әрқалай қалыптасады. Біреу бақыттың балын татып жүрсе, енді біреу тағдырдың зарын тартып жүреді. Ал енді біреу тапқан бақытынан айырылып, тағдыр тығырығына тіреледі. Әлдекімдердің арбауына түсіп, пұшайман хал кешеді.

Салқын түскелі ауруханадағы тірлікте өзгерді. Әркім өзімен-өзі. Бүгін күн кешкірген сайын салқындық күшейе түсті. Жылы киінген сырқаттардың бәрі де Жайық жағасында жүр. Жайық бірқалыпты ағып, тірлік көшін ілгері тартып барады. Жайыққа телмірген жүдеу жандар жәудір көздері мен жадау жүздері қиналыстың, ажалмен арпалыстың кейпін танытады. Бабықтың көз алдына Меңдібек келді. Әлгінде сорпа апарып берген. Меңдібек әрең деп сорпаны ішкендей болды. Бірақ Меңдібектің тамақ ішкені Бабыққа ұнамады. Оның келгеніне екі апта өтті, одан да асып барады. Әлі ешбір ем ала бастаған жоқ.

-Босқа келдім, неге жатырмын,- деп ренжіді әлгінде Меңдібек өзіне - өзі. Бабық оны аяп кетті. Ренжитін де жөні бар, сырқаты қауіпті. Сұйық

Өмір иірімдері

сорпа, сүт, шай ішкені болмаса, оның қою тағам ішпегеніне көп болыпты. Өзгелер майлы етті, қаймаққа батырып нанды қарпып жеп жатқанда, Меңдібек шамалы сүт, бір-жар стакан шай, аз-кем сорпаны қанағат етіп, көзі мөлдіреп отыратынын көргенінде өзінен-өзі жүрегің бір түрлі боп қобалжи бастайды.

--Өткен айда 20 келі жоғалттым. Торсықтай жігіт ем, қазіргі сый-сыйқымды көріп отырсыз ғой, шырпыдаймын,- деді тағы бірде,- төзімім тозған, тағатым таусылды, бұдан да құдайдың алғаны жақсы еді...

Иә, тамақ ішпегесін адам азады. Ал тамақтан тамақ жүрмесе ол барып тұрған азап. Өлімнің қара басы деп осындайды айтатын шығар. Өзгелер әңгіме шертісіп, өзеуресіп, барын бөліп ішіп жатқанда Меңдібек өз-өзінен қорланып, көзі бақырайып отырса қайтер едің? Қайран, дүние-ай! Арыстай азаматтың аяқ астынан асқынған ауруға тап болып, жанын жеп дерт қажытып жатқанына жаның ашығанмен не істей аласың? Сенің қолыңнан не келеді? Сен түтілі білікті де білімді дәрігерлер ештеңе істей алмайтынын сезіп, емдеу ісін кешеуілдетуде. Әйтпесе, әлдеқашан емді бастап, күш-қуат беретін антибиотиктерді бере бермей ме? Не ештеңесі жоқ, арақтан азған, жаны тозған адам. Тіпті болмаса дәрігерге дәтке қуат деп берер қаржысы да жоқ. Әлбетте, дәрігерлер ары барып, бұндай адамнан ақша дәметпес. Бірақ, құр-аяққа бата жүре ме деген, өзі солай ойлап жатса қайтесің? Оның көбірек сөйлесіп, әңгімелесетіні Бабық. Өйткені, жастары қатар. Меңдібектің бір жас үлкендігі бар. Кешке салым далаға шықпаған Бабық Меңдібектің палатасына келді. Екеуі оңаша біраз отырды. Бір кезде оның өзі басынан өткен тағдыры жайында толғана сөйлеп, өзінен-өзі әңгіме басталып кетті.

-Мен бейбақ басымнан не кешпедім. Осы жасымда да көрмегенім бар ма? Қолымнан келмейтіні жоқ. Жаман қылығым - ақ көңілдігім, ешкімді қайыра білмейтіндігім. Бір сөзбен айтқанда иім жұмсақ, - деп бастады ол әңгімесін.- Ал қазіргі күйім мынау. Көріп отырсың, жаның ашитынын да білемін, аңғарып отырамын. Бірақ мен өзіме-өзім қылған адаммын.

-Неге,- деді Бабық аң-таң күйде.- Бірдеңе сұрасам, көңіліңе алмайсың ба?

-Түсіндім. Әйелің бар ма, жоқ па деп сұрап қаларсың. Сұрамас бұрын өзім айтайын. Өйткені, көп еркектер қашанда әйелдер туралы әңгімелегенді әдемі тыңдайды. 1985 жыл. Елде қайта құру, жеделдету жұмыстары жүріп жатқан кез. Атырауда бірдей шофер едім. Табысым да жаман емес. Күйлі, тұрмысым да сайлы.- Ол өз басынан өткен хикаяны қинала отырып бастап берді.-Ақтау қаласында бажаларым тұратын. "Екі аяқтыда бажа тату" деген сөз бар. Татумыз. Демалыс алып келсеңдерші, деп жүретін. Арқайын

Жонаш Қалдыоразұлы

отырып әңгімелесейік дейтін. Теңізге шомылып, Маңғыстаудың маңғаз даласын кезіп, тау-тасына өрмелейік дейтін. Содан жаз ортасы да болды. Ылғи да жылда демалысымызды жазда алатынымын. Не керек әйтеуір, сол сәтте демалыс алудың сәті түсті. Әйел, бала-шағаны ерттім де Ақтау қайдасың деп поезға отырдық та, тартып бердік. Әйеліме де керегі сол екен, қуанып кетті. Алақайлап, секіріп-секіріп алды. Кексе түйенің боранда құтырғаны жаман дейтін еді, әйелімнің балаша қуанғаны көңілге ұнай қоймады. Бірақ не жасайсың, өз қолыңды өзің кесемісің. Кессең қанайды. Бірақ кейде көңілге ой оралады. Әйелде бір бала қылықты кейде, бауырларын көптен көрмегесін сағынғаны да шын шығар. Аумалы-төкпелі ойларды, көңіл безбенінде өлшеген боп Ақтауға жеттік-ау. Бажаларым қуанышпен, құшақ жая қарсы алды. Бірінен -соң бірі, үш-төрт күн бойы армансыз "гулять" еттік. Күндер өтіп жатты. Күн сайын қыдырыс, теңіз суына шомылу... Жанға рахат, көңіл көтерліп сала берді. Қос қолтығыңда қанат байланғандай ұшып, көк жүзінде самғағың келеді. Бір күні бажаларымның бірі: осында қалсаңшы, жұмысты да, үйді де табамыз, бажалар болып бірыңғай жүрсек жақсы емес пе, дегені.

- Көрерміз, әлі де күн бар ғой,- дедім де қойдым.

- Көрермізді қой, жігіт шешімді болуы тиіс, лә десең болды, іске кірісеміз, - деп алып барады әлгі бажам.

- Бүгінше кідірші, - дедім ақыры. Бірақ көңілім біртүрлі өрекіп, мазам кете бастады. Бұ несі, дейім өзіме-өзім. Ішкі ойымның пайымдауынша: Осы әйелден шығып жүрген әңгіме емес пе екен, деймін. Суыртпақтап сыр тартып, әйелге айтып көріп ем, ойым оңынан шықты.

- Несі бар, қалсақ қалалық. Бәрі де көмектесеміз, - деп отыр ғой. Көмектесетін болса, қайта жақсы емес пе. Бәріміз бір жерде болып, бір-бірімізге бас-көз болсақ артық па?! Оларға ой айтқан, пікірлескен мен екені мен,- деді келіншегім.

- Менімен неге ақылдаспайсың, алдымен. Балалар не дейді? Елдегі туматуыстарға не дейміз,- дедім мен қатуланып.

- Апшыма, отағасы, бәрі сенің қамың. Әуелі бар шаруаны аналар арқылы пысықтап алып, сенімен сосын ақылдаспақ едім. Оған бола ренжіме, көкем,- деген әйел жуаси сөйлеп, тайқып шыға келді.

Әй, әйелдер-ай, айлакерсіңдер ғой. Сендердің қасыңда алпыс екі айласы бар түлкіде ойнап қалады-ау, ойнап қалады. Мені аймалап, әдемі әңгімесімен баурап, назды қылығымен арбап тастағандай сезілді. Мен не дерге білмей, тіл-ауызым маталғандай күй кештім бе, қалай келісіп қалғанымды өзім де сезбей қалдым.

- Япыр-ай, заман-ай десеіші. Өтті де кетті ғой. Сонау сол қайта құру



Өмір иірімдері

кезеңін айтам... Ол кезде арақтың көзі аз, қат кезі. Бас патшамыз М.С.Горбачевтың арақты аластап, дүйім дүниеге салауаттылық салтанатын орнатамын деп, жарғақ құлағы жастыққа тимей, ойран салып жүрген кезі. Бір күні бажалар біріге бас қосып, арақ дүкенінің аузын бағып, кезекте тұрғанбыз. «Кашпировскийден» қолымызға тигенін алып қайтпақпыз. Кезегім жақындай берген, енді қол созам деп тұрғам. Біреу арқамнан қақты. Жалт қарадым. Опыр-ау, нанайын ба, нанбайын ба? Шетпедегі немере ағайым. Көптен бері бірімізді-біріміздің көріп тұрғанымыз осы. Екеуміз айқара құшақтасып көрісіп жатырмыз. Жұрт аң-таң. Әсіресе, бажаларым.. Ауыздарын ашып қарап қалыпты... Сұрасып жатырмыз...

-Мынау бір жуатын көрініс болды-ау, өзі,- деді бажаларымның бірі. - Көлденең көк атты емес, көптен көріспеген, сағынысқан тумалар табысып жатыр ғой... Бұндайда не дейтін еді, ақ түйенің қарны жарылып, қарық болдық дейтін бе еді?

-Несі бар, жуылса жуылар,- деді ағайым. Сосын маған өзімсініп: неғып жүрсің бұл жақта, ағайын болып араласуды, тума болып табысуды, хабарласуды да қойып кеттіңдер ғой, - деп بازیнасын білдірді.

-Міне жігіт! Осылай болу жөні шығар,- деді ағайым сөзіне көңілі толған бір бажам.- Нағыз нарқасқа жігіт осылай-ақ болар.

-Ертең ауылда Еділбек ініңнің 40-жасқа толу тойы болмақ., іздесек таптырмайсың. Жүр кеттік,- деді ағайым ай-шайға қаратпай.

-Арақты қайтеміз,- деппін сасқанымнан.- Келінің де, балалар да осында еді.

-Арақты аузыңа алма. Ауылда жәшігімен табылады. Одан қам жеме. Келін мен балалар осында болса тіптен жақсы болды. Бәрін де, бажаларыңды да ала жүр,- деді ағайым.- Менің ырысымды ішпес, шақырып келтіре алмайтын қонақтар емес пе, бұлар?

Аға сөзі қамшы болды ма, содан бар бажа болып жиналып, Шетпеге тойға тарттық емес пе? Ауыл адамдары, ағайындар біздерді тым-тәуір қарсы алды. Той дүркіреп өтті. Ешкімнің көңілі қалған жоқ. Шетпеде шофер болып істейтін ағамның өз ортасында беделі биік, қадір қасиеті жоғары екен. Ағайындары мен ауылдастары, жерлестері мен жолдастары бастарына көтерді інімді. Менің өзім де, бала -шағам да, бажаларым да бек риза көңілдерін айқын аңғартты. Кенжетайыма ағайым тай мінгізді. Бергенді қойсайшы, қабағы ашылмай жүрген келіншегім осы сәтте ғана жадырағандай көрінді.

Адам тағдыры деген қызық. Тоқсан тарау сүрлеуден тұрады. Сол сүрлеудің біріне түскен біреу ілгері кетіп бара жатса, екінші біреу еңіске

Жонаш Қалдыоразұлы

құлап келе жатады. Кейде бір сүрлеу сенің өміріңді аяқ астынан, кенеттен өзгеріске ұшыратып, таңғаларлық жайға тап қылады. Менде сондай сүрлеу соқпақ үстінде тап болған тосын жайға әлі күнге өкінемін.

Той бітіп, ағайын-туыс боп, арқайын әңгіме құрып, шай ішіп отырғанбыз.

-Мен бір тілек айтайын деп отырмын,- деді ағайым.-Оны және ініме бағыштағалы отырмын. Арамыз алшақ тартып біраз жүрдік. Араласпасақ ағайын жат, деген, бірге болғанымыз жөн. Менің тілегім- інім, осында карьерге жұмысқа қалғын. Карьердің бастығымен сөйлестім, келісті. Осында бір механик шал бар, 5-6 айдан соң зейнетке шығады. Әзірге оның қасында үйренуші боп жүре тұрасың. Арызыңды қазір-ақ жаз, қол қойдырып келейін.

Ақтаулық бажаларым да, әйел, бала-шағам да аң-таң. Олардың ойы өздерімен бірге қалдыру. Ағайым өзімен бірге болғанды жөн көреді. Мен бәрінің де көңілін қалдырғым келмейді. Өз сенімімді нығайта түссем деген оймен: - ал үй қайда? дедім.

-Үйден қам жеме, табылады,- деп ағайым айқын айтты. Сөйтіп отырғанда ағайым үйіне жуандау қарынды, қасқалау басы тершіген, орта жастан асыңқыраған азамат аға келді. Бұл осындағы карьердің бастығы екен. Издегенге сұраған, деген осы.

-Үй табылады. Одан қам жеме, бауырым,- деді бастық. Ағайымның қолынан арызымды алды да, жұмысқа қабылдансын, деп бұрыштама соғып берді.- Үй керек болса, міне, кілті. Содан төрт бөлмелі үйдің кілтін қолыма ұстатты. Біз бәріміз аң-таңбыз. Әйелім де әлі ештеңе деген жоқ. Бажаларым да үнсіз. Бәрі де: өзің білесің, деген сыңайда отырғандай. Оңашалап әйеліме ақылдасып ем, өзің білесің, деді де қойды.

-Атырау мына тұрған жер емес пе? Ініңмен қосып және бір машина беремін, көшіп келесің, - дегені бастықтың. Ағайым айтып, көпшілік ұйғарғасын көндік. Көп ұзамай көшіп те келдік. Жұмысқа жедел кірісіп те кеттім. Бірақ көмекші механик боп жүру көңіліме ұнамады. Бос жүрісі көп. Ал жауапсыз, бос жүріс адамды аздыратыны ақиқат. Қарын тоқ, көп жұмыста жоқ. Арақ дегенің судай сапырылады. Өзгеге қат арақ, карьердегілерге табылғыш. Өзінен-өзі өніп, ағып жатқан бұлақ іспетті.

«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын», деп дана Абай қалай дәл тауып айтқан дейсің. Ғажап сөз ғой. Бәрі өмірден алынып, сынадай кірігіп, сенің санаңа әсер етер әсерлі сөз емес деп қалай айтарсың... Мен дәйліп кетуге қалдым.

-Мына жұмыс маған мүлдем қол емес екен. Нақты жасайтын жұмыс керек.- Көңіліме түйген ойымды жинақтап бір күні бастыққа баян еттім.



Өмір иірімдері

Оңашасын тауып оның кабинетіне кірдім.

-Жарайды,- деді бастық.- карьерде үш комбайн бар. Екі-үш жылдан бері бұзылып, жұмысқа қосыла алмай тұр, соларды жөндеуге кіріс.

-Жарайды, онда, қасыма көмекші бер, қарап көрейін,- дедім мен де, құлшыныс танытып.- Қасыма бір жас бала-жігітті берді. Екеуміз кілт-құралдарымызды алып, анадай жерде алқа-салқа боп қарайып тұрған, қалқайып сұлбасы қалған комбайндарға бет алдық. Әуелі не керек, керекті бөліктердің тізімін шығарып, бастық алдына апардық.

-Іздеңдер, табыңдар. Бұндай комбайндар тетігі қай жерден шығады, біліңдер,- деді бастығымыз.

-Қажетті тетіктер іздеп Грозныйға барып келу керек шығар,- дедім бастыққа.

-Барғын, жол қаражатың мол болсын, жеткілікті етіп алып кет,- деді бастығым.

Грозныйға екі мәрте барғанмен, ол-пұл ұсақ-түйек құралдар әкелгенім болмаса, өнжеулі ештеңеге қолым жетпеді. Ауылға оралған соң комбайнға қажетті тетіктердің сызбасын өзім дайындап, қағазға түсірдім. Қосалқы бөліктер мен детальдарды қолдан жасауға кірістім. Ақыры екі аптада үш комбайнды да жөндеп, бітіріп, қатарға қостым. Комбайндар тас кесу жұмысына кірісіп те кетті. Еңбек өнімділігі артты. Карьер табыс көзін молайтты. Бастығым да, басқасы да дән риза. Бастық алғысын айтып, қосымша сыйлық та беріп қойды. Бұған келіншегім де, балаларым да қуанып қалды.

Бір күні бастығым тағы да өзіне шақырды. Бардым. Кабинетінде көп ешкім жоқ екен.

-Қызанда да осындай бір комбайн көптен жұмыс істемей, істен шығып тұр, соны жөндеп қайтуға жұмсайын деп отырмын,- деді бастық бірден әңгімеге көшіп.- Көп кідірмей, жол пұлдарыңды алып жүріп кеткендерің жөн.

-Жарайды,- дедім мен орнымнан көтеріліп. Қасыма көмекшімді ертіп, кілт-құралдарымды алдымда жолға шықтық. "Жазған құлда жату жоқ" деген, мен де бір тіл қату деген болсайшы. Қолымнан келсе жұмыс жасап, жанұямды, бала-шағамды асырауды басты мақсат санаймын. Бірақ бар қасірет осы жолғы сапардан басталды. Мен комбайнды тез жөндеп, ходка қостым. Жүріп көрейін деп рөлге өзім отырмаспын ба? Мезгіл түс әлеті болатын. Күн ыссы, тамып тұрды сол күні. Әркім әр жерге көлеңкелеп, демалысқа жайғасқан. Алдында ғана Қарақалпақстаннан келген бір жігіт бар-ды. Жұмысшы боп орналасқан-ды. Демалмақ боп карьердегі

Қонаш Қалдыоразұлы

комбайнның жолына қисая кетіпті. Мен оны көрмедім де, байқамадым. Жүрісін байқайын деп газды баса түстім. Комбайн заулап келеді. Комбайнның жөндеуден жақсы шыққанына жаным сүйсінді ме, газды бассам қарқын ала берді. Тасты сандық -сандық етіп тіліп келем. Бір сәт жол бойында жатқан әлде бір қарайғанға келіп қалыппын. Тежегішті басып, жүрісті бәсеңдетуге мұрша да, мүмкіндікте болмай қалды. Қарасам әлгі қарақалпақ жігіті, әп-сәтте адамды да турап-турап өте шықтым. Шыңғырған даусым жер жарып жанталастым. Бұл көрініске куә болған жұртта шулап қоя берді. Әбден бәрі апа-сапа болғанда комбайн кідірген екен. Есім кеткендіктен не істерімді білмей өкірдім, өкіндім. Одан не пайда, болар іс болды. Амал который, істегеніңді мойныңмен көтеруге тура келді. Күнәнді көтере білу, мойынға алуда азаматтық, жігіттік екен.

Содан тергеу, тексеру басталды. Бәріне өзім кінәлімін деп азар да безер болдым. Ешкімді араластырғым келмеді. Менің қателігім үшін біреулер бейкүнә күйі тиіс емес қой. Осындай комбайн ұлан байтақ КСРО көлемінде 43 карьерде бар болып шықты. Соның бірде біреуінде бұндай сорақы оқиға болмағанға ұқсайды. Рас, комбайндардың таудан ұшуы, адам іліп кетуі болған іспетті. Не керек жеті ай тексеріп, тергеді ғой. Ақыры үш жыл шартты жаза алып, Ақтаудың түрмесінде өтеуге тура келді. Атырауым алыста қалды. Аңсап келген Ақтауым азапты тірлігімнің тұтқасына айналып, жанымды жегідей жей берді. Бәлен жерде алтын бар, барсаң алтын түгілі бақырда жоқ, деген. Бір өкініш өзегемді өртеп, жанымды күйдіре берді. Мен неге біреулердің айтқанына көніп, осында қалдым екен. Енді жан жарым мен бала-шағамның жайы не болмақ? Енді елдің бетін қалай көремін? Ағайын арасында адал, Атырауымда ардақты жігіт ем. Ендігі тағдырым не болмақ? Бірақ, ер жігіттің басына нелер келіп, не кетпес, деген. Бәрін де көтеруге тура келді. Оданда сорақысын көтеруге тура келді. Әрине, менің жазалы болуым әркімге әрқалай әсер еткен. Соның ішінде менің жазалануым, ақыры сотталуым келіншегім Бұлданға басқаша әсер еткен сыңайлы. Сотталар күйеу сотталды, еркім өзіме тиді, деп еркінсіген әйел желігіп, ойына келгенін жасаған. Әйел желіксе әйлеңкес болады, деген шын екен. Балаларға да, басқаға да қарамай, жеңіл жүріс жолына түсіпті. Түрмеде жатқан маған бір келмеді. Алайда ауылдан келгендерден келіншегімнің не істеп, не қойып жүргенін жете біліп отырдым. Ақыры азғындыққа барып, аяғы ауыр болып, бала да туып алыпты. Арам баланы Аллада қолай көрмеген ғой. Ақыры азғын әйел дүниеге келген жазықсыз сәбидің де көзін құртыпты.

Мен мерзімім бітіп, түрме қапасынан бостандыққа шықтым. Бірақ өзім

Өмір иірімдері

өскен ұяма, шалқып өмір сүрген шаңырағыма бармадым. Ар санадым. Азғын әйелдің жүзін көргім келмеді. Менікі қисық па, жөн бе, соңынан айтарсың.

Бабық оның әңгімесін тыңдаудан жалықпады.

Ақ пейіліме, қолқама қол сұғып сұрқиялық жолға түскен әйеліме "жасаған жақсылығыңа рахмет" дедім де үй мүлкінен де еш пүлішкі алмастан Атырауым қайдасың деп тартып бердім деп жалғады Меңдібек әңгімесін.- Бұл 1989 жыл болатын-ды. Содан бері он үш жыл зымырап өте шықты. Осы жылдарда бір хабарласқанымыз жоқ. Балалардың бәрі келіп, әкелеп әңгімелерін айтып, аймалап, еркелеп кетеді, керегіңді жеткізіп тұрады. Сырттай бәрі де қамқорлап жүреді. Балалардың Маңғыстауда да, осы Атырауда тұратындары бар, әйел, сол Ақтауында. Рас, кейінгі жылдарда әкем, ағам, інім дүниеден өтті, бәріне де әйел келді. Оған қарсылық жасағам жоқ. Нем бар сөзімді шығындап, жүйкемді жұқартып. Ал осы жылдарда өзіміз бірде-бір ишаралсқанымыз жоқ. Бұл құпиям он үш жыл бойы ешбір пендеге тіс жарып айтылмаған-ды. Бүгін саған қалай айтып қойғанымды білмей отырмын, Бабеке. Реті адам арбайтын бірдеңең бар шығар. Әйтпесе... Меңдібек әңгімесін үзіп Бабыққа қарады.

-Е... адамды арбайтын қасиетіміз... иә, ондайымыз бар, -деп күлді Бабық оның сөзіне қарай.- Адамдардың айттырмасын айттырамыз. Кей кісі жан сырын қалай айтып қойғанын өзіде білмей қалады.

-Расында да,- деді Меңдібек,- бірдеңіңіз бар шығар. Манадан қанша әңгіме айттым, үнсіз тыңдап, көңіліңізге түйіп отырсыз. Әңгімені тыңдай білуде өнер. Әңгімеде тыңдайтын кісісіне айтылады. Өзіңізбен әңгімелескелі біраз жеңілдеп қалған сыңайлымын.

-Оның сенемін, рахмет,- деді Бабық,- ал мынаны көңіл сарасынан өткізіп, айта аласың ба? Бүгін мынадай жағдайдасың. Қасыңда қабағыңа қарайлап, көңіліңді аулайтын, ас-суыңды даярлап, көңіліңді бөліп әңгіме шертсетін, ертең операция жасалып, шыға қалсаң қамқорлайтын бір пенде керек емес пе? Соның ішінде әйелдің орны өзгеше-ау, Мекесі. Мәселен, менің келіншегім Айсұлу үш айдың үстінде қасымда қамқор боп, менімен бірге ауырып, азап шегіп, жаны қалмай қызмет істеп жүр. Оған мен шын жүрегімнен дән ризамын. Осындай әйелді маңдайыма тап қылғанына тәңірге тоқсан мәрте тәубә деумен жатамын.

-Әрине, Бабық, жұрттың бәрі сенің келіншегіңдей сезімтал да сенімді, сергек, жаны таза, жүрегі пәк, көңілі кең, пейілі ақ болып келе ме. Ондай әйелдер ілуде біреу-ақ болар. Бәлкім, сенің келіншегің бақытыңа солай боп тап болған шығар. Оған менің дауым жоқ,- деді Меңдібек. Жанарын көлеңке шалғандай жүзі мұңды көрінді. Одан әрі ол әңгімесін былай

Қонаш Қалдыоразұлы

жалғастырды: әйелдің бұзылуы, әуейі болуы оңай. Соның ішінде әйел өсекке ермеуі тиіс, араққа үйір болмағаны абзал. Ондайдан құдай сақтасын. Мен бұны қазақтың қай әйеліне де айта алар едім.

Тағдырлар... Тағдырлар... Талайды түп-тұқияннан әкеліп табыстыратын да, талайдың арасынан алшақ тарттырып алыстататын да талайлы тағдырлар. Адам өз тағдырымен ойнауына болмайды. Әлбетте әр адам өз тағдырына өзі кінәлі. Оған Меңдібектің шын көңілінен шешіле айтқан әңгімесі куә.

-Өкпе ауруға рас, күтім керек, күту үшін түгін керек,- деген Меңдібек күлгендей рай танытып орнынан тұрды.

-Меңдібек,- деді қатарласа орнынан тұрған Бабық әзіл-шыны аралас тағы бір әңгімені бастап.- 1989 жылдан бері әйелден жырақтасың. Бірақ етегіңе намаз оқып жүрмеген боларсың.... Былайша айтқанда... дегенім ғой... бел суытатының бар шығар...

-Е, еркек болғасын, онсыз бола ма, әрине, бар,- деді Меңдібек нық сенімді үнмен.- Алам десем болды, қазір-ақ келгелі тұрған келіншектер жоқ емес. Бірақ үйленсем, бала-келін, қыз-күйеу алыстап кете ме деп алаңдаймын.

Бабық барынша Меңдібек тағдырына сергек қарағанмен, көңілінде күпті жайлар қалғандай еді. Халықта сөз бар, ақшаңды жоғалтсаң да, ақылыңды жоғалтпа, деген. Меңдібек ақылын жоғалтпағанмен, әйел алдында шалқая беру қалай болар екен. Ғаламдық тәжірибе тасқа таңба басқандай көрсетіп отырғанындай, қайткенде де жеңіс әйел жақта болады. Соны көп еркек түсінбей, өз тағдырын өзі тығырыққа тірейді. Кешірім сұрап кішірейген еркек есті еркек. Бала-бақытың болса, әйел- жақұтың. Оны жарқыратып ұстау, аялай білу еркек біткеннің ерекше қасиеті болуы тиіс. Бұны білсе де, түсінсе де Меңдібектің кежегесі кейін тартып, өзін-өзі кері кетіріп барады. Бұл жайларды іштей ойлаған Бабық палатасына беттеді...

Тұрлаусыз тағдыр

Бабық жарасын ауырсынғанмен шыдап жүр. Күндер мен апталар өтіп жатыр. Әлгінде жарасын таңдырып, ем-домын алып келген Бабық газет-журнал, кітап оқып біраз жатты да көзі ілініп кеткенін бір білді. Біраздан соң ғана оянды. Сергіп қалыпты. Біраз ұйықтағаны байқалады. Диспансерге күндегісін сан алуан адамдар түсіп, сан алуан адам дертіне дауа тауып шығып жатады. Соңғы аптада ғана көп адам шығарылып, көп

Өмір иірімдері

адам қабылданды. Операциядан ауыр шыққандар әбден айыққанша жата тұрады. Бабықтың да еті нашар болды ма, тіккен жері бітіңкіремей, әлі жатыр. Көп жатқан адам диспансердің өз адамындай бола ма, Бабық күндегісін түскен, шыққан адамдарды біліп отыратын болды. Әркімге назар аударып, жүріс-тұрысына, ауруының түріне зер салуды шығарды. Мына бір әйелдің бұнда түскеніне үшінші аптаға айналып барады. Ешкіммен етене араласпайды, етене сырласып, сөйлесетін де көп әдеті жоқ. Көп барып тұратын жері терезе алды. Жайық бетке, қала жаққа қараған терезелер алдына барып ұзақ тұратынын Бабық талай көрді. Өзімен-өзі бұйығы күйде палатасында отырудан жалықпайды. Кейде дәліздегі диванда ұзақ отырып, ой кешеді. Бабықтың құмарлығын арттырғанда әйелдің осы бір құпия қылығы, үнсіздігі мен үлпершектей сұлулығы. Бабық қалай әңгімеге тартсам екен деп әсіреңкі күй кешті. Қайткенде де бір құпия сыры болуы керек? Ешкім іздеп те келіп жатқан жоқ. Көңіліндегі сырын жасырары жоқ Бабық ол әйелмен сөйлесудің жөнін таппай көп жүрді. Ешкіммен етене емен-жарқын әңгімелеспейтіні де таңдандырды. Палаталас қыз-келіншектерменде тамақты бірге ішкенмен үнемі үнсіз, үндемей отырады. Ақыры Бабық о да сүйек-еттен жаралған адам ғой, сана-сезімі, түйсігі бар шығар деп ойлады. Оның үстіне ол әйелде ауыр операция алдында тұр деп естіген Бабықтың жаны ашып, дегібірі кетті. Іштей ажалмен арпалыста жүрген жан болды-ау, көбіне соны ойлап көңілі бұзылып жүр-ау, байғұстың деген бейтаныс келіншекке сырттай жанашырлық білдіре берді. Әйтпесе, өзінен-өзі іштей мүжіле берер несі бар еді?!

Оташылар бөлімінің дәлізі үлкен. О шеті мен бұ шеті елу-алпыс адым болуы мүмкін. Қазақша пайыммен айтқанда айналасы ат шаптырым аумақты алып жатқан дәлізбен Бабықтың ерсілі-қарсылы жүретіні бар. Сол дәліздің екі маңдайында екі терезе бар. Өздері көлемді. Аурулар екеуін де теледидар дейді. Өйткені, ол терезелерден сыртқы тірлікке, қала көрінісіне көз жіберісетін аурулар біраз жайға қанығады. Әнеки, мектепке, жұмысқа асыққан адамдар, балалар тірлігі көзге ерекше көрінеді. Бабық көбіне-көп әлгі әйелдің осы терезелердің бірінің алдында жағын сүйеніп тұрғанын көрер еді. Бүгін ол шығыс беттегі терезе алдында тұр екен. Күн әлдеқашан ауып кеткен, терезе көлеңке жақта. Бабық жай басып терезеге таман жақындап келеді. Сұңғақ бойлы, ашаң жүзді, сары өңді келіншек екенін байқады. Шашы да алтындай сап-сары, артына жинақтап бір байлай салған. Үстіндегі қызыл жібек халаты да шырайын ашып, жүзін келтіріп тұрғанын айтсаңшы. Ақша жүзін опа-далаппен одан әрі әрлендіре түскені өзіне жарасып-ақ тұр. Жасында хас сұлудың өзі болғанға ұқсайды.

Қонаш Қалдыоразұлы

Қазірде де қартайып отырғаны шамалы. Рас, бетіне түскен әжім, жанарындағы мұң оның реңін кетіріп, жүзін солғындандырып тұрған сыңайлы. Әйтпесе, талай тарланбоз жігіттердің есін алған, жанары жарқылдаған, жүзі жайраңдаған, көзі жайнаңдаған арудың өзі дерсің.

Қызыл тобығын жауып киген қызыл шұлығы әйелдің толықтау келген ақ балтырын одан әрі әйбәттандырып, көзге ұрып тұр.

-Сәлематсіз бе, атыңызды сұрасам айып етпессіз,- деді Бабық аса бір илтипатпен.- Еркектік құмарлық демессіз...

-Адамдар адамшылықпен ат сұрасса несі айып, еш қысылмаңыз. Атым Света,- деді келіншек жай ғана.

-Жанұяң, жарың, балаларың, жалпы өзіңіз туралы айтар ма едіңіз, әрине айып болмаса,- деді әңгімені жалғастыра түскісі келген Бабық.- Менің бір жаман қасиетім, осылай білгім келіп, әрнемені сұрағыштай берем...

-Қызық екен? Оның не керегісі бар, сізге?- деген Света Бабыққа тікелей қарады.

-Жай әншейін, әуестігім ұстап... Оның үстіне өзіңіздей көркем де келісті келіншек жөнінде көбірек білсек айып па? Артықтығы жоқ деп есептеймін. Оның үстіне, жалпы адамдар білісу, сөйлесу арқылы танысады емес пе? Өзің қалай ойлайсың, Света,- деді Бабық енді оны әңгімеге шын тартып...

-Солайы солай ғой. Тыңдауға жараса менің айтар әңгімем,- деп бастады сөзін Света.- Біреудің белгісіз сыры, тұрлаусыз тағдыры екінші біреуді, бейтаныс жанды қызықтырса жақсы ғой.

-Тыңдауға тырысалық. Тыңдамайтын болсам неге сұрадым,- деді Бабық,- әр адамның тағдыры бір-бір тарих емес пе?

-Жарайды. Мен бір құдай қарғаған адаммын,- деді сөзін одан әрі жалғап Света келіншек.

-Қойыңыз дейінші, шын айтасыз ба?-деген Бабық көркем келіншекке қиыла көз жіберді.

-Шын айтамын. Нанасыз ба, нанбайсыз ба, өзіңіз білесіз,- деп жалғады жан сырын Света келіншек.- Анам байғұс тағдыр азабын тартудай-ақ тартқан жан. Көргені қорлық, естігені зәбірлі де зәрлі сөз оны жасынан ашындырып, көңіліне талай дық салған. Соғыстан кейінгі, 1948 жылдар болса керек. Ел іші әлі соғыс зардабынан оңала қоймаған, бүлінген шаруашылықты қалпына келтіруге елдің бел буып, білек түріп белсене кіріскен шағы екен. Ондай күндерде де отқа күйген, тағдыр тәлкегіне ұшыраған адамдар аз болмаған. Соның бірі менің анам. Соғыс жылдарында түрмеде болып, не бір азаптың түрін көріп, қилы жайттарды басынан өткерген. Ақыры азап пен тозаққа шыдай алмаған жан анам ажалмен арпалыса жүріп, Гурьев түрмесінен қашып шыққан. Ешкім



Өмір иірімдері

білмес, таба алмас деген ниетпен қырға қарай, Жайық өріне қарай шығып кетіпті. Содан қырда қой бағып, қоғам малын көздің қарашығындай сақтап, қатар қоныстанған екі үйлі ауылға тап болады. Тек жүрсең, тоқ жүресің, дейді дана қазақ халқы. Бірақ анам байғұс ескермей тағы да тағылық күн көріске- ұрлыққа бой алдырады. Өзі де негізгі шаталғанда топтасқан ұрлыққа қатысып, тұтылған екен. Жақсылық жасап қондырған үйінің адамдарының адал көңілін арамдап, қолқасына қол салады. Қол салғаны емес пе, қамқор боп, ақ дәмін алдына қойған үйдің затын, киім-кешегін, тіпті матасына дейін ұрлап, азық-түлігін жымқырып, ақыр аяғында үйін өртеуге мәжбүр боп, аюандық әрекетке барады. Жақсылыққа жақсылықпен емес, жамандықпен жауап беруі-анамның азаптан азғандығы еді. Ұрлық түбі - қорлық, деген, сұғанақтығы үшін тағы тұтылыпты.

-Бұл қылмысты мен жасағаным жоқ,- деп тергеуде азар да безер болған анам ұрлығы мен үй өртегенін мойындамаған. Бірақ түрмеден қашқаны үшін мойнына жыл салып, тағы да түрменің тар қапас камерасына тығыпты.

"Күнсіздерге күн болған, жер жүзіне нұр болған, ұлы көсем" Сталин дүниеден өтіп, Хрущев таққа отырғасын жазалы болып түрмеде тұншыққандардың біразына жеңілдік жасалғаны белгілі. Содан 1957 жылдың ақырында елге оралған анам әкеммен табысыпты. Үйленген соң кідіріңкіреп барып, 1961 жылы КСРО-ның тұңғыш космонавы Юрий Гагарин аспанға ұшқан күні дүниеге мен келіппін. Жылдар өте әкем кенеттен дүние салды. Менен кейін анам тағы да үш қызды болған. Бүгінде олардың бәрі де жеке-жеке шаңырақ иесі. Күйеулері қойнында, төсектері салулы, балалары бағулы, оттары жағулы, бақыттары тасқан, қуаныштары асқан кездері. Нарықтық экономиканың кілтін де тапқан, бәрінің де бүгінде күйлері жақсы, тұрмыстары сәнді, өмірлері мәнді. Әрқайсысында бір-екіден автокөлік, бау-бақша, дүкендері бар. Тасыған табыс қалталарын қаржыға толтыруда. Бірақ өздерінен өзгеге қайырымы жоқ адамдарды ағайын-жекжат деуге бола ма?

Мен жасымнан сұлу да, сымбатты, көрікті де келбетті, сындарлы да, кербез жүрісті, келісті қыз боп өстім. Тал бойымда бір мін болмады. Ақ бидайдың ұлпа ұнындай ұлпілдеп тұрдым. Қыр гүліндей қылтиып, қызғалдақтай құлпырып өсіп, көзге түскесін-ақ ауылдың сері жігіттері тыным беруді қойды. Құнанша көзін сүзбесе, буыршын бұйдасын үзбес еді, деген, өзімнен де болды. Көп жігіттерді менсінбей, кердең басып, танауымды көкке көтеріп өте шығатынмын. Мен үшін қырық пышақ болып қырқысқандарын да, қызыл қан болып төбелескендерін де

Қонаш Қалдыоразұлы

қызықтап, өз есім кіріп, көңілдегі ойды, жүректегі сезімді миға жеткізіп, ой елегінен өткізетінмін. Ондайда: осы менің қылығым терісау, деп төңірекке түсіністікпен қарайтынмын. Төбелескеннен гөрі төрелескен мақұл, деп жігіттерді ақылға шақыратынмын. Бірақ бір-бірімен келісер деген менің ақ ниетім мен пейіл-пайымыма пішту деп қарамаған жігіттер жаға жыртысып, біріне-бірі кектесуден танбады. Аяғыма жығылып, киімін жыртып, өлемін, не сені өлтіремін, деушілер де табылды. Ақыры бұл істің арты насырға шабатын болды. Жігіттердің бірін-бірі жазым етер хаупі туды. Шырылдап, шыбын жаным шырқыраған менің шешімді өзім қабылдауыма тура келді.

-Ертеңге дейін мүрсат беріңдер, кімді қалайтынымды өзім айтамын, - дедім. Бір-бірімен жан аямай сүзісіп жүрген бұқа жігіттер бұған тоқтады. Бұл кезде мен он алтыға енді толар шағымда едім. Ертесіне ешкімге бұрылғаным жоқ, Николайдың етегінен ұстадым да еріп кеттім. Николай қарулы да қайратты, палуан пішінді, батыр тұлғалы нар жігіттердің бірі. Іске бейім, еңбекқор. Оны таңдауыма анам да себепші болды. Болашақ күйеу баласы көңіліне жақты. Бірден ұнатқан анам одан айрылмауымды өтіңді. Мен жан анамның тілегін қабыл етіп, өтінішін орындадым. Николай екеуміздің жас шаңырағымыз ілкі күннен шаттыққа толы болып, ғұмырымыз бақытты басталды. Біз оған қатты қуандық, алаңсыз өмір сүрдік. Қыз күнімде мен үшін қырық пышақ боп қырқысып жүрген жігіттердің дені енді Николаймен дос болып үлгерді. Бірақ Николайдың ғұмыры қысқа боп, өмірімді өкінішке толтырды. Бір балалы болған шағымызда оны көше қарақшылары ма, әлде мен үшін кек сақтаған біреу ме, өлтіріп кетті. Әлде әлдебіреудің арнайы тапсырмасымен өлтірілді ме, білмеймін? Әйтеуір құйрықты жұлдыздай ағып түсті. Біз аңырап қала бердік. Жайсаң қылық, жайдары мінез жігіттің қызықты басталған өмірі кенеттен үзіліп, бізді мұңға батыруы мені едәуір есеңгіретіп кетті. Біразға дейін есімді жия алмай, жаным құлазып, жалғызсырап жүрдім. Жүнжіп, азып кетуге айналдым.

-Шира, - деді бір күні анам қатқылдау, - сендей жұрттың қызы желегі ашылмай үйде отыр. Өзіңді-өзің жүдетпе, бекем бол. Сыланып-сипанып, киініп көшеге шық. Балаға алаң болма, білдің бе?

Ана ақылы да ақыл шығар деп, есімді жия алмай жүрсем де көз сүріндірер көркім күндей күліп көшеге шықтым. Табынушыларым табыла кетті. Бұл жолы Миша кездесті. Екі иығына екі ікісі мінгендей ер тұлғалы, еңгезердей келген аптал жігіт көрінді. Шашы да әдемі, бұйра-бұйра. Оның үстіне гитарамен тым-тәуір ән салатыны бар. Жаралы жаным, сызат түскен жүрегім, мұң басқан көңілім Мишамен бас қосқасын біраз жеңіл тартып

Өмір иірімдері

жүре берді. Азаптан абзал адамның ақ пейілі құтқарады екен. Мен Мишаның тірлігінен соны ұқтым. Ол мені азапты тірліктен құтқарып, тауға тартқан тура жолға салып еді. Миша екеуміз ел қатарлы өмір сүрдік. Үш балалы болдық. Бүгінде одан тапқан кенже баламның өзі он үште. Миша бір күні көшеде көлікке басылып өлді. Бұл не деген қатыгез тағдыр еді, деп еңіредім. Азабым арылмаған сорлы басым-ай, деп аңырадым. Етегім жасқа толып езілдім. Өзімді қоярға жер таппай есім кетті. Амал не, Алланың менің тас маңдайыма жазғаны солай болса, тұрлаусыз тағдырыма көнбеске не шара? Оғанда көндім. Тірлік тәубеге келтірді, өмірдің өзі көндірді. Бас білмейтін асаудай өректіген жанымды, тулаған жүрегімді бастықтырып, бас идірді. Уақытқа тоқтау жоқ, қарсы тұруға болмайды. Ақыры Мишаның жылдық қадесін берісімен Павелмен бас қостым. Төрт бірдей тіркемелі- балам бар. Оларды қалай тәрбиелеймін? Өзіме тірек, балаларға тәлімді тәрбиеші болар үйге бір еркектің қажеті анық деп жүргенде тапқаным Павел. Ол іскер де шебер жігіт боп келді. Бірақ жаман қасиеті- арақты көп ішеді. Күнделікті тағамы іспетті. Арақ ішпесе тірлік ете алмайтын сыңайлы. Ақыры арақ оның түбіне жетті. Арақтың кесірінен бұрқыраған боранда, ақырған аязда далада қалды. Үсікке шалынып, ғаріп болды. Бүгінде қол -аяғы шала жасайды. Енді бірінші топтағы мүгедекке айналды. Үйден шыға алмайтын халге жетті. Көрінім жерге жүруден қалды. Пеш түбінде отырғаны отырған. Одан бір ұлым бар. Он бір жаста. Сонда үш байдан бес балалымын. Бай әйел деуіңе болады. Бірақ бәрі керісінше. Маған деген тағдыр дөңгелегі кері айналып, арманым мен мақсат мүддемнің быт-шытын шығарды. Ақылымнан адасқан жандаймын бүгінде. Ештеңеге зауқым жоқ. Көңілім пәс. Әрнемені бір айтып басыңызды ауыртқанда балалармын-ау, ғафу етерсіз.


-О не дегеніңіз, Света-ау, айтқасын толық айтқаныңыз жөн,- деді Бабық.- Мен де әдемі әңгіменің дәміне құштар болып қаламын ғой...

-Қайдағы әдемі әңгіме, айтып отырғаныңыз. Өксікті өмірдің қай жері әдемі, Сіз не деп кеттіңіз, -деп Света бұлтиып қалғандай көрінді.

-Жоқ, мені де дұрыс түсініңіз,- деп тайталасты Бабық.- Әңгіменің шегі осы сәтке жетіп жығылуы керек қой дегенім ғой.

-Жарайды, көңіліңізге алмай-ақ қойыңыз,- менікі жай әншейін ғой,- деді Света әңгімесін әрі өрбітіп.- Анам болса өткен жылы дүниеден өтті. Тірегімнен айрылдым. Анам барда бәрі де жақсы еді. Қазір жағдайымыз жоқ. Күйеуіміз кетті десе де болады. Коля мен Мишадан туған балалардың үшеуі бірдей түрмеде. Қалған екі бала жас. Өзім жұмыста жоқпын. Үш сінділімнің қайыры жоқ адамдар екенін анық білемін. Әлі бірі халімді білуге

Жонаш Қалдыоразұлы



келген жоқ. Сонда мен кімнен көмек күтіп дәмемін. Ешкім келмейді, қайтемін сорлы басым. Өзіме болмаса, кімге өкпелеймін. Қатал да тұрлаусыз тағдырыма налимын. Ал жас қырықтан енді аса бергенде мынадай ауруға тап келдім. Бұ да маған Алланың жіберген зауалы іспетті. Операция жасатуға ақша-қаражатым да жоқ. Оны алар жер қайда, кім береді? Жанымды қатты қинап жүрген жағдайсыз күйім де сол. Артыңнан біреу елеп келмесе, сенің бар екеніңді білмесе күнің қараң екенін көңіл сезеді. Бірақ не істерге амалым бар. Не күйеуіңнен, не балаларыңнан, не бауырларыңнан қайыр болмағасын мен қиналмағанда, мен қайғырмағанда қайтем. Бұл дерттен тірі қалам ба, жоқ па, бір Алла біледі. Ажалдан аман қалып, қатарға қайта қосылсам итшілеп болса да күнімді көріп, тірлік етермін-ау. Жатсам-тұрсам жаратқанға жалбарынып сұрарым да, бар тілегім де ажалдан аман қалуым. Кермек дәмі көп болса да тірлік тәтті, өмір сүргің келеді. Өйткені, сен өмір сүру үшін тірлікке адам боп келдің. Сол менің басты мұратым, мақсатым да. Тұқымымызбен азапты ғұмыр кешуді пешенемізге жазды дейсің бе, көп бейнеттің бір рахаты болар деген үкілі үмітім де жоқ емес.

-Дұрыс айтасыз, Света, адам үмітінен айырылса адамдығынан, азаматтығынан ада болары ақиқат, -деп ой түйді Бабық,- үміт үзілген күні өлгенің емес пе?

Света әңгімесін тәмәмдап палатасына баруға бейімделді. Басын төмен салып, құнысқан күйінде ол кетіп барады. Бабық болса терезе алдында әлі тұр. Терезе алдындағы топ ағашқа қарқылдап келіп қарғалар қонды. Олардың өз қызықтары өзінде іспетті. Қара қарға қалбағай, қайдан келдің жалпылдап, кімге ажал арнап-ай, сөйлеп тұрсың қарқылдап, - деген Бабық көңілін тағы да ой билеп, ілгері жетелей берді.

* * *

Арада өткен күндердің күйбең тірлігі көңілге әртүрлі ой оралтып, Бабықты мазалай түсті. Міне, қараша айы да аяқталып келеді. Күн әбден салқын тарта түсті. Диспансердің ішкі жылу жүйесі әйтеуір толық ауыстырылып болып, бас дәрігер Бекшембайдың да көңілі бірленген сыңайлы. Палаталар жып-жылы, сырқат жандар да бұған аса риза. Күн сайын бас дәрігерге ризашылықтарын білдіріп жатады. Бабықтың Таңат есімді немере інісі бар-тын. Кеше сол келіп кетті. Ауылдан көптен келген адам болғасын ба Бабық құшағына алып інісімен ізетті амандасты.

-Кеше бір тойға келіп едік, сосын саған соға кетейік деп, - деді інісі. Бұл сөз Бабықтың көңіліне келіп қалды. Сонда тойға келмесе келмей ме екен, деп ойлады іштей. Жанашыр інісінің сыйқы осы болса, жараған екем тумаға деп күйзелді Бабық. Төрт ай бойы төсекке таңылып жатқанда бір келмегені

Өмір иірімдері

інінің інілігі ме, бұл деп режіген Бабық оның "саған соға кетейік" деген келісімсіз сөзіне де іштей ренжіді. Екі мүшел кіші болса дағы інісінің сөйлеу мәдениетін білмейтіндігіне налыды. Қайран ағасы Жаппархан көңіліне оралып, көз алдына келді. Ол болса ғой, әлдеқашан келіп, алдымен шабары ақиқат. Бірақ бүгінгі жастың тәлімсіз тәрбиесі де сол қайран ағаның жоқтығынан болар деп ойлаған Бабық інісімен көңілсіздеу қоштасып, қала берді. Інісімен қоштасып жоғары көтеріліп келе жатқан Бабыққа Света қарсы ұшырасты.

-Жол болсын, көркем келіншек, жағдайың қалай,-деді Бабық Светамен жылы амандасып.

-Жағдайдың несін сұрайсыз, жылағандай. Бауыр қалыпқа келе алмай жатыр,-деді Света мұңды жүзін төмен салып.-Ертең тағы тексереді, операция жайында сосын сөз болады.

-Жарайды, бекем болыңыз, бәрі де сәтті аяқталсын- деген Бабық жоғары көтеріле берді.

-Рахмет, айтқаныңыз келсін,- деді Света төменгі қабатқа түсіп бара жатып.

Ауырмандар, адамдар, ауырмандар!

Күн өткен сайын ел арасында қиын жағдай қалыптасып, ел ішінде ауру түрі көбейіп барады. Бұл нағыз хас масқара. Үлкеннің де, кішінің де денесін ісік жайлаған, ағзалары бүлінген, қан құрамы бұзылған. Өне бір 80-90-ға келген ақсақалдар, әжелер ауырса бір жөн. Ал ана бір қыз балаға не жоқ. Кіп-кішкентай қыз балаға кеше ғана операция жасалды. Қолы барып дәрігерлер балғын қыз денесін қалай кесті екен. Жас қой, жазылып кетер. Ләйім, солай болғай. Жастығы шығар. Бүгін орнынан тұрып дәлізге шыққан қыз кеудесін қымтаңқырап, әрлі-берлі жүріп жүр.

Япыр-ай! Дененің әр мүшесін жайлайтындай бұл ісік дегенін қайдан, қалай пайда болады екен? Осы жағын көп ойлап, шешуін таба алмаған Бабықтың басы қатты. Сіз айтыңызшы, біздің елімізде медицина әлсіз емес пе? Жоқ дейсің ғой, оның құдіреттілігіне шек келтірмейсің ғой. Иә, солай! Бәрімізде солай ойлаймыз? Бірақ...? Бірақ соңғы жылдары қиыр ауылдарда, жұмыс орындарында дәрігерлік қызметтің ойсырап әлсірегені рас. Жабуды жаба тоқып, ескі әдіспен емдеу, істен шыққан құрал-жабдықты пайдалану, дәрі-дәрмектің сапасына көңіл бөлмеу орын алып отыр емес пе?! Оның үстіне, табиғаттың тарымшылығы, ластануы, қоршаған ортаның бүлінуі, жұтар ауамыз бен ішер суымыздың

Қонаш Қалдыоразұлы



жарамсыздығы, сапасыздығы тағы бар. Ішер асымызды айтсайшы. Улы шөп жеп, улы су ішкен малдың еті мен сүті қайбір таза болсын. Улы сумен суарылатын жеміс-жидек, бақша дақылдарында жоғары сапа қайдан болсын? Осының бәрі біздің өмір сүру деңгейімізді төмендетіп, денсаулығымызға күллі зия келтірмей ме? Негізі де, шындығы да солай шығар деп ойлауға әбден болады. Табиғат- ананың ажары кетіп, тозды. Сұлулығы мен сымбатынан айрылып, азды. Ал оны тоздырған да, аздырған да адам. Өйткені? Адамдар бүгінде хайуаннан да жабайы халге жетті. Қай адам да дөрекі де мәдениетсіз боп барады. Олар табиғатты аялау емес, бүлдіруге құштар. Неге? Неге Бабық жауап таппай қиналды. Жалғыз Бабық емес, бұның жауабын ешкім әлі таба алар емес. Жауабын ешкім де таппайтын шығар. Бұл жолда әлем жұртшылығы алаңдап, күрескенмен нақты жолын таба алмай, талайлар сандалуда, басы қатып, миы ашуда.

Еліміз таза ауадан, таза судан, таза табиғаттан ада болғалы қашан? Күллі республика көлемінде бір сау жер жоқ. Арал апаты- адамдардың мәңгілік қасіретіне айналды. Арал азабын қаншама адам көріп отыр десеңші. Сол Аралдың азабын тартпай отыр ма, тартып отыр. Жел шығыстан соқса болды Жылыой жұрты азаптың астында қалады. Ақ мұнарланып тұз ұшқындары жауа бастайды. Уланған, тұздалған шөп малды қайдан оңалтсын. Әсіресе тыныс жолдары, қолқасы, жүрегі ауыратын адамдарға аса қиын.

Ал жөнді-жөнсіз ажал апаны атанып, зәр төгіп жатқан полигондардың зардабы ше? Кең байтақ еліміздің шығысында да, батысында да, орталығы мен өзге өңіріндегі адамдарға қасірет келтірер жабылмаған полигондар толып жатыр.

Міне, енді Атырау аймағында Теңіз кен орнының келтіріп жатқан кеселі, тарттырып жатқан азабы, адамдарға "сыйлап" жатқан ажалын айтсаңшы. Кеніште тау-тау боп үйілген күкірт, ауаға ұшып, жанып тұрған улы газдың қаншама залалы, қаншама адамды тұншықтырып, мезгілінен бұрын ажал құштырып жатқанына не дерсің! Қаншама көкөрім жасқа ауру әкеліп, азапқа салуда. Әйтпесе, заң институтын енді ғана бітіріп, әлі жұмысқа орналасып үлгермеген Айжангүлдің осы бір қызғалдақтай құлпырар шағында ауыратындай не жазығы бар еді!? Солай, айналайын, адамдар! Жасыңызға жетпей ауырып, ажал құшу не деген сұмдық еді? Ауырмаңдар, адамдар, ауырмаңдар, қорықпаңдар нөсерден, дауылдардан, қорқындаршы жүрексіз пенделерден, жар астында қатыгез жауың барда дегісі келді Бабықтың. Жан дауысы шығып бар әлемге жар салғысы келді.



Өмір шірімдері

Аялаңдар табиғат- анамызды,
Бақыт-байлық сыйлаған даламызды.

Ей, пенделер, сүй жерді, сүймесеңдер
Жұрдай болып бәрінен қаламыз-ды.

Бабық іштей осылай тебіреніп, назаланғанмен, сыртқа сырын шығара қоймады. Өйткені, оны тыңдар құлақ, естір пенде жоқ еді қасында. Әсіресе, Айжангүлдей өмір мектебіне ілігіп үлгермеген жауқазын жастардың азаптанып ауыруы, қатардан қалуы қандай қасірет-қайғы еді! Ал адамдар ауырмайын десе, ел жағдайы мен жер жағдайы бірдей құрдымға кетіп барады. Табиғатың талауға түсіп ту талақай күйге енді. Тапшылық пен жоқшылық етектен тартты. Жетпестік желкеден қысып, белең алып барады. Нарық заңының әзірліксіз кіріскен пенделерді қос өкпеден сығып, жанын көзіне көрсетіп, қан жылатқалы қашан!? Шіркін, тауы шағылып, сағы сынған адамдардың азары мен азабын айтсайшы! Бірін де бір мігір жоқ. Бәрікүнкөрістің қамы үшін ертеден кешке дейін азапты күн кешіп, тапқаны таңдайына татымай, кеш түсе ащ құрсақ балалары алдынан шығып, қоңырқай үйде қоңырқай көңілмен қоңырқай төсекке қисайып кеш батырып, таң атырады. Бұл осы ел егемендік алып нарыққа көшкелі көңілге орныққан көрініс. Ал бұндай азапты тірліктен қалай құтылып, бақыт құсы сайраған миуалы ғұмырға қашан қол жетпек? Оны ойап жатқан ешкім жоқ. Осы күні әркім бас-басына бір-бір би. Қоғам мүлкін қомағайлана қарпып қалғандар бір-бір бай. Міне, солай, сырласым. Бабық осылай ойға бөгіп, өзімен-өзі отырған бір сәтінде палатаға бас дәрігер Бекшембай бастаған дәрігерлер, Дауылжан мен Балзина және бір топ мейірбикелер кіріп келді.

-Ал ағасы, анализдеріңіз тәуір, тігілген жеріңіз де біте келді. Енді үйге шығуға болады. Бүгін Дауылжан керекті құжаттарды толтырса, ертең шыға берерсіз,- деді Бекшембай риза сезіммен.- Енді қайтіп ауырмаңыз.

-Жарайды. Рахмет бауырлар. Аз емес төрт айдың үстінде жаттым. Дәрігерлік талапқа сай емдей білдіңдер, еңбектерің Алладан қайтсын. Басында қиын басталған, қорқытқан дерт беті қайтып, ауылға үлкен сеніммен, сезіммен оралғалы отырмын. Жандарың жақсылыққа толсын.- деп Бабық бар ниетімен жүрек жарды тілегін білдірді.- Әрдайым осылай ұйымшыл боп, биіктен көріне беріңдер.

Жабырқап келіп жадырап кеткен жандардың,
Арайын шашып бақыт боп атқан таңдардың,
Шырайын көрің, көңілде күйлер шалқып бір,
Жүректі жырлар, көңілді тербеп арман мың
Ақ сезім, жандар, ақ желеңдеріндей аппақ-ақ,

Қонаш Қалдыоразұлы

Ақ пейілдерін жырменен ақын мақтамақ,
Өрлеңдер өрге, көрмеңдер сірә қамығып,
Күн кешіндерші тірліктің мәнін жаттап ап.

Иә, Бабық осылай диспансердің өтініштер мен тілек дәптеріне екі шумақ өлеңмен өз тілегін паш еткендей жазып қалдырды.

...Кешкілік ауылдан келген келіншегі Айсұлудан Бабық біраз жайға қанықты. Ал ертесіне сәскеге дейін оташы Дауылжан Бабықтың барлық қағазын әзірлеп берді. Қажетті қағаздарын алған Бабық дәрігерлер қауымымен жылы қоштасты да түс әлетінде поезға отырды.

-Ал жол болсын, отағасы, жазда кетіп ең, қыс түсе келесің, туған жер-атамекеніңе,- деді Айсұлу,- сағынған да шығарсың.

-Сағындым, жаным. Бәрін де сағындым,- деді Бабық қолына әлгінде киоскіден алған газеттерін алып жатып.

Поезд зулап келеді. Сартап боп сарғайған сағынышы жеңген Бабық көсіле созылған кең даласына, желтоқсанның ортасы болғанмен кірбік қар жапқан сайын даласына аңсары ауып қарай берді. Жаны жадырап, жүрегі елжіреп әр төбе, әр қырқаға қимастықпен көз жіберіп, құмарлана қарайды. Көңілді күй кеулеп, жүректі жыр жаулағандай сыңайлы. Жайсаң да жазира даласына көзі тойып, көңілі толған Бабықтың жаны шалқып жүре берді. Қол жетпес денсаулық жолында ажалмен арпалысып, жеңіп келе жатқаным арымның асқақтығы, жігерімнің мықтылығы, төзімімнің беріктігі болар, деп іштей ой түйген Бабықтың сезімін көңіліне оралған жыр жолдары бөле берді.

Келемін сені сағынып

Ақ жайнақ далам,
Өмірдің терең мәнін ұқ,
Бер хабар жүрек тыңдасын,
Әр жайдан далам.
Кетіп ем елден жабығып,
Меңдетіп ауру балаңды.
Оралып келем сағынып,
Ақжайнақ аңсап даламды.
Жүрмейін енді қамығып.
Жаз бен күз де өтті, қыс келді,
Ақ мамық төгіліп тыста енді,
Тұр ғой сезімді тербетіп,
Сезім құйғанмен селдетіп,



Өмір иірімдері

Бәрі алдамшы, қысқа еді.
Пәк сезім, сөзіме,
Сенгейсің ақ жайнақ далам.
Келеді өзіңе
Жүректің ән-жырын көңілдің
Жан сырын, арнайды балаң
Өтеді-ау күндер, озады өмір,
Қаларсың ақ жайнақ далам.
Солады гүлдер, тозады көңіл,
Өмірге келді, қуанышы төгіл,
Қайтадан балаң.
Даламның әнін сағындым бүгін,
Жан сергітер дархан бір.
Жүректен жырым ағылған бүгін,
Кеудеме сән боп тағылған гүлім,
Нұр құяр көктен шаққан күн.
Бәрі артта... қалды енді қиындық,
Келемін аңсап туған жерімді.
Тәңірге тәубә, саған сиындық,
Сұрадым тілек-бұйым ғып,
Бердің өмірді, өлім жеңілді.

Поезд әлі заулап келеді. Бабықтың да көңілі жүйткіген сияқты. Есіне Мақсұт ақынның: Әлгінде шығып едік Ескенеден, зырлаумен өтіп кеттік бес төбеден, деген өлең жолдарын оралтқан Бабық алға тартқан көңілі одан әрі көкке өрлей берді. Ал бір төбенің тозаңын бір төбеге қосып келе жатқан поезд бәз баяғының шалқұйрығы іспетті көрінді Бабықтың көзіне.

Қараша-желтоқсан, 2002 жыл
Құлсары қаласы.

Қонаш Қалдыоразұлы



Ұлымның күнделігі
(повесть)





Өмір иірімдері

Кіріспе

Жылжыған жылдармен ілесіп өмір де өтіп барады. Өмірің өткен сайын көңілің қобалжып әлде неге алаңдайсың. Ал қолына қалам ұстаған адамның алаңдауы белгілі. Ол ананы жазсам, мынаны жазсам деп жүріп текке уақытын өткізіп алғанын да байқамай қалады. Мен де сол, көп уақытымды жұмыспен өткізіп алып, өкініп жүрген адамның бірімін. Жазар жай, оқиға, бастағы идея, көңілде жинақталған жағдаяттар аз емес. Бірақ сонын қайсысын қалай жазуды да жалықпай ойластыру, қиюластыру қажет-ақ. Ал оқырмандарға ұсынылғалы отырған "Ұлымның күнделігі" атты кітабымды жазу үшін де біраз уақыт жоғалттым. Баланың жазған күнделігі, әзір дүние дегенмен, қиыннан қиыстырар жайлар көп болды. Қайткенде күнделік иесі-Қалданның қалтқысыз адалдығын, адамгершілігін жоғалтпаймын, адами өсу жолын жақсылықпен жеткізе алсам деп ойластырдым. Кейіпкер тірлігі, әрекеті, ой-өрісі, өмірі шынайы шындыққа құрылған. Сол бала бейнесін жасай отырып, оның айналасының, өскен өнген ортасының жақсы адамдар екенін, алған тәлімді тәрбиесінің шынайы екенін көрікті көрсете алсам деп жұмыстандым.

Қалдан қарапайым жанұяда туып, кеңестік дәуір мектебінде оқыған миллиондаған жастардың бірі. Бірақ болашағына деген сенімі мол. Бала бойындағы аңғалдық, адалдық, шыншылдық қатар өріледі. Сол арқылы бүгінгі жастарды тәрбиелеуді жөн көрдім.

Қалдан әкесі мен анасының ғана емес, ертеңгі елінің баласы. Сол үшін де ол бір топ жастармен бірге жоғары оқу орнына түсу үшін жолға, ұзақ сапарға шықты. Демек, ол бүгінгі ел басына қонған нарықтық экономиканың шын күрескері, белгілі бизнесмені болар да... Ал оны болашақ көрсетеді. Еңдеше кеңестік дәуір мен нарықтық қоғам қиылысында өмір керуенін бастап, ілгері тартқан ұрпақтарға шын көңілімнен осы шығармам арқылы ақ жол тіледім.

Автор

Қонаш Қалдыоразұлы

Бастау немесе шығарманың кілті



Көңіл иірімінде шымырлаған көп ойлар мені жаз, мені жаз дегендей таласа талпынып, жарыққа ұмтылып, жаныңа маза бермей, жүрегіңді тырналап, өткен күндерің мен өшкен күйлеріңді есіңе оралтып, қоламтадай қоздап, қаузай түссең маздай түсердей түртпектей жөнелетінін қайтерсің. Көңіл қашанда көк дөненнен де жүйрік, қияға қанат қағып, әлдеқашан ақ мамық бұлттар қалқыған жеті қат көктен де әрі асып, қиялыңды серпілтіп, жетелей түседі. Сезімің болса жан-жүйеңді шымырлатып, тамырларың арқылы күллі денеңе нәр беріп, кейде көңіліңді өректітіп, кейде жүрегіңді желпіндіріп, кейде көкірегіңді жайландырып жүретіні бар. Бәрі де өмір көрінісінен, тірлік нәрінен туындап, тулататын да, шулататын да жайға тап қылып жататын күрделі құбылыс. Күнделікті күйбің тірлікте сенің басыңнан сан түрлі жағдай өтсе, әрқалай әңгіменің куәсі болсаң кешкілік қиялыңда қиысып, сан қырлы, сан түрлі серке сезім әуеніне берілесің. Өмірдің өткені мен бүгінін, келешегін көкірек сарайынан өткізіп, керемет бір әлем ортасында мамықтан да жеңіл қалқыған күй кешесің. Кеше кешкісін сондай бір жақсы сезіммен төсекке енгендіктен бе, таңертеңгісін ұйқыдан сергек те жеңіл тұрдым. Елден бұрын ерте тұрып, далаға шығып, армысың, ұлы әлем, күн ару, ай сұлу, көк аспан, жер-Ана, деп мінәжат ететін ежелден әдетім. Бұл бала кезімнен қалыптасқан, іштей күбірлеп күн сайын айта беретін әдетке айналған дағдым. Барлық керемет көк жүзінде деп есептеймін. Барлық жақсылық Күн арқылы тарайды деп сенемін. Айдың ақ нұры менің аппақ сезімімдей көрінеді. Жеті қат көк, деп аталатын аспан әлемі құпиясы белгісіз, ашылмаған сыйқыры көп, сыры көп ерекше ғаламат та ғажайып құбылыс. Осының бәрін ой елегінен өткізіп, аулаға шыққанымда, көкірегім ашылып, көңілім көтеріліп қоя береді. Баяғыда бала кезімде көп қиялданушы ем. Ақбоз арғымаққа жегілген ақ пәуескімен алыстан ақ мамықтай үлбіреген аппақ аруымды ақ нұрлы ай астында аппақ таулар арасымен, ақ сезімді ақ көңілде әлдилеп алып келсем дейтінмін. Бала қиялдың тәттілігі сонша, қашан да дәмі таңдайыңнан кетпейді. Ақ арайлы таңда ауылдың арқа жағынан ақбоз арғымақтың ақ қоңырауын сыңғырлатып, аппақ аруымды ақжаулықты, ақ сезімді аналар мен ақ жеңгейлерімнің айқара ашылған аппақ құшақтарына табыс етсем, сәлден соң үлбіреген ақ шымылдыққа ақ жүзін албыратып енгізсем дейтін ем. Арманшыл күндерім, қиялшыл түндерім артта қалды. Алланың бұйыртқан адамымен бас қосып, жан жарастырып, тірлік етіп келеміз. Өмір болған соң бәрі болады. Қызығы да, қиындығы да. Өрі де, ылдиы да. Біз сол өрге өрлемей, ылдиына зырламай, тірлік атты



Өмір иірімдері

таптаурын тағдырдың басқа салғанын көре жүріп, ауырын арқалай жүріп бір жоба жазық далалы кеңістікпен жүріп келе жатқан жанбыз. Бүгінде де сол, тұщы деуге де болмайтын, ащы деуге де болмайтын тірліктің бір таңы атып көңілге сенім ұялатты. Енді, міне, күн көкжиектен көрініп, тұсау бойы көтерілісімен-ақ ауа жылынып сала берді. Аспан әлемі мөлдіреген ашықтығымен, түпсіз тұнғылықтығымен, көгілжім көркімен әдемі де әсерлі көрінді. Күн көзінен жан-жаққа шашырай тараған мың сан сәуле нұрлы шапақ мың түрге еніп көз қарықтырады, мың құбылып көңілге ене береді. Табиғат деген қызық құбылыс қой. Кеше кешке дейін көз аштырмай топырақ бораны ұрып тұрды. Мазасыз жел, қойны-қонышыңды толтырған шаң-топырақтың сойқаны бөлек еді. Ал бүгін ше? Апталап шығыс желі соқты дейтін емес. Кешегі долдана соққан тентек желдің бүгін бір нышаны байқалсайшы. Тып-тымдық күн, тып-тыныш төңірек, керімсал ауа. Бұл маған таптырмайтын сәт. Осындайда Жем өзенінен балық аулауға тартып кететін әдетім. Ондайда барлық шаруаны қоямын. Оңаша бір демалу, ауа жұту, күнге қақталу арманым... Рас, үйде шағын шаруашылығымыз, өзімізге ермек тірлігіміз бар. Соның бәрін бүгін келіншегіме тапсырдымда, таң атысымен тастақ жолға түсіп Жем қайдасың деп тартып бердім. Сәттен соң Жемнің арғы бетіндегі шаруашылыққа баратын автобус артымнан келіп, жартылай соған міндім.

- Ә, жол болсын,- деді таныс жүргізуші.

- Әләй болсын, бір сиырым жоқ, соны қарай шыққанмын,- дедім мен өтірікті шындай соғып.

- Ә,- деді жүргізуші. Міне, менде автобустан түсіп қалып, төңірекке таңырқай қарап тұрмын. Мамырдың аяғы тақалған шақ... Балбыраған мамыражай табиғат ортасында жалғыз тұрмын. Көкорай шалғын тізеге соғады. Жынысы мол Жем жағасында жүріп келемін. Таза ауа, судың сылдырап, толқындана аққаны мені сергітіп жіберді. Табиғаттың тамылжыған, нағыз керімсал шағы. Исі бұрқыраған жусан, изен, ақтық, гүлі аңқыған жыңғыл, әртүрлі гүлшешектер-қөздің жауын алып, жаныңды жайландыра түседі. Рақат сезім тұла бойыңды билеп бара жатады.

Сенбінің бұл күніне белгіленген шаруаны да, шақырылған қонақтық пен тойды да ысырып былай қойдым. Қай құдайдың түрткенін қайдам. Келіншегіме бәріне өзің бар дедім де, қармағымды қолыма алып, дорбамды иығыма ілдімде үйден шығып жүре бердім.

- Тамағыңды да ішпей, таң атпай қайда барасың,- деді әйелім.

- Өзенен балық аулап қайтпасам болмас,- дедім де жүре бердім.

- Қырып келерсің,- деген келіншегім Сағира басқа ештеңе деместен қала берді.- Ең болмаса қара балық, ақ балық қармағымды қап балық дерсің. Жалпы өзің балық аулай білемісің. Білмесең, үйретейін.

Жонаш Қалдыоразұлы

- Неге білмеске... Әйтеуір, еркекпіз ғой. Көрерсің, бір қап балық әкелмесем,- деген маған келіншегім риза болмай қарап тұр екен. Іштей: "Кә, күшік, әкелерсің бір қап балықты" деп тұрғандай.

Былай шыға келіншегімнің жібере салғанына таңданып, ойға қалдым. Таза ауа да, өзен бойы оңаша да тынығып, өзімен өзі сырлассын деді ме екен. Әйтеуір, әлдеқандай шаруа бола қалса "шағ" аттатпайтын адам, бүгін бірден келісе салғаны қалай. Қайткенде де қосарлана жүріп бітіруіміз керек бар шаруаны. Әйтпесе, көңіліне ұнамай қалуымызда мүмкін. Әлде өзі де үйде менсіз бір еркін демалып, ұйықтағысы келді ме. Әлде үйді тазалап, кір-қоңды оңашада жуып алмақ па. Қайткенде де Сағира сүйіктім мені бүгін жүгенімді түріп, айдалаға айдап салғандай сезілді. Шіркін, еркіндік. Ер арманы ғой, еркіндік дегенің. Соның ішінде көңілінде көп ойлары бар мендей адамға еркіндік, оңашалық ойлауға, ойлануға таптырмайтын тамаша сәт. Оның үстіне өзен бойында, көңілінді көтеріп, қиялыңды шарықтатар табиғат аясында.

Жемнің бойын жағалай жүріңкіреп, жоғары өрлеуіндегі бір иініндегі иірім су жағасына жеттімде, жайлы құм үстіне жайлана отыра кеттім. Біраз уақыт баяу аққан Жем өзенінің майда толқындарына қарап қызықтадым. Бірін-бірі қуалаған толқындар жағаға соғып кері қайтады, жоқ болып кетеді. Ойға шомдым. Адам өміріде солай. Өмірде осы өзен сияқты. Бірімізді-біріміз қуалап, бір ұрпақ орнын бір ұрпақ басып, кезегі келгенде жоқ бола береміз. Ал тірімізде. Бірімізді біріміз күндейміз, бірімізді біріміз өсектейміз. Сөйтіп жүріп, бір күні ғайып боларымызды білмей де қаламыз. Мәңгілік ештеңе жоқ. Дүние жаратылғалы қанша ма ұрпақ өмірге келіп, қаншасы өтпеді дейсің. Міне, мынау мамыр айында көлдеулерде мақпалдай үлбіреген көкпектерде, сан алуан гүлдерде, тіпті қырық күн шілде де тартылып Жем суы да суалып, жоғалады. Ойды ой қозғайды. Осыдан аз бұрын жұмыстас, жолдас болған, көңіл қимас бір ағамыз ауырмай, аяң астынан ажал құшты. Төсектен тұрмай қалды деп естідік. Неліктен? Демек, дауасыз дерт түрі көбейіп келеді. Білінбей жаныңды жер, жүрегіңді жаралар аурулар азаюдың орнына асқынып, асығыс ажал араны адамзатқа бір табан жақындап, аузы ашылып келе жатқан құбыжық сыңайлы. Бұндай дертпен бір-бірлеп күресу қиын. Топтасып, бірлесіп, бірігіп, ғылыми тұрғыда күрескен жөн. Бұл дерт-ауа, су, табиғат, қоршаған орта тепе-теңдігінің күрт бұзылуынан, ластанудан адам баласының табиғат анаға тәңірім деп табынбай, нем құрайды қарауынан болса кім қисық дей алады. Күн сайын өлім көбейіп, асқынып барады. Бұл не сонда? Табиғат арқылы Тәңірінің адамдарға жіберіп отырған зауалы болар ма? Әлде сынағы емес пе? Бұл қиын да қилы жайдың алдын алуды ойластырып отырған жан баласы байқалмайды. Бәрінікі құр

Өмір иірімдері

айқай. Абайша айтқанда: «Баяғы жартас, бір жартас одан да шықты жаңғырық», дегенге саяды. Әйтпесе табиғат тарымшылық етпес еді. Бәрі де адамдардың пейілінен, ойсыз пиғылынан, тасуы мен тасыраңдауынан, Жер-Анадан ала беріп, ала беріп, артын ойламаса осылай болар ма еді? Адам баласы боп артын ойласа Арал теңізі тартылып, қарғыс атқыр полигондар көбейе түспес еді ғой...?

Арада біршама мезгіл өтті. Көңілді басқан зілден, миымды қажытқан ойдан арылғандай өзімді-өзім жеңіл сезіндім. Оңсыз ойдан гөрі тұнықтан балық аулағаным жөн шығар. Асықпай қармағымды дайындадым. Қармаққа салатын жемді шығардым кәнсерден. Ол қорадағы көң арасынан теріп алған ақ қара бас құрттар болатын. Құрттың біреуін былқылдатып қармаққа ілдім. Сәттен соң құлаштап жем салынған қармақты суға лақтырдым. Кенет қалтқым қалтың-құлтың етіп, суға бір батып, бір шықты. "Қазан аузы жоғары" деп қармағымды тартып қалдым. Абырой болғанда қос қарыстай бір балық ілініпті. Кейін серпілген қармақта тыпырлаған қара көзді ажыраттым да құм үстіне тастай салдым. Құмда біраз шоршыған балық сәттен соң көзі аларып жата кетті. Арада көп өтпей-ақ қармағыма тағы бір қара көз, кейін едәуіршік сазан қапты. Осындай қарқынмен түске дейінде біраз балық аулап қалуым мүмкін. Осы олжаның өзіне балаша қуандым. Қармағыма аққара бас құрттың бірін салып тұнық ағып жатқан суға қайта лақтырдым. Балықтың қармағымды түрткені белгілі, қалтқылар қалт-құлт ете жөнелді. Тартып қалсам ештеңе ілінбейді. Екі-үш лақтырып, солай болды. Бұ не болды? Тіл өтті ме, біреудің көзінің сұғы өтті ме? Ондай дейтін айналада ешкім жоқ, жағада жалғыз өзім. Енді қармағымды еш балық қаппады. Қармақты суға тағы лақтырдым... сосын тағы да... тағы... Жоқ, енді сенің қармағыңа түспеспіз, деп серттескендей бірде балық байқалмайды, жан-жаққа қашып кеткендей. Әлде Тәңірі: Саған осы да жетеді, деді ме, енді қармағым қабусыз қалды. Япыр-ай, оңай олжаға құныққаным ба? Алласы байқап қойғаны ғой. Қармаққа түскен үш-төрт балықты желбезегінен тіздім де суға салып қойдым... Байғұстардың ең болмаса денелері суланып тұрсын...

Ал өзім жуынып шайынып дегендей тағы біраз жүрдім. Құмдауыт жағалауға қыздырындым. Денем балқып, бей-жай бола бастадым. Қайтып келіп, отырған орныма жайғасып алдыма көз жібердім. Басын оқтай көтерген бір жылан ысылдап анадай жерде қақшиып тұр. Аңдысын аңдыдым. Өлтірмедім де кесектемедім. Көңілі жайланды ма, бір мезетте әлгі жылан әрі қарай жорғалап, бұтаның арасына кірді де көрінбей кетті. Отырып-отырып дорбамды аштым. Дорбаға салып оқып жүретін кітабым болатын. Оқымаққа соны іздедім. Қолыма қызыл тысты дәптерше ілікті. Аң-таңмын. Мынау қайдан жүр? Кімнің дәптершесі. Мен де бұндай

Қонаш Қалдыоразұлы

дәптерше жоқ еді ғой. Сырты шимай-шатпақ. Е, есіме жаңа түсті. Кеше кітап сөресінен түсіп жатқан жерінен көтеріп алғам да дорбаға сүңгіте салғанмын ғой. Асығыс жерде бірдеңе түрте салуға жарар дегем. Бірақ кімдікі екеніне зер салмағам. Кенет құмарлығым артып, осы дәптерше кімдікі екен, не жазылды екен деп назар аударғаным да осы еді. Оқуға зауқым ауып, қолыма алдым.

Дәптершенің бір ерекшелігі бар сыңайлы. Сырты шимай-шатпақ, толы телефон нөмірлері, бозбалалар мен бойжеткендердің атақ жөндері, қойылған қолдары. Бейне бір Африка материгінің алабажақ картасындай көрінеді көзге. Жүрек суреті, оған сұғылған найза, қан тамшылаған қанат, ақ қанат көгершіндер... Бәрі мұқият, шебер де мазмұны үйлестіріп салынған суреттер. Сүйген жүрекке найза сұғушылар аз бола ма? Найзамен шаншылған жүректен қан тамбай қайтеді. Қасірет пен қайғыны, зар мен шерді қашанда махаббат пен достық жеңеді. Көгершін соның символы. Әлбетте, осы бір әлем-жәлем суреттермен, белгілермен, сандармен өрнектелген дәптерше мұқабасынан іздегеніңді табатындай көрінеді. Бірақ, ондағы жазылған телефон нөмірлері, адам есімдері маған беймәлім екені белгілі. Өздерінде сезіп сезіп отырған шығарсындар, бұл менің дәптершем емес. Үлкен ұлым Қалдандікі. Дәптерше сыртындағы телефон нөмірлері, қолтаңбаларда соның достарыңікі іспетті. Бүгінде Қалдан орта мектепті тәмәмдағалы жүрген зінгіттей жігіт. Достары, таныстары, кластастары да аз емес. Бір-біріне барысып, келісіп жүреді. Үйдегі көкшіл көкшіл телефонға да тыным жоқ. Көкшеңдеп безілдейді де жатады. Соңғы жылдарда қыздар дегенің көп соғатын болып алды. Жоқ, десең болды, неге жоқ деп тепсініп тұрып алатындары да бар, пәтшағарлардың. Кейде сол қыздардың бірқатары Қалдан керек еді деп іздеп келетіндерін қайтерсің. Япыр-ай, десейші! Бұл сонда өмірдің өзгергені ме, әлде заман, әлде адам, әлде қоғам өзгерді ме? Қайткенде де бүгінгінің жастары кешегі бір біздің кезеңіміздегідей емес батыл, ашық. Біздер көшеде ілінген "қалқан құлақ" атанған қара репродукторден ғана ел жаңалығын әрең естіп өстік емес пе?! Транзистор, магнитофон, теледидар дегендер ол кезеңде атымен болмаған, біздің заманымызда өте қат дүниелер болатын. Ал бүгінгі жастарда ше? Бәрі бар. Не ішем, не кием демейді. Қалай жүрем, кіммен жүрем демейді. Көліктен көлік таңдап мінеді. Біздің балалық, жастық кезімізде өзіміз тұрып, өмір сүрген колхозда бірді-екілі автокөлік болатын. Оны да колхоз басқармасы мінетін. Соның соңынан жүгіріп, қорабына мінгенге мәз болатынбыз. Автомашина қыр асып, көзден таса болғанша соңынан қарап тұратынбыз. Ал машина жүргізген кісіні құдайдай көретінбіз.

Дәптершені ашып қалғанымда...? Ұлым Қалдан қолымен жазылған



Өмір иірімдері

күнделік екенін бір білдім. Бұнда не жазылды екен? Бәлкім, көңілді тербер жайттар бар шығар? Өткенді ойға оралтар өмір өрнектері бар ма екен? Әлде, өзінің достары мен құрбылары жайында жазылған жайлар ма екен? Жоғалтып алып таба алмай жүр ме екен? Әлде, оқымай-ақ, апарып кітап сөресіне қоя салсам ба? Өзі қойған жерім деп тауып та алар. Әр жерде әртүрлі нақыл сөздер жазылған. Мәселен, "Ақиқат-алмас кездік", "Тату шаңырақтың шаттығы мол"... Немесе, "Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ер сақтар" т.т. Бұған қарап ұлым Қалдан жасынан жақсы сөзге, мақал-мәтелге құштар болған ба екен деп те ойлап қойдым. Әйтеуір, бұл дәптерше ұлым Қалданның күнделігі екеніне шүбә келтірмедім де көңілімді билеген құштарлық жеңе түскендей көрінді. Не жазды екен? Ұлымның жазуға бейімі қандай екен? Ішкі ойым осылай дейді. Дәптершеге үңілдім. Күнделік жолдарынан үлкен ұлым Қалдан Қалиханұлы Қалдыбековтің өзіндік ой-толғамын, пайым-парасатын, сана-сезімін, тірлік саздарын ұғуы жөнінде шерткен сырлар легіне кезіккендей болдым.

Қалдан қатарлары сияқты көп қарадомалақтың бірі боп өсті. Рас, балалық тәтті қылығы да, шәлкем-шалыс шалдуар мінезі де бойында болмай қалған жоқ. Өжеттігі мен намысқойлығы да бір басына жетерлік көрінеді. Біреудің қылығы жақпаса жақтырмай қалатын мінезін қайтерсің. Білуге құштар, білмекке мүттәйім көрініп, жасынан білмегенін сұрап, зеректікке ұмтылды. Әрине, бұл баламды мақтағаным емес, шыны сол еді. Бойы кішкентай, денесі жіңішке боп қалыптасты. Бәкене бойы көпке дейін булығып, өспеді. Менің өзімде орта мектепті бітіргенше сондай кішкентай боп жүрдім. Өзге балалардың қасында төменгі класс оқушысындай боп жүретін едім. Ұлымның бет әлпеті де өзгеше, бүйрек бет, қыр мұрынды, қабағы қоюлықтан кеткен. Түр-түсі қара торы келген, маңдайы жазық иықты. Айтушылардың әңгімесіне қарағанда, келіншегім Сағираның сөзіне құлақ салсақ кескін-келбеті, өңі тура әкесі-яғни, маған Қалихан Қалдыбекұлына тартқан. - Ұқсамаса тартпағыр, - деп келіншегімнің кейде мысқылдайтыны бар. Ондайда, бұндай айтылған ақ пейілдер мен ниеттерге менде шүйдем күжірейіп, қуанып қалам. Қуанбағанда ше? Қуанбай қайтем. Қай әке баласының өзіне тартқанына қуанбайды. Бұл бір менің ғана емес, барлық әке біткеннің асыл да асқақ арманы, ізгі ойы.

Баламның осы бастан ынтасы мен талабы таудай. Ойы биік, санасы жоғары. Әр істі осы бастап өзі шешкісі келеді. Қалданжаным бір бөлек те, басқа балам бір бөлек деп кейде көңілін көтеріп, мадақтап, мақтап қоятыным бар. Мақтағанды кім жек көрсін-ау. Ондайда Қалданжаным да қомпаңдап, үй шаруасына шын пейілмен кірісіп, көмектесе жөнеледі. Әжесіне әр немені айтып, анасы Сағираға да, кішкентайлығына қарамай қол ұшын береді.

Қонаш Қалдыоразұлы

Қалдан күн сайын өсіп келе жатты. Кісімен жұғысқыш. Тілі де ұшты. Айтар ойын орынды жерінде айтып салады.

Баланың күнделігін, күн көзінде қыздырына отырып, мұқият оқып шықтым. Ауылға қайтуға асыға қоймадым. Кешке дейін бір барармын, деп ойладым. Уақыт өте берді. Күй саздары күмбірлегендей көңілім көтеріліп сала берді. Ойға-ой қосылды. Неге мен баламның осы күнделігі негізінде ЭССЕ жазбаймын? Аты да дайын. "Ұлымның күнделігі". Күнделік жазбаларын сол қалпында қағазға түсіруді ойластырдым. Басты мақсат-баламның жазбаларын өзгертпестен, яғни сол қалпында қағазға түсірсем... Оның ой-өрісін, ойлау қабілетін, балдәурен балалық шақтарындағы қылықтарын ойлары мен түйгендерін сол қалпында сақтауда жөн көрдім. Өйткені, бұл күнделіктегі оқиғалар осыдан тура он-он бір жыл бұрынғы жайттардан басталады екен. Жоғарыда айтқанымдай, Қалдан балам бұл күндері орта мектепті бітіргелі жүр. Енді бір айға жетер-жетпес шамада мемлекеттік емтихан тапсырып, болашақ өмір сатысына қадам басады. Ал одан әрі? Тағдыр көрсетер бәрінде... Бірақ ол оқуы тиіс.

Оқымасақ ойымыз, санамыз өспей, өрістемей, жетілмей қалатыны ақиқат. Адам болғасын өмір бойы оқу, үйрену, іздену, білу, жетілу қажет. Ол өмір сырларына қанығам, мәнін түсінем деген әрбір арлы да саналы адамның ізгі мақсаты, асыл арманы...

Сонымен... Күнделікті зер сала оқуға кірістім. Алғашқы параққа бар зейініммен үңіліп, әр жолды мұқият оқуға аса бір құштарлық таныттым. Күнделік жолдары, оларда өрбіген оқиғалар қызықтыра түсті, менің құмарлығымды арттырып, жетелей берді. Жас өспірім, бозбала жігіттің балаң ойлары, жайсаң мінезі, өмірдің мән-мағынасын ұғуы қуандырды. Қайткенде де қасиетті қазақтың нар көңілді жігіттерінің жақсы қылықтары бала кезінен бойында қалыптасқанына қуандым. Қуандым да ойға ой қостым. Мына күнделікті мен жазбағаным белгілі. Осындай ой айтып отырған ұлымның ұлы өмірдің мәнін түсіне бастағанын сездім. Әйтпесе, қазақ: "Болар бала жасынан" деп айтар ма еді?

Өзімнің шаршағаным өзіме олжа. Есесіне екі есе олжа тапқандай едім. Ол ұлымның күнделігі болатын-ды. Үйге оралысымен көп кідірмей жазу үстеліне отырдым. Мынау сол ұлым Қалдан жазған күнделік-ті.



Әжесіз күндерім

Мен, әрине, күнделік жазуды бірінші класқа барған жылы алты жасымда бастағаным жоқ. Кейін, есейе келе, біраз класты артқа тастап, ержете келе ғана қолыма қалам алуды жөн көрген жігітпін. Онда да әкемнің "Көңіл күнделігі" атты қолжазбасын оқып шыққан соң ғана оңаша да ойға қалдым. Расында да, дедім іштей, мен неге басымнан өткен тірліктің есте қалар елеулі дегендерін қойын дәптеріме түрте бермеймін. Ойым өзіме оңды сияқты. Әрине ол қойын дәптерді ешкім көрмегені жөн. Оңаша сақталуы тиіс. Сонымен...

Бүгін 1978 жыл, 25-қазан. Менің атым-Қалдан. Жасым алтыға тақау. Қара сирақ қара домалақ балалардың бірімін. Әкем Қалихан: Енді үш-төрт күнде алтыға толасың, атқа шабатын жас бұл. Сенің туған күніңді бүкіл ел тойлайды. Өйткені, сен комсомол мерекесі күні өмірге келдің. Ол күні көк аспан мөлдіреп, бұлттан ада боп, ерекше әдеміленіп, төңіректе сағым ойнап тұрған, дейді. Ал комсомол деген кім, біліп жатқан мен жоқ. Бәлкім, өскесін, мектепке барған соң комсомолдың кім екенін біліп, қандай адам екенін танырмыз, деп ойлаймын... Ол ой ғой. Ал шындығында комсомол бізді менсінбейтін, шікірейіп, шекесінен қарайтын, кекірейіп, көкірек көтеретін біреу болса...? О, онда... жекпе-жекке шақыратын болармын. Есейе келе күш жиып, айла, амал үйреніп, шайқаста шыңғырта жеңсем...

Әкем айтады: Комсомол-тірі адам деуге де болатын, жалынды жас жігіттер мен қыздардан құралған қоғамдық ұйым, алып күш. 1918 жылы 29-қазанда КСРО-да, яғни күллі ел бойынша құрылып, өмірге келген комсомол ұйымы-жаңалыққа, жақсылыққа білімге, өнерге ұмтылған жалын жүрек жастардың басын біріктіріп, олардың оқуымен, еңбек етуімен, тәрбиесімен шын айналысатын ұйым. Жастардың еңбегі, ісі, тұрмысы, әлеуметтік жағдайы, қоғамдық әлем мемлекеттеріндегі жастар ұйымымен байланысты осы комсомол ұйымы арқылы шешіліп келеді. Ал жастарға, комсомол ұйымына басшылықты, бағыт-бағдарды әкесіндей саналатын коммунистік партия беріп отырады. Ертең өскесін, сенде комсомол қатарында тәрбиеленіп, үлкен өмірге жолдама аласың, ұлым!

Әкемнің әдемі әңгімесін тыңдап, тамсанамын, таңданамын. Осы

Жонаш Қалдыоразұлы

айтылған әңгімелерді іштей топшылап, көрерміз, дегенді көңілге түйемін. Арасында әкемнің: Комсомолдар жас қайраты елімнің, деп шырқата айтатын әнінде ойлап қоямын. Әнге арқау болуына қарағанда әйдік кісі шығар деймін.

Жә, сонымен, біз Құлсары дейтін үлкен де шулы шәрлі мекенде туып, тұрып келеміз. Кәдімгі бар әлемге атағы байлығымен де, өнерімен де әйгілі кент. Жылыой деген ауданның орталығы. Қала іргесі 1939 жылдары мұнай көзі ашылып, өндірістік ошағы құрылғасын қалыптасып, қаланыпты. Ал 1954 жылдың басынан бері аудан орталығына айналыпты. Ендеше аудан орталығына есімі берілген Құлсары кім?

Әкем айтады: Он тоғызыншы ғасырдың аяғы мен жиырмамыншы ғасырдың бас кезінде Адай руының еңсесі биік ерлері елін бастап Маңғыстаудың ойынан жаз болса арқаның қырына қоныс іздеп көшетін болған. Сондай көші-қон жылдарының біріндегі көктемінде Маңғыстаудан көшіп шыққан Құлсары бай осы жерге жетіпті де аяқ астынан қатты ауырыпты. Өзі малға да, жанға да бай адам екен дейді. Ақылы асқан, қасиеті жоғары жан болса керек. Қайырымдылығымен, қарапайымдылығымен айналасына, ауыл-аймаққа кәдімгідей белгілі, қадірменді жан болса керек. Ақылы зерек, ойы биік, өзі зайырлы кісі атаныпты. Жанын жеген ауруының бағытын білген Құлсары бір күні үйіне балаларын түгел шақырыпты.

- Балаларым, тума-туыстарым! Мен көп ұзамай бақилық боламын. Ешқайда апармай-ақ осы жерге жерлеңдер. Құлағыма үлкен дүбір келе береді. Түбінде осы жерді қалың ел жайлап, құтты мекенге айналары ақиқат. Жерастының шуылына қарағанда осы арада мол байлық көзі бар сыңайлы. Сол байлыққа ие боласыңдар,-дейді. Айтқанындай Құлсары өзі айтқан уақытта көз жұмып, өзі айтқан жерге жерленеді. Кейін көп ұзамай Құлсары атамыздың айтқаны айнамай келді. Осы өңірден мол мұнай көзі табылды. Ел жиналды. Құт мекенде жаңа да жас кент бой көтеріп, Құлсары есімімен атала бастады. Бірте-бірте бұл есім қалыптасып, осы өңір халқының жүрегіне сіңісіп кетті. Құлсарының мұнайы кешегі Ұлы Отан соғысында ерлерге үлкен көмек етті. Майдандарға жеткізілген "қара алтын" қаһарлы жауға қарсы оқ боп атылып, ойран ботқасын шығарды.

- Құлсары кімнің баласы. Кімнің атасы,-дедім өз тарапымнан шыдамсыздық танытып.

- Айтамын, балам, айтайын,-деді әкем.-Қазақ елінің Батыс аймағын мекендеген 25 таңбалы боп есептелетін аталар құрайды. Байұлының бір тармағы-Адай руы. Бәріміз де сол Адайдан тараған ұрпақпыз. Ал Құлсары сол Адайдың сегіз ұрпағының бірі Мұңалдан тарайтын Бәйімбет бөлімінен.



Өмір шірімдері

Солай, балам. Оқысаң, әңгімеге, аңыздарға ден қойсаң осының бәрін білесің.

- Ал ұлы Отан соғысы деген не? Ол кімнің бауыры...

- Жә, балам, ол ұзақ әңгіме және оны түсіну үшін әлі де өсе түскенің жөн. Жиырмамыншы ғасырдың 1939-1945 жылдарында КСРО-дай алып ел әлемнің үш мемлекеті-финдермен, немістермен, жапондармен соғысты. Соғысты ашқан олар, жеңген біздер. Бірақ осы соғыстарда көптеген әкелерміз бен ағаларымыз, апаларымыз оққа ұшты. Соның ішінде сенің атаң, менің әкем Қалдыбек те, оның ағалары мен інілері де бар. Бәрі елден аман кеткенмен бірі тірі оралмады. Соғыс жөнінде де мектепке барғасын оқисың, үйренесің, білесің. Ал әкеміздің мерт болған, жерленген жері табылып жатса... Сөз жоқ, басына барып қайтамыз.

- Қашан, әке?- Мен қыдырғанды, ел, жер көргенді жақсы көремін. Тезірек өсіп, барғым келеді.- Алдамайсың ғой, әке.

- Жоқ, құлыным. Кішкене өсе түс, оқы. Барған жеріңде өзіңді өнегелі көрсете білетіндей болып, азаматтық деңгейге жетуің керек. Ол үшін оқу, еліңнің, атамекен, туған жеріңнің тарихын, өнерін білуге тиіссің жақсы баланың жаны жақсылықты ғана қалайды. Жамандыққа жолама.

- Әкемнің осындай өнегелі әңгімесі, мазмұнды мағлұматы менің көкірегімді кеңейтіп, санамды аша түскендей көрінді. Содан ба екен, өзім тұратын Құлсары шәһәрін біле түссем деген ой арбай берді, құмарлана түстім.

Құлсары бөлек-бөлек ауылдардан, шағын да ықшам аудандардан, қосымша қалашықтардан құралады. Анау өзім әлі толық біліңкіремейтін аэропорттан темір жол вокзалына дейін созылып, ұзыннан-ұзақ шұбап жатқан елді мекен-Құлсары кентінің аумағы. Едәуір жерді алып жатыр. Аэропортты аз-мұз білетінім, оның арғы жағында бәйгітөбе бар. Оған екі-үш рет әкеммен еріп барып бірінші мамыр, жетінші қараша мерекелеріне арналған ат жарысын көргенім бар. Кішкентаймын ғой, кейде тек барғанымға мәз болып, шаршап қайтатынмын.

Бәйгітөбе шәһәрдан едәуір жер. Арнайы автобус не өзге көлікпен бармасаң, жаяу баруға алыс, қатты шаршайсың. Соңғы ретте жаяу барамыз деп қатты шаршағаным есімнен кетпейді. Содан соң ат шабысқа құмартып, бәйгітөбеге бармайтын да болдым. Бірақ, кейін есейгесін, кластас ұл-қыздар болып, велосипедпен аэропорт үстімен қырға шығып, қыраттар мен көлдеулерден қызғалдақ тергеніміз естен кетпек емес.

Құлсарының теріскейінде Қамыскөл деген көл бар. Ертеден бар көл дейді. Осы көлге, осы өңірге аты мен байлығы әйгілі Матай есімді бай өтіпті, байдың жылқысы жабылғанда көлдің суы да қарыстай ортаяды

Қонаш Қалдыоразұлы

екен. Көлдің де суы мол, байдың да жылқысы көп болған ғой. Көл жағалай ел болыпты ертеде. Соның айғағы-көлдің арқа бетіндегі биік төбе басындағы Дияр әулие қорымы. Дияр сынықшы, көріпкел кісі боғты. Сол қорымда әжеміз Жансаяның отағасысы да қойылған. Кейін әжеміз де осы қорымға, шалының қасына жерленді. Әжеме еріп кішкентай шағымда сол қорымға да жаяу барғаным әлі де таңмын. Қайтарда да жаяу келіп қатты шаршағанымды айтсайшы. Осы шаршағанымды көпке дейін ұмыта алмай жүрдім. Содан кейін олай қарай аяқ баспайтын болдым. Онда мен бар болғаны бес жаста болсам керек. Үйге келісімен аузымнан суым ағып, сілекейім шұбырып, есім кете ұйықтап қалыппын. Біразға дейін тұрмаппын.

Менің әкем Қалихан орта бойлы, бәкене емес, қара торы-қара емес, бұйра шашы үйген шөптей қомақты көрінетін, қыр мұрынды қарапайым кісі. Жұмыс бабымен елді, жер-жердегі шаруашылық, өндіріс орындарын жиі аралайды. Халықпен үнемі дидактасуға, әңгімелесуге құмар. Жұмыс десе басқа шаруаны жиі тастайды. Үйді, жанұясын, бала-шағасын ұмытып кететіні бар. Оған бір мысал айтайын. Бұл тура мен дүниеге келейін деп жатқанда болған оқиға сыңайлы. Сол күні анам Сағираны қатты толғақ қысып, жаны қиналыпты. Өзін қоярға жер таппаған ана өлетін шығармын деп шырылдапты. Миына ештеңе кіріп-шықпаған әкем анамды ертелетіп "роддомға" жеткізіпті де, еш кідірместен аупарткомнің бірінші хатшысына еріп, шаруашылық аралауға жөней беріпті. Содан әкемнің қашан келерін бір құдай ғана біледі. Сапардан оралуы жұмысының бітуіне байланысты. Жұмысы бітпей, жоспарлаған сапар мақсаты орындалмай оралмайтын көрінеді елге. Ондайда анамыз бен әжеміз қос көздері төрт көз болып, жолдарына қарап, мазалары кететін көрінеді. Кейін дүниеге келіп, өскесін әкемнің бұндай жайына өзімнің де талай куә болғаным бар...

Содан... толғағы қатты келіп, жаны қиналған анам қатты шаршапты. Алланың әмірімен, құдайдың көмегімен, Тәңірінің тартуымен, аталардың ақ тілегімен, аналардың ақ пейілімен жаны аман қалған анам болса қинала-қинала-қос шекелі, бақырауық, сұр қара түсті бір шарананы дүниеге әкеліпті. Анам шіркін о дүниеге барып қайтқандай болсам да, жаным аман қалды ғой, тірлікке қайта оралдым ғой, деп шүкірлік етіпті. Ал әкем болса хатшымен кеткен сапарынан түн ортасы ауа оралыпты. Қинала босанып, жаны қалған келіншегіне атар таңды көзімен атырып барып хабарласыпты.

- Аман-есен қол аяғыңды бауырыңа алуыңмен, Сағираш,-деп бір тал гүл апарып сыйлапты.



Өмір шірімдері

- Ұлды болдың, Қалихан,-депті Сағира анам ерін көргенде бар қиындықты ұмытып кетіп.

- Құтты болсын, анамыз естіп қалмасын, соның баласы ғой, бұл,-депті әкем.

- Жарайды, ештеңе етпес, естіп жатқан ешкім жоқ қой,-депті анам.

- Онда өзің біл., күнім,-деп қолын бұлғап қош айтысқан әкем жұмысына жүре беріпті. Ажалдан, азаптан, апаттан аман қалғандығы қатерге алынып, менің есімім Қалдан қойылыпты. Менің анам Сағира қара торының әдемісі. Көзі тұңғиық, терең, ұялы, дөңгелек. Ботаның көзіндей мөлдіреген әдемі десе де болады. Беті томпақтау, қанды. Екі бетінің ұшы шұқырланып, күлгенде шырайлана түседі. Айналасын тартып отырады. Оның сымбатына, кескін-келбетіне құрбылары әлі күнге таң қалады. Әкемнің суреттеуі бойынша анамның кескін-келбеті былайынша өрнектелер еді. Мөлдіреген ботаның көзіндей көзі бар,бүйрек беті албырап, әсем көрінеді, қырлылау келген мұрыны бетіне үйлесім беріп, еріндері гүл қауызындай көмкеріліп, қарлығаштың қанаттарындай қиғаш қастары да қосыла бітіп, әдемілігі мен әсемдігі әфсанадай жарасқан, шырайлы жаны мен шуақты жүрегіне төгілген сырлы сезім сырбаз саздай үйлескен, ақылына мырзалығы қосылған жомарт, қасиеті мен киесі биік қастерлі, қадірі жоғары сақи жан. Әйел-қашанда үйдің алтын дінгегі, алтын қазынасы. Бұл кісіні мен тоқсан қызды қатар қойып, ішінен шертіп жүріп таңдап алған таңдаулым, дейді әкем. Рас, анамның әдемі екені әдемі, сындарлы екені сындарлы, мырза екені мырза. Бірақ тоқсан қызды қатар қойып, таңдап алдым деуі әкемнің әзілі болуы керек. Әй, бірақ менің анам тоқсан қызға татитын да сыңайлы.

Жә...Бір сөзді айтып бірге кетемін-ау. Мен сонымен "Қарлығаш" деген балабақшада тәрбиеленемін. Інім Алдан екеуміз ертеңгісін сағат тоғызға тақау балабақшада боламыз. Сапарда болмаса бізді балабақшаға әкеміздің өзі апарады. Ондайда бала бағына көңілді әңгімелесіп, тез жетеміз. Әкеміз ертегі айтып, інім екеумізді кезектесіп көтеріп отырады. Бұған біз қатты қуанамыз.

Балабақша орталық ықшам ауданға орналасқан ұзынша үй. Шарбағы кең. Аулада көп ағаш өскен. Әртүрлі ойнау құралдары да мол. Әсіресе, ағаштар арасындағы ертегі кейіпкерлері көркем-ақ. Әсем өсірілген гүлдер де аз емес.

Рас, балабақшаға барар кезде қиналамыз. Тұрғымыз келмей ерінеміз. Ұйқы қанбайды. Ерте тұру, жуыну, киінудің өзі бір азап. Тезірек демалыс болса екен деп жүреміз. Біз кенттің төртінші учаске дейтін бөлігінде тұрамыз. Ал балабақша "Седьмой" деген бөлікте. Екі ара едәуір жер. Ерте

Қонаш Қалдыоразұлы

тұрып сол "Седьмойға" жетудің өзі ақырет...

Оның үстіне... Тәрбиешіміз Нұргүл апай мінезі қатал, томырық жан. Ұрса береді, кейде ұрып та қалады. Ойнауға, жүгіруге, айқайлауға, қыздарды итеріп жіберіп жылатуға, реті келсе шашынан тартып қалуға, ұлдар болып төбелесуге, ағаштарға өрмелеуге, гүлдерді жұлуға, таптауға рұқсат етпейді. Мұрсат бермейді. Ал бұның бәрі біз ұлдар үшін керек қылық. Апайымыздың мінезімен қоса жүріс-тұрысы да қызық. Шарылдаған, шырылдаған үні, балаларға ұрысуды ғана білетін қылығы мезі қылып бітті. Бірде мені жүгірдің деп итеріп қалып құлатты. Басым бөлмедегі жылу батареясына барып қатты соғылды. Алдыңғы миығым үстінен қан бұрқ ете түсті. Саулаған қан қапелімде басылмады. Қолжуғышқа апарып Нұргүл апайдың өзі жуындыруға мәжбүр болды. Мұздай сулы сүлгіні миығыма басты, басылмады. Мен тістеніп шыдауға, сыр білдірмеуге, апайға ештеңе демеуге тырыстым. Не істерге білмей сасқан апай жыларманға келді. Әйтеуір бір кезде егде тартқан күтуші әже оған көмекке келді. Ол әже киіз күйдіріп, қан ағып тұрған жерге басты. Шыжылдаған дыбыс құлағыма кеп, басымды солқылдатып барады. Жаным шығып кететін шығар деп ойладым. Ақыры сол жерім шөп шықпаған тақырдай айқын ағараңдап қалды.

- Әкеңе айтпай-ақ қой, Қалданжан,- деді апайым даусы дірілдеп, үні кемсеңдеп, жыларман боп күй кешкендей. Өзі сондай бір пұшайман халде тұрған сыңайлы. Жанарында жас үзіліп түскелі тұрғандай-ақ. Әлгіндегі сұсты да қаһарлы жүзінен, айбат шеккен келбетінен еш белгі байқалмайды. Мені бауырына басып, басымнан сипап, алдарқатып әңгіме айтып, кәмпит берген болады. Япыр-ай, десейші! Адамның пақырға айналуы аяқ астында екен-ау, деп ойладым кейін осы бір жайды есіме алған сәттерімде. Сәт сайын жыландай ысқырып, суық жүзімен бізді іннен інге тығатын апайымның мүшкіл халін, жыларман жүзін айтсаңшы сондағы. Кейінде көпке дейін ұмыта алмай жүрдім.

- Қалданжан қорықпа, ештеңе болмайды. Тек әкеңе айтпасаң болғаны,- деді тағы да Нұргүл апай ойын орнықтыра, нығайта түсіп...

- Жарайды,- дедім мен. Бірақ осы бір тәрбиеші апайымның менің әкемнен өлердей неге қорқады. Бізге ысқырып тұрса да әкем Қалихан есімі аталса ығысатынын қайтерсің. Сонадайдан, бізді алып кетуге келе жатқан әкеміз көрінсе болды, көзіне түспеуге тырысып, қуыс болса болды тығылып қалады. Бізді күтуші әже киіндіріп әкемізге табыс етеді. Ал Нұргүл апайым әкемнен неге қорқады? Оның да сыры бар. Өткен жылы-ау деймін. Апайымның "байқамай" қолы тиіп кетіп, мұрнымды даладай қан қылғаны бар. Онда да мен үйге айтпағам, әкеме білдіргенім жоқ. Бірақ бір күні



Өмір шірімдері

інім Алдан "аңдамай" анасына айтып қалыпты. Ол әңгіме анам арқылы әкемнің құлағына жетіпті. Ертесіне әкем балабақша қарайтын мұнай өндіру басқармасы кәсіподағы комитетіне шағым жасап, Нұргүл апайым жұмыстан шығып кетуге шақ қалған-ды. Ал мына оқиғаны естісе әкемнің оны оңдырмайтыны, шатап жіберуге дейін баратыны айдан анық. Бұл жайды іштей бағамдаған мен үйге келісімен ешкімге ештеңе демеуге тырыстым. Жарамды ауырсынсам да ойынмен білдірмеуге ұмтылдым. Ал бүгін осы оқиғадан кейін кешке салым балабақшадан келсем, үйде Жансая әжем жоқ.

- Әжем қайда?-дедім үйге кіре. Бастағы жара жайын соған айтқым келді.

- Жоқ.

- Неге жоқ, қайда кетті.?

- Қыдырып кетті.

- Қайда қыдырып кетті, мені ала кетпеді ме?

- Әкетпегені ғой. Өзі барғысы келген шығар.

- Неге?

- !? Әкем де, анам да қайдан білейік дегендей үнсіз қалды. Мен одан сайын оларды сұрақтың астына алдым.

- Қашан келеді? Не әкеледі?

- Қайдан білейік, төрт-бес күн дегенде келіп қалар. Барып келетін жерінің шамасы сондай.

- Сағынамын ғой, әже...

- Бәріміз де сағынамыз.-Әкем солай, деді.-Сен де, мен де, Сағира мамаңда...

- Не әкелем деп кетті?

- Білмейміз, күнім. Әкелуге емес, емделуге кетті.

- Неге білмейсіңдер?

- Қойшы, балам.-Анамның ашулануға бет алғандығы байқалды. Жүйкесіне тие берсем шекемнен нұқып жіберетіні бар. Сұрақ қоюымды доғардым да шеткерірек барып тұрдым. - Жұмыстан шаршап келдім, балам, шай ішейін. Оданда әжең жоқта менің қасыма отырып шай іш.

- Ішпеймін. Шайыңды өзің іше бер. Сенің қасыңа отыратындай балаң емеспін.

- Жарайды, онда. Ал бүгін әжең жоқ, кімнің қасына жатасың?-Анам маған мөлдіреген жанарын төңкеріп сұраулы кейіппен қарады.

- Әкем бар емес пе? Соның қасына жатамын.-Әлбетте батылым барып бұл сөзді қалай айтқаныма әлі күнге таң қаламын. Осы жасқа дейін әжесін ғана біліп, қойнында жатып, әкесін әке деп бір рет айтып көрмеген сорлы

Қонаш Қалдыоразұлы

басым, бұл не дегенім сонда? Қайран аңғал да аңқау балалық кез-ай.

- Әкеңнің қасында менде жатамын ғой, сонда сені ұстап алмаймын ба. Осы мазалағаның үшін еміңді бермеспін бе?-деген анам маған тағы да үркіте қарады. Тершіген маңдайын орамалмен бір сүртті де шайын ішуді жалғастырды.

Мен үндей алмай қалдым. Тұтылған жерім осы шығар. Май жағып, шекер сепкен нанды жей тұрып анама қарағыштай беремін. Шынымен сөйтер ме екен? Жүзі тершіп, шайды тартып отыр. Әкем болса шайын анда-санда бір ұрттап, бүгін келген газет-журналдарды аударыстыруда. Кейде шайын ішуді ұмытып кетіп газетке ұзағырақ шұқшияды.

- Шайың суып қалды ғой, ішпейсің бе, отағасы. Газет-журналыңа сосында үңілмейсің бе? Күнде оқып жатқан жоқпысың,-деп анам бүркете қалады.

- Сабыр, сабыр, бәйбіше... Әжеміз жоқта бәріміздің аяғымызды бір етікке тығуға қалдың ғой.-Әкем шайын сораптай іше отырып, анама шайды асығыс, ыссы ішпеу керектігін әңгімеледі! Әкемнің үні байыпты, дауысы әуезді. Тыңдаған жанға жылы естіледі. Әкемнің әдемі де әсем әңгімесін тыңдай бергің келеді. Жаныңа жағып баратқандай сезіледі.

Мен тағы бір кесек нанға май жағып алдым да далаға беттедім. Енді ойынның нормасын орындамақпын. Аулада Сайра апам бір топ қыздармен қаңылтыр ойнап жатыр екен. Жүгіріп барып қатар-қатар қойылған қаңылтырларын бұздым да қашып кеттім.

- Қап, бәлем, қолға түсерсің,-деген Сайра апам маған ала көзімен ата қарады да шашылған қаңылтырларын жинастырып, сызылған дөңгелек ортасына қайта қойды.

Осы кеткеннен күн батып, ымырт үйірілгенше көрші балалар боп ойынға берілеміз. Жүгіруден жарысамыз. Бірігіп аяқ доп ойнаймыз. Кейде жасырынбаққа кірісеміз. Ондайда біздерге қыздарда қосылып кетеді. Әлгіндегі Сайра апамның ренішінен ештеңе қалмайды, бізбен бірге шапқылап, жасырынбақ ойнап жүреді.

Менің анам мұнайшы

Біздің өңірде негізі мамандық мұнайшылық. Менің де анам мұнайшы. Бұл қастерлі де киелі мамандық. Оны бүкіл халық қадірлейді. Өз мамандығын менің анамда сүйетін болуы керек. Таңқараңғысында кеткеннен ол жұмысынан кешке салым ғана оралады.

Өмір иірімдері

- Анашым! Жұмыстарың алыс па, немен барасыңдар,-деп сұрағаным бар бірде.-Мұнайшылар немен айналысады?

- Жұмыс орнымыз жақын емес, едәуір жер. Жұмысшыларды таситын арнайы автобус бар,-деген-ді анам.-Мұнайшы боп жұмыс жасаған жақсы. Мұнайшы болу мақтаныш. Ол дегенің мәртебелі мамандық. Мұнайшы бола жүріп табысқа жеттім. Әлденеше наградаға ие болдым. Қазір аудандық Кеңес депутатымын, аудандық атқару комитетінің мүшесімін.

- Награда деген не? Депутат деген не ол?-деймін біле түскім келіп.- Оларды кім береді?

- Жақсы да үлгілі еңбек етсең ел награда-орден не медаль, болмаса грамоталар береді. Табысқа жете білсең ел сыйлайды, басшылар жақсы көреді. Ал депутат-ел мұқтажы жолында жұмыстанатын халық өкілі,-деді анам маған түсіндің бе дегендей сынай қарап...

- Е...-дедімде қойдым мен бұл түсіндірмелердің мәніне ол кезде толық түсінбесемде...

Бірде...Ата-анама еріп анамның жұмыс орнына барғаным бар. Құлсары мұнай өндіру цехы деп аталады екен. Құлсары кентінің өмірге келуіне жолашқан кәсіпшілік. Онда төрт-ақ жаста болатынмын. Ойлау қабілетім жетіңкіремеген, ойым ояң, таяздау көрінетін. Машинаға мінгенді қызық көрем. Бұл бала біткеннің қасиеті. Кәсіпшілік басынан құрылыс материалын әкелу үшін әкем мен анам бірге баруы керек болды.

- Менде барайыншы, анам,-дедім қоймай қыңқылдап.

- Әкеңнен сұра,-деді анам жауаптан тез құтылып.-Әкең ала кетем десе өзі біледі.

- Әке, менде барайыншы,-дедім ызындап, әкемнің құлағының етін жеп, мазасын ала...

- Жарайды,-деді әкем мені де автокөлік кабинасына көтеріп мінгізіп.

Құлсары кен орыны кенттің құбыла бетінде. Қалың сорлар мен сулар ортасында орналасқан. Жол жаман емес екен, жарты сағатта жетіп-ақ бардық.

- Мынау мен өскен, бой жетіп, қыз болған құт мекеннің бұрынғы бірінші ауылдың орыны,-деді анам соқайған-соқайған тұрбалар мен құлаған үйлер орнын көрсетіп. Біз анау шеткі құлаған пәтерде тұрдық. Үйіміз жайлы еді. Рас, қыста қар қалың жауса үйімізді басып қалып, үй үстінен сырғанаптынбыз. Қора-қопсыға қар астымен қатынайтынбыз.

- Шыңғысқанның шабуылынан кейінгі ауылдар көрінісінен аумайды ғой,-деді әкем.-Сонау орталықтан осы қызды іздеп, желге қарсы, боранмен арпалысып, тоңып, ыссыға күйіп бұл жерге де талай келдім-ау. Қайран

Қонаш Қалдыоразұлы

қауақ басым ай!

- Келмесең болмады ма? Келе гөр деп кім шақырды, сені,-деп анам да, әзіл-шыны аралас шаңқ ете түсті.

- Шақырмасаң да...Магнитіңмен тартып алдың ғой. Әйтпесе...бұ жаққа келіп нем бар еді.-Әкем әзілдегендей болып күлді.

- Магнитке тартылатындай сен не темірмісің? Одан да қыз таба алмағасын амалсыз келдім десеңші,-деген анам да болар емес...

- Қыз табылмады деме, өзіңнің өңділігіңді көңіліңе медет тұтып тұтқыныңа түсірдің емес пе?-Әкем де әлі тайталасып жатыр. Бірімен-бірі әзілдескені, қалжың қағысқаны да жарасымды.

- Өңім көрікті болса несі айып, сенің мерейің емес пе,-деген анам әкеме қолын бір сілтеді.-Қоялықшы осы әңгімені.

- Анам, тұра тұршы, мен айтайыншы,-деп қапталдаса кеттім.-Шыңғысқан деген кім, әке? Оны көрдің бе? Кім ол?

- Ә, ол ертедегі ел жаулаған монғол жауынгерлерінің бастығы ғой. Жаулаған жерін осылай ойрандап кететін болған. Соны айтамын да...

- Ол қалай, сонда? Осы анам өскен ауылды шапты ма?

- Жоға, тек ол шапқан елдің жұрт осылай болып қалады дегенді еститінбіз...Соған сайыстырып айтып жатқаным ғой.

- Ә...? Мен ештеңе түсінбегендей рай танытып, кідіріп қалдым. Өйткені, менің көз алдымдағы ендігі көрініс одан да қызық, одан да әсерлі боп көрінгендей еді. Алдымнан ну қара орман ашылған сыңайлы. Тұнған качалкалар. Жоғары-төмен ырғалған көкек бас қондырғыларда есеп жоқ. Қимылдары да қызық. Изеңдейді де тұрады, изеңдейді де тұрады. Сондай қондырғының бірінің қасына келіп автокөлік тоқтады. Кабинадан түскен әкем мен шешем, жүргізуші көкек бас қондырғының бір дәуіне қарай бет алды. Мені машинада қалдырды. Балалық қылық, балалық құмарлық пен қызығушылық мені өзіне ілестіріп жүре берді. Кабинада отырып, машинаның әр тетігін шұқылап көрдім. Рөлді былғандаттым. Тежегішті бастым, айырғыш, қосылғыштарды іске қостым. Дыбыс шығаратын тетікті бастым. Оны қызық көріп екі-үш рет қайталадым. Маған мойын бұрар үлкендер байқалмайды. Әр қондырғының қасына барып тоқтайды, әр немені әңгімелейді, жоғары қарайды, анам қолын сілтелейді. Реті анам әкем мен шоферге мұнай өнімінің алынуы туралы әңгіме айтып жүрген болуы керек. Енді бір ашып жапқанымды қолымды қатты қысып алдым. Жаныма қатты батқан болуы керек, құлындағы даусым құраққа шығып, шыңғырып жібердім. Не болғанымды өзімде білмеймін. Әкем мен анам құстай ұшып жетіп келсе, көгіс тартып, талықсып жатқан мені көріп шошып кеткені...



Өмір шірімдері

- Құлыным, құлыным, сабыр...сабыр...Ой-бұй, қолы қанталап кетіпті ғой. Әй, баламысың, деген-ау. Қарап отырсаң қайтеді. Шыдам жоқ қой бұларда. Тез барып келеміз, дедік қой. Мына бір ұңғының сорғысы өнім алмай тұр екен, соны тоқтатайын деп жүргенде, кідіріп қалғанымызды қарашы-ей. Обал-ай, обал-ай, қолы мұздап, жаны кетіп қалыпты ғой.-Бұл мені аймалаған, құшағына алған, бауырына басқан анамның сөзі. Өзі мені қапсыра құшақтап, тамағымнан иіскеп, басымнан сипап, көзімнен, бетімнен шөпідетіп сүйіп жатыр, сүйіп жатыр.- Құлыным-ай, құлыным-ай. Көзімнің қарашығы-ай, көңілімнің дара шыңы-ай, шыда айналайын, ай маңдайым, сені көрсем жайраңдаймын. Әжесінің баласы, бал татыған балы ғой мамасының.

Анасының да аппағы ғой, тәттағы ғой, бұл Қалданжан.

Көзімнің сорасын, мұрнымның боғын, бетімнің терін сүрте берген анам еңтігін басып, мені құшағына алып, әлі біраз отырды. Мені құшақтаған күйі отыра бергісі келеді, айырылғысы жоқ, аймалай түседі.

- Сағира тұрмайсың ба? Әлде сылтауменен Қалданжанды сүйе түскің келіп отыр ма? Олай болса айт, Қалданжан үйге барғасын әжесіне сыбырласын да, сенің "сыбағанды" бергізсін.-Әкем осылай дегенде анам селк ете түсті.

- Ә, бұл әжесінің баласы екен ғой. Әй, бәсе, қатты шыңғыруы, қоймай жылауы бар еді,-деді шофер де сөзге араласып.-Бұндайдың сорты біздің үйде де жоқ емес. Немен жұбанатын еді?

- Қой енді, ұят болады, Қалданжан. Менің аңғал басым-ай, ұмытып кеткенімді-ай. Ондай сөзді айтпасайшы, Қалихан. Мен сүйіп жатырмын ба? Қысылған жаны тынышталсын деп Қалданжанды ойнатып жатқаным ғой.-Анам кәдімгідей қысылыс тапты. Мен анама еркелегім, мойнына асылғым келеді. Құшақтап, бауырына кіре түссем деймін. Шуақты, нұрлы жанарына қарай бергім келеді. Хош иісі бұрқыраған омырауына танауымды тығып, иіскей түскім келеді. Бірақ қазақ жұртында жазылмаған қатал заң бар. Қаншама ынтығып, емешегің үзіліп тұрсаңда әжесінің баласы туған әкесі мен анасына жоламайды, қозы көш қашық жүріп, пәлесінен аулақ, дейді. Әйтпесе қай бала өзін дүниеге әкелген анасынан сырт айналып, қашық жүрер еді. Ал бұның негізінде-үлкенді силау, қадірлеу, ардақтаудан туған пайым-парасат жататыны белгілі.

Мен бір сәт ардақты анамның мойыл қара көзіне, алаулаған жүзіне, келісті келбетіне сүйсіне де сүйіне қарай қалыппын. Оның мойылдай жанарынан анамның ішкі жан дүниесі-адамгершілігі мен асқақ азаматтығы, Ибалылығы мен инабаттылығы, қастерлі қасиеті мен қадірі айқын аңғарылып тұратынын сездім. Бірде өтірік айта алмайтын кіршіксіз

Жонаш Қалдыоразұлы

көзі неткен терең, тұңғиық еді. Бірақ анамды айналай берейін, айтқан бал лебізін тыңдап, еркелеп жата берейін десең әкемнен де сескенем. Әзілдеп болса да әжеме айтып қойып жүрсе... Ұят қой онда...

- Мен тәттімін бе? - Жай ғана анамның құлағына сыбырладым. - Онда жеп қойсаңшы.

- Тәттісің, күнім. Бал шырынсың, сен қалқам. - Анамда естілер-естімес үздіге үн қатып, маған елжірей, емірене қарайды. Мені қолымның ауырғаны басылды ма, саябырлай түстім, бірақ қиқарлығым басылар емес.

- Тәтті болсам, анашым, тағы да сүйіп, құшақташы, - дедім көзімді оның көзіне қадап.

- Қой, құлыншағым. Қалихан деген "шпион" тұр ғой біздің әр қылығымыз бен сөзімізді таразыға салып. Ертең әжеңе айтып қойып, басымызға әңгір таяқ ойнатып жүрер. - Анам қимас сезіммен бетіме қарады, - жақсы баласың ғой, сен.

- Жақсы болсам жақсы тәтті жеймін онда, - деп қыңқылдадым мен одан әрі қиқарлығым ұстап.

- Қой, балапаным. Тәтті жесең тісің ауырып кетеді. Өткендегі өкіргеніңді білемісің. Тәтті берсем әкең тағы да әжеңе айтып қойып, отауымызды ақтан жауып жүрсе... - Анам қипақтап қалды.

- Тәтті жеймін. Ауырмайтын тісіммен жеймін. Анашым, қорықпашы. Әкем айтпайды әжеме. Тәтті жегім келеді. Әкем тәтті жегенімді білмейді.

Мен қыңқылдай түсіп, көне қоймадым. Тағы бірдеңе шағып алғандай бақырып жібердім. Шарр ете түскенімнің сәтті шыққаны сондай, анам селк ете түсті. Шыдай алмады-ау деймін, әкеме көрсетпей бір тәтті беріп үлгерді. Мен тәттіні аузыма зып еткіздім. Мұрнымды тартыңқырап, екі-үш рет қорсылдап, жылауымды тоқтатып барып, басыла бердім. Қолымның да ауырғаны да аз-аздап басылып келе жатты. Сәл нәрсеге өкпелейтін, сәл нәрсеге жұбанатын сәбилік шақ-ай, десейші. Өз дегенің болмаса өтірік өкіріп, ата-анаңды дегеніңе көндіретін балалық "батылдық" кезің де қымбат екен-ау. Баласының шалдуар қылығын, қиқар мінезін қиналмай көтеретін ата-ана не деген нар еді.

...Сол жолы өндіріс, қондырғы, сорғы, ұңғы, качалка деген бейтаныс сөздерді таңдана тыңдап тамсана тұрып ілкі анамның аузынан естідім. Кейін бір класта "сен өмірді қалай түсінесің?" деген тақырыпта еркін шығарма жаздырғанда мен сол күн туралы жазғанмын. Мұғалім менің шығармамды мақтады, өзге оқушыларға үлгі етті... Сол күні өндіріске алып барған әкем мен анама дән риза болдым.

Анам өзі еңбек ететін ортаны, өзі өскен өндіріс ошағын аса жақсы көріп, мақтан етеді. Әрдайым мұнай кеніші жайында кемелді әңгіме



Өмір иірімдері

өрбітіп, сүйсіне айтып отырады. Оның айтысына қарағанда Құлсары кен орыны 1939 жылы пайдалануға беріліпті. Содан бергі кезеңде кен орынынан бірнеше мыңдаған тонна мұнай алыныпты. Кәсіпшіліктің мұнайы сапалы да таза атаққа ие. Өнім өндіру көлемі жиырмасыншы ғасырдағы ұлы Отан соғысы жылдарында көбейе түскен. Құлсары кен орынының өнімін соғыс кезінде ұшақтар мен танкілерге бірдей пайдаланылған. Соғыс жылдарында талай қалалар мен өндіріс ошақтары Құлсары мұнайын пайдаланып, тіршілік еткен, өмір сүрген. Соғысқа елдегі жарамды азаматтардың бәрі кеткен. Олардың орнын аналар мен жас өспірім балалар басып, жоқтатпаған. Он бес, он алтыда науша балалар таңның атысынан күннің батысына дейін жұмыста болып, күніге екі-үш норма орындап, денелері беки түсіпті. Босандық танытады дегеннің өзі қатая, ширьға түсіпті. Еңбек өнімділігі арттыруға, өнім сапасын биіктеуге бар ынта-ықыласымен, жігер-қайратымен үлес қосыпты.

"Мұнайшылар, мұнай бер, соны сізден сұрайды ел" деп аузы дуалы ақындар ұрандата жыр жазып, елді еңбекке, бірлікке, тірлікке, татулыққа шақырыпты. Әрине, ақын жырына әр мұнайшы ерен еңбегімен, еселі табысымен, жұмысымен жауап беріпті. Сол жылдарда қалыптасқан табыс тайқазаны әлі күнге қайнауын тоқтатпай, жарасымды жалғасын тауып келеді.

Оны үзбей жалғастырушы, үзігін жалғаушы бүгінгі мұнайшылар қауымы. Оның қатарында менің анам және оның замандастары, ағалары мен апалары бар. Менің анам осы өндіріс ошағына еңбек етуге тура он жеті жасында келіпті. Мектеп бітіре салысымен еңбекке араласқан анам анасын бағуға жараған. Өзіне тете апасы он сегізге толмай-ақ күйеуге шығып кетіпті. Сосын жалғыз қалған анасын бағу менің анамның еншісіне тиіпті. Өзінің айтысына қарағанда қыз болып қылтындамаған, жігіттермен жылтыңдап жеңіл мінез танытпаған. Бар өмірін анасын бағуға бағыштаймын деп серт еткен. Сертін бұзбай жүріпті. Қызының қылығын көрген ана да ойланса керек, бір күні. Жаның қалап, жүрегіңе ұнайтын жігіт болса, ұялма, көрсет, депті анасы. Жөні түзу жігіт тап келмей Сағира анам болса сарғайып жүре беріпті.

- Бір күні,-деді анам оңаша бір әңгіме орайында.-Осы сендердің әкелеріңді анама базар аралай жүріп сырттай көрсетіп, таныстырдым...

- Қарағым, адамыңның түсі келген екен, ер деп етегінен ұста, елге азамат болар нұсқа-депті Жансая анасы. Мен де сосын осы бір қарадан кенедей жабысып айырылмадым деп күлдіріп қоятыны бар-ды анамыздың.

- Ал әкеммен қалай таныстың, анам? Менің де сауалым қызық болды-ау. Жүргізушінің көзінше анам өрттей қызарып ұялыс тапты.

Жонаш Қалдиоразұлы

- Кейін, кейін айтам оны, ауылға қайтайық,-деген анам көлікке мінуге ыңғайлана берді. Мен де енді оны мазаламадым.

Менің ішкі жан дүниемді нақты сезгендей болған әкем: Менің қызметіме аналарыңның мұнайшы болғаны үлкен септігін тигізді. Әр күні мұнай туралы бірдеңе жаза қалсам анаңның көмегіне сүйенемін. Білемейтін, шала білетін терминдік сөздердің баламасын Сағира түсіндіріп береді. Оның мұнайшы болғаны мен үшін мақтаныш еді. Сондықтан Сағирамды мәңгілік сыйлап ардақтап өтем десем артық айтқаным емес.

"Тағы да әжемді ойлап..."

Жаздың жайдары күнінде есіміз кеткенше ойнайтынымыз бар. Бүгін де сол. Балабақшада алған жарақатымды да ұмытып кеттім. Міне, далада біраз ойнағасын, танауымыз делдиіп, терлеп-тепшіп үйге келдік. Алдан болса шаршаған сыңайлы. Бөлмеме өттім де әжеміз екеуміз жататын пеш түбіне отырдым. Тағы да әжемді ойладым. Әжем жол шығып кеткелі көңілім қоңылтақсып, жаным жабырқай бастады. Амалсыз әкем қасына жатуға тура келді. Өзім жата беруге әлі кішкентаймын. Алдан інім болса анасының қойнында жатады. Сайраның болса бөлек бөлмесі бар. Ешкімді кіргізбейді...

Тамағымды ішіп болып біраз отырдым. Сосын күндегі әдетім бойынша аяқ-қолымды жуып, кептірдім. Әлі де отыра берер ме едім, егер әкем:

- Кел, Қалданжан, қасыма кеп жатқын, демесе. Сосын әкемнің түйе жүн көрпесінің астына сүңгітім де кеттім. Әкем құшағына алып, бауырына басты. Әкем болса мені тамағымнан, мойнымнан құшақтап, иіскей жөнелді. Мен құшқанымна, құшақтап сүйгеніне тырқылдап күлемін. Күлемін де құшақтай түссе, иіскей түссе деймін. Қайтсін, әкем. Қолына түсе де бермеймін. Осындай оңашасы болмаса... Оның үстіне мен оның "баласы да" емеспін.

Өзі кейін айтатынындай: Жабау құрсақ, жарты көңіл болып, жаны жабырқап жүргенде, өмірге келген жап-жарығымын. Мені Сайрадан да, Алданнан да гөрі өзгешелеу, артық көретіні сондықтан болар деймін. Бірақ жаны жомарт әкем мені бірден ұлым дей алмады. Әуелден әжем иемденгендіктен әкем мені бірде-бір рет балам деп еміреніп, мейірі қанып иіскеп көрген емес. Үнемі "әжесінің баласы" деуден бір танбай келе жатқан жайы бар. Осылай оңаша ұшырасып қалсақ қана басымнан сипап, маңдайымнан иіскеп, құшағына алатыны бар.

- Ә, "ұрлықтарыңның" дәл үстінен түстім бе,-деген анам да әкеме



Өмір иірімдері

қосылып, қытықтай жөнелді. - Ұсталдың ба, Қалданжан. Әкеңді де, өзіңді де әжеңе айтып, "сыбағаларыңды" бергізермін. Ана жолғы өшімді қайтаруым керек. Солай ма, Алданжан?

Ештеңе түсінбеген Алдан не десін, бәрімізге таңдана қарап, қызық көргендей таңырқап отыр.

- Онда мен Сайраның қасына барып жатамын, - деп орнымнан тұра берген ем.

- Е, анаң ойнап айтады, жата бер, - деп әкем қолымнан тартып, қайта жатқызды.

- Жарайды, Қалданжан, жата бер. Ойнап айтам ғой, - деді анам да. - Сайражан әлі сабақ оқып отыр. Оның мазасын алма? Әжеңе айтпаспыз. Бір сапарға кешіргін бізді. Ал, сен Қалихан, не істеп жатырсың. Өтірік әңгіме айтып баланы бауырыңа басып, сүйіп жатсың ғой.

- Қой, мен Қалданжанды сүйіп, құшып жатқаным жоқ. Қайта әжең келгенде тамағынан, мойнынан былай сүй, олай құшақта деп үйретіп жатқаным ғой. - Әкем айласын асырып, анамнан тағы жалтарып кетті.

Мен елжіреп жатырмын. Еміренген әке бауырыңда жаным жай тауып, бақытқа кенеліп, рахат дүние құшағында жатқандаймын. Әке исін иіскеп, нұрлы сезіміне шомылып, ерекше ықыласын бөленіп жатудың өзі қандай ғанибет еді. Ол болса менің арқамнан сипап, басымнан иіскеп, қуаныш кемесінде жүзгендей алдағы арманының алыс көкжиегіне көз тіккендей отты да нұрлы жанарын бір нүктеге қадап үнсіз жатыр. Ойын бөлгім келмеді. Тәңірегіне сәуле шашқан жанарында әлдеқандай мұң, әлде қандай сыр бар сыңайлы. Менің көңілімді әлде бір ой билеп, әкеме өз өмірі, ата-бабасы жайында әңгімелеуді өтіндім. Ол одан әрі үнсіздікке берілгендей ештеңе деместен терең бір күрсініп алды.

Мені ойландырады: Ата-бабаларымыз кім? Әкем неге жалғыз? Мен қалай дүниеге келдім? Анамның төркіні кімдер?

Менің көрпемді қымтап, өзіне қаратып, бауырына басқан әкем әдемі де әсем әңгіме бастауға кіріскендей сезілді.

- Әке, айту ауыр боп жатса, айтпай-ақ қойғын. Жай сұрап жатқаным ғой, - дедім баяу ғана.

- Сұрауың дұрыс, ұлым. Оның үстіне өткеніміз жайында білуге тиіссіңдер, - деді әкем.

Біз бір-бірімізге қарастық. Оның шоқты жанарымен менің сәбилік пәк жанарым түйісе берді. Бірі өмірдің өріне өрлеп, талайды көрген тарланбоз тұлпардың алысқа шабуды арман еткен шоқтай жанған отты жанары да, екіншісі енді ғана тірлік табалдырығын аттап, өмірге жаңа қадам басқан бейкүнә сәбидің қылаусыз жанары. Екеуі де сүйкімді, екеуі де нұрлы...



Ел басынан не өтпеді, неге ұшырамады дейсің, ұлым. Ертең-ақ мектепке барған соң, білімге ден қойған соң жан-жақты білерсің, біле түсерсің, біле түсуге ұмтыларсың, ұғынарсың. Қазақ дейтін ел аштықты да азапты да соғысты да, сойқанды да бастан талай өткерді. Өткерді де, өле жаздап барып өлмеді. Сан сойқандардың сергелдеңі-ата-бабаларымызды баудай түсіріп, қаудай қырды. Аштықтан соңғы қуғын-сүргінде де талай сүрінді ата-баба. Арылмас азап көрген әкелеріміздің қалғаны кешегі Ұлы Отан соғысында опат болды. Соғыс біреудің баласын, біреудің ағасын, біреудің жалғызын, енді біреудің асылын алды, боздағын жалмады. Талай шаңырақ шарт сынды, оты өшті. Тіктелмей қалған шаңырақ қанша, тігілмей қалған отау қанша.

Соғыс басталып, ел басына нәубет келгенде біздің үй, яғни мен-Қалихан Қалдыбековті жарық дүниеге әкелген әкем мен анам ұрпағымен Шоқпартоғай селосының Қабас бөлігінде тұрып, мекен етіпті. Әкем Қалдыбек "Жаңа жол" шаруашылығында егіс бригадирі де, анам Бұлдырық егінші бопты. Екеуі де қарапайым, бірақ қатарына сыйлы жандар атаныпты. Әкем нар тұлғалы, үндемейтін, шаруасына мығым кісі екен де, анам сұңғақ бойлы, еңселі, қара торы, екі беті қанды келген, өңді келіншек атаныпты. Ата-анам бірнеше ұл-қызды болғанмен тұрғаны Әлихан деген бала екен дейді айтушылар. Айтушылардың айтысына қарағанда ол менен жеті жас үлкен, өте зерек оқыған, тұлғасы да әкейге тартқан келісті келіпті. Бірақ мен олардың бірінде көргенім жоқ, көруге тағдыр жазбапты.

- Қалайша?-дедім мен жұлып алғандай.-Сен қалай өмір сүрдің?

- Асықпа, балам, асықпа. Тыңдай бер, айтамын ғой,-деді әкем. Сосын әңгімесін былай жалғастырды.

- 1941-1942 жылдар ел үшін ауыр кезеңге айналды. Еліміз тұтқиылдан ашылған соғыс өртіне оранды. Көп қалалар жермен жексен болды. Оның үстіне сол жылдары қыс қатты боп, қар қалың түсті. Қытымыр қыстың қыспағы аз болмағанға ұқсайды. Елдегі жарамды азаматтар тегіске жуық майданға алынған. Көптің қатарында әкем Қалдыбекке де бір күні шақыру қағазы келіпті. Әкем алдыңғылардың қатарында майданға шақырылып, дәл аттанар күні анамды толғақ қысыпты. Бірақ әкемнің кідіруге мұршасы жоқ. Әскери тәртіп, соғыс заңы қатал. Қайталауға жатпайды. Жан жары мен ұрпағын тәңіріге табыстап, Аллаға аманаттап кете барыпты. Жаны қиналып, азаптанған анам болса ел орынға отыра берген іңір қараңғысындағы апақ-сапақта ғана босаныпты. Дүниеге шекесі торсықтай



Өмір иірімдері

шарылдаған қара баланы әкеліпті. Көрші-көлемнің әйелдері жиналып, анамды ас-суға қаратыпты. Күні бойы толғатып есі кеткен ана шай ішіп, әлденіп, қара терге тісіп, бусаныпты. Дүниеге келген шаранаға жиналған қауым ағасы Әлиханға ұқсас болсын деп Қалихан деп ат қойыпты. Ол мына Қалдан деген қара домалақты ойын орнықтырайын, талабын толықтырайын, санасын сергітейін, сезімін серпілтейін деген ниетпен әңгімесіне өз өмір өрнектерін арқау етіп, сыр шертіп жатқан кісі.

- Әке, торсық шеке, қара екеніңізді қайдан білдіңіз?

Менің де қоймайтын сұрағым жоқ. Әкемді бұлай мазалағаным қалай? Япыр-ай, неге сонша сұрамсақ болдым. Ал сұрамасаң кім не айтады? Әкем: Өзің білмей өзгеден сұрамасаң ойың өрістемейді, көңілің кеңеймейді. Өзің біліп тұрмасаң сұраудан ұялма, дейтін.

- Е, оны да айтамын, балапаным. Тоғыз ай тар құрсақта қамалып, қараңғы қапастан әрең деп қысыла-қымтырыла кеңшілікке шыққанда дүниеге келген шарананың шекесі шұбат толы торсықтай тырсимағанда қайтеді? Ал қаралығым... Ақ болсам ақ күйімде қалмаспын ба?

- Шұбат ішемін.-Мен қиғылық салып қыңқылдай бастадым.

- Болса бізде ішер едік.-Әкем тамсанып қойды.-Анаң ұмытып кеткен-ау деймін, дұрыс есіне салдың балам.

- Шұбат жоқ. Қайдағыны баланың есіне салып?-Анам тұрғысы келмей қиналғандай танытты.

- Е, болса аздап ырымдағаның жақсы ғой,-деді әкем, қалай балам дұрыспа дегендей.

- Жарайды, қазір. Әңгімелеріңді айта беріңдер,-деген анам орнынан тұрып ас үйге барып кеселерді алып жатты.

Әкем әңгімесін одан әрі қарай жалғай түсті.

Сол жылы қар қалыңдаған үстіне қалыңдай беріпті. Анам Бұлдырық Қалдыбегінен қалған жеті жасар Әлиханы мен жарық дүниеге жаңа келген Қалиханын бауырына басып, әуіріммен қысты өткізіпті. Әйтеуір жан созып, көктемде көкке тойған мал сүтіне ілігіпті. Мен әлжуаз, кішкентай болыппын.

- Мына мен сияқты ма,-дедім әкеме сауал тастап.

- Жоқ, сен дырдай жігітсің ғой...Мен дегенің мына шынашақтай болыппын,-деген әкем менің шынашағымды көрсетті. Әйел, ананың қашанда жаны сірі келсе керек, деп жалғастырды әкем әңгімесін. Мені арқасына таңып алып, үлкенін жетелеп жүріп анам егінде еңбек етті. Сол соғыс жылдарындағы аналардың қайсарлығына, қайраттылығына, шыдамдылығына, төзімділігіне, табандылығына қалай табынбайсың. Олар

Жонаш Қалдыоразұлы

деген қара күштің, асқан қайраттың қабы ғой. Қайткенде де жан сақтап, отағасымның отын өшірмеймін, шаңырағын шайқалтпаймын деп жанын салған сол бір кездің аналарының келісі келбеті, көркем бейнесі көңілден кетпейді. Ол жылдардағы бар ананың да ары таза, арманы биік. Шыбын жандарын шүберекке түйе жүріп, елең-алаңнан төңірекке тұтас қараңғы түскенше Жеңіс үшін, ел үшін, ертеңгі ұрпақ қамы үшін еңбек етті, терін төкті. Уақытпен, жағдаймен санасу дегенді білмеді олар. Қиындыққа төзді, қасіретке көнді. Шаршады, шалдықты-болдырмады, болдырса да болмады. Түннің бір уағында жұмыстан шаршап, шалдығып, аяқ-қолы талып келсе де қабақ шытпай балаларын баптап, ас-суын беріп жатқызып, ал өзі тағы шам жарығымен майдандағы ерлер үшін жылы шұлық, биялай тоқып, киімдер даярлайтынын ерекше ерлік деуге болады. Қаншама жай жатса да сол аналар ертеңгілік жұмыстан қалуды, кешігуді білмейді. Торғай шырылдаудан, бригадир жалауының көтерілуінен бұрын тұратын.

Бұлдырық екпінді егінші. Жап ашып, егін суарады. Қатарынан қалмай, еңбегімен қос құлыншағын бағып келеді. Жаздың аяғы болса керек. 1943 жыл дейді. Аяқ астынан Бұлдырық қатты ауырып, қалпақтай ұшады. Оның басы тұзға түсуден басталғанға ұқсайды. Өйткені, алдыңғы күні денесіндегі сырқаттардан айығам деп тұзға түскен анамыз келесі күні жап аша жүріп мұздай суға түскен. Бұл оған пәленің басы боп жабысыпты. Отыз тоғыз жастан қырыққа беттеген шағы екен. Аз ауырып бақилық болған ана артында аңыраған қос жетім елдің бір шетінде тігілген төрт қанат қоңыр үйде қоңылтақсыған көңілмен қала берді. Қоңыр үйдің алдындағы желі де екі-үш ірі қара, бес-алты уақ жандығы байлаулы қалыпты. Төрт қанат қоңыр үйде қалған қос жетімге қарайласар, жаны ашыр жақын қапелімде табылмаған сыңайлы,. Ешкім бірден батыл қолын созып, бауырына баспағасын иесіз үйде қалған қос жетім, қағажу көріп, өмір өріне өлмесе жетерміз дегенмен, аяқ астынан қиналғаны белгілі. Уақыт та қиын кез еді. Ел соғыс жағдайында. Тұрмыс ауыр, талап қатал. Бәз біреулердің жағдайы мүшкіл күйде. Әркім өз бетімен күн көріс қамында. Сондай ауыр кезеңде қамыға күн кешіп, қараусыз қалған қос жетімді әкеміз Қалдыбектің үлкен апасы Балақан апамыз қолына алып, қамқорлапты. О баста Балақан апамыз Қалдыбек інісін өзіне еншілес қылып төркінінен сұрап алған дейді. Балақан Өміртай атамыздың үлкен қызы екен. Қалдыбек інісінен тура он жастай үлкен. Ол кезде апамыздың үлкен ұлы соғысқа, ері жұмысшылар батальонына еңбекке алыныпты. Үйде бойжеткен, бойжетіп келе жатқан, жасаң келген төрт қызы бар. Бірін-бірі бағады, бірін-бірі қамқорлайды. Оларға туған нағашыларының қос ұлын қамқорлау, бағу, күту қиын емес...



Өмір иірімдері

- Ал мен сияқты, сегіз жастағы бала қайда?-Менің бұл сауалыма әкеме оңай тимеді білем. Қабағы түйіліп, көкірегі қарсы айырылып терең демалды. Даусы жарықшақтанып, үні дірілдей шығып, естілмегендей сезілді. Көңілі босағаны ма? Неліктен, не себебі бар? Неге қойдым бұл сауалды? Әкем үнсіз қалып, көптен кейін ғана тіл қатардай сезілді.

- Әке, не, жылап жатырсың ба?-Мен оны құшақтап, бетін сипадым. Жанарынан саулаған жасты қолыммен сүрткенмен ештеңе демедім. Деуге батылым жетпеді.

- Жоға, күнім. Жәй ғой. Өткен күндердің өкінішін осылай еске алу кейде ауыр тиетіні бар. Көңіл босап, өзіңнен-өзің қобалжисың.

- Онда сегіз жасар бала жайлы әңгіме айт? Ол бала қайда тұрады. Әйелі, балдары бар ма?

- Оны кейін айтып берермін. Әңгіменің бәрін бірден айтып тастауға болмайды ғой. Міндетті түрде сен оны білуге тиіссің. Бірақ бұл жолы емес. Ал енді демалайық.

- Онда менің қалай дүниеге келгенімді айт.

- Оны да айта алмаймын. Анаң ренжіп қалса қиын соғады.

- Неге? Анашым неге ренжімек? Онда соны айт.

- Неге дейсің бе? Сен жарық дүниеге келгенде азап тартып, қиындық көрген, шаршап, шалдыққан мен емес, анаң ғой.

Сондықтан ол жөнінде анаң айтсын да, балам.

- Жарайды. Онда анамыздан тыңдалық?

- Ей, әкең екеуің не деп мылжындап жатырсыңдар. Тыныштық беріндерші, көкелерім. Таңертең ерте тұру керек.,-деген анам әрі аударылып, кіші ұлы Алданның ашылып қалған көрпесін жаба берді.

- Анамыз өтірік айтпайтын шығар. Мана ауданда жиналыс дей ме, сессия дейме, соған барамын, ертең бір жай тұрайыншы деп еді ғой,- дедім мен де қарап жатпай.

- Барсақ барамыз, жай тұрсақ жай тұрармыз. Енді ертелетіп малға тұрмаймыз ба? Сендерге дауа жоқ шығар. Не айтайын, Қалданжан. Сенің денеңнің шылдырықтай, мойныңның қылдырықтай, өзің құсаған, жылауық болғаныңды, өмірге қос шеке боп келгеніңді айтайын ба? Әлде, әкең ауылда жоқ, өлім есігін қағып, қиналағанымды, көрген жан азабымды айтайын ба? Әлде сенің екі күннің бірінде ауырып, ауруханаға қарай аттанып бара жататынымды айтсам ба? Немесе, әкеңнің сені өліп қалады деп налып, ренішпен көзіне жас алып, көңілі бұзылып жылай беретінін айтайын ба? Өзің айт, қайсысын айтайын, қайсысын қуана тыңдағың келеді?

Жонаш Қалдыоразұлы

Мен үнсіз қалдым. Айтса, анамдікі де дұрыс. Мені дүниеге әкелерде анам не көрмеді. Алдымен талғағы қатты бопты. Асхананың супысын ішем деп әкеме кәстролмен супы алдырыпты талай. Еңбектеніп әкем әкелсе ішпейді дейді? Ішейін десе ләпсісі тартпайтын көрінеді. Толғағы да қатты болған. Хирург Темір Жәрдемов анамның жатырынан күшке салып суырып алыпты мені. Содан мен біраз күн вакуумде жатыппын. Иә, солай. Ол күндерді еске алса анам шіркін шыдай алмайды. Енді тумаймын, осы баланың қызығын көрсетсе деп жүр еді, аппақ қылып Алданды әкелді өмірге...

Адам баласында арман көп. Ол өлгенше таусылмайды. Ал бастысы-артында ұрпақ қалдыру. Бұл әкем Қалиханның қағидасы. Ал сол ұрпақтың бірі мына мен. Әрине, тірлік дүниеге келген соң абыройлы адам боп өсу, ержету, оқу, азамат атану керектің керегі. Бірақ бәріде күллі әлемді жаратқан Алланың билігінде. Тәңірі саған қанша ғұмыр берсе, сонша тірлік кешесің. Ол тірліктің азабы да рахаты да, қиындығы да қызығы да жетерлік. Соның бәрін көрмей өмірден өту мүмкін емес. Бұны намаз оқып, ораза ұстайтын әжем де, бұны коммунист деген атақтары бар әкем де, анам да әрдайым айтып отырады. Адамның сеніміне ешкім қарсылық ете алмайды. Бұны мен осы алты жасыма дейін де, кейін де көп естідім. Әкем тәрбие жөніндегі алапат шығарма-Кабуснаманы дауыстап оқып, мазмұнын түсіндіріп берген кезі аз болмады. Сонымен бірге А.С. Макаренко сын-ды парасатты педагогтың пайымды ойлары мен ғұлама ақын Абай өлеңдерін, қара сөздерін өзінше түсіндіріп, көңілімізге құйып беретін. Әкемнің әсем әуезді әдемі үні үлгілік үрдісіндей көрінетін. Әкем оқыған шығармалардағы жазылған тәлім мен тәрбие турасындағы өсиет өсе келе өмірімізге өзек болғаны аян. Айқындап айтқанда ата-ана мектебіне өзге тәрбие мектебінің бірі де тең келмейді екен.

Мен мына қапталыма аунап түстім. Әкем арқамды әлі сипап жатыр. Оның басты қағидасы-бала сылаумен, сипаумен, жақсы өнегемен, үлгілі үрдіспен үлкен адамдық жолға түсіп өседі дегенді тұрақты ұстанады. Әкемнің алақаны мақпалдай жұмсақ, жып-жылы, ал жүрегі одан да жұмсақ, шуақты, нұрлы. Сол жүрегімен елді сүйгенде ерекше елжіреп, еміреніп кетеді. Бәлкім, бұл тірлігінде қиындық пен қасіретті, азап пен аярлықты көп көргеннен де шығар. Пайымдап қараған кісіге өксумен өткен өмірі көп жайларды-мұңды күндерін, шерлі сезімдерін аңғартатын сыңайлы. Бірақ әкем менің есті кісі. Пысық та аңғарымпаз, ақылға бейім, арманшыл болу-тапшылықты, жоқшылықты, жарлылықты көп көрген, көп қиналған, тағдыр тауқыметін көп тартқан адамға тән болса керек. Бірақ қиындық көрдім, қасірет тарттым деп моюды білмейді. Төзімділігі мен

Өмір иірімдері

көнбістілігіне қайран қалмайтын пенде жоқ. Жалпы, менің әкем-баланы жақсы көреді. Бала жатырқамайтын кісі киелі кісі көрінетін сияқты. Қандай ма ренжіп тұрған болса да әкем бір сөз айтса жазылып, жадырап қоя береді. Бұл адамға аса керек қасиет болса керек. Ал мені өте жақсы көретіні белгілі. Бірақ үлкенді сыйлап қалғандығы бар, әжеміздің көзінше бізге еміреніп, сүю дегенді білмейді. Бірақ жүрегі елжіреп тұратыны кәміл. Енді қайтсін, деймін іштей өзіме-өзім. Жаны жабырқап жүргенде үзілгелі жүрген үмітін жалғап, жал, құйрығы іспетті жалғасы боп мен дүниеге келгенде оның қуанышы ерекше болыпты.

Әйпесе:

Бақыттың атар ма деп таң шырағы,

Жабырқау жаным талай қансырады.

Дүниеге келді ұлым-жалғасым боп,

Өлеңім, өмірімнің шамшырағы, - демес еді ғой.

Мен өмірге келгеннен соң "Ұлыма арнау" деп сағыныш сазына, мұңды сезімге толы, толғамды ойға құрылған ән шығармас еді-ау. Ол әнді өзі домбырамен сүйемелдеп, сүйкімді қоңыр даусымен, баяулатып, жан балқытып айтып отыратыны бар. Сөзі былай келеді:

Құлыным, айналайын, гүл бөбегім,

Жүзіңнен балбыраған нұр көремін.

Сен келіп дүниеге, жан әкеңнің,

Шалқыттың көңілінің күй өлеңін.

Бақ гүлім, мен сеземін жанарыңнан,

Мен сенің хош иісіңе қанармын ба?

Алдымнан таң аттырып шапағатты,

Таусылмас арман қостың арманыма.

Күн сайын сүйкімді боп баратырсың,

Сен менің мәңгі талмас қанатымсың.

Кешегі асқар таулар қол жетпейтін,

Өзіңнен аласа боп қалатын шын.

Сен менің жүрегімнің жалынысың,

Алдағы өмірімнің таң нұрысың.

Адам бол, азамат бол, жан перзентім,

Әкенің алға әкетер сағынышың.

Осы әнді әдемі бір әуезбен айтатын әкемнің әншілігіне де тәнті болдым. Осы әнді тыңдап отырып әжеміздің талай мәрте көзіне жас алып, көңілі босаған сәттері де ұшырасты. Әрине, мұңды әуен қашанда сезімді қозғайды. Оны ұғатын сергек көңіл, нұрлы жүрек керек. Әжемізде осындай сезім бар. Өйткені ол әкеме хиса-дастандарды оқытып, ондағы оқиғалар мен адамдар басындағы жағдаяттарға ортақтасып отыратын. Өнерлі кісі

Қонаш Қалдыоразұлы

көрінетін әжеміз. Расында да солай. Сонау жас кезінде салған әндерін әлі ұмытпапты. Оның үстіне шебер қол өнер иесі.



Балалықтың бір күні

Кеше мен алтыға толдым. Алтыға толған күні бәріміз болып шай іштік. Ойынмен есі кеткен көп қара домалақ баланың бірімін. Осы күнге дейін жиі ауыратын болыппын. Оған ата-анам мазаланады, әжеме уәйім кештіріппін. Жиі-жиі ауруханада жатыппын. Бірақ бала өсе келе шынығады, шымыр болады екен. Тынымсыз ойыннан ойым ғана өспей денем де шымырланып, толыға түскендей. Елгезекпін. Жеңіл қозғаламын. Жүгіруден шаршамаймын, доп қуудан танбаймын. Оның үстіне әр нәрсеге басым. Анау не, мынау не? - деп әр нәрсе жөнінде сұрағышпын. Менің тынымсыз сауалыма ерінбей, ерекше ынтамен әкем ғана жауап бере біледі. Менің сансыз сұрағымды тыңдауға, сарсаң сауалдарыма жауап беруге анамыздың уақыты да бола бермейді. Жұмыстан қанша шаршап келсе де үй шаруасы тағы мойнында. Сауатын, жайлайтын, ертеңгісін ертелетіп өріске шығаратын мал қамының өзі жетіп жатыр. Оның үстіне балабақшаға баратын біздердің киімдерімізді әзірлеу анасы мен еріне шай жабдығын жасап кету, Сайраны сабаққа ояту оның міндеті. Үй болған соң келім-кетім қонағы да болады. Ал оларды қарсы алу, күту, шығарып салу да жеңіл шаруа емес. Ерте тұрып, жай жататын анамды қатты аяймын. Аяғанымнан не пайда. Мен әлі кішкентаймын. Он бірге толған Сайраның да көмегі аз. Көбіне сабақ оқуға шығындайды уақытын. Алдан болса әлі кішкентай, аяққа оратылып, кесел жасағаннан басқа "пайдасы" жоқ. Орынсыз қимылдап отқа күйіп, суға түсіп кетер деп Алданды әжеміз көбіне "арқандап" қояды. Салмақты келген Алдан байлағанға алданып, айналасындағы ойыншығымен ойнап отыра береді. Кейде шешіп қойсақ та байлаулымын деп тырп етпей тапжылмай отыратыны бар. Оның үстіне анам озат мұнайшы ретінде үлкен құрметке ие. Аудандық кеңес депутаты. Сайлаушылар аманатын орындау ардақ парыз. Кейде кей сайлаушы үйге келіп, анама мұңын айтады. Көмектесуін өтінеді. Олардың өтініші анама заң, орындау жолында үзбей жұмыстанады. Тындырғанша тыным таппайды. Аудандық атқару комитетінің мүшесі ретінде де атқарар алуан істері бар. Анамның сол жұмыстармен жүргенде бала тәрбиелеуге, тәрбиесіне ықпал етуге, сабақтарына көмек етуге, мектепке баруына қолы тие бермейлі. Үйде тәрбие жұмысымен негізінен әкем айналысады.

Тағы бір айтар шындық-біздің шаңырақта ел қатарлы туған күнін атап



Өмір иірімдері

өту, тойлау дәстүрлі қалыптаспаған сыңайлы. Әкемде, анамда, Сайра апамда әлі туған күнін атап өтпепті. Мен дүниеге келгенде ата-анамның қатты қуанғаны шындық. Алайда тұңғыш ұлдары мен дүниеге келгенде де той жасамаған. Әрине, бұны әкемнің сараңдығы деуге болмас. Елден ерекшеленіп, той жасауды қажетсінбегендігін айтқан-ды әкем. "Кешегі қаңғып жүрген жалғыз басты қу жетім бүгін қайдан жетіліп, қоң жинап, той жасағыш болып алды" деген елдің, жұрттың қаңқу сөзінен қорқады. Ел ішінде көре алмаушылық, күншілдік пен міншілдік аз ба. Кімнің аузына қақпақ болар жай бар.

Әкем өткенді де, бүгінді де, ертеңді де көп ойлап, көңіл таразысынан өткізіп отырады. Оның үстіне қамкөңіл жан көрсе қатты жаны ашып, көңілі пәс тартып, налып, шаршап қалатыны тағы бар. Сол қиындық, қасірет көрген жанға көмек еткенше көңілі көншімейді. Осының бәрі оған ерекше әсер ететін болу керек. Жүрегі жиі ауыратынды шығарды. Бала болсам да байқап жүрмін. Әке денсаулығының жақсы болғанын, жанымызда жүргенін қалаймыз. Біздің қамсыз өсуімізге өзінің барлық тірлігімен, қам-қарекетімен жұмыстанып жүргенде осы әзиз әкеміз емес пе!

Әкем ауруханаға жатамын дегенде еңсем түсіп кетті. Оның үстіне бүгін әжем келмесе кімнің қасына жатамын деген ой мазалады. Жатармын-ау Сайра апамның қасына, не анам Сағирамен бірге. Бірақ олар кешкісін не әңгіме, не ертегі айтуды білмейді. Бірі сабағын оқып, екіншісі асын дайындайды. Ал Алдан інім екеуміз кеше әкемнің маған сыйлық ретінде әкеліп берген ойыншық автокөлікке таласып жағаласамыз, төбелесеміз келіп. Бұл балалық дегенді қойсайшы.

Кештетіп балабақшадан оралдық. Бізді Сайра апамыз алып қайтты. Оның айтысына қарағанда әкем ауруханаға жатып, алыс жолдан әжем келіпті.

- Алақай, алақай! Әжем келді, әжем келді,- деген мен сонадайдан құлдыраңдап жүгіріп келіп әжем мойнына асылдым. Төрт-бес күн ішінде әжемді қатты сағыныппын.

- Құлдыраң... Құлдыраң-құлыншағым.- Емірене бауырына қысқан әжемнің жұмсақ иегі танауымды қытықтағандай сезіледі. Қытығым келді, тырқылдап күле бердім. Шөпілдетіп сүйіп жатыр, сүйіп жатыр.- Әй, сендер менің қарағымды ренжіткен жоқсыңдар ма? Тамақ бермеген сияқтысыңдар ғой. Қане, шешін, сосын тамақ ішеміз. Айт, мыналар ренжіткен жоқ па? Жасырма, жандарын тілейін.

- Жоқ, әже. Ренжіткен жоқ.

Мен жанарымды анама аудардым. Көңіліме: әжеме айтып жаныңды тілдірейін бе, деген шайтан сезім көңілімде көлбеңдеп өтті. Бірақ менің

Қонаш Қалдыоразұлы

анам

- Сағирадан артық жан бар ма?- деді. Байқаймын, ол үнемі мені сырттай бақылап, ойымды оқып, пікірімді айттырмай сезіп, сөзімді зердесіне түйіп, ойлап отыратын сыңайлы...

Әжемнің әңгімесі

Әжеміз сұңғақ бойлы, сойы келіскен, денелі келген ана. Аты Жансая. Жас күнінде көркем де келбетті, қайратты да қуатты болыпты. Бүгінде жасы жетпістен асып, сексенді иектесе де сергек. Қатар кемпірлерінің екі-үшеуін жұмарлап, қатар лақтырғанда күлкіге де, қызыққа да қарық боламыз. Біріне-бірі аттары ұйқас-Бағира, Зағира, Сағира сынды үш қызы бар. Кішісі Сағира менің апам. Ал Сайра апам Бағирадан туыпты. Бір жастан асар аспапта Жансая әжеміз бауырына басып, қызы Сағираға серік етіпті. Бүгінде Сайра біздің үйдің туған қызы аталады. Бесінші кластың оқушысы. Сабақты үздік оқиды. Соның жақсы оқығандығынан әжемнің суреті мектептің "Үлгілі ата-аналар" тақтасында тұрақты ілініп келеді.

Сайра апамның басынан өткен бір оқиғаны әжем әңгімелеп отырады. Жасы жетіге жақындағанда алдын ала үйренсін деген талаппен мектептің дайындық бөліміне беріпті. Бірақ Сайра апам сабаққа кеттім дейді екенде, ойнап-ойнап кешкілік үйге бір келетін көрінеді. Содан бір күні өтірігі шығып қалып әжем Сайраны мектепке жібермей қойыпты. Содан Сайра апам мектепке бір жыл кешігіп барулы.

Кеш түсіп, айнала қою қараңғыланды. Терезеден ай сәулесі төгіліп тұр. Аспандағы жыпырлаған жұлдыздарда көріне бастады. Әжем екеуіміз ұйықтамаққа бөлмемізге бет алдық. Міне, түйе жүн көрпенің астына сүңгіп кеттім. Бүгін әжем екеуіміз біргеміз. Бір жатырмыз. Айырылғым келмейді. Әжем әдемі кісі, бірге болса, екен деймін. Әжемнің әсерлі әңгімесі, әдемілігі әсер ете ме? Мен де, басқа да оның әңгімесін тыңдауға құштар. Ол мені арқамнан, басымнан сипап, бауырына қысып, аялап, аймалап, әдилеп, өліп-өшіп сүйіп жатыр. "Ұлдан туғанның ойығы жоқ, Қыздан туғанның қиығы жоқ" деген дұрыс екен-ау. Мені ол қызынан туған бала демейді, өзінің төл ұрпағындай сезінеді, маған да солай сездіреді.

- Әже, деймін, әңгіме айтсайшы... Тыңдағым келеді.
- Не айтайын, балам-ау. Жасы ұлғайып, ауырып жүрген кісіден әңгіме бола ма?-дейді ол.
- Нені қалайсыз, соны айта беріңіз, деймін.-Мен тыңдауға әзірмін. Басыңнан өткен өмірің, көрген қиындығың турасында?



Өмір иірімдері

- Е, балам-ай! Біздің өмір қай бір оңай болды дейсің. Біз де жас болдық баяғыда. Одан бері алпыс жылға тақау уақыт өтті. Менің жас күнімде, ата-бабаларым осы өңірде, осыдан былай Сағызға қарайғы жерлерді мекен етіп, өніп, өсті,-деп бастады әңгімесін әжем.-Бүгінде сол туыстардан, бірге туған бауырлардан бірі де жоқ. Ең болмағанда тұқым да қалмады. Бәрі де қырылып қалды. Ал мен әке-шешем он алты жасымда Адайларға, Тобанияз әулетінің біріне әйелдікке берді де жіберді. Жылай-жылай кете бардық. Көз жасқа да, көңіл мұңына да, жүрек сезіміне де, жан жарасына да ешкім қарамады. Кенбайдан кеткеннен Жылыойға жетіп, одан Бозашы астық. Барғанша итіңдеп түйенің үстінде отырдық. Бар қиыны сол болды. Су жорғаны таңдап мінетін азаматтың қызы әп-сәтте қалың малды көп берген біреудің тұтқыны боп шыға келдік. Қабағыңа қарар, жайыңды білер жан болсайшы! Қиыны да қасіреті де сол екен. Жыл айналғанша артыңнан да адам келмейді. Сағынасың. Сағына жүріп сарғаясың. Сарғая жүріп жылайсың. Көз жасыңды көрер күйеу жоқ. Күні бойы малда. Кешкілік қасыңа келіп әрең қисаяды. Барғасын бір-екі жыл кідіріп барып балалы болдық.

- Ол бала қайда? Тобанияз кім? Кенбай, Сағыз, Жылыой, Бозашы деген не?

- Шыда балам, айтамын, сөзімді бөлме. Әңгімені сұраған екенсің, тыңдай біл. Әуелі-Сағыз, Кенбай, Жылыой біз жайлаған, мекен еткен, ата-бабамыз аң аулап, мал өсірген жерлердің аты. Кенбай сары қосымдардың ата-қонысы. Әкем Бекен білікті кісі бопты. Орташа ғана дөңгеленген шаруасы бар екен. Бірақ балаларын оқытуды мақсұт тұтыпты. Менен үлкен апам болды, аты Моншақ. Ескіше оқыды. Мен де оқыдым. Мұқтасар, Құранды тауыса бергенде молдамыз құтырып кетіп, масқара болды. Ал інім Ғинаят екеуіне де, ескіше де, жаңаша да оқыды. Сабаққа алғыр, зерек оқыды. Туысы Шәукенбаев Тарыбаймен қатар еді. Бірімен бірі жарасып оқитын. Амал не біреудің көзі тиіп, Ғинаят аяқ астынан қалпақтай ұшып ауырды. Аз жатып дүние салды. Топырағы торқа болғыр жалғыз бауырымның бейіпті Қосшағылдың батыс бетіндегі қорымның бірінде. Басында белгі де жоқ, кім қойсын, әлдеқашан топырақ басып қалған шығар. Ал жалғыз балам? Бар. Аты Жанқара. Сол тұңғышымыз дүниеге келгесін көп кідірмей әкесі опат болды. Ал мені отағысымның жылы өтісімен қайныма атастырды. Қасқай, қайным да қайратты, көрікті келген, келбетті жігіт еді, ғұмыры қысқа соқты. Ақыры мен жауыз келін, жалмауыз келін атандым. Рас, екі бірдей інісі өлгенмен тірі адам тіршілігін істейді. Мен бетінің қаны таймаған келісті келіншекпін. Қайнағам да менен дәмелі екенін бірде білдіріп алды. Кешкілік қой қоралап жүргенбіз. Екі көзі

Жонаш Қалдыоразұлы

жайнаған, екі беті нарттай кісі маған жақындап келе жатты. Не істесем екен? Айқайлап, абыройды төгуге болмас. Ол жақындап келді де: - Жансая, - деді.

- О не, ағаке,-дедім.

- Сен елден кетпеші? Кетсең бәрімізге оңай болмайды. Әсіресе...М...Әрі қарай ештеңе айта алмады. Менің қолымнан ұстап қысып-қысып қойды. Бұл сені жақсы көрем деген белгі еді. Мен ештеңе дей алмадым. Ағаке, абай болайық. Абысын бар ғой,-дедім мен.

- Әй, абысын...абысын...Сенің тырнағыңа татыр ма? Татымайды ғой. Сосын ғой...сосын ғой... Сорлы басым. Кетіп қалсаң көзден де, көңілден кетесің-ау. Ал сендей адамды көзден де, көңілден де кетіруге бола ма? Болмайды. Онда сұлулықты сыйламағандық, түсінбегендік.

Мен не дермін. Үнсіз қоштастық. Ақыры ағакем абысынан аса алмады. Бірақ менің көркім, менің келбетім мен шырайым, мінез-құлқым, жүріс-тұрысым, сымдай тартылған белім, қарлығаштың қанатындай қасым мен ақ бұғағым қайнағамның да құлқынын күйдіріп, өзегін өртейтінін біліп жүрдім...Білгенімнен не пайда. Әйел басыңмен өзіңнен үлкен кісіге қалай жабысарсың. О да қайтсін. Қолы жетпейтін асылға қол созғанын ұқты. Оның үстіне осы кезеңде Бақытжан Қаратаев деген азаматтың көп әйел алушылармен күрес деген кезі туды. Көптеген жас әйелдер сол бір асыл азаматтың шығартқан жарлығы арқасында теңдікке, бостандыққа ие болды емес пе?! Содан бір күні қайнағам әулетін жиыстырып, маған ақ батасын беріп, басыбайлы бостандығым мен еркіндігімді алдым. Ал төртке тақап қалған Жанқараны өздері алып қалып, бермеді. Ұрпақ өздеріне де керек екенін, бір шаңырақтары құлап қалатынын көлденең тартты.

- Туған туғанмен табысар, тумағанға қара бәле жабысар, деген, айналайын. Аман да тірі жүрсең бір күні табысарсыңдар. Соған Алла нәсіп етсін,-деді енем кемсеңдеп.-Екі бірдей шаңырақ орнындағы бір бала ғой. Жүрер, жетісіп кетер. Өзім аман болсам маңдайына шаң тигізбеспін...Енем еңіреп қалды. Жанқараны бауырына басып айырылар болмады. Ағакем мен абысынымда қия алмай отырғаны белгілі. Қалсайшы, бірге болайық деуге абысынымның әйелдік "намысы" жібермей отырған сыңайлы. Абысыным бауырына басып біраз өксіп алды. Қайнағамда қапысын жібермеді. Қос көзінен төгілген жасты сүртпей айқара құшағына алып, алқымымнан иіскегендей тұрып қалды. Осы сәтте бар дүние тұнып қалғандай көрінді маған. Не істеп не қойғанымды өзімде білмеймін. Бір мезгілде: Қош, ағаке, деп алыстап бара жатқанымды бір білдім...

Содан арада күндер өтті. Жол шыққан жолаушыларға еріп Жылыойға да жеттім-ау. Туған жерім деп тепсініп, өскен елім деп еміреніп жеткенде



Өмір иірімдері

кімге келгенімді де ойламаппын. Төркін қайда, туған үй қайда? Бәрі де жоқ, опат болған. Жұртында жер ошақ пен сынық кереге ғана қалыпты. Жаным жабырқап сала берді, көңіл құлазыды. Не дерге болады, заман солай. Жылжып күндер мен апталар, айлар өтті. Өмір дөңгелегі мені Сағираның әкесіне тап қылды. Тағдыр табыстырған бұл адамым ақыл иесі көрінді. Бас біріктіріп, бірге ғұмыр кештік. Жарықтық бұл кісі өте тақуа, аузы күзетті, артық не бейпілауыз сөзі жоқ, таза жүретін, намазын қаза етпейтін кісі болатын. Бес балалы болдық. Үш қыз, екі ұл. Алла маған көп көрген шығар өзі берген екі ұлды өзі алды. Ал әлгінде сен сұрап жатқан бала, аты Жаңқара, бүгінде Маңғыстау жағында өмір сүріп, тұрып жатыр. Бала-шағасы, келіншегі бар.

- Ал бұл жолы мені тастап қайда барып келдің, әже?

- Айналайын-ай, әрнеменені сұрай бересің-ау,- деді әжем.-Бәрін білгің келеді. Ол дұрыс. Мен бір шал іздеп кетті дейсің бе? Денсаулығым болмай, жиі ауырып жүргесін дертіме шипа іздеп кеткенмін. Түркістанда Тұрсын емші шықты дегесін барғаным ғой. Бірақ емі көңіліме қонбады да ұнамады. Байқап, байыптап қарап, зер салып ем, ана адамға да, мына адамға да сырқатымыздың түріне қарамастан бір шөп дәрі беріп жатқаны. Сосын тезірек ауылға оралуға асықтым. Әрі өзіңді сағындым, Қалдан балам. Әлгі Алдан ит қайда, әжесіне бір келмеді ғой.

- Әкемнің кітаптарын гараж жасап, ойыншық ойнап отырған.

- Ә, оны ойыннан айыру қиын ғой. Құмары қанғасын құлай кеткен шығар.

- Әже, әже деймін. Әжетай...Әлгі Жанқара атаның аулына бармаймыз ба? Барайықшы. Көрейін деп едім. Ол қандай кісі? Сіз сияқты сұлу да көрікті, тұлғалы кісі ме?

- Е, балапаным-ай, тыныштал енді. Жаз шығып, жер аяғы кеңігесін барсақ барып қалармыз. Оған дейін де өсе түсесің ғой. Ал Жанқара шағын денелі, кішілеу келген, мұрты бар, қара өңді кісі. Мінезі жұмсақ. Бақтыгүл деген әйелі бар. Әдемі, іскер де шебер әйел. Дана деген қызы, Құлмет деген ұлы бар. Дана өңі әкесіне тартқанмен, шеберлігі, іскерлігі шешесіне тартқан. Құлмет денелі, басы үлкен, қол-аяғы балғадай жігіт. Егер ұмытпасам, сенің есіңе бар ма? Екі жасыңда Жанқара біздің үйге келген еді... "Ұмытқансың ғой. Әйтпесе, оның сөзі есте қаларлық болдық. "...Маңғыстаудың қара прокурорымын" деп осы арада арақты ішіп алып, біраз көкіп отырды. Қалиханда жаңа келген аға ғой деп меселін қайтармай сұрағанын беріп, ішетінін ішті ғой...Ал арақ шөлмекке сыйғанмен, қарынға қалай сыяды? Шамалап ішуді білмейді. Әй, бірақ, жоқшылықта, әркімнің есігінде өскен балада қайбір сана болсын. Оқымай қалыпты. Өнерсіз,

Жонаш Қалдыоразұлы

білімсіз жан кімге керек? Әлбетте әйелі Бақтыгүл ақылды да адал адам боп келді. Ерінің кемшілігін елге білдірмей, басын өрге сүйреді. Қайткенде де оны қатарға қосып, ел етті. Бақтыгүл келініме жаныммен, жүрегіммен ризамын. Өзі бауырмал да ақ жүрек. Пейілі кең, ниеті ақ. Соған орай оған құдай да беріп отыр. Тілімен де, ісімен де келістіре алады. Кейде ұйқастырып өлең де шығара салады. Шалына арнаған бір өлеңін тыңдап, күлкіге батқанымыз бар. Қалай еді әлгі?...

Менің шалым аласа,
Жүрген жері тамаша.
Екі адам бас қосса,
Сөйлеседі жараса.
Қияқ қара мұрты бар,
Арақты ойлап жұтынар.
Оны көрсе сайтандай,
Бар күшін сап ұмтылар.

Міне, көрдің бе, Бақтыгүлдің ақындық машығын. Ерін мақтамен бауыздап берді. Сол өлеңді естіген соң Жанқара арақ ішуден сап тибілыпты. Сынды түсініп, ұққан да жақсы, ұлым.

Әжем әңгімесін аяқтап, демалуға кірісті.

...Кейін мен тоғызға келгенде Жансая әжеміз дүние салды. Қан қысымына ұшырады да үш күн дегенде, көз жұмды. Кейуана ана жетпіс алты жыл ғұмыр кешті. Отағасы да жетпіс алты жасында өмірден өтіпті. Қандай сәйкестік әлде, табиғат заңы ма? Әжемізге бата оқи сонау Маңғыстау аймағынан Бақтыгүлдің біздің үйге келгені бар. Сонда анам Сағира екеуі көп әңгімелесті, сырласты. Жеңгелі, қайынсіңлілі болып әңгімелесу, сырласу қандай жарасымды еді? Олардың екеуара әңгімесінен бір ұққаным: Жансая әжеміз аса қуатты, қарулы келген, қайраты асқан адам атаныпты. Бірде біздің ауылға келген Бақтыгүлдің қызы Дана әжеміздің бір шалды көтеріп ұрып, шалқасынан түсіргенін аулына мақтанышпен айтып барыпты.

1950 жылдар басында Бақтыгүл сонау Маңғыстаудан қияндағы Жылыойда жүрген енесін іздеп шығады. Көрмеген, танымайды да. Мінген машинасының шофері Құлсарыға келгесін ешқайда бармай, жатақханада жататынын, бұған да бірге баруын, керек кемпірді ертең іздейтіндіктерін айтады.

- Діңкем құрыды, алыс жол шаршатты, ал сен бармасаң өзің біл, дейді шофер.

- Жоқ, мен ешқайда бармаймын, кабинаға кілттеп кет,-дейді Бақтыгүл. Ақыры Бақтыгүлді кабинаға кілттеп кеткен шофер жатақханаға



Өмір иірімдері

да бармай бір танысының үйіне қона кетеді.

Таңертең мал шығарып, су әкеле жатқан әйелдер кабинада отырған Бақтыгүлді көріп: - Көтек, таңатпай кабинада отырған кім әйел, қайда барады ертелетіп? - деп ауыздарын сылп еткізген. Әйелдердің "әдемі" әңгімесі Бақтыгүлдің көңіліне күлкі келтірген сыңайлы.

Ертеңгілік шайға қанған шофер Бақтыгүлді ертіп, Жансаяны іздепті. Түске дейін таба алмапты.

- Жанқараның шешесін іздейміз,-деп өлер болдық, балшыққа да баттық,-депті шофер. - Өзін көрмеген, білмейтін, танымайтын кемпірді іздеп...

- Әлгі Жансая ма? - депті үй иесі әйел. -Әуелден солай демейсіңдер ме? Мен оған сүйінші сұрап, бала жүгіртейін. Осыған дейін неге айтпағансыңдар?

- Әлгі әйелге еріп енем үйіне беттеген ем...? Денем дірілдеп, өзімнен-өзім абдырап, жүре алмай да екенмін дей бердім іштей. Аңыраған күйімді сезді ме, бірге келе жатқан әйел: - Е, енең сені күтіп тұр ғой, - деді. Қарасам: Енем үй алдында әрі-бері теңселіп, жүре алмай, еңіреп тұр екен, - дегенді сонда Бақтыгүл. Елін сағынған шығар, әлде Жанқарасын аңсады ма? Әлде көрмеген мені көретініне қуанып тұрғаны ма? "Қорыққан мен қуанған бірдей" деген. Сонда енем екеуміз ерекше құшақтаса көрісіп, жыластық. Түні бойы әңгімелестік, көп сырластық.

Енемнің енесі өзінің рулас апасы болса керек, өте сараң кісі атаныпты. Қолында үш келіні бір тұрыпты. Бірақ үшеуін бір шыбықпен айдаған ене қай-қайсысында тырп еткізбепті. Соның ішінде біздің (Жансаяны айтады) енеміз ерекше көрікті келбетті, сындарлы да сымбатты әрі батыл келін атаныпты. Содан ба екен, енеміз енесімен батыл сөйлесіп, қажетті тағамын іше алады екен.

Бір күні ел жаңа орынға көшіп-қонып келіп, ас асылып жатады. Күні бойы ас іше алмай келген енем майлы, етті келген үш сүбе қабырғаны қасындағы әйелдермен бірлесіп жеп алады.

- Ұзын өзекті, қызыл шырайлы келіншексің үш қабырғаны жеп алып отырсың ба,-депті енесі сонда енеме. Реті бұлардың жасаған қылығын біліп отырған ғой енесі.

- Қайтеміз енді, тамағымызға керек болғасын,-депті енем үшеуі үшін тайсалмай жауап беріп.

...Жә...Қаншама қиын кезең, зарлатқан заман өтпеді. Аш өзекті өртеген аштық пен жоқшылық кімге не істетпеді? Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында елді жайлаған аштық, жұт кімді қасіретке ұшыратпады? Бірақ енеміз ерекше қайраттылығы арқасында қиын жағдайдан қиналмай

Қонаш Қалдыоразұлы

шыққанын сонда шындық шырайымен айтып еді-ау. Бақтыгүл анаммен әңгімесін осылай аяқтаған. Мен кішкентай болсам да есімде қалыпты...



"Достарым менің... -аң, құс"

Қараша айы да басталды. Күн салқын тартты. Ызғырық та өткір жел бар. Алайда кеше кештетіп азынаған ызғырық бүгін басылды да, күн жылынып қоя берді. Қаңқылдап ұшқан үні құлаққа келді, өзі көк жүзінде қанатын қағып әдемі болып, әсем болып тізіліп бара жатқан қаздар тобын көргенімде көңілім қобалжып қоя берді. Келер жылғы көктем де аман-сау оралса екен, деп тұрдым іштей.

Мен құстарды, қоянды, жалпы аң біткенді өте жақсы көремін. Ол менің ғана емес, бала біткеннің бәрінің әдеті шығар деп ойлаймын. Көгершіннің ұшып-қонғанын, аспанда әртүрлі әдемі ойнақ салғанын қараудан бір жалықпаймын. Қоянды құшақтап, үлпідеген жүнін сипап отыру қандай раһат. Қоянды қуып, ұстатпай шаршатса да, жүргенді ұнатамын. Басымдағы қоян терісінен тігілген аппақ бөркім өзіме қатты ұнайды. Бір жылы, менің төрттен асқан жылдың қысында әкем екі көжек әкеліп берді. Асырадық, бақтық. Бірақ Сайра апам екеуміз көжектердің үйшігін терең етіп салуды, торлауды ұмытып кетіппіз. Аулада зырлап жүгіріп жүретін көжектердің әдемілігін айтсаңшы. Көздері мөлдіреп қарағандары қандай еді? Бірде аулаға шығып, жүгіріп жүрген көжектерді көрші үйдің иті жеп кетіпті. Таңертең түте-түтесі шығып жатқан көжектердің терісін көріп, талып түскенім бар. Есім кетіп еңіреп жылап басылмағаным бар. Титімдей көжектердің нендей жазығы бар еді

- Менің жайымды көріп, жағдайымды білген әкем жұбата бастады. Қорықпа, балам, деді ол, тағы да екі-үш қоян әкеліп беремін. Көбейтіп, бағасын, әлі. Не жайлауға шықсам құралайдың лағын әкеліп беремін. Айтқанындай, өткен жазда әкем құралайдың әдемі лағын әкеліп берді. Көзі ерекше тұнық әрі мөлдіреген, тықыр жүнді лақ сүйкімді де сымбатты жануар болатын. Сайра апамның айтуымен лаққа сүт береміз, жемдейміз, суарамыз. Лаққа әбден бауыр басып алдық. Балабақшадан келсек Алдан екеуміздің бар ермегіміз сол лақ. Құйрығын шошаңдатқаны, құлағын қаққаны, маңырап, секіргені де бір қызық көрінетін. Соны қызықтап қасында жүре беретінбіз. Бірақ аң да адам сияқты. Түйсігі, сезімі бар. Көсіле шабатын кең даласын аңсайды, сары белін сарғая сағынады екен. Оны бір күні айқын аңғардым. Арада күндер өтіп жатты. Бір күні лақты



Өмір иірімдері

алдыма алып отырғанмын. Жып-жылы денесі тұла бойымды жандырып барады. Кенет көзінен саулаған жасты көрдім. Аң да жылайды екен ғой?! Түз тағысын, дала тарпаңын қанша асырап, бақсаң да өз мекенін өгейлеп, іздейтіні-ай, десейші. Бұл жайды әкеме айттым.

- Е, балам-ай, аңда, құс та, жан-жануар да адам іспетті. Зорлық пен зобалаңға көнбейді. Әркімнің жүрген жері, өскен жері ыстық, қымбат, қимайды. Жырақ кетсе қиналады, аңсаумен, сағынумен болады. Соның ішінде төлді енесінен айыру баланы анасынан айырумен тең,-деп тебіренді әкем.-Біздер, адамдар әділетсізбіз. Әлімжеттік жасап, зорлықпен бағындыруды қалаймыз. Олай болмайды. Махаббат-зорлыққа көнбейді. Зорлықпен сүйікті болам деу қасіреттің қасіреті. Әр аңда, құс та, жан-жануар да өзінен шыққан шаранасыз өмір сүре алмайды. Бұл лақтың да анасы айдалада аза күйін кешіп жүрген болар-ау. Әй, бекер әкелген екенмін, обалына қалдым-ау. Егер қисаңдар жазира жайлауына жеткізіп, үйіріне қосып жіберейін.

Әкемнің мұңды жүзіне қараудың өзі қиын еді. Лақпен бірге өзі де еңіреп, жылап кеткелі тұрғандай. Есіне анасыз, панасыз өскен күндері, өксікті өмірі түсті ме, үні дірілдеп, енді болмаса келеңсіз жайға тап болардай сезілді...

- Жарайды, әке,-дедік біз.-Жетім лақтың көз жасы мен мұңының кәріне ұшырармыз.

Інім Алдан ғана қиғысы келмей, қипақтап біраз тұрды.

- Онда, Қалданжан, екеуміз қосып келейік, лағыңды алып шық,-деді әкем. Мен қуанып кеттім. Содан әкем екеуміз лақты алып, машинамен жайлауға тарттық. Жасыл жайлау төріне іліге бере бір топ киік кездесе кетті? Алаңсыз жайылып жатыр. Біз жақындай бергенде бастарын көтеріп, құлақтарын тіктеп, үрпиісіп қарай қалысты.

Әкем машинаны тоқтатуды айтты шоферге. Шофер машина тежегішін басты да тоқтай қалды.

- Ал балам, лағыңды жерге түсір,-деді әкем. Мен лақты алып машинадан түстім. Жайылып жатқан топ киік қашатын емес, бізге қарап әлі тұр. Әкемнің айтуымен лақты қоя бердім. Құйрығы шошаңдап, маңыраған лақ топ киікке қарай шаба жөнелді. Арасында секіріп, секіріп алады. Бұл киіктер лақ үйірі ме, белгісіз. Міне, ғажап, маңыраған лақ жақындай бергенде топ киіктен бөлінген денесінің тұрқы ұзындау келген ана-киік лаққа қарай тұра шапты. Секіріп жеткен лақтың әр жерін иіскелеп, құйрығын жалап, бауырына ала берді. Ал лақ болса құйрығы шошаңдап енесінің бауырынан айырылар емес.

- Енесі жүрген үйір екен, дөп келдік,-деді әкем қуана тіл қатып.-Ана

Қонаш Қалдыоразұлы


мен баланы ажыратуды Аллада қаламайды. Бауыр еті-баласынан айырылған анаға қандай қиын екенін екінші біреу түсіне бермейді. Киік-киелі аң. Оны жазықсыз қыру, жою, ене киіктерді жесір ету, лақтарды жетім ету лайықсыз. Бұны адамзат ұрпағы түсінуі керек. Ал, ұлым, не ұқтың дала көрінісінен?

Бұл сұраққа бірден жауап беру мендей жас балаға қайдан оңай болсын. Көргенім көркем де көрікті дала. Дала төсіне сән берген киіктер. Ал ерекшесі ана мен баланың табысуы. Енесінің сүтіне тойған лақ секіре жайылып, анасының қасында құйрығын шошаңдатып кетіп бара жатты. Лақ ерекше бақытты еді. Ал киіктер болса мына адамдар жанды мұрынға келтіріп қумайтын, тыныштығымызды бұзып, өлім сеппейтін жақсы адамдар екен дегендей таңданыспен еркін жайылып, ен далаға еңдеп бара жатты...

...Бүгін ұйқыдан оянып, далаға шыққанымда жер бетін үлпілдеген ақ қар көмкергенін көрдім. Жұп-жұмсақ қарды басуда бір қызық екен. Күн тып-тымдық, жып-жылы, ашықтың ашығы. Аспанда да бір бұлт болсайшы. Мұржалардан шыққан көкшулан түгін көкке өріліп тіке көтеріліп барады. Қарды алақаныма салып біраз тұрдым. Домалақтап көрдім. Жұмсақ қардан доп жасап шығардым. Доп-қарды үй шатырында құрқұлдап отырған бір топ көгершіндерге қарай зымыраттым. Дүрр етіп ұша жөнелген көгершіндер анадай жерге тобымен барып бір қонды да өзара құрқылдасып, әдемі әңгімеге кіріскендей сыңай танытты. Шіркін, құстардың тілін түсінсем ғой... Бір-біріне не деп жатыр екен? Мына Қалдан дейтін қара бала қалай өзі? Таңғы ұйқымызды бұзып, мазамызды алып, деп ренжіп отыр ма екен? Тұмсықтарын жүндеріне тығып, тынығып отырған көгершіндерге таң атпай орынсыз тиіскеніме ренжігігендей рай танытып, ендігі домалақтаған қарымды айдалаға қарай лақтырып жібердім.

Әкем үйде болса ғой...-Балаларым, қар жемендер ұстамаңдар, салқын тиіп ауырып қаласыңдар, дер еді. Менің мына әрекетімді көрсе шыр-пыр болар еді.-Ой, балам-ау, тынығып отырған құстар ойға беріледі, олардың ойын бұзуға болмайды. Ой-адамның да, басқаның да жан азығы. Асыл ойлар оңашада жүрекке жиналады, дер еді... Амал не, әкем ауырып ауруханада жатыр...

...Сәлден соң жылы киінген інім Алдан екеуміз қол ұстасып балабақшаға бет алдық. Жұмсақ та ұлпа қарды кешіп келеміз. Көше көрінісі өзгеріп, сала беріпті. Қар кешіп келеміз. Қар жамылған ағаштар қандай көрікті. Иілген бұтақтарды қаға қалсаң қардың астында көміліп қаласың. Алданды алдап-сулап ағаш астына тұрғызып қарға көмдім. Не



Өмір иірімдері

десін ол. Оған да керегі сол.

...Арада екі күн өтті. Күн жексенбі еді. Үйдеміз. Алдан інім болса әлде бір ескі-құсқы тетіктерді байластырып, су таситын машина құрастырып отыр.

- Үйге су керек пе, су құйып берейін бе? - дейді Алдан анасына.

- Иә, құя ғой күнім. Құдықтағы су да азайған еді,-дейді анасы.

Алдан анасымен, сөйлесе бергенде мен барып су машинасын бұзып кетемін. Ол қайта құрастырады. Мен тағы бұзып кетемін.

- Қалданға қой деші, анам,-дейді Алдан анасына арыз айтып.

- Қой-әй, Қалдан. Үлкенсің ғой. Адам інісіне зәбір көрсетіп, зорлық жасай ма?-деген анама бұлтия қараймын.

- Ол неге маған бермейді, машинамен суды мен тасимын, - деймін мен.

- Е, екеуің де тасисындар ғой. Екеуіңе де машина жетеді емес пе? Әуелі Алданжан жасап болсын-дағы.- Анамыз Алданды өзіне шақырды.- Машинаны Қалданға-ақ қалдыршы. Сол-ақ тасысын суды.

Алдан машинаны маған беріп еді, алмаймын, деп тұлдандым. Қолынан қағып қалып ем, жерге түсіп кеткен машина быт- шыт болды. Ол ызаланып кетті білем, маған тұра жабысты. Екеуіміз әрі-бері алысамыз. Қатар өскендіктен бе, бірімізді біріміз ала алмаймыз. Осылай жағаласып, ақ тер, көк тер боп жатқанымызда әкем кіріп келді.

- Ал қайсың жеңіскерсіңдер, соған сыйлық,-деді әкем күле сөйлеп. Екеуіміз де жым болдық.

Алда 7-қараша Ұлы Қазан мерекесі жақын. Соған байланысты әкем ауруханадан сұрап шығыпты. Үй толып қалды. Қасиетіңнен айналайын, әке, сенің үйдегі орның бөлек екен ғой.

Кім білген? Дүние әкелермен көрікті ғой, деген осы екен. Әкемізге еркелейміз. Ол менің сөзімді тыңдайды, айтқанымды мүлтіксіз орындайды. Сәттен соң әкеме әмірімді жүргізбекке қыңқылдай бастадым.

- Әке, Зағира апанікіне барайық, деймін. Зағира менің анам Сағираның өзіне тете туған апасы. Алты ұл мен қызы бар. Соларды өсіріп, тәрбиелеп келеді. Ері бұдан үш жыл бұрын дүние салды. Отызында жесір қалған Зағира көп қиындық көрді, қаймықпады. Еңбек етіп, балаларын жетім етпей өсіріп келеді. Ол біз баратын балабақшада істейді. Тамақ береді.

Анамның айтысына қарағанда Зағира тұрмысқа ерте шығып кетіпті. Артында қалған анасы (әжеміз Жансая) ренжігенмен не істей алады. Сіңліңді жеткізбей кеттің, деп ренжіпті. Ренжігенмен бола ма, жау кеткен соң қылышыңды боққа шап, деген, кетер қыз кетіп қалғасын не лаж бар? Сол апаның үйіне барайын ба деп анамнан сұрағанымда әкең келгесін

Жонаш Қалдыоразұлы



барармыз, деген.

- Барыңдар,-деді әкем,-мен үйде демалайын. Оның үстіне қаралмаған қағаздарым бар.

- Екеуміз баралық. Бексұлтан көгершін беремін деген,-дедім әкеме қыңқылдауымды қоймай.-Оның үстіне барып-келгенше жол бойы әңгіме айтасың.

- Өзің барсаңшы, балам. Қалданжан, өзің не болып кеткенсің, қыңқылдай бергенің қалай. Барсаң әжеңмен, не анаңмен бармайсың ба? Менің біраз жатып демалғым келіп тұр. Ал әңгіме керек болса кешкісін айтамын, жарай ма?-Әкем енді мені мазалама дегендей орнынан тұра берді.

- Онда Сайрамен екеуміз баралық?

- Жарайды, барыңдар. Бірақ жол бойы машинадан сақ болғайсыңдар.

- Иә, әке...

Жансая әжеміздің айтуынша Зағира оның ортаншы қызы. Зағира әдеміше, көрікті де келбетті, сындарлы да сырбаз әйел. Мінезі салмақты. Жүзі ұяң. Бүйрек бет, еріні жұқалау келген. Көзі тұңғиық, мөлдірдей қара. Ері де аптал азамат, алғыр жігіт болатын. Жарықтық, өмірден ерте кетті. Ал Зағира ерін жоқтатпай, балаларын тәрбиеледі. Балалары жақсы оқиды. Әсіресе, сегізінші класта оқитын Бексұлтаны мен үшін ерекше! Батыл, жігерлі. Өз намысын өзгеге жібермейді. Кішкентайынан қоян, көгершін өсірумен айналысады. Ауласында әдемілеп, жарық етіп салған қоян, көгершін қорасы бар.

Көгершіндерді ұшырып, аспанда ойнақ салдыру, оны тамашалаудың өзі бір ғанибет. Рақатқа батасың. Қай бала да оны қызықтайтын болар. Ал ол маған ерекше ұнайды. Әсіресе, әр көгершіннің Бексұлтанның даусын танып, айтқанын орындауы қандай десеңші. Демек, Бексұлтан құстыңда тілін білетін болғаны.

Өткенде Бексұлтан маған көгершін беремін деген. Соны тездетіп алып кетуім керек. Әйтпесе, бермеймін, деп айнып қалса...

Сайра апам екеуміз жылы киіндік те жолға шықтық. Зағира апам аулы Пушкин мектебі қасында, корпусте тұрады. Ауласында да көп-көп алма ағашы өсіп келеді. Жазда шелектеп біздерге бертіні бар.

Сайра екеуміз Зағира апам аулын бетке алып жүріп келеміз. Аяқасты аппақ қар. Дала көрікті-ақ. Көше де көрікті. Аз-кем аяз бар. Қоян бөркімнің құлағын түсіріп алдым. Қасымда басшы боп келе жатқан Сайра апамды да айырықша көремін. Үнемі маған көмектесіп, қамқорлық жасап жүреді. Бүгінде бірге барып қайтайық дегенде меселімді қайтармады, енді міне



Өмір шірімдері

бірге келеміз. Сайра да сабаққа алғыр, ойы зерек, кітаптарды көп оқиды.

- Сол Бексұлтан көгершін берер дейсің бе, тек сені шығарып салайын деген сөзі шығар,- деді әй жоқ, шәй жоқ Сайра апа.- Ал сосын көгершін өсіру үшін үлкен әзірлік керек қой. Көгершіндер қонақтайтын берік те жылы салынған үйшік керек-ді. Ал, ол сенде жоқ, Қалдан-ау. Сонсоң көгершін өсіру үшін сенің мектепке баруың керек. Құс өсіруге, күтуге едәуір тәжірибе мен білім керек. Құс өсірушілер осылай дейді ғой. Кішкентай өсе түссең қайтеді, Қалданжан. Әлі кішкентайсың ғой. Абзалы үйге қайтсақ қайтеді. Мен сол Бексұлтаныңа сеніңкіремей келемін.

- Оқимын да, өсемін де. Бірақ үйден шығып қалдық қой. Бексұлтандікіне барып, көгершіндердің ұшқанын, ойнақ салғанын көріп қайтайықшы,- дедім Сайраға енді жалына, үйге қайтара ма деген қауіппен. Сайра апам ештеңе демеді енді. Мені қолымнан мықтап ұстап алды да алға қарай адымдай түсті.

- Жалпы құс дегенің, аңдар мен жануарлар адамдардың досы екені даусыз.- деді енді Сайра апам білгішсінген сыңаймен.- әуелі көктемде аулаға құс ұяларын жасау керек. Оған қара торғайлар, қарлығаштар ұя салып балапандары ауызданып, қара қанат боп қатқанша сенің қамқорлығың аса қажет. Сонда олар сенің қуаныш, қызығыңа айналады. Ажырамас дос боласыңдар. Құстарыңның балапандарына жау көп, қорғауың керек.

- Қорада қарлығаштың ұясы бар,- дедім мен өткен жазда көргенімді айтып. - Үш-төрт балапаны өсіп келе жатқан. Бір күні бір балапаны жерге түсіп кетіп, мысық ұстап алыпты. Байқадым да дереу мысықты қорадан қуып шықтым. Балапанды біраздан соң ұясына апарып салдым. Қорада есігінің жоғары жағында саңылау бар-тын. Ұшып келген қарлығаш содан ішке зып берді. Қораның есігін мықтап жауып, мысықты үйден шығармай қойдым.

- Оның дұрыс болған, Қалданжан. Жалпы мысық, жылан құс атаулыға, балапанына өш келеді. Көз ілеспес шапшаңдықпен қағып түседі,- деді Сайра әрі қарай әңгімесін жалғастырып.- Бұл қылығыңды ерлік десе де болады. Тыңда, бір әңгіме айтайын. Оқығаным.

Ертеде биік таулардың ұшар басындағы құздарға ұя салатын Самұрықтай алып құстыңда ұясына айдаһарлар өрмелеп, балапандарын жеп қоятын болыпты. Сондай ренішті сәтте Самұрықтай алып құстың көз жасынан нөсер құйып, екпінінен дауыл соғатын болған. Бұл жағдай бірнеше мәрте қайталаанады. Ал бір жылы балапандарына қоректік жем іздеп оралған алып Самұрық құс алдында ұясында балапандарының түгелдігін көреді. Ал балапандарды алып айдаһармен шайқаста жеңіп,

Жонаш Қалдыоразұлы

аман алып қалған өзіндей бала болатын. Самұрық құс бала ерлігіне риза болып, аман-есен еліне жеткізіпті, не тілегінді де орындаймын депті. Сенде сол баладай ерлік иесісің.

Көз алдыма алмас қылышы жарқылдаған дүлей күш иесі бала бейнесі келді. Аузынан от шашып, ысылдаған айдаһардан еш шімірікпестен шайқасып, жауын жайратып жеңіске жеткен жас жиһангер кімнің баласы екен? Ұшпа таудың ұшар басына қалай шықты екен? Бәлкім, біздің бабаларымыздың бабасы шығар. Әкем айтып отыратын: Біздіңде ата-бабамыз ерекше ерлер, баһадүр батырлар болған деп.

"Сол баладай сен де ерлік иесісің" деді-ау Сайра апам. Неге айтты? Қарлығаш балапанын құтқарғаным ерлік пе? Көзбе-көз балапанды мысыққа қалай жегізіп қоямын? Әлде ерлік осындай істерден қалыптаса ма?

Мен мақтанып, мадиықтанып, өзімнен-өзім қомпаңдап қалдым. Жалпы мақтағанды кім жек көрсін-ау.

"Шофер болатын шығармыз"

Қараша айы да аяқталып келеді. Бүгін күн сенбі болатын. Бәріміз де үйдеміз. Әркім өз шаруасымен айналысуда. Күз аспаны ашық, күн әлі де жылы. Әлгінде Алдан екеуміз аулада біраз ойнап аз-кем, тоңазып келгенбіз. Үйге кіргесін қайта жылындық. Әні анам кір жууға кірісіпті. Әжем ұршық иіріп отыр. Зырылдаған ұршық қозғалысы да қызық. Екі рет аяғыммен әжемнің ұршығын қағып кетіп, жұдырық жей жаздадым. Ештеңе болмағандай енді міне, інім Алдан екеуміз автомашина ойынын ойнаудамыз.

- Ана бұрыштан гараж салайық, кітаптарды әкел, - деймін ініме.
- Машиналарды гараж қояйық.

- Рұқсатсыз алсақ әкем ұрсатын шығар, - дейді інім. - Одан да осылай ойнай белейік.

- Жоқ, ұрыспайды. Кейін орнына жымдастырып жинап қоямыз, - деймін мен. - Әкем сосын алғанымызды білмейді.

- Қазіл... Інім томпаңдап әкемнің кабинетіне жүгіре жөнелді. Сәлден соң әйдік кітаптардан құрастырып әйдік гараж салдық.

- Сен қай машинаны айдайсың, - дейді інім "гараждағы" автокөліктерді қатарластырып қойып жатып.

- Мен "Волганы" айдаймын, сен "ЗИЛ"-ді айда, - дедім ініме.

Біздің әңгімемізді үнсіз келіп тыңдап тұрған әкем: Өскен соң кім



Өмір иірімдері

боласындар?-дегені. Біз кітабын шашқанға ұрсады деп сасып қалғанмен шырайлы жүзін көріп қуанып кеткендей сезіндік.

- Шофер болатын шығармыз.-Інім екеуміз бір мезгіл де жауап бердік. ...Желтоқсанның ортасынан ауған кез еді. Бүгін тағы да бәріміз үйде едік.

- Қырға барып келерміз ертең,-деді әкеміз.

- Мен де барайыншы...

- Жарайды,-деді әкем. Мен қуанып кеттім. Келесі күні көрші ағамыз Мырза ағаның "ЗИЛ-130" автокөлігімен жолға шықтық.

Кабинада Мырзадан басқа әкем, анам және мен. Бет алысымыз Домбаяқ өңірінің Сарқұмақ қыстағында отыратын шопан апамыз Бірғанымның ауылы. Қыстақ алыс көрінді. Жол шоқалақ, балшықты лайсаң екен. Машина жүрісін қиындата түсті. Бірақ сабырлы да салмақты Мырза ағаның сасар түрі жоқ, қиналысы байқалмайды. Машина кейде селкілдеп, кейде балшыққа ілініп қала жаздап, бірақ бір қалыпты жүріп келеді. Кейде менде іштей қуат беріп, машина болып гүрілдеп қоямын. Әлден уақытта сіркіреп жаңбыр жауды. Арты ұшқындап қарға ұласты. Алдыңғы әйнектен сорғалаған су қызықты көрінеді екен. Ұстағым келеді, ұстатпайды. Ойдым-ойдым көлдеулі, қырат-қырқалары жалғасқан даңғайыр дала жеткізбейтіндей көрінеді. Әлден соң ғана Домбаяқ өңіріне іліктік-ау. Құмақты жолда машина жүрісі кәдімгідей өне түсті. Менің машинаны, даланы, жолды қызықтап отырғанымды сезді ме, Мырза аға: - Балам, шофер болған жақсы ма, дегені.

Мен елең ете түстім. Маған машинасын түсіп берер, мен дала жолымен көкқасқа "ЗИЛ"-ді заулататын шығармын деп, қомпаңдап қалдым.

...Иә, ағасы, шофер болатын шығармыз,-дедім жай ғана.-машина айдағанды жақсы көремін.

...Әкем маған үнсіз қараса, анам: - Менің құлыншағым шофер болады. Мені жұмысқа апарады, алып кетуге келіп тұрады ғой. Солай ма, Қалданжан!

"Иә", десем бе, әлде "жоқ" десем бе? Әжемді қайтемін. Алдымен сол кісіні мінгізбеймін бе, машинама...Ой орманында отырып, қалғи бердім. Едәуір ұйықтап кетсем керек, бір мезгілде оянсам қой ауылға келіп қаппыз.

...Желтоқсанның аяғы жақындаған кез. Әкем мен анам ауылда жоқ. Алдан балаларын ертіп Қарақалпақстан деген елге, Хожелі деген қалаға кетті. Онда аталарымыздан өрген қыздардың қыздары-жиендер тұрады. Солардың бірінің үйіне баруды ойлаған ата-анам мені ертпей Алданды алып кетті. Алдан маған қарағанда бойшаңдау, аққұба өңді, әдеміше бала. Кішкентай болғанмен қолы әрнемені құрастыруға бейім, икемді-ақ. Бірақ

Қонаш Қалдыоразұлы

мен сияқты ананы алып бер, мынаны алып бер, анда барам, мында барам деп қыңқылдамайды. Әке-шешеміз ертсе ғана ереді де, ертпесе үйде, әжем қасында қала береді. Киімді де таңдамай кие салады. Өзімен өзі ойнап отыра беретіні бар. Ештеңеге, ешкімге алаңдамайды. Ал тамақ керек болса тойғанынша ішеді, жейді де, томпыып отыра береді.

Інімнің әңгімесінен:

Әке мен шеше қыдырысқа бірге алып кеткен Алдан інім ауылға оралған соң-ақ көрген-білгенін жүрегі жарыла әңгімелей жөнелді.

- Түн ортасы ауған кез. Құлсары вокзалының басы ығы-жығы, әрлі-берлі сапырылысқан жұрт. Біз №24 Мәскеу-Душанбе поезына отырдық. №16 вагонның №7 күпесіне орналастық,-деп бастады інім әңгімесін. Әкем үстіңгі төсектің біріне жайғасты. Анам екеуміз төменгі орынның біріне жаттық құшақтасып. Анамның ақ көкірегін иіскеп жататын болдым деп қуандым. Купелес Люба, Нина есімді орыс қыздарымен әкем мен анам әңгімелесіп отырды. "Кемедегінің жаны бір" деген, бірге отырып бәрі шай ішті. Мен вагонның ана басынан мына басына дейін тынымсыз жүгірумен болдым. Шаршар емеспін. Жұмсақ кілем жайылған вагон коридоры ішін қызық көрем. Терезеге асылып шексіз түнгі далаға көз жіберем. Көкте қалқыған ай қапталдасып қалар емес.

- Әй, балақай, енді демал, жұрт ұйықтап жатыр,-деді бір мезгілде жолсерік апай. Мен вагонге зып бердім. Анамның ақ көкірегін иіскеп айқара құшақтап жаттым. Бесіктей тербеткен вагонның бір қалыпты ырғағы маужыратып бара жатты. Көзім жұмылып ұйқыға кеттім...

Ертесіне таңда ұйқыдан оянсам әкем де ояу жатыр екен. Екеуміз терезеден ұлан-ғайыр далаға көз жіберіп, жолай ұшырасқан тауларды, ағаштарды, құстардың ұялары мен жол бойында қалып жатқан қалалар жайында әңгімелесіп отырдық. Айтушы әкем де, тыңдаушы мен...

Түс әлетінде поезд Хожелі қаласына жетті. Біз түсіп қалдық. Қала басы лайсаң екен.

Біздің Құлсарыдай емес Хожелі үлкен қала, бірақ көріксіздеу, сиықсыздау көрініп, көнелігі байқалып тұр. Көшелері тұтасып жатыр. Кез-келген жерден келесі көшеге өте алмайсың. Өту үшін бір көшенің басын толық айналуың керек. Лаймен алысып Айжан апа үйіне де әрең жеттік-ау. Бірақ апа үйі маған ұнамады. Лас, қараңғылау келген үй. Қонақ күтуі де қызық. Біздің ауыл сияқты дастарханды толтырып тағам қоймайды екен. Жаңа келген қонаққа шай бергендері де қызық. Алдымызға ескілеу



Өмір иірімдері

шүберек дастархан жайды. Дастарханның қақ ортасына аз-мұз тандыр нан мен аз-мұз секер ғана қойды. Басқа тағам түрлерінің бірі көрінбеді. Тандыр нан жүрмейді, жағайын десең май жоқ. Көк шайды ішкің келмейді. Қарын ашты. Үйдегідей кіріп-шығып нанға сары майды қалыңдау жағып, секер сеуіп жейтін жай жоқ.

Кешке алыс-жақыннан келген той қонақтарына арналып қонағасы берілді. Қауқылдасқан қарттар, шуылдасқан әйелдер. Дастархан мәзіріне дән риза. Ал дастарханда көз сүріндіретін ештеңе тұрған жоқ. Қарын тойып ішіп-жейтін ештеңе болмағасын әкеңе ананы жеймін, мынаны жеймін деуге қиын екен.

Ал ертесіне? Той басталды. Палау жедік. Сонымен жан шақырдық. Келіннің беті ашылды. Анадай жерде отырған үш-төрт кісінің алдына көлдей ақ мата жайылды. Тойды басқарушы тақылдап тойыңда қайтсын, тойыңда қайтсын деумен тұр. О не екен? - деп әкем мені қолымнан жетектеп ұйлыққан топқа жақындады. Міне, қызық! Әркім бес-он теңгеден әлгі ақ матаға лақтыруда. Той жүргізуші соларға сөйлеп тұр екен.

Бетін тұмшалап жауып алған жаңа түскен жас келін келген-кеткенге иіліп-бүгіліп сәлем етіп, шай құюға кірісті. Түс ауа анам екеуміз Байорын ағаны ертіп көшеге шықтық. Ол жаңа үйленіп жатқан аға-жеңгесіне қарамады. Бізді бастап жүріп, қаланың көшелерімен, дүкен, базарларымен таныстырды. Бұл жағынан Хожелі Құлсарыны басып озады екен. Көшеден ыссы самса жеп жанымыз қалғандай сезілді...

xxx

Інімнің әңгімесін тыңдап, әкелген ойыншықтарын қызықтап жатып ұйықтап қалыппыз. Түн ортасы ауған кез болса керек, әжем мені қасына алдырып, қойнына жатқызып жатыр екен. Алаңсыз балалық, бауыры жылы әжемнің кең құшағы өзге жайға алаңдаттырмайтын. Мен өскенде де сол бір әзиз әже бауырында жатып, балбыраған балалықпен күн кешем деп күмәнсіз ойладым. Оным бекер екен... Кейін ер бала ержеткесін әжесінен де, өзгеден де аулақ, өзімен-өзі болғанды жаны қалайды екен. Бұл өмір заңдылығы...

"Героймен кездесу"

Жаңа жылдан кейінгі алғашқы жексенбі де келіп жетті. Жаңа жылға ырымдап тағы да қар жауды. Жер аппақ, күн тымық, желсіз. Ағаштар түгелімен қырау жамылған. Әжем де, ата-анамыз да үйде. Ал демалыс күні бізге еркіндік тиеді. Өрден төмен құлдилап, шанамен зырлап жүрміз.

Қонаш Қалдыоразұлы

Шаршайтын түріміз жоқ. Өзіміз терге малшынып, буымыз бұрқырап жүр. Ойын десе есіміз кетеді. Кейде тамақ ішуді де ұмытып кететініміз бар. Бірақ менен гөрі інім Алдан ашқарақтау, шыдамсыздау. Қарны ашса болды қоңқылдап қазан-аяқ жақта жүретін әдеті. Өзі және мендей де емес, қайда, қандай тамақ тұратынын жақсы біледі, іздеп, тауып алады, ептеп жымқырып жей салады. Анамыз оның осы қылығын ұнатпайды. - Сенен ештеңені жасырып болмас, - дейді анам. Байғұстар-ау, әкелеріңнің абыройы ғой менің ойларым. Біреуді ертіп келе қалса үйде ештеңе болмай қалса елден ұят емес пе? Нан мен майды, секерді онсыз да есепсіз жеп жатырсындар ғой!

Анамыздың айтқаны ақыл болғанмен тыңдар құлақ бізде қайдан болсын.

Менің жетіге, інім Алданның беске бет алған кезіміз. Әр нәрсеге қызыққышбыз, әуестігіміз тағы бар. Екі құлағымыз елеңдеп әңгіме тыңдауға, сөзге ұюға бейімбіз. Қалай екенін қайдам біреу бір сөз айтса қағып аламыз...

Әлгінде үйге орта бойлы, жұқалтаң өңді, қатып киінген аға келіп кіргенді. Ол кісіге кіргенде біз інім екеуміз қызыл танау болып шанамен сырғанап, жарысып жүргенбіз Бірдеңеден құр қалғандай үйге ентіге кірдік те малақайымыз бен пальтомызды бұрышқа атып ұрып, арсалаңдап аға отырған бөлмеге ентелей басып кіріп бардық. Әлгі кісі әкемізбен әңгімелесіп отыр екен. Екпініміз тауды бұзғандай қатты болғанмен есіктен ене бергенде тосылып тұрып қалдық.

- Байкісен деген көкелерің, сәлем беріңдер, - деді әкем. Інім Алдан екеуміз қолымызды ала жүгірдік. Ол кісі қолымызды алды да таудай болыңдар, деп алғысын білдірді. Біз кейін шегіндік те әкеміз қасына келіп жарбиып отыра кеттік. Мен әкемнің оң жағына, інім сол жағына жайғастық. Екеумізде қонақ көкеден көз алмай отырмыз. Көзі бітіктеу келген, иегі шығыңқылау кісі екен. Жас шамасы қырықтан қылтыңдап елуге еңкеюге бет алған сыңайлы. Елге сіңген еңбегі ерекше екені көрініп тұр. Өйткені өңірі толған орден бе, медаль ма, белгі ме... Костюмнің қос өңірі тұнып тұр, қызығып отырмыз, ұстағымыз келеді. Бір-бірден сұрағымыз келіп, батылымыз жетпей қипақтап отырмыз. Аударыстырып әрқайсысын қарасақ дейміз. Өне бір алдыңғы жағындағы екеуінде адам басы бар іспетті. Өңірімізге өзіміз тағып көрсек дейміз. Менен гөрі інім батылдау көрінеді. Ол жылжи-жылжи барып әлден уақытта қонақ алдына барып етпеттеп жатып алды. Ұялы көзін ағадан айырар емес. Алдан "батылдығын" одан әрі көрсетті. Ол көкенің өңіріндегі орден-медальдарды



Өмір иірімдері

бір-бірлеп сипап, ұстап, қызықтап біраз отырды. Әсіресе, сол жақ өңірінің үстіңгі жағына тағылған сары түсті жұлдызды көбірек сипалады. Тәуір дүние болса керек. Мен де қызығып барамын. Алданнан қалам ба дегендей сыңаймен менде аға алдына барып сылдырмақтарын сипалап, сүйсінгендей сыңай таныттым.

- Әй, балаларым-ай, жақсы жігіттер екенсіңдер, батылдықтарың ұнайды. Азамат болғайсыңдар. Мен де сендердей кішкентай бала болғанмын. Әкем мен анам кішкентайымнан атқа мінгізіп, шаруаға баулыды. Мына наградалар сол еңбегімнің жемісі,-деп қонақ көке біз сияқты "тентектердің" ерке қылығын қызықтап, басымыздан сипады, арқамыздан қақты. Біз одан сайын масайрап, марқайып қалдық. Бірақ әкеміз "так" деп еді, кейін серпілдік те жым болдық. Әке тізесін басып екеуміз екі жағына отыра қалдық. Үйде әкемізден ығысамыз, ығамыз. Мінезі қаталдау, кейде тентек болсақ, белбеулегенде бебеулейтініміз бар. Ақырғаны айбарлы, қарағаны сұсты. Амал не, бала емеспіз бе, әп-сәтте ұмытып кетіп, ойнап кетеміз.

Қонақ көкемен әкем көп әңгімелесті. Аудан, ауыл жайын, шаруашылық барысын сөз етісті. Әсіресе, қонақ көке: қозыны көп ал деп кейде әкім-қаралардың өтірікке баруға мәжбүр ететінін, еріксіз нөқтаға бас сұқтыратынын айтқанда жүзі бір түрлі өзгеріп сала берді. Бала болғанмен соны байқадым ба, қонақ көкенің әңгімесіне құлақ түріп, қозғалмай отыра беріпшің...

Балаларым жақсы, тәртіпті екен. Сөзге де құлақ түреді, ол жақсы ғой,-деген көке біраз мезгіл үнсіз отырып қалды. Әкем де үндемеді. Бірақ үнсіздікті қонақ көкенің өзі бұзып, әңгімесін әрі жалғастырды.

- "Балық басынан" деп халық текке айтпаған. Аудан басшылары өтірік айтуға барса, ауыл мен ферма басшыларына не жорық. Ләппай тақсыр деп, құлдық ұрып, құрақ ұшып жүрген біреу. Түптеп келгенде бәрі де өтірікші, суайт боп шықпай ма? Онда оларды ел қалай қабылдайды. Өресі тар өтірік орға жығып, көрге салмасына кім кепіл? Білемін, менің қынжылғаным сенің жаның ашып отыр,-деген қонақ көке әкеме қарады.- Не істеуге болады? Жегі құрттай жайлап алса, кеулеп кете береді ғой?

- Ағасы,-деді әкем, байсалды сөйлеу қалпын сақтап,-уақыт өте келе заман да өзгерер, адам да өзгерер. Көз боямайтын, көңіл қалдырмайтын, алдамайтын адал, ақ жүрек азаматтар да тізгін ұстар. Сонда бүгінгі жемқорлар, парақорлар қиқымдай су бетіне қалқып шыға келері сөзсіз. Барлық жүйе соған айналып бара жатқан сыңайлы. Сонау Мәскеуден бермен қарай...

- Әй, қайдам, Қалихан,-деді де қойды қонақ көке.-Адам өзгерсе жақсы

Қонаш Қалдыоразұлы

ғой.

Әңгімелері шай үстінде де, аста да өрби берді, өрістей түсті. Ақыры кіші бесіннен өте қонақ көке жүрмек болып орнынан тұрды.

- Қалихан қарағым, менің пікірлерімді кеңейтіп жоғары басылымдардың біріне жазасың ба, қайтесің деп келдім. Өзің де білесің, өрбіткен әңгімемнің бір өтірігі жоқ. Әлбетте, өзің білесің ғой, қабырғамен кеңесіп, ойланарсың... Мен сені өзімсініп, жалаулы жастықтың жақсы күндерін бірге өткізген жайсаң жігіт, ақ ниеті Аллаға жаққан азамат деп келдім және бар әңгімені өзіңе сеніп айттым, - деді қонақ көке кетерінде. - Бәріміздің де ойлайтынымыз, жанымызды мазалайтында өзіміз өмір сүріп отырған қоғамның қамы, өзіміз еңбек етіп жүрген шаруашылық жайы, күнбе-күн араласып жүрген адамдар мүддесі емес пе? Солай ғой, Қалихан?

- Жарайды, жақсы аға. Парасатты пікіріңізді бұрында талай айтып жүрсіз. Тағы да айттыңыз, орынды, бір реті болар. Жақсы күндерде жүздескенше, жеңгеме дұғай сәлем, - деп әкем қоштасып қала берді.

Қонақ көке кетісімен әкемізді Алдан екеуміз сұрақтың астына алдық дейсің бір. Ол сұрақтар мен жауаптар бізге не үшін керек болғаны да белгісіз. Әйтеуір жапа-тармағай сұрап жатырмыз.

- Әке, ол кім көке? Бізге туысқан ба?

- Байкісен Асанбаев деген батыр көкелерің. Бірімізді біріміз танимыз, сыйлаймыз.

- Ал ол қалай батыр?

- Еңбегіне қарай үкімет берген сый.

- Ол көке алыста тұла ма? - Алдан сұрай салды.

- "Қосшағыл" деген совхоздың Атанақ деген алыстағы қыстағында тұрады.

- Мендей балалары бар ма? - Мен өзімді үлкейте сөйледім.

- Бар. Сенен үлкен де, сендей де балалары көп. Он баласы бар, алды азамат боп қалды.

- Алдандай бөпесі бар ма? - Інімді кішірейткен түрім.

- Неге болмасын.

- Ал әлгі көкенің орден, медальдарындай сылдырмақтар сендерде неге жоқ? Үкіметке еңбек сіңіріп келе жатқан жоқсындар ма?

- Аналарыңда екі-үшеуі бар. Менде де кезек келсе келер бесжылдықта болатын шығар деген "дәмем" бар...



Өмір иірімдері

"Әкемнің әңгімесінен"

Әкем әңгімесін одан әрі өрбіте отырып былай деді: Байкісен мектептен жеті кластық білім алысымен-ақ еңбек етуге араласты. Училище бітіріп, шабындықта трактормен шөп шапты. Кейін сиыр бақты. Сонау 1960 жылдар басында Қызылқоға өңіріне Ойыл өзенінің құяр саласының бірі Ақкөл бойында қыста мал қыстатып, жазда Тайсойған құмында мал бағып бірге жүргенбіз. Ол жиырма алтыдағы, мен жиырмадағы жігіт болатынбыз. Жастық кезеңінің қызықты сәттерін бірге өзкізіп, өмір туралы бірге толғанатынбыз. Бірде жетінші қараша мерекесі күні-көшіп барған жерімізде ол күреске шығып мен атқа шауып... дегендей, жеңіске жетіп қуанышқа бөленгенбіз. Бірақ кейін жолымыз айырылды. Ол екінші тыңды игерем деп шопан таяғын ұстады. Ал мен өзім сүйген жолды таңдадым. Әрине мамандық саласында бөлектенгенмен көңілдегіміз, рухани байлығымыз ажыраған жоқ, алыстаған жоқ. Қайта бұрынғыданда нығая, беки, жақындай түсті. Оның шопандықтан бағы жанды. Мал бағу сырын жетік меңгерді. Шаруашылықты дөңгелетуге толық күші жетті. Төлді, басқа да өнімдерді қатарынан асырып алды. Мал басын аман сақтап өзгелерге үлгі бола білді. Ел оның еңбегін еледі. Ер атандырды. Яғни, Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді. Қос Ленин, Еңбек Қызыл ту орденін, көптеген медальдар алуы Байкісеннің берекелі еңбегінің жемісі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты мандатын иеленді. Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығының иегері. Одақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің көптеген алтын, күміс медальдарын да алған азамат. Еңбекте көрініп, ең үздік шыққан адамдарға осындай наградалар мен атақтар беріледі. Еңбегі ерекше ғой Байкісеннің. Қой төлдеп жатқанда ұйықтамайды ғой, сақалын да алмайды. Бұл жылдағы әдеті. Оның әйелі де батыр, оннан астам бала тауып, тәрбиелеген батыр-Ана! Өздері бір жайсаң жандар. Шаруашылық аралаған өкіл алдымен Байкісеннің аулына барып, Асанбай ақсақалға амандасамыз деп ат басын бұрады. Асанбай Байкісеннің әкесі, қуатты, қарулы, бір тоға ұстамды кісі. Әкемізбен құрдас Ауыл-аймағын, балашағасын шашау шығармаған, ұйымдастыра білген білікті де зайырлы адам. Көп малшы Асанбайдың ақылына жүгінеді. Ол ақсақал ауа райын дәл болжап, алдын-ала ауылдастарына айтып, ескертіп отырады. Асанбай ақсақал жалғыз ұлы Байкісеннің бақыты, табысы жолында жанын аяған жоқ. Күресті, талай қасарысқандарға қарсы тұрып, шаруа жайын жете түсіндіріп, табысқа жету жолын ап-айқын айтып бере білді.

Иә, балаларым, заманымыз бір, жеделдес ағамен ара-тұра осылай

Қонаш Қалдыоразұлы

әңгімелесеміз, пікірлесеміз. Оны сендерде ұға біліңдер, ұрпақтарым.

х х х

Осылай әңгіме тәмәм дегендей әкем орнынан тұрды. Ал біз Алдан екеуміз, далаға бір ойнап келейік деп шала-пұла киіндік те шарбаққа жүгіре шықтық. Бұны байқап қалған әкеміз бізді үйге қайта кіргізіп, киінуімізді талап етті. Жылы киініп шыққан біз шаңамызды сүйретіп, беткейге бет алдық.

"Сағынатын шығармыз"

Жаңа жылдан кейін арада тура бір ай өтті. Ақпанның басы қашан да қарлы, боранды, аязды боп басталатыны белгілі. Міне, кешеден бері қалың жауған қар жер бетін тұтас басты. Арасында ұйытқыған желден борасын жүріп, қуыс-қуысты толтырды. Ауыл ішіндегі жүріс қиындай түсті. Бүгін күн ашық, жел тымық. Ақ күмістей жарқырап, көз қарықтыратын қарды басып көшеде жүру де, ойнау да бір қызық, бір қуаныш.

- Ал, балаларым, әжелерің мен аналарыңды, Сайра тәтелеріңді тыңдай біліңдер. Балабақшадан қалуға болмайды. Тентек болсаңдар тағы ұят. Мен Гурьевке бір айлық білім жетілдіру курсына жүремін,- деді әкем кеше кешкілік шай үстіндегі әңгімесінде.- Бәріңді де сағынатын шығармын. Мама, ауырма, жарай ма?

- Құлыным-ау, құдай ауыртпаса ауырмаймын ғой. Аман жүр, жолың болсын. Оқу оқыған жақсы ғой. Білім адам көкірегін ашады. Баяғыда бауырым Ғинаят білім мен ғылымға деген ынтасын көрсетуіндей-ақ көрсетіп еді, бірақ Алла оны көп көрді ғой. Уф, Алла-ай!

Әжем терең күрсіне дем алды. Бірге туған бауырын әлі де іздейді екен-ау. Сағына отырып еске алады. Қылықтарын айтады. О, сағыныш не деген күдіретсің, сен! Біз де әкемізді сағынармыз-ау. Міне, бүгін ол облыс орталығына жүріп те кетті. Ол қала үлкен де көркем шығар. Менің де барғым келеді. Ал мені әкемнің апармайтынын анық білемін. Біле тұрып осылай ойлаймын бірге алып кетті, апарды дейік. Ендеше ол сабаққа кеткенде...? Мен қайда қаламын, кіммен ойнаймын? Маған тамақты кім даярлап береді? Кімнің қойнында жатамын. Мүмкін, әкем сабақтан жай келетін шығар? О, онда мен қорықпаймын ба? Бірақ... жігіт емеспін бе?

...Әкем тура бір ай үйде болмайды. Әкемізді сағынатын шығармыз? Таң атып, күн батпайтын да шығар. Іздейміз ғой. Бәріміз сағынамыз, сені,



Өмір шірімдері

әке!... Бір ай арада өтісімен әкеміз ауылға оралды. Келген күні құшақтасып, сүйісіп, мауқымызды бастық. Алдан інім екеуміз екі тізесін басып отырып алдық... жібергіміз келмейді, ешқайда кетпегенін, қасымызда болғанын тілейміз.

Әкемнің әңгімесінен:

Әкемнің барған жағынан бір әңгіме айтып келетін әдеті бар. Бұл жолы жолай ұшырасып, әңгімелескен бір жігіті жайында айтуды жөн көрді. Ол әдетінше, өзінің қоңыр даусымен әңгімесін бастап кетті...

...Поезға мінісімен №14 вагонның 5-купесіне орналастық,-деп бастады әкем әлгі әңгімесін.-Купеде бұрыннан бір жігіт бар екен, ұйықтап жатқаны айқын. Купенің есігін ашып, дабырласып кірген біздің даусымыздан оқыс оянып кетті-ау деймін, орнынан тұра бастады. Бізге ізет білдіріп, амандасуды ұмытпады. Кәдімгі Түрікмен жігіті екені көрініп тұр. Қапсағай келген, қара торы өңді, қасы қою жаратылып, қосыла біткен, мұрны үшкірлеу, көзі қоңыр келген, төсін түк басқан. Бірақ жасы жиырманың о жақ, бұ жағында екені көрініп тұрған сыңайлы. Біразға дейін үнсіз отырысып қалдық. Әлде бір әңгіме ұшығын шығарудың да ретін таппай, қинала отырмыз. Оның үстіне ол кім? Қандай адам? Білу де қиын. Үндемес пе, әлде спортшы ма? Үндемес болса артық-ауыс әңгіме айта алмай алаң боларымыз ақиқат. Ал спортшы болса сөйлесу қиын емес. Киіміне қарап пайымдасам спортшыға келіңкірейді. Менің ішкі ойым алдамаған екен. Спортшы деген түйсігім дұрысқа шықты. Расында да ол спортшы екен. Бұл сыр Мақат стансасына келгесін біз сұрамай-ақ өзі ашылды. Поездың бұл стансада кейде тұрып қалатын әдеті бар. Бүгінде сондай кідіріске тап болдық-ау деймін. Арада жарты сағат өтті, поез әлі тұр. Ал купелес жігіт ұзын поез құрамын төрт-бес рет айнала жүгіріп, қара терге түсті. Мезгілі болған шығар, поез орнынан қозғала берді.

- Әлгі жігіт қайда, қалып қойған жоқ па дестік бір-бірімізге. Жоқ, екі-үш минуттен кейін ол поезбен қапталдасып жүгіріп келе жатты да вагон есігінен ұстап секіріп мінді. Көп ұзамай терге малшынған ол купеге кіріп келе жатты.

- Сіздер таңқалып отырған боларсыздар,-деді купелесіміз ішке келіп, сүлгісімен сүртіне отырып,-мынау кем есті жігіт екен деменіздер. Мен спортшымын. Сондықтан үнемі қозғалыста, жүгірісте болуым керек. Ал спортшылыққа қалай қол жетті? Ол енді ұзақ әңгіме. Тыңдауға мезгіл керек, Сіздерді жалықтырып алармын...

Жонаш Қалдыоразұлы

- Жоқ, жалықпаймыз, айта беріңіз, қайта жол қысқарсын,-
дестік біз.

- Жарайды, оларыңа рахмет,-деді ол.-Ата-анадан ерте айрылдым. Өзім ғана қалдым. Ешкімім жоқ еді көмек етер, таяныш болар. Содан ба екен, қатарымнан ерте есейдім. Қара жұмысты қапысыз, тынбастан, қара терге малшынып, жан терім шығып жүріп жасадым. Қайткенде де күшті болуды, ерік жігерімнің мықты болғанын қаладым. Ешкімге есемді жібермеуді, жеңілмеуді мақсат еттім. Еңбекке араласқасын да, әскери қызметімді өтей жүріп те спорттан еш қол үзбедім. Әскери қызметімді қазақ елінің Қызылорда облысындағы Төретап төңірегінде өткіздім. Мен Қазақ елін жанымдай жақсы көремін, екінші отаным деседе болады. Әскер қатарында жүріп жеңіл атлетикамен, бессайыспен айналыстым. Түрікмен КСР-інің абсолютті чемпионымен. Бірақ қайда да қызғаныш деген қызыл көз пәле, көре алмаушылық, іштарлық бар емес пе?! Ол саған қазылған-басы ор да, аяғы көр. Мен бәз біреулерге кедергі болып, кесел келтіріп жүргендеймін. Мен ондайларға арыммен, адалдығыммен қарсы тұрып көріп ем, жеңіске жетер түрім көрінбеді. Қайта күн сайын қоқан-лоқы, дүрдарыздық күшейе түсті. Оның үстіне жаттықтырушыммен де келіспей, ренжісіп қалдым. Бәлкім, оны да жоғарыдан қысқан болу керек. Әрі ойлап, бері ойлап, енді маған табыс жоқ екенін сезіндім. Нәтижесінде жаттықтырушыммен ала көз боп айырылыстымда, қош айтыстым. Енді перзенті боп сия алмаған туған жерімді тастап, елімнен қияға кетіп барамын. Бұ да тағдыр жазуы шығар. Алдымен Мәскеуге-КСРО спорт комитетіне соғамын. Одан әрі Ригаға тартпақ ойым бар. Литва құрама командасы әлденеше рет шақырған-ды. Туған жерімнен алысқа арман арқалаған адам ретінде аттанғаным еді. Асқақ сезім алыс өлкеде өріс алып, өркен жайса, бақытқа жеткенім. Алладан сұрайтыным да сол. Бірақ бәрі де беймәлім ғой. Жұлдызым жанса жақсы, жанбаса? Біле алмай және дағдарам. Бірақ үмітсіз емеспін, өзіме өзім сенімдімін. Барған жерімде саңлақ спортшы намысын биік ұстап, жетістігіммен көріне білсем, чемпион атансам деймін...

...Ол бір сәт үнсіз қалды. Сораптап шай іше отырып, болашақ спортшылар жөнінде де әдемі әңгіме өрбіттік.

- Мұратты жан қашанда биіктен көрінеді, арманың асқақ, мақсатың биік болсын, азамат. Діттеген жеріңе жетіп, ойың іске асын,-дедік спортшы жасқа жол тілеп.-Әлі жиырма үште ғанасың, әлі талай биіктерден көрінерің сөзсіз, жетістік жолында шаршама, талма. Ал қызғаныш, көре алмаушылық қай елде де, қай жерде де бар. Барар жеріңде де сақ болғайсың, бауырым. Адалдық пен әділдікті іздеген жігіт екенсің, табуыңа



Өмір иірімдері

тілектеспіз.

- Рахмет, ағалар, әңгіме-тілектеріңе бек ризамын. Спортты шын жүректеріңмен, жандарыңмен сүйер жан екенсіңдер. Сейдон Сейфиев деген чемпионды танимыз деп жүрсеңдер болды,- деді ол бізбен қоштасарда.

- Жолың болсын, бауырым, бақытың тасып, спорт жұлдызы атан, дестік бізде.- Біз де кезінде спортқа араласқанбыз. Бірақ түбегейлі айналысуға мүмкіндік болмағанын айтсайшы.

- Солай ұлдарым, сендерде спортты сүйсеңдер сондай биікке ұмтылар, биікті бағындырар, намысшыл жігіт боп өсесіңдер. Спорт-ел танытатын, адамдармен араластыратын, шымыр ғып өсіретін, денсаулықты нығайтатын басты құрал,- деп аяқтады әкеміз әңгімесін.- Спорт ұлттық намыс, адамгершілік пен азаматтықтың белгісі...

х х х

...Әкемнің әдемі әңгімесі маған елеулі әсер етті-ау деймін. Көңіліме спортшы болсам деген сенім берік ұялады. Қайткенде де спорттың бір түрін толық игеру асқақ арман боп көңілімнен берік орын алды. Өсе келе, жасөспірім сәтімнен бастап бұл мақсатыма қол созып, жете бастадым...

Жылдар өте келе жұмыс жасауға жалықсам да, спортпен айналасуға жалықпадым. Өйткені, ол қанда бар қасиетті іс екен. Әкем жасынан шаңғы теуіп, атқа шауыпты, бокспен айналысыпты. Иә, солай!

"Белбеу"

Арада бірнеше апта өтті. Сегізінші наурызды тойлағасын көп ұзамай мұсылмандардың мерекесі-ұлыстың ұлы күні наурыз мейрамы келеді. Бұл күндері мәз майрам боп қыдырып қалатынымыз бар. Әсіресе, Сағира анам алдымен Зағира апасына баруға әзірленеді.

- Бүгін жалғыз жатындасым Зағираны құттықтауға барамын, Бағира болса жоқ, сен баратын ба едің, Қалихан,- деді анам әкеме. Әкем жұмысқа бару керек екенін ескертті.

- Балалар, үйде, әжелерің қасында болыңдар,- деді анам нығарлай айтып. Алдан ештеңе деместен Сайра апасының қасында қала берді. Сайра да Алданмен бірге болғанды қалайды.

- Менде Зағира апанікіне барайыншы,- дедім әжеме қыңқылдап...

- Әй, менің құлынымды ала кет, апасының үйіне,- деді әжем бұйыра сөйлеп.

- Жарайды, жүр,- деді Сағира анам.- Енді маған бала болуға қалдың

Ҷонаш Ҷалдыоразулы

ба?

- Жоқ, саған бала болмаймын, бірақ Зағира апам үйіне бірге барамын,-деймін мен де намысқа тырысып...

Мен қызық баламын. Өзім ілгері болғанды жақсы көремін. Тәуір киінуді қалаймын. Киімім таза да әдемі болса деймін. Кішкентайлығыма қарамастан сықиып киінемін. Әкем ылғи импорткиім киюді ұнатады. Маған да сондай киімдер әкеп береді. Көбіне сәл нәрсеге қызыққышпын. Зағира апамның Бексұлтаны солдат белбеуін беремін деген. Бүгін сол ауылға барып, берем деген белбеуді алуым керек. Ол әлде өткендегі көгершін құсатып алдап кетпесе...Беруге жоқ...

Зағира апа үйіне келген біздер шай ішіп, тамақ жеп, біраз отырдық.

- Бексұлтан, белбеу берем деп едің ғой,-дедім бөлеме айтқанын есіне салып.

- Әшейін кім не береді?-деді Бексұлтан.-Ақшаң бар ма? Мен Бексұлтанның белбеуін саудаладым. Ақыры бір сом қырық тиын шығындап Бексұлтанның белбеуін қақтым-ау. Кештетіп үйге оралдық.

- Солдат белбеуін берді Бексұлтан,-деп үйге айқайлап, мақтанып кірдім.

- Е, не болды, балапаным,-деді әжем әдемі еміреніп.-Зағира апаң бірдеңе берді ме? Олардан не шығатын еді.

- Жо-...ға...Бексұлтанның солдат белбеуін сатып алдым,-дедім, жұлдызы жарқыраған белбеуді көрсетіп.

- Әй, аңғалдық-ай, балалық-ай,-деді әжем әлде бір сөздерді тіркестіре сөйлей.-Көзі қиып қалай берді-ай. Сені алдаған шығар. Ақшаға сатып алған шығарсың-ау. Айтам ғой. Бексұлтан саған өз пейілімен берді дейсің бе?

- Білмеймін қалай бергенін, менен Қалдан қарайған ақша алды ғой,-деді Сағира анам.-Бермейін деп едім, жыларманға айналды.

- Иә, дегенің. Кім жыларман болған, өзің емес пе, бермесе ақшаға ала ғой дегенің,-деп мен де болар емеспін...

- Жә, қалай болғанда да алыпсың ғой, құтты болсын,-деді әжем, инемді сабақтап бер дегендей маған ұсынып...

...Інім Алдан белбеуді айналдырып қарай береді, қарай береді. Қызығып тұрғаны кәміл. Бестармақ жұлдызын сипалай береді. Тағынып, шешініп, тарылтып, кеңейіп әлі тұр. "Маған бер" деп қыңқылдай жөнелді. Әдемі екен. Қолыма әрең түскен, әрі сатып алған бақандай белбеуімді оған қалай қиып берейін. Қызғанатындаймын. Ол қызыға түседі, мен қызғана түсемін. Қимайтынымды айқын аңғарған Алдан ақыры кешке дейін таға тұрайыншы деп қиылды. Оның үстіне менен ұтып алған



Өмір иірімдері

асықтарын қайтарып беріп, көп ойыншықтарын сыйлады.

Уақыт өтіп, күндерге күндер жалғасты. Ауа райы жылынып, дала бедерін гүл қаптады. Біз алаңсыз ойынға кірісіп, уақыттың өткенін де аңғармаймыз. Сөйтіп жүргенде таласа тағынып, бірімізден біріміз қызғанып жүрген белбеудің де қызығы басылып, естен шығардық. Ұмытып та кетіппіз. Іздеуді де қойдық. Жақсы деген дүниенің кейде жарамсыз боп қалатынын қайтерсің! Білмеппіз ғой, білмеппіз. Балалықпен бірімізден біріміз қызғанып, қызықты күндерімізді құр бекерге өткізгенімізге осы күні өлердей өкінемін. Мен ғана емес оған аса құмарлық танытқан інім Алдан да қызықпады, тіпті көз қиығын да салмады-ай...

Сондай қылықтарымызбен қызықтымыз ғой біздер балалар деген. Әйтпесе, әжем де аз ақыл айтпады. Адами қылық, адалдық жайында жүйелі айтылатын аталы сөздер, ақылды сөздер аз емес. Әрине айтылған ақылдың аздық етпейтіні белгілі. Ал ақыл біткенді ұғынуымыз қалай? Ұғудың орнына бір құлақтан кіргізіп, екінші құлақтан шығарып жібермейміз бе? Иә, солай... Біз солаймыз. Нанбасаңдар... Өздеріңді өздерің байқап, сынап көріңдерші...

Бөпе

Арада тағы да апталар өтіп, күндер артта қалды... "Сәуір болмай тәуір болмайды" деген, сәуір айының алғашқы аптасы да өте берді. Әлбетте әр жерде әр түрлі шығар, біздің жақта сәуір айының басы көбіне салқын, шаңыт болып келеді. Соның ішінде жел шығыстан шықса болды кем дегенде бір-екі апта соғады. Ондайда мазаң кетеді. Далаға шыққың келмейді. Бұғып үйде отырғанды қалайсың.

Ертеңгілік ұйқыдан оянып, төсектен тұрғанбыз. Содан соң әкеміз міндетті түрде далаға шығарып, ауа райын байқатады. Далаға шықсақ айқай жел, ала шаңыт, көзді аштырмас шаң ұрып тұр. Даланың сыйқын көріп, табиғаттың құбылмалы сәтін байқағасын жедел үйге қайта кірдік. Үйге кіргенде ғана анамыз Сағираның жоқ екенін байқадық. Менде үн жоқ, әкемнен қаймығам.

- Анам қайда?- деді Алдан інім әкесіне қарап жылайын деп тұрғандай.- Демалыста еді ғой, қайда кетті?

- Айналайындар, абыржымаңдар. Аналарың "Роддомға" кетті. Сендерге әп-әсем бір бөпе алып келеді.- деді әкеміз.- Ол бөпе менікі болады. Өйткені, Сайра мен Қалдан әжесінікі де, Алдан анасының меншігі. Сонда маған бала қайда? Ал ол олай десе аузы, күн десе көзі бар әдемі бөпе

Қонаш Қалдыоразұлы



болады. Ол нағыз баланың асылы боп өседі...

- Ендеше, әке, сіздің аяғыңызға не болды? - деді інім әкеміздің ақсаңдап жүргенін байқап қалып.

- Е, бұл ештеңе емес. Әлгінде үйдің телефоны істемегесін толғақ қысқан аналарыңның жайын дәрігерлерге хабарлауға көрші үйге барғанмын. Барсам сыртқы есіктері кілттеулі тұр. Содан шарбақтан секіріп түскенмін. Оқыс секіргеннен ғой деймін, аяғым ауырсынғандай болған, артынан байқасам ауырған екен, - деді әкем тамақтанып болған біздерді киіндіріп жатып. Міне, аяғын сылти басып әкеміз бізді балабақшаға алып келеді. Желдің күштілігінен кейде ұшып кете жаздайсың. Ондайда әкеміздің ығына тығыламыз. Желдің қаттылығынан соңғы күндері далаға ойнауды қойдық.

- Әке, үйге қайтайықшы. Анам жоқ, әжеме қиын болады, ғой, - дедім мен. - Сайра да сабаққа кетіп қалады.

- Ештеңе етпес, сәл шыдаңдар, балабақшаға барғасын ойнап кетіп, ұмытасыңдар, - деді әкем бізді тоңып келе жатыр деп есептеп. Ал мен әжем, үлкен кісі, үйшілік шаруаны жасай алмай шаршап қалса деген ой қамалап келе жатқан...

...Балабағынан кешке бір оралдық. Ал кешке оралсақ...? Әжеміз төсекте жатып Алла-ай деп сарнап, аһлап-уһлейді.

- Не болды, әже, - деп Алдан інім екеуміз қасына жетіп барып екі жағынан құшақтадық. - Ауырып қалдың ба? Қай жерің әже. - әже деймін. Бізден маза кетті. Күндегідей еркелеуді де қойдық. Тез-тез шешініп, үнсіз жүріп жуындық та ас үстеліне отырдық. Сайраның дайындап қойған асын ішуге кірістік. Әкеміз де жұмысында жөнді отыра алмай, үйге ертелеу келіпті...

Ал аяқ астынан әжемізге не болды? Бұның мәнісін әкеміз түсіндірді. Түске тақау дәліздің төбесіндегі шипер ығысып кетті, түзеймін, деп баспа мен төбеге шығыпты. Өкпек жел өңменінен итеріп, жерге ұшырып түсіріпті. Міне, содан иығы шығып кетіп, мертігіп жатқаны.

Иә, бұндай оқиға сәуірдің осындай алашаңыт, желді күндерінде болып тұрады. Өткен жылы осындай өкпек жел, үдей соққан дауыл кезінде қасіретті оқиға орын алған-ды. Былтырғы жылғы көктемде, сәуірдің дауылында Құлсарының бірінші ауылында бір әйел сарайдың төбесінен құлап, үстін шипер басып өлді дегенді естігенбіз. Ал бір жігітті жел күні құлаған бағана басып қалып, мертіктіргенінен де хабардармыз. Әйтеуір, біздің әжеміз аман. Бірақ әжеміз түні бойы ұйықтай алмай, қиналып шықты. Әй, азап-ай десеңші. Ертесіне ғана ауылдағы сынықшы әже Зинепті әкеліп, әжеміздің нығын салдырдық. Содан кейін ғана әжеміздің ауырған жері басылып, жаны тыныш тапты.



Өмір иірімдері

- Әй, Жансая-ау сені мен маған енді "тыныш" жүргеніміз жақсы ғой,-деді Зинеп әже. - Бірді жасасақ, бірді бүлдіретін кезге тап болдық қой.

- Сартытып соғып тұрғасын сынып кетер шипер, бірдеңемен бастыра салайын дегендік қой. Әйтпесе, өзің айтқан, дауыл-шаңыт соғып тұрғанда нем бар еді,-деді әжем тершіген маңдайын сүртініп. -Әй, Зинеп-ау саған рахмет, қолың жеңіл екен. Әжеміз әлде бір ақшаларды қалтасынан шығарып Зинеп әжеге беріп жатты. -Аруағың арта берсін...

- Рахмет, тез тұрып кет,-деп әжем берген ақшаны қалтасына салып Зинеп әже де "әуп" деп орнынан тұрып, шығар есікке беттеді. Зинеп әжемен көптен көрші тұрамыз. Емші кісі, сынық салады, бала қарайды. Бірақ жасы ұлғайып келеді, биыл сексенге шыққан сыңайлы...

Біз бөпе күтіп жүрміз. Әкеміздің айтысына қарағанда анамыз аман-есен жеңілденіп, дүниеге қыз бала әкеліпті. Ура! Қарындасты болдық, алақай, алақай! Әжем де қуанып қалды. Анам үйге қашан келер екен? Қарындасымызды қашан көрер екенбіз? Қандай екен? Түсі ақ, қара ма екен? Көзі дөңгелек шығар? Япыр-ай, Сайра апам жалғызсырап жүр еді, жанашыр сіңлілі болып, әсем болды-ау, өзі. Сабақтан келгесін естиді де қуанады ғой...

...Аяғы ауырып жүрсе де әкемізде тыныш жоқ. Ерте тұрады. Ауладағы сиырдың жемін береді. Көрші апайды әкеліп саудырады. Содан соң сиырды өріске айдап жібереді. Біраз жерге дейін шығарып салады. Келіп шай қояды. Дастарханды жасап болып бізді оятады. Жуынып, шайынып кеп үстел басынан тамақтанамыз да киінеміз. Әкемнің аяқ асты жұмысы болса балабақшаға өзіміз кетеміз. Қазір есейдік, өсіп келеміз. Әкеміз тентектік жасамауды, тыныш жүруді, қыздарды сыйлауды көбірек айтады. Бүгін, міне, балабақшаға өзіміз кетіп барамыз...

- Қалданжан, Алданжан, Зағира апаларыңа сәлем айтарсыңдар, Сағира жеңілденді деп сүйінші сұраңдар. Сосын аналарыңның "роддомда" жатқанын, хабарласу керектігін айтыңдар,-деп әкеміз үйде қала берді. Түске дейін әжеміздің қасында болып, шайын берген, күткен. Ал түс ауа қырға, қой ауылға кетіпті. Бірғаным апасының аулынан бір нән қара қойды әкеліп, сойып тастапты. Жас босанған анаға жас сорпа ішкізу, жас ет жегізу үй ішлік парыз.

...Арада үш-төрт күн де өте шықты. Біздің төзіміміз таусылғандай. Бөпемізді көргенше асықпыз. Бұл кез елде, ауылда автокөлік көзінің аз кезі. Әсіресе, жеке меншік автокөліктер некен саяқ, жоқтың қасы. Әкеміз мекемесінің УАЗ-ын сұрап алып, кішкентай бөпесімен анамызды түске тақау үйге алып келді. Біздің қуанышымызда шек жоқ, шаттана шапқылап

Қонаш Қалдыоразұлы



жүрміз. Әсіресе, Алдан інім бөпе, бөпе деп тыным табар емес. Айналышықтап анасының қасынан шықпайды. Емшек еміп жатқан кішкентай сәбиге сүйсіне қарап тұрғаны кәміл. Мен сонадайдан, алыстан қараймын. Әжемнің қасында отырып қараймын.

- Мә, емесің бе, кешеге дейін еміп келдің ғой,- дейді анам Алданды алдына шақырып, емшегіне ұсынып.

- Жоқ...жөк,-дейді Алдан,-бөпенің өзі емсін. Рас, Алдан анамызды тай болғанша емді. Соңынан қалмай, қуып жүріп емді. Анамыздың: "Кешеге дейін емдің емес пе?" деуі орынды.

Көршілер қуанышты хабарды естіп, келе бастады. "Құтты болсын, бауы берік болсын, дені сау болсын" деп алғысты жаудыруда. Қалта-қалта кәмпит, мәмпәсиді шашады үйге құтты болсын айта келгендер. Қалталарымызды қампитып тақ толтырып алдық. Көршілермен бірігіп шай ішіді, ас желінді. Мен де, Алдан да үлкендер дастархан басында отырғанда айналышықтап бөпенің қасында болдық. Пысылдап ұйықтап жатыр. Шашы бұйра секілді. Өзі сүп-сүйкімді. Сабақтан келген Сайра қуанышын айтсаңшы. Аспанға секірді. Бөпенің бетіне бетін тақап, иіскейді келіп...

Кеш түсті. Қонақтар түгел кетіп, үйде өзімізбен өзіміз қалғанбыз. Ал бөпенің атын кім қоямыз? Ендігі басты мәселе осы. Оны кешеуілдетпей шешіп тастау керек. Әркім әртүрлі есім айтты. Жоқ, бұлай үйлеспейді екен? Осылай деген әкем: Бәрің бір-бір ат жазып мына бөрікке салыңдар! Мен бөрік ішіндегі есім жазылған шиыршықталған қағаздарды араластырып-араластырып ортаға қоямын. Үйдегі баланың кішісі Алдан біреуін суырады, сол қағазда жазылған ат бөпелеріңнің есімі болады, келістік пе?

- Жарайды, жақсы, келістік,-дестік бәріміз.

Ақмарал, Айжарқын, Алтынай, Гүлсім, Гауһартас, Жазира...тағысын тағы есімдер жазылған қағаздар бөрікке салынды.

Сонымен Алдан суыратын болды.

- Мен суырайыншы,-деді Сайра. Мен де солай, дедім. Біздер қанша таласқанмен әкем өз дегенінен қайтпады.

- Әкелеріңнің айтқаны әділдік,-деді анамыз Сағира сөзге араласып.- Оның үстіне бұл бөпені ол өзі меншіктеп отыр. Сондықтан әке меншігі-бөпенің аты да айтуға лайқат, атауға айырықша болуы тиіс. Билікті әкелеріңе беріңдер.

- Қалиханның айтуы дұрыс,-деді әжеміз де. Үлкен кісі баласын қоштап шыға келгесін басқаға не жорық, тыныштала қалдық.

- Ал Алданжан, Аллаға сиынып шиыршықталған қағаздардың бірін

Өмір иірімдері

бөріктен суырғын,-деді әкеміз кіші ұлына иек қағып.-Тырқылдай күлген Алдан әлі бата алмай тұр. Қайта-қайта айтқасын қағаздардың бірін суырды да әкесіне берді.

- Алданжанға да суыртқан Аллаһ шығар, суырылған қағазда жазылғандай жарық дүниеге келіп, шаңырағымызды шаттыққа, басымызды бақытқа бөлер бөпенің есімі Гауһартас болды,-деді әкеміз және "Сенің атың Гауһартас" деп жас нәрестенің құлағына үш мәрте айқайлады дерсің. Жас сәбидің не ұққанын қайдам, үйдегілер бұл есімге дән риза болысты. Әсіресе, Жансая әжеміз:

- Өзі бәрімізге тастай болып тиіп еді, айналайын-ай, атын тауып қойдың-ау,-деп әкеме бек риза болысты.

Солай біз енді бір үйде төрт бала болдық. Төртеуіміз төрт түрліміз. Апамыз Сайра сары өңді, мен қарамын, Алдан аққұба, ал тірлікке жаңа келген қарындасымызда келешекте қараторы болатын сияқты.

Өмір өз арнасымен ағып, ілгері оза береді. Күнге күн жалғасып, ай артынан ай өтеді. Тірлікте тоқтау жоқ. Бұл табиғаттың зайырлы заңдылығы. Тірлікке ілесіп, өмір керуеніне ере отырып адамда өседі, есейеді, ержетеді, ақыл есі сана-сезімі қалыптасады. Біздің сүйікті қарындасымыз Гауһартас еркелеу, еркіндеу өсті. Әрі әкеміз оны әрдайым қолдап, қолпаштап, мадақтап отырады.

Бұның өзі жас сәбидің әкеге деген сезімін оятып, не айтса да ойын орындауға бастайды. Жасыратыны жоқ, әкеміз өзі еншілеген. Гауһартасына бар ықыласын, пейілін төкті. Соның еркелігін көтерді. Гауһартасының оқығанын, алғыр адам болғанын қалады. Көзінен сорасы аққан қыз болмаса екен деп тіледі.

Әкемнің достары көп. Әсіресе облыста істейтін Желтоқсанов Жаңбырбай деген жақсы сыйласып, араласатын адал досы бар. Әрдайым іссапармен біздің ауданға келгенде үйге соқпай кетпейтін әдеті. Бірде сол әдетімен үйге келген Жаңбырбай аға қарап отырмай Гауһартасқа-сенің Сағира маманның емшегінен сүт қана тамады екен, ал біздің үйде емшегінен сүт те, бал да таматын Жәмила деген мама бар, барасың ба дегені. Өзі әкесінің алдында еркін де еркелеп отырған сәбиге не жорық, барам да барам, емшегінен бал таматын мамаға барамын деп безек қақты. Бақырды, жылады, қыңқылдады... Бәріміз бәлеге қалдық, жұбансайшы. Содан Жаңбырбай аға: сол маманы ертең елге барғасын саған салып жіберемін, деп әрең қойғызды.

Кейін Гауһартас мектепті де үздік бітірді, музыка мектебінің домбыра класында үздік аяқтады. Бірнеше жоғары оқу орнын тәмәмдап тамаша маман боп шықты. Бәрі әкеміздің еңбегі, қамқорлығы нәтижесі.

Қонаш Қалдыоразұлы

"Сүндеттеу"



Кеше ғана қаланың орталық алаңында халықаралық балаларды қорғау күніне арналған балалар мерекесі өтті. Оған "Қарлығаш" бала бақшасының балалары да белсене қатысты. Онда мен де сурет салдым. Суретімде тау тасасынан шығып келе жатқан алып күннің Жер-Ана бетіне тараған нұрлы шапағының, алтын арайының шашырауын бейнеледім. Суретім өзімше жаман шықпаған сыңайлы. Өйткені бір ағалар суреті жақсы салғаны үшін деп сыйлық берді.

Ал бүгін? Күн жексенбі еді. Жексенбіде бәрімізде үйде боламыз. Ата-анамыздың ол-пұл шаруасына қолқабыс етеміз. Аулада ойнаймыз. Әкеміздің айтуынша үйге бүгін біздерді сүндетке отырғызып, піштретін дәрігер келмек. Біз іштей толқысақ та, өзімізше әзірленіп жүрміз. Бірақ Алдан інім үрейленіп, үргелектеніп жүргендей. Хабарды естігелі үн жоқ, анасының тасасына тығыла береді.

-Ауыра ма?- деген Алданның сұрағына не деп жауап берерін білмеген анамыз қапелімде ештеңе дей алмай, сасып қалды- әкелеріңнен сұраңдар, деп құтылды.

-Баланы сүндеттеу ата-ананың, мен мұсылманмын деген әкенің басты парызының бірі. Ал сүндеттелген баланың дені таза, жаны сезімге толып, жүрегі жомарт, өзі жайдары болып өседі,- деді әкеміз әңгіме айтып, біздерді құшағына алып, басымыздан сипап. Реті, біздің жанымызды тыныштандырып, жүрегімізді орнықтырайын дегендей сыңайы бар.

Түске тақап қалған мезгіл. Үйге аққұба өңді, ақбурыл шашты, сұңғақ бойлы сымбатты да сындарлы кісі келді. Асықпай, бәрімізбен амандасты, біздердің басымыздан сыйпап, сыйпап, "жақсы жігіт", "үлкен азамат" екенімізді айтты. Бұл бізді сүндетке отырғыза келген білікті де білімді, абыройлы да, ардақты, тәлімді де тәжірибелі дәрігер Асхат Алғысбаев екен. Әуелі құрал-саймандарын әзірледі. Дәрігердің қолындағы құралдарға қараған Алданның көзі шығып барады.

- Сен әлі кішкентай екенсің, азғана ойнай тұр, - деді дәрігер Алданның басынан сипап. - Бұ жолы сені пішпеймін, бірақ шүметіңнің басын үздіксіз уқалай бер. Кетерде қандай болғанын қарап кетемін. Әуелі мен мына қара баланың батырлығын көрейін. Содан соң қолын сабындап, сосын спиртпен әбден жуды. Үстел үстіне ақжаймаға, мені шешіндірді де жатқызды. Шүтегімнің басын уқалап біраз отырды.

-Мынау әлі қатты ғой. Бүгін шүмет басын уқалап, бір-екі укол салып кетсе де жарап жатыр екен. Солай ма, батыр,- деді дәрігер. Мен ештеңе



Өмір иірімдері

демедім. Бәріне де үнсіз келіскен сыңайлымын. Әлден соң екі бірдей уколды шүтек айналасына айдап жіберді. Шүтектің басы гүмпиіп ісіп шыға келді. Жансызданып қалғандай. Шүтек басының терілерін кейін қайырып қыстырғанда да қайшымен қиғанда да, кейін тіккенде де еш ауырған жоқ.

Шүтектің басын шырт еткізіп кескенін көріп жатырмын. Көргенімді қайтейін, бәріне дерлік көніп жатырмын. Ештеңе деуге дәрмен жоқ. Екі бұтымның арасы қан-қан болды. Анамыз қан тамған жағдайдан қатты қорқады. Көрінбестен қашып кетті: Әкем мені көтеріп апарып төсекке жатқызды.

Қызықтың көкесі Алдан інімді сүндеттерде басталды. Менің жағдайымды көрген ол шошып кетті білем, шешесінің тасасынан шықпай қойды, бір мезгілде бақырып далаға қашты. Әкем әрнемені айтып, әңгімелеп, әрең деп алып келді-ау. Алдарқатып үстел үстіндегі ақ жаймаға жатқызды. Ол жан даусы шығып, одан сайын бақырды. Әкем оның аяқ-қолын басып отыруға мәжбүр болды. Дәрігерде бақырауық баланың іс-әрекетіне ренжіді білем, жат, деп ақырып, екі-үш уколды шүтегінің басына басып-басып жіберді. Сәлден соң Алданның шүтегінің де "артық" терісі бырт-бырт кесілгені естіліп жатты. Іс тынды да қалды.

-Көрдің бе, балам, сәл зат, бәрі де бітті,- деді Асхат дәрігер құралдарын жинап жатып.- Ер азаматсың, батыр, батыл, шыдамды болуың керек. Ана өзіңдей баланы қарашы, еш ауырсынған жоқ, қандай шыдамды. Шыдамды болу керек. Жігіттіктің алды бұл. Ендеше алысқа шап, бәйге ал...

Көп ұзамай анамыз екеумізге де ұзын көйлек кигізіп, уақытша "қыз" қылып қойды. Біздің сүндеттелгенімізді естіген көршілер бірінен соң бірі келіп, құтты болсын айтысып, қолымызға екі-үш сомнан ақша ұстатады, байып қалдық. Көп ұзамай шүтегіміз жазылып, басы жылтырап шыға келді.

Бұл үлкен өмір жолындағы алғашқы сынақ болса керек. Бастапқы сынақтан сүрінбей өтсең, болашғың бақытты да бай боласың дейтін әжеміз...

* * *

Әкем адамдар жайлы әрдайым да жақсы пікір білдіріп, адал, ақ сөйлейді. Жамандау жанына жат. Бірақ пендешілік пиғыл кейде парықсыздыққа апарады. Ал Асхат жайлы әкем не айтып еді?

Қонаш Қалдыоразұлы

"Әкемнің әңгімесінен"



Дәрігер Асхат Алғысбаев белгілі дәрігер, білікті маман, ардақты адам. Аудандағы жоғары білімді дәрігерлердің алғашқыларының бірі. Ұзақ жылдар бойы емдеу жұмысымен етене айналысып, адамдардың алғысына бөленіп, абырой арқалап келе жатқан ардақ тұтар азамат адам. Біраз жыл аудандық денсаулық сақтау бөлімін басқарып, аудан көлемінде әртүрлі ауру-сырқаудың азаюына, жұқпалы аурулардың жойылуына бастамашы болған батыл да білікті маман ретінде мақтан етуге болады.

Өмір көрсетіп жүргеніндей кейде кейбір көп білетін, пайым-парасаты кең, емсек дәрігерлердің, білікті мамандардың жоғары жақтағы шенеуніктерге, тәж бен тақ иелеріне жақпай қалатыны ақиқат. Асхат Алғысбаевтың жоғары адамгершігі, азаматтығы, терең білімдарлығы мен биік біліктілігі, бетің бар, жүзің бар демей істің адалына тоқтап, тура айтатындығы аудан тізгінін ұстап отырған "ұлықтарға" ұнамапты. Ұнамаған жанды ұтылысқа шығарайын десе соңына шырақ алып түспей ме? Түседі. Әрі-бері сүйреп шатайлады. Ақыры оны әкімгерлік қызметтен аластап, қатардағы дәрігерлікке жіберді. Бүгінде орталық аурухананың бөлім меңгерушісі. Әлбетте асыл жандар бұған кемімейді. Асекеңде сол, кеміген жоқ, кішірейген жоқ. Қайта абыройы арта түсті. Сырқаттардың дертіне дауа табу, емдеу арқылы өзінің бай-тәжірибесін одан әрі байыта, толықтыра түсті. Бүгінде оның бастық болғанын қойып, дәрігер болғанына күллі аудан халқы қуанады. Қолы жеңіл, емсек, әзіл-қалжыңы әзір. Үлкенмен де, кішімен де қатарындай қалжыңдасып, күлдіріп жүреді.

Ал күлкі мен әзіл дерттің бірінші емі. Асхат қай сырқатты қарамасын диагнозды дәл қойып, нақты ем бере алады.

Оның алдынан өткен, емделген сырқаттардың сауығып кетпейтіні жоқ. Ол өлім халінде жатқан жандарды жазып, құлындай құлдыраңдатып жіберді. Дәрігерлікпен қоса оның қазақы емшілігіде бар-ау деп ойлайсың. Өзгеге сенбесең де оған сенесің. Өйткені, оны қудалап, жұмыс жасатпаған "дөкейлер де" ауырса алдымен аузына Алланы, сосын Асхатты алады. Асхатты халық үшін берген тағдыр сыйы деуге болады. Оны тәңірі дерсің. Сендер бақытты жігітсіңдер. Сондай сыйлы, бірегей білікті, елге сыйлы емсек, ары асқақ, арманы биік, жаны адал, жүрегі нұрлы дәрігер әкелеріңнің өзі аяғымен келіп сүндеттегенін ұмытпаңдар. Солай, ұлдарым...



Өмір иірімдері

"Сапар"

Шілде айының жаңа басталған кезі. Күн ыси бастады. Әрі жаңбыр жаумай тұр. Шіліңгір жазда бұл оңай соқпады. Қаланың қақ ортасын жарып өтіп, Қамыскөл көліне құятын Құрсай өзегі әлдеқашан құрғап қалды, бүгінде шаңы шығып жатыр. Әкемізбен еріп барып Қамыскөлге суға түсетініміз бар. Көл жағасы жайлы. Құмға аунаймыз. Жаздың аптапты кешінде де көл жағасы қоңыр салқын. Бұның өзі де көңілге медет. Сусыз тіршілік жоққа тән. Ал айнадай жарқыраған Қамыскөл біздің байлығымыз емес пе? Оны ұқыпты, күтіп, айналасын таза ұстау әр адамның парызы. Анау жағалықтағы үй тұрғындарының көлге кейде қоқыстарын төгіп, лас суларды ақтара салатыны адамдық та, адалдық та емес, дейді әкем. Рас шығар. Сонда біздің түсіп жүрген суымыз таза болмады ғой. Мен бүгін сапарға шығып бара жатып және көлге көз сала отырып осыны ойладым.

Кешке қарай ауылдан шыққан бірнеше адам вокзалға бет алдық. Жолай Қамыскөл жанынан өтіп бара жаттық. Кешкі шапақпен көл беті жылт-жылт етеді, мың құбылады. Көлден әрі тиіп тұрған жерде теміржол стансасы. Вокзалға келдік. Поезға мінбекпіз. Бағытымыз Маңқыстау-Үстүрт елді мекені. Онда тек қыдырып емес, тойға бармақпыз. Той қарапайым көп тойдың бірі емес, екі жастың үйлену тойы. Менің қуанышымда шек жоқ. Поезға әжем, мен, Сайра және Жайна деген апаларымыз болып отырдық.

Той "Маңқыстаудың қара прокурорымын" деп өзін-өзі кейде мақтайтын, кейде даттайтын Жанқара нағашымыздың аулында өтпек. Жанқараның жалғыз ұлы Құлмет келіншек алып келіпті. Тойға шақыру қағазында солай деп жазылған.

Әжем Жансая, бұрында да айтқанмын, тұлғалы, қайратты, қайсар мінезді намысқой жан. Жасы жетпістен асса да алысқанын алып ұрады, жағаласқанын жер жастандырады. Әсіресе, әзілдесетін қайын сіңілілері мен қайнылары қалжыңдаймын деп талай "сыбағасын" алғалы бар. Әжемізден өткені жайлы көп сұраймыз. Көңілі соқса көсілтіп айтады әңгімені, көңілі соқпаса қитығып қалады.

...Сонау жиырмасыншы ғасырдың жиырмасыншы жылдарында әжеміздің әкесі Бекен Қоңыраулы, Кенбай деген жерлерді қоныстанып, мекен етіп, өмір сүріпті. Тегі жағынан Шеркештің Қосым тақтасынан, оның Сарысы боп тарайды екен. Дөңгеленген дәулеті, ел ішілік беделі болса керек. Қазақ даласына қазан төңкерісінен кейінгі кеңес өкіметі орнап, қилы заман ел басына да, ер басына да төніп, аумалы-төкпелі кезең құйындай жүріп

Қонаш Қалдыоразұлы

өтіпті. Сүттей ұйыған ел бүлініп, балапан басына, тұрымтай тұсына дегендей, әркім басы ауған жаққа кетуге мәжбүр болған. Ұлы көштен қалмаса да ұрпағының қамын ойлаған Бекен он алтыдан жаңа асқан Жансаясын қабырғалы қалың ел- Адай руының бір мырзасына жеделдетіп ұзатқан. Бүрме етек көйлек, қынама бел камзол, шоңқайма қызыл етік киген, шарқатын басына орай салған, алқа, жүзіктері мен білезіктері жарқылдап, бұрымы тірсегіне соққан, піскен алмадай албыраған жас аруды көруге көз керек еді. Талай ауылдасын көркімен де, келбетімен де, қылығымен де, назымен де тамсандырған, табындырған құралай көз, қиғаш қасы керілген, аяғын бір басуға ерінген, нағыз алма мойын, аршын төс арудың ақ борықтай жүзіне қарауға да жігіттің жүрек өртер, жан жандырар отты жанары керек-ті.

Рас, Жансая әжеміз болашақ жарын көрмепті. Көрмегесін жанымен де, жүрегімен де, шын қалай ала ма? Қаламаса сүйіспеншілік қалай туады? Бірақ әке әмірі қыз еркін қыл бұрау салғандай шектеп тастаған-ды. Тәрбиелі де тәлімді қыз, оқығаны мен тоқығаны мол ару болса да ата-ананың айтқанынан аса алмай, діңкесі құрып, шарасыздықтан шалға тидім дегендей ағайынның, ауыл арасының араздығынан гөрі абыройын ойлап, берген жеріне кете барыпты. Сол күндері есіне түсе ме, тоз-тоз болған елін ойлай ма, кейде әжем іс қылып, не ұршық иіріп отырып ыңылдап өлең өргізетіні бар. Құлақ бүріп тыңдай қалсаң өлеңінен елге, жерге, туысқа, бауырға деген сағыныш сезімі,, аңсау мен арман күйі еседі..

Өмірге келер деймін талай қыздар,
Қыздардың жайын ойлап жаным сыздар.
Таңдаған таңдауыма тап бола алмай,
Жүректе орнағандай қалың ызғар.

Өмірге келер деймін талай Жаным,
Қыздардың кім қорғайды абырой-арын.
Қыздардың кім тыңдайды арман-зарын,
Бүгінде көңіл мұңды, жаным жарым.

Өмірге келер мендей талай дарын,
Жүрекпен сүймес жанға қалай бардым?
Аңсаумен күндер өтіп, қайғырсам да,
Зорлығын жеңіп шықтым Адайлардың.

Қызы едім мен әкемнің еркелеткен,
Көңлім қаламаған жерге кеткем.



Өмір иірімдері

Күтіп ем жаным қалап, сүйген жанды,
Ғашықта арман барма сертке жеткен.

Басылар сүйгенді ойлап шаршағаным,
Арманым мәңгі өзіңсің-аңсағаным.
Басыма тағдыр жазса не шара бар,
Құдайдың бұйыртқанын қарсы аламын.

Басыма орай салдым қызыл шархат,
Зауалын, әке ісіңнің, қызың тартад.
Жан әкем, ойладың ба жан қызыңды,
Арманда өткен демей Шырын-Фархад.

Өтеді күндер талай, жылдар, айым,
Өзіңе мәлім-ді әке менің жайым.
Аңсадым құрбы-құрдас, атамекен,
Қалайша сағындым деп жырламайын.

Ерімді сүймесем де жүрекпенен,
Құдай салды, мен көндім- тілекпенен.
Қайғы-жер зарын тартып өкініштің,
Жүрсем де, мен өзімді жүдетпегем.

Заманың заман болмай бара жатыр,
Әйелде құн қалмады-ау қара бақыр.
Құтырған есерсоқтар еркек деген,
Алмақшы үстімізге тағы қатын...

Әжемізден осы бір өлең жолдарын тыңдай отырып, тағдырының қиын, өмірінің өксікпен өткенін көңілге түйіп, көз алдымыздан өткізгендей боламыз.

-Әже, шалыңыз тағы қатын алды ма?-деп қалды шыдамсызданып Алдан. Алдан қатын деген сөздің мағынасын түсінбесе керек. Менің де түсінігім шамалы.

-Алғысы келді ғой, бірақ өзінің ғұмыры қысқа болды,- деді әжеміз, күлімсірей тіл қатып.

-Неге? -дестік біздер қосарлана.

-Е, Алланың берген ғұмыры таусылғасын, не істесін, өлді дағы,- деді әжеміз нұрлы жанарынан ұшқын ұшырып... Әжеміз, әні, әлі нұры тая қоймаған жанарын алыс бір нүктеге қадап, ой құшағына оранып отырған

Жонаш Қалдыоразұлы



сыңайлы сезілді. Қанатын қомдап, топшысын теуіп көк аспанның қиырына ұшып кеткелі отырған қырандай кәдімгі. Біз ол кісінің осы отырысын бұзбаймыз, бұзғымыз келмейді. Бірақ тіл ұшындағы сансыз сауалдар еріксіз сөйлетеді.

-Алла деген кім, әже? -дедік жұлып алғандай.

-Тек жайыңа отыр. Алла бәрімізді жаратушы ұлы күш. Мені де, сені де, барлық жан-жануар, жәндікті де, тау мен тасты да, өзен мен көлді де, теңіз бен мұхитты да, от пен желді де жаратқан Алла. Одан мықты және онымен теңесетін ешкім жоқ. Алла туылмаған және ешкім көре алмайды. Ол өзінің нұры арқылы адамдарды бақытқа бөлейді, қуанышқа кенелтеді. Сондықтан балаларым, Алланы ауызға алып отыру сауап, ол демеушің һәм жебеушің. Құдайға құлшылық еткен адам жақсылық құзырынан кенде қалмайды.

-Ә... Біз әжеміз айтқан әңгімеге аузымыз ашылып, бар ынта-ықыласымызбен тыңдап қалыппыз. Үн жоқ. Ерекше бір тылсым күш бізді сөйлетпей отырған сыңайлы. Рас та шығар. Ол Алла деген құдіреттің қасиетті нұрынан болар.

-Әже, әже, деймін,- деді аяқ астынан Алдан,- әлгі шалыңыз өлгеннен кейін бұрынғы сүйгеніңізге қосылмадыңыз ба?- Алданның аңғал сұрағына бәріміз күлісіп алдық.

-О, бар бол балам! Бар болғыр-ай, айтып отырғанын қарашы қаршадай болып, сүйгенді қайдан білесің, сен. Шалым өлді, мені ала ғой дейтін ол менің қасымда болып па? Қиянда қалған құрбылар енді қайда жүргенін қайдан білейін. Оның үстіне менің басымда ерік пен билік болды ма? Сендер айтқандай күйеуім шал емес, жас жігіт-тін. Жарасып, жақсы боп келе жатқанбыз. Ол оқыстан өлді. Өзі жесір қалып, соңына ерткен күшігі бар біздей әйелге қапелімде ел қайда, жер қайда? Сонау... сон...а..у қиырдағы Маңқыстаудың Бозашысынан Жылыойға, одан Кенбайға қалай жетем? Басымда еркім, билігім болса, жүріп кетсем жетерімін-ау, итшілеп. Жеткен күнде де әке-шешем, құрбы-құрдастарым қайда, не күйде білмеймін ғой, білмеймін. Бәрінен неше жылдан бері бейхабармын? Оның үстіне одыраңдап, көздері алайып шыға келетін Адайлар мені қайдан жіберсін. Олар жесірлерін қорғап, жетімдерін қорғай білетін ел.

Ақыры ауыл ақсақалдары бас біріктіріп, ақыл қосып бір қайныма отастырды ғой. Тағы да тағдыр маған тарлық етті, аярлық жасады.

-Ал ол қайда, әже,- дейміз Алдан екеуіміз.

-Ол? Ол ма? Оның да ғұмыры қысқа соқты. Бір күні ол мал қарап жүріп аттан құлап, ажал құшты. Сөйтіп мен "жауыз келін" атандым.

-Әжесі... !Әже, деймін,- дедім бірде.- Сізді күшті, қарулы, күреске түскен



Өмір иірімдері

жасында, - дейді ғой.

- Палуан болып, белдесіп күреспегенмен, алысқанға болмадым, алып ұрдым. Ол әйел болсын, ер болсын, бір жайлы қылатын едім. Ол күндер, ол күндер қайда бүгін? Отырысымыз мынау ғой, можабай кемпір болып.

- Әже, сонда сіз жасыңыздан спортшы болдыңыз ғой. Жарысқа қатысқанда чемпион болады екенсіз?

- Ол тағы не пәлесі? Құйтақандай болып қайдағыны қайдан білесіңдер? Айтпайтынды айтасыңдар-ау...

- Әже, ол әлгі кісі жекпе-жек деп сайысқа түссе, спортшы, - дейді деймін өзімнің балалық қылығымен түсіндірген болып...

- Құлыным-ау, спорт-мспортыңды мен қайдан білейін. Ол кәсіп етпеген ісім. Бірақ ісінген қайныларымды да қағындырып жіберген кезім аз болды ма. Бірде, жасырақ кезімде, бір қайным мені өзіне табындырам деп, атын ентелеп, қамшысын үйіріп ұрмақ та болды. Сілтеген қамшысын денеме дарытпай, қолынан жұлып алдым да, өзін атынан ұшырып түсірдім. Оның да мен де көңілі болды. Қатын үстіне алмақ болды. Қайдан алсын. Сол күні ел ақсақалдарының басын қостым да басыма бостандық, өзіме еркіндік сұрадым. Басымнан өтіп жатқан жайларды баяндадым.. Не дер екен деген көңілімде күдігімде жоқ емес. Жоқ, болмайды, шарифат заңы солай, сол қайныңа қосыласың. Әйел ерден кетсе де елден кетпейді, аға өлсе- жеңге мұра, әмеңгерің- қайның десе не демекпін. Нар тәуекел, ел жақсыларының қандай әңгімесіне де әзірмін, деп белді бекем буып, тас-түйін боп отырмын. Ақылы бар ауыл ақсақалдары жанымның жарасын, жүректің наласын түсінді. Шалқыған шаңырақтың иесі, ауыл үлкені боп есептелетін көзін сүзіп, көңілін білдірсе де бата алмай жүрген қайнағам бар еді, көп сөзінен шыға алмады, теңдігімді берді.

- Бауырымыздың алтын тұяғы, болашақ бір шаңырағымыздың иесі, баланы тастап кетесің, - деді қайынағам. - Ержеткесін сізді табар, қауышарсыңдар, оған еш қарсылығымыз жоқ. Ол Алланың ісі. Баламды бағып осы елдің шетінде отырам десең де өзің біл, - деген қайнағам. Сөзінің арғы жағын айта алмай жұтып қойды. Оның сұңғыла ойын түсініп, көмейін біліп отырмын. Осында қалсам ойындағысының болғаны... Елден кетпей бір үй боп ауыл шетінде отырсам орманға қарай ұлыған арланша ұядас күшігім едің ғой деп, бір күні болмаса бір күні маған қарап ұлыры анық. Одан да тыныштығым жақсы...

Содан Жанқараны тұқымдарына қалдырдым да отызыншы жылдардың басында Жылыой қайдасың деп тартып бердім.

Қонаш Қалдыоразұлы

Кең Жылыой біздің елдің тиянағы,
Даусыңды танушы едім қиядағы.
Даусыңды ести сала қиядағы,
Талпынам балапандай ұядағы,

деп Бақтыбай замандасымыз әнге қосқан, жыр еткен Жылыой ғой бұл. Бұлдыраған сезімді серік етіп, үзілгелі тұрған үмітімді жалғап келдім. Не айтары бар, әрең де жеттім. Жеткенім не керек жігерім құм құм болып, жасып қалдым. Артта қалған ардақты ел, тума -бауырдың бірі жоқ. Сергелдең сезім бойымды билеп алды. Сәтсіз басталған өміріме өксітім, тас маңдай тағдырыма налыдым. Сөйтіп, көңіл құлазып, жан жабырқап жүргенде Бағира, Зағира, Сағираның әкесіне тағдыр табыстырды. Одан сендер өрдіңдер. Осы ма білейін дегендерің,- деп әжеміз әңгімесін тәмәмдады.

... Міне, поезд үстіндеміз. Вагон іші лық толы адамдар. Өзара гу-гу әңгіме. Жайна апамыз шай алып келді. Ол бойжеткен, ересек қыз. Көрікті, келбеті әсем. Екі бетінің қаны тамған, көркем келген, көзі күлімдеген, бұрымы шұбатылған, маңдайы жазықтау аққұба қыз. Бұдан екі жылдай бұрын дүние салған Бағира нағашы апамыздың ортаншы қызы. Бойы сұңғақ, белі жіңішке, жүрісі келіскен қызға былай өткен де көзін сүзеді, олай өткен де көзін сүзеді. Сұлулыққа кім сүйсінбесін-ау. Жасы жиырмаға тақау Жайна әкесі мен бауырларын бағып, шаңырақты ұстап отыр...

Күн әлдеқашан ұясына қонған, көкжиектен көрініп аспанға шашылған қызыл алау да бірте-бірте семіп барады. Төңірек қою қараңғылыққа орана бастады. Сәттен соң шығыс беттен қызара көрініп ай туып келе жатты. Үстіңгі төсекте жатып алып, түн сұлулығын, аспан мен жердегі көріністерді қызықтауға кірістім. Қапталда қарауытып қырқалар, жоталар қалып жатыр. Жарысып бағаналар қалар емес. Алыстан жылт-жылт етіп оттар көзге шалынады. Бала үшін бәрі...бәрі қызық. Бәрін қызықтап, әңгімелегің келеді.

Таң сарғайып атып, айнала ағараңдап көрініс бергенде Үстірт стансасына да жетіп, поездан түстік. Жанқара нағашымыздың үйі станса басында екі қатарлы корпусте екен.

Өзге өңірдің тіршілігі, іс-харекеті, әдет-ғұрпы, өмірі өзің тұратын мекенмен салыстырғанда тіпті өзгеше көрінеді. Балаға бәрі таңсық. Түске тақау той қызығы басталды. Ауыл адамдарының бәрі әнші, бәрі күйші, бәрі жыршы ма деп қаласың. Төгілдіріп ән салмайтыны, күмбірлетіп күй шертпейтіні, төкпектеп жыр жырламайтыны жоқ па дерсің. Бәрі тұнып тұрған талант, тамаша өнерпаз, есіңді алып ескі әңгімені қалай айтады дейсің.



Өмір иірімдері

Той қызығына тоймадық. Көңіліміз шалқып, тасыдық. Есіміз кеткенше ойнадық. Келісті етіп келіннің беті ашылды. Келісті етіп келін үлкен-кішіге иіліп сәлем етті. Әжем барып немере келіннің маңдайынан сүйді, бауырына басты, көзіне жас алды. Есіне жас күні, өзінің келін боп түскен кезеңі түсті ме екен? Келіннің жүзіне мейірлене қараған әжем аса құлпырып тұрды. Өзінен өрген ұрпақтың бірі ғой бұл. Адасып барып табысқан ауылы аңсай жүріп, армандай жүріп жеткен қуанышы ғой. "Мені неге тастап кетесің", деп анасына ренжіген Жанқара нағашымызда да бір артық қылық жоқ. Бірінің-бірі қолын ұстап аналы-балалы екеуі қатар тұр. Нағашымыздың қаралығы болмаса анасынан ауған түрі жоқ. Тек денесі кішкентай..."

-Келініңіз құтты болсын, ене,- деді Бақтыгүл анамыз келіп енесінің алдына тағзым етіп,- көңілде жүрген бір түйткіл еді бұл, бүгін түйіні шешілді, ене. Оның үстіне сіз келіп, той көріктене, шырайлана түсті.

-Балам, балаң бақытты болсын, сенің топырағыңнан жаралған келін болса Кенженің аулын көркейтер,- деді әжем.-Бәріміз келін боп түскен киелі шаңырақ қой, шаттығы шалқысын. Жалғыз Жанқара еді, Құлметің мен екеу болды. Бір-бір жалғыздар біреу боп қалмасын, жапырағы жайылсын.

-Айтқаның келсін, ене. Көзіне жас алған Бақтыгүл әжемді бауырына басып, құшағына алып біраз тұрды.

-Ай, антұрған... жылағаны несі, шаруанды қарасайшы... Жәкең қасында мен бармын ғой,- деді Жанқара анасына деген сағынышы мен мейірімін жасыра алмай.

...Келісті етіп, жас келін шай құйды. Бармағы майысып шай құйған жас келін қимылы қандай үйлесімді еді, көркі қандай келісті еді! Әжем де немере келінінің ұяң қылығына, келбет-көркіне, сыр-сымбатына дән риза болды. Ақ батасын берді.

Осы ауылда үш-төрт күн аялдадық. Есім кетіп корпустың балаларымен тынбай ойнадым. Кіммен ойнасам да, қайда жүрсем де әжемнің "орынсыз тентек болма, ерсі қылық танытпа, үлкендердің мазасын алма" деген қағидасынан қия кетпедім, тиянақты орындап, өзгелерге өзімше үлгі болуға тырыстым. Намысқа тырысып, жақсы бала атансам деп ойлайтынмын. Нағашымыз ауылда болған үш-төрт күнде олардың әдет-ғұрпын, салт-дәстүріне тәнті боп, бейтаныс балалармен танысып, ойнап, ауылға көңілді күймен, қуанышты сезіммен оралдым. Келе сала көрген қызықтарымды інім Алданға алдымен айтпаймын ба? Айтқанда да майын тамыздым. Ой, ол сонда қандай қызықты дейсің.

-Ендігіде әжеме мен еремін,- деді Алдан, -солай ма, әже?

Қонаш Қалдыоразұлы

-Кә, күшік. Қалданжан тұрғанда саған жол қайда. Сен ана әке-шешене еріп қыдыра бер, қайда барсаңдар да барыңдар- деді әжем,- о несі-ай, Қалданым қайда қалады, сонда?

Алдан болса одан сайын ызыланады. Әжеме ренжіп, одан сайын өршелене жылап, өреки түседі, отыра қалып жер тепкілеп, өкіреді.

-Япыр-ай, Алданжан-ай, сенде сондай ма едің,- дейді әкеміз қылығына қайран қалып... -Бұндайда бала болады екен-ау. Жаман баланың қылығы емес пе? Әлгі Сағира қалай шыдап отыр, баласын жылатып қойып. Жарамаған ... Бұл деген біздің үйдің баласы емес шығар жылап отырған. Біз біреулердей сен жылауық емес едің ғой, Алдан. Сағира анаң-ау, сені жылауық қылып жүрген. Япыр-ай, япыр-ай ... Баласының қылығын, жылағанын жаратпаған, жаны қаламаған әкеміз бүгін келген газет-журналдарды алып бөлмесіне кетті.

-Ой, көкем, көгершінім, аппақ болған Алданжаным. Сенің ақылың көп еді-ау. Ұшан -теңіз, дария десе де болар. Айттым ғой, айттым,- деп Алданды бауырына басқан Сағира анам оны арқасынан, басынан сипай берді,- Алданжан, саған дүкеннен не әкелгенімді білемісің. Ондай затты Қалданға қырық еңкейсе де ешкім әкелмейді, білмейсің. Қарашы, міне... қандай әдемі жейде, көрікті көйлек.

Анам жейде мен көйлекті Алданға бергені сол еді, оның ашуы әп-сәтте басыла қалды. Әлгінде жыламағандай, ерсі қылық танытпағандай... бәрі-бәрін ұмытып кетті. Оның бұл қылығын көріп үлкендермен бірге менде таң қалдым. Әжем айтатын: "Жақсының ашуы шәйі орамал кепкенше тарайды"... Сонда інім Алдан жақсы бала шығар деп сүйсіндім....

Қос той қуанышы

Той - халықтың қазынасы, қуанышы мен қызығы, дейді әкем. Әр тойдың өзіндік ерекшелігі бар. Той- ырыс пен несібенің, бақыт пен дәулеттің, береке мен байлықтың айқын айғағы. Әрине, әкем солай дегенмен біздің үйімізде той сирек өтеді. Әр немені сылтауратып той жасай беру ата-анамның ғадетінде жоқ. Үйде той болған жақсы деп ойлаймын. Той болса балалардың қуанышында шек болмайды. Қызыққа бөгіп, мереке-думанға бөленген үйде құлындай құлдыраңдап шауып жүрген балалардың мәз болғаны, той қызығын арттырып, қыз-жігіттердің билегені, ән салғаны қандай қызық. Әнеукүні Жанқара нағашымыздың үйінде өткен тойды айтсайшы... Тәттіге де тойдық, қызыққа да баттық, ойынның да құмарынан шықтық... Сондай той біздің үйде өтсе ғой...?!



Өмір иірімдері

Міне, мезгіл тамыздың ортасынан асып барады. Күн ыссы әлі. Бірақ шыдарлық. Бүгін біздің үйде үлкен той. Ол менің мектепке баруыма және қарындасым Гауһартастың дүниеге келуіне байланысты жолашар тойы мен шілдехана тойы. Менің қуанышымды айтсайшы! Қоқиланып, көрші балаларға барып, өзімше хабар салып жүрмін. Той болатын хабарын ести сала "Ура! Той.. той...Біздің үйде той болады", деп далаға атып шықтым. Менің қуанышымды қоштап қарлығаштар мен бозторғайлар пыр-пырлап ұшып, айнала табиғатқа тамсана жар салды. Мөлдіреген көк жүзіндегі алтын арайлы Күн күлімдей көтеріле түсіп, Жер-Анаға жылы шуағын төге берді дерсің. Сағымға оранған төңірек қуанышыма ортақтасқандай сыйқырлана түсті. Шығыстан ескен ерке самал жел одан әрі жаныма қуат бергендей айналай түседі, айналай түседі...

- Не.. о не?- деп көлеңкеде ойнап отырған інім ұшып тұрды.- Той дейсің бе, қашан? Алақай ...той...той.

Бала қылығымызбен ауланы басымызға көтеріп, төңіректі шуға шомылдырдық. Біресе доп қудық, біресе асық ойнадық. Бір сәт велосипедпен өрден ойға құлдиладық. Не істерге білмей, қуанудамыз, ішкіміз жарылып бара жатқандай.

- Қалданжан, велосипедтен құлап қалма, абай бол. Ана жылғы Сайра апан құсап оқу жылы қарсаңында бетінді бұзып аларсың,- дейді Сағира анамыз.- Білесің ғой, өзің.

- Жарайды, ана,- деймін де одан сайын құлдилаймын. Құлдилап келе жатып өзімді қырандай сезінемін.

Ата-анам тойға тиянақты әзірленді. Қонақтарды сұрыптай келіп қайсысын қай күні шақыратынын белгіледі.

... Үй ішін кернеген той қызығы үш күнге созылды. Біз қызыққа, тамашаға тояр емеспіз. Той жалғаса берсе деймін. Ауладан ән кетпеді, төрден қонақ арылмады. Ағайын-туыс, көрші-көлем, әкем мен анамның жұмыстастары, достары, бәрі-бәрі кезек-кезек шақырылды. Бәрі шетінен әнші, биші, күйші екенін көрсете білді. Бір сөзбен айтқанда тойға келген қонақтардың бәрі де шетінен өрелі өнерпаз. өнерсізі жоқ іспетті. Арақпен ағайындасып, былаң-сылаң жүргендері де жоқ емес. Олардың бірқатары мені оңаша шақырады да қалтасынан алып ақша береді. Мен қонақтар берген ақшаны жаныма салмай, ышқырлығыма қыстырып аламын да, жүрегім елжіреп жүгіріп ала жөнелем.

Тойға келген қонақтар маған және қарындасыма әкелген сыйлықтарымен үйіп салды. Сөмке, жазу құралдары, көстем-шалбар, көйлек, пальто, велосипед... Бәрінің да тілегі- менің жақсы оқуым, тәртіпті

Қонаш Қалдыоразұлы

де тәлімді боп өсіп, үлкен азамат атануым. Қарындасымның дені сау, бауы берік болуы.

Ал бір топ ағалар мен апалар конвертке салған ақша ұсынды. Оны анам барып алды. Өзіме де 3-5 сомдық ұсынғандар аз болмады. Маған пайдалысы ақша емес пе? Өзім керегімше кәмпит алып жеймін деп ойладым. Бірақ ол ақшаларды анам жинап алды да әжеме бере салды. Ал әжемнен сұрау қиын. Қап оқсатқанын-ай, мына анамның, деп қоям іштей. Неге бердім екен? Бірақ шыдайын, тағы да біреулер ақша бермес деймісің. Сөйтіп, алақ-жұлақ етіп жан-жағыма қарап тұрғам...

-Әй, әлгі той жасатып жатқан жиен қайда,- деді бір егде тартқан, толықша келген ақ бурыл шашты кісі.- Лайымда сабақты беспен оқы, айналайын. Мә, мынау саған нағашыларыңның атынан сыйлық. Бұл ақшаға өзіңе қажетті ғана алғайсың. Әкеңе беріп қойып жүрме, ол картаға салып жібереді. Реті, ол кісі бастық болса керек, той үстіндегілердің бәрі ошарылып оған қошамет көрсетуде. Мен ақшаны алдымда ышқырыма тығып жібердім. Енді айрылмаспын деймін. Бірақ қомақтылау ақша сияқты.

-Әке, сізге берейік, дегемде әкем: Жоқ, нағашың айтты ғой, мен картаға салып қоям, анаңа, не әжеңе апарып бергін, деді. Мен нағашыларым берген ақшаны анама апарып бердім. Ал маған арнайы ақша сыйлаған азамат анамның туыс ағаларының бірі, мұнай өндіру цехының бастығы екен. Өзі әнші, өнерлі кісі болса керек. Ашық та анық дауысы бар екен. "Бурылтай" деген белгілі әнді бабына келтіріп төгілдіргенде жұрт қимылдамай, қозғалыссыз тыңдай қалысты.

-Жарайсың, аға!

-Әншілік деген осы шығар.

-Ол кісі әртіс қой, кезінде театрда ойнады ғой,- деді шеткерірек отырған бір апа.

Ол кісі әнін аяқтай бергенде қошаметшіл көпшілік ду қол шапалақтады. Бірнеше күнге созылған той да аяқталды.

...Жылжып күндер өтті. Апталар артта қалды. Оқу жылы да таяды. Мектепке әкемнің өзі алып баратын болды.

Жайдары жүзді жан ұлым,

Мектепке бүгін барасың.

Ерінбе, үйрен әр ғылым,

Бағыңды содан табасың.

Бақыты сенсің анаңның,

Азамат болғын қарағым.

Биікке самға, талмағын,

Құтты да болсын қадамың,- деп батасын берді.



Өмір иірімдері

Анамның әңгімесінен:

- Біздің ағаларымыздың бірі ол кісі,- деп бастады әңгімесін Сағира анам.- Арғы аталарымыз бір туған. Сонау алпысыншы жылдар қарсаңында Сағыз стансасы жағынан көшіп келді. Анасы, аға-жеңгесі бар. Күйлері төмен, өте жағдайсыз келді бұл елге. Аржағы ағайын ғой деп мамам паналатып, үйін беріп, қамқорлады. Бұнда келгесін ағамыз жұмысқа тұрды, қатарға ілікті. Өз алдарына пәтер алды. Бөлек үй болып жатырсың ғой, деп анам су жаңа бір өре текеметі мен бір түз теру алашасын берді. Бұл ол кезде аса қымбат, қадірлі, қасиетті бұйымдар. Ол текемет пен алаша үйлерінде әлі болуы керек. Анасы мамама рахметін айтып, құшақтасып қоштасқан жандар ғой. Бүгінде баласы бастық, күйленді жеңгеміз. "Ашта жеген құйқанды тоқта ұмытпа", деген менің мамамның көмегі, қамқорлығы есіне түскен шығар. Сосын да ол саған ақша беріп, қуанып та, қуантып жатқаны. Бірақ бұл ағамызды бала жоқтығы оның жанын жеп, жүрегін қинайтыны белгілі. Баласыздықтан бақыты жанбай жүрген жігіт. Әйелі де, көрдің ғой, көрмеге көркем, әсем де әдемі адам. Жақсы қызметте. Амал не бір шаранаға зар... Біраз жыл Мұнайлы кәсіпшілігінде бастық болды. Соңғы он-он бес жылдан бері осы Құлсары да, кәсіпшілік меңгерушісі. Қатарына қадірлі, сыйлы адам, жақсы азамат.

* * *

Ауылда той аяқталып, абыр-дабыр басылды. Жан-жақтан келген қонақтар тарасты. Үйде оңашамыз. Әжем менің сөмкемді, қағаз-құралдарымды, киім -кешегімді жинап отыр. Жинап отырып кітаптардың сыртын сипап, аз-кем отырып қалды.

-О не, әже,- дедім, үнсіз қалғанына таңданып...

-Ой, балам-ай, өзімнің оқыған кездерім ойға оралып... Молданың шыбығынан сескеніп оқудан бас алмайтын ек...Қазір заман басқа ғой. Алдарыңнан білім алудың даңғыл жолы сайрап, білім сарайының есігі кең ашылып отыр. Осыншама жағдай туғызылып отырғанда оқымаған бала білім дәмін білмегендік. Білім дәмі зәмзәм суындай ғой. Соны ұмытпа, балам. Сен жақсы оқиды деп білемін, құлыным. Ата-анаңа абыройсыздық әкелме.

Қонаш Қалдыоразұлы

Алғашқы қоңырау



Біздің үй қаланың 4-ауыл деген бөлігіне орналасқан. Ертеректе салынған үй болса керек, тым жатағандау, ескілеу келген төрт-бес бөлмелі шағын баспана. Әкемнің айтуы бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедегі Шұлжің есімді бір атадан сатып алғанға ұқсайды. Шағын үйдің дәлізі өткен жылдың күзінде құлап қалды. Жарты тастан қаланған қабырғаны жел жеген, су мүжіген, оның үстіне құрылыс талабы сақталмаған. Іргетас құйылмаған, жарты боз тастан қабырға қаншаға шыдасын. Содан әкеміз көктем туысымен өзі тас басып, бұрынғыдан кеңейтіп әрі ұзартып, дәлізді қайта салды. Осы үйде біршама жетістіктерге, қуаныштарға жеткен әкем "құтты мекен" деп әрдайым қуана әңгімелеп, бұзбаймыз деп отыратын. Сол қуаныштардың қатарында менің де дүниеге келуім, өсуім, сүндеттелуім, мектепке баруым бар емес пе! Осы үйді сатып алғанда әкем оның сұлулығына қарамаған, қуанышқа іші толы құтты мекен, киелі үй болса деп ойлаған. Ал оның жөнделуін, үлкейтуін өзім келістірем деп көңіліне түйген.

Біздің ауылдың балаларының дені бір мектепке барады. Оны көрші балалардан естіп жүрміз. Ол орталық базардың теріскейіндегі орыс ақыны атындағы мектеп. Онда бір кезде бір жылдай әкем де оқыпты. Екі-үш үйден тұратын, аласа мектептердің салынғанына көп жылдар болыпты. Немесе, жаңа мектеп үйін салуды қажет еткен жағдайы бар...

Бүгін тамыз айының соңғы күні. Тамылжыған табиғатты суреттеуге сөз жетпейді. Көк зеңгір аспанда алақандай ақ мамық бұлт жоқ. Жаныңды жадыратқан, еркелетіп еңсеңді көтерген саумал самалға қарсы көйлегіңнің алдын ашып тастап еркінше бір жүгіргің келеді, құлынша құлдыраңдап шапқылағың келеді-ақ. Таң атысымен ұйқыдан оянған үй-іші күнделікті тіршілікке кірісті. Күндегіден гөрі үйде қарбалас басым. Сиырларды сауып өріске айдап тастап келген анам келе шай қойды. Іле мені оятты. Әбден жуындырып, сүртіндірді. Бұл кезде әжем де, әкем де өз істерімен әуре. Алдан інім де бірдеңеден құр қалғандай ұшып тұрды. Бәріміз үстелге жиналып шай іштік.

Қоңыр көйлек, ақ фартук киген, шашына ақ бантик байлаған Сайра апам әдемінің әдемісі көрінді. Дырдай жетінші кластың оқушысы. Мен болсам бірінші класқа бару ниетіндемін. Аяғымда әдемі сандал, бұтымда қыры пышақтай қара шалбар, үстімде әдемі тігілген ақ көйлек. Су жаңа киімдерді киінгенімде жұтынған қара торы, кекілі келбетіне үйлескен әп-әсем бала болып шыға келдім...



Өмір иірімдері

-Ал, құлыншағым! Жолың болсын, сабақты жақсы оқып, тәртіпті бол, мұғаліміңді сыйла,- деп әжем құшағына алып, бауырына басып, бетімнен сүйді,- ата-бабалар жар болып, қолдай жүрсін.

-Қалданжан, жолың болсын, қатарыңның алды бол.-Анам мені бас салып сүйе алмады. Иба сақтады. Әжем мен әкемнен қаймықты. Бірақ көзімен сүйіп, өліп-өшіп құмарлана құшақтағысы, маңдайымнан сүйгісі, тамағымнан иіскегісі келіп барады-ақ. Оны іштей сездім. Бірақ қазақ әйеліне тән инабат, үлкендерді сыйлау, ерді пір тұту оны "оғаш" қылықтарға жібермеді.

Әкем Сайраны ертіп, мені жетектеп үйден шыға берді. Бет алысымыз мектеп. Болашақ білім жолындағы тірліктің ілкі қадамы басталды.

-Қалдан ...дәс... Алдан көзін сығырайтып, қолын бұлғады.

-Иә, иә,- деп мен әкеме ілесіп, жетегінде кете бердім.

...Мектеп біздің үйден онша алыс емес. Арада екі-үш көше, үлкен асфальт жолы, Құрсай өзегі бар. Құрсай десе Құрсай. Өзектің өзі атына сай. Көктемде суға толғанмен, жаз ортасы болмай-ақ өзек құрғап, кеуіп қалады. Міне, көшелер мен асфальт жолдан, Құрсай өзегі үстіндегі көпірден өтіп мектепке де келдік. Сайра апам бізден бөлініп кластастарына қосылды. Мені жетектеп келген әкем болашақ бірінші кластықтарды, оның мұғалімін тауып алды. Өзім құралпы балалар қатарына келген мені мұғалім апай сапқа тұрғызды. Әкем болса президиум үстеліне бет алды. Өйткені ол осы мектепте жеті жылдан бері ата-аналар комитетінің төрағасы. Біздер, бірінші класқа келген 120 бала сап түзеп, президиум үстелі алдындағы алаңқайда тұрдық. Артымызда жоғары кластарда оқитын ағалар мен апалар қатар түзеп, өзара күбірлесіп тұр. Бәрі де сәнді киінген, бәрі де көңілді, қуанышты, жарқын, жайдары, әзілкеш, қалжыңқой. Жүздері бал-бұл жанған, беттері албырап жайнаған олар бірімен-бірі әдемі әзілдесіп, қатырып қалжыңдасады.

Бір топ ұстаздар мен ата-аналар "Алғашқы қоңырау" мерекесіне қатынасушыларды жаңа оқу жылымен құттықтап, табыс тіледі. Оныншы кластық ағалар мен тәтелер бірінші класқа келген балдырғандарға "Әліппе" оқулығын таратты.

-Балам жақсы оқы, академик бол, -деп маған әліппені көзілдірікті, сәл мұрнынан сөйлейтін, сары өңді кісі ұсынды. Бұл мектеп директоры Жәмшит Жолбарысовтың өзі екен. Неге маған "Әліппені" ол кісінің өзі тапсырды? Бұл әлде әкемді сыйлағандық па? Әлде кездейсоқ жай ма екен? Қайткенде де ілкі кітапты директордың өз қолынан алуым, мені бір жақсылыққа бастайтын сыңайлы. Үлкен міндет жүктегендей сезілді. Қайткенде де сабақты жақсы оқуға тиіспін. Өйтпесемші..? Жоқ, ойбай,

Қонаш Қалдыоразұлы

ұят болады. Директорға да, әкеме де...

Сонымен мен бірінші "а" класына қабылдандым. Класс жетекшім және алғашқы ұстазым Сәнен Қалмұқанова деген қара торы келген, жай сөйлейтін, әдеміше, салмақты да сабырлы тәте болды.

Әкем айтады: Сәнен екеуіміз мектепті қатар бітірдік. Әуелден ұяң, мінезі байсалды, ұстамды, салмақты қыз еді. Нағыз мұғалім болуға жаратылған жан. Парасатты педагогтердің бірі. Қалданжанның оның қарауына барғаны жақсы болды.

Күйеуімен жұмыстас болдық. О да аңқылдаған, ашық, ақ көңіл жігіт еді. Өкініштісі- өмірден ертерек өтті. Оның ақкөңілділігін пайдаланып Баки сынды қулардың жасамағаны да жоқ қой. Жалғыз ешкісін сойдырып жеген кездері де ұшырасты. Ол былай болды. Ұлы көсеміміз В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толған жылы партия деген көп азаматтарды медальмен марапаттап, қарық қылды. Бірақ тимей қалғандар да жоқ емес. Соның бірі Сәненнің күйеуі. Осыны аңғарып қалған Бәки В.И. Лениннің басы салынған белгіні киоскіден алады да, әдемі шытырлақ қағазға орап, бір топ жігіттермен бірге, ішінде бізде бармыз, Сәненнің күйеуі Керімтайға жетпек боп жөңкіле жөнелдік. Үйде Сәнен жоқ екен.

-Кеше саған мерекелік медаль тимегенін біліп, аупартком облыстан біреуін арнайы алдыртыпты. Соны тапсыруды бізге жүктеген,- деп әңгімені Бәки бастады,- ілкі награданы жаңа костюмге тағар болар. Жаңа костюмнің болса әкеле бергін...

-Жаңа костюм бар ғой, сандықта еді, кілті әйелде, әйел сабақта- деді Керімтай сасқалақтап,- енді қайттім?

-Абыржыма, күтеміз ғой,- дедік біз, әйелсіз үйден құр ауыз кетеміз бе, деген қауіппен. Көп күттірмей сабақтан Сәнен де келді-ау...

-Әлге дейін қайда жүрсің, шырағым-ау. Маған медаль тапсыра азаматтар келіп жатыр. Бол, асыңды дайында, жаңа костюмді шығар,- деді Керімтай. Әйеліне қабағын шытып кейіген болады, бірақ онысы өзіне үйлеспейді...

Сәнен де қапелімде не дерге білмей асып-сасып қалды. Аяп барамын. Әуелі, әйтеуір, шайын қойды. Содан іле сандық үстін жүктен арылтып, жаңа костюмін шығарып берді Керімтайдың.

-Ой, мынауың қыртыстанып қалған ғой, үтіктеу керек,- деп шыға келді Бәки. Тағы нені бастағалы тұрғаны белгісіз.

-Ой, Бәке, ол қазір көшеге шығайын деп жатқан жоқ қой, шығарда сықитып Сәнен үтіктеп береді ғой,- дедім мен.

-Жарайды, солай екен ғой. Ал костюмді ки, Кереке, галстугіңді тақ. Әй, фотограф сен әзір тұр,- деп қояды Бәки, күлмейді. Күлсек



Өмір иірімдері

бүлдіретінімізді білеміз. Фотограф жарқылдатып қолына алды. Асып-сасуды білмейтін Бәки белгіні қалтасынан шығарып, әдемі шытырлақ қағазынан алып, костюм өңіріне түспестей етіп қадады да іштегі машинкаға басылып, белгісіздеу мөр басылған түсініксіздеу етіп қол қойылған бір бетке жазылған, айналасы гүлмен көмкерілген Указды қоса тапсырды. Енді бұған сенсең де сенесің, сенбесең де сенесің...

-Құтты болсын, байғазысы бізден,- деді жігіттер.

-Ойпырым-ай, мынау мал сойып жуатын дүние болды-ау,- дедім мен жайыма қарап тұрмай...

-Расында да,- деп қостай жөнелді жалаңдаған жігіттер де.

-Ол не тұрыпты, қорада бір ешкі бар, соямыз. Еңбегіңді елеп ел медаль беріп жатқанда,- деп лып ете түсті Керімтай да риза болған кейіпті көңілмен.

Сәттен соң медаль таққан костюмін шешіп, іле салды-да Керімтай қораға қарай тура жүгірді. Қолында пышағы мен жібі. Енді осының бәрі тезірек болса екен деп отырмыз. Көп ұзамай бақылдаған ешкінің үні естіліп, құлаққа келді. Бітті, дедік іштей, Алла оңғарса кердеңдеген керала ешкінің кәлләсі қиылады.

-Сен барып көмектесейші, - дедік ішіміздегі жасаңдау біреуімізге. Ол тұра жүгірді. Көйлегін шынтағына дейін түріп, Керімтаймен бірге қосылып, керала ешкінің кеудесіне кіре берді.

...Арада өткен мезгілде бізде қарап отырмай есепші сызып берген бес-он теңгенің қызығын көріп, картаға да кіріскенбіз. Енді бір мезгілде ешкінің еті қазанда былқып қайнап жатты да, ал біз жас қуырдақпен балқып шай ішіп отырдық...

Ертесіне де ел аман, жұрт тыныш боп, күн шығып, өмір тірлігі жалғасты. Есесіне ертесіне Керімтайға ат-түйедей бұлдап таққан белгіні Құлсарының киоскісінен алып, екінің бірі тағып жүр еді... Киоскіде толып тұрды. Оны көргенде Керімтай не күйге ұшырады екен. Әлбетте, әй, кәпір атанбаған азамат қой, ешкімге ештеңе демеді. Сәнен де сыр бермеді.

... Сондай сыйлас, ойынымыз бен әзіліміз жарасқан жандар едік-ау. Ондай күндер қайда енді?

* * *

Әкем әңгімесін тәмәмдады да келіншегі Сағираның әңгімесіне құлақ түрді. Менің анам Сағирада орта мектепті тәмәмдаған, кәдімгі Абай атындағы орта мектептің ортан қолдай түлегі. Сол анама мен алғашқы күні мектепке барып, директордың маған әліппе ұсынғанын айтқанмын.

- Жәмшит ағай, дейсің бе,- деп бастады анам әңгімесін.- Қызық кісі еді. Оқу бітіріп келген, жас жігіт күнінде бізге шет тілінен сабақ берді. Ал

Қонаш Қалдыоразұлы

кластағы қыздардың бәрін қағытып, бұрымы мен арқасын сипап жүретін. Бір түрлі мұғалім кісі болғасын оның ол қылығын ерсі көретін ек. Есесіне ер балалар оның осындай қылығын өздерінше "қызық" көріп, қай қызға не айтар екен, қандай қылық танытар екен деп өздеріше класта бір "өзгеріс" күтіп отырады. Бір-екі рет менің де арқамнан, шашымнан сипап өтті. Мен жаратпадым. Дап-дардай кісі, о несі-ай, деп іштей ренжіп қалдым. Бірде оның сабағы басталып, ол әр қатарды асықпай жағалап келе жатты. Мен Мәжібек екеуміз бір отыратынбыз.

-Сағира, сақ бол, ағай келіп қалды,- деді Мәжібек. Мен артыма жалт қарадым. Расында да ортадағы бір партаға келіп қалған екен. Мен Мәжібектің қолтығының астына тығыла түстім.

-Қорға,- дедім күбірлеп Мәжібекке.

-Саспа,- деді Мәжібек. Қолын иығыма салып отырып, алдындағы кітабын оқи берді.

-Бұл не әдет,- деді мұғалім ағай бізге жақындап, иығыма салып отырған Мәжібектің қолын көріп.

-Ағайлардан үйренгеніміз ғой,- деді Мәжібек те көп саспастан.- Өнерді үйрен де жирен, деген. Сіз сипаған қыздарды біздерде сипайық та, ағай. Биыл бітіреміз, кетеміз, сонда үлкендерден не үлгі алдық деп айтар едік.

Мәжібектің мына әңгімесінен бәріміз шошып қалғанбыз. Бір шойтыман болатын шығар деп ек, жоқ, бәрі де тыныш аяқталды. Ал Жәмшит ағай содан кейін қыздардың артынан келіп, арқасы мен бұрымын сипамайтын болды.

* * *

Анамның әңгімесін жете түсінбесем де өмір тәжірибесін ұғындырар сыр барын ұқтым....

Оқу қандай қиын-ай

"Оқу инемен құдық қазғандай, балам" дейді әкем. Ал инемен құдықты қалай қазасың, қашан қазып боласың? Ол үшін ерінбей іздену, талаптану, оқу және оқу керек. Атақты ағартушы, қазақ ғұламаларының бірі Ыбырай Алтынсарин атамыз неге айтты дейсің дейді және әкем:

Оқысаңыз балалар,
Шамнан шырақ жағылар.
Іздегеннің алдынан,
Тоқуменен табылар.

Немесе, данышпан- ойшыл, ғұлама-ақын Абай атамыз былай депті дейді: "Дүниенің кілті білімде, білім таппай баптанба, ғылым таппай

Өмір иірімдері

мақтанба", деуі де үлкенге де, кішіге де оқу керектігін ойға салады. Тіпті болмаса, пролетариаттың ұлы көсемі В.И. Ленин "Оқы, оқы және оқы" деген сөзінде есіңе тұт, балам, деп қояды әкем. Соған қарап оқудың оңай еместігін, білімнің түбі терең екенін сездім. Міне, мен де мектепке бардым. Алғаш мұғалім алдын көрдім. Оқуға кірістім. Оқу, білім деген сөздердің алғы шарттары маған осылай ашылды.

Қыркүйек айының алғашқы онкүндігі артта қалды. Оқу дегенің оңай еместігін сезіне бердім. Оның үстіне әр үйдің баласы бір-бірімен үйренісе алмай, класқа кірмей, бақырып қашатындар әлі бар. Ол балаларға оқу оқу, мұғалімдер, көп бала құбыжық көрінеді-ау деймін, бұндай көріністен қорқатын да шығар. Әйтпесе, әр бала бір-бірімен үйренісіп кететін кез болды емес пе?!

Біздер, бір топ бала, тез үйренісіп кеттік. Рас, кейде балабақшаға қайта кетіп қалғың келеді-ақ. Бірақ онда мені қайта кім жіберіп жатыр. Қайткенде де оқу керек, білім алу, ғылымға бейімделу керек сыңайлы.

Абай бабамыз: "Ғылым таппай мақтанба?" деген дейді тағы да әкем, текке айтпаған. Жастардың, балалардың білімдар, өнер, ғылым иесі атануына бастаған сөз. Әкеміздің сенімінен шығу үшін ең алдымен оқу керектігін зейінге түйіп, зердеге тоқыдық. Алғашқы сандар, ғаріптерді санаға сіңіре отырып, үйрене бастадық. Кейін тең болады, қосу мен алу, бір мен екі сандарын, а, ш, с ғаріптерін өрнектеуді үйрендік. Міне, бүгін алғашқы бағаға да ие болдым. Математикадан үлкен-кіші таңбаларды араластырып салыппын және көріксіздеу жазыппын. Бірақ мұғалім мені көтермелеп, мақтап қойды. Ал әкем бұған риза болмағандай сыңай танытты. Ренжігендей сезілді. Ал Сағира анам болса: "Әлі жас қой, үйренеді ғой, бірінші бағаға төрт дегенің жарайды ғой" деп қолпаштай жөнелді.

Әжем болса: "Менің құлыным бірте-бірте үдетеді оқуды. Әлі көр де тұр, бәрінен озып, отличник атанады" дейді. Әй, осы әжем мен анама жетер пенде жоқ-ау, ұрыспайды, ұғысқанды тәуір көреді.

-Әкең ренжісе сенің жақсы оқығаныңды қалайды, ілгері ұмтылғаның жөн, ұлым,- деп әжем бауырына басып, маңдайымнан сүйді. Анам болса біздің hareketімізге қызыққандай көзімен аймалап, ыңдыны құрыған жандай ықыластана қарай берді. Анамның осы бір сәтін сезді ме, әжем: Әй, Сағира, Қалданжанға тамақ берші, мен демалғым келіп отыр, дегені. "Өзі қашайын деп тұрған қоянға тәйт дегесін не жорық" дегендей, қолына түсіре алмай жүрген Сағира анам әжемнің әмірімен мені қолымнан жетелеп, дереу дәлізге ала жөнелді. Үстелге шай жасап қойыпты анам.

Жонаш Қалдыоразұлы

Екеуміз әңгімелесіп отырып, ұзақ шай іштік.

...Әкем менің әр қадамымды бақылап, сабағымды мұқият қадағалап отырады. Сабақ оқудың кестесін жасап берген әкем менің сабақ оқуыма да мұқият. Күн сайын тексеріп, білмегенімді үйретіп отырады. Жүйелі сабақ нәтижесінде кейін талай бестік бағаға ие болып, үйдегілерді қуантқаным бар. Бірақ аракідік кемшілігім де байқалып қалып жүрді. Ол сабақ үстіндегі қозғалыштығым, кейде апайымның айтқанына көңіл бөлмейтіндігім...т.т.

Класс жетекшім Сәнен апай ондай қылықтарымды арнайы қағазға, не күнделігіме жазып жіберетінін қайтерсің. Ал әкем болса күндегісін алдымен күнделігімді тексеруден бастайды. Күнделік- дәптерге апайымның жазғандарына кейін зер салсам мынандай жазбаларды жазбай оқуға болар еді:

-Соның ішінде 4- қазан күні менің қозғалғыштығым;

-Бір баланы жылатып қойғаным; және басқалары жазылыпты.

Қалихан! Қалданның жүріс-тұрысын байсалдыққа тәрбиелеуге жұмыстан. Балаға өте ыссы келмей, ақылмен, сабырмен түсіндір. Бұлар тез ұмытқыш адамдар ғой. Бүгін бір апайға жағымсыз қылықтар көрсетіпті.

Класс жетекшісі Сәнен, деп жазыпты 25- қазанда.. Ал бірінші қарашада жазып жіберген бір жазбасында әліппенің келесі кезеңіне түскенімізді, әріптердің орыс тілінен енген сөздерге қолданылатынына байланысты балаға көп көмектесу керек екенін жазыпты.

Күнделігімде жазылғандай 17- қарашада математикадан бес алыппын. Сағат 5-30да класс жиналысы болады деп өзімше жазған болыппын.

Сәнен апай маған кейде қаталдау қарайды. Кейде кейбір қылықтарыма ренжиді-ау деймін. Кейде: әкеңе алып бар, деп қағазға әлденелерді жазып беріп жібереді. Мәселен, 1980 жылғы 7- сәуірде «Ана тілінен» үйге берілген "Күн нұры" деген өлеңді жаттамай келгендігім, ал 9-сәуірде өз бетімен шығарма жаза алмайтындығым, сол үшін амалсыз 2-деген баға алғандығым жайында жазып жіберіпті. Бұның бәрі мектеп ата-аналар комитетінің төрағасы әкем атына, оның баласына лайықты көрінбеді. Әкем менің сабағымды, тәртібімді, үйдегі-түздегі қылығымды көзден таса етпейді. Мектепке де жиі келеді, сабақтарыма да жиі қатысатынды шығарды. Содан да болса керек мен тәртіпті болуды, озат оқуды, үлгілі бала атануды алдыма басты мақсат етіп қойдым. Сондай тәлімді тәрбие, ықыласты ықпал, күнделікті бақылау мен қамқорлық арқасында мен бірінші кластың бірінші тоқсанында-ақ табысқа жете біліп, әр тоқсанды үлгілі аяқтадым. Әр пәнді беске ғана оқуға жетілдім...

...Міне, мен үшін алғашқы оқу жылы аяқталуға да тақау. Кеше, 27-



Өмір иірімдері

мамыр күні қала төңірегіне экскурсияға шықтық. Табиғат-ана аясында дала көрінісін тамашаладық. Жем өзені бойындағы, Қамыскөл көлі жағасындағы өсімдік, шөптер түрімен таныстық. Саршұнақтар мен кесірткелерді қуаладық. Құмырсқалар тізбегін көріп, жанымыз сүйсінді. Көл бетінде жүзген аққулар мен қаздарға көз қанықтырдық. Мың сан тұяқтары кең даланы дүбірге бөлеген киіктерге қарауға көз, сұлулығы мен бекзаттығын зерделеуге көңіл керек еді. Сөйтіп, таза ауада біраз сергідік. Далада өскен алуан гүлдер шоғын жасадық...

Ал бүгін? Білім бастауының басы- бірінші класты тәмәмдадық. Соған байланысты класс бойынша ата-аналар жиналысы өтті. Әр оқушының жылы бойғы білімі, тәртібі, мінез-құлқы жан-жақты әңгімеленді. Мені асырамақтамағанмен жамандаған жоқ. Тәуір оқитын, үлгілі, тәртіпті бала санатына кіргізді. Енді қалай, мектеп ата-аналар комитеті төрағасының баласы нашар оқып, тентек болса не болмақ? Әкесі қалай өзгелерге үлгі көрсетеді?

* * *

Жазғы демалысымыз көңілді де қызықты өтті. Жайлаудағы мал бағатын ағаларымыз ауылына барып қолқабыс еттік. Жасыл нұрға бөленген, гүлге бөккен жайлау даласын қызықтадық. Бұзау-тана, қозы-лақ, бота-тайлақ, құлын-тай сын-ды мал төлдерінің қылығымен таныса қызықтадық. Атқа мінуді үйрендім. Атқа мініп қой жайып, тау шатқалдарында жүрудің өзі ғанибет. Ертеңгі және кешкі салқында қой жақсы жайылады да, түскі ыссыда суат басында жатады. Су терең құдықтан шығады. Суы зәрдей. Ішсің төбеңнен шығады. Кейде үлкен астауды мұздай суға толтырып алып, шалпылдатып түсеміз. Өзім қара бала, күнге күйіп, суға түсе бергесін одан сайын қарая түстім...

...Сөйтіп шілде айының аяғында ауылға оралуға тура келді.

...Менің інім Алдан да қызық бала. Кейде қарап отырып әлдебір әңгімені қойып қалатыны бар.

-Байсерік қатын алып келіпті,- деді сондай күндердің бірінде аяқ астынан, ақ та жоқ, көк те жоқ.

-Ол қайда,- деді үлкендерде, мен де.-Кімнен естідің?

-Ешкімнен естігенім жоқ, бірақ Гурьевте,- деді Алдан.

Сәбидің айтқаны қалт кетпепті. Ертесіне жездеміз Уәйістің үлкен ұлы Байсерік келіншек алып келді, деп үйге тойға шақырушы келді. Мен Алданнан: кім айтты, деп оңашалап тағы сұрап ем, ол:

-Ешкімде айтқан жоқ, құлағыма әлдекім сыбарлағандай болды, - деді.

Мен бұны жайлап барып анама айтқанмын. Анам болса: - Аузыңнан шығарма, біреу естіп қалып баламызды мазақтап жүрер, дегені.

Қонаш Қалдыоразұлы

Той дегенде қу бас бас домалайды, дегендей, бәріміз жиналып тойға бардық. Үәйіс жездеміз тұратын жер сусылдаған құм, шағыл. Аяқ киім мен шалбар, көйлегімізді шешіп тастап жүгіреміз келіп. Табанымыздың күйіп, маңдайымыздан күн өтіп, денеміздің тотыққанына да қарамаймыз. Арасында ауыл шетіндегі атқылап, ағып жатқан бұрқақ суына барып шомылып, шомылып аламыз. Екі күн той қызығып тамашалап, ауылға оралдық.

Байсерік Үәйіс жездеміздің оншақты баласының үлкені. Жасы жиырмадан асқан. Қара қайраттың қабы, дүлей күштің иесі. Көп сөйлемейтін, тұйықтау жігіт. Бірақ үйге келсе әкем айтқан тапсырманы орындамай кетпейді. Құдық қаз десе құдық қазады, қораны тазала десе тазалап береді. Қайткенде де әкеме бір қайырым жасамай кетпейді. Қашанда қайырлы адам мен зайырлы адам қадірлі ғой. Әкем Байсерік десе барын береді. Ақылын айтып жатады.

"Мазамды алған мас кісі"

Тірлікте бастан талай күлкілі оқиға, естен кетпес сәттер өтеді. Соның бірін айтып берейін...

Жаңа оқу жылы да жақындап келе жатқан-ды. Тамыздың ортасынан ауған кезі. Күн тамылжып, үстіңе киген көйлегіңнің ауыр тартар шағы. Жаңа оқ жылына санаулы күндер ғана қалды. Ата-анамыз алдын-ала киім-кешегіміз бен оқулықтарымызды әзірлеп әлек. Ешбір мұқтаждығымыз жоқ. Көңілдіміз. Есіл-дертіміз алаңсыз ойнау. Ондайда ойлау ұмыт қалады.

Біздің үйіміз көнелеу, көріксіздеу болғанмен ауламыз ат шаптырым кең. Ауламызға әлі де екі-үш үй салуға болады-ақ. Жазды күні аулада, үй алдындағы сәкіде жатамыз. Далада жатқан жақсы, ұйқыдан жеңіл тұрасың, өзінді сергек сезінесің...

Кешкі асты бүгін ертерек іштік те көшедегі ойынға араластық та кеттік. Үйімізге тақау жерде кеңірек келген алаңқай бар. Сонда доп, қуыспақ, жасырынбақ ойнаймыз. Бүгінде інім Алдан екеуміз ойынның "жоспарын" асыра орындап, жайлау келіп сәкіге жата кеткенбіз. Ойыннан сілеміз қатып, діңкеміз құрып келіп, үйге кірмей-ақ, сәкідегі текемет үстіне құлай кеткенбіз. Жеңіл одеял жамылып, екеуара бір көпшілікті жастана қойдық. Жастыққа басы тиісімен Алдан ұйқыға кетті. Ұйқысырай бастады. Аракідік әлде не деп сөйлейді, әлдекімдердің атын атап қояды. Сөйлегенмен қоса тісін қайрайды. Қаршадай баланың бұнысы- қатты шаршағандықтан шығар. Менде көп ұзамадым, ұйықтай жөнелдім... Бір мезгілде мені біреу



Өмір иірімдері

жұлқылағандай болады. Оянып кеттім. Ояндым да қасымда жарбиып отырған біреуді көрдім... Шошып кеттім... Шыңғырып жібере жаздадым. Сәл саябырсып ем анау сөйлей жөнелді. Сөзі түсініксіз, жас сәбише былдырлайды...

-Әй, мен сені өте жақсы көрем, жаным...- дейді түсініксіздеу сөйлеп. Құшақтағысы келеді. Мен бұрынғыдан бетер шошып кеттім. Шыңғырып үйге қарай қаштым. Есікті тарсылдата қаға бастадым. Үйдегілер есікті іштен іліп алыпты. Қақтым, айқаладым, есік ашылмайды. Ешкімнен сыбыс жоқ. Қатты састым. Бойымды әлде не икемдеп бара жатқандай сезілді. Енді не істеу керек?

-Бісімілла... Бісімілла..., дей бердім әжемнің үйреткеніндей.

-Әй, -дейді әлгі кісі. Өзі мас, тәлтіректеп құлағалы әрең жүр. Тілі күрмеліп сөйлей де алмайды.- Мен бәрібір сені жаныммен, жүрегі... мен жақ...сы...көремін, м..ен... ..се...ні...с..үй..е..мін, білдің бе, Сәлимаш...Сә...л..и...маш, одан да су берші, өліп ба..р..а..м..ы..н...

Сәлимашы кім мынаның? Мен тағы шыңғырдым. Есікті сартылдатып қағып, тепкілей түстім... Үйдегілер оянып, әйтеуір есік ашты.

-О, не?- әкем сыртқа атып шықты.- Мынау кім?

-Біл..м..ей..м..і..н,- дедім әрең деп. Әкем барып әлгіні иығынан ұстады да сілкіп қалды. Анау жерге тыраң ете түсті. Әкемнің қолы батып кеткен болу керек әлгі мас орнынан әрең тұрып, әлденелерді былдырлай айтып басы ауған жаққа жүре берді. Есікті таба алар түрі жоқ. Әкем желкесінен қысты да шарбақтан шығарып жіберді.

Әжем мен анам да сыртқа шықты.

-Құлыншағым-ау, үйге жатпаймысың. Сәкіге жатып нең бар еді,- деген әжем маған, бәйек болып, бауырына басып, арқамнан сипап, бетімнен сүйді. Су ішкізді. Содан соң ғана аз-кем жүрегім басылып, дірілдеген денем бәсеңдегендей болды.

-Әжесінің баласы-ау түрің тұр болмай кетіпті ғой, қатты қорыққансың-ау, -деп анам да бәйек бола жөнелді.- Әлгінде Қалиханға есікті ілмей-ақ қой деп ем..

-Мен ілгем жоқ есікті,- деп әкем ақталды.- Сайражан шығар. Бұларды үйде деп есептегенде іле салған ғой.

-Екеуі ойнап-ойнап,, естері кетіп келгенде құлай кеткен ғой. Жуынбапты да. Алданның ұйқысы алыптың ұйқысындай ма, міз бағар түрі жоқ қой, деген анам әкеме: Алданжанды үйге алып жүрші, деді.- Балаларымыздың келген келмегенін білмегеніміз не сасқанымыз, үбай-ау.

Анам әлі сөйлеп, бірдеңелерді айтып жүр. Алаңсыздығына өздерін өздері сөгеді. Әкем болса әуелі мені көтеріп апарып, әжемнің қасындағы

Жонаш Қалдыоразұлы

төсекке салды. Содан соң ғана Алданды көтеріп алып үйге кірді. Ерекше ұйқыға берілген Алдан еш оянар емес.

... Иә! Мен алғаш рет мас кісіден осылай зәрем қалмай қорыққаным бар.

Менің баспақтан қорқуым

Мен үшінші класты бастаған жылы Алдан бірінші класқа барды. Әкем оғанда шағындап жол ашар той жасады. Алданы адамнан асқан зерек ойлы шахматшы болар ма екен деп шахмат сыйлағаны бар. Бірақ біздің бала қуанышымыз кейін айықпас ренішпен жалғасты. Қыркүйек айы туып, ортасы бола бергенде асыл әжеміз Жансаядан айрылды. Қан қысымы көтерілді де екі күн ауырып қана кенеттен келген ажалдан көз жұмды. Әже өлімі жанымызға қатты батты. Сағира анамыз анасын жоқтап көп жылады.

-Мәмә, жылама, жыламашы,- деп кішкентай Гауһартас өз анасының айналасынан шығар емес. Орамал апарып бетін сүртеді. Нәзік жүрек қыз бала дегенді қойсайшы. Алдан інім екеуміз де түнеріп жүрміз. Күндегі ойын дегеннің бірі жоқ. Ата-анамыздың қас қабағына қараймыз, солардың ыңғайымен жүреміз.

Өлім оңай емес екен. Әжеміздің өлімі анамыздың белін қайыстырған шығар, бірақ әкемізге де қатты батқаны белгілі өксіп-өксіп жылағанын көрсең... Кәдімгі кішкентай балаларша...

Біз әлі кішкентаймыз ба, ештеңені жөнді ұқпайтындаймыз. Әйтеуір әжеміздің өліміне өте көп адам жиналды. Үш күн қонақ етілді. Осы күндерде көңіл айтушылар легі бір басылмады. Бес алты молда қатар отырып, құран шықты. Намазға да біраз адам тұрды.

-Анаңыздың өлімі бақытты өлім болды,- деді бір үлкен кісі әкеме,-күні де жақсы болды, бар шаруасы да үйлесті. Молда да аз болмады. Көп молда шақыруды сенен көрдік. Анаңыздың ана өмірі азапсыз болып, шапағаты, жалғыз жігітсің ғой, саған тисін...

-Рахмет, ағасы. Сіздердей саналы ағалар демемесе біздей жалғыз басты жаман-жәутіктерге кім дем берсін,- деді әкем мұңайғандай.

-Олай деме, Қалихан. Сен халықтың ұлы, елдің азаматысың. Барлық халық саған келіп жатыр. Байлығың да, тағың да, тәжің де сенің осы абыройыңа жетпейді. Алла сені осы абыройыңан айырмасын. Абыройсыз өлімдерді де көріп жүрміз. Арқыраған, атқа мінген, таққа отырған азаматтардың да басы бірікпей шілдің боғындай бытырап жүргендері де



Өмір иірімдері

жоқ емес. Оның қасында сен Алланың шын құлы, Мұхамбеттің шын үмбетісің. Партия қол жайдырмағанмен, қой жайдырары ақиқат. Шегірткеден қорқып егін екпейсің бе деген, партиядан қорқып өлігімізді де мұсылманша жөнелте алмаймыз ба. Жылау сәні- өлімнің, деген қанша ма адам жылап, жоқтап жатыр анаңды. О да құдайдың бергені. Әлдекімдер құсап өлімге арақ беруді де ауызға алмадық. Бәрі ретімен, бәрі жөнімен келісті. Жігіт екенсің, Қалихан! Екінің бірі енесін сендей қылып көміп жатқан жоқ.- Үлкен аға осылай біраз сөйлесті де әкемнен рұқсат сұрап кетіп қалды.

-Жолыңыз болсын, ағасы,- деп қала берген әкем әлгі кісінің көлігінің соңынан қарап біраз тұрып қала берді.

Біздің, Алдан екеуміздің, бар бітіргеніміз бейіт басына барып, әдилеп өсірген әзиз әжемізге бір бел топырақ салдық. Сол күні қонақтар тарағасын көрші-көлемдерде кеткен соң үйдің бір жағы үңірейіп қалғандай сезілді. Әжеміздің орнында жоқтығы кәдімгідей-ақ білінді. Әсіресе, мен үшін қиын соғатын шығар. Өйткені, күнде бірге жатып, ертегі мен әңгіме айтатын әжетайым енді маған жоқ екенін анық білдім.

Жә, өмір керуенінде тоқтау жоқ.. Уақыт заулап өте береді екен. Кеше ғана дүние салған әжеміздің де бүгін қырық күндік кәдесі болып қалыпты. Соны өткіздік. Күні бойы үйден қонақ арылған жоқ. Садақадан соң да үй ішін тазалап, жайындыларды қағып салған анам да, әкем де, Сайра да естері танып шаршаған сыңайлы. Бәрі де бей-жай күйде өзімен-өзі болып отыр.

Сол күні кешкілік, ай кешендеу туатын, қараңғы еді. Әжетханаға баруға сыртқа шыққам. Ауланың сонадай бұрышындағы әжетханаға беттегенім сол еді әлде не ағараңдап, маған қарай келе жатты. Келе жатқанын сездім. Жүрегім зу ете түсті. Бұрында мас кісіден қорқып, зәрезәп болған басым, тағы да төбе құйқам шымырлап қоя берді. Кейін қарай жалт бұрылып, үйге зыттым.

-Ой-бай,...бө..бөт...,- деп шыңғыра бақырып, үйге зып бердім.

-Әй, не болды, Қалданжан, қалшылдап барасың ғой,- деген анам бәйек болып бауырына баса берді.- Бірдеңеден қорықтың ба? О, не?

Мен қапелімде сөйлей алмай, анда...анда...бі...реу жүр дей бердім. Басқа ештеңе айта алар емеспін.

-Не дейді құдай-ау,- деп өзінше батырсынып далаға шыққан анам да көп ұзамай көзі атыздай болып үйге қайта кірді.-Бір ақ бас адам жүр аулада. Мас кісі емес пе екен? Қараңдаршы. Ақ бас адам.

-Ақ бас адам?...Енді далаға Сайра апам шығып біраздан соң қайтып келді.-Мынау ма ақ бас адам деген... Сайра мал ауладан шығып кеткен

Қонаш Қалдыоразұлы

баспақтың басын есіктен көрсетті.- Жарайсың, ақбас баспағым!
Екі бірдей батырды бұтына тыштыра қорқыттың.

"Ұялған тек тұрмас" деген, бәріміз қосылып әйда күл... Әй да күл.
Ішегіміз түйілгенше күлдік, дейсің. Біз балалар сақылдап күлдік, әкеміз
қарқылдап күлді.

-Әжесінің баласы да, анасы да айта қалғандай батыр екен-ау. Ауған
соғысына осындай батырларды жинап жатыр деп еді,- деген әкем одан
сайын күледі, шек сілесі қата күледі келіп. "Қорыққан мен қуанған бірдей"
деген осы-ау. Өзімізді өзіміз жұбатамыз.

-Қызық болды-ау,- деді баспақты байлап келіп үйге кірген Сайра.-
Ауғанстаннан ақ сәлде оранғандар келіп қалған екен деп едім.

-Не болды сендерге? Әкелерің де, сендерде Ауғанстан деп.. Ауғанстанда
да адал адамдар бар шығар-ау. Бәрі қырылып, бәрін қырып жатпаған
шығар... Анам күлкісін тиып, әкеме түксие қарады.

-Ауғанстанда өзге емес, біздің боздақтар қырылып жатқан,- деді әкем,
түсінесің бе, бәйбіше. Қыршындай жастарды қан қасап соғысқа салғасын
қырылмағанда қайтеді.-Әкем әлдекімдерге ызаланғандай шықшытын
шығарып, тісін шақырлатқандай күйге енді. -Ел басшыларының
ойсыздығынан осындай одағай жайға тап болып отырған жоқпыз ба? Әлі
қанша ма бейкүнә жастарымыздың қырыларын кім білсін...?

-Белгісіз майдан десеңші.- Мен қайдан білейін,- деген анам өз ойының
оңсыздығын сезіп ақталды да әрі қарай дауласпады.-Иә бейбіт күнде
бұндай ажал аранына он екіде бір гүлі ашылмаған көкөрім жастарды
айдап салу. Жарға жығу ғой, Япыр-ай...!

-Әйтеуір, басыңа бірдеңе жетті-ау, бәйбіше. Бейкүнә жастарымыздың
орынсыз опат боп, жат жерде жер жастануы қандай өкінішті.-Әкем әлі де
саясаттағы саясаткерлердің сайқымазақ істеріне өкінетіндей сыңай
танытты...

-Соғыс...соғыс...Бұның жайын өзге білмесе де біздің ел білуге тиіс еді
ғой.. Брежнев көкемізге не болған?- Анам алыста Ауғанстанда жүрген
жауынгерлерге жаны ашығандай үнінде діріл пайда болып, жанашырлық
танытқандай сезілді.-Бірақ бұ да Алланың ісі шығар.

-Алла адамдарға соғысыңдар, бір-біріңді қырыңдар, жойыңдар
демеген. Құран- Кәрімде де ондай сөз жоқ. Сол Бас хатшы Брежнев көкең
және оның айналасындағылар емес пе, осыны ұйымдастырып, Ауғанстанға
әскермен, техникамен көмектесіп отырған. Әйтпесе, жастарымыздың обал-
сауабы кімге?

-Иә, ауылда өлген жаста арман бар ма. Әйтпесе, үміт артқан, арманы
болған ұрпағының қиядағы бір елде белгісіз боп өлгені қай ата-анаға оңай

Өмір иірімдері

дейсің,- деп күрсінді анам.

-Әскердегілердің саясаттағы сайқалдығын айтсайшы! Анада осы өзіміздің Құлсары да емес пе? Бірінші ауылда біреудің баласын мырыш табытқа салып әкелген әскерилер аштырмай көміңдер деп бұйрық бергені. Бірақ баланың әкесі қайсар екен, болмай табытты аштырғанда... Ұят-ай, не болды дейсің? Табытта өлі дене жоқ болып шықты емес пе? Еңірегінде етегі толған баланың анасы қаншама жылады дейсің. Ызадан жарылып кете жаздаған әкесі не істерге білмеді. Тосын жай жұрттың бәрін таңқалдырды, жандарын түршіктірді емес пе? Неге, қалайша? Жау қолынан қаза тапқан жауынгер денесі қайда? Қайда болады? Бомба түскенде кімнің сүйегі қайда, қалай шашыларын құдайдан басқа ешкім білмейді. Күл болып көкке ұшқан сүйекті кім жинап жүрсін. Ең оңайы табыт жасайды да, өлік орнына өзге бір нәрсені жібере салмай ма? Талай ана, талай әке, талай бауырлар өз балаларының өлігінің орнына құр табытты көміп жүргенін қайдан білсін. Тіршілік солай алдамшы. Алдау мен арбаудан, өтірік пен өсектен, аярлық пен азаптан тұрары ақиқат. Соның ішінде осы Ауған соғысы сұмырай-суайтыққа бейімділікті аңғартты. Бір басылымнан оқығаным бар, осындай өлген жауынгерді желеу етіп, орнына табыт толтырып анаша алып шыққан. Міне, қайда азғындық. Біреуге мал қайғы, біреуге жан қайғы, деген осы. "Балық басынан шіриді" деп қазақ тегін айтпаған. Ел басшылары өздері өзгеріп, адамдықтан гөрі азғындыққа бейім боп барады. Түбі жақсылыққа соқса болар еді.. Бірталай пәлсапа соққан әкем терең күрсінгенде көкірегі қарыс айрылғандай болды...- Бірақ бейбастықтық пен берекесіздіктің залалы қарапайым халқымызға, елге тимесе болады да. Бұл жайды талай жерде тебірене айтып жүргендер аз емес. Өкінішке орай біз сияқты қатардағы қарапайым адамдарды кім тыңдап жатыр...- Әкеміз әңгіме осымен тәмам дегендей орнынан тұрып, сыртқа беттеді.

-Қалихан, сенде ақбас адамнан қорқып қайтып келіп жүр ме,- деді анам әкемді қағытып.-Ай қараңғы, байқас бол.

-Ақ бас әйел болса...жарар еді...,- деп күлді әкем,- таза ауамен қыдырып қайтатын...

-Әйелде басың қа...,- анамыз әңгімесін аяқтамай жұтып қойды. Өйткені бұл кезде әкеміз далаға шығып та кеткен...

Үйлену тойлары



Біздің үйде қашанда ағайын-туманың балалары үнемі келіп жатып оқиды, жұмыс жасайды. Әкем де, анам да ақ көңіл жандар. Өздері шаңырақтарын көтергесін талай ағайын-туманың ұл-қызы жатып мектепте, училищеде оқыпты. Көнелеу үй болса да көңілі қалап сатып алған бұл үйін әкем құтты мекен деп отырады. Жұмысқа орналаса келген талай жасқа көмек еткен әкем көбін үйге жатқызатын. Ұл да, қыз да жатты, оқыды, еңбек етті.

Олардың бірінен бір тиын алмайтын. Өзі олардың оқуына, білім алуына көмек етсе, анам кір-қоңын жуып, үтіктеп қоятын.

Сондай ағалардың бірі- Ерік. Қырда қой бағатын көкеміздің үлкен ұлы. Көктем соңында, жаздың басында әскер қатарынан оралды. Әскери борышын сонау алыстағы Германия деген елде өткізіпті. Поездан түсісімен ешқайда мойын бұрмастан біздің үйге келді. Содан тұрақтап қалды. Жұлдызы жарқыраған жауынгерлік жалпақ белбеуін маған, пилоткасын Алданға берді. Бексұлтан бөлемдей бір сом қырық тиынға сатып берген жоқ, әшейін берді. Біраз күн қыдырыстады, қырдағы аулына барып келді де жұмысқа шықты. Аудан орталығындағы белгілі автокәсіпорынға жүргізуші боп орналасты. Өзі толық денелі, орта бойлыдан жоғарылау жігіт. Қуатты келген, күші көп жас. Сөзшең. Тауып та қауып та сөйлей біледі. Қол қайыры, қайырымы мол. Адамдармен үйлескіш. Арада алты ай өтті. Жұмысқа біраз төселіп те қалды.

-Келін алып келсем қалай қарайсың?- депті жеңгесіне, яғни менің анам Сағираға. - Менің анама үлкен сенім білдіріп.

-Ел алып жатқан келіншекті сен алмайтындай нең бар,- депті анам.- Алып кел, келін жұмсап қолымыз ұзарсын...

Содан екі-үш қарулы жігіт боп Шоқпар аулының шынашақтай қызын іңірде алып қашыпты. "Тас түскен жеріне ауыр" деген әкем келінді қырға, қой ауылға жіберткізбей, үйге түсірткізді.

-Қырға кейін барасыңдар! Біздің үйде де той болған жоқ еді, аруақтар риза болсын, өзім өткіземін,- деді әкем. Той өтіп, ағама жеңгем қосылып біздің үйде тұра бастады. Жеңгеміз Еңлікгүл аққұба өңді, шағын денелі, қынай белді, үлбіреген мамықтай жан. Уылжып тұр. Сәби мінез сұлу кәдімгі. Еш қатты сөйлемейтінін бірте-бірте байқадық. Жымиып күліп, тымпаңдап жүгіріп жүріп бар шаруасын тындырады. Өзі сенгіш, аңғал да адал жан екені бірден байқалды. Бірде Гауһартастың айтқан әзіл сөзін көтере алмай жылап қойыпты. Бестегі сәбидің айтқанына кім ренжиді?



Өмір иірімдері

Ерік ағам мен Еңлікгүл жеңгеміз біздің үйде жеті-сегіз ай бірге тұрды. Жақсы, тату-тәтті тұрып, өнегелі өмір сүрдік. Біздерді, қайныларын, құшақтап, маңдайымыздан иіскеп, бауырына басады. Кішкентай Гауһартаспен де достасып кетті.

Абысынына, менің анама, жақсы қолғанат болды. Өзі де өнегелі істерді үйренді. Кейін олар пәтер алып, бөлек шығамыз дегенде ата-анамыз үлкен бала-келініміз деп жол ашар шай ұйымдастырды. Еңлікгүл анаммен қимай қоштасты. Кетерінде анамды құшақтап, көзіне жас алғаны бар.

-Ай, Еңлік, еш ренжіме, бір қалада тұрамыз, келесіңдер, барамыз,- деді анамыз келінін маңдайынан сүйіп. Расында да демалыс, мерекелерде екі үй адамдары бір-біріне жиі қатынап тұратын болды.

Ерік ағамыздан бұрында да бірнеше жастар, ішінде ұлы бар, қызы бар, біздің үйде жатып оқып, өмір сүріп, еңбек етіп, болашаққа жолдама алды. Соның ішінде қырда қой бағып, маңдайын күн, табанын шөңге тесіп жүрген Бірғаным апамыздың қызы Жұман, Ізғали сын-ды жиендеріміз училищеде үш жылдан оқып кең профильді жүргізуші - жөндеуші, механизатор мамандықтарын алып шықты. Бұл күнде олар ауыл көлемінде еңбек етіп, шаруашылықтың ортақ табысына орайлы үлес қосып жүрген жайсаң жандар. Кейін Майкөл елді мекенінен Қанат жиеніміз келіп үйде жатып, оқыды, еңбек етті, үйленді....

Ерік пен Қанат енші алып, шаңырақтарының отын өздері түтетуге қолдары жеткен соң да үйге келіп жатушылар азайған жоқ. Бір күні сонау Қарақалпақстанның Хожелі қаласынан Самат деген жас жігіт келді. Атамыздың апасынан туған қыздардан туған жиеншар екен. Әкем құшақ жайып қарсы алды. Әкем жиеншардың өзін де - жиеніміз әкесін де танымайды. Рас, үлкен жиен апасын таниды, соларға барып, оларда келіп жүреді. Сол Айжан деген апаның сәлемдемесіне байланысты әкем Саматты мұнай тотықтыру зауытына оператор етіп жұмысқа орналастырды. Арада екі жыл өтті. Самат жұмысқа үйренді, әрі төселді. Оның үстіне әкем оны мекеме директорына қамқорлық жасау жөнінде тікелей тапсырыпты. Содан болса керек Саматқа тоқсан сайын сыйлық беріліп тұрды.

-Үйленсем деп едім,- деді бір күні Самат әкеме.

-Несі бар үйлен,- деді әкем,- бас екеу болмай мал екеу болмайды. Тек дұрыс қыз таңда. Өзіңді де, өзгені де сыйлайтын болсын.

Содан аулаға нән палатка тігіліп әйдік той болды. Әкем бір шашылған сыңайлы. Айтыстарына қарағанда Саматтың үйлену тойы әке-шешеміздің өз тойларынын да артық өткен сияқты. Әкем Саматқа да үй тауып беріп, бөлектеді. Жалпы әкем жастардың бөлек тұрып, өз беттерімен күн көріп кетсе жанымен, жүрегімен қуанады, ондай жастарды жақсы көретін адам.

Жонаш Қалдыоразұлы

Таңат та жиеніміз, үйі қырда, совхозда. Ата-анасы құрылысшы, көп балалы жанұя. Таңат та әскер қатарынан оралысымен біздің үйде жатып, шоферлік курс тәмамдады. Ерік, Қанат, Саматтармен бірге жүріп, еңбек етті. Бір күні о да өз ауылының бір қызын алып қашып, келін қылып біздің үйге түсірді, биссімілләһи деп босағамызды аттатты. Жас келінді біздің үйден киіндіріп, азық-түлігін жинақтап ауылға бірге бардық. Бұл Уәйс жездеміздің екінші баласы болатын...

Үйден ағайын-туманың Зия, Әслима, Жаңылдық, Жұмагүл, Жайна есімді қыздар біздің шаңырақтан аттанып, өз жүрек қалауларымен тапқан сыңарларымен болашаққа батыл қадам басты. Бәріне де ата-анам ақ тілегі мен ақылын айтып, ақ баталарын беріп, аттандырып жатты. Сол баталардың септігі тиген шығар, бәрі де бақытты ғұмыр кешіп, көсегелері көгерді.

Бұрын тойларға енжар қарайтын әкемізді жан-жақтан келген ағайын-туыстың ұрпақтары той жасауға бейімдей білді білем. Біреу боп келіп, екеу боп еншілерін алып, бөлек отау болардағы, не елдеріне аттанардағы жастардың әкеміз бен анамызға деген ризашылығы мен сүйіспеншілігін айтсаңшы! Жүздері алаулап, жанарлары ұшқын шашып, мерейленіп, еңселері биіктеніп, ақ алғыстарын айта-айта аттанады. Кісіге көмектесу, қол ұшын беру қамқорлау, бағыт сілтеп тура жолға салу қандай жақсы. Шіркін, десеңші!

Жан-жақтан келген жастарды жақсылыққа баулу, ұлдарына әйел алып беру, қыз болса ұзату, жұмысқа орналастыру, оқыту, енші беру, үй табуына, алуына көмектесу-менің әкем мен анамның еншісіне тигендей ме, қалай? Рас ел аузындағы жақсы әңгіме арқауына айналған ата-анамның адами қылығына, ізгілікті істеріне, елге деген ізеттілігіне жаның сүйсінеді, бірақ...

-Бұлардың не? Шаршамайсыңдар ма? Біреулер солардың табысынан пайда көріп жатыр дер,- дедік бірде Алдан екеуіміз.

-Ақылдарыңнан айналдым,- деп әкеміз арқамыздан қағып, қапсыра құшағына алды.- Рас айтасыңдар бәз біреу солай ойлауы да мүмкін-ау. Ел болғасын не болмайды, не айтылмайды. Кімнің аузына қақпақ боласың...

-Құдай сақтасын,- деп анамыз шошып кетті.- Өз тапқанымыз өзімізге бұйырсын. Елдің алғысын алсақ жарамас па. Анаған, мынаған жақсылық жасадым деп бәлсіну адами қылыққа жараспайды. Жасаған жақсылығымыз адамнан қайтпаса да, Алладан қайтар...

Үйімізге тағдыр тәлкегіне ұшырап талайлар келді. Әкемнен ақыл мен көмек сұрайды. Әкеммен бірге ондайда анам да олардың алдына ақ дәмін ұсынып, ұлағатты әңгімелерін айтумен болады. Іш же, деп бәйек болып,

Өмір иірімдері

барын аузына тосады.

Құдайы қонақтар да келіп тұрады. Қонып кетеді, түстеніп кетеді.

Бір жылы жазғы аптапта әкем жұмысынан ерлі-зайыпты екеуді ертіп келген-ді. Қолдарына көтерген жас нәрестелері бар. Күн ыссы болғанда ыссы-ақ. Жолаушылар әлгінде ғана самолеттен түскен екен. Бұнда танитын ешкімі жоқ. Барар жері алыс, бір күндік жол. Оның үстіне көлік те сирек қатынайды. Жолаушылар автобусы күніге бір-ақ рет таңертеңгісін жүреді. Бүгінгісі кетіп қалды. Ал бейтаныс жолаушылар қайда барады? Өздері әбден шөлдеген. Әйелі мен баласын автостансаға қалдырып жігіт жақындағы мекеменің бірі ғой деп әкем жұмыс істейтін жерге барған. Танитын да, жүзтаныс та ешкім кездеспеген. Есігі сәл ашық тұрған әкемнің кабинетіне кіріп, жолаушы жігіт жөнін айтқан. Қиын жайға тап болған жолаушы жайы жанына маза бермеді ме, әкем жұмысын шұғыл жиыстырып, оларды үйге ертіп келеді.

-Бұлар кім?-дейді танымаған анам бейтаныс қонақтармен амандаса тұрып, әкеме сауал тастап.

-Бұлар ма? Бұлар менің Индерден келген бауырларым. Барың болса қазанға сал, тездетіп шайыңды қамда. Көріп тұрған жоқсың ба, жолаушылар жолдан шаршап келген. Ана сәбиді көрмейсің бе, аш. Ембеген, асты ылғал, көмек еткін, сүтің болса шөлмекке құй да алып кел, деді әкеміз әмір ете тіл қатып.. Сәби бір шөлмек сүтті ішті де ақ тер, көк тер болып, балбырап ұйықтады да қалды. Ұйқы алдында анамыз ол сәбиді шомылдырып та алды.

Ал қонақтар асықпай шай ішіп, қонақасыларын жеп, сыртқа сәкіге-таза ауаға демалды. Ертеңгісін әкем билеттерін алып беріп, жолаушыларды автобусқа мінгізіп салды...

Иә, қиындықты көп көргендіктен бе, әлде тірліктен түйгеніме, үйге хан келсін, қара келсін анамыз жылы қабақпен қарсы алып, ас-суын адалдап беріп, әкеміз болса әңгімесін айтып, шынайы көңілмен шығарып салар еді.

Бүгінде ойлап қарасақ: Бұның бәрі де ата-анамыздың ұрпақтарын ұлағатқа, ізетті іске баулу, жақсылыққа, бауырларды қамқорлауға, ізгілікке, қонақты сыйлауға бағышталған игілікті істер екен. Немесе, бізге ұсынылған халықтық тәрбиенің бір парасы болса керек.

Әкем айтады: Ұлым, ұлылыққа жету үшін қарапайым, қамқоршыл, көпшіл болу керек. Адам өле-өлгенше оқиды, білімнің артықтығы жоқ. Білім ала алмасаң да білігің болу шарт. Әйтпесе, мәңгүрт күй кешіп, елден шет қақпай боласың. "Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен жүріп адас" деген. Осы нақылды әрдайым да есте тұр. Кісілігің мен кішілігіңді қос

Қонаш Қалдыоразұлы

делбе деп есепте... Екеуін тең ұста. Атқа мінсең адаспа, айналаңа адал жанды серік ет. Биіктеген сайын ел есіңде, халқың қасында жүрсін. Мен ешкімсіз өстім. Бірақ көргенімнің жақсысын көңілге түйдім, өмірдің өзінен үйрендім. Өнеге тұтар, үлгі алар ағалардың адалдығынан үйрендім... Солай, ұлым! Басына қиындық іс түскенге іркілме қолыңнан келсе көмектес.

Железноводскідегі демалыс

Жыл сайын мені әкем жазғы демалыс күндерінде пионер лагерлеріне тынығып қайтуға жіберіп тұрады. Мектептегі немесе Қамыскөл көлі жағасындағы аудандық пионер лагерлерінде біраз жыл демалғаным бар. Пионер лагерлерінің қызығымен қатар басымнан өткен хикаяларым да жоқ емес. Соның біреуін айтайын. Өзі айтуға да ұят. Бірақ күнделігімде жазулы тұр екен, арада көп жыл өткесін еске алудың артықшылығы да жоқ шығар. Оның үстіне кейінгілерге үлгі болсын деген ниет туды көңілімде.

Мені бесінші класс бітірген жылы әкем бір топ балалармен қатар Железноводскідегі пионер лагеріне демалысқа жіберген-ді. Бір ай бойы тұнық су, таза ауада, тамаша табиғат аясында демалған біздер күндерімізді көңілді де қызықты өткіздік. Тауға өрмелеп, қалың орман ішінде серуендедік, жеміс-жидек тердік. Арасында қалың жынысты орман ішінде жарты күн адасып, айқалап-айқайлап есім танғаны бар. Есім кетіп бір ағаштың түбіне отыра кетіп ем, ұйықтап кетіппін. Құдайдың қарасқаны шығар шошып оянып, ұшып тұрдым.

-Тұр балам, иесіз орманда ұйықтама, бұнда әртүрлі аң бар, жем боласың,- деп бір ақсақалды шал түртіп оятқандай болды. Ұшып тұрған мен әлгі шал алдымда тұрғандай сезілді. Есім кетіп, тұра жүгірдім. Әлгі ақсақалды кәрияны қуып жеткім келеді, ол жеткізбейді, ұзапта кетпей алдымда келе жатқан сыңайлы. Үні де құлағымнан кетер емес. Жүгіре-жүгіре сілем қатты. Көк жүзінде күн бар ма, жоқ па, оны да білмеймін. Қалың ағаштар тасасынан ештеңе көрінбейді. Қанша жүгіргенім белгісіз. Бір мезгілде мені іздеп айқайлаған үндер құлағыма келді. Қуанып кетіп солай қарай жүгіре жөнелдім. Көп ұзамай достарыма тап болдым. Сол сәтте әлгі ақсақалдың нұр дидары да, үні де ғайып болды. "Ә, менің Қыдыр бабам екен ғой, адасқанымды біліп, жөнге, жолға салып жүрген" деп ойлады. Өзім алқынып, қара терге малшынған жайым бар. Достарымның көмегімен пионер лагеріне жеттім де көйкеме құлай кеттім. Содан ертесіне бір тұрыппын. Бірге демалып жатқан балалардан сұрасам мені сегіз сағат



Өмір иірімдері

бойы іздепті. Арнайы топ-топқа бөлініп, сарсылып, табандарынан тозып, орман ішін бірнеше мәрте сүзіпті.

Тағы бір күні тауға өрмелеп жүріп жартастан құлап, аяғымды жаралап алдым. Аяғым ақсандап біраз күн жүрдім. Жара болып кетті. Суға түсуге мүмкіндік болмай қалды. Әйтеуір, бір аптадай мезгілде жарам да жазылды-ау. Сондай жағдайларды бастан кешіп, қызықты демалысымызды аяқтап ауылға оралар күн де келді. Ал қызығы артында екен.

Бүгін облыс орталығына жетіп, самолеттен түскен біздерді заулаған автобус күн батпай-ақ ауылымызға жеткізді.

Міне, "Қайран менің өз үйім, кең сарайдай боз үйім" дегендей өз үйімізге де келдік. Үйдегілердің бәрі де құшақ жая қарсы алып, айналып, құшақтап, мауқын басып жатыр. Әсіресе анам емірене елжіреп, сүйіп-сүйіп алып, бетіме қарайды.

-Аман келдің бе, құлыншағым?

-Келдік қой...

-Түрің не болып кеткен? Шашың өскен бе? Киімің де үтіктелмеген. Көйлегің де кір-кір, сатпақ, не болған саған? Ішкімің де қатпарланып тұрған шығар, ауыстырдым дейсің бе? -деген анам менің үсті-басыма қарап әлі сөйлеп жүр.

Япыр-ай! Анам неткен сезімтал, көреген еді? Бәрін біліп тұр. Еріншектік етектен тартса құбыжыққа айналасың екен. Анам, мені құбыжық көргендей, шошып тұр. Үйге кіргізбестен шешіндірді. Көңілі әлденені сезіп тұрған сыңайлы.

-Әй, тізеңе не болды?

-Құлап қалдым.

-Білмеймін қап-қарасың ғой, жуынбаған шығарсың сен осы отыз күн бойы. Сылайың жаман, сұрқың кетіп қалыпты. Үйге шұғыл кірді де жаңа, таза киімдер алып шықты.

-Әуелі суға түсіп кел. Әй, Алдан душта су бар ма?

-Бар, анам. Әлгінде құйып қойғанмын.

-Мынау не, көшеде жүрген бичтер құсап кеткенсің. Саған ешкім қарамаған, бақыламаған. Тәрбиешілердің қайда жүргені сонда? Апыр-ау, әжесінің баласы өйістеме екен,- деген анам әлі сөйлеп жүр.- Басын қара кір-кір, шашыңда бит өріп жүр. Кел, әкесі, қара... Алып таста...Ой-бұй, жазған бала-ай өлуге келіпсің ғой. Қалихан қайдасың, кел мында, көр қызықты...

-Кідірсейші, бәйбіше. Бала демін алсындағы тамағын ішсін,- деген әкемнің сөзі де тыңдалмады. Япыр-ай, әйел ашуланса қиын екен ғой, әлем тітіргендей болды. Үннен қалдым.

Қонаш Қалдиоразұлы

-Қой, кідіретін ештеңесі жоқ, ертең алып барған тәрбиешіні табуым керек, емін беріп, есін кіргізу керек. Ол білмей жүр екен менің кім екенімді. Көрсетейін мен оған, көзіне көк шыбын үймелетейін,- деген анам әлі сөйлеп жүр.- Тез шашын ал, әйтпесе, бит өріп, ауланы алып кетуі мүмкін.

Анамның айтқаны заң. Әкем машинканы алып келді де шашымды дереу сыпырып тастады. Бит өріп кетер болды. Өзімде көріп отырмын. Анам жалма-жан шашты жинастырып отқа салды. Бышырлап жанған биттердің торсылдағаны да бір қызық екен. Денем дуылдап қоя берді. Дереу душқа жөнелдім. Ақбырт болып сабындалып, суға түстім, әбден жуынып, тазаланып, киініп шықтым. Шыққаным сол еді.

-Жарайсың, балам, жігіт болып қапсың ғой,- деп әкем шуақты жанарын аудармастан маған маған қарап тұр екен. Тазалық сені көрікті етеді, сұлу көрсетеді, деп емеурін білдіріп тұрғандай.

-Әй мына қызықты қараңдар. Келіңдер, көріңдер, -деп бәрімізді шақырған анамыздың көзі атыздай шығып бара жатқандай еді. -Алла... Алла.. бұл өлуге шақ келген бала екен. Ешкім бұған қарамаған. Анығы солай... Қараңдаршы Қалихан, Сайра, Алдан, Гауһартас... әлем...әлем... Шашың ойнап қалды. Мынаның дамбалы мен іш көйлегін қараңдар! Тұнып тұрған биттен. Өліп қалмай қалай келген бұл бала? Түсінбейім.

-Е, не болыпты-ей,- деп орнынан тұрған әкем анама қарсы жүрді. Душтан кір киімдерімді жинап келе жатқан анам менің киіп келген мәйкем мен трусиімді әкемнің алдына тастай салды.

-Көр міне? Балаңның қандай күйде келгенін көр, әкесі- деген анамның жүзі өзгеріп сала берді.-Пионерлік тазалық, тәртіп, жинақылық қайда? Қайран Қалиханның қор болған Қалданы...?

-Жазғыра берме, баланы, Сағира. Бір реті болған шығар- деген әкем сабырлық сақтады. Бірақ іштей ренжіп тұрғаны белгілі.

О не екен, деп балалық әуестік пен олардың қасына менде барып қалдым. Барғаным не керек жүрегім солқ ете түсті. Өз көзіме өзім сенбедім. Сенейін бе, сенбейін бе деп сан ойладым... Мәйкім мен трусиім тұнып тұрған бит. Тігістеріне де тұтас жабысқан. Жыбырлап, жан-жаққа бытырауға айналды. Ол биттерді бытыратпайын дегендей мәйке мен трусиімді анам дереу отқа жағып жіберді.

-Қой, бұл баланы екінші лагерь-сагерге жібермеу керек. Болмайды екен,- деген анам сөйлеп жүріп шай жабдығына кірісті.- Мынау не азап, құрттап келген.

Сондай бір "қызықты" хикая менің басымнан өткенін үй -іші әлі ұмытқан жоқ.



Өмір иірімдері

Волгоградтан оралғанда

... Арада тағы бір оқу жылы өтті. Тағы да жазғы демалыс келді. Тағы да бір класты тәмәмдап есейе түстік. Биыл ешқайда бармайтын шығармын, көп болса жайлаудағы қой ауылға көмекке барармын деп жүргенмін. Анамның былтырғы жағдайдан жүрегі шайлығып қалған сыңайлы. Әй, өзімнен де бар. Әйтпесе барғаннан моншаға түссем ғой бұлай болмайды. Бұлақ суына шомыла бергенім не болғаным. Киім ауыстырып, жууды ар санадым ба? Ілкіде үш-төрт күн денем қышып, жыбырлағандай сезілді. Бірақ мен оған мән бермедім. Артынан денемнің қышығаны қойып кетті. Ақыры мен оған үйренгендей болып жүре бердім. Япыр-ай! Не деген аңғал едік. Ақылдың, түйсіктің жетпегені ғой...

Міне, бүгін әкем тағы да жолдама алып келді. Қайткенде де мені жер көрсін, ел танысын, дейді әкем. Бұл жолы Волгоград қаласына туристік жолдама...

Волгоград қаласында он күн болдық. Қаланың көрікті жерлерін, тарихи орындарын аралап, Мамаев қорғанын да, өліспей жауға беріспеген Павлов үйінде болдық. Көп әсер, мағлұмат алдық. Он күннің қалай өткенінде білмей қалдық. Өткен жылғыдай емес, ауылға есейіп оралғандай сезіндім өзімді. Ауылға оралсам Ақтөбедегі Ақзер әжеміз келіп жатыр екен үйге. Мен жолай әлденеден ұшыңдым ба, үйге келе қатты ауырып, ұшып түстім.

-Айттым ғой бұны ешқайда жібермеу керек,- деп тағы шықты анам.- Анда барса анадай, мында барса мынадай. Бұ не? Жігіт басыңа жарасты ма?

Мен үнсізбін, көлеңкеге салған төсек үстінде ыңқылдап жатырмын. Есім жоқ сияқты. Не болып жатқанын білмеймін.

-Құрмалдығың болайын, балапаным. Сенің жолыңа құрбанмын, деген Ақзер әжем мені қайта-қайта айналып ұшықтап жүр.

Сенің жолыңа мен садақа құлыным... О тәңірі! Балапанымның орнына мені алғайсың... ал...ал...

...Арада екі күн өтті. Мен тәуір боп, бетім бері қарады. Орнымнан тұрып, асқа ден қойдым. Көп ұзамай ойнап кеттім. Алыстан аңсап келген әжеміздің де бетіне қан жүгіріп, көңілденіп сала берді. Әрі-беріден әңгіме қозғады. Әжеміз әдемі де аппақ кісі. Сары аяқтың сыры кетсе де сыны кетпейді деген сөз бар. Біздің бұл әжеміз де сындарлы да сымбатты кісі көрінді. Толық та етженді денесінен қайраттылықтың қасиетін ұғар едің.

Есіме Жансая әжем оралды. Көңілім нілдей бұзылып, жылағым келді. Әжемді сағынғандаймын... Басына барып қайтсам ба екен? Кешкілік әкеме

Қонаш Қалдыоразұлы

айтпасам...

Әкем Ақзер әкеміз туралы бірде толғана отырып, толқи отырып әңгімелеп берді.

Әкемнің әңгімесінен:

Ақзер біздің баба шаңырағының жолы үлкен келіні. Менің анам әкемнің ағасы Қосыбайдың жаны қалаған, жүрегі ұнатқан жан-жары. Әйтпесе, басын бәйгеге тігіп, он алты жасар қызды азуы алты қарыс Жарылар ортасынан алып қашу жігіттің жігітінің ғана қолынан келер іс. Іс болғанда да ірі, бірегей іс.

Осы өңірде Адай көтерілісінің бір ошағы 1930 жылдары бұрқ ете түскені белгілі. Соған көптеген аталарымыз бен әжелеріміз белсене қатысты. Соның бірі- Қосыбай әкем. Олар өзге емес өздерінің жерінде орнаған Кеңес өкіметінің саясатына қарсы болды. Жаңа өкіметті қолдамайтындықтарын білдірді. Белсене күреске шыққанмен шын ерлер Кеңестік Қызыл Армияның аяусыз жазалауынан жеңіліс тапты. Соған байланысты ата қонысын, баба мекенін тастап көп ағайын көрші елдерге қоныс аударуға мәжбүр болды. Мал-мүлкін, бала -шағасын шұбыртқан аталарымыз Үстірт асып, Хорезмнің ойына, Түрікмен жеріне құлады. Солардың қатарында Қосыбай әкеміз де кете барған. Байдың баласы деген аты болғанмен байлығы болмаған. Бар байлығы- асқақ әні, жүйрік аты, құмай тазысы, қыраны мен бұзау тіс дойыры, сұлу әйелі... Қосыбай әкеміз жасынан сері, өрелі өнерді жанына азық еткен әнші, аңқұмар жүйрік ат мініп, құс салып, тазы жүгіртіп өскен байдың ерке де еркін ұлы. Кербез де келісті, қызыл шырайлы әдеміше, қара мұрты мен сақалы бар, қайыңдау келген қарулы кісі бопты. Екі-үш кісіні аттан түсіріп кететін айласы мен қуаты да бар дейді айтушылар. Әрдайым ер басында шоқпары мен домбырасы, қолынан ителгісі қалмайды екен. Қаншырдай қатқан қос сары тазысын қасынан бір елі тастамай ертіп жүрер кісі болыпты. Өзі жүректі, ер тұлғалы көрікті кісі атаныпты. Ағайындар арасында беделі де аз болмаған.

Қосыбай әкеміз әнді әдемі әрі сүйсіндіріп айтатын өнер иесі екен. Әнімен оның атағы талай жерге жайылыпты. Ол ән сала жүріп Маңғыстаудың Бозашы дейтін түбегін жайлайтын Жарылар еліне де сан мәрте барыпты. Ән сала жүріп, өнеріне тәнті болғандардың арасында аққудың көгілдеріндей үлбіреген, он алтыға енді толар аққұба қызға көзі түсе беріпті. Бұл сол жерді қоныстанып, жапырақ жайған Жетімек Жары



Өмір иірімдері

Аязбай, Қуаңдық деген мырзалардың қыр гүліндей қылтиып өсіп, қарағанның көзіне түсіп, көргеннің көңіліне ұнай білген Ақзер деген қызы екен. Көрген сайын көңілімен, жанымен, жүрегімен ұнатқан әкеміз осы қызды алып қашуға бел байлайды. Оңашасын тауып екі-үш рет кездесіп, серт берісіп, сөз байласып, істі пісіре түсіпті. Ауылда әйелі бар екенін білгенмен қыздың да көңілі Қосыбайды қаласа керек. Келісімін беріп, бір күні кешке қыз үйінен шығатын болыпты. Әкеміздің бар сенгені-астындағы жүйрік аты екен. Атқа қызығушылар да табылыпты. Оны сезіп қалған Қосыбай әкеміз атын бір ер көңілді жігітке бақтырып қойыпты. Сол кеште Ақзерді алып қашқан әкеміз қуғыншыларға жеткізбестен жеткізбей отырып, Қарақұм өңіріндегі аулына бір құлапты.

-Балам-ай, әкелген адамың жап-жас екен, ата-анасының және үлкен әйеліңнің назарына қалмасаң болар еді,- депті әкесі Өмірбай.

-Әке, құдай салғанын көрерміз. Үлкен келініңізге рұқсат берем депті Қосыбай әкеміз. Әйтеуір, арты тыныш аяқталыпты. Қуынайын деген қыздың төркіні жаңа орнап жатқан Кеңес өкіметінің өпірем саясатынан да сескенгендей рай танытыпты.

Ақзер анамыз жас болғанмен жөн-жосықты, ата-жолын білетін, ардақтай алатын ақылды адам боп келеді. Жаны қалаған жарын ерекше сыйлап, қадір тұта біледі. Әкемізді ерекше сыйлайтыны сондай, қолтығынан демеп атына мінгізіп, жолға аттаңдырып салғанша қылапсыз қызмет етіп, ері елге оралғанша асыға да аңсай күтіп жүреді екен. Қосыбай әкеміз жас жұбайына ерекше еркелейді білем. Әңгіме арасында Ақзер анам айтатын: Ой, балам-ай, несін айтайын, талай қызықты да қасіретті күндер өтті ғой. Қызықтысы- әкең сал жігіт, сері жігіт атанды елде. Маған наздана еркелейтін. Атының тұсауын да алуға ерінетін. Мен аламын аттың тұсауын. Шылбырын шумақтап бәрін ердің басына іліп беремін. Сондай кербез, келісті келбеті көзге ұрып тұратын. Шіркін, менің ерімдей азамат елде аз еді-ау. Бәрі де өтті ғой. Ал қасіреттісі?

Көтеріліс жеңіліс тапқан соң Қосыбай әкем өзге де серіктерімен бірге Түркіменстаннан бір шығыпты. Бірақ өрелі өнерді мұрат тұтқан ардақты жанның жаны байыз таппапты. Түрікмендер оның әншілігін, саятшылығын, серілігін көтере алмаған сыңай көрсетіпті. Сөйтіп түрікмендер оның соңына түсіпті. Әкеміздің бір басына жетерлік ақылы да, айла-күші де жоқ емес. Есті жігіт естілігін танытып, түрікмендермен тәжікелестетіпті. Бір түнде әйелі мен бала-шағасын кемеге отырғызыпты да, Арал теңізі арқылы сапарға шығыпты. Барар жері, әрине, кейінде қалған өз елі Жылыой емес, теңізден өтіп, кемеден түскесін теріскейге, орыс жеріне қарай ойысыпты. Жол азабын тарта отырып, ерлі-зайыпты

Қонаш Қалдыоразұлы

екеу Орынбор өңіріне жетіп, көштерін іріккен. Бірақ ол өңірде де әкемізге оңтайлы болмапты. Сол өңірге барғасын әкеміздің екі баласы шетінепті. Ал төрт-бес жылдан соң әкеміздің өзі көз жұмған. Артында отыздан жаңа аса берген асыл жары, көңілі қимас қымбат жаны Ақзер анамыз еңіреп қала беріпті. Қолының қысқалығынан елге де орала алмаған. Сөйтіп жүргенде Ұлы Отан соғысы басталып, елдегі еркек біткен майданға алынған. Олардың орнын басқан әйелдер елде еңбек майданында талмай еңбек етіп жеңісті жақындатуға жанын салған. Қиындықты қайсарлықпен жеңген. Солардың қатарында Ақзер анамызды да еңбек үшін елі сыйлап, елдестері қадір тұтқан.

Сонау көтерілістен кейін арада отыз бес жыл уақыт өткенде есі кіріп, етегін жапқан ел бірін-бірі іздей бастады. Елін, жерін, туыстарын аңсаған, сарғайған сағынышын серік еткен Ақзер ана да біздерді іздеп тапты. Тапты да табысты. Бұл 1964 жылдың күзі болатын. Содан кейін байланыс үзілген жоқ. Бізге ол келіп, оған біз барып тұрдық. Қазір Ақтөбеде тұрады. Бар арманы -туған еліне, ілкі келін боп аттаған алтын босағасына жетіп өлу, Жаппархан баласы жатқан қорымға бару. Мен болсам: келіңіз, бірақ өлуте емес, менімен бірге тұрып өмір қызығын көруге, деймін анама еркелеп. Солай ұлым, бұл бізден, біз одан ажырғалы биыл елу бес жыл. Бірақ талайлы тағдыр қайта табыстырды. Адамнан адам қашып құтыла алмайды. Келіп, бірге тұрып жатса бар ниетіміз, ынтамыз ана үстінде болады. Өйткені, ол біздің жамағат.

* * *

Жылжыған жылдардың талайы артта қалды. Мен бұл кезде тоғызыншы, інім Алдан жетінші, қарындасым Гауһартас үшінші класта оқығалы жүрміз. Сайра апамыз болса мектеп, одан кейін сауда училищесін тәмамдады да күйеуге шығып кетті. Қазір бір балалары бар...

Осы бір жылдың көктемінің соңында Ақтөбеден Ақзер әжеміз біздің қолымызға көшіп келді. Бірақ денсаулығы кеміген. Бауыры қатты ауруға ұшыраған. Әкем мен анам аудан дәрігерінің бәрін жауып еді, болмады. Әжеміздің сырқатына ешқайсысының әлі келмеді. Арада үш ай өтті. Тамыз айы ортасынан ауған кез болатын. Елін сағынып, жерін аңсап келген әзиз жанды әжеміз сексен бес жасында көз жұмды. Арулап, өзінің қой деген жері- Бақашы қорымындағы баласы Жаппархан көкенің қасына жерленді. Бұл өлім де әкеме соққы болып тиді. "Ең болмаса бір жыл бірге тұра алмадық-ау" деп күйзелді.



Өмір иірімдері

Ата бейітіне сапар

Оныншы класс оқып жүрмін. Екінші тоқсан аяқтала келді. Жаңа, 1989 жылды қарсы алдық. Жер бетін үлпідеген ақша қар басқан. Аяздың да қаттылығы білініп тұр. Бет қаритын аязды кеште қыдыру, қарлы далада жүру де бір ғанибет. Жаңа жыл кешін мектепте өткіздік. Көк шыршаны қоршай жүріп ән салдық. Кештен шығысымен біраз уақыт көше кезіп қыдырыстадық. Бір-бірімізге қар лақтырысып ойнадық. Бозбала науша жігіттердің де, бойжеткен қыздардың да аяздан беттері бал-бұл жанып, көріктеріне көрік қосылғандай сезіледі. Сымбаттары сындарлы қыздардың құралай көздерінен нұрлы арай тарайтындай... Таңертең ұйқыдан тұрғанымызда жақсылық хабар жеткізген әкеміз бір қуантты.

-Балаларым,- деді әкем,- бір кезде сіздерге соғыста жоқ болған аталарың басына апарамын деп уәде еткем. Бүгін соның сәті түскендей. Ертең жол жүруге Қалдан мен Алдан әзірлене беріңдер.

Біздің қуанышымызға шек болған жоқ. Түнімен тыным табу болмады. Киетін киімімізді таңдадық. Атамыздың майданда майып болып жерленген жерін көруде бір арман болып келе жатқан-ды.

-Алдан, сен фотоаппаратқа пленканы толық сал,- дедім ініме.

-Жарайды, салайын және бір пленканы қоса алайын,- деп келіскендігін білдірді інім.

Жә, ертесіне үйдегі үш еркек поезға отырдық. Ұлы Отанымыздың астанасы Мәскеуге бет алдық. Жүрдек поез жер апшысын қуырып, заулап келеді. Қазақ даласы қандай кең едің! Жеткізер емес. Әрең деп қазақ даласының шекарасынан өтіп, орыс ормандарына іліктік.

Анамыздың айтысына қарағанда атамыздың ерлікпен қаза тауып, жерленген жері Орел облысының Мценск ауданында Зуша деген өзеннің бойында Черемошня селосында көрінеді. Бұл әңгімені әкеміз де бұрын талай айтқан-ды. Өйткені 1942 жылы 18- қазанда қырық жасында ерлікпен қаза тапқан әкесінің басына әуелі анамыз екеуі, кейін өзі бір барып қайтқандығын білетінбіз. Анамыз болса келгесін орыс жерінің әсемдігін, ормандарының көркемдігін сүйсіне әңгімелеп еді.

Ілкі барғанда атамыз анамыздың түсіне кіріпті. Үлкен денелі, ұзын бойлы, сақалды, ақ киімді кісі түсіне енгенде атасы екенін бірден ұғыпты. Анам болса: Атам, осы жерде екен, шығыс бетте екен, депті: сол жерден атамыздың жерленген жері табылып, бастарына барып мінәжат етіпті. Ата басынан оралып келе жатып ата-анамыз Ақтөбедегі Ақзер әжеміздің үйіне соғыпты. Әжеміз өте қуанып, майданда шейіт болған қайнысының

Қонаш Қалдыоразұлы

рухына садақа таратыпты. Көзінен жас ағып отырып қайнысы Қалдыбекті, келіні Бұлдырықты елжіреп еске алып, емірене әңгімелепті.

Онда біз кішкентай едік, жөнді ештеңеге түсінбегенбіз. Енді сол түсінбеген жайларымызды көзбен көруге келе жатырмыз. Жер мен ел аралап, көңіл көкжиегін кеңейтуге, жақсылықтарды жүрегінде жинақтауға мүмкіндік туатынына сендім. Екі тәулікте Мәскеуге жеттік. Қазан вокзалының басы ығы-жығы, құжынаған халық, қайнаған тірлік. Сендей сапырылысқан, толқындай тоғысқан адамдар мен автокөліктерде есеп жоқ. Аузымыз ашылып, таңданысымызды жасыра алмай тұрмыз. Қиырдағы деревнядан келген біздерге алғаш алып қаланы көру адам айтқысыз аңыз екені шындық. Биік те зәулім үйлердің аспанмен астасқан төбесіне шалқаламай қарай алмайсың. Басындағы бөркің де түсіп қала жаздайды. Сәнді де салтанатты, тамаша да таңданарлық қала екен Мәскеу. Оған бірте-бірте көз жетті.

Сәттен соң жерасты метросымен электричкаға отырдық та Курск вокзалынан бір шықтық. Бұнда да қаптаған халық, көшелер толы әртүрлі маркалы автомашиналар. Бәрін қызықтаймыз, бәріне таңдана қараймыз.


Түс ауа Мәскеу-Орел жүрдек поезына отырдық. Жолай әртүрлі қалалар, елді мекендер қалып жатыр. Бәрі де қалың орман құшағында. Бәрінде ақ ұлпа қар жапқан. Ойлы-қырлы, орманды даланың бір кезде ойраны шыққан, бүлінген, өртенген деуге сенуде қиын. Бәрі де қалпына келген сыңайлы. Сыңсыған қарағайлы ормандар орыс даласының ойығын бүтіндеп, қиығын қиыстырып тұрғандай.

Күн еңкейе Мценск қаласына жеттік. Поездан түсіп қалдық. Поездан түсіп, вокзалға кіріп шыққанбыз. Азиат екенімізді сезді ме, бір-екі жас жігіт ұрынғысы келді. "Ауыл итінің құйрығы жоғары" дегендей қасымызға келіп, қоқаңдап, ұрынғысы келген, ұрғысы келгендей, айналшықтап қасымыздан шықпады.

-Молодые люди, мы гости, надо уважать,- деді әкем. Сосын жергілікті жердікі болар, бірді-екілі мосқал тартқан кісі біздің сөзімізді қостап, әлгілерге ұрысты. Сол арада автобус келді де біз мініп кеттік. Қаланың орталығына бет алдық.

Қала үлкен де көрікті екен. Жарты ғасырлық қана тарихы бар Құлсарыға қарағанда Мценск тарихы бай, ірі өндіріс орындары көп көне қалалардың бірі екендігі бірден танылды. Әкемнің айтуына қарағанда-Мценскінің ірге тасы қаланғанына 850 жылдан асыпты. Қалада ірі өнеркәсіп шоғырланған, мәдени-тұрмысты ошақтар көп-ақ.

Мценск қаласында әкеміздің досы бар. Ол қалалық партия комитетінің



Өмір иірімдері

хатшысы Виктор Паршин, оның келіншегі Валентина Васильевна. Валя апай болса мұғалім. Әкеміз сол үйге барамыз деді. Паршиндер үйі қаланың қақ ортасында, екі қатарлы үйдің екінші қабатында екен. Біз үйге жетіп, пәтер қоңырауын бастық.

Есікті жүзі нұрлы, егде тартқан ана ашты. Әкеміз амандасып, Қазақстаннан келгенімізді айтты.

-Ә, Қалихан екенсіз ғой. Валя айтқан, кіріңдер, шешіңдер, жоғарылаңдар,- деп бәйек болды да қалды. Бұл Валяның анасы Мария Федоровна деген шешеміз екен. Әдемі етіп түйілген шашының да едәуір ағарғандығы байқалды. Біз шешініп, төрге оздық. Үй үш бөлмелі. Әсем жиһазды, жинақы, таза да тәртіп орнаған үй.

-Бұрын келгенімде Лена есімді кішкентай қызы болатын Виктор мен Валяның,- деп сұрады әкем.- Көрінбейді ғой, ойнап жүр ме?

-Ленамыз аз-кем сырқаттанып қалды. Нағашылары алып кеткен, Мәскеуде ауруханада жатыр. Қазір жақсы, күнде хабарласып тұр ғой балалар. Шайда әзір, жолдан шаршап келген шығарсыңдар. Валя да, міне-міне, келіп қалар. Виктор болса жұмыстан жай келеді,- деп Мария Федоровна жай-жапсарды түсіндіре бастады.

-Мен өзім сыпайылық сақтағанмен сұрағалы отыр едім,- деді әкем.- Ленажан бойжеткен де болар.

-Бала деген тірлікке жіберсе тез өседі ғой. Шүкір, Леночка да өсіп қалды. Өздеріңнің де елдерің, үй-іші аман болар. Жұбайыңыз неге келмеді,- деді Мария Федоровна әкеме сауал тастап. Шылдырлаған қоңыраудан орнынан тұрған шешей есікке бет алды.

-Ә, Валяжан екесің ғой, кімдер келгенін білемісің? Қазақстаннан, қадірлі қонақтар... Өзің күткен, кәдімгі...

-Ә, кім...? Қалихан шығар.

-Иә, иә... дәл таптың... Балаларымен.

Осы кезде шешінген киімдерін іліп бері бағыттаған сымбатты келген сары өңді келген келіншекке әкем орнынан тұрып қарсы жүрді.

-Валя...

-Қалихан... Екеуі қол алысып, құшақтарын айқастырды. Әкем оның қолынан сүйді. Сосын Валя тәтей біздермен ықыластана амандасты. Сағира анамыздың, үй-ішінің амандығын, саулығын сұрады.

Ал Виктор ағайды түнде де, таңертең де көре алмай, ертесіне кешкілік қана бір көрістік. Біздің ойымызды орнықтырайын деді ме, Валя тәтей Виктор ағайдың жұмысы көптігін, ерте кетіп, кеш келетінін айтты.

-Оған ренжімеңдер. Ол кетерінде сіздерді класс оқушыларымен кездестіріп, екі-үш оқушы қосып бауырластар зиратына ертіп барарсың

Қонаш Қалдыоразұлы

дегенді мұқияттап кетті,- деді Валя апай.

Таңертең ұйқыдан асықпай тұрдық. Жол бойғы шаршағанымыз басылыпты. Мария Федоровна шешей кешкісін бізге ваннаға түсу жағдайын жасаған. Балбыраған денеміз едәуір тынығып қалыпты. Жұтынып шыға келдік. Жуынып, шайынып шай үстеліне отырдық. Мария шешей бар киімімізді үтіктеп, ботинкаларымызды тазалап қойыпты. Бұған жан-жүрегімізбен, ыстық-ықыласымызбен риза болыстық. Қонақты сыйлай білетін, адамды қадір тұтатын аналық қасиеті қандай жоғары еді Мария шешейдің. Апыр-ай, аналардың адал ниетіне, пейіліне жетер не бар дейсің.

-Ленажан нендей сырқатпен емделіп жатыр, Валентина Васильевна,- деді әкем шай үстінде.

-Ә, демалыс болғасын Мәскеуге нағашыларына кеткен, бір жағы дәрігерлік тексеруден өтерсің дегенбіз. Біраздан бері оның бауырында ақау барын өзіңізде білесіз, Қалихан,- деді Валя апай,- бұрында да айттым, хатта да жазып жүрмін.

-Ленажанға ізбасар... дегендей, әкем сөзін жұтып қалды.


-Ол Алланың қолындағы іс. Беріп жатса құп аламыз,- деп күлді Валя апай.

Шайдан соң бәріміз көшеге шықтық. Сәнді қаланың көркін асырған ғажайып ғимараттардың ғаламат тарихы, шежіресі бар екен. Оның бәрін Валя апай түсінікті етіп әңгімелеп берді. Әкеміз оның әңгімесін тыңдаудан жалығар емес. Сауал тастап ара-арасында қаузап қояды. Біз болсақ, Алдан інім екеумізді айтамын, қар басып, қырау шалған зәулім ағаштарға, ерсілі-қарсылы заулаған автомашиналарға сүйсіне де сұқтана қараймыз.

Арада аз уақыт өткенде Валя апай еңбек ететін мектеп ауласына кірдік. Бір топ оқушылар қарсы алды. Класқа кірдік. Валя апай біздерді оқушылармен таныстырды. Ал әкеміз оқушылар алдында Қазақстан жайлы, оның кең байтақ даласы жайлы, қазақ халқының әдет-ғұрпы турасында, Атырау аймағы мен Жылыой ауданы, оның орталығы Құлсары жөнінде, соғыс салған ылаң мен халық шеккен зардап жөнінде жан-жақты әңгіме өрбітіп, оқушылардың сауалдарына жауап берді. Орыстың ұлы да, қызы да ашық келеді екен. Оларда бұйығылық жоқ. Кез келген жай жөнінде сұрай алады, сұрайды.

Кездесу аяқталып, Валя апай оқушыларға рахмет айтып, келгендеріне ризашылығын білдіріп, таратып жіберді. Ішінен Зина, Катя деген екі қызды алып қалды.

-Сіз екеуің бізбен бірге Свердловқа барасыңдар,- деді Валя апай.- Қалдан мен Алданға серік болып, әңгіме айтасыңдар. Ел мен жер тарихы



Өмір шірімдері

туралы әңгімелейсіңдер.

-Жарайды... Екі қыз келіскендей сыңай танытты. Екеуі де жетінші кластықтар. Бірақ екеуі де денелі, тұлғалы, оныншы класта оқиды десе де сенуге болатын қыздар. Екеуі де таныса келе үздік оқитындықтарын, класс белсенділері екенін айтты. Сары өңдеріне қос өрім етіп өріп жауырындарына лақтыра салған жуан бұрымдары да аспан түстес көздері де, тоқ балтырлары да, тыныстарымен бірге қозғалып тұрған тырсиған анарлары да, бал-бұл жанған жүздері де шырайлы рең беріп, көркінкелбеттерін көріктендіріп тұрғандай. Екеуі де әңгімешіл. Екеуі де еліктің лағындай ойнақ салып, аяқтарын билеп басып, сілеңді қатыратындай. Тыным табар емес, қар лақтырып ойнасып, бірін-бірі қуалай жөнеледі. Бізді еліктіргендей сыңай танытады. Несі бар, сымбатты жігітшіктерміз, қызығатын шығар. Рас, ауылда болсақ, Шандоз, Жұмабикедей кластас қыздар болса қар лақтырысар едік-ау. Шалғайда, танымайтын елде танымайтын қыздармен қалай қарласамыз. Әңгімелесумен автокөлік аялдамасына да келіп қалыппыз. Свердлов атындағы совхоздың орталығы Черемошня селосына жүретін автобуска отырдық.

Қала мен село арасы бір сағаттық қана жол екен. Қарлы дала, мүлгіген ормандар көрінісі көркем көрініп көңілге қонақтай берді. Жайсаң табиғат жүрегіңе қуаныш ұялатады. Қалың ағаштар қос жағалауын көмкерген Зуша өзені өмір өзегіндей өріліп, ирелеңдеп иен далада көсіліп, тауды асқан арналы су көзі болса керек. Өзеннің бір иірімінде мұз бетінде жыпырлап отырған балықшылар шоғыры көрінді. Коньки теуіп зырлаған спортшылар өзен көркін одан әрі көріктендіріп, тіршілік тынысын тасыта түскендей көріністі көз алдыға келтіреді. Кеудеге қуаныш нұрын құйған сайын далаға сезімді тербеткен талғаммен қарай бергің келеді. Осынау дала мен қала үшін, ел мен жер үшін шыбын жанын шүберекке түйіп соғысқан, сұрапыл сәттерді басынан өткерген ата бейнесі көз алдыма келді. Қиядағы Кең Жылыой елінен қырандай қомданып қияға ұшқан ер атам осы бір орыс жерінде жер жастанамын деп ойлады дейсің бе? Атамыздың жалынды жүрегін мезгілінен бұрын тоқтатқан алапат соғысқа лағнет айтпағанда қайтесің. Соғыс болмаса, атамыз тірі жүрер ме еді, қайтер еді? Әкені жары мен баласынан, бауырынан айырған соғысты кім жақтайды. Талайды қыршынынан қиып өлуге душар еткен, талайды зарлатқан соғыстың сұстылығы кімді тітіркендірмейді дейсің. Иә, солай, достар, замандастар мен кейінгі толқын бауырлар. Аталар ерлігі бізге үлгі әрқашанда. Олардың дәстүрін сақтау, ерлігін мадақтау ұрпақ парызы. Баяғыда әкеме қойған сауалдарыма бүгіндері жауабын тапқан сыңайлымын.

Қонаш Қалдыоразұлы

Черемошня селосына келгенімізде жапалақтан қар жауа бастады. Әдемілігі көз қарықтырған аппақ қарға жаның сүйсініп, көңілің риза болып қарай бергің келеді. Орманды кезіп жүре берсем дейсің. Ойыма Железноводскідегі адасқан орманым түсті. Селкеттім, бірақ қасымдағыларға байқатпадым.

Село шағын да жинақы, Одаққа белгілі елді мекен екен. Автобус селолық кеңес кеңсесінің қасына келіп тоқтады. Автобустан түсіп, жапалақтап жауған қарға бетімізді тостық. Валя апай селолық кеңес кеңсесіне кірді де толықша келген аққұбаша әйелді ертіп шықты. Бұл осы селолық кеңестің төрайымы Татьяна Мальцева деген тәтей болды. Орыс қыздары да, келіншектері де көркем, көрікті, сұлу, сымбатты келеді білем... Өздері аппақ, жанарлары ұшқын атады. Қарасаң өртеніп жүре берерің кәміл.

Таня тәтей бізді бауырластар зиратына бастап жүрді. Әсем шарбақпен қоршалған зираттың бас жағында мылтық асынған жауынгердің ескерткіші тұр. Жауға кекті де сұсты реңінен ызғар шашып тұрғандай. Жүзі сұсты жауынгердің көзі қырағы сыңайлы. Қияндағы жауды шалып қалатындай. Ал зираттың аяқ жағында парақтары мрамордан жасалған тас кітап. Тас кітаптың беттерін парақтай тұрып, атамыздың атақ-жөні жазылған парақты таптық. Әкесінің атақ-жөні Өміртаев Қалдыбек деп жазылған жолды сипалап әкем тұр. Әкемнің жүзін мұң басқан ба, қалай, көзіне жас алды. Валя апай әкемді құшақтап жұбату айтты. Біз інім Алдан екеуміз тас кітап пен ескерткіш жауынгерге тәжім етіп, зират басында үнсіз тұрмыз. Бәлкім, бұл біздің атамыздың суреті болар. Әлде, осы зираттағы жерленген барлық жауынгерге ортақ ескерткіш шығар? Менің жас көңілім әлем-жәлем күй кешіп, қоңылтақсып сала берді.

Атамыздың зираты басында біраз болғасын, әкем дұғасын оқығасын көшеге шықтық. Көңілсіздеу күйдеміз. Осыны сезді ме, Зина мен Катя әңгіме айта бастады, бізді жұбатқан сыңай танытты.

-Ренжімеңдер, жігіттер. Бұл арада бұндай зираттар көп. Қаншама қырандар қаза тапты. Іздеп, әкесінің, ағасының зиратын таба алмай жүргендер аз ба? Сіздер таптыңдар, ата рухына бас идіңдер. Енді көңілдеріңді бірлеген дұрыс,- деді қос бұрымы тоқпақтай Катя қыз. -Біздің аталарымыз осы арада қырғын соғыс өткенін, қызыл қырандардың қоғадай жапырылып, қырылғанын жаны түршігіп отырып әңгімелегенде бізде шошып, зәрезәп боламыз.

Қыздардың әңгімесі аяқтала бергенде Таня тәтей шаруашылық жөнінде, селосы, оның өсіп-өркендеуі, мәдениет-тұрмыстық жағдайлары жөнінде әсерлі әңгіме өрбітіп, көңілімізді көтергендей сезілді. Жуырда осы шаруашылыққа КПСС ОК-нің Бас хатшысы М.С.Горбачевтің келіп,

Өмір иірімдері

селомен, оның тұрғындарымен танысып кеткенін мақтанышпен жеткізді. Село-шетіндегі алаңды орыстың ұлы жазушысы Л.Н.Толстойдың "Ясная полянасы" деп таныстырды. Осында орыстың ұлы жазушысы қыдырыстап, кітаптарын жазыпты, кейіпкерлерімен кездесіпті.

Черемошня селосын түгелге жуық аралап, орманын кезіп, әбден шаршағандаймыз. Валя апайдың туысқаны Соняның үйінен шай іштік. Тағы да әңгімеге кезек бердік. Катя мен Зинаның аузына да тыным жоқ. Соняның орыс пешін тамашаладық. Үйден шыққан соң селодағы дүкен, клубты, сиыр фермасы кешенін көріп, көңілге көп ой түйдік. Орыс халқының еңбекқорлығына, қонақжайлығына, бауырмалдығына тәнті болдық. Кештетіп Мценск қаласына қайта оралдық. Қала көшелеріндегі қар қалыңдай түсіпті. Машиналардың қозғалысы да ауырлаған. Үйге кіріп, жайғаса бергенімізде Виктор ағай жұмыстан келді. Бәріміз отырып кешкі асты ішуге кірістік.

-Сапар қалай болды?-деді Виктор ағай.- Шаршаған шығарсыңдар...

-Жоқ, шаршаған жоқпыз. Күн көңілді өтті,- дедім мен.

-Ертең елге қайтсақ па деп отырмыз,- деді әкеміз достарына. Келдік, өздеріңмен көрістік. Балаларына аталарының соғысқан, жерленген жерін көрсетемін деп едім, айтқанымды орындадым.

-Неге асығыс? Әлде де бірнеше күн болып, қыдырып, Орел қаласына барғандарыңыз жөн еді,- деді Виктор ағай,- бірақ өздерің білесіздер ғой....

-Мәскеуде туыстарымыздың үйлері бар, барындар, қонақ болындар, қаланы аралаңдар, -деді Валя апай шайдан соң сол туыстарының мекен-жайлары мен телефондарын әкеме беріп жатып.

-Көрерміз,- деді әкем,- қашанда аман болыңдар. Мария Федоровнаны аялаңдар, бағыңдар. Менің тілегім де, өтінішім де сол.

-Біз аман болсақ мамам бағылар-ау,- деді Валя апай,- Мәскеудегі балаларыңда болмай бізбен тұрғанды оңтайлы көрді ғой...

Тағы да үш күннен соң, ауылға оралдық. Қиянда қалған бауырластар зираты көңілімнен кетпей, көз алдымда кино лентасындай тұрып қалды. Маған солай сезілді. Қасиетті Отанын қорғауда шыбын жанын аямай шейіт болған асыл атамыздың сұрапыл майданда соғысқан жерлерімен танысып, өмірге деген құлшыныс, тіршілікке деген құштарлық көңіліміздің көк жиегінде хаттай сақталып қалғанын сезіндік. Черемошня селосындағы кездескен соғыс ардагері Виктория Максимовна әжей айтқан әңгіме әлі естен кетер емес.

-Жау бізді екі мәрте шапты. Бастапқы шабуылда бір қырылсақ, шегінген жаудың шабуылынан және ойрандалдық. Пулеметші едім. Жауды қырамын

Қонаш Қалдыоразұлы

деп түн түскенше атысып, ақыры оғым таусылып, қашып, орманға тығылып, әрең деп аман қалдым. Біздің жауынгерлер қоғаша жапырылып қырылды. Өйткені, бізде жеткілікті оқ, қуатты қару болмай қақсатты ғой. Құдайдың әмірімен аман қалғанымыз қалдық та, қалмағанымыз қара шыбынша қырылды. Сол қасық қаны қалғанша шайқасып, жан берісіп, жан алысқан ұлы ерліктің үлгісі мен үрдісін көрсете шейіт болғандар ішінде, бәлки, сіздердің де аталарыңыз болған шығар. Бұл жерге кімдер келмеді. Ортақ жаумен кімдер соғыспады. Қаншама қан төгілмеді. Бұл киелі жер, қанды мекен,- деп көзінің жасын көл еткен Виктория әжейдің әңгімесі жан тебіrentіп еді.

Зират басында көңілі босап, көзіне жас ала тұрып әкем:

Сағыныш алқымымды кере берді,

Кеудеме алапат жыр ене берді.

Жан әке, тағы тұрмын мен басында,

Бұл жолы қос немерең ере келді.

Біз бармыз, артында әке, қатардамыз,

Қайғы-шер кейде жанға батар да күз.

Құлаған ақ ордаңды тіктедік те,

Өмірге таң боп күнде ата алғанбыз.

Жақсыдан шарапатты бата алғанбыз,

Азамат елге сыйлы атанғанбыз.

Атыңды асқақтатып еңбегіммен,

Болашақ биігіне апарармыз.

Бауырластар зираты қияндағы,

Қарай берем, мұң кешіп қия алмадым.

Қош бол, әке, оралам туған жерге,

Онда сенің ұрпағың, ұяң бар-ды, -

деп көңілінде өрілген өлеңмен қош айтысып еді.

Ауылға оралған күні шаңырағымызға көрші-көлем, әкемнің достары көп жиналды. Бәрі де атамыздың басына барып келгенімізге тілектестік білдіріп, бұл бір үлгілі, азаматтық, балаларға өнеге деп тілектерін айтысып, пейіл-ниеттерін білдірісті.

-Жігіт болды деген осы, балаларым,- деді Сағира анамыз.- Әкелеріңмен бірге Мәскеуге, одан әрі орыс жерінде жатқан аталарың басына барып, үлкен міндеттеріңнен құтылдындар. Немерелерім келді деп о жарықтық та бір аударылып жатқан шығар. Алғашқы сапарларың сәтті басталды,



Өмір иірімдері

ілгеріде де осылай жалғаса берсін. Аталарыңның да риза боп, сендерге шапағатшы боп жатсын. Алдағы күндеріңе де аталарыңның аруағы қолдай көрсін. Мәскеуде Ленин мавзолейіне барған шығарсыңдар.

-Бардық, жабық тұрды, жөндеп жатыр екен,- деді Алдан,- бірақ Қызыл алаңды көрдік, мәңгілік алауда болдық. Суретке түстік....

Көп кешікпей қысқы демалыс аяқталып, мектепке оралдық. Класс балаларына атамыз жерленген қияндағы зират басына барғанымыз жайлы, көрген қызықтарымыз жөнінде желпіне әңгімелестік. Оның үстіне Алдан інім болған жерлеріміздің бәрін суретке түсірген еді, балалар сол суреттерді жабыла көріп мәз болысты...

Соңғы айларда

Қыс ызғары қайтып, көгілдір көктем де келді. Қаңқылдап ұшқан қаздар мен сұңқылдап ұшқан аққулар көкке көрік беріп, аспан ажарын ашқандай ауыл үстін айналып ұшып, Қамыскөлдей көлге қонып, кешкі салқынмен жүзгенде көңілің көтеріліп сұлулыққа сұқтанып, жаның жайланып сала береді. Көктем мерекелер мен қуаныштарға толы. Аналарымызды, әпке, қарындастарымызды сегізінші наурызбен құттықтап, бір марқайып қалдық. Әкелеріміздің айтуы бойынша көп жылдардан бері ұмытылып барып, соңғы жылдарда ғана өміріміз бен тұрмысымызға қайта енгізілген халықтық мереке, ұлыстың ұлы күні, көктемнің жаңару, жаңғыру, жасару күні- наурыз тойын тойлап, халық үлкен қуанышқа, қызыққа кенелді. Жеңіс күні де аталып өтілді.

Оқу жылы аяқталуға тақау. Мамыржай мамыр да бітуге жақын. Таяуда "соңғы қоңырау" салтанаты өткізілді. Сол күні мерекеден кейін кластың қыз-жігіттері болып қырға саяхат жасап қайттық. Гүл тердік. Өзара пікір-сайыс өткіздік. Болашақ туралы біршама ой өрістеттік. Бұл мектеп қабырғасындағы біздің соңғы кездесулеріміздің бірі екенін әр жігіт те, әр қыз да жүрегімен сезініп, жанымен ұғысты. Бір-бірімен он жыл бойы бірге оқыған науша жігіттер мен бойжеткен қыздар бірін-бірі қия алмайтын сыңайлы.

Алдымызда мемлекеттік емтихан. Оған мұқият дайындалып, әр сабақты сенімді тапсыру бәріміздің ардақ парызымыз. Әкемнің талабы да осындай. Әйтепесе, жоғары оқу орнына баруым да екі талай. Әке әмірін орындамасқа лажың жоқ. Айтысына қарағанда әкем мектепте де, университетте де жақсы оқыған, үздік бітірген. Өзінен өзге ешкімге


Қонаш Қалдыоразұлы

сүйенбеген. Ешкім көмек бере алмаған. Соған байланысты менің де оқуды жақсы оқып, ешкімге тәуелді болмауға тиіспін. Емтихандарды ешкімге алаңдамай өз бетіммен тапсыра алдым. Мектеп бітіру кезеңіміз жақындап-ақ қалды. Содан ба екен, көңіліміз қобалжып, бойымызды бір мазасыздық билеп жүр. Бұл мектебімізді, ұстаздарымызды, достарымызды қимастықтан болуы керек. Құлынтайдай ойнақ салып, қатар өскен құрбы-достарды аңсайтынымыз, сағынатынымыз анық. Шіркін, мектеп қабырғасындағы бал дәурен кезеңнің осылай өте шығады деп кім ойлаған? Кеше ғана өзіміз құйтақандай, тұлымшақты қыз, кекілді бала едік. Бір-бірімізді жатырқап, шулаған ортаны жатсынып, бақырып-жылаған, тұра қашқан балдырғандардың бүгінгі бозбала кезеңін көріп күлісеміз, бірімізді-біріміз қағытамыз. Қайран, бал татыған балалық дәуреннің қызуы мол боз балалыққа ұласқанын енді ұққаңдаймыз. Білмей қалғанымызды енді біліппіз. Кекілді бала келісті жігітке, тұлымды қыз бұрымды бойжеткен атанғанын қалай айтсаң да жарасар еді.

Кеше ғана алғашқы емтиханды бастағандай едік, бүгін соңғы емтиханға барамыз. Күнделік жазуға да бүгінде қол тимей жүр. Оның үстіне әкем шаруашылық аралауға бірнеше күнге іс-сапарға кетті. Ол келгенше үйдегі малды күту, балаларға бас-көз болу менің еншімдегі міндет. Әжем дүние салғалы әке тәрбиесімен күн кешіп, тәлімді тәрбие мектебінен өтіп келемін. Әкем ызбарлы да бір сөйлейтін кісі. Келіншегіне, яғни біздің анамызға назарын салып бір қараса болды бәрімізде жым боламыз. Тиісті істердің бәрі де рет-ретімен атқарылып жатады. Орындағанда да ойдағыдай орындалады. Әкем ызбарлы болғанмен қайтымы жылдам. Атқарылған істерді көріп, көңілі жадырап, келіншегін де, балалары- біздерді де құшағына алып аймалайды, аялайды. Анам әкемнің көңілденгенін көреді де:

Ойласаң өмір деген шолақ екен,

Адамдар бір-біріне қонақ екен, деп әнге басады. Сызылтып, әдемі де әсерлі салады әнді. Осы күні ойлаймын да өкінемін өзім. Неге дейсіз бе? Мені әкем өнерлі болсын деп саз мектебіне берді оқуға. Күй тартып, өлең айтсын деген шығар. Бірақ мен екі жылдай оқыдым да домбыра класындағы оқуымды орта жолдан үзіп тастап кеткенімді айтсайшы!



Өмір иірімдері

Болашаққа бет алған

Қай нәрсеніңде шегі, шеті, ақыры болары ақиқат. Бірақ ұлымның күнделігінің осы арадан үзілгеніне таңданып та таңқалып отырмын. Әрі қарай дәптерінің соңындағы ақ парақтарды қанша аударсам да ештеңе таба алмай тосылдым. Тәтті нәрден дәм алғандай сезініп отырмын. Дәмі аузымнан кетер емес. Алайда осы күнделік жазбалары арқылы тірлік-дәуреніміздің, өмір өткелдеріміздің көріністерін көңілімнің өрінде өріп, көз алдымнан өткізгендей болдым. Жарасымды да жайсаң жастық күндеріміздің куәсіндай- жарық дүниеге келген ұрпақтарымыздың өмірімізді көркейтуі, шаңырағымызды шаттыққа толтыруы, қуанышқызығымызды көбейтуі, ырыс-несібемізді молайтуы қандай ғанибет еді. Балаларымыздың балаң шақтағы шалдуар балалық қылықтары, былдырлаған тілдері, тәтті иістері жаныңды жадыратып, өзіңді марқайтып, көңіліңді көкке өрлетер сәттері естен кетер емес! Балаларымыз ержетіп, науша жігіттік, бозбала кезеңдік күндері қандай көркем, сырлы да сымбатты еді. Бозбала шағындағы баламның қызықты қылықтары көңіліме жылылық, жүрегіме шуақ нұрын оралтқандай көрінеді. Бал татыған балалықтың қош иісі жанымды жақсылыққа толтырса, бозбалалықтың базарлы шағы жүрегіме жыр толтырғандай сезіледі.

Күнделікті қызыға да құныға оқи отырып жан жүрегім елжіреп ұлыма деген ұлы махаббатым одан әрі артып, биік сезіммен емірене түсіп, іштей ризашылығымды білдіргендей едім.

Күнделікті бір демде оқып бітірдім де, дәптердің сыртын сипалап біраз отырдым. Ойға кетем, қайта оралам. Ой орбитасында әрлі-берлі айналып жүрмін. Шегі жоқ ой жеткізер емес. Бір мезгіл миды жеген ойдан жалығып кеттім. Кенет қолымдағы дәптершені дорбаға салдым да орнымнан атып тұрдым. Көп отырып қалдым ба, денем құрыстап қалыпты. Екі-үш рет дене қимылын жасап, жұмсақ құм үстіне секіріп-секіріп алдым. Сосын ұстаған екі-үш балығымды судан шығарып ішін жардым да, сорықтырдым. әдемілеп газетке орап дорбаға сүңгіттім. Көңілдімін, қуаныштымын. Неге? Жайын өзім де білмеймін. Әйтеуір әндетіп ауылға оралып келемін. Асфальтпен алшаңдай басып адымдай түсемін.

* * *

Арада бір айға жуық мезгіл өтті. Қалдан баламыз мектеп бітіріп, кәмелеттік аттестатын да қолына алды. Шүкір, бағалары жаман емес. Бір сабақтан ғана төрт бар да, басқасы бес. Оған да қатты қуандық.

Бір күні аупартком арқылы биыл мектеп бітірген бір топ жастарды

Қонаш Қалдыоразұлы



Алматыдағы бірқатар жоғары, орта арнаулы оқу орындарына жіберілетіні мәлім болды. Солардың қатарына Қалдан баламыз да ілікті. Анау-мынау емес білдей құрылыс институтына түспекші. Поезға арнайы адамдар апарып мінгізіп салатын болды. Қасына аупарткомның өкілі ілестіріліп, бірге жіберіледі дегенді айтты.

Бір күні оқуға жүретін жастар аупартком үйі алдына жиналды, ығы - жығы адам. Көбі шығарып салушылар. Жастарды аупарткомның бірінші хатшысы Қанат Балдайұлы Айманов құттықтады.

-Жоғары оқу орнына жол жүргелі тұрған жастар,- деп бастады сөзін хатшы,- алдымен жолдарың болсын, сәт сапар тілеймін. Екіншіден айтарым- өлкемізде өнеркәсіп жедел дамып, құрылыс кең қанат жаюда. Бұл- төрткүл дүние көз тігіп, құмарлығы артып отырған Теңіз кен орнының ашылуы. Соған жас мамандар ауадай қажет. Сондықтан өз мамандарымыз болсын деп сіздерді аудан есебінен оқытуды ұйғардық. Жақсы оқындар, білімді болыңдар.

Оқуға түсетін жастарды Алматыға апарып, орналастыруға, оқуға түсіп есепке алынғанша бас-көз болуға аупартком нұсқаушысы Раев Құрақ деген жас жігіт жіберіліп отыр екен. Бұрыннан таныс-біліс Құраққа баламызды тапсырдық та қала бердік.

-Сәт сапар, балам. Жолың болғай, сабақты жақсы оқығайсың. Білімсіз өмір керуеннен қалып қоярың ақиқат. Арзан қызыққа алданба, оқуды мақсат ет,- дедім бетінен сүйіп.

-Аман жүр, балам. Қыдыр ата жолдасың болсын. Әулие бабаларым Ер Қосайға, Пір Бекетке тапсырдым, қорғаның болсын құлыным,- деп мінәжат етті анасы.- Бозқасқа жолыңа құрбандық.

Жастар мінген автобус қозғалып кетті. Оның ішінде келешек нарық қоғамының бір топ иегерлері, еліміздің ертеңгі иелері, болашаққа бет алған жастар кетіп бара жатты...

Наурыз-сәуір 2005 жыл




Өмір иірімдері



Қонаш Қалдыоразұлы



ҚЕРМЕК ДӘМДІ БАЛАЛЫҚ
(повесть)





Өмір шірімдері

*Бұл еңбегімді соғыс жылдарында туған,
балалар үйінде тәрбиеленген өзім тұрғылас
қара домалақтар мен ниеті бір, тілегі бір
балалық дәуренде бірге өскен достарым,
сендерге шын жүрегіммен арнаймын.*

Автор.

АЛҒЫ СӨЗ

Тірлік дегенің табиғатпен тамырлас, қашанда құбылмалы келеді. Өмір дегеннің өзекті өртер өкініші де, өксігі де, өрге тартар өрлігі де жоқ емес. Бірақ бәрі де өтпелі. Өлмейде қалмас кімде-кім, ғұмырың аспас сызғаннан, деген ғой. Осыған орай тірлікті тиянақтап, өмірді өлшем кезеңімен теңестіріп таразылайтын болсақ, әлденеше тарауларға тарамдалатыны тағы бар. Ақиқатына жүгінсек адам өмірінің өзі бірнеше кезеңнен, биікке басар баспалдақтардан тұратыны да шындық.

Ал бәрінің бастауы қамсыз сәбилік, алғаусыз балалық кезенді балдәурен деп дардай қылатынымызды қайтерсіз. Рас, балалықтың алаңсыз да қамсыз күндері, ол кезеңде бастан кешкен қызықты сәттері көңілде жатталып, жүректе бекіп қалары ақиқат.

Адам тағдыры әрқалай. Баршылықпен, тоқшылықпен өскен жанұя баласының іс-харекеті, мінез-құлқы басқаша да, тапшылықпен, тарығып, жоқшылықпен жүдеп өскен баланың тірлік көзі өзгеше. «Аш бала тоқ баламен ойнамайды, тоқ бала аш болам деп ойламайды», дегенді есте сақтасақ балалықтың кеудені қыжылдатқан кермек дәмі көңілге мұң ұялататыны тағы бар.

Өкінішке орай, ХХ ғасырдың орта тұсында өткен Ұлы Отан соғысының сұсты жылдарында бақыты тасып, байлығы асып, арқайын өскен баланы табу қиын шығар. Көбінің әкесі соғысқа кетіп, ауылдағы бала біткен жетім қалды. Жетпестік пен жоқшылықтан аш болды, тапшылық пен тарымшылдықтан тағдырлары тығырыққа тірелді. Көбісі ерте есейіп, еңбекке араласты. Қаршадайынан қара жұмысқа жегілген жетім балалар тез жетілді. Жетімдерін жерге тастамайтын қазақ қашанда біріге күн көріп, біріне-бірі сүйенісе ғұмыр кешті. Үкіметтің қамқорлығымен көптеген жетім балалардың басын қосып, балалар үйінде бақты, оқытты, ішіндірді, киіндірді. Соның арқасында көбісі қатарға қосылып, азамат атанды. Соғыста жоқ болған әкелерін аңсап, жетімдіктің зарын талай тартып жүрсе

Ҷонаш Қалдыоразұлы



де бар бала биікке ұмтылып, асқақ арманмен алға басты. Көңілдері күпті жүрсе де үкімет пен партияның тегін оқытқан, тәрбиелеген ісіне білімімен, еңбегімен жүйелі жауап беруді алдарына басты мақсат етіп қойды. Солардың ішінен көбісі ардақты ағалары, тәлімді тәрбиеші, ұлағатты ұстаздарының берген білімі арқылы абыройы асқан азамат санатына көтеріле алды. Балалар үйіне еліміздің әр шалғайынан келіп бас біріктірген балалардың бірегей білім алуына, тәлімді тәрбиелі болуына арымен де, жанымен де үлес қосып, ерекше күш салған тәрбиеші-ұстаздар еңбегінің зая кетпегенін айырықша айту ләзім. Сондай балалар үйінде үйлесімді тәрбие алған жүздеген жәудір көз балалардың сапында кермек дәмді балалығының біраз жылын өткізген Қалихан Қалдыбеков сынды қара домалақ баланың да болуы заңды. Ол тұлдыр жетім. Әкені соғыс жалмады, анасы сол жылдардың ауыр да азапты тағдырының құрбаны болды. Барар жер, басар тауы қалмаған Қалиханның балалық кезеңі кісі есігінде басталып, азапты жалғасады. Рас, кейін балалар үйінде тәрбиеленген Қалиханның басынан не өтпеді дерсің. Алайда ол өмірге ғашық, жаны таза да пәк. Қиындыққа қарсы тұрып, қайыспайды. Қатардағы қарапайым көптеген балалар санатында тәрбие алып, есейіп ержетеді. Кітапта Қалихан арқылы сол кезеңдегі жетім балалар тағдырын беру басты мақсат болды. Жетімдіктің жәбірін жеген, зарын тартқан жәудір көз балалардың бар арманы да, асқақ мұраты да адам болу, білім алу еді. Сөйтіп, елінің қадесіне жарасам деген мүдде көңілдерінде әлдиленіп, жүректерінде қалыптасады. Оны Қалиханның өмірінен, тірлігінен, іс-әрекетінен айқын аңғаруға болады. Бір кездегі тұлдыр жетім, өзі аурулы Қалихан есейе келе оқып, еңбек етіп, биікке көтерілген, саналы да санатты азамат ретінде көрінеді.

Сондай-ақ, кітаптағы кейіпкерлердің бәрінің де балалық бал дәурендерін қиындықпен өтіп, өмірдің тоқпағын көре жүріп, күн кешеді. Бірақ бәрі де, басқа түскен қиындықты қайсарлықпен жеңіп, ержеткен азамат қатарына қосыла алған қайсар жандар. Сөйтіп, адами асыл қылықтарын қалыптастырып, алғы күндеріне, асқақ арманмен қол созады, болашағына сенеді. Егер кейіпкерлерімнің өмірінен, үлгісі мен үрдісінен өнеге сыры сезілсе менің де қаламгерлік еңбегім еш болып, зая кетпегені.

Ендігі сарапшым өздерің, қадірлі де ойлы оқырманым.

Автор.



Өмір иірімдері

Бірінші Арна

БАС АРНА НЕМЕСЕ

БАСЛАУ СЫР

Ойды ой қозғайды. Ой өрісі өмірге жетелейді. Өмір керуені қашанда ілгері тартып, алға озады. Артта қалған тірлігіңді алдағымен салыстырар бүгіннің бар. Бүгіннің берекелі болса келешегің кемелді болады. Осы жайларды ой елегінен өткізе отырып, баяғыда өтіп кеткен, естен шығуға айналған осы бір жайдың жөнсіз, жосықсыз бүгін неге еске түсіп, ойға оралғаны қалай? Көңіл құлазытып, қайдағы-жайдағының ойға оралуы оңды іс болмаса керек. Япыр-ай десейші! Өзі қашан болған жай еді? Ә, 1987 жылдың мамыражай мамыр айында екен ғой.

Мамыр айының аяқ кезі еді. Табиғат түрленіп, мың түрге бөленіп, көңіл желдей есіп, құйқылжып тұрған шағы. Ойға ой келді. Осы балалар үйінде тәрбиеленген сәттерімді еске оралтып, ұстаздарыммен кездесіп, бір жағалап қайтпаймын ба? Ол өңірге ат ізін салмағалы қашан? Тура отыз жыл бопты. Бірғауым мезгіл. Өзгеріс те көп шығар. Бір қатар ұстаздарымды, кластастарымды көрсем де танымаспын-ау. Бірақ нар тәуекел! Өзім тәрбиеленіп, өскен Бақсай селосындғы Жаманқала балалар үйін іздеп жолға шыққанды жөн көрдім. Содан сапарға шығып, Жайық бойын жағалап, Бақсай селосындағы балалар үйінің орнын көріп, көңіл құлазып сала берді. Балалар үйі ғана емес, селоның орынында ештеңе де қалмаған сыңайлы. Баяғы азамат соғысы батырларына ғана қойылған ағаш белгіден (ескерткіш деуге келіңкіремейді) өзге ештеңе көзге шалынбады. Уақыт бәрін өзгерткен іспетті? Ол белгіде ескірген, күнге күйген, желге мүжілген, жаңбырға желінген... сиықсыз да сияпатсыз көрінді. Бұл одан сайын көңілді қобалжытып, түйткіл орнатты.

Кейін осы жайды қағазға түсіріп, облыстық газетке ұсынғам. Тәңір жарылқағырлар, газеттегілерді айтам, менің ол материалымды сол күйінде газет бетінде жариялапты. Мен олардың сергектігіне бек риза боп қалдым. Бәз біреулер менің бұл мақаламды оқып, үн қататын шығар деп дәмеленіп те жүрдім. Өкінішке орай, ешкім үн қатпады. Әрине, бұл әркімнің өз ісі, өз парызы. Менің мақсатым - көпшілікке ой салу... Есесіне ... Көп ұзамай көңілді қалдырар бір хат алдым... Хат жазушы газеттің бірдей бөлім меңгерушісі... Әрине, мақалада артық-ауыс ештеңе жоқ сыңайлы, бәрі шындық жай... Сондағы мақаланың толық күйі мынау еді. Алдымен


Қонаш Қалдыоразұлы

тақырыбы: "Көңілге оралған кірбің немесе бұрынғы балалар үйінің орнын көргенде" деп аталды. Алып бара жатқан ештеңесі жоқ. Ал мазмұны былайша жалғасар еді.

"Көптен көңілде, көкейде жүрген бір ой бар-тын. Ол осыдан отыз жыл бұрын өзім өскен өңір, Жайық жағасындағы Бақсай селосын, ондағы балалар үйінің орнын бір көріп қайту еді. Сол ниетпен жолға шықтық. Қасыма келіншегім мен қызымды ерттім. Мақсат - жанарымыз жаутаңдап, жалғыздықтан жанымыз жабырқау тартқан шақта бауырына тартып, пана болған, білім мен тәрбие беріп, оң мен солымызды танытқан ыстық ұямыздың, думанды балалық дәуреніміз өткен өңірдің, Жайық бойы елінің, елді мекеннің бүгінгі жайын білу, кескін-келбетін отбасымызға көрсету еді. Сонда тәрбиеші болған ағайлармен, апайлармен кездесу, кластастарым кездесіп жатса сырласу еді.

Ілкі күні Махамбет ауданының Жалғансай селосында тұратын, туғанымдай болып, ыстық құшағын ашқан алғашқы ағайымыз Боранжан Құтыловтың үйіне жетіп бір тоқтадық. 1954 жылы Совет Армиясы қатарынан оралған Боранжан аудандық партия комитетінің ұйғаруымен балалар үйіне тәрбиеші болды. Ол тәрбие жұмысын жетік білетін, педагогикалық қабілеті мол адам. Не бір қиын бала тәрбиесінен де қаймықпай, бауырына тарта біліп, адам болуын, азамат болып қалыптасуына жұмыстанудан жалықпайтын жан. Орайы келгенде айтқан жөн, талайға тер төгіп, еңбек сіңірді. Соңғы жылдары ол Жалғансай селосына қоныс теуіп, совхоз шаруашылығында еңбек етуге бейімделіпті. Бірақ оның отбасын әлі де педагогтар ұясы десе де болады. Осы отбасының өзінен оншақты мұғалім шыққанын айтсақ та жарап жатыр. Ол мұғалімдердің бір шеті Ақтаудағы Университетте де, екінші шеті Оралдағы пединститутта істейді. Енді бір бөлегі Махамбет пен Жалғансай селосында жемісті еңбек етіп жүр...

Ертесіне ертелетіп Бақсайға жеттік. Новобогат ауданының Қазақ ССР-нің 60 жылдығы атындағы жем-шөп совхозы осы село түбінен қоныс теуіпті. Балалар үйінің орнында қалған тұрғын корпустарының жұрнағын, азамат соғысында қаза болғандарға орнатылған белгіні көрдік. Көргеніміз не керек, көңіліміз бірден жабырқау тартты. Бұрынғы село үйлерінің бәрі құлапты, орны үйінді күйінде жатыр. Рас, жетім балалар тұрған екі-үш қаңылтыр шатырлы үй жағдайсыз күйде болса да бар. Ескерткіш - белгінің де ірге тасы құлап, бедері кетіпті. Осында әлі бірді-екілі отбасы мүшелері тұрады екен. Соның бірі бүгінде жасы 70-тегі Трофим Куриллин ақсақал жайсыз үйде тұрып жатқаны жасырын емес. Кезінде осы кісі пісірген асты ішіп, адам болғанбыз. Кузняткиндер жанұясы да жатаған, шағын үйде



Өмір иірімдері

қалыпты.

Мен бұл арада не айтпақпын? Балалар үйінің орынында қалған үйлерді жөндеп, айналасын қоршаса, ескерткіш-белгіні де елеп, мүмкіндігінше қалпына келтірсе, сөйтіп соғыстан кейінгі ауыр жылдарды жанкештілікпен жеңе білген балалар мекені - тарихи тәрбие орнына айналса дер едім. Ірге тасы 1947 жылы Жаманқалада (қазіргі Махамбет селосы) құрылған біздің балалар үйіне еңбегі сіңген адамдар бүгін де Махамбет ауданында аз болмаса керек. Әсіресе, бұл сол кезде балалар үйінің тәрбиеленушілері оқыған жеті жылдық мектептің директоры болған, қазіргі өлкетану мұражайының директоры, ақын Сембай Бердімұратовтың, мұғалім - тәрбиеші болған, қазіргі аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Шәміл Кәкішевтің ойға алар жұмыстары болса керек.

Бәріміз әр ұлт өкілдері болсақта, бір кісінің баласындай едік. Тату өмір сүрдік, өнегеге үйрендік. Сол балалар үйінде тәрбиеленгендердің басын қосудың бір сәтін қарастырса артықтығы болмас еді. Есесіне, анау ұмытыла бастаған мекенде балалар құрметіне бір белгі қалса деген ниетімді көпшілікке ұсынғым келеді. Өйткені, жетім балаларға деген қамқорлықты партия мен үкімет бүгінде күн тәртібінде берік ұстап отыр.

Бар болғаны осы. Менің пікірім, ұсынысым ұмыт қалды білем, ешкім үн қатпады. Үн қатуға да газеттің ықпалы керек. Газет ондай жұмыспен айналыспаған сыңайлы. Есесіне газеттің еңбекші хаттары бөлімінің меңгерушісінен мынадай мазмұндағы ренішті хат алдым.

"Құрметті Қалихан Қалдыбеков жолдас!

Сіздің газетте жарияланған "Көңілге оралған кірбің" деген мақалаңызда кейбір дәл емес фактілер кездескен. Кешіктіріп жазып отырғаныңызды кезінде редакцияның қатеріне беруді ескермегенсіз. Бұл жай редколлегия мәжілісінде қаралып, авторға қатаң ескерту қажет деп табылды. Алға қарай мұндай жаңсақтыққа жол бермессіз деп сенеміз"

Менің ақ ниетімнің қайырымы осы болды. Кешіктіріп жазды дейтін ештеңе де жоқ. Онда ескіретін факті де шамалы. Оның үстіне хат қорытылмай газет қызметкері тартпасында біраз жатады. Дайындалған соң да бөлім меңгерушісі мен редактор алдында да қол қойылмай жататыны тағы бар. Редактор қол қойғасын да кезегін күтіп жауапты хатшы суырмасында сусап жатары тағы ақиқат. Осының бәрін ескермей маған қатаң ескерту беруге редколлегия мүшелері неге мүдделі болды? Менің материалымда бәз біреудің намысына, адам арына тиер ой жоқ қой. Не болғанда да нақты жағдай-тұғын. Арада өткен төрт-бес айда Бақсай селосындағы ескірген тұрғын үйлер мен белгі-ескерткіштің қалыпқа келіп,

Қонаш Қалдыоразұлы

жөңделе қалмағаны белгілі. Сонда менің ортақ ой өрбітіп, жұртқа пікір тастаған мақаламнан газеттегілер қандай залал шекті? Әлде хат жазған жігіт Махамбет селосында жұмыс істеді деп еді, бұл оның сонда өз туған ауылына осылай "жаны ашығандық" белгісі ме? Не болғанда да менің жанымға жара салып, ренішті екі есе ұлғайтып, ұялатқан балалар үйінің жайы емес, әлгі азамат, ақын, жүйрік қалам журналист деп жүрген бөлім меңгерушісінің көңілге қонбайтын, үстірт жазылған хаты болды. Осы жауапты ілік қылып біраз жерге баруға да болар еді, оған менің азаматтық арым, адамгершілігім жібермеді! Есесіне елде көп ұзамай қайта құру зобалаң заманы басталды, жеделдету ісі қолға алынды да бұрынғы көп істер көлеңкеде қала берді. Көп ұзамай "Кең байтақ менің Отаным" атанған ССРО-дай алып елдің быт-шыты шықты. Сол бір шырғалаң кезеңде әлгі маған жазылған хат иесі де аяқ астынан бақилық болды. Иманы жолдасы болсын, деп бетімді сипадым. Осы бір жайт бүгін неге еске түсіп, көңілге оралды? Өткенге өкінішім болғанмен өмірге өпіремдігім жоқ еді ғой. Өлгендер түгіл өмірде тірі жүргендерге де тіс басып, қиянат жасамайтын жанның бірімін. Содан да болар көп кісілердің көрсеткен құқайы мен қоқан-лоққысында көңіліме алмай, көп ұзамай ұмытып кететін едім. Ал мына жайға түсінбедім. Нар жаным осы ой құшағында кешті қарсы алып, төсекке кіргенмін... Төсекке жатқаныммен қаумалаған қалың ойдан көпке дейін көз іліндіре алмайтын әдетім бар. Бірақ, бүгін неге екенін білмеймін, басым жастыққа тиісімен қор... ете түскен сыңайлымын.

Бірінші шегініс

ТҮН ОРТАСЫНДАҒЫ ТҮС

Түн ортасында түсімнен қатты шошып ояндым. Жүрегім тарсылдай соғып, аузыма тығылып, тынысымды тарылтып, қатаңдау демалып жатыр екенмін. Қара терге малшыныппын. Көпшігім едеуір ылғалданып қалыпты. Алқынып, үстіме жамылған ақ жамылғымен желпініп біраз жаттым. Біраздан соң терім басылғандай еді. Демімді бір қалыпты алғандай боп, қимылсыз күйге көштім. Аумағы едеуір жатын бөлмесіне әлі жарық енбегеніне қарағанында түн ортасының о жақ, бұ жағы болса керек. Қасымда жатқан келіншегім болса қаннен қаперсіз, қамсыз, алаңсыз пысылдап тәтті ұйқы құшағында екені байқалады. Сәлден соң әрі аунап түскен келіншегімнің мені оңаша қалдырғаны қандай жақсы болды

Өмір иірімдері

десеңші. Өзіммен өзім. Ой құшағындамын. Сәлден соң өзіме-өзім келгендігімді айқын аңғардым. Жүрегімнің алқынғаны басылып, өректігені саябыр тапқандай сезілді. Терім де басылған сыңайлы. Мен де келіншегім құсап ана жамбасыма аунап түсіп, арақашықтығымыз алыстай түсті. Ондағы ойым келіншегімнің ұйқысына кесел жасамай, оңашада ойымды жинақтап, көрген түсімді ой елегінен өткізіп, жору болатын. "Түс дегенің түлкінің боғы" дейді, рас па екен осы? Әлде күнілгері ойлаған ойдың желісі ме? Ендеше ертеңгісін келіншегімнен көмек сұрап көрейін. Оның түс жоруға бейімділігі бар. Кеше кешкілік жатарда газетте басылған мақаланы, соған байланысты маған хат жазған бөлім меңгерушісін неге ойладым екен? Әйткенмен жүн сақал журналист кірмей түсіме Боранжан ағайымның кіруі қалай? Неге кірді ол кісі менің түсіме? Бұрын ондай әдеті жоқ еді ғой. Оның менен қашқақтап, алыс тарта беруі қалай? Жазық маңдайы жарқырап, үнемі күліп тұратын кісінің бұл қай қылығы деймін іштей. Бірге болайық, тойынды бірге атқарайық десем де аулаққа кетіп, алыстай бергені таңқалдырады.

- Сен, асықпа, Қалихан. Алдыңда әлі көрер көп қызықтарың бар. Сен керексің - деп жазық даламен көкжиекке қарай құйғытып кете барды. Неліктен? Себебі не? Біле алмай, басым жетпей дал болдым. Қайран, Борекең, асыл ағам, ардақты азаматым, қияда жүрсе де қамқорым! Түсімді жамандыққа жорымасам да көңілім қобалжып, сезімім селкеу тарта берді. Неге? Тағы да біле алмай таңтарысқа тап болдым.

Анада наурыз мерекесінен соң көрісе барғанмын. Өзім де сырқаттанып жүргесін, көңілімнің хошы болмай көп әңгімелесе де алмай кетіп ем. Қайран ағам соған ренжіп көңіліне алып қалды ма екен? Оның үстіне өзінің де әңгімеге зауқы байқалмаған-ды. Сосын үлкен кісіні мазалап әрнемені сұрай беруді де жөн көрмедім. Оның үстіне екеумізде дөңгелек жасқа - өзінің 70-ке, менің 60-қа толатынымды, шама келсе тойлау керектігін тілге тиек еткенде қойған. Бірақ ол әңгімесі де көңілден емес, ниет үшін айтыла салғандай сезілді. Қайткенде де жанымдай жақсы көретін ағайымның жүзін мұң, қабағын кірбің шалған райын байқадым. Қаншама оны бері қаратам деп қолымды ұсынып, жылы сөйлесем де, қанша шақырсам да кері оралар, маған көңіл бөлер түрі байқалмады. Әйтеуір, нұры төгіліп тұратын ұяң жүзі шырайынан айырылып, жазық маңдайы қабат-қабат қыртыстанып, бір тұңғыық қараңғыға сіңгендей көзден ғайып бола берді. Қайда кетті, не мақсатпен көкжиекке көрінбей кетті? Түсінбедім. Әйтеуір, аз аға мені де, жарасымды жан ұясында тастады да, шыңдары көк тіреген таулардан, көлденең жатқан көк дария көлдер мен теңіздерден әрі асқандай, көз ұшындағы көкжиектен де көрінбей,

Ҷонаш Ҷалдыоразулы

көзден таса бола берді...

Енді қайтіп мені көре алмассыңдар, хош болыңдар - деген емеурінінде білдіргендей ме, қалай? Қолын бұлғап қоштасқандай, түн тұңғиығы басқандай көрінбей кетті.

Баяғыда, 1974 жылы жан дегенде жалғыз жанашырым, жалғыз қамқоршым, Жаппархан ағам автоаварияға ұшырамас бұрын түс көргенмін. Үйімнің қақпасы батысқа қарап тұрған. Кенет бір босағам опырылып, құлап түсті. О, тоба! Бұл не болар деп ойланып жүрдім. Бірақ тіс жарып жан баласына айтпағанмын. Келіншегімнен де жасырдым. Әлде қалай арам пиғылға, теріс жағдайға жорып жүрсе... Үлкендер айтады ғой: "Қойныңдағы келіншегіңе де сенбе" деп. Өйткені, бір адам естісе-ақ күллі елге тарап кетер деп ойлады. Көңілім қобалжып, көңілісіз жүрдім. Не болар екен соңы, деп ойлағаным да рас. Содан арада күндер өтті. Күндерден соң апта өтті. Сондай күндердің бірінде жалғыз жанашырым, жайсаң мінез жампозым, елі мен халқына қадірлі, биік те бірегей азамат атанған Жаппархан ағам автоаварияға ұшырап, оқыстан өмірден өтті. Бұл бәрімізді есеңгіретіп, төбемізден жай түскендей етті. Бір босағамның құлап түсуі ағамның ажалына көрінген екен деп пікір еттім. Қайран, дүние-ай десейші! Сонда да деймін-ау, қасындағы кісіге ештеңе болмай, рөлдегі Жәкеннің жан тапсырғанын айтамын-ау?

Оңашада адам көңіліне әртүрлі ойлар келгіш. Қараңғы бөлмеде ақ жамылғыны айқара жамылып, ой орманына нақты бет түзеген сыңайлымын. Енді ұйқы келер болмады. Өмірімнің өткен өксікті кезеңдері кермек дәмді балалығымның баянсыз сәттері бір-біріне ілесіп, кіре тартқан керуендей көшіп, көз алдымнан тізбектеліп өтіп жатты. Ал өткен өмірдің өзіндік қызығы, сүрлеу-соқпағы, қилы-қилы қиылыстары мен бұрылыстары аз болмайды. Басыңнан өткен қиындықтар мен бақытсыздықтар жүрегіңде жырдай жатталып, көңіліңде күйдей күмбірлеп, кеуденді кейде қыжылдатып, кейде қуанышқа кенелтіп, кейде өкіндіріп, өзегінді өртеп, жаныңды жандырып, сан азапқа түсірер сәттері де аз болмайды екен. Соның ішінде кермек дәмді балалығым бейкүнә сырым боп төгіле берді.

Әркімнің тағдыры әрқалай жаратылады, әрқалай қалыптасады. Ал өмірде мендей тасмаңдай бала болмаған шығар. Дүниеге келер-келместе әкетайым бір топ ауылдастарымен майданға аттаныпты. Толғатып жатқан жан жарының - менің анамның жүзіне жылы қарапты да жолдастарына еріп, ауылдан аттана беріпті. Мені көре алмай кеткені аян. Сол жылы қар қалың түсіп, қыс қатты болыпты. Әкемнің соғысқа ауылдан аттанған кезі 1942 жылдың қаңтар айының басы болса керек. Көп ұзамай сол жылдың

Өмір иірімдері

күзінде, нақтырақ айтсам, 1942 жылдың 18 қазанында Ресей еліндегі Орел облысының Мценск ауданы аумағында ерлікпен қаза тауыпты. Кейін білгенімдей қарулас достары, жолдастарымен бірге бауырластар зиратында Сергеевка селосында жерленген. Келіншегім, балаларым болып үш мәрте барып қайтқаным - перзенттік парызымды өтеуім болса керек. Жалпы, есейіп, ержеткесін, ес кіріп, етек жапқасын зерттеу жүргізсем, соғыс жылдары біздің шаңырақтың адамдары қынадай қырылыпты.

1941 жылы 14 жасар Әсем апам, 2 жасар Сайлаухан ағам, 1943 жылы 39 жасында Бұлжан анам, 1944 жылы 9 жасар Әлихан ағам опат болған ғой. Сөйтіп, өлік баққан күшіктей иесіз жұртта жалғыз қала беріппін. Бірақ жетім көрсе жебеуге әзір, жаны жайсаң, жүрегі нұрлы (кәрі әкеміз Өмірбайдың бірге туған інісі Есқожаның кемпірі) әжеміз Жібек мені қолына алыпты. Әжеміз көркем келген көрікті, сымбатты да, сыны да кетпеген сындарлы, мейірім шуағы мол, ақылы асқан дария, қолы ашық, жаны жомарт ана атаныпты. Ел анасы бола білген жан. Жүзі әжімді болса да әдемілігі ортаймаған, аппақ жаулығын дөңгелете басына орап, бір шетін артына қарай салбыратып жіберетін. Қолына қос, үш балдақты сақина, білегіне зергердің зергері соққан, алтын, күміс жалатқан ою-өрнекті білезік салатын, әдемі өңіржиекті камзолына алқа тағынатын. Жүрісі кербез болатын. Әдемі де әсерлі сөйлейтін. Би, шешен тілді пәк, таза, қонақжай кісі есептелетін. Жылыойдың Жібегі атанған ардақты да асыл сезімді жан еді-ау. Қаншама қонақ қай уақытта келсе де бар болса бағыланы, жоқ болса сыбағалы сүйегін салып беретін қонақасысына кім-кімде риза болатын-ды. Келген қонағы риза кейіппен аттанатын. Асымен, пейілімен бірге қонағын әсерлі де әдемі әңгімесімен де риза ететін Жібек анамыздың әңгіме дегенде жаны құлпырып сала беретінін айтсайшы! Оның алдына шығып, ешкім сенің бұның бұлай емес демейтін болыпты. Бұның өзі де анамыздың асылдығын, ардақтылығын аңғартса керек. Ұл да, қыз да әмірін екі етпей орындауға дағдыланған еді. Сол кісі: "Асыл ағекемнің тұяғы, тастамаймын, ешкімге көз түрткі етпеймін" деп мені қайынсіңлісі Балаханның қолынан қызы Гүлмоншақ пен немере қызы Айғанымды жіберіп, өз қолына алдырыпты. Шынжаулау келген, қабырғасы арса-арса, мойыны қылдырықтай, көзі шүңірейген, үшке тақап қалған мен сияқты қара бала Шоқпартоғайдан шыққаннан шырылдағаннан Қарақұм өңіріндегі Аққұдық аймағына келгенше қоймастан жылаған ғой. Қомдаған түйенің қапталына таңған кебежеде жатқан менің қолымнан жылаудан басқа не келсін. Шырылдағаным Шоқпартоғайды қимағаным ба? Әлде тағдырдың талайынан аман қалғанымның қуанышы ма? Қайткенде де

Қонаш Қалдыоразұлы

мен қос апамның мазасын алып жылай беріппін. Жылаған кісінің көзі қара, үні таза болады деуші еді, бәлкім сол бір күні қоймастан жылағанымнан шығар көзім де, өзім де қап - қара, денем тап-таза боп келемін.

Анамнан жылап туып, жылап келем,
Балалық артта қалды, жырақ менен.

Жылаған күндерімді ұмыттым да,

Бағы асқан бүгінімді жырлап келем, деппін кейіндеу жазылған бір өлеңімде.

Анамыз Жібек қабырғалы қалың Адайдың Мұңал бөлімінен азуы алты қарыс, өзі сегіз арыс атанған Жары тақтасының Мұратынан (ел аузында Кеңе) шығатын Қазан тарауында өрілетін Әлібай - Тасым сын-ды ағайынды екі кісінің Әлібайының ұрпағы болатын. Кәрі атамыз батыр Бәлтек, ер Бәлтек атанған, ақ боз ат мініп жүретін кісі екен. Болашақ келінін сол кісінің өзі Бозашыда отырған ауылға барып, өзі көріп, көңілі толып, алдырып келген ғой. Жібек те атекесін аса қадірлеп, сыйлап өтіпті. Оны тірі кезінде өзі айтып отыратын.

Ұлы Отан соғысы басталғанда үш бірдей ұлы майданға алынғанда ұлардай шулап қалған келіндері мен қыздарын, немерелеріне бас болып қала берген Жібек анамыздың басынан не өтпеді десеңші! Үш ұлдың бірі мүгедек болып оралмады - ау, ең болмаса деп зарлағанын көргенінде жаның шыдамай, бірге қосылып еңірейтінсің. Ұл немересінің үлкені Жаппархан ағам соғыс басталғанда 14-ақ жаста екен. Жасөспірім бала апасы Гүлмоншаққа көмектесіп, мал бағысып, үйдегі 13-14 жанды, кейін қосылған мені де бірге бағып-қағып, өсіруге күш салды.

Рас, мені алып келгенде Жаппархан ағам он жетінің өріне шығып үлгерген бозбала жігіт еді... Жәкең жасынан қайратты, алғыр, Есқожа мен Жібектің кенжесі есебінде еркіндеу өсіп, шымыр да шалт мінезді болды. Қатарларынан гөрі едәуір ерте есейді. Бұдан кем болмаған ағамыз Жібек анамыздың, Гүлмоншақ апамыздың шын тірегі, үзілмес үміті боп жетіле берді! Жастығына қарамай бір табын сиырға ие болды. Сүтін қорек еткен қоралы жан қиын күндердің ауыртпалығынан аман қалып, алғы күндерге қанат қақты. Жаппархан ағамның жан кешті күндері, еңбекқорлығы соғыстан кейінде жыр болып айтылып, жомарттығы мен сақилығы, қайраттылығы мен қайырымдылығы аңызға айналып кеткен.

Біріне-бірі жалғасып, соғыстан кейінгі қысталаң кезеңдер, ауыр жылдарда өтіп жатыр. Ол жылдардың қиындығы, қасіреті мен қайғысы өз алдына. Оның бәрін әр адам нар болып көтере білді ғой. Рас, қуанышы мен қызығы да болмай қалған жоқ. Жаппархан ағамыз үйленді, жеңгелі



Өмір иірімдері

болдық. Бірақ мен үшін аса қиын сәт енді басталғандай еді. Өйткені, 1951 жылы асыл да ардақты анамыз, бәріміздің де қимас қамқоршымыз Жібек кейуана 76 жасында дүниеден өтті. Бұл менің өмірімнің шын қасіреті еді. Енді кімге арқа сүйеймін. Асыл да аяулы анамыз бізді аңыратып артында қалдырып кете бергені қалай? Әлде де жүре тұрса болмас па еді! Зарыққан жандардың, тарыққан тағдырлардың таудай панасы еді ғой. Өттеген-ай! Болмады-ау, болмады.

Иә, соғыс аяқталғалы біраз жыл болғанмен ел ішлік жағдай әлі де ә дегендей емес еді. Азық-түлік, киім-кешек тапшылығы жанды қинайтын. Соның ішінде бәрінен айрылып, тұлдыр жетім қалған мен сияқты бейбақтың бақытсыз күндері енді басталған-ды. Еркелігім мен тентектігімді көтерер еркіндеп жүрер, арқа сүйер аяулы жан - Жібек анам енді маған қанша жыласам да жоқ. Қанша жылап, қайғырсамда, мұң кешіп, зарлансам да оның енді келмейтінін шын сезіндім. Анамыздың келмейтініне көзім әбден жетіп, көңілім торыққасын келешекке деген ниетпен белді бекем буынып, "Жетім қозы тас бауыр, түңілер де отығар" дегенді көңіліме түйіп, болашағыма бет алдым. Өзімше, қарекет ете алармын ба? Алдымен не істеу керек? Жеңгенің аты жеңге. Рас, Жаппархан ағам жағдайға байланысты ерте үйленді де, үш-төрт балалы болып үлгерді. Бірақ құдай оның үшеуін ағама көп көрді ме, өзі алды. 1951 жылы туған Руза деген қызы бар. Ол дүниеге келерде бір қызық болды. Жеңгем даладан тезек теріп келуге кеткен. Кенет аяқ астынан толғатып, сол далада туа салды. Үйден пышақ алып барып, кіндігін мен кестім де әлденеге орап, жерден көтеріп алдым. Бұты қан-қан жеңгем үйге келіп, тазаланып, баласын емізуге кірісті. Сол қызды әбден тас аяқ болып кеткенше мен бағып, арқалап жүрдім, бағып-күтіп өсірдім. Кейін араға екі-үш жыл салып, көкірек ауруынан Жаппархан ағамның әйелі де өмірден өтті. Бұрынғы жетімдердің үстіне тағы бір жетім - Рузия қосылды.

Жаны жараланған, игі жақсыларынан айырылған Жаппархан ағайымның ілгеріде мені асырап, бағуға, тәрбиелеуге шамасы келмейтіндігі аңғарылды. Асырар-ау, тәрбиелер-ау, бағар-ау әлі келгенше. Менде жылай-сықтай жүріп, ел қатарлы өмір кешермін-ау. Бірде аш, бірде жалаңаш жүріп жетілермін де. Әлде де Оңдасын бауырымыз екеуміз өріске ешкі жайып, оны еміп, қоян тобық, көсік теріп жеп, тары-талқанды талғажау етіп күнімізді өткізерміз-ау. Бірақ ағатайыма қиын болады-ау деп қиналамын. Қайран, балалық дәурен! Сен де білінбей өте шығарсың. Қиындығың да, қызығың да есте сақталар. Ешуақытта естен шықпайтының, ұмытылмайтының ақиқат. Кеудемде шыбын жаным болса ұмыта алмаспын балалық-бал дәурен күндерімді!

Қонаш Қалдиоразұлы

Оның үстіне Жаппархан ағамның інісі Маратхан жасы жетіңкіремеген қызды алып, шаталып кете жаздағаны бар. Әуірімдеп, қолда барды беріп, әрең деп құтылғаны кеше. Міне, оты өшкен үйдегі жетімдер енді Маратхан босағасына телміріп, тірлік кешуде. Уылжыған жас әйел жандары жаралы жандардың көңілінен шығып, бабын таба алар ма? Осы қиындыққа көне жүріп, төзе жүріп "басқа түссе баспақшы" дегендей Жаппархан ағайым қайысар түр байқатпайды. Міне, жігіт осылай болса керек. Ауылға сол жылдарда ілкі келген тіс табанды ЧТЗ-ның біріне ие болып, шөп шабуға кіріскен. Жұмысқа алымды, шаршамайды, талмайды. Күзге салым жұмыс қорытындысы шығарылып, колхоз бойынша озаттар айқындалды. Сол 1954 жылғы жазғы жұмыс қорытындысы бойынша Жаппархан жарыс жеңімпазы атанды. Сол жылы Мәскеуде Бүкілодақтық Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне жолдама берілді оған. Мәскеуге барып, көрмеде болып, еңбегі ескеріліп, күміс медаль мен Құрмет Грамотасын алып қайтты. Бұл оның еңбектегі мерейін, өмірдегі мәртебесін өсіре түсті. Көңілінде өмірге деген құлшыныс пайда болды. Сондай күндердің бірінде...

Екінші шегініс

БАҒЫМҢЫҢ БАСЫ БОЛАР МА?

Сол, 1954 жылдың жазы еді. Шілде айының, ортасынан ауған кез. Он екіден он үшке бет алып, едәуір есейгенім байқалады. Ауыл Қарақұм қойнауының Аққұдық алқабында. Аққұдық нар шағылдары сусылдаған Қарақұмның қақ төрі, біз үшін мерейлі мекен. Жері жайлы қоныс. Құм өресінде көсік көп, ит жуа көп, қоянтобық көп. Басқа да түбірі нәрлі өсімдіктер аз емес. Тіпті миясына дейін малға майдай жағады. Қарақұм бойының шөбі шүйгін, көкірекпен келеді. Кейде шөккен түйе түгілі тұрған түйе де әрең көрінеді. Атты кісінің үзеңгісінен асатын балауса балғын шөптің иісі мұрынға келіп, көкірек сарайыңды кеңейтіп, қошықтандыра түседі. Жерін шұқысаң кез-келген жартақ пен ойпаңнан тізеден су шығады. Малға да, жанға да осы су жарап жатыр. Қарақұм жазда шабындық алқабына айналады. Бұнда жаз бойы тынымсыз жұмыс басталады. Бұл кезде әр күнің қызықты да көңілді көрінеді. Құм бойының шөбі шабындыққа да, жайылысқа да жетерлік. Оның үстіне мал басы әлі көбейе қойған жоқ. Өйткені, 1952 жылғы қоян қысында көп мал шығынға ұшырады. Содан да болса керек бар шөпті жеу үшін мал басының көбейе



Өмір иірімдері

түскені қажет. Ал, шынын айту керек, мал басы әлі көбейе қойған жоқ.

Біздің ауыл Аманкелді атындағы колхоз деп аталады. Азғана қойы, жылқы, сиыры, түйесі бар. Рас, өзгелердей көп малшы қу таяғын ұстап қалған жоқ. Малымыздың дені аман шықты қыстан. Енді сол малға азық даярлау қажет. Міне, сол ауылдың пішеншілері жаз шыға, шөп пісе қауырт жұмысқа кірісіп те кетті. Пішенші-механизаторлардың 15-20 үйі бір жерде шоғырланып отыр. Пішеншілер таң алакеуімде кетеді. Талтүсте ауылда болады. Түсте шыққан шөпшілер кешкілік, ымырт үйіріле бір қайтады ауылға. Пішенші ауылдың ертеңгі, кешкі көріністері де өз алдына бір қызық. Өріске ертеңгілік беттеген мал кешкісін оралып жатады. Ауыл үйлер маңы азан-қазан мөңіреген сиыр, бұзау-тана, маңыраған қой-ешкі, қозы-лақ, кісінеген жылқы, құлдыраңдай шапқан құлын, боздаған түйе, бота-тайлақ, үрген ит, шапқылаған, бірін-бірі қуысқан балалар... т.т. Бәрі, бәрі көңілге ерекше әсер етеді. Сол балалардың қатарында мен де жоқ емеспін. Жұмыстан сүріне шаршап келемін. Шаршасам да қарамаймын, кешке келісімен аз-мұз ауызға салғанды жұтамын да қатар-тұрғылас балалармен ойынға берілем. Кішкентаймын-ау, кішкентаймын. Бойым да, денем де құйттай, шап-шағын. Бірақ көппен бірге жүргенді, үлкендердің әңгімесін тыңдағанды жөн көремін. Ертеңгілік ешкім оятпай-ақ өзім тұрып, жуынып, киінем де, шалабымды құйып алып, өзгелермен бірге шабындыққа кетіп бара жатамын. Атқа жегілген шөп шапқыштың тырмасына отырамын. Оған толық әлім келеді. Сиыр сәскеде шаң-шаң күйде сәл-пәл тыныстаймыз. Орақтарымызды қараймыз. Қорегіміз болған бір көзгелдек айранды шалаптап ішіп, шөл басамыз. Аспанға қараймыз. Көк жүзін бұлт басып, көлеңке болса шөп шабу өніңкірейді. Ондайда аз демаламыз.

Көңілге ой оралады. Анау мен қатарлы балалар, басқарма мен есепшінің үйіндегі, әлі де ұйқы құшағында жатқанын сезінемін. Сезінем де, неге олай деп көңіліме күдік ұялатамын. Рақат қой ол балаларға, деймін іштей. Барын аузына тосып отырған анасы, жоғын тауып беріп, киіндіріп отырған әкесі бар. Сонда бұл әділеттілік пе? Әрине, жоқ. Бәрімізде жаратқан Тәңірі үшін бірдей пенде емеспіз бе? Неге олар бардың (байдың демей-ақ қояйын) баласы болып шалқаяды да, біздер жоқтың баласы болып шырылдаймыз. Неге басқарманың баласы Қосаман мен есепшінің баласы Белестер тәуір киініп, ішіп-жеп, біздер зар шегуіміз керек. Осы жағынан теңсіздікті Тәңірі сірә ескермеген сыңайлы. Мен осылай зарлаймын, зарланамын. Кейде күйкі тірлігіме көңілім босап, жылап-жылап алғым келеді. Бірақ, жылауға намысым жібермей, тыртыса,

Қонаш Қалдыоразұлы

тырмыса жүріп жұмыс жасаймын. Ешкімге тәуелді болмасам деймін. Тістеніп, өзімді-өзім бекемдеймін. Осалдығымды өзгелер, соның ішінде балалар көрмесін, деймін.

Бір күні түс әлетінде жұмыстан қайтып келе жатқанбыз. Есік пен төрдей қоңыр төбел ат Жаппархан ағайым екеумізді шыбын ғұрлы көрмейді. Көрпешемді ердің артына, аттың жалпақ сауырына салам да, ағайымның белінен мықтап ұстап, отырып аламын.

-Қалихан, - деді әлден уақытта Жаппархан ағайым. - Сені Құлсарыда пансион бар дейді, соған берсем қайтеді? Қалай қарайсың? Әйтпесе әркімнің үйінде жатып, әр жерде оқығаннан білім болады ма? Ойланып көрші. Пансионда оқуыңда орнықты болады, білімге бейімделіп, ғылымға икемделесің, өнерге қалыптасасың. Азамат боп шығар ең... Даусы дірілдеп, үні жарықшақтана шықты. Көңілінде қобалжу бардай.

- Оған алса жақсы ғой, мені, - дедім біраздан соң елеңдеген көңілмен. - Онда оқуға әбден болар еді. Қосамандарды қапы қалдырып, жолға тастап кетер ем. Көңілімді мақтаныш желігі кеулеп бара жатқандай байқалды.

Так - так, деп өзіме-өзім іштей басу айттым.

- Барам десең сөйлесіп көрер ем. Үйдің жайы өзіңе белгілі ғой. Сенің оқығаның, адам болғаның, азамат боп өскенің жақсы. Ағайым алаңқы көңілмен әңгімесін әрі сабақтады.

- Жарайды. Онда құрған қақпанымызды қарай кетелік, -деп ағайым ат басын қақпан құрған жартаққа қарай бұрды. Расында да бір үйге бір кештік азық болар ор қоян аяғын қақпан қысып, көзі жылтырап шағыр түбінде жатыр екен. "Ер ырысы жолда" деген осы, - деді ағайым қақпанды қайта құрып болғасын, қоянды қанжығаға байлап жатып. Ол маған: "Сенің де ырысың алдағы өмір жолыңда" деп мегзегендей болды.

... Ертесіне шабындыққа барып, тағы да қызу еңбек, қарқынды жұмысқа кірісіп кеттік. Қайткенде де күндік норманы орындау парыз. Өл, тіріл, жұмыс жоспарын орындау міндет. Орындамаған адам оңбаған. Қара бет болып қара тақтаға ілінетіндер қанша ма? Біз балалар ештеңе емес, үлкендерді айтсаңшы. Шаршағанына, шалдыққанына, борша-борша терлегендеріне де қарамай, белгіленген жұмыс біткенше мігір таппайды ғой. Қайткенде де қатардан қалмау керек. Бірақ Жаппархан ағайым қашанда озаттар сапында, есімі қызыл тақтаның жоғары жағында жазылып тұрады. Өзгелердей оның тарапынан көз бояу, бригадирге жағыну жоқ. Турасына жүріп, турасын айтады. Адамгершілігі жоғары жігітті жолдастары да, өзгелерде сыйлайды. Еселі еңбегі мен толымды табысының ақыры нәтижесін көрді. Елі ұлғылап, Мәскеу төрінен бір шығарды емес пе?!



АЛҒАШҚЫ АДЫМ

Сол күні аспан айналып, жерге түскендей ыссы еді. Көкпеңбек боп мөлдіреген аспан әлемінде тоқымдай бұлт болса не дейсің. Сағым басқан белдер де көрінер-көрінбес. Тіршілік атаулы шексіз, шетсіз мұхит әлемінде қалқып келе жатқандай. Алайда, қаншама ыссы болсын, пішеншілер терлеп-тепшісін жұмысты тоқтатар емес. Әр механизатор өзінің күндік нормасын асыра, тиянақты орындауға бел буған сыңайлы. Оның үстіне аудан орталығы Құлсарыдан бір топ жас жігіттер мен қыздар кеше кешкілік келіп, көмек жұмысына кірісіп кеткен-ді. Жастар жүрген жер қашанда көңілді. Жақсылық пен жаңалық жаршысы емес пе? Жұмыс қыза түсті, күндегіден де қарқынды жүрді. Жаңадан аудан орталығы болған Құлсарының жалын жүрек жас жігіттері мен қыздары өздерін ұйымшыл еңбек иелері екенін аңғартқандай. Бірінде тыным жоқ. Бірі шөп үйірсе, екіншісі көлікке тиеуге кіріскен. Жүректері нұр, көздері сыр шашқан жастарды Жұлдызбек Әбиров деген азамат бастық бастап келіпті. Бастық дейтінім, ол өзімен бірге келген қыз-жігіттерге ерекше билік етіп, нұсқау беріп жүреді. Кейін білуімше аудан орталығындағы мәртебелі мұғалім екен. Сұрапыл майданда қан кешіп, соғысқа қатысып, өмір мен өлім, от пен оқтың ортасынан аман оралған, тірлік нәрін бір кісідей-ақ білетін, талай балауыз жасқа білім мен тәрбие беріп, адам қатарына қосқан парасатты азамат, адал адам, дейді айтушылар, шыны сол болса керек.

- Әкемді көрмедіңіз бе, - деп сұрай жаздадым. Сымдай тартылған, сымбатты да сұлуша жігіт билік иесі басшыдай, ел иесі азаматтай ажарлы да айбынды, көрікті де келбетті көрінді. Жастармен бірге жайнаң қағып, жарыса жұмыс жасап, тыным табар емес. Жиырмаға жуық жас жігіттер мен қыздар екі күн бойы шабындықты шаттыққа бөлеп, шалқыта еңбек етті. Өздері шеттерінен көңілді, өнерлі, шешен де шебер сөйлейді. Бірін-бірі іліп, қағып, әсем әзілге, жарасымды қағытпа қалжыңға бейім. Бірін-бірі сөзбен де, қалжыңмен де сойып салады. Бірақ ренжіп жатқан бірі жоқ. Әдемі әннен, күмбірлеген күйден де құралақан еместіктерін аңғартты. Келген күні жұмыстан соң концерт қойып берген қала жастарына пішеншілер қауымы дән риза болысты. Өнер қашанда халықты қанаттандырып, рухын биікке көтереді емес пе? Шын өнерге сусаған ауыл адамдары ауданнан келген жастардың жақсы жұмыстарына, ізгілікті істеріне үлкен қошамет көрсетті. Жұлдызбек ағайдың ауыл адамдары әдемі әңгімесін ұйып тыңдап, рахмет сезімін білдірді. Әсіресе, Жұлдызбек өткен

Қонаш Қалдыоразұлы

соғыс туралы, оған қатысқан Жылыойлықтар ерлігі хақында, ел басындағы қиындық, алдағы таяу күндердегі міндеттер жайында айтқан жайлы әңгімелері әсер етті ме, кейбір кемпірлер мен қыз-келіншектер көзін сулап, орамалдарымен сүртіп те жатты. Соғыстан келдім деген Жұлдызбектен бірі жарын, бірі сүйгенін, аналар баласын сұрауға бата алмай, сұқтанып қарай берді. Бірақ кеуделерін сағыныш сазы билеген ауылдың ақ жаулықтары мен қызыл орамалдылары ол күндердің қаһарлы да қаралы сәттерін көз алдарынан өткізгендей бір-бір күрсінісіп алды. Менде қатты күрсініп, ах ұрсам керек. Қасымда тұрған бір бала иығымнан сілкіп қалғанда селк ете түстім.

... Олар келгелі бүгін екінші күн. Кешкілік ауылдарына оралады. Түс ауған кез. Шөп қиятын тетік сынып қалып орақшымен екеуміз жөндеп жатқанбыз. Қасымызға жүзі шарболаттай көрінген, зор денелі кісі жақын келді. Біздің қимылымызды бақылап, біраз тұрды. Маңдайымнан тер бұршақтаған мені көріп, көңілі түсті ме :

- Балақай, атың кім? - дегені.

- Қалихан, - дедім мен.

- Әке-шешен ... туғандарың дегендей ... бар болар, - деді ол болат жүзі мейірлене шуағын төгіп.

- Жоқ, - дедім мен жұлып алғандай. Көңілім қобалжып сала берді. Көзіме жас толғандай сезілді. Мен терімді сүрткен болып, төмен қарадым. Егер талайлы тағдырым солай болса не дермін.

- Болмаған екен, балам-ай, кішкентайым-ай.

Ол күрсініп жаны ашығандық сезімін байқатты. Қипақтап, менің қасымнан кете қоймады ол қапелімде. Әлденені сұрағысы, сөйлескісі, айтқысы келіп тұр.

- Балам, - деді ол біраз кідірстен соң - сендей балаларды оқытуымыз керек. Құлсарыда пансион бар. Тегін оқытады, тамақтандырады, киім береді. Баруға зауқың болса алдыруға көмектесейін. Бұл ағалық ақылым. Оққа ұшқан әкең үшін, мезгілсіз ажал құшқан анаң мен әжең, қамкөңіл боп жүрген ағаң үшін оқуға тиістісің. Болашағың үшін оқуың керек. Соғыстан еңсесі езіліп, шаруашылығы шау тартқан туған жер, атамекенің сенің оқығаныңды қалайды. Сендей жас балалар оқымаса еліміздің ертеңі, болашағы не болмақ?

Жұлдызбек аға мен Жаппархан ағайымның кездескенін, әңгімелескенін бірден ұқтым. Әйтпесе екеуінің ойы бір жерден шықпас еді. Бірақ, мен дәл сол сәтте Жұлдызбек аға айтқан осы бір ойлы сөздердің мағынасын бірден ұғып, терең түсінбесемде, жақсы сөз екендігін жүрегіммен, жаныммен ұға түскендей едім. Өйткені "жақсы сөз - жарым ырыс" деген емес пе?! Жұлдызбек ағаға айқын айтарым болмаса да, іштей келісім бердім.



Өмір иірімдері

Ол менің көкірегімдегі өкісігімді, көңілімдегі өкінішімді шын жүрегімен кәміл ұқты-ау деймін, арқамнан қағып, басымнан сипап біраз тұрды. Қоңыраудай сынғырлаған таза да, тұнық үні құлағымнан кетер емес. Оның осы бір мейірім, ықылас - ниеті, жүрегінің шуағы, жанының нұры менің әлі жетілмеген, піспеген санама сәуле сепкендей болды ма, қайдам, оның айтқандарына басымды изей беріппін.

Ол тамыздың ақырына таман хабарын анық беремін және қалайда алдыртатын боламын деп менімен қош айтысты. Отыздың төртеуіне жаңа жеткен тіп-тік денелі, сұңғақ бойлы, толықша келген ағаның жүріс-тұрысы, әдемі де әсем болатын. Үні де жаныңа жағымды көрінді. Бала көңілмен, сәби сезіммен біразға дейін соңынан сүйсіне қарап тұрғанымды байқамалпын. Бір уақытта ат пысқырғанда ғана ойым тәтті қиялдардан, қимас сезімдерден арылып, шөп қиятыңға тіркелген тырмаға қарай беттей бердім. Күнделікті тірлік еңбек қазаны қайта қайнап, бірқалыпты жалғаса берді. Күннің ыстықтығына қарамай ықыластана жұмыс жасау, еңбек ету ел үшін жасалар жақсы жоралғы. Еңбеккерлер бірінен-бірі қалғысы келмейді.

... Арада тағы да апталар өтті. Қалихан Құлсарыдағы пансионға кетейін деп жатыр деген хабар бүкіл пішенші ауылға тегіс тарапты. Күн сайын мың құбылған әңгіме Қалиханның жанына майдай жағып, жанын жайландыра түсті. Қиялданады, іштей ойға беріледі. Болашағын көз алдына келтіреді.

- Бағың ашылсын, балам, - деді көршінің егде жастағы әжелері әрі-беріден әсем бір әңгімелерді өрістетіп. Құдайдың көзі түзу екен, "қарассаң жетімге қарас" деген. Саған қарасқан адам үлкен сауапқа қалары сөзсіз. Кім болса да өзі мың болғыр жан екен. "Жерде жетім жыласа, көкте періште қайғырады" деген.

- Жолың болсын, бауырым. Бағың жанғалы тұр. Оқығаның жақсы, алдыңнан ақ жол ашылсын, айналайын, - деді оң сапар тілеп, өзім бір шөпшапқышта жұмыстас болып жүрген жігіт ағасы кісі де. Бірақ ауылдан әлі кетіп жатқан мен жоқ. Күндегіше жұмысыма барып, бар ынтаммен еңбекке араласып жүрмін. Ал сабақтың басталуына әлі аттай он күн бар. Қобалжып жүрмін. Ауылды да, Жаппархан ағамды да қимаймын. Құлсарыны да білем ғой. Жамағайын кісінің 2-ші ауылдағы үйінде жатып, өндіріс орталығындағы Ленин атындағы мектепте бір оқу жылында оқығаным бар.

Күн артынан күндер өтіп жатты. Тағы бір апта артта қалған. Жаппархан ағам бір күні кешкілік көрші-көлемді, пішеншілерді үйге жинап, бір ешкі сойып, жолашар жасап, маған, мына мен Қалиханға бата, тілектерін айтып, оң сапар тіледі.

Қонаш Қалдыоразұлы

Ертесіне Құлсарыға жүретін бір азаматқа ертті де, болашақ ұлы жолға ауыл болып аттандырып салды. Кетер сәт қиналысқа толы болды. Ер көңілді жігіт деп жүрген Жәкең де (Жаппархан ағайымды көбіне солай дейтінмін) кенеттен көңілі бұзылып, мені құшағына алды. Бауырына басып, басымнан сипап, маңдайымнан иіскеді.

- Жақсы оқуға тырыс, бауырым. Адам болуға ұмтыл, бізге алаңдама. Елдеміз ғой. Демалыстарда келіп тұрасың ғой, өзімде хабарласып тұрармын. От, судан аман бол,- деп, ол әлі біраз тұрды. Қимас көңілін ұғып тұрмын. Қайран, бауырым-ай, қимайды екен-ау. От, судан аман бол деуінің де жөні бар. Бұдан бір-екі жыл бұрын Ақкиізтоғайда тұрдық. Сол жазда Жәкең ағайым егіске су айдайтын моторшы еді. Жемнен егіске су жібереді. Мотор өңешінің асты терең қара су. Бір күні Жаппархан ағайымның аяғы тайып кетіп, қара суға құлап түсті. Мотор қасында жүгіріп жүрген қара домалақтар - біздер не істерге білмедік. Жан ұшырып айқайлай бердік. Біздің айқайымызды ести сала Дүйқара деген жас жігіт суға қойып кетті. Суға бір батып, бір шығып жүрген Жаппарханға әрең деп жетіп, арғы бетке, жайлауыт жағаға қарай ала жөнелді. Дүйқараның ғаламат батылдығы жұртты сүйсіндірді. Енді сәл кідіргенде жан ағам тұңғыық қара су тереңіне тартылып, құрбан болатын еді-ау. Әлі де көрер жарығы мен қызығы бар болса керек.

Өмір ағысы әркімді әр жаққа алып кетті. Менде талай жердің дәмін татып, елге біраз жылдан соң оралғаным бар. Сондай кезеңдерден кейінгі кездескенімде Дүйқара:

- Қалихан, сенің ағанды ажалдан алып қалған мен, бірдеңе төлеуің керек,- дейтін қалжың ретінде болса да. Бірақ, әзілдің негізі шындық еді. Әуелі Алла, сосын Дүйқара Жәкеңді ажал аузынан арашалап қалған.

- Оныңыз рас, Дүйеке, - деймін мен, одан оңай құтылуға тырысып, - қолымызға қарға "кәк" етіп, қарық болайық та. Бай болсақ не көрер екенсің.

Ал оттан аман бол деуі, сол бір қысталаң жылдар да мал қоралары өртеніп, талайдың жиған малы бұйырмай, отқа піскені бар. Кейін сол мен елден кеткен жылдар ақырында Жаппархан ағайымныңда жертөлесі өртеніп, бар киім-кешегі, алған медальдары мен грамоталары өртте кеткен ғой.

Сөйтіп, мен өмір өріндегі алғашқы адымыммен ұзын соқпақ сүрлеуіне түскендей сезініп едім. Көп ұзамай жаңа оқу жылын Құлсарыдағы пансионда жатып, бастап та кеттім. Шыттай жаңа киім киініп, ақ төсекте аунаймын. Бұ да болса мендей жетімге, мендей панасызға құдайдың қарасқаны, Тәңірінің тартуы, Алланың сыйы деп түйдім іштей... Соқпақ-сүрлеуім соны жолдармен жалғасып, ұзағынан жалғасқай деп тілек еттім...



ЖАЛҒАСҚАН СОҒЛАҚ

Пансион үйі ұзынша келген, бір қатарлы корпус. Құлсарының қақ ортасында. Орналасқан жері базарға да, дүкендерге де жақын. Айналасы ашық, алаңқай. Түстік бетінде ғана бір көшенің екі бетін ала салынған қос қабатты корпустар. Бұл орталық көше іспетті. Сол көшенің бас жағында бітпей тұрған, ірге тасы ғана қаланған құрылыс объектісі бар. Бұл болашақ клуб дейді білушілер. Пансионның батыс бетіне балабағы орналасқан. Аласа шарбақпен қоршалған ауласы едәуір кең.

Тәрбиешілеріміз әртүрлі, кезектесіп келеді. Балаларды ерте тұрғызады. Бәрін сапқа тұрғызып сыртқа алып шығады. Сап түзеген балалар бала бағы шарбағын шыр айналдырып жүгіртеді, спорттық гимнастика жасатады. Мені қинайтын да, діңкемді құртатында осы жүгіріс. Әп-сәтте алқынып, ырсылдап қаламын. Шаршағандықтан қара терге малшынамын. Менің бұл жағдайымды байқайтын да, қатерге алып жатқан да ешкім жоқ. Тәрбиешім болса гестапоның солдаттары сияқты тынымсыз жүгірткеніне мәз. Танбай жүгіргеннен тұла бойым құрысып, буын-буындарым сырқырап, демім біте жаздайды. Қайдан, қалай, қашан жабысқан дерт екенінде білмеймін. Ауылда атпен алысып, жұмыс жасап жүргенімде еш ахауым жоқ сияқты еді. Ал енді келіп?... Құдайым өзі сақтасын, қинала қатысамын таңертеңгі жүгіріске ...

Біз, мен құралыптас, бір топ бала Құрсай өзегі жағасындағы колхоз базарынан әрідегі мектепте оқимыз. Мектеп үйі аласа, бір қабатты, саман тастан салынған үй. Мектеп орыстың үлкен жазушысы Н.Островский атымен аталады. Ол жазушының кім екенін әлі толық білмейміз. Кейін орыс әдебиетінен оқып білдік қой. Тағдыр тәлкегіне ұшыраған жазушы өз өмірін өнегелі шығармаға арқау етіп алыпты.

Біз мектепке барарда да, қайтарда да шағын базар үстімен өтеміз. Базардың ортасында ұзынша жабық павильон бар. Онда ұсақ-түйек сатып саудагер әжелер мен апалар отырады. Павильонды жағалай түрлі-түрлі дүкендер орналасқан. Олар азық-түлік, киім-кешек, мата-сата, ойыншық, кітап дүкендері. Арақ, темекі, сыра сататын дүкендер де жоқ емес. Көкөніс дүкендері тіптен көп. Онда әр колхоздан әкелінетін қауын-қарбыздар, басқа да бақша дақылдары, көкөніс өнімдері сатылады. Танитын қауыншылардан бірді-екілі көк түйнек сұраймыз. Көңілі соққандары кішкентай қауын береді, көңілі соқпайтындары қуып жібереді. Ақкиізтоғай, Жиенай ауылдарынан келетін Мәрзия, Дәрмен деген кісілердің өсіретін қауын-қарбыздары аса дәмді, бал татып, таңдайыңды

Жонаш Қалдыоразұлы

үйіріп тұрады. Жүздері иманды бақшашылардың бақыты осы көкініс өсірумен жанып, кейін үлкен даңққа бөленгендері белгілі.

-Е, балапаным, - деп, бірі бір қауын ұстатса, екінші : - Е, жетімегім, ала ғой, - деп тағы бір түйнек ұстатады. Мен қос түйнекті қойныма тығып, қуана-қуана жүгіріп ала жөнелемін. Бірде сол бір абзал ана мен әкей қос түйнекті базар жағалаған жылпостар тартып алып, өзімді соғып-соғып қоя берді. Мұрным дал боп қанады. Тиылар болмады. Көзімнің алды да көгеріп шыға келген сыңайлы. Не істерге білмедім. Үш-төрт баланың жабыла ұрған ызасы өтіп кетті. Ернімді тістелеп пансионға келдім. Әйтеуір көп ешкімге көрінбегім келеді. Қол жуғыштар тұрған бөлмеге келіп жуынып, мұрнымның қанын тидым. Жатын бөлмеге келе жатқанмын. Директорымыз Ушкова деген етжеңді орыс әйелі болатын, көріп қалды. Дереву кабинетіне шақыртты. Әй, шәй-шәй жоқ, ұрсып ала жөнелді. Бірді айтып, бірге кетіп жатыр. Жерден алып, жерге салды. Көкшіл көзі шатынап шығып барады. Бар ызғарын маған шашып отырғанын сезем де, сөздерін түсінбеймін. Зәрлі уын шашқан жылан іспетті. Бірден - бірге ісініп барады. "Не надо учить таких баранов, как ты" деп қақшаңдайды. Қадап айтқан сөзін түбегейлі түсінбесемде оқ болып өңменімнен қадалғандай. "Баран" деген байбастақ сөзін толық мағынасында түсінбедім. Бірақ жақсы мағынада айтылған сөз деп ойламадым. Өйткені, зекіп, зәрін төгіп сөйлеуіне қарағанда зәрлі сөз-ау деп көкірегіме түйдім.

-Мектептен шығартам, бандит, төбелесіп-төбелесіп келіп, пансионда тазаланасыңдар, - дегенді де кекете қосып қойды. -Сендер иен далада қой да баға алмайтын қазақсыңдар... Шала-пұла не түсінгенімді білмеймін, менде үндер дәрмен жоқ. Оның үстіне бір ауыз орысша білмейтін мен секілді арда өскен қыр баласына айдаһарша зәр шашқан директормен тіктесу қайда? Абырой болғанда қасына келген қазақ тәрбиеші директорға мән-жайды түсіндіріп, райынан қайтарып, "бір ажалдан" арашалап қалды. Шыққасын тәрбиешіден "баран" сөзінің баламасын сұрап ем, кейін есейгесін ұғарсың деді де ештеңе деместен жүре берді. Сөйтіп, салым суға кетіп, бөлмеге келдім. Тырп етпестен төсегімде отырдым да қойдым. Кенет көпшігімді құшақтап жата кеттім. Көңілім бұзылып, көз жасым көл болды. Булығып, ашу қысқан денем құрыстап, өзімнен-өзім дірілдеп кеттім. Енді не істер екен? деген оңсыз ой көңілімнен кетпей қойды. Оның үстіне "барансыңдар сендер" деген сөзі жанымды қорлап, ызамды келтіруде. Тәрбиешім де түсіндірмей кеткеніне қарағанда басынан қорыққан ғой. Реті зәрлі де рабайсыз сөз. Жалғыз мені емес, осы пансиондағы барлық қазақ баласына айтылған сұмырай сөз деп есептедім. Рас, ол кезде мәнін терең түсініп, мағынасын ұғуға ұғымым да, зейінім де жетпегені белгілі. Кейін өмір өте келе, көңілге түйгенім, санама сақтағаным орыс ағайындар

Өмір шірімдері

өздерін зор санап, өзгені қор санап, қазақ балаларын менсінбей, өзінен төмен көріп, тіл тигізуді, мазақтауды мансұқ санайды деп ойға түйдім. Осындай оспадарлықты өмірімде екі мәрте басымнан өткердім. Біріншісі пансион директорынан естіген зәбір сөзім болса, екіншісі кейінгі 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін. Жылыой аудандық газетінде жауапты хатшы болатынмын. Желтоқсан оқиғасына байланысты жер-жерде кадрларды аттестациядан өткізу науқаны басталды. Бұл біреуге пайда, біреуге залал болып келді. Залал шеккендердің бірі мен сияқты бейбақ. Өйткені, аттестацияға барынша дайындалып, марксизм-ленинизм классиктерінен конспекті даярлап, 1987 жылдың қаңтар айында аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Марченко бастаған комиссиядан өтуіміз керек болды. Хатшы жіңішке келген, көкшіл көз, сары өңді, жасы қырықтан асса да тұрмыс құрмаған қыз. Біраз жыл аудандық комсомол комитетінде хатшы боп істеді. Кейінгі жылдарда ауданның бас идеологы.

Бұл тұс газетте ауыс-күйіс болып, бір редактор зейнетке қалып, екіншісі келіп жатқан ала сапыран шақ еді. Оның үстіне елдегі жастар көтерілісі, СОКП ОК-нің қазақтарды ұлтшылдар деп үрлеуі де үрей туғыза бастаған. Ауыз бағып, тыныш жүруді тапсырушылар аз емес.

Әңгімеге алдымен мені шақырды. Конспекті дәптерімді алдарына қойдым. Әдемі безендірілген дәптер көздің жауын алады. Бірақ оған көз салған бірі жоқ. Хатшысы бар, қос редакторы бар менен қылшықтап әрнемені сұрай бастады. Қойылған сауалдар орысша болғанмен мен қитығып, қазақша дайындалдым, қазақша жауап беруге тиіспін дедім. Хатшы қыз құтырынып шыға келді. Бар зәрі бетіне тепті. Көкшендеген көзі, көгіс тартқан жүзі менің өңменімнен өтіп барады. "Сақта, құдай" дедім іштей. Сыртына шыға алмай жүрген ашу - ызасы айрандай ақтарылды, көңіліндегі күдігі мен қиястығы осы арада бір төгілді дерсің.

- Сендейлер тыныш жүрген жастарды бұзатын. Ұлтшыл, баран өңкей, - демесі бар ма. Мен тығылып, сөйлей алмай қалдым. Орысша ойымды оңды айта алмайтындығымды білдірдім де, кешірім сұрап, шығып жүре бердім. Қос редактор да ештеңе демеді. Төмен қарап, жер шұқығандай кейіпте отыр. Жыным келді. Әсіресе аға редакторға. Шығып бара жатып оған өкпелі екенімді жанарыммен жарқ еткізіп білдіріп кеттім. "Қазақтың жауы қазақ" деген осы. Хатшының екі жағында отырған қазақтың ақсақалы мен таққа енді отырған азаматы бір сөз дегені қалай? Не деген дәрменсіздік? Жігерім құм болып, тісімді шақырлатып, кеудені ыза кернегені болмаса, не айтарға білмедім. Желтоқсан оқиғасынан кейінгі күйіп тұрған күндер ғой. Әр сұрқылтай өз басын қорғамайды ма? Қос редактор да өз бастарынан қорқып ештеңе дей алмаған шығар? Мен оны түсінемін, кейін өздеріне де айттым-ау. Бірақ шүйкедей қыздың асыра

Қонаш Қалдыоразұлы

айтып жатқан ғайбат әңгімесіне, сөзіне тойтарыс беруге болмас па? Содан не керек, мені хатшылықтан алып, бөлім меңгерушілігіне түсіріп тынды. Бәлкім, өзара келісіп, пішіскен ойлары осы болар. Хатшылық жұмысымнан кінәрат таба алмағасын, аттестациялау арқылы сүріндіріп, орнымнан босату керек болған да шығар... Әйтеуір, жас редактор келе айналасына жастарды жинап, білсін-білмесін соларға билікті бере бастады. Тісі бар біздердей көкжалдардан қорыққан, әлде сескенген сыңайлы...

Бірді айтып, бірге кетіппін-ау. Кермек дәмді балалығымның бұлдыр күндеріне қайта оралайын... Пансиондағы тірлігіміз жалғасып, күндерге күндер ілесіп заулап өтіп жатты. Қазан айы да ортадан ауып барады. Бір күні балалар арасында бір әңгіме гу ете түсті. Тұлдыр жетім бір топ баланы Гурьевтің арғы жағындағы бір аудандағы балалар үйіне жібереді екен, деп. Желдей ескен сөз күн сайын өрши түсті...

-Кімдер жіберіледі екен?

-Қай кластың балалары екен? Ешкім дөп басып айта алмайды, білмейді. Сұрайсың, сұраған кісің де жөнді жауап бермейді. Жоғары не төменгі кластағылар емес сияқты, не болса да біздің орта класта оқып жүргендерді жіберетін болса керек. Бұл әңгіме түптеп келгенде рас боп шықты. Осының арасында ойда-жоқта пансионға Жұлдызбек аға келе қалды. Аудандық оқу бөлімінің өкілі ретінде балалар үйіне жіберілетіндер жайын тексермек екен. Онымен ұзын корпустың дәлізінде ұшырасып қалдым.

-Ә, Қалихан, қалқам, жайың қалай? Сабағың жақсы ма? - деді ол амандасқан мені тоқтатып. - Ауылдан адам хабарласып тұр ма?

-Оқу жылы басталғасын Жаппархан ағайым келіп кеткен. - Мен назарымды төмен салып, үндемей қалдым.

-Неге үндемейсің, айта бер әңгімеңді. Ал, балалар үйіне баруға қалайсың? Онда пансиондағыдан да жақсы. Толық мемлекет қарамағында боласыздар, бару керек. Толық білім, тәрбие алуға жағдай болады. - Ол мені басымнан аяғыма дейін бір шолып өтті. Өзгерген өңім біртүрлі болып тұрса керек, тағы да сауал тастады. Бір жерің ауырып жүрген жоқ па?

-Жоға, ағасы. "Баран" боп бұнда жүргенше кеткенде жөн шығар, - дедім.

-Ол не сөз, қалқам-ау, кім айтты? - Ол жауап беруімді өтінді. Мен іштартып, жақсы көретін Жұлдызбек ағайымнан директор Ушковамен болған әңгімені жасырмай айтып бердім.

-О, не қылғаны басшы адамның. Сен еш ренжіме, өзім онымен сөйлесемін. Әлі ол сыбағасын алады, -деп Жұлдызбек ағай менімен қоштасты да директор бөлмесіне қарай аяңдады. Ал директор "сыбағасын" алды ма, алмады ма білмеймін. Көп ұзамай балалар үйіне баратындар

Өмір шірімдері

тізімі анықталды. Олар Әбуов Хамит, Әубекеров Толыбай, Ағысов Кенжеғали, Зиханов Бектаза, Мусин Тыныштық және мені бір тәрбиеші Гурьев қаласына алып жүрді. Көлігіміз Мақатқа дейін тартабанды теміржол поезы да, әрі қарай үлкен поезға мінбекпіз. Құдды жер аударылып, жазамызды өтеуге бара жатқан тұтқындардаймыз. Қия бастырмайды, несие сөйлетпейді, ойнап, қалжыңдасуға мұрсат жоқ. Бірімізде үн жоқ. Бірте-бірте ауылдан, алтын бесік атамекеннен алыстай бердік. Ал қайда барамыз, қандай жағдайға тап боламыз, ешкім білмейді. Ең бойы кішкентай Зиханов Бектаза екеуміз. Поездың басқышына адымымыз әрең жетеді. Митыңдап зорға міндік. Рас, Бектаза да, Толыбай да шебер балалар. Екеуінің тымпитып жасап алған шағын шабадандары бар. Алып жүруге ыңғайлы, қарауға сүйкімді. Қалғандарымызда ұсқынсыздау, жамалған дорба.

Сонымен... Араға күн салып Гурьевке де жеттік-ау. Балалар қабылдайтын орынға біздерді өткізген тәрбиеші кідірместен кері Құлсарыға қайтып кетті. Айдалада адасқан жандай боп, көзіміз жәудіреп біз қала бердік. Ал Жаманқала қай жақта, оған кім жеткізеді, белгісіз, білмейміз. Бірақ далады қалғанымыз жоқ, елдеміз ғой деп ойладық та іштей шүкір дедік. Ол келесі мәселе екен.

Гурьевте бәрімізді дәрігерлік тексеруден өткізді. Бәрінің дені сау. Тек менің ғана өкпе жағымнан ілгіш табылды. Әй, бәсе, деймін өзіме-өзім, жүгіргенде алқынып, тез шаршап қалатын едім-ау. Өкпе тесік те, қабынғанда, қағынғанда болуы мүмкін. Ондай болмай қайтсін, қаршадайымнан жалаң аяқ, желең-желпі, киімсіз өстік. Қыс киер аяқ киімің мен жылы пальтоң болмаса қайтерсің. Онда саған суық тимегенде кімге тиеді. Баланың аты бала. Кейде ішің пысып, үйде отыра алмай, қарлы далаға жалаң аяқ атып кететініміз бар. Қызыл тобыққа дейін қар кешіп, қол мен аяғың, бетің мен аузың домбығып, башпайлар қызарып, тоңып кетеміз. Аналарың мен жеңгелеріңнің ұрысқанына пысқырып та қарамайсың. Ондайда салқын тиіп ауырмай қайтейін деп едің.

Бірге шыққан балалардың жолы одан әрі жалғасады. Менен өзгесін Бақсайдағы Жаманқала балалар үйіне алып кете барды. Жанарым жасқа толып, көңілім құлазып, көзім жәудіреп қала бердім. Көп ұзамай ауруханаға түстім. Табандаған бір ай емделдім.

Ауру деп тастап кетті-ау айдалаға,
Бұл-дағы жақсы дейсің қай балаға.
Айырылған үйірінен мен бір киік,
Адасқан, жолын таппай айдалада.

Қонаш Қалдыоразұлы

Кім менің қарар екен қабағыма,
Ертеңге жетуге мен жарармын ба.
Жанымды әлде қайғы, мұң шалар ма,
Бір бақыт болашақтан табарым ба?

Ел қайда, өзім туған жерім қайда?
Қызықтап өскен байтақ белім қайда?
Қияға ұшырдың да бұл ұлыңды,
Бір хабар күтермісің елім қайран?

Аққұдық, қайда қалдың, Қарақұмым,
Сендер ең қарашығы жанарымның.
Жылойым, жайсаң елім сағынамын,
Ұғарсың шетте жүрген бала мұңын.

Көңілден бір сырды мен шерте бердім,
Тірлігім тұз татысын, еркеледім.
Биік ем Кең Жылойдың елінде мен,
Сырымды тыңдаушы еді ерке Жемім.

Көк майса, артта қалған, далам керім,
Бәйгеге қоссам торым, алам терің
Емделіп мен жатырмын Гурьевте,
Сырқат бар, емес жайы балаң керім.

Кең Жылой сәлем айттым барлығыңа,
Жатырмын көніп тағдыр жарлығына.
Жазылып ертеңгі күн шығармын-ау,
Сеніңдер бұл ұлыңның нарлығына.

Осындай ой құшағына оранып аурухана төсегіне таңылып жата бердім. Күн де өтіп болмайды. Ермегім - кітап оқу. Маған ықыласы ауған дәрігер ағалар мен тәтелер бірнеше кітап әкеліп берген. Соны оқимын, оқығанымды қасымда жатқан балаларға айтамын. Ақыры екінші тоқсанды орталай бергенде ауруханадан шығатын болдым. Шықтым, шықтым да балалар қабылдайтын орынға қайта бардым. Онда мені көп кідіртпеді. Бақсай селосындағы Жаманқала балалар үйіне алып жүрді бір ағай. Арада екі-үш сағат өткенде балалар үйінің босағасын аттап, жас келіндей имене кірдім...



Өмір иірімдері

Бірінші арна

БАҚСАЙ ДЕГЕН ЕЛ ЕКЕН...

Мынау біздің Бақсай ғой, бала кезде ойнаған,
Балалықтың балдәурен қызығына тоймаған.
Ақ Жайыққа шомылып, күнге қақтап денені,
Жидек, жеміс теруші ек, тоғай деген қоймадан.

Мынау біздің Бақсай ғой, өмір жайлы ойлаған
Өстік онда жігіт боп, ар-намысын жоймаған.
Табыстырды талайды, тағдыр әкеп қиырдан,
Бала едік тірліктен сыбаға ала қоймаған.

Мынау біздің Бақсай ғой, оны кейде Шой дейді,
Шойлықтарда ірілеу келеді бұл сой дейді.
Жігіт-қызы Бақсайдың бақыт тауып тірліктен,
Жүрген жері ду-думан, қызық-қиқу той дейді.

Мынау біздің Бақсай ғой, бала күннің айғағы,
Тұрады екен бұл жерде талай аға жайдары.
Тірлік еткен біріге-әр ұлттардың өкілі,
Бақсай деген киелі ел, бұзылмаған қаймағы.

Бұл сағынышымды тербетіп, көңілімді елжіретіп, ізгі тілектен игі ниеттен кейінгі жылдарда, онда да Бақсайды отыз жылдан кейін қайта көрген соң жазылған жырларымның бірі еді. Бақсай қайткенде де мен үшін ыстық, ерекше қымбат та қимас мекен. Сол Бақсайға қалай жеттім десеңші. Сонау кезде деймін-ау. Иә, ауруханадан шыққан мені көп кідіртпестен бір жігіт Бақсайдағы балалар үйіне тезірек жеткізуге асық боп, жеделдете алып жүрді. Бұл желтоқсан айының басы болатын. Аяз күшті, қар да қалың. Жолшыбай көліктен түскесін жолбастаушы ағайға әрең ілесіп, малтыға басып келемін. Селоны кейін білгенімдей Бақсай дейді, негізгі аты Шой екен. Шағын селода көп тұрғын тұрмайтын сыңайлы. Бары - орыс, корей, татар, қазақтар. Өздерін бақытты да байтақ елдің биік деңгейлі, дамыған, өскен, өркендеген елдің тұрғындарымыз деп танитындай. Осынау халық өкілдері біріге еңбек етіп, бірлесе күн кешіп, ортақ харекеттегі тірлікпен өмір кешеді. Жайық жағасына жақын орналасқан елді мекенде мұғалімдер, тәрбиешілер, аспаздар, торай бағушылар, егіншілер тұратынын білдім. Бұнда басқа кәсіп иелері де,

Қонаш Қалдыоразұлы

кәсіпте жоқ. Селода балалар үйінен өзге әлде бір көпшілік орыны, не өндіріс ошағы байқалмайды. Село үйлері едәуір аумақта дөңгелете салынып, орналасқан. Ортадағы алаңқайда балалар үйінің корпустері, бір шетінде аласа мектеп үйі бар. Балалар үйі мен мектеп арасы едәуір ашықтық.

Бақсайға әр беріп, тірлік белгісін білдіретін мекеме - балалар үйі. Балалар үйінің негізі о баста 1935 жылы Сарайшықта ашылыпты. Сарайшық, тарихтан, шежіреден белгілі, Алтын Орда мемлекетінің Астанасы болған, әлемге айбынын танытқан айшықты қала, ежелгі, ертедегі қалалардың бірі. Тоғыз жолдың торабы, Жайық бойында жайлы орналасқан елді мекен. Балалар үйінің ілкі директоры Бекешов Әбіш деген әділ жанды, әзиз жүректі, жайсаң мінезді, жампоз азамат болыпты. Ұлы Отан соғысы алдында балалар үйі аудан орталығы Жаманқалаға (орысша аты Яманка) көшіріліп, директоры болып Тұяқов Әміролла беркітіліпті. Соғыс кезеңінде, ауыр да азапты жылдарда, яғни 1944-1945 жылдары Көзболов Көшкінбай директорлық міндет атқарған. Ол кісінің басшылығымен балалар үйі 1947 жылы Бақсайға көшірілген. Бақсайға көшіп келген балалар үйіне директорлықты Әйтемов Әбдірахман деген азамат адал атқарған. 1947-1950 жылдары директор боп істеген Әбдірахман балалар үйінің базасының жақсарып, нығаюына, тұрмыстарының артуына үлкен үлес қоса біліпті. Одан балалар үйінің директорлығын білікті педагог, Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін қатысып, батыр барлаушы атанған, ұлағатты ұстаз бола білген Мәтеш Дүйсенғалиев сын-ды сырбаз да, сындарлы, парасатты да ақберен азамат қабылдап алыпты. Мәтеш Дүйсенғалиев замандастары мен істес болған інілерінің айтуынша, ширақ қимылды, қою қара мұртты, болат жүзді, өнерлі де сөзшең, шынайы сезімді кісі көрінеді. Ол осында еңбек еткен жылдарында бұрынғылардан қалған бірегей істі берекелі жалғастырып, балалар үйінің жағдайын барынша жақсартуды жан-жақты ойластырыпты. Балалар үйіндегі оқу-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізіп, жақсы жолға қоя біліпті. Ол еңбек еткен жылдарда балалар үйінің жұмысы ауданда да, облыста да жақсы аталыпты. Мәтеш Дүйсенғалиев менің "Шуақты жүрек" повесімнің кейіпкері. Өзінің директорлық қызметін - облыстық халыққа білім беру бөлімінің балалар үйі секторының меңгерушісі болған Камаловқа тапсырыпты.

Ал, 1954 жылдың аяқ кезінде, мен барғанда балалар үйінің директоры боп Әйтемов Әбдірахман, оқу ісінің меңгерушісі боп Жайлашев Нұрадын, тәрбиешілер болып Қанатова Қапия, Сақан апа Құтылова, Қожиев Сабыр (орта топта) және басқа көптеген жас қыз-жігіттер істейді екен.

Кейін естігенімдей балалар үйі базасы негізінде Өрлік, Зеленый балалар үйі ашылыпты. Ал Теңіз (бүгінгі Құрманғазы) ауданындағы



Өмір иірімдері

Телячи, Сафонов балалар үйі Бақсайдағы балалар үйіне қосылып, балалар саны арта түсіпті. Мен осы балалар үйіне келгенімде бір жүздің үстіне балалар бар екен. Бәрі де жәудір көз, жүзін мұң басқан, толық жетім балалар еді. Олар - кең байтақ ССРО-дай алып Отанның әр шалғайынан келген - орыс, украин, беларус, грузин, неміс, татар, қазақ балалары-тын. Бәрі де ата-анадан айрылған, қанаттары қайырылған, қамкөңіл, жандары жаралы, үкімет пен партиядан басқа қамқоры да қорғаны да жоқ, тұлдыр жетім аталған балалар болатын.

Арада алуан жылдар өтті. Бір кезде өзім тәрбиеленіп кеткен балалар үйінің бейхабар жүруім бейхамдығым еді. Құлсарыда тұрсам да құлашым жазылмай, қияға ұша алмай жүргенім өтірік емес. 1982 жылдың жазы еді. Үйге жазық маңдай қара торы кісі мен ашаң жүзді аққұба әйел келді. Алдарынан тұра жүгірдім. Құшақтар айқаса кетті. Көңілдер босап, көзге жас келе қалды. Бұл ширек ғасырдан кейін көрісіп, қуанышымызды бөлісе келген ұлағатты ұстаздарым, бала тәрбиелеудің білікті бапкерлері Боранжан Құтылұлы мен әйелі Хафиза болатын. Ағайым және апайыммен әңгімеміз таң атқанша таусылмады. Өткен күндердің көп белгісі көңілге қайта оралды. Олардың жазған хаттарын, құттықтауларын қайта-қайта оқып, әңгімемізге арқау етіп, жаздың таңын атырдық. Олар хатты аса сауатты, мәдениетті, мазмұнды жазатын. Артық - ауыс сөз, сөйлем дегенің болмайды. Бәрі де берік тәртіппен жазылатынына таң қалатынымын. Хат жазу мәдениетінен үлгі алуға болатын жандар еді. Бір хатынан үзінді келтірейінші :

"Махамбеттен сәлем!

Қымбатты інішегім Қалихан, аман-есенбісің, денің сау ма? Жұмыс барысы жақсы ма? Сенің жазған хатыңды алып, амандығыңды біліп қуанып қалдық. Бізде тегіс аманбыз. Естіп жатқан боларсың, өзім аудандық партия комитетінде істеймін. Апаң осындағы орта мектепте, орыс кластарына математикадан сабақ береді. Балалар да осы мектепте оқиды.

Сенің ара-тұра "Коммунистік еңбек" газетінен мақаланды оқып, газет қызметкері екеніңді естіп жүретін едім, кейіннен біздің аудандық газеттің қызметкері Сағибеков Жанқабі айтып келді. Қазір ол жігіт бізбен бірге көрші тұрады.

Сен Аманжол Тәжіғұловты білетін шығарсың. Бұрын балалар үйінде болды. Сол өткен сентябрь айында (Аманжол Тәжіғұлов менің кластасым, ұмытпасам "Қыршай" деген кличкасы бар-тын) кішкентай Серік деген баласымен келіп кетті. Біздің үйде 15 күндей болды, көп қыдырды. Өзі Шымкенттің Жетісай ауданында тұрады. Үш баласы бар. Үлкені осы Серік. Өте жақсы тұратын көрінеді. Ол да балалардың қайда жүргенін білмейді. Бізді алдымыздағы жазға шақырып кетті. Жағдай соқса апаң екеуміз

Қонаш Қалдыоразұлы

барамыз ба деген ойымыз бар. Көрсең Т.Әубекеровке, Б.Зихановтарға сәлем айт. Олардың осы уақытқа дейін қайда жүргенін білмейтін едім. Армияға кетерде келіп кеткен, содан кейін көрген жоқпын. Сұрап, қажет деп жатса адресімді берерсің. Ара-тұра кейбір балдар келіп кетеді. Әрине, олардың ішінде естісі де, ессіздері де бар ғой. Оларды кейіннен саушылық болып жатса көргенде әңгімелесерміз. Университетте оқып жүргеніңе қуаныштымын. Мен сенің, жұмыста абыройлы болатынына мықты сенемін. Сенің біздің аудандық газетке берген "Ұстаз" атты әңгіменді оқыдым, жақсы шыққан. "Бұжыр" бет ағайыңның бейнесін жақсы шығарғанына риза болыстық.

Ал, қарағым, басқа не айтайын, көргенше күн жақсы болсын. Келіп қайтқың келеді екен, кел. Кішінің үлкенге сәлем беруі жөн ғой. Аманжол іздеп келгенде қызметтес жолдастарым таң қалды.

Сәлеммен ағаң Боранжан. 2.12.1971 жыл" деп аяқталған хатты оқып, көкірегіме басып көп отырғаным көз алдыма келді. Содан 1987 жылы барып балалар үйі жайында газетке материал бергенім, оған қандай жауап алғаным, жоғарыдағы бір тарауда жазылған. Ал маған реніш білдіріп "қатаң ескерту бердік" деп жауап жазатын осы Борекеңмен көрші болған жүйрік қалам журналист, ақ берен ақын Сағибеков Жаңқаби болатын.

Содан 2001 жылы ғана Боранжан аға аулына нақты барудың сәті түсті. Ауылдан шығысымен, үнемі жол бойы көңілімді көрікті ойлар билеп, жүрегімді жыр кернеді. Ағаға деген сағыныш, ілтипат пен ізгілік басылар болмады. Соның бірі "Борекеңе" деген өлеңімді жол үстінде жаздым. Сол күйінде қағазға түсіре салдым.

Тіршілікте жақсылар көп, жан аға,
Бірақ саған жететұғын жан бар ма
Сағынышпен шығам әркез сапарға
Қол созып бір биіктерге - арманға.

Ақ Жайықтың арнасындай көңілің,
Аңқылдаған мінезің бар, жан аға.
Дидарыңнан шапағат нұр төгіліп,
Мейіріммен қараушы едің балаға.

Бақсайдағы детдом үйі есімде,
Бізді баулап, өсірдіңіз өзіңіз.
Шын көңілден сыр шертемін шешіле,
Бойтұмардай қымбат еді сөзіңіз.



Өмір иірімдері

Жылдар өтті көріспедік, жан аға,
Сенің берген өнегең тұр көңілде
Өзгелерге ұқсамайтын дара аға
Жұлдызым боп жарқыраушы ең өмірде.

Бірақ көңіл шіркін бұнымен де тынбады. Тынар болмады. Өректіген жүрегім өрте өрледі. Өзиз жанды азамат ағаға қанша өлең арнасаң да, қалай жырласаң да аз іспетті. Оның бейнесін жасау, тұлғасын сомдау қолдан келмейтін қиын іс екеніне көзім жетті. Соның ішінде ұстаздың ұлы тұлғасын жасау қиынның қиыны. Әлбетте әр өлеңімде оның әр қырын көрсетуге талпынғаным байқалады.

Ағатын Жайық еркелеп,
Даламды мен аңсадым.
Адам қылып жетелеп,
Өзіңді аға аңсадым.

Ақ Жайық бойын жағалай,
Еліңде өтті балалық.
Бір сәлемге жарамай,
Жүргенім де бұл анық.

Сәлемдесе келем мен,
Жан ағама сағынған.
Асыл аға дер ем мен,
Қасиетіңе табынған.

Жаның жайсаң ағасың,
Өркендеген айналаң.
Жақсылығыңмен жанасың,
Өзіңдей жан қайда бар.

Өмір өтер біздерден,
Қызықтаған талай бір.
Азайғандай көз көрген,
Ініңе аға қарай жүр.

Бақыт күтіп таңдардан,
Аға- іні боп түледік.
Бірге самғап армандар,
Сағынумен жүрелік.

Аңсаған аға ауылына жеткенше көк дөненнен де жүйрік көңіл тағат

Қонаш Қалдиоразұлы

таппады. Ойымды орнықтырып, сезімді серпілтіп, тағы да қаламымды қолға ала бердім. Бұл жолғы өлеңімді "Аға ауылын бетке алып" деп атапшын.

Үлкен жол келемін бойында,
Кетпейді жан ағам ойымнан.
Күлше жоқ басы артық қойнымда,
Кез емес байыған, тойынған.

Ауылын бетке алып ағаның,
Келемін жан жүрек сағынып.
Өз ағам тұяғы дананың,
Көрмеген тірлікте жабығып.

Көріспей, көп болды, жүр едік,
Телефон, хатпенен хабар ап.
Біз сізден тәлім ап түледік,
Жақсы адам қашанда табар бақ.

Жігіт ем өскен мен Жылыойда,
Сен Жайық бойының данасы.
Аз емес айтар сөз, сыр ойда,
Жұрттың жоқ сендей ағасы.

Махамбет-Жылыойдың арасын,
Сағыныш сезімі жалғаған.
Сіз мәңгі ұмытпас ағасың,
Інің ем тілегін арнаған.

Өз аға, жаны ізгі, жайдары,
Тәлімді тәрбие мың бердің
Оқыдым, тоқыдым, жайнадым,
Ұққандай бағамды ел менің.

Жем суын Жайыққа қосайын,
Әніммен, жырыммен жалынды.
Әр жылы осы күн, осы айдың
Көрісем ағама сағынып...

Иә, осылай ой құшағында отырып, өткенімді ойға алып, балалық бал дәуренімнің бір кездерін ойға оралта бергенімді байқамай да қалыпшын.

Әлқисса, Бақсай балалар үйіне алғаш қадам басуым турасында сыр төгейінші енді...



БОРАНЖАН ЖӘНЕ МЕН

Бақсай балалар үйінің табалдырығын аттаған сәттен-ақ мені жазық маңдай, сымдай тартылған жас жігіт қарсы алды. Қолымнан жетелеп директордың кабинетіне апарып, қағаздарыммен таныса бастады. Қолы ып-ыстық екен. Қолының ыстық табы жүрегімді бірден жылытып, жабырқаған жанымды елжіретіп жібергендей болды. Томпаңдап соңынан еріп, не айтса да мақұлдай бердім. Директормен екеуі ұзақ сөйлесті. Мені қайткенде де өзінің қарамағына қабылдауға жұмыстану үстінде. Неге екенін қайдам, ол мені бірден бауырына тартты, маған өзі бірден ұнады.

- Сен келгенде өте нәзік, әрі кішкентай көріндің,-деп бастаған сонда Боранжан ағайым әңгімесін әрі сабақтай отырып,- қолтығыңа буылған бірнеше кітабың бар екен. Болар бала басынан, деген, үміттендім. Осы баладан бірдеңе шығар деп ойлаған мен:

- Маған беріңізші,- деп қиылдым директорға.

-Бере алмаймын, Боранжан, сен үлкен балалар тобының тәрбиешісі емеспісің, ал бұл бала, көрініп тұрған жоқ па, кішкентай, нәзік. Үлкен балалар арасында бұған қиын болады. Кейбір қиқар, қырсық балаларың бар, әлімжеттік жасауы мүмкін. Өзіңе де оңай соқпасы анық, -деген директор өз ойын қостай түсіп, маңайына жолатар болмады.

-Жоқ, директор ағай, ешкімге ұрғызбаймын да, көзтүрткі де қылмаймын. Өзім тәрбиелеп, үнемі өзім бақылап, қадағалаймын. Маған сеніңіз, -деп мен де қоймадым. Ақыры жалына да бастадым. -Жасыратын ештеңесі жоқ, директор ағай бұл бала маған бірден көңіліме ұнады, жеткіншегімдей тәрбиелесем деп едім. Адамбыз ғой, адамға бауыр керек емес пе? Бір бауырым есебінде баулып көрейін дегенім ғой.

-Жарайды, жақсы онда, -деді директор, -бірақ осы бала үшін тікелей басыңмен жауап бересің. Әйтпейінше әңгіме басқа.

-Міндетті түрде, -деді Боранжан ағайым көңілденіп сала беріп,- келістім. Атыңызға сөз келтірмеуге тырысам.

Әйтеуір, айтыс-тартыспен әңгіме аяқталды. Жанары нұр шашқан Боранжан мені қолымнан жетектеп далаға шықты. Балалар үйінің жатақханасының біріне бет алды. Өздерінің отыратын жерлеріне әкеліп, әлде бір қағаздарды толтырды. Сосын киім алдырып, киіндірді. Жататын бөлмеме, орныма орналастырды.

Сөйтіп мен Жаманқала балалар үйінің бірдей бір тәрбиеленушісі болып

Жонаш Қалдыоразұлы

шыға келдім. Аға тәрбиеші Боранжан Құтыловтың қарамағында қалдырылып, басқа балалардан өзгеше назарда болдым. Ай артынан ай өтіп, жаңа 1955 жылдың да алғашқы айларын артта қалдырдық. Ақпан айының аяқ кезі болатын. Мен үлкен бөлмеде, шеткі керуетте жатамын. Тәрбиеші түннің бір уағына дейін балалар қасында жүреді. Сабақтарын оқытады, киімдерін үтіктетеді. Бос уақытты тиімді өткізу үшін әртүрлі ойындар, қызықты сайыстар ұйымдастырады. Балалардың ұйықтауын қамтамасыз етеді. Төсекте жатқан балаларды жағалап, ұйықтағандарын тексереді. Осындай бір жағалау сәтінде алап болып жанып, ентіге демалып, ерекше ауырып жатқан менің мүжәлсіз халімнің үстінен шыққан Боранжан ағайым көзі атыздай боп, абыржып қалды.

-Күндіз жүгіріп ойнап жүргендей едің ғой, неге ұшырап қалдың, балапаным. Қызуың жоғары ғой,- деді елжірей сөйлеген Боранжан ауыр демалып, қиналып жатқан мені көріп. -Жеңіл жүргенсің ғой, салқын тиіп қалды-ау. Қалай байқамағанмын, жазған басым...

-Қызулап жатырмын. Басым айналып, таңдайым жабысып қалды,- дедім мен естілер естілмес күйде, -Кеудем жанып барады, жай таба алар емеспін, аға...

Біздің әңгімемізге куә болған балалар абыржып қалды. Әсіресе менің жағдайымды көрген соң... Бөлмеде жоғары кластарда оқитын, денелі, ірі балалар да бар-тын. Соның бірі шешен бала Гажанбай. Денесі ірі, күші көп еді. Боранжан ағайым соны дереу қасына шақырды.

-Мына баланың жағдайын көріп тұрсың ғой, арқалап, не көтеріп біздің үйге жеткіз,- деді Боранжан, жедел тапсырма беріп. Гажанбай екі сөзге келмеді. Мені қаңбақ құрлы көрген жоқ. Киіндірді де, көтеріп ала жөнелді. Дірілдеп, қалшылдап, тоңып барамын. Көшеге шықтық та батыс беттегі бір бөлек үйлерге қарай бет түзедік. Байқаймын, көп жүргеніміз жоқ. Әлде кіресілі-шығасылы есім бар мен байқамадым ба, көп ұзамай бір көк дарбазаның алдына жеттік. Үйдің есігін ашқан Боранжан өзі бастап ауладан өтіп, үйге кіре бердік.

-Аналарым, мына бір балаларың қызулап ауырып қалған екен. Қызылша сыңайлы және ауыр түрі болса керек, үйде бағып, емдетейік деп әкелгенім,- деді Боранжан аналарына, қарындасына жағдайды түсіндіріп.

-Е, жарайды, құлыным, сен әкелсең не әңгімесі бар,- деген қара торы, толықша келген ана жедел орнынан тұрып, жылы пеш түбіне төсек сала бастады. Келген беттен бастап мені Боранжан ағайым үйіндегі бар адам күтімге алды. Үйде келін жоқ сыңайлы. Есесіне бойжеткен, сымбатты да сындарлы, көрікті де көркем, келісті де келбетті қыз бар. Жас шамасы он жетілерде. Тоқпақтай бұрымы тілерсегін қағып, көрген жанның көңілін



Өмір иірімдері

тойғызады. Аналарымен қоса ол қыз да үнемі менің жанымда, қасымда отырып әртүрлі әңгіме айтып, көңілімді көтергендей болады.

Арада екі аптадай өтті. Бетім бері қарағандай болды. Көңілім көтеріліп, өзімді жеңіл сезіне бастадым. Бәрі бақылап, мені далаға шығармайды. Дәретке де үйден отырғызып, өздері төгіп жүреді. Қайырымы мол қазақтың қыздары мен қасиетті аналары-ай. Сендердің алдарындағы парыздарын еш перзент еш уақытта өтей алмайды ғой.

Баламын ғой. Баланың кішкентайында балалығы да, шалалығы да болады емес пе!? Ішім пыса бастады. Телміріп терезеден далаға, көшедегі көріністерге көз жіберемін. Жиюлы төсекке шығып секіремін. Кейде мына бөлмеден ана бөлмеге жүгіремін. Әлденені аяғыммен іліп кетемін. Бір мезгіл үй бөлмелерінде ілулі тұрған суреттерге үңілемін.

-Мына бала төсекке шығып секіретін болды,- деді үйдегілер бірде Боранжан ағайым жұмыстан келгенде.

-Ештеңе етпес. Жазылғаны ғой. Құдайдың бергені бұл. Жақсы болды арты әйтеуір. Бала ғой, жүре берсін,- деді Боранжан мені маңдайымнан сипап. -Көп ұзамай сабағыңа да барасың.

Арада тағы да бір апта өтті. Құлан таза жазылғандай сезіндім өзімді. Жазылғасын-шы... Уақыт өткізу үшін аналармен, Жұмазия апайыммен әңгімелесуді ұйғардым. Үйде Меңеш пен Күнсұлу есімді екі ана бар. Ал бұның қайсысы Боранжанның өз анасы? Боранжан қай анадан алпыс екі тамырын идіріп, тар құрсағын кеңітіп, қанасын қанатып туған бала? Күнсұлу келіңкірейді. Әсіресе, қасы, қабағы, кірпігі, жазық маңдайы айнамайды. Меңеш болса бүйрек беттеу, қара өңді әйел. Екеуінің де жасы біріне бірі жобалас. Меңеш 53-те де, Күнсұлу 48-де. Айтыстарына қарағанда ағайынды Құтыл мен Әбіл есімді бірге туған қос азамат болған. Сонда Құтыл зайыбы Меңеш те, Әбіл зайыбы Күнсұлу екен. Ерлері ерте дүние салыпты. Қос ана жетім қалған балаларды біріге бағып, оқытып, тоқытып, ержеткізіпті. Араларында ала-құлалық болмаған. Қос ана бірін-бірі сипап, бірін-бірі тыңдап өткен. Әр істі ақылдаса атқарып, шаңырақтың беріктігін сақтаған. Түтіні тіке ұшқан үйде татулық өркен жайып, бірлік пен тірлік береке тапқан. Қос ана алтын босағаның қос шырағы бола білген. Қиындықты бір көріп, қайғы-қасіретті де, қуанышты да бірге қарсы алып, қайғырса бірге қайғырып, қуанса бірге қуанған... Мезгіл жетіп оларда өмірден өтті. Яғни, Меңеш 1979 жылы 77 жасында, Күнсұлу 1987 жылы 80 жасында дүние салды.

Мен ілкі күннен екеуін де әже дедім. Әже дегенімді олар да құп алды. Үй мен түздегі шаруаны біріге, бірлесе атқаратын ардақты аналардың арманы да, алға қойған мақсаттары да қыздарын күйеуге беріп, ұлдарын

Жонаш Қалдыоразұлы


үйлендіру екен. Әсіресе, 1938 жылы туған Жұмазияларының бағы жанып, оқыса, теңін тапса дейді. Тәңірі оған жеткізбеді. 1956 жылы 18 жасында Жұмазия жүрек талмасынан кенеттен ауырып, аз уақытта бақилық болды. Бойжеткен қыздарының оқыс өлімі шаңырақты шайқалтып кетті. Аңыраған қос ананың - қос мұңлықтың зары мен шері, жоқтауы жан жүйені сырқыратып, тыңдаған жұрттың бәрін егілдірді. Бауырдың өлімі Сақан апаға да, Боранжан мен Төлжан ағаларға да оңай соқпады. Естен танып, есеңгіреп қалды, бәрі де. Оның шетін өзім де көріп, көңілім бұзылып, көзіме жас алып, езіле егілгенім бар. Жұмазия өлгесін Боранжан ағайым маған бұрынғыдан да қатты бауыр басты. Жексенбі сайын үйде болуымды өтінді. Мен ағайым айтса болды кідірмеймін, үйге жетіп келемін. Әлім келгенше шаруаларына көмектесемін.

Пайымдауымша қос ананың бауырынан өрген, әлде тәңірі солай бөлген бе, екі ұл, екі қыз бар екенін білдім. Үлкен балалары тәрбиеші Сақан апай. Бұдан екі-үш жыл бұрын ауылдасы, мұғалім Шәміл Кәкішевпен жан жарастырып, өз шаңырақтарын көтеріпті. Бүгінде селодағы үлгілі де өнегелі отбасылардың бірі. Қошқар тұмсық, келбеті келіскен Шәміл ағай салмақты, байсалды, сабағын сүйкімді түсіндіретін, шәкірттер жанын жайлы түсінетін мұғалім. Оның сабағын әр оқушы қызыға да құмарта тыңдайды. Шәмілдің әкесі Кәкіш байдың баласы, мұнай саласында Новобогатта жұмыс істеген. Шетелден Кәкіш ата атына машина да келген. Бірақ берілмеген.

Сақан ападан кейінгі - Боранжан ағайым. Одан кейінгісі Төлжан ағам, 1936 жылы туған. Оралдағы А.С.Пушкин атындағы мемлекеттік педагогикалық институттың студенті. Оны жазғы демалыста болмаса, сирек көремін...

1949 жыл. Гурьевтегі педучилищеге түсушілер көп. Солардың қатарында Мұқанов Жұбан, Рақиев Хаби, Құтылов Боранжан да бар. Бәрі де оқу орнына емтихансыз қабылданады. Шәміл де солармен бірге түсіп, бір жыл бұрын бітіріп шығады. Өйткені училище директоры Шәленов Мерген Боранжанның аналарының бірі Күнсұлудың сіңлісі Бағыттың күйеуі. Сол кісінің көмегі, қамқорлығы арқасынд бәрі де арнайы оқу орнын тәмәмдап, дипломға ие болады.

Кейін Мерген Шәленов Оралға көшіп, пединститутта еңбек етеді. Бұл кезде оның көмегі Төлжанға тиеді. Төлжан Мергеннің ағасы Байғалидың үйінде жатып оқиды. Оқып жүріп Байғалидың қызы Шаттықпен көңіл жарастырып, үйлесіп қалады. Оқу бітірген Төлжан дипломын алғасын ауылға оралады. Соңынан көп ұзамай Шаттықты алып кетіңдер, деген жеделхат келеді. Аяғы ауырлап, туарманға тақалған Шаттыққа жол үстінде



Өмір иірімдері

оңай соқпайды. Ақыры Тұзтөбеге жетпей босанып қалған Шаттықты Болат, Хафиза, Сапар болып қарсы алады. Арада күндер мен айлар өтті. Ауылға келіп, қол-аяғын бауырына алған Шаттық көңілі көтеріліп, сәбиін қызықтап, қуанышқа бөленді.

-Бала оқысын, - деп құдалар хабар салды. Шаттық онда 2-курста оқитын. Жібердік. Содан Арғын баламыз Шәленов Арғын боп жазылып кетті,-деді кейіндеу бір әңгімелескенімізде Хафиза апай. -Арғын біздің Нұрлыбай мен Гүлназдың ортасындағы бала есебінде тіркелген-ді. Қазір Арғын бала Астанада тұрады. Біздің ежелеріміздің төркіндері аз. Бір-бір бауырлары бар екен, ержеткесін қайтыс болыпты. Үлкендеріміз қашанда жомарт қой, Меңеш енеміз Күнсұлу енемізден төрт баланың екеуін бауырына басып, атағына жаздырған ғой. Сөйтіп , екі шалдың да шаңырағы сақталып келеді.

...Боранжан болса 1954 жылы көктемде Кеңес Армиясы қатарынан оралған. Әскер қатарынан жаңа келген Боранжан Құтыловты, бүгінде 13-ауылда тұратын Мұңал Адайбаевты, Жұбан Мұқановты аудандық партия комитеті балалар үйіне тәрбиеші етіп жіберіпті. Әскер қатарына кеткенше мектептерде істеген, арнайы оқу орнын тәмамдаған бұларда мұғалімдік тәжірибе бар-тын. Тәрбиеші боп ілкі күннен олар өз еңбектерінің жемісін көрді. Кейін аға пионер вожатыйы болып Бердімұратов Молдаш (бүгінде Сарайшықтағы тарихи мұражай кешенінің директоры), Жексенбаев Болат сынды жандары жалын атқан жас жігіттер ұжым мүшелерін толықтырыпты. Жалын жүрек жастар келгесін балалар үйінің мұғалім-тәрбиешілерінің қатары нығайып, іс алға баса беріпті. Жас келсе іске, деген, олар жүрген жер қашанда көңілді, қашанда көрікті ғой.

Менің тірлігімнің темір қазығына айналған Боранжан ағайымның ата-тегі кіші жүздегі он екі ата байұлының бірі-Жаппас руы. Арғы аталары Қаракөздің Бесбалуанының Қыстауынан Айжарық та, одан тарайтын Байсана бұл жаққа, Жайық бойына Қызылорда өңірінен келгенде төрт-ақ жаста болса керек. Ата-бабалары қоныс іздеп шығып, көше-көше осы араларға жетіп мекен теуіпті. Жаппастың Қаракөз деген бөлімі екен. Ал Қаракөзден Байсана да, одан Аймағамбет, Әли, Қали, Кенжебай, Сары, Тәжен деген ұрпақтар өмірге келіп, күллі Жайық бойына жайылыпты. Соның ішінде Әли мен Қали еншілес жүріпті. Әлиден Балтабай туылған, ол жөнінде ілгеріде өз алдына әңгімеленеді.

Ал Қалидан Әбен, Құтыл, Жексенбай, Әбіл өрген. Содан да ма екен. Құтыл мен Әбіл әуелден бір шаңырақта өсіп, қашанда қатар жүрген. Құтыл баласыз болдым деген. Әбілден туған төрт перзенттің үлкен екеуі-Сақан мен Боранжан Меңеш ана бауырына салынған. Сөйтіп екі ата да

Қонаш Қалдыоразұлы

атағын жоймай, өсіп, өркендеген. Қос шаңырақ ізіндегі ұрпақтар, Жұмазияның ертерек бақилық болғаны болмаса, өркендеп, өсіп, өрістерін кеңейтті, көсегелерін көгерте білді. Қазақтың ақсақалдары мен аналарының бауырмалдылығы мен бірлігі, сақилығы мен жомарттығы, қасиеттілігі мен құдіреттілігі де осында болса керек. Әулеттегі қызық-қуаныш, қайырымдылық пен мейірімділік ұлағатты бағытта ұрпаққа ұласты. Соның бір айқын айғағы - 1958 жылдың 3-ақпанында үйге келін түсті. Боранжан ағам мұғалімдер арасынан таңдап жүріп, өзінің жүрек қалауын іздеп тапты. Селодағы әдемі де әсем, көрікті де келбетті қыздардың бірі және бірегейі Хафиза Боранжан үйінің ақ босағасын аттап, қос ананың қолына келін боп түсті. Ә, дегеннен жас келін шаңырақты шаттыққа, қуаныш-қызыққа кенелтті. Өзі осы өңірдің қызы. Жайық бойының жайсаң қылық аруларының бірі. 1934 жылы шілде айында банкир Қанатов Бағыт пен шаруа анасы Жамалдың жанұясында дүниеге келген төрт перзенттің екіншісі еді. Анасы ерінбес егінші еді. Бауырларынан өрген төрт баланың 2-уі атасына - Қанатов, екеуі әкесіне - Бағытов болып жазылған.

- Әкемнің руы Есен Беріш болса, анам Сады Құлкеш руынан еді, 1912 жылы туған. Қазыбай деген азаматтың жалғыз қызы екен, - деді Хафиза кейін бір әңгімелескенімізде.

Хафиза әуелі Қызыл үй орта мектебінде оқиды да, кейін Махамбет орта мектебінен аттестат алады. Қызыл үй орта мектебінің директоры Құлмашев Мұқан іскер де шын педагог азамат екен. Балалардың білімге бейімделуіне, білікті болуына игі әсер етеді. Сондай тәжірибелі ұстаздан ұлағат алған Хафизалар мектептен соң кідірместен 1952 жылы Ақтөбедегі қыздар мұғалімдік институтына түсіп, 1955 жылы тәмәмдайды. Ал 1955 жылы Оралдағы пединститутқа сырттай түсіп, 1960 жылы бітіріп шығады. Еңбек жолын 1954 жылы Бақсай жетіжылдық мектебінде (директоры Бердімұратов Сембай) бастап, 1966 жылға дейін мұғалім боп істейді. Ал 1966-1976 жылдары Махамбет орта мектебінде істеген Хафиза математика, физика пәндерінен оқушыларға сабақ береді. Сабақ бергенде де сапалы білім үшін күресе білетін білікті де білімді, тәжірибелі де тәлімді мұғалім атанады. Немесе, 1976-1984 жылдары Сарайшық, Жалғансай орта мектептерінде еңбек еткен Хафиза Бағытова балалардың сүйікті мұғалімдерінің бірі және бірегейі атанады. Еселі еңбегіне орай ел құрметіне бөленіп, 1978 жылы Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі, ал 1984 жылы "Әдіскер мұғалім" атақтарын иеленді. Еңбек еткен жылдарына талай рет облыстық, аудандық оқу бөлімінің Құрмет грамоталарымен марапатталады. Хафизаның жолын қуып, математик болған шәкірттері де аз емес. Мәселен, Мурзашев Марат - кезінде аудандық оқу бөлімінде




Өмір иірімдері

әдістемелік кабинет меңгерушісі болып жемісті еңбек етті. Ол, 2004-2005 оқу жылында мектепке арнайы келіп, мұғалімдерді құттықтап, облыс мұғалімдерінің энциклопедиясы кітабының - 2 томын тарту етті. Әрине, Хафизадан тәлім алып, бүгінде биіктен көрініп жүрген математик - мұғалімдер аз емес. Бұл ретте Жаңабаева Роза, Таңатарова Роза, Орынбаева Алуаш, Құтылова Гүлназ есімдері ел арасына кеңінен белгілі. Анасы өмір бойы егінші де, әкесі өмір бойы банкіде есепші болып еңбек еткен. Әкесі 1910 жылы туған еді. 1941 жылы туысы Қанатов Кәкіш екеуі соғысқа кетіп оралмады. Хафизаның да бауырларының дені мұғалім. Апасы Қапия Қанатова белгілі педагог-тәрбиеші. 1992 жылы 60 жасында дүниеден өтті. Інісі Айтқали Бағытов Махамбеттегі Есенбай Ағелеуов атындағы орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі. Мен Хафиза апайымның бауырларын кейінгі жылдарда ғана көре бастадым.

Ал, ол жылдарда... баламыз. Балалық әуестігіміз басым. Үйге келін түсіп, той болады дегелі шашу тереміз. Келіннің бетін ашқанын көреміз деп жүрдік... Бір мезгілде көшені басына көтеріп, сап түзеп, ән салып құдалар мен құдағилар, қыз-келіншектер келеді екен. Келінді орталарына алған. Бәрі бір ғана шағын селода тұратын болғандықтан құда, келіннің қашан шыққаны, қалай келе жатқаны алақандағыдай көрініп тұр. Қыз аулына құда болып кеткен Есжанов Барыс, Кәкішев Шәмил ағайларда жас қой ол кезде. Бірі отыздан енді өтсе, екіншісі отызға әлі жетпеген кезі. Жалындаған жас жігіттер. Келіннің алдынан алып шыққан шымылдық та көрінбейді, кәмпит, мәмпәси де шашылмады. Келіннің бетін ашу қызығын да көре алмадық. Сонда ғана бұл ауылда мұсылмандықтан гөрі орысқа бейімділік жоғары екенін байқадық. Қазақ халқының қасиетті дәстүрлерінің ұмытылуға айналғанын аңғардық. Той қонақтары келін аулаға енісімен ән шырқап, биге басты. Қазақтармен бірге орыс, украин, татар және басқа халық өкілдері, яғни қыздары мен жігіттері әртүрлі өрнектегі ән-билерді бірінен соң бірі төгілдірді дерсің. Толас жоқ, тоқтау жоқ. Әсіресе, балалар үйінің тәрбиешісі Валентина Петровна Петрованың билегені, ән салғанын айтсайшы. Биді дөңгелетеді, әнді құйқылжытады. Ұлты орыс болғанмен Кавказ тауында өскен қызғалдақтай қыздың әртүрлі билерді шебер орындап, нақты білуі, әуелете әсем ән салуы көңілдерге қуаныш ұялатты. Осы апайымыздың ұйымдастыруымен балалар үйінде ән - би үйірмесі кең көлемде жұмыс жүргізіп, өткен, 1957 жылы аудандық фестивальге қатысып, жүлделі орынға ие болғанымыз бар. Жеке әнмен сахнаға шықпасамда, хорға қатысқаным бар. Хорда екі орысша, бір қазақша ән орындадық. Хорымыз жақсы шықты деп мадақталды.

Бұл шынымен Валяның еңбегі-тін. Еңбегі еш кетпегені белгілі еді.

Жонаш Қалдыоразұлы



Балалар үйінің өнерпаздары бірінші орынға ие боп, сондай дәрежелі дипломмен марпатталдық... Иә, солай... Балалар үйіне де үйрендім. Бұнда тым-тәуір жағдай бар. Тамағымыз тоқ, киіміміз көк. Кітапханада оқитындарға әртүрлі жазушылардың шығармалары мол. Апта сайын моншаға түсіп, кино көреміз, саяхатқа шығамыз. Спорттың әр түрінен сайыстар ұйымдастырылып, әлімізге қарай жарыстарға қатысамыз. Жазда мылтық ату мен суға жүзуден, қыста шаңғы, коньки түрінен дегендей... Бірақ осындай жайлы жағдайға қарамастан, місе тұтпай балалар үйінен қашып кететіндер де табылады. Өткенде бір орыс бала қашып кетіп, Боранжан аға бастаған із кесушілер үш күн дегенде Жайыққа тақау тоғай ішінде жүрген жерінен әрең тауып әкелген-ді. Ал бүгін өзіміздің қазақ баласы қашып кеткенін қайтерсің. Қайырбек деген бала. Теңіз балалар үйінен келген. Жетінші класта оқиды. Едәуір жаста, бізбен қатар. Гурьевке жеткізбей тауып, ұстау керек. Әйтпесе, жеткізбей кетуі мүмкін. Боранжан ағам осылай дейді. Жаманқалаға аудандық оқу бөліміне ішкі істер бөліміне хабарланды. Өзі ересек балалардың екі-үшеуін қасына ертіп, Сартоғай елді мекенін бетке алды. Мезгіл қыс болғанмен жаяу тартты. Ештеңеге қараған жоқ. Күнге ілесіп күн өтті. Боранжанның аналары да мазалана бастады. Үш күн өтіп, төртінші күн дегенде кешке салым қашқын бала Қайырбекті қасына ертіп, Боранжан аға мен балалар селоға да кіріп үлгерді. Мен үйде, қос ананың қасында болатынмын. Ымырт үйіріле үйге кірген Боранжанның қабағынан шаршағандық байқалды.

- Шаршадыңдар-ау, аға. Қашқын ұсталды ма? Қалай таптыңдар,- дедім мен сәлемнен соң, ағайыма елжірей қарап.

- Ұстамай қоямыз ба,- деп жымиды ағайым,- ал шаршағанымыз рас. Шай ішіп алып ұйықтайын. Сен, Қалихан, сабағыңды оқыдың ба? Аналарыңа көмектесіп жүрмісің?

- Иә, ағасы. Сабағымды оқыдым. Сіздің атыңызға кір келтірмеуге тырысамын,- дедім көңілдене.

- Жарадың, бауырым. Солай болу керек. Ағаңның абыройын ойлағаныңнан айналайын,- деген ағайым менің маңдайымнан сипап, шайға отырды.

Мен тоқсан сайын, жыл сайын сабақ оқуды және өте жақсы оқуды әбден дағдыға айналдырдым. Үздіктер қатарына қосылып үлгердім. Оның үстіне көпшілік-қоғамдық істерге де белсене араласа бастадым. Пионер дружинасында отряд кеңесінің төрағасымын. Шахмат ойнаймын, хорға қатысамын, пьесада роль орындаймын. "Аликтің әлегі" деген пьесада Алик деген баланың ролінде тым-тәуір ойнап, оқушылар ортасындағы беделім биіктей түсті. Орысша әндер мен билерді едәуір үйреніп, орындауға



Өмір иірімдері

бейімделдік. Соның ішінде "Яблочко", "Светит месяц", "Матросский танец", "Коробейники" және басқа билерге машықтандық. Менің осы жетістіктерімді көріп тәнті болып жүрген Боранжан ағайым бір күні маған Ленин комсомолы қатарына өту керектігі жөнінде кеңес берді. Оның үстіне жасым он бестен он алтыға тақау. Көп бала комсомолға он төрт жасынан бастап өтіп жатады ғой. Оларға қарағанда мен едәуір кешігіп қалыппын. Сонымен Комсомол Уставын қолыма ұстатқан комсомол комитеті хатшысы жазылған міндеттерді түгел білуімді мұқияттап тапсырды да кетіп қалды. Арада бір айдай мезгіл өтті. Мен оқушылардың бастауыш комсомол ұйымы жиналысынан кідірмей өттім. Уставты қанша білгеніммен комсомол ұйымы хатшысы тағы да мұқияттап оқи түсуімді тапсырды. Өйткені, аудандық комсомол комитеті бюросында көптеген сұрақ қойылады, деп көңілімді қобалжытып қойды.


Жаманқала мен Бақсай селосының арасы онша қашық емес. Он шақырымның айналасы. Ол не тұрыпты жас балаларға. Көлік тапшы, автобустың жоқ кезі әлі. Ақыры комсомолға өтетін төрт-бес бала хатшымызға ердік те Жаманқалаға жаяу тарттық. Аудандық комсомол комитеті бюросында қанша сұрақ қойылғанмен бәрімізде жақсы да тиянақты жауап бердік деп айтар едік. Сөйтіп, 1957 жылы 4-қазанда Бүкілодақтық Лениншіл коммунистік жастар Одағы қатарына қабылданып, аудандық комсомол комитеті хатшысы Мағазов ағамыздың қол қойған қызыл билетті қолымызға ұстап, қойын қалтамызға салдық. Ал сол күні ССРО-да алғашқы жер серігіне иттер мінгізіліп аспанға ұшырылған-ды. Бюродағы маған қойылған сан сұрақтың соңғысы да осы оқиға жөнінде болатын-ды. Мен оған мүдірмедім. Өйткені Бақсайдың көшесінде бағана басында ілулі тұратын қалақтай қара репродуктордан ертеңгілік берілген соңғы хабардан естіп алған болатынмын. Сұраққа сенімді жауап беріп, өзімнің ел жаңалығына құлақ түре жүретінімді байқаттым.

-Болашақтарың биік те жарқын болсын, бауырларым,-деп риза сезімін білдірді аудандық комсомол комитетінің хатшысы Мағазов ағамыз, қызыл түсті комсомол билетін әрқайсымызға тапсыра тұрып.

Біз күдікпен барып, ауылға үлкен үмітпен қайттық. Жаяу барып, жаяу қайтқанымызға да ренжімедік. Бәріміздің де көңіліміз көк құшып, көңілді де көтеріңкі келеміз. Есейгеніміз, санамыздың өскендігі білінді.

Уақыт өте келе қысқа да жеттік. Сол жылғы қыстың басынан-ақ қар қалың да мол түсті. Аяз да айтарлықтай қатты соқты. Селодағы үйлердің денін қалың түскен қар басып қалды. Балалар үйіне де оңай соқпады. Әсіресе, орманнан отын әкелу қиынның қиынына айналды. Мектепке

Қонаш Қалдыоразұлы



қатынау да қиындай түсті. Қалың жауып, мол түскен қар көктем туысымен ери жөнелді. Еріген қардан село су ортасында қалуға айналды. Оның үстіне Жайықтың суы да арнасынан асып, тасқын су селоны басып кетуге шақ қалды. Дереу село төңірегі тұтасымен жап салынып, қоршалды. Ауданмен және басқа жермен жол қатынасы уақытша болса да үзілді. Балалар үйіне қажетті азық-түлік, киім-кешек самолет арқылы жеткізіле бастады. Сол 1956 жылдың көктемінде село тұрғындарымен балалар үйінің тәрбиеленушілері бірлесе қимылдап, селоны судан аман алып қалуға жұмылды. Ақыры, ел, аудан, ауыл басшыларының батыл қимылы, ерен әрекеті арқасында, Бақсайлықтардың батыл іс-әрекеті нәтижесінде қаттырақ келген су қарқыны қайтып, тасқыннан қай ауылда аман қалып, жемісті жұмыс атқарылды. Балалар үлкендермен бірге қимылдап, қиын кезде табандылық танытқандарына қуанышты еді. Тығырыққа тірелген тағдырымыз тағы да жарқырап, көңілдеріміз күн шұғыласына бөленгендей сезілді.

Балалар үйінде бір жүздің үстінде бала бар. Әрқайсысының қылығы, әрекеті, оқуы да, тәлімі де, тәрбиесі де әртүрлі. Әрқайсысы әр ортада тәрбиеленгендіктен дағдылары да әртүрлі. Соның ішінде мына бір екі баланың мінез-қылығы да, әдеті де бөлекше. Бірінің аты Жігер де, екіншісі Николай. Күнделікті қылықтары да қызық. Екеуіде кішкентай, төменгі класта оқиды. Біреуі қазақша, бірі орысша оқитындықтан ба, екеуі бір-біріне удай қарсы, жау десе де боларлық. Екеуі жиі ұстасады, естері танып, әбден әлсірегенше төбелеседі. Төбелестері де қызық. Көптің көзіне түспейді. Екеуі ешкімге байқалмайтын оңаша жерді қайдан табады дейсің. Содан екеуі жұдырықпен де, баспен де, аяқпен де төбелеседі дерсің. Қызық. Шаршаса, демалып алады. Ентіккендерін басып, тынығады. Сосын соғысқа қайта кіріседі. Әбден сілелері қатып, шаршағаннан соң ғана төбелесті тоқтатып, тарқасады. Біріне-бір кек сақтамай, өзара келісіммен кетіп бара жататыны да қызық.

Бір күні кіші бесінде тәрбиеленушілердің арасындағы озат оқушыларды суретке түсіру үшін жинақтады. Мен оқу залында сабақтарымды пысықтап отырып, бұл хабарды естімей бей хабар қалыпшын.

-Әй, домсовет, сені шақырып жатыр,- деді есіктен сығалаған төменгі кластың бір баласы. -Боранжан ағай тез тап та айдап кел деген, тұр орныңнан, түс алдыма. -Тақ-тақ еткен әлгі бала осылай деді де тұра қашты. Реті мені, тұра қуып, ұстап алып, емімді береді деп ойласа керек. Есік жаққа бір қарадым да, сабағымды пысықтап отыра бердім. Көп уақыт өтпей тағы бір бала келді жүгіріп.



Өмір иірімдері

-Клубқа шақырып жатыр,-деді бұл бала.

-Кім, не үшін шақырып жатыр,-деп мен әлі де тұрғым келмей, орнымнан еріне қозғалдым.

-Боранжан ағай, суретке түсу үшін дейді. Ауылға суретке түсіретін келіпті,-деген екінші балада кері-бұрылып жүре берді.

-Жарайды, қазір: -Мен жай басып, жалпақ алып, асықпай барсам балалардың дені суретке түсіп үлгеріпті.

-Әй, домсовет қайда жүрсің? Манадан сені күтіп мазамыз кетті,-деді Бетховен белсендісіп.

-Оқу залында отырғам. Сабақтарымды әзірледім. Сенің келіп, сабақты бірге оқимыз дегенің қайда, Бетховен,-дедім мен. Бірақ домсовет деген не сөз екенін түсінбедім.

-Ләңгі ойнап қалыппын. Сосын кешке де оқимын ғой,-деді Бетховен.

-Бетховен, білсең айтшы, домсовет деген не сөз,-дедім оған сұраулы кейіппен қарап.

-Оны қайдан білейін, жұрт айтқасын айтып жүргенім ғой,-деді ол да иығын қиқаң еткізіп.

-Бетховен, ләңгі ойнаудан шаршамайсыңдар-ау. Тығылып алып ойнайсыңдар да жатасыңдар. Одан не пайда осы. Оданда домбыра тартып, ән айтуды үйренбейміз бе? Маған домбыра үйретіңдерші?-дедім оған иықтаса тұрып.

-Ләңгі деген спорт қой, аяқ, қолың жалпы бар денең шынығады,-деді Бетховен ойындарына шаң жуытпай, - ал домбыра үйренем десең үйірмеге келмейсің бе?

Бетховен-Бектаза аласа бойлы, шағын денелі, шегір көз, қимылы шапшаң бозбала. Менің Жылыойдан бірге келген досым, кластасым. Қолы шебер. Музыкалық аспаптарда да шебер ойнайды. Әсіресе, мандолинада ойнағанын айтсаңшы.

Абыр-дабыр боп, балаларда суретке түсіп болды. Ішінде үздік оқитыңдарды жеке-жеке түсірді. Жалпы балалар үйінің тәрбиеленушілерін суретке ескерткішке деп кластар бойынша топтап-топтап түсірді.

-Боранжан аға, домсовет деген не сөз,-дедім балалар суретке түсіп болып тарағасын, оңаша сәтінде.

-Е, ол, Қалиханжан-ау, білгіш, ұғымтал, зерек, басы алғыр деген сөзді білдіреді,-деді ағайым түсіндіріп. -Расында да сенің басың сол сөзге лайық. Өмір бойы солай аталып өтсең өкінбейсің.

Көкейімде дудәмал болып жүрген сөздің мағынасы мен мәнін ұғып, жақсы сөз екенін түсініп, көңілім көтеріліп қалды. Бұл сөзді баста Боранжан ағайым айтқанын бір естіп қалғанмын. Бірақ ол кісіден бұл

Жонаш Қалдыоразұлы

сөздің мағынасын сұраудың сәті түспей жүрген-ді. Бүгін сөз мағынасын естігесін қуанышым қойныма сыймай, ел айнала жүгіріп, айқайлағым келді. Бірақ Боранжан ағайым қасында тұрғасын ұят сақтап, кідіріп қалдым. Сөйтіп, күн өткен сайын үйренгенімнен үйренерім көп болып, Боранжан ағаға бауыр басып, бірі аға, бірі іні болып бауырласа бердік.

Балалар үйіне ілкі барған жылым. Оқу жылы аяғында бірнеше пәннен емтихан тапсыруға тура келді. Сол емтихан кезінде басымнан бір хикая өткені бар. Әсіресе, математика мұғалімінің қорлығы мен зорлығына шыдай алмай шатасқаным бар. Ол қиындықтан да Боранжан ағайым құтқарғанды. Сол жөнінде көп жыл өткен соң "Ұстазым" деген әңгіме жазғанмын. Кейін ол "Махаббат әні" деген жинағыма енді. Ендеше сол оқиға қалай болып еді? Көңіл сарайынан тағы бір өткізіп көрейін...

Математика пәнінен жазбаша емтихан тапсырдық. Барлық есепті өз бетімше шығарып, тапсырманы дұрыс әрі мезгілінен бұрын орындап, тапсырдым да балалар үйіне кетіп қалдым. Арада екі-үш күн өтті. Бір күні емтихан бағасын тыңдауға шақырды. Емтихан қорытындысы бойынша менімен көрші отыратын бүйрек бет, әдеміше қыз Мүслима бес алыпты да, маған үш қойылыпты. Мен шыдай алмадым. Бұл жағдай намысыма тигендей әсер етті.

-Бұл дұрыс емес ағай,-деп бұжыр бет математик мұғалімге қарағам. Ол мені менсінбегендей ежірея қарады. Сосын: - кластан шығып тұр, - деді.

-Жарайды,-дедім де кластан шыға қашып өкірумен Боранжан ағайыма жеттім.

-Не боп қалды, балапаным,-деген Боранжан ағайым мені кең құшағына алды. Мен болған жайды айтып бердім. Мейірімі мол, пейілі кең, жүрегі дархан, жаны жомарт, ұлағатты ұстазым Боранжан ағайым мені басымнан сипап, маңдайымнан иіскеп, арқамнан қағып біраз тұрды.

-Бұл жерде бір білместік болған ғой, Қалиханжан. Сабыр сақта. Ашуға емес ақылға жеңдір. Бір жөні болар, математикадан беретін ағайыңмен сөйлесермін,-деген Боранжан ағайым мені қолтығына қысып, қыран жанарын қияға қадап үлкен ойдың өрінде тұрғандай сезілді. - Намысың бар екен, намысты болған жақсы. Бірақ арсыз болма, арың биік болсын.

-Енді сөйлесудің не жөні бар дейсің. Бұл барып тұрған әділетсіздік,-деп бұрқылдадым мен әлі де ашуым басылмай. -Біліміңді біліктілікпен бағаламағасын...

-Оның рас, Қалиханжан. Өмірдің өзі әділдік пен әділетсіздіктен тұрады.



Өмір иірімдері

Әділдік үшін өмір бойы, күресушілер болған, болада береді. Бірақ жеңіске жету екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол үшін үлкен жігер, намыс, күш керек. Жігерсіз адам жасық келеді, намыссыз адам нашар болады, әлсіз адам айқайшыл боп, бажылға, айқай шуға үйір келеді. Ондайдан осы бастан аулақ болып, шыншылдыққа, турашылдыққа, әділдікке үйір болғаның жөн,- деді ағайым әлі де мені тынышталдырайын деген кейіппен әрі-беріден сөз қозғап. - Өсе келе өмір өзегінде жамандық пен жақсылықты, азғындық пен адалдықты, есерлік пен естілікті, әр мен әсіре қызылдықты, әділдік пен әділетсіздікті, өтірік пен шындықты, даналық пен дарақылықты, ақтық пен қаралықты, адалдық пен залалдылықты айырудың ақ жолын тауып, биікке ұмтылуға бел байларың ақиқат. Ләйім азаматтықтың асқар биігінен көрінер, көңілі көрікті, жаны жайдарлы, жүрегі жарқын жайсаң жігіт болуыңа тілектеспін...

Ағайымның ақ ниеті мен адал сөзін тыңдаған мен ашуым басылып, көз жасым құрғап, тыныш таптым. Әлі де әсем де әдемі әңгімесін айта түссе дей бердім.

-Қалиханжан, болашағың да, бақытың да алдында. Өмірде әлі талай тартысты күндерді көрерің аян. Қиындықтан қаймықпауға тырыс, әсіре қызыққа еліктегіш болмағайсың. Бүгін осылай зорлыққа тап болсаң, ертеңгі күні, өскесін, азамат боп, жігіттікке жеткен шағыңда елің мен жеріңнің иесі, болашақ тұтқасы болмасыңа кім кепіл? Сенің саналы да сергек сезімді жігіт боларыңа сенемін,- деді Боранжан ағайым әңгімесін одан әрі өрбітіп. Шынайы әңгіменің, ағайымның пәк ниетінен мен жазылып сала бердім...

Үшінші шегініс

ҚӨЛ ЖЫЛА ӨЛКЕН СОҢ

Уақыт өткен сайын Боранжан мен Хафизадай жас отау иелерінің игілікті істері ізгілікке бастады. Жандары жарасып, жүректері жұптасқан екеуінің ел алдындағы беделі мен мерейі биіктеп, күн өткен сайын мәртебелері өсе түсті. Жыл өткен сайын өмірге келген ұрпақтар да олардың абыройын асқақтатып, атағын алысқа әкете берді. Оның үстіне Боранжан шаруашылықтарда партком хатшысы, Кеңес төрағасы, мектеп директоры іспетті лауазымдық жұмыстар тұтқасын ұстап, тағын иеленді. Бірақ бар істе әділ, тура жұмыс жасады. Сөйтіп, ол адамдар тәрбиесімен, тәлімімен тыңғылықты айналысып, елдің көркеюіне, экономиканың нығаюына, мәдени-әлеуметтік жағдайының жақсаруына жүйелі үлес қоса алды.

Қонаш Қалдыоразұлы

Шаңырақ шаттығын шалқытып, Боранжан мен Хафизаның бауырынан өріп, балапандай өмірге баулынған, тірлікке бейімделген Нұрлыбай, Гүлназ, Мұқтар, Роза, Махамбет, Райсадай ұлағатты ұл-қыздардың өскенін, өнгенін көрдік. Олардың бәрі де бүгінде бір-бір азамат, шаңырақ иесі, әке мен ана арманын іске асырып жүрген, нарықтық экономиканың қиындығына қайыспай, қайсарлық танытып жүрген жайсаң жігіт, қадірлі қыз боп қалыптасқаны қуантады, әке беделі мен абыройына нұқсан келтірмеуді басты мақсат санайды.

Ұрпаққа берер Хафизаның да өнегесі мен үлгісі аз болмады. Еңбек ете жүріп, бала тәрбиеледі, қос бірдей енені ерекше күтіп, көпшіліктің көңіліне ұнай білді. Ауылдың үлкен келіні атанумен қатар, ауыл-үйдің қонақ шақырған кезінде қызметкері бола білген Хафиза қадірімен көп көңілінде қала білді. Енелердің шын батасын алған келін Хафиза келген қонақтарға қылығымен де, қадірімен де құрмет тұтылды. Ол ерінбейтін келіндікпен қатар, өнерді өрге өрлетті. Әр шаңырақтың қызығы артуы үшін шын ниетімен, ақ пейілімен қызмет қылатын ол. Анығын айтқанда Боранжан мен Хафизасыз бірде-бір үйде қонақ шақырылмайтыны елге аңыз боп тарады.

-Менің елге сыйлы боп, қадірлі келін атануым үйдегі қос енемнің қамқорлығы деп түсінем,-деп еді бірде Хафизадай ұлағатты ұстаз, ардақты ана

Шәләй - бәләй, деньги давай,

Біз жүрміз қатын алмай, деп кейбір қылжақбас қайныларының қатты қалжыңы, әсерсіз әзілінде көтеруге тура келетін Хафизаға. Бірақ ол біріне де ренжімейді, орынсыз өкпелемейді. Кім-кімді де майда сөзімен, шын пейілімен, риясыз ниетімен риза ететін

Қос ананы күте білген Хафиза, бала тәрбиелеуді арттырғанда Хафиза, қонақ қабылдауда қабақ шытпайтын да Хафиза, қай көршімен де тату болған Хафиза, өсек сөзді бір білмейтін Хафиза деп атақ алған адам бұл. Үйдің жақсылығын қыс түскенде білерсің, көршінің жақсылығын басыңа іс түскенде білерсің, деген, қай көрші көмек керек боп қиналып жатса Хафиза әзір. Хафиза жөнінде бірқатар адамдармен, зиялы қауым өкілдерімен пікірлескенмін. Олар сонда не деді дейсің?

-Боранжан мен Хафиза интелгенцияның шынайы өкілі-тін. Екеуі де ерекше туған жандар. Хафиза ауылдағы аналардың символы, - деді Жалғансай селосының әкімі.

-Жақсы мектеп, білімді ұстаз-ұрпақ бақыты. Ұстаз шәкірті білімді болса бір мерей. Қоғамдағы өзгеріс, оқудағы реформа, мектептегі игілік сіздер



Өмір шірімдері

салған сара жол деп білеміз. Кейінгі толқын ұстаздар сізді мұғалімнің ең биік табысы, көрінісі,-деп сезінеді,-деп еді мектеп директоры. -Сіздердің өнегелі өмірлеріңіз, үрдіс еңбектеріңіз бізге үлгі қашанда.

-Менің жездем мен апам елдің еркесі атанып, серкесі бола алды. Біздің үйде де қос кемпір болды. Сонда Боранжан мен Хафиза төрт кемпірдің арасында еркелеп өсті,- деген Хафизаның кенже інісі Айтқали. -Әкеміздей болған жездемізге, анамыздай болған апамызға аса риза едік. Әншілігі мен бишілігі бір бөлек әңгіме апамыздың. Лотоны да шебер ойнайды, шешен сөйлейді...

-Сарайшықта Боранжанмен жұмыстас болдым. Селолық кеңес төрағасы еді. Барғаныңда жылы шыраймен жымиып қабылдайтын. Алдына қойған жұмысыңды жүйелі орындауға бар күш-жігерін салатын, міндетті түрде орындау жағын ойластыратын,- деген құрметті құдағилардың бірі. - Берекелі бақытты, бірлігі артқан тірлікті осы шаңырақтан көріп көңіліміз қуанатын.

Иә, адамға бұдан артық баға, бұдан артық бақыт болар ма.?

Екінші арна

Бірінші шегініс

БОЛАТЖАН ЖӘНЕ БАЛАЛАР АЛҒАШҚЫ ЖЫЛАДАРДА

Біз осы бір сұңғақ бойлы, жалын жүрек, жайсаң мінез жас жігітпен араға бір жыл салып қайта қауыштық. Қауышқанда да қуана-қуана қауыштық. Оның Кеңес Армиясы қатарында қызмет істеп, бір жылдан соң асыраушысы жоқ деген кемпір-шалдың арызы бойынша мезгілінен бұрын ауылға оралған беті болатын-ды. Әскерге 1955 жылы қыркүйекте кеткен Болатжан 1956 жылдың желтоқсанына дейін, айтысына қарағанда Приморье өлкесіндегі Кенск селосындағы Әскери бөлімінің №346 зенитшілер полкінде взвод командирінің көмекшісі боп қызмет істепті.

Ұзын бойына мәлінгіп әскери ұзын шинель киген жас жауынгерді ілкі көргенімізде, мына орыс солдат қайдан келіп қалды деп оқшырая қарағанымыз да шын еді. Бірақ Болатжан екенін таныдық та бұрынғыша

Қонаш Қалдыоразұлы

бауыр басып жүре бердік.

Иә, әскер қатарына кеткенше ол бізге пионер вожатый болған. Сидандау келген, сұңғақ бойлы, көкшіл көз бозбала жігіттің жалын атқан кезі еді. Әр істі қызығушылықпен атқарып, әр кластың балаларын бауырына тарта, біріге жұмыс істеуге жалықпайтын. Елгезек жігіттің ептілігі ерекше еді. Шапшаң қимылдап, шапқылап жүретін. Бізге ол үлгі өнегесіндей көрінетін. Шынығам десең спортты сүй, өрге өрлейім десең өнерлі бол, деп жүріп, өзі де спорт пен өнерді жанындай жақсы көріп, ғашық жандай сезінді. Шынайы да шын көңілімен айналысып, балаларды баули білетін. Әскер қатарына кеткенше балалар үйінде жас лениншілдер арасында пионер жұмысын парасат-пайымен жүргізген Болатжан бар баланың көңіліне жылы ұялап, берік орын алған-ды. Ал оған жеткізген оның спорт пен өнерді өмірлік мұраты, биік мақсаты етуі еді...

...Балалар үйіне келіп, орналасқан соң-ақ мені ерекше өзіне құштар еткен ерен жандардың бірі осы Болатжан. Алғашқы күннен-ақ әдемі әзілі, әсем әңгімесі жанымды баурап алды. "Жігітке жеті өнер де аз" деген. Ол балалар арасында домбыра оркестрін құрды. Оған мен құралыптас балалардан Жарас, Нәсіп, Бектаза, Итемген және басқалары қатысты. Солардың қатарында қазақтың киелі домбырасының бірін ұстап менде жүрдім. Болатжан бізге орысша, қазақша әуендер мен әндерді, күйлерді, әр ұлттық би саздарын тартуды үйретті? Шағын пьесалар қойып, оған бір топ баланы қатыстыра алды.

Болатжан спорттың ішінде волейболды шебер де сүйкімді ойнайды. Әр қимылы бір өнер, көз ілеспейтін шапшаң құдды мысық дерсің. Қандай қиын жағдайдағы доптарды да жеңіл қабылдап, қатарлас ойыншысына нақты бере алады. Әртүрлі қашықтыққа жүгіруден, секіруден, мылтық атудан ол үздіктердің бірі. Осының бәрін ол он сегіз жасқа дейін қайдан үйреніп жүр деп іштей таңқаламыз, кейде балалар боп басымыз қосылса әңгімелеп жатамыз. Елгезек, шапшаң қимылдайтын жігіттің жігері мықты, рухы күшті көрінетін.

...Ілкі күннен бастап Болатжан балалардың шын досына айналды. Үнемі іздеп тұратын болдық. Көрінбей кетсе көңілсіз боп жүреміз. Қасымызда жүрсе қуаныш, қызықты бастаушы. Әр балаға лайық тапсырма жүктеп, орындалуын қадағалайды. Білмегенін үйретеді, үйренуіне көмек етеді.

...Міне, араға жылдан аса уақыт салып әскер қатарында қызмет істеп келген ол ортамызға қайтып оралды. Балалар қуанышында шек жоқ. Бұрынғыдан да ширай түскен, бұрынғыдан да сымбаттана түскен Болатжан қара домалақтарға қырандай көрінді. Келбеті келіскен жігіт



Өмір иірімдері

боп шыға келіпті. Әскерден оралған Болатжан көп кідірмей бұрынғы жұмысына қайта шығып, іске кірісті. Балалар оны төңіректеп, үнемі соның қасында топтасып жүретінді шығарды.

Болатжанның да балалар дегенде жаны бөлек. Әрқайсысын туған бауырындай сезініп, құшағына алып, басынан сипап, арқасынан қағып, айналайын деп айналып, ағалық пейіл танытып жүргені. Сөйтіп, бір күнге бір күн жалғасып, қызығы мол, думанды дәурен, бал татыған балалықтың қылықты кезеңі өтіп жатты.

Соның ішінде оның маған деген көңілі ерекше. Басқа балаларға қарағанда бөлектігі сезіліп-ақ тұрады. Жаны бірге інісіндеймін.

Бір күні мені Болатжан оңаша орманға алып кетіп, біраз қыдыртты. Таза ауада едәуір жүрдік. Ол маған шаңғы үйретпек екен. Қар үстінде шаңғымен жүріп-тұру, сырғанау сырларын ұқтырды. Бірнеше сағат бойы қалың тоғайды, Жайық жағасын кезіп, селоға кешендеу қайтып келе жатқанбыз. Кенет ол мені әңгімеге тартты. Әуелі ата-анам туралы сұрады. Неге сұрады екен? Қапелімде не дерге де білмей, оның үстіне Болатжанның түпкі ойын тоқсара алмай тоқтап қалғаным шын. Кідіре түсіп барып жауап берген болдым.

-Әкеміз соғысқа кетіп оралмапты, анамыз сол сұрапыл жылдарда бақилық болыпты,- дедім жауабымды күмілжігендей бір түрлілеу қайтарған сыңайлы.. -Ата-анасыз өсіп, өмір өткізіп келеміз ғой...

-Ол қиынның қиыны, Қалихан,- деді Болатжан, әлде бір әңгіменің ұшығын шығарып,-біздің де әкей майданда майып болған..

Ол кідіріп қалды. Көкшіл жанарын батысқа ойысқан күн нұрына, көкжиекке, қар жамылған ақ далаға аударып, азын-аулақ үнсіз тұрып қалғандай сезілді маған. Үндемеді. Үнсіздікті мен бұздым.

-Неге кідірдіңіз, айта беріңіз, ағасы,- деп мен оған қарадым. Ойын жинақтап, әлде бір жайдан хабардар еткісі келген Болатжан әңгімесін әрі жалғастырып, маған біраз жайды айтып салды.

-Біз мына аға тәрбиеші Боранжан ағамен екеуіміз бір атадан бір туған бауырлар болып келеміз, - деді Болатжан өз әңгімесін одан әрі жалғастырып, - он екі ата бай ұлында Жаппас деген рудан тараймыз. Егер өрістете айтсақ былай. Жаппастан Қаракөз, одан Бесбалуан, одан Қыстау, Қыстаудан Көпжасар, ал одан Байсана. Байсанадан Әли, Қали, Тәжен және басқа да ұрпақтар туып, тараған. Соның ішінде Қали атамыздан Құтыл, Әбіл, Жексенбай өрген. Ал мен Жексенбайдан туған Сары деген кісінің Дүйсенбай деген баласынан туылған ұрпақпын. Әкем 20 жасында, 1936 жылы мені көріп, өмірге ізбасары келгеніне қатты қуаныпты.

Жонаш Қалдыоразұлы

Мен үнсіз ғана Болатжан аға әңгімесін тыңдай түсіп, көкірек сарайыма нұр сәулесін төккен күн нұрындай орнықтыра бердім. Ол өзі жайлы, ата-анасы турасында толғана сөйлеп, ата-анаға деген құрметі мен ілтипатын берік білдіре түсті. Бұл менің бала көңіліме қуаныш сезімін құйғандай еді.

-Әкем Жексембаев Дүйсенбай Сарыұлы 1916 жылы Бақсай селосында шаруа жанұясында дүниеге келген-ді. 1930-1931 жылдары Гурьев қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курстан, 1932 - 1934 жылдары Қызылорда қаласындағы арнаулы мұғалімдер курсы бітіріп, педагогтік білімін тереңдете түсті. Ал, 1934-1935 оқу жылында бұрынғы Есбол ауданының Зеленый орталау мектебінде директор болып басталған еңбек жолы, 1939-1943 жылдары Есбол аудандық оқу бөлімінде аға инспектор, оқу бөлімі меңгерішісі боп істеді,-деп жалғастырды әңгімесін Болатжан ағайым. - Ұлы Отан соғысы кезінде майдан шебінде қалған республикалардан эвакуацияланған балаларды қабылдап, орналастыру жұмыстарын атқарды. Ол балаларды тәрбиелеу қиынның қиыны еді. Бірақ әкем әділ де шыдамды кісі еді. Шыдай білді, нарлық көрсетті. Әр шалғайдан келген, әр ұлттың балалары еді олар. Әр шаңырақта әрқалай өскен қиқар қылықты, қырсық мінезді балаларды барынша тәрбиелеу үшін темірдей төзім, жұқармас жүйке керек екені белгілі емес пе?! Ол менің әкетайым бойынан табыла білді.

Соғыс жылдарында біздер жанұямызбен Бақсайда тұрдық. Киіз үймен отырдық. Үйде түн баласы жарық жағылмайды. Ас-суымызды жарықта ішіп алып, күн батпай жатып қаламыз. Немістердің самолеттері түні бойы гүрілдеп, дүрілдеп үстімізден ұшып, өтіп жатады. Дауысы-ақ зор және қауіпті. Қайда баратыны да белгісіз. Бала болсақ та біздің ауылға да бомба тастап, шабуыл жасар ма екен деп қауіптенеміз. Әкеміз өзі сұранып 1943 жылдың 3-наурызында майданға кетті. Ол кеткен жылы мектеп есігін ашып, бірінші класқа бардым. Кішкентаймын, бірақ пысықшамын. Анама көмектесіп, қолқабыс жасаймын. Отын, суын тасысамын. Азғана малды күтісіп, баптаймын. Сталинград майданына түскен әкемнен сиректеу-сиректеу хат келіп тұрды. Оның өзі анама, маған және ауылдастарыма, ағайындарға үлкен медет, күш беретін еді. Бірақ көп ұзамай біз асқар тауымыздан, медет пен күшімізден айрылғанымызды білдік. 1943 жылдың 27 желтоқсанда әкеміз Сталинград майданында ерлікпен қаза тапқанын естідік. Сөйтіп, мен де әкесіз өскен бейбақтың бірімін...

Менен жақсысың ғой, әкең болмаса анаң болды деуге шақ қалдым. Бірақ айтпадым. Есесіне оған өзгеше сұрақ қойып, әңгіме бетін бұрғым келді.



Өмір иірімдері

- Мынау кімнің моласы,- дедім жолай қапталымызда қалып бара жатқан, оқшау тұрған, әдемілеп ағаштан ойып салынған бейітті көрген бетте нұсқап.

- Біздің жерімізде, яғни Жайық бойында орыс көпестері көп болғанға ұқсайды. Соның бірі Ходин деген аса бай болған, елге жайсыз, тас сараң кісі болса керек. Елде, Жайық жерінде де Кеңес өкіметі орнап, бай-кулактарды қуғынға алғанда көбі Оралды бетке алып, одан әрі Ресей еліне қарай қаша бастаған. Сол Ходиннің малын осы өңірдің тұрғылықты қазақтары, ішінде біздің де тумаларымыз бар, баққан ғой. Солардың еңбегін қанаған көпес Ходин де қашуға бет алғандардың бірі бопты. Әкем айтып отыратын: Оңбаған, сұмырай адам ол. Ел іші астан-кестен, аласапыран боп жатқанда сол көпес бір қапшық алтынды бір молаға көміп, қашып кетті, деп.

- Мынау не, сол алтын көмілген мола ма? - деппін жұлып алғандай.

- Жоға, бұ да бір көпестің моласы да. Бірақ бұнда да аз дүние болған жоқ. Жергілікті халық кезінде пайдаланды-ау деймін,- деді Болатжан әңгімесін әрі жалғап.

- Сол алтынды тауып алсақ, Болатжан, аға. Күллі Жаппас болмағанмен Қаракөздерді қарық қылар еді... Бұл әңгімені қалай айтып қалғанымды өзімде аңғармай қалсам керек. Көзім жыпылықтап, Болатжан ағай ұрсып тастар ма екен деп, жаутаң-жаутаң қарай бергенім бар...

- Жоқ, Қалихан. Ол алтын табылып жатса әуелі жетім балаларға жақсы киім-кешек, оқу құралдарын, төсек-орын, азық-түлік алынар еді. Көріп жүрсің ғой, тиянақты жетісіп кеткен түріміз жоқ. Тапшылық бар әлі де. Бұндағы әр адамның балаға деген пейіл-ниеті, ыстық ықыласы мен ынтасы, қамқорлығы бөлек екені белгілі. Бала болсаңда байқап жүрген шығарсың. Бар жақсылық балаларға болсын деген әсем ой, әдемі тілек әлдеқашаннан әр көңілде тербетіліп, көрікті жалғасын тапса дейміз. Үкіметте аянып жатқан жоқ, оны бәрі біледі. Бірақ, "қысқа жіп күрмеуге келмейді" деген, жетпей жатса керек... Ал алтын бір жерге көмілгенімен көшіп жүреді дейді ғой, табылмас...

- Сонда Бақсай ауылы алтынның буына балқыған мекен болды ғой. Япыр - ай, қандай ғажап десеңші,- дедім мен таңданысымды да таңырқағанымды да жасыра алмай, бір жағы Болатжан ағаның әсерлі әңгімесіне құмарлығым артып.

- Біздің өңірде алтын көмілген жер бір бұл ғана емес,- деді Болатжан аға әңгімесін одан әрі жалғастырып, -Гурьевке қарай жүрген жолда Жайық бойында Сарайшық деген елді мекен бар. Өз алдына ол Алтын Орда мемлекетінің орталығы болған.

Қонаш Қалдыоразұлы

"Сарайшықта бар дейді,

Жеті ханның моласы" деген бар Шынияз ақынша айтқанда. Кейбір жазба деректерге қарағанда бұнда Тоқтаға, Өзбек хан, оның ұлы Жәнібек, Бердібек, қазақ мемлекетінің алғашқы ханы Қасым, одан бергі Хақназар, Сырым қолынан қаза тапқан Есімханның өзі осы Сарайшықта жерленген сыңайлы айтушылардың әңгімесіне қарағанда. Бірақ келешек ғалымдар бұның бәрін зерттейді. өйткені, әрқайсысы тұнған тарих, терең шежіре, әсем ой-сана...

Болатжан ағайым әдемі әңгімесін әрі қарай жалғай түсті, мен тыңдай бердім. Бір сырынан бір сыры қызық шертілген шынайы әңгіме мені әсемдік әлеміне, аңыз ауылына, қиялдар мен ғажайыптар еліне еліктегендей еді. Әйтпесе, мына аңызды тыңдап көріңізші.

Сарайшықтың күн шығысында Секер көлі деген орын бар. Оның да өзіндік аңызы, тұңғық тұнық сыры жоқ емес. Айтушылардың әңгімесіне қарағанда Сарайшықты билеген Жәнібек хан тұсында аса бай бір кісі сол қалада тұрыпты. Сағынып көрген, зарығып көрген, жан дегенде жалғыз перзенті - қызғалдақтай қызы бар екен. Әкесі қызының жыл өткен сайын гүлдей жайнап, құлпырып өсіп келе жатқанын көріп, көңілі толып, көңілде қалатындай сыйлық жасауды ойластырыпты. Сөйтіп, күндердің күнінде әдемі де әсем көл жасатыпты. Сол көлге әр түрлі балық өсіріп, көңіл қуанышын өсіретіндей жайға келтіріпті. Өйткені, ертеңгі және кешкі салқында көлде шоршыған балықтардың алтын бауыры күн нұрымен шағылысып, әсем бір көрініс беретіні байдың көңілін биіктете түседі. Көктем мен жазда көлден аққу мен қаздар қонақтап, құстар үні үзілмейтін болыпты. Осынау ойы биік, зейіні зерек, ақылы асқан кісі сол көлде қызының қызықты серуен құруын қалағандықтан алтыннан қайық жасатыпты. Сом алтыннан жасалған қайық көздің жауын да алатын еді. Алтын қайықпен күнде кешкілік ай жарығымен серуен құратын қыз өзінен алыс кетпей қатар жүзетін аққу, қаздарға секер, жем шашып қызықтайды екен. Күндердің бір күнінде сол қыз кенеттен айықпас ауруға, қисынсыз кеселге тап болып, дертке ұшырапты. Кімге қаратса да қызға көмегі болмапты. Емшіден емші қоймай ел кезіп қызына ем іздеген әкесінің еңбегі еш болыпты. Дерт қажытқан қыз жаны күн сайын төмендеп, қаншама тәуіп, емші, білгір балгерге қаратса да беті бері қарамапты. Ақыры гүлдей құлпырып, күндей жайнап өсіп, айдан да асқан сұлу да сымбатты ару атанған бойжеткен қыз көп ұзамай көз жұмып, бақилық пенде бопты. Қызының тура келген қазасы, қайғы жұтқызған қасіреті әке қайғысын ұлғайтып, бір сәтте нардай шөктіріпті. Жалғызынан айрылған бай азалы күй кешіп, қамкөңіл күйде қара жамылып, қайғы оранған, үстіне келіп



Өмір иірімдері

қаншама халық көңіл айтса да еңсесі көтерілмейті. Қызының жұмбақ өлімі оны қатты өкіндірген сыңайлы. Сағы сынған бай біраз уақыттан соң өзін-өзі бекіндіріп, жиналып келген еліне, жұртына, қаумалаған халқына шері мен мұңын, қайғысы мен қасіретін, зары мен жасын төге тұрып былай депті: Уай, еңсемді көтерген елім, қадірімді арттырған халқым, жағдайыма жанашыр жұрттым, болар іс болды. Қызғалдақтай құлпырған қызым көктей солды. Маған да оңай тимей тұр. Аллаһтың ісі болар пендесіне жіберген, көнбеске шарам бар ма? Менің қайғы-қасіретіме ортақ боп көңілдеріңді білдіріп, келіп жатсыңдар, жоқтасып жатсыңдар, бәріңе көп рахмет. Ендігі айтарым - көңілімді жұбату үшін қызымды отыз күн аза тұтамын. Содан соң ғана қызымның қырмызы денесін Жер - Ана қойнына бермекпін. Оған дейін алаңсыз жұмыстарыңды жасап, үйлеріңде болғандарыңды қалаймын. Маған алаңдамаңдар, хабар өзімнен болады депті. Бұған иланған жұрт үйді-үйіне тарасып, күнделікті тіршілік hareketіне кіріседі. Ал көңіліне өзгеше ой түйген бай өзіне сенімді деген қарулы келген жеті жігітті іріктеп шақыртады. Ауыл маңынан аулақтау, сай жағасынан ерекше және кең терең етіп қабір қазуға жібереді. Көп ұзамай белгіленген деңгейде қабір қазылып болып, өлген қыз алтын қайығымен бірге жерленеді. Және бұл іс аса шапшаң да тез, құпия да қапысыз атқарылады. Сәлден соң мың қаралы жылқыны жас қабір үстінен әрлі-берлі айдатып, қабір қазылған жердің бедері білінбей, шаңын аспанға шығарады. Ал көп ұзамай қабір қазып көмген жеті жігіттің де басы алынып, жаны жаһаннамға жіберіледі. Сөйтіп, бай өз қасіретін өзінің қаралы ісімен басқандай болады. Ал оның өз қызын жасырып көмуде қандай құпия бар, әлі күнге ешкім білмейді.

Әрине, бұл аңыз да болуы мүмкін. Бірақ қаншама аңыз болса да түп негізінде бір мысқалдай шындық болуы және мүмкін. Міне, содан бері қаншама жылдар, ғасырлар өтті десеңші. Ал алтын қайығымен көмілген қыз қабірі іздеушілерге бір табылмай-ақ қойды. Ең жұмбағы да осы болып тұр. Әлбетте, біздің сондай жерде алтынымыз бар деуге болады.

- Япыр-ай, алтынға бай ел екенсіздер ғой,- дедім таңдана, таңдай қаға. - Балалар үйінің барлық баласын жауып іздесек қайтеді, Болатжан аға, мүмкін табармыз.

- Қалихан - ау, қайтеміз оны, босқа әуре боп, табылмас,- деген Болатжан аға ауылға қайтпаймыз ба дегендей сыңай танытты.

- Аанада қашқан балаларды қалай тауып алдыңыз, алтынды да сол құсатып іздейміз. Табылады-ау, осы ағасы. - Мен еліктей түстім.

- Адам іздеу бөлек те, алтын іздеу бөлек қой. Адамды көрген-білген, байқағандар болуы мүмкін, сұрайсың емес пе?

Қонаш Қалдыоразұлы

- Ендеше екі мәрте қашқан балаларды қалай ұстадың, айтсаңызшы?

- Е, оны айтуға болады,- деген Болатжан ағайым, көкжиекке күлімдей қарап, көкшіл көзін көк шулан аспанға ұзақ қадады. - Онда да күн осындай ашық болды. Қыс күні еді. Барсаевты айтамын, әлгі қашқын бала, бір қашқанда екі қашты. Біріншісінде Гурьевтен әрі асып, Доссорға бағыт алған жерінен ескі Ескенеден бір ұстадым емес пе. Екінші қашқанында да Таңдайға жете бере тап басып ұстадым -ау. Баланың қулығын айтсайшы, грейдермен де қашпайды, молалардың сыртымен зыта беріпті. Балалар үйінен шыққаннан ізіне түсе алдым. Ал ана Ригошкин деген шырақ пароммен арғы бетке өтіп, шалғайдағы ауылдың біріндегі жұнтөстердің арасына қосылып үлгеріпті. Үш жігітпен бір жүр. Солардың жатқан жеріне батылдықпен кіріп баруға тура келді. Қайтемін, жанды шүберекке түйіп араларына кіріп бардым да баланы жетелеп алып шықтым. Үшеуі жабыла кетсе мені жеңеді ғой. Бұны көзсіздік десе болар ма. Әйтеуір, балалардың амандығы мен өмірі үшін басты қандай бәйгеге де тіктік қой, бауырым. Оның шетін өзің де көріп, естіп келесің ғой.

- Боранжан ағаны туғаным дедіңіз ғой, ол қашан жұмысқа кірісіп, ұстаздық жолын бастады, - деп тағы бір көлденең сауалды қойып қалдым. Өйткені Боранжан ағайым турасында көбірек білсем дедім.

- Боранжан ағайым 1949 жылы Гурьевтен педучилище бітірді де маған сабақ берді, - деп жалғастырды әңгімесін Болатжан ағайым. - Бірде қатты таяқ жедім.

- Кімнен, не үшін?

- Боранжан ағайымнан. Өзімнің де обалым жоқ. Тентекпін.

Пешке жағатын қамысты ұзын таяқпен бұрқыратамын. Түтін класты алып кетеді. Мұғалімдер бар, класс жетекшіміз бар, Борекеңе айтады. Класқа келген ол мені тақта алдына шығарады да жағыма шапалақпен сарт еткізеді. Туған ағайыма не дермін. Жыларман күй кешіп, үнсіз тұрып қала берем. Оның үстіне ол мұғалімдерден кешірім сұратады. Тәртіпті талап ететін, сабақты мықты оқытатын, білімді де білікті адам.

Біраздан соң Болатжан ағай екеуіміз кешкілік село көшесіне кіріп келе жаттық. Болатжан ағайдың туған жері мен өскен елінің тарихын терең, ел ішлік аңыз, әңгімелерін жап-жақсы білетініне жаным сүйсінді. Еліктеп, менде ел мен жер тарихын, өмір мен тірлік аңыздарын көбірек білсем дедім. Бірақ ол болашақтың ісі, әрі қолдан келсе деп көңіліме ой түйдім.

Бір жылдың үстіндегі әскери қызмет Болатжан ағайды шын шынықтырып, шыңдай түскені байқалады. Келбеті келісіп, жайсаң мінезі қалыптасқан, ажары айшықты азамат атанған Болатжан ағайдың күш-



Өмір иірімдері

қуаты да артқандығы байқалады. Болатжан ағайдың жанында жүруге, көзіне түсуге селодағы бойжеткен, бойжетіп келе жатқан қыздардың бәрі бірдей құмар еді. Ол әскер қатарынан оралғанда біздің де бойымыз өсіп, ойымыз да жетіліп, қыздармен қалжыңдасып, өзімізше "жігіт" болуға жарап қалған сияқты екенбіз деп есептедік.

Жылжып айлар, жалғасып жылдар өтіп, артта қалып жатты. Жайдары жаздың бір күні-тін. Бүгін балалар арасында жүзуден класс аралық жарыс өткізілмек. Балалар үйінің тәрбиеленушілері орналасқан пионер лагері Жайық жағасынан көп қашықта емес, қалың жынысты тоғай ішінде. Тоғайда тығыз өскен әртүрлі ағаштар көп. Бір қатары биік, бір қатары жуан. Биігінің басына шығам деп талпынасың. Жуандарының діндеріне шығып, үйшік жасап ұйықтағың келеді. Қай ағаштың басында да қаптаған қарғалар мен қарақұстар отырады. Өздерінше ұя салып, меншіктеп алған сыңайлы. Таң атысымен күн батқанша қауқиған қарғалар мен күмпиген қарақұстар бір тыным таппай шулайды да жүреді, жақтарына тыным жоқ. Балалар қарғалар мен қарақұстарды үркітіп, кейде әлекке қалады.

Міне, пионер лагері орналасқан аумақ. Пионер лагері бес-алты палаткіден, дружина кеңесінің штабынан, асханалардан және ертеңгілік көтеріліп, кешкілік түсірілетін қызыл жалау желбірейтін арнайы алаңнан тұрады. Алаң айналасы бірнеше бөлікке бөлінген. Ол бөліктерде ертеңгілік және кешкілік линейкаларда бөлек-бөлек пионер отрядтары сап түзейді. Отряд кеңесінің төрағалары дружина кеңесінің төрағасына, ал ол болса аға пионер вожатына бағынады. Болатжан ағай әскер қатарынан оралғалы пионер вожаты әрі Боранжан ағайына көмекші тәрбиеші болып келеді. Бүгін Болатжан ағайдың ұйымдастыруымен суға жүзу жарысы өткізілмек. Өткен айда мылтық ату мен кростан жарыс өткізілген. Ол жарыстар қызық та қызғылықты өтті. Әр бала ынталылық танытты. Әсіресе, мылтық ұстау бөлшектеу, құрастыру, атуды үйрену балалардың құмарлығын арттырып, көп жайға көзін ашты. "Суық қару" аталатын мылтықтың шығу тарихы, дамуы, хаупі жөнінде алдын-ала Болатжан ағай әңгіме өткізіп, жан-жақты түсіндірді. Мылтықпен қоса едәуір салмақтағы жүк арқалап сапарға шығудан біз сияқты орта жастағы балалар сынақ тапсырып, сынға түскенбіз. Балалардың шыдамдылығы, ұғымталдығы, аңғарымпаздығы, айқындағыштығы, компас арқылы бағытты бағдарлағыштығы бағытындағы шеберліктері сынға түсті. Ер балалардың бәрі дерлік істе бейімділік байқатты.

Жайық жағасына, топтасқан балаларға қарай бағыттап келе жатып, Болатжан ағайымның тынымсыз іс үстінде жүретінін еске алдым. Қыс бойы балаларды Жайыққа жібермеймін деп селоның қақ ортасында мұз

Қонаш Қалдыоразұлы

айдынын жасауды қолға алды. Қалубай деген жүргізушіге су құйдырып, әлсін-әлсін мұз айдынын жаңартып, жасартып тұрды. Оның бұл ісі көңілден шыққаны да сонша күллі село тұрғындары осы мұз айдынында жүретін серуен орнына айналды. Бұ да болса Болатжан ағайдың талабы, атқарған ізгілікті істерінің бірі еді. Сол мұз айдынында Болатжан ағай аула командалары арасында әлденеше рет хоккейден, коньки тебуден жарыстар өткізіп, балалардың бұл спорт түрлеріне деген белсенділігін арттыра түсті. Ауыл тұрғындарының демалысын ұйымдастырғаны ешкімнің де есінен кетпес.

Күнделікті пионер лагеріндегі істерін атқарып, күн көкке көтеріле түскенде, балаларды Жайықта өтетін жарысқа шақырған горн мен барабан үні жас көңілдерге желік бітірді. Арада аз уақыт өткенде балалардың бәрі дерлік Жайық жағасына шоғырланды. Бүгін күнде ерекше. Көк аспан ашық. Күн өзінің сәулелі нұрын төгіп, әр көңілді жадыратып, алыс аспан биігінде жарқырап тұр. Жарысқа қатыспақ балалардың жүзі бал-бұл жанып, бірімен-бірі сырласады. Болатжан ағай жарысқа қатысушы барлық баланы айналасына жинады.

- Рұқсатсыз бірің де суға түспейсіңдер, - деп бастады Болатжан ағай әңгімесін. - Ана жылы үш бірдей бала суға кетіп, бір мұғалім-тәрбиешінің шаталғанын бірқатарың білесіздер. Мен сол күні кезекші болуым керек еді, аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі едім, мәжіліске шақырып кетіп, аман қалдым. Әйтпесе, шаталатындардың бірі мен едім. Сондықтан алғашқы сәттен тәртіп керек. Оғаш қылыққа бармайсыңдар. Алдын-ала әлі жүзе білмейтін балаларға суға малту, жүзу түрлерінен әдістемелік дәрістер өткізіледі. Ондай балаларға жағадан көп ұзамау тапсырылады. Жағалықта жасөспірімдерге малтуды ересек, жүзуді жақсы білетін балалар үйрететін болады. Ал іске сәт!

Мені жоғары кластың бір баласы ертіп алып қайқайды. Сәттен соң арқамнан ілгері қарай итеріп жіберді. Мен аяғым жерге тимей су екпінімен ілгерілей жөнелдім. Бұ не болды-ай? Ойлауға мұршам болмады. Су алып бара жатты. Жүзу түгілі малтуды білмейтін мен сорлы екі-үш рет су жұтып та үлгердім. Кенет тұңғыық тереңге қарай тартылып бара жатқандай сезіндім. Көз алдыма баяғыда суға кетіп қала жаздаған Жаппархан ағам елестеді. Зәрем зәр түбіне кетті. Енді бір сәт суды да шылпылдата алмай, ізім-қайым құрдымға кетуге айналғандаймын. "Ойнап жүрген шығар" деп ойлаған "ұстазым" (әлгінде мені тапсырған баланы айтамын) абдырап, не істерге білмей, тұрып қалыпты. Қайта қапталдасып жүзуге кіріскен Шпрингер Женя деген ересек бала ғана менің қимылымның ойын емес, шын екенін байқап, бірден көмекке ұмтылыпты. Жан дәрмен



Өмір иірімдері

күн суға батуға бет алған мені қуып жетіп ұстап, су бетіне шығарып, жағаға алып шығыпты. Су жұтыңқырап, қарным қампиған мен, естүссіз жатсам керек. Сасып қалған балалар тәрбиешілерге хабарлаған. Дереву бәрі жабылып, алғашқы көмекке кіріскен. Бұл сәтте үлкенді - кішілі бәрінің де көзі атыздай болса керек. "Сасқан үйрек артымен сүңгиді" дегендей, бір бала дереу Боранжан ағайға хабарламаққа тұра жүгіріпті. Оны абырой болғанда, Болатжан ағай кідіртті. Әйтеуір, Алланың әмірімен аман қалған сыңайлымын. Әбден судан арылып, ішім босап, өзіме-өзім келген шағымда үстімнен төніп тұрған балалар мен Болатжан ағайымды, олардан әрірек мөлдіреген көк аспанды көрдім. Көзімді ашқаным да олардың бәрі қуанды. Тіпті аспан әлемі де қуанғандай сезілді. Қуанбай қайтсін. Жерде жетім жыласа, көкте періште қайғырады емес пе! Бір жетім тірі қалды. Ендеше періштелерде қуанған болар. Періштелердің күлкісінен, жан рахатынан аспанда нұрланып, мейірлене түскен болар.

Ойыма сонау жылдарда Жем бойында мотор тамағының астындағы қара суға жан ағам Жаппарханның кетіп қала жаздағаны, қорыққанымыздан бақыра бергеніміз оралды. Денем тітіркеніп кетті! Сілкініп жібердім. Судың да тілсіз жау екеніне айқын көзім жеткендей сезілді.

Оқыс оқиғаға тап болған мені балалар әлі қоршап тұр.

- Әй, домсовет, жүзе алмайтының бар жағада малтымайсың ба,- деді Бетховен білгішсініп. Оған мен алая қарадым. Сәлден соң ғана:

- Өзім дейсің бе, ағайдың аманаттаған адамы ғой арқамнан тереңге жақындай бергенде итеріп жіберген,- дедім.

-Әй, бәсе ... - Бетховен мені қолымнан тартып тұрғыза бастады. Жағдайым жақсарғанын байқаған Болатжан ағай енді ғана жарысты бастауға рұқсат берді. Мен болсам жас жүзгіштер жарысын қызықтаушы ғана болып жағада отыруға жарағанымға риза едім.

- Балалар - деді Болатжан ағай, жарыс аяқталған соң, - Жарыс қорытындысы шығарылады. Нәтижесі кешкі линейкада айтылады. Ал қазір сап түзеп, горн мен барабан әуеніне қосылып лагерьге қарай бара бергейсіңдер. Дружина кеңесінің төрағасы балалардың бәрін түгенде. Ал, сен Қалихан кідіре тұрғын.

- Жарайды, ағай, - дедім әлі де сұлықсыздау күй үстінде.

- Екеуміз бірге баралық,- деді Болатжан ағай аяқ киімін киіп жатып. -Әлі есің кіріңіремей отырған жоқпысың. Орныңнан тұрсаңшы. Әрлі-берлі жүр.

- Жақсы, ағай, тұрайын, жүрейін,- дедім орнымнан созылыңқы тұрып жатып. Телміріп суға қарадым. Жайыла шалқыған Жайық құпиясын

Қонаш Қалдыоразұлы



қойнына сақтағандай соңымызда қала берді.

Күн тас төбеге келген. Кәдімгі шаңқай түс. Түскі тамақ мезгілі де әлдеқашан болғанға ұқсайды. Қарын қабысып, ішектер шұрқырай бастады. Сап түзеген балалар ұзап бара жатты. Горн мен барабанның өр үні сағым ойнаған сайын далаға кең жайылып, сол бір сазды әуенге қосылған балалардың тұма бұлақтай тұнық үні жаныңды тебіrentіп, жүрегіңді елжіретіп бара жатты. Сылдырап шыққан аспаптар үні мен балалардың сыңғырлай салған сырбаз әндері әсем үйлесім тауып, Жайық аспанында қалықтап, тоғай ішіне сіңгендей болып көрінді.

- Қалихан, қуынышыңмен. Чудом аман қалдың. Алла жар болды, Тәңірі сақтады, Құдай қамқорлады! Япыр-ай, менің қалай байқамағанымды айтсайшы. Женяға рахмет. Көзі шалып қалыпты, әйтеуір, - деді Болатжан ағайым мені қолтықтап, орнымнан тұрғызып жатып.

- Ештеңе етпес, ағасы. Тірі қалдық қой, әйтеуір. Тек Боранжан ағайым жүзу білмейсің деп маған, баланы қадағаламағаның қалай деп сізге ренжімесе болды, - дедім Болатжан ағайыма ілесіп келе жатып. - Жүзуді үйрене алмайтын шығармын. Қолымнан келмейтін сияқты.

- Олай деме Қалихан. Әлі-ақ үйреніп кетесің. Жүзуден чемпион атанасың әлі, көрде тұр. Тұра-тұр, тап солай болады. Талпыныс, ынта-ықылас керек. Мәселен, футбол ойнай білесің, табиғат тылсымын түсінесің. Домбыра тартуға машықтанып, ән салуға бейімделіп келесің. Тым-тәуір өлең жазып жүр дейді. Сабақты өте жақсы оқисың, қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрсің. Шахмат пен дойбыны да шебер ойнайсың. Сосын балалардың мінез-құлқын байқағышсың. Кіммен дос болуды, кімдерден аулақ жүруді айқын айыра аласың. Соның бәрі сенің ұмтылыс, талпынысының арқасы. Суға жүзудің де түк қиындығы жоқ, үйренесің де кетесің. Солай, інім. Боранжан ағайым сені текке - басы домсовет деп жүрген жоқ.

- Былтыр жаз бойы доп қудық. Отряд пен отряд, класс пен класс аралық жарыстар ұйымдастырылды, - дедім Болатжан ағайыма өзімді мақтағанға мадиықтанып. - Сонда біздің класс айқын жеңіп тұр еді. Төреші әлгінде мені құтқарған, Женяның кластасы болатұғын, көзбе-көз жеңісті Женяның інісі Эдиктің командасына алып берді. Қатты намысымның келгені. Әділдік есем кетіп еді онда. Бұны оқушылардың да, тәрбиешілердің де бәрі көріп тұрды. Бірақ бірі ештеңе демеді. Біреуі бір ауыз жөнді әңгіме айтуға жарамады. Екі кластың командасы кейін тағы кездестік. Мен өз командада қорғаушымын, ал Эдик өз командасының шабуылшысы. Допты қуып келе жатып, ол менің алдымнан бір шықты. Омақастыра шалып құлаттым. Құлап бара жатқанмен, о да мені бір теуіп үлгерді. Мен жер тіреп барып



Өмір иірімдері

құлай бергенімде үстімнен қарғып бара жатты. Буциыммен жіліншігінен тағы бір бердім. Оқсамай, омақаса құлады, бетімен жер сүзді. Сөйтіп, өшімді бір алғандай, айызым қанып, қоқиланып тұрдым. Аяғы жарамай, көпке дейін ол доп ойнауға қатыса алмай жүрді. Бірақ артынан осы мен қиянат жасадым-ау, обал болды-ау деген ниетте жүрдім. Ақыры арым кешірім сұрауға итермеледі.

О да мені түсінген сыңайлы, кейін достасып кеттік.

- Оның дұрыс болған екен, Қалихан және дұрыс жасағансың. Адамдар бірін-бірі ұлтына, жынысына, жасына қармай, мейірбан, тату, кешірімшіл, ниеттес болса несі бар. Таптырмайтын қасиет. Адамсыз адамның күні жоқ екенін көңілге тиянақты ғып орнықтыра білген жөн. Сосын болашағын ойлап, адам болам дейтін бала кекшіл емес көпшіл, кешірімшіл, жеке өз басын емес, көпшіліктің қамын ойлайтын болып, жақсы қасиеттерді көңіліне ұялатып, жүрегіне жинақтай білген жөн. Үлкендердің кейінгілерге, яғни өкшелес бауырларына, ізін қуған інілеріне айтатыны бар емес пе! Аз ғұмырыңда татулыққа, бірлікке, ынтымаққа, ықылас-ниетке жетер ештеңе жоқ екенін түсініңдер. Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса төбедегі түседі, деп үйретпейді ме, соның бәріне шүкіршілік етіп отыратын шалдардың шалқар көңілін айтсаңшы! Ол өтірік емес қой, ып-рас пәлсапа. Бес саусақ біріксе жұдырыққа айналмай ма? Ал жұдырықтар жұмылып білекке қуат береді, ал білектер біріксе алып күш болмай ма? Иә, солай, бауырым. Осы өңірді ақтарға бермейміз деп күш біріктіріп, жұдырық жұмылдырып Василий Чапаевтай қаһарман Қызыл Армия қырандары қиқулап жауға тиіп, ойран салды емес пе? Анау өзеннің батысына таманғы жарқабаққа көз жіберші... Сол қанды қырғын өткен өзен иіні. Аяқ бассаң оқтардың қалдығы, адамдар сүйегі, қылыштардың сынықтары ұшырасады. Осы биік жарқабақтан Василий Чапаев жауға тұтылатын болғасын Жайыққа қойып кеткен ғой. Жауған оққа қарамай, малтып арғы бетке шығыпты деседі айтушылар.

... Мен қатар-қатар қарлығаштар ұя салған биік жарқабаққа қарап қалыппын. Көзімді алмай әлі тұрмын. Жарқабақ түбінде шымырлап жатқан қара су - қанды су іспетті. Әнеугүні барып балалар болып жарқабақ баурайынан оқ қалдықтары мен қылыш сынықтарын жинағанбыз. Осы қылығымыз үшін Боранжан ағайымыздан ерекше ескерту алғанда жайымыз бар. Расында, деймін өзіме-өзім іштей, балалардың барайық дегеніне көне салғаным не болғаным. Ағай айтқандай жарқабаққа өрмелеп жүргенде аяғым тайып кетсе қайтер едім?? Жүзу түгілі малту білмейтін мен шыраққа суға екі-үш батып шықсам жарап жатыр ғой. Бүгінімде мынау, жайылма, жайдақ суға да кетіп қала

Қонаш Қалдиоразұлы

жаздағанымды қайтерсің. Әй, менде ес жоқ. Кетуін кеттім ғой. Тек Женяның қырағылығы мен шапшаңдығы арқасында аман қалғаным Аллаға да, адамға да аян. Ал анау маған жүзу үйретпек болған "Ұстазымның" не болғаны? Оның үстіне Болатжан ағай ғой мұқияттап тапсырды емес пе? Мені суға итеріп жіберіп қарап тұрғаны қалай? Осы арада бір гәп бар емес пе? Әлде байқамай қалдым ма екен. Әйтпесе...?

Болатжан ағай екеуміз Жайық бойын жағалай пионер лагеріне бағыттап, асықпай әңгімелесумен келеміз. Болатжан ағай әңгіме айтуға аса құмар. Әлбетте, әңгіме де тыңдай білетін, түйетін кісісіне айтылады емес пе? Демек, мен де әңгіме тыңдауға жарап қалғаным ғой деп ойладым іштей. Болатжан ағай мені баласынбай, қатарына алып әңгіме айтып бірге келе жатқанымда осындай ойдан туған кісілік болса керек. Әлде, әлгінде суға кетіп қала жаздағандықтан басыма төнген қатер қасиетін сейілту үшін бе екен? Әлде мені шынымен әңгімеге үйір бала деп есептеді ме екен?

- Өткен жылы басымнан өткен жайды айтайыншы Болатжан аға,- дедім оған сұраулы кейіппен қарап. - Оны өзіңіз де білетін шығар деп есептеймін. Ол кезде де осындай жаздың күні еді ғой. Екі баламыз, лагерь бойынша түнгі кезекшіліктеміз. Аспанда жөңкілген қара бұлт бар. Жел күшейе түскен сыңайлы. Ай қараңғы. Күндегі шүпірлеген жұлдыздардың бірі көрінбейді. Түнерген түн үрейлі көрінеді. Сонау асханадан бастап жатақханалар мен пионер штабын айналып өткенше біршама мезгіл өтеді. Бір мезгілде сіркіреп жаңбыр жауа бастады. Бірте-бірте күшейе түсті.

- Асханаға тығылайық,- деді қасымдағы бала. - Жаурап қалармыз, малмандай су болармыз.


- Бірдеңеге ұшырап қалмаймыз ба,- дедім мен жүрегім әлденеден секем алғандай. - Сақтықта қорлық жоқ, сақ болғанымыз жөн шығар.

- Жаңбырлы түні ме? Кім не істер қояр дейсің,- деді қасымдағы бала нық сеніммен.

- Жарайды, бірақ ұйықтап қалмайық. - Екеуміз асханаға тығылып, жаңбырдан қорғанып, бас бағып отырмыз. Көзіміз ілініп кетіпті. Бір мезетте шошып ояндық. Жаңбыр басылыпты. Аспандағы бұлттарда ыдыраған. Таң атып қалыпты. Енді болмағанда күнде шығады екен.

Асханадан атып шығып, пионер штабына тұра шаптық. Штабтағы пионер туы, барабан, горн үшін басыңмен жауап бересің. Штабқа жақындасақ... Жүрегіміз аузымыздан шықты. Штабтың есігі айқара қайырылып ашық жатыр. Жәбірленіп сала бердік. Жедел басып ішке кірдік. Тұғырға қондырулы пионер туы орнында жоқ. Қолды болып, ұрланған. Енді қайттік?

- Құрыдық,- дедім қасымдағы балаға. - Не істейміз?



Өмір иірімдері

- Білмеймін, - деді ол да иығы сөлбірейіп.

- Түнде асханаға кірмейік, - дедім мен. - Бірденеге ұшырайтынымызды сездірген ғой.

- Сонда оны кім ұрлады екен? Қайда апарып жасырды екен?

- деп қасымдағы бала отырып қалды. Бұл енді оның еш лажы болмай сасқаны, қиналғаны.

- Тұр, ей. Неңе жетісіп отыра кеттің, Таңертеңгі пионер жиыны басталғанша табуымыз керек емес пе? Одан да тәрбиешілерге хабарлайық, - деп қасымдағы баланы иығынан тартып тұрғыздым да, құстай ұшып, қос өкпені қолға алып бірден аға тәрбиеші Боранжан ағайға бардық. Өткенде де бір баланың кезекшілігінде осындай жағдай ұшырасып, Боранжан ағаның жедел іздестіруі, шешімімен тез табылған-ды.

- Ағасы, ағаттық бізден. Пионер туы штабтан қолды болыпты, - дедік жыламсырап.

- Табыңдар. Тез арада таппасаңдар қиын болатынын білетін шығарсыңдар, - деді Боранжан ағай. - Лагерьден кетіп шөпшілер бригадасына барасыңдар.

Шошып кеттік. Зәреден зәре қалмады. Енді не істейміз? Шөпшілер бригадасына жіберсе де күнімізді көрерміз-ау. Бірақ тудың жоғалуы үлкен айып. Туды жоғалтқандар ең осал, нашар, бейқам, аңғал адам. Ертеңгі күні ержетіп, әскери қызметке барғанда жауынгер боп қызмет істей алмайтын, қоян жүрек, қорқақ, қоғам мүлкіне жаны ашымайтын, намыссыз адам боп шығады.

- Ал енді, не істейсіңдер? - Боранжан ағай бізге біртүрлі жанармен қарады. Біз басымызды салбыратып, төмен қарап үнсіз тұрмыз.

Дабыл қағылды. Таң атпай шыққан горн үнінен төңіректі билеген үнсіздікті теңселтіп жібергендей сезілді. Лагерьде таңғы ұйқыда жатқан бар бала аяғынан тік тұрғызылды. Жоғалған туды іздеушілер тобы жасақталды. Әр бағытқа бес топ жіберілді. Біз, кезекші болған екеумізді және бірнеше баламен Сартоғай бетке жіберді. Әр ағаштың, әр бұтаның түбін кезіп, жол айырығын байқастап, қырат-қырқаның, жартақ-жардың қиылыстарын қарап шықтық, еш белгі білінбейді. Тіліміз салақтап, шөлдеп, ішіміз шұрқырап, қарнымыз ашып, түске дейін жүрдік. Қасымыздағы балалардың көп қиналар түрі байқалмайды. Туды жоғалтқан сендерсіңдер ғой, табыңдар, деп табалап жүрген сыңайлы. Көп қиналмайды, жандары ауырып іздеп те жүрмеді. Көзіміз қарауытып талтүсте лагерьге қайта оралдық. Ту табылыпты. Басымыз салбырап, еңсеміз түсіп, жүзіміз түтігіп Боранжан ағаның алдына қайта бардық.

- Табиғат қиындығына мойынсұнбай, қырағы болу керек, - деді

Қонаш Қалдыоразұлы

Боранжан аға сөзін жай бастап. -Сәл жаңбырға жаураймыз деп ұйықтап қалдыңдар. Әскери қызметте жүріп, бөлімше күзетінде тұрып ұйықтасаңдар дұшпандарың кеп өлтіреді, позицияны басып алады, жауынгерлерді тұтқындайды. Не істейсіңдер? Бағынудан басқа жол жоқ, амалсыз бағынасыңдар. Күзетте тұрған жауынгердің шалапайлығынан басқалар азап шегеді. Ол өліммен бірдей, соны түсініңдер. Біз бәрімізде үнсізбіз. Әсіресе, айыпты екеуміздің айтарымыз жоқ. Не айтуға болады? Бұл шынында шындық әңгіме еді.


- Сендердің ұйықтап қалғандарыңды байқадым да штабтың есігін ашық қалдыртып, пионер туын қолды еткіздім. Өйткені ту-пионердің намысы, абыройы, ожданы,-деп жалғастырды әңгімесін Боранжан аға. -Пионер туын көздің қарашығындай сақтап, берік ұстау ұлағатты міндет. Екінші қырағы болыңдар, барыңдар, тамақтаныңдар да тынығыңдар.

- Соңда деймін-ау, Боранжан аға бізді сынақтан өткізіп, қырағылыққа, шыдамдылыққа, табандылыққа, төзімділікке, адалдыққа, адамдыққа, азаматтыққа, ерлікке баулып жүрген екен-ау деп ойладымыз,-дедім әңгімемді аяқтай келе.

-Жақсы айттың, Қалиханжан. Ол кісінің ондайы бар. Қай баланың да жақсы боп қалыптасқанын, жайсаң азамат болғанын қалайды. Қазақ баласы қырандай қайсар, өнерлі, білікті, білімді болса екен дейді. Өнеукүні Боранжан ағаның бастауымен, ұйымдастыруымен қырғилар операциясын өткізуі де балаларды саяттыққа, табиғатты аялауға, жануарларды сүйе білуге баулу ғой,-деп жалғастырды Болатжан аға тағы бір әңгімесінің ұшығын шығарып. -Қырғиларды баптау, күту, аңға салу тәсілдерін үйренбедіңдер ме?

- Иә. Үйренуін үйрендік қой. Сайыстың ұйымдастырылуы да, өткізілуі де қызықты көрінді, көңілге қуаныш ұялатты, -дедім мен.

Осы кезде лагерьге де жетіппіз. Бір ажалдан аман қалғаным өзіме олжа деген ниетпен асханаға бет алдық...



Өмір иірімдері

Екінші шегініс

ЖЫЛДАП САЛЫП АРАҒА...

Өмір керуені жыл өткен сайын ілгері озып, болашаққа бағыттай береді. Елу жылда ел жаңа, елмен бірге жер де жаңарады, адамда жаңарады екен. Бұрынғы ата-баба ізінде біз жүрміз. Олардың рухын қадірлеп, даңқын биіктетіп болашақ ұрпаққа жеткізсек дейміз. Әрине, олармен қоса біздің де өміріміздің парақтарын оқи алатын ұрпаққа ұсынарымыз да, ұғындырарымыз да аз болмаса керек. Бұрынғы тарауларда таразыланғанындай менің бір бөлек өмір дәуренім Бақсайдағы балалар үйінде өтті. Ал ол үйден білім алып, тәлімді тәрбиеге бейімделіп, алғы арманымға қол созып, болашаққа аттанғаным да алпыс жылдай болып қалыпты. Бұл аз уақыт емес. Бірақ сол балалар үйі, ондағы тәрбиеші ағалар, тәрбиеленген балалардың дені әлі күнге көңілімде, көкірегімнен кетер емес. Соның ішінде біліңкірейтінім де, көбірек сырласқаным да аккардеоншы Риза Кәкішев, өнерлі Болатжан Жексенбаев, спортшы Тәжігерейдей тарлан жігіттер болатын. Оларды әр жерде кездескен көз таныстардан да, сол жақтан біздің жерге келгендерден де сұрап жүретінмін. Болатжан ағай сидаң қағылез жігіт болса, Риза мен Тәжігерей толық денелі, тұлғалы келген, атандай аптал азаматтар еді. Риза безілдетіп аккардеон тартқанда айызың қанатын. Оны Алматыға қоныс тепті деп естимін.

Араға жарты ғасырдан астам уақыт өткенде Болатжан ағаймен кездескенім бар. Екеуміз біраз әңгіменің басын қайырдық. Сонда ілкі сұрағаным, білгім келгені Тәжігерей туралы еді. Өйткені, Тәжігерей тамаша спортшы, қара күштің қабы болатын. Әсіресе, шебер волейболшы еді, солақай ойнайтын, соққан добын алу қауіпті келетін.

- Тәжігерей біразға дейін осы Бақсай, Махамбет, №16 ауыл аймағында жүрді, тұрды, еңбек етті. Тумалары да табылған сыңайлы. Бірақ кейін қатты ауырып, қайтыс болды дегенді естідім, - деді Болатжан аға, өткен күндерді еске ала отырып. - Өйткені, менде тірлік қамымен 1963 жылы Өрлік деген елді мекенге көшіп кеттім. Қайта оралудың реті келмеді. Араласпағасын арада алыстай береді, ағайын да жат бола береді.

- Болатжан аға, бауыр басқан балалар үйі, онда тәрбиеленгендер жөнінде әңгімеге зәрумін. Өзіңіз онда қай кезеңге дейін істедіңіз?

- Оның рас та дұрыс, інім. Растығы, өткен күндеріңді, өміріңді сағына еске аласың, аңсайсың. Көз алдыңа елестейді, көңіліңде көлбеңдейді көп жайлар. Дұрыстығы - көптеген балаларға бас-көз, қамқоршы болдық. 1962

Қонаш Қалдыоразұлы

жылы балалар үйі Доссорға көшірілді. Боранжан аға екеуміз алып бардық балаларды. Барғасын Боранжан аға: Болатжан, сен жассың ғой, балаларды тапсырып қайтарсың, мен ауылға оралайын деп кетіп қалды. Әлбетте, ол жерде менде көп кідіргенім жоқ. Әнуарбек Қосанов (кейін журналист-жазушы болды) азаматқа бар баланы басқа ұрып түгендеп, құжаттарын беріп, тапсырдым да, мен де елге оралдым. Сегіз жыл бауыр басқан балалар үйі, ондағы шәкірттерім көпке дейін көңілімді алаң етіп, түсіме кіріп жүрді.

Менің көңіліме қонақтап, жүрегіме сақталған балалар да болды. Олар - ағайынды Егізбай, Мұқаш, Балым, Жақсылық Майлыбаевтар. Егізбайдың оқуына ерекше күш салдым. Кейін ол өскесін салауатты азамат боп, ірі лауазымды жұмыстар тұтқасын ұстады. Бір күні Егізбай: - Мен елге кетейін. Елде - Маңқыстауда қалған сақау ағам бар еді, табуым керек, іздейін, - деді.

- Мақұл, - дедім мен. Үлкен биікке көтеріліп келе жатқанда Егізбай опат болды. Оның өзі өлгенмен балалары бар - Қайрат, Арарат - бизнеспен айналысады. Балым да Ақтауда тұрады. Жақсылықты сүйреп жүр. Жақсылық жасынан қызық еді. Біздің үйдің әйелі Айжан тезек тере шығып, өріске шығаратын түйесін Жақсылыққа жетектетеді. Кідірмей түйені жетектеумен меңдуана өсетін жерге жеткенше тоқтамайды да, түйені де тоқтатпайды. Өйткені, біздің қыстаудың артындағы ауқымды көлдеуде меңдуана өседі, соны Жақсылық жейді де құтырады.

- Осылар, әсіресе, балалар үйіне комиссия келерде көбірек құтырады-ау, - деп күледі Боранжан ағам. - Болатжан, сақ болшы соларыңа.

Балалар үйінде тәрбиеленген Балым, Маржан, Науқан сынды қыздар мектепті Зеленыйдан бітіріп, кейін Гурьевтегі пединституттың орыс тілі бөлімін тәмамдады.

- Болатжан, аға. Меңдуана шегуде айып, жаман әдеттің бірі, сол Жақсылыққа қойдыра алдың ба?

- Менен кеткенше қойып (көрсетпей пайдаланып жүрмесе) жүрді. Мені тыңдайтын және айтқанымды орындайтын. Завалов дегенді, оның хикаясын білесің ғой. Оған темекіні тартқызған да, қойғызған да мен. Ол көрсетпей темекі тартып жүрді. Білдім, бірақ үндемедім. Әбден көзімді жеткізгім келді. Бір күні бір қорап темекі әкелдім де үзбестен тартқыздым. Он екісін тартқасын құлады. Есі ауып кеткендей көрінді. Ақыры содан аузына алмай кетті. Кейін маған рахмет айтты.

- Балалар үйінің әлгінде 1947 жылы Махамбеттен Бақсайға көшіп келгенің, оны Көзболов Көшкінбай дегеннің өзі қабылдап алғанын айттыңыз, ол кім?



Өмір шірімдері

-Иә, балалар үйі сол кезеңде көшіп кеп Бақсайға қоныс тепті. Ал Көзболов Көшкінбай менің көкем. Балалар үйіне еңбегі сіңген, қиын да қысталаң кезеңде тәрбие жұмысыммен айналысқан адал да абыройлы азамат. Бір әңгіме айтайын, менің өзім Гурьев пен Маңқыстау атырабында 9-балалар үйінің құрылымына қатыстым. Балалармен жұмыс жасауға жаратылған жандар біздің үрім бұтағымыз.

- Әлгінде біздің үйдегі әйел тезек тере шыққанда деп қалдыңыз. Реті жеңгеміз болар. Ал жеңгем мен балалар жайына тоқталсаңыз, ағасы?

- Неге айтпасқа? Олар жайында әбден айтуға болады. Шүкір, жеңген де, балаларда бар. Жеңгеннің аты Айжан. Өте данышпан адам десе де болады. Мен айқайласам да, жай сөйлесем де, сенің айтайын деп отырғаның бір сөз ғой, шуламай, жай айтып, түсіндіре жеткізсеңші деп алдымды орап тастайды.

Айжан жеңгенді құда түсіп, ата-баба жолымен, жоралғысымен алдым. Қыздың үйі Кармановка селосында тұрады. Бисенов Жөндеу деген Ленин орденді әкесі бар. Соғыс кезеңінде майданға жарамды аттар дайындаған мақтаулы адам. Руы Есен Беріш, оның Елтүзері. Анасы Қаюпова Бәтима жылқышының сенімді көмекшісі бола білген, Рахмет, Мираж, Айжан, Сайман, Нәсіп, Құралай, Бірліктей балаларды өмірге әкелген абзал ана. Міне, сол ауылға Кәкішев Шәміл деген жездеміз құда болып барып, Хафиза жеңешемнен кейінгі келінін Жаппастар ауылына алып келіп берді ғой. Бұл 1958 жылдың 3-тамызы жайдары жаздың естен кетпес күні ғой.

-Осы, Болатжан аға, Боранжан ағам да қазіргі аренада жүрген біреудің құда болып барып әйелін әкеліп беріпті ғой,- дедім Болатжан ағайымды сөйлете түскім келіп.

- Е, ол, анау Иманғали Тасмағамбетов деген әкім ініміздің үйіндегі келінді ғой. Боранжан ағам бас құда болып барып Оралдан алып келді ғой.

- Ә... Ал үйлендіңіз... Осы Есен Беріштер туралы ел есінде қалған бір сөз бар еді ғой, ол өз қалай шығып жүрген сөз?

- Е... есі кеткен ешкі жинайды, не Есеннің қызын алады деген бе? Біз солмыз. Бұрын мен Айжанды, Айжан малды өріске айдайтын, қазір керісінше Айжан мені, мен малды өріске айдаймын. Шындығы шарбақ шалмын.

- Жоқ, әне бір сөз... Әлгі Калининге ме, Молотовқа ма телеграмма салды дейтін.

- Ә... Иә... Ол былай ғой. Біздің Махамбет ауданында Қарашығанақ деген көлдеу бар. Ол мол шөп шабатын жер. Негізі Бегіс Беріштердің меншіктенген мекені болса керек. Соған бір жылы Есендер ескертусіз шалғы

Қонаш Қалдыоразұлы

салған ғой. Соған шыдамаған Теміров Ысқақ деген двухкласник, білімді адамның жасап жүргені. Тіке Калинин ақсақалға телеграмды былай деп айдап жіберген. "Есенцы напали, на наш Карашиганак - топорами, вилами, вооруженными силами, но однако Бегисцы потерпели поражения" деп айдаған ғой.

"Что за нация Есенцы, определите за 24 часа и сообщите" деген Калинин ақсақалдың сауалы облыстық партия комитетіне сау ете түседі.

"Это не нация, один из ру казахов" деп жауап береді обкомдағылар.

"Прекратите такую баловную" деген Калинин ақсақалдың ызбарлы нұсқауы келеді. Бұлар сөйткен елдер ғой Беріш дегендерің...

- Жеткіншектеріміз жөнінде бір лебіз айтсаңыз? Оның үстіне бұл кезеңде жеңгемнің де желігі басылған, сізге басын иіп, әбден берілген, екеуара өмірлеріңе ризамысыңдар?

- Жарайды. Ризамын. Ол емес маған берілген, мен оған берілдім. Тәңірге тәубә, тоғыз баламыз бар. Балалардан немерелер өріп, көбею үстінде. Бұл күндері ұлдарымыз ержетті, қыздарымыз бой жетті. Бәрі де өмірден өз жолдарын тапты, шаңырақтарын көтеріп, отауларын тікті. Бізден еншілерін алып, ел шеті боп кеткендері де бар. Ер баламның білім, мамандық алуына ықпал еттім, жол сілтедім, көмектестім. Бүгінде үлкенім Бауыржан жүргізуші, Нұрланым халық шаруашылығы институтының түлегі. Сарайшықтағы училищеде істеді. Қазір Сартоғайда қосалқы шаруашылықта инженер. Асхатым Орал ауыл шаруашылығы институтын бітірген. Көп жыл аукомол хатшысы, аупарткомде қызмет істеді. Беделді, белді. Қазір Құлсары қаласында Орталық базар директоры. Лайхат пен Кеменгерім де жүргізуші, Асқар мен Азаматым милиция училищелерін тәмамдап, өз мамандықтары бойынша еңбек иесі еді. Аяқ асты оқиғадан Асқаржаным ажал құшты. Анасы Айжанға да, мағанда қабырғаны қайыстырып, қатты бататыны осы баланың өлімі. Ал Нұргүл мен Жайгүл деген қос қызым да өмір керуеніне ілесіп, тірлік етіп келеді. Бірақ іштерінде әке жолын қуып, ұстаз, музыкант болған бірі жоқ.

- Сіз спортты жаныңыздай, сүйдіңіз, балалар үйінде көп баланы тәрбиеледіңіз. Ал кейінгі жылдарда қойып кеткен жоқсыз ба?

- Жоқ. Мына қызықты айтайын. Үйленгесін үш күннен соң мені Алматыға волейбол жарысына алып кетті. Жаңа қосылған әйелімді де қимаймын, жарысқа да бару керек. Алас-қапаста әр аудан волейболшылары есебінен облыстың құрама командасын жасақтауға тура келді. Киіміміз де мәз емес. Құласақ можантопайымыз да көрініп, жұрт күліп жатады. Сол жолы жарысқа қатысқан он алты команда арасында әрең деп он екінші орынды иелендік. Бұл жақсы жетістік емес екені белгілі.



Өмір иірімдері

Абыройдан жұрдай болып ауылға оралдық.

-Сіз мынаны білесіз бе,-дедім Болатжан ағайыма бір жағы әзілдей.

- Жас үйленген жігіт жыл айналғанша күреске шықпайды, алысқа сапар шекпейді, деген ұғым бар. Сіз үйленгендеріңе үш күн толар-толмаста көзін мөлдіретіп, өзін үлбіретіп жеңемді тастап, баланың ойны, бақсының жыны дегендей, доп қуып кетіпсіз. Соныңызды дұрыс дей аласыз ба? Сізге зарығып, сағынып әрең қолын жеткізгенде сіздің жасағаныңыз анау. Қыздың, әйелдің киесі қиын, ағасы, түсінген шығарсыз...

-Түсіндім, түсіндім, Қалиханжан... Айтарым жоқ. Бірақ келесі жылы барып Республика бойынша біздің команда екінші орын алды. Қуанышымызда шек болмады. Бұдан кейін бізді облыс көлемінде мақтан тұтты. 1963 жылы Өрлікке қоныс аудардық дедім ғой. Онда орыс тілі пәнімен қатар дене шынықтырудан да балаларға сабақ беріп, спорттың әр түріне жаттықтырдым.

- Сіз ағасы, жақсы пионер вожатый, тәрбиеші болдыңыз. Ал білім алуда қайда оқыдыңыз? Кімдермен бірге оқыдыңыз?

- Мен Гурьев мемлекеттік педагогикалық институтында білім алдым. Қазақ поэзиясында белгілі орыны бар, ақберен ақын Марат Отарәлиевпен бірге оқып, бірге жаттым. Ол сабақ үстінде ылғида өлең жазып отырады. Лекцияны, Болатжан, сенен көшіріп алам ғой, дейді. Бірде мынадай өлең жазғаны бар.

Ауылда Марат қалды серттен тайып,
Арақты ішіп алып кеткен байып.
Көп болса помидорға тойған шығар,
Теңдікте Әбішев пен Жексенбаев.
Күледі екі құлағы езуінде,
Әуелден ауан туған Қосыбаев.

Бұның ішінде достарымыз Мұхамбетжан Әбішев Сарқамыс поселкесіндегі орта мектепте мерейлі мұғалім болса, басқасы да биік деңгейдегі қызметкерлер атанды. Айта берсе бәрі де әңгіме...

- Болатжан ағай, сіз 1963 жылы Өрлікке барып қоныс тептім дедіңіз. Мүттәйім мұғалім боп өттіңіз бе, әлде... Кейінгі сол жылдарда өнерді не істедіңіз?

- Ол жөнінде де айтайын. Сол Өрлікте он сегіз жыл мектеп интернатты басқардым. Осы жылдарда сонымен бірге мектепте орыс тілінен сабақ бердім. Мектепте оқу ісін сапалы жүргізгенім үшін әлденеше рет социалистік жарыс жеңімпазы, аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі атандым. Әскери - патриоттық, спорттық тәрбие бергенім үшін Одақтық ДОСААФ Комитетінің Құрмет грамотасымен марапатталдым. 1978 жылы

Қонаш Қалдыоразұлы

Атырауда Республикалық мұғалімдер съезіне ұсынылып, қатысқан 17 делегаттың бірімін.

Алайда, 1981 жылы денсаулығымға байланысты жұмысты өзгертуге тура келді. Сол жылы Н.А.Косыгин басқарған өкіметтің аудандарда, ауыл-селоларда мәдени қызметті өрістетуді жолға қою қаулысы шықты. Соған байланысты аудандық театр, мәдениет үйі, кітапхана, жылжымалы автоклубтар жұмысына жетекшілік еттім. Осы салада он төрт- он бес жыл істедім. Аудан көлемінде мәдениет саласын басқарғанымда 1979 жылы облыстық мәдениет басқармасы менің тәжірибемді облыс көлеміне таратты. Үзбестен суретім мен есімім Құрмет тақтасында тұрды.

Мақсым Елеуов деген қаламгердің "Ауыл мәдениеті" деген кітабында қызметіме биік баға беріле жазылған. Есімім облыстық және Индер аудандық энциклопедиясына енгізіліп еңбек табыстарым атап көрсетілді. Сонымен бірге жиырма жыл бойы Өрлік селосындағы Қабиджан Бабаханов атындағы орта мектеп негізін салушы 30-35 балалық оркестрдің жетекшісі болып, ауыл көлемінде өнердің кең өрістеуіне өзіндік үлесімді қостым.

Өзің білесің, баяғыда балалар үйінде қазақ балаларына орыс музыкалық аспаптарын, орыс балаларына қазақ музыка аспаптарын үйретуші едім ғой. Сонда Воронцов деген орыс бала домбыра тартудан Алматыға барып конкурсқа қатысып, "Адай" күйін тарту арқылы бірінші орын алды ғой. Сонда Колпакова деген өнерпаз екеуі маған баян әкеліп бергені бар емес пе?! Осы өнер арқасында 1958 жылы желтоқсанда 60-тан асқан домбырашы Мәскеуге декадаға бардық. Бізден Сағидаш екеуіміз болдық. Сағидаш Құрманбай Мырзағалиев ағамның қарындасы. Жылыойдан оркестр құрамында Тоқсанбайларың мен Зәбендерің де болды. Содан біздің Сағидаш пен Зәбен көңіл жарастырып, кейін шаңырақ құрды. Оркестрмен Глинканың "Полькасын", Құрманғазының "Адайын", С.Құсайыновтың "Мерекесін" орындадық. Шаппай бәйгемді бер дейтін тарланбоз домбырашылар тартқан бұл шығармалар мәскеуліктерді ерекше құлшындырды.

Орта бойлы, қара торының қандысы, әдеміше келген Сағидаш қарындасым күйлерді төгілдіре, төкпектете керім тартатын. Қағысты құйқылжытып, пернені перідей басқанда саусағына көз ілеспейтін. Әй, тартқыш еді-ау. Бірақ "екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды" деген қос өнерпаздың бас қосқан өмірлері көпке созылмады. Ақыры Зәбен мен Сағидаш ажырасып тынды білем. Араларында бір бала болған сыңайлы.

-Болды, аға, болды. Қос текіден қалған тұяқ - Серік Зәбенұлы қазір Атырауда тұрады. Кездестім. Ал енді, ағасы, баяғыдан бері сұрағым келіп жүргені... Тағы да сұрамасам ба екен, әлде?



Өмір иірімдері

- Сұра, айналайын, ұялма. Әлде менен күмәнім бар ма? Оны да айтайын. Менің өсірген, тәрбиелеген, баққан анам Балжан 1981 жылы 96 жасында дүние салды. Байсана әулетінің үлкен шаңырағы. Боранжан ағамның үйлері біздің шаңырақтан енші алған. Есен Беріштің қызы - бүгінгі белгілі жазушы - драматург Берік Қорқытовпен немере Жинеәлиев Қуат деген азаматтың қызы екен. Әкесі жасынан орыстардың малын бағып, қиындыққа төзіп, азапқа мойымай өсіпті. Кейін Кеңес өкіметі орнағаннан кейін сол өкіметтің идеясына беріліп кеттің деп бандылар атып өлтірген. Содан Жексенбай атам әрең деп сұрап алып жерлеген. Ал өз әкем Жексенбаев Дүйсенбай 1943 жылдың наурызында соғысқа кетті де желтоқсанында Сталинградта снаряд түсіп опат болды. Ауданда мектеп, балалар үйінің директоры болған інісі Жексенбаев Төлеуде соғыста хабарсыз кетті. Білушілердің айтуынша әкем Сталинградтың трактор зауыты қасында оққа ұшыпты. Бірақ қаладағы ескерткіштерде есімі жоқ.

1958 жылы мен тамыз айында Алматыға волейбол жарысына кеттім дедім ғой. Содан қыркүйек айында бір келгенім бар. Сол кезде анамның Ақілгек сын-ды сіңлісі келіпті. Ол нағашы апайымнан екі бала бар - Тұран, Тементай, Құлсары қаласында тұрады деп естимін. Таңдайда тұртын нағашылары Өтеген оларды білмейді. Ал енді айтқасын анығын айтайын. Менің негізгі шешем орыс - Александра Ивановна Истомина. Ал ол қалай дерсің? Әкем Мырза деген азаматтың қызын алмақ болады. Барлық шаруа келісіліп, енді бітеді деп жүргенде банда Құныскерей Мырзаны атып кеткен. Ал әкем мен Айсұлу (Мырзаның қызы) үйленуге бір күн қалғанда, қыз қайықтан құлап суға кеткен. Бұл 1934 жыл. Сосын, әкем өзі оқыған, білімдар, орыс тілін жетік білетін кісі, амалсыз Истоминдер қызына үйленген. Бүгінде Мұрзин Құбаш деген азамат бар, жасы 80-де, Жарсуатта тұрады. Мені көрсе жиен деп есептейді. Әкең орыстың қызын алмағанда, менің бауырымның бірінші ұрпағы болар едің, деп өткен күндерді күрсіне еске алады.

Иә, әр дәуірдің өзіндік қызығымен қатар қиындығы да, қатері де болатыны белгілі. Оны қай шаңырақта өскен адам да басынан өткереді. Кешегі сұрапыл соғыс талайлардың басын жұтып, өмірін қиды. Соның бірі Дүйсенбай Жексенбаев, 27 жасында дұшпанның оғынан жер жастанды. Ерінің соңында жастай жесір қалған Шура не істемек? Болатжанын бауырына қысып кетпек болады, ерге шықпақ. Ал жалғызының көзі емес пе, Балжан Болатжанын қайдан бере қойсын. Қос ана қақаған қыста сотқа шақырылады. Құшағына алып, айналып, толғанған кәрі шеше баланы бермейтінін бірден кесіп айтады. Сот төрағасымен айқайласып, болмай, ақыры Болатжанын бауырына қысып,

Жонаш Қалдыоразұлы



ауылға қайтады. Александра Ивановна болса күйеуге шығып кетеді, бүгінде балалары бар, ақарлы-шақарлы жанұя. Атырауда тұрады. Содан бері талай уақыт, не бір заман өтті. Үлкендер дүние салды. Кешегі жас жігіт, жалынды жігіт Болатжан ағайым да 70-тің жотасына іліккелі қашан. Заманына қарай адамы да өзгереді. Кеше қия алмай қоштасқан ана мен бала бүгінде біріне-бірі хабарласып, қатынасып тұрады. Ұрпақтар ұласып, өзара барыс-келіс нығайды. Бір әулеттің үлкені боп қалған Болатжанның бар тірегі, бар сүйеніші - аталас ағайыннан тараған, тарам-тарамға бөлінген, тарау-тарауға жол тартқан бүгінгі ұрпақ. Өрісін кеңейтіп көсегесін көгертіп отырғанда, нұр болып жарқырап, сәуле шашып отырған да солар. Ендеше еншілес еліңмен ертеңгі нұрлы өмірге өкінбей, өткеніңді өшірмей жеткін, жан аға.

-Болатжан аға, біршама қиындықты бастан өткеріп, ұрпақ тәрбиесінде ұлағатты істер тыңдырып бүгінге жеттіңіз. Ал бүгінгі зейнеткерлік жайыңыз жайлы бір сөз айтсаңыз сізді сауалдар қойып енді мазалмас ем.

-Оныға да рахмет, бауырым. Жиырмамыншы ғасырдың аяқ шенінде, яғни, 1996 жылы зейнеткерлікке қалдым. Ел қатарлы күн көріп, өмір өткізіп жатырмыз. Бірақ содан бергі менің бастығым да басқарушым да Айжан жеңгең. Отыр десе отырамын, тұр десе тұрамын. Таң атпай бишігін шошаңдатып, барып кел десе барып келемін, алып кел десе алып келемін. Малды өріске шығар, кешке күтіп ал, қора тазала, қозы-лаққа, бұзау-танаға шөп сал дейтінде әмірін екі етпей орындаймын. Қайткенде де кемпірдің "жәрекім алласы" қабыл болып, шаруа күйттеген жайымыз бар. Рас, кейде шүңкілдесіп, әңгіме айтысып, тым-тәуір отырар күнімізде жоқ емес. Үй іші болғасын, ыдыс-аяқ сылдырламай тұрмайды, қызыл кеңірдек керіске де кірісіп, шайқас алаңын ала шаңға бөктіреміз. Әлбетте, әйелдің аты әйел емес пе, ол жеңіске жетіп, мен ертерек тосыламын.

-Е, әйелді жеңгенің әлемді жеңгенің. Әлемді Шыңғысхан да жеңе алмаған дейін деп отырсыз ғой,-деп күлдім мен.

-Оның рас, Қалиханжан. Әйел дегеніңнің айласы әріде жатады білем. Түлкіден де айлалы болатын сыңайлы. Шалдырмайды-ау, шалдырмайды. Енді, інім, бұның бәрін шын көріп қалма, Айжаннан артық адам бар ма мен үшін. Бұл күнде өз тірлігімен балалардың бәрі де жан-жақта. Қазіргі барым да, нарым да, тірегім де, жүрегім де, сүйенішім де, қуатым да сол Айжан. Солай, Қалиханжан, өзің кездесіп, шерімді бір тарқатып алдым-ау.

-Реті солай шығар, Болатжан аға. Түсіністікпен тірлік еткен сіздердің тағылымды, тағдырларыңыз, өнегелі өмірлеріңіз, үрдіс істеріңіз, ерен еңбектеріңіз ел ішінде үлгі боп тарап, өнеге боп өрістесе, одан кейінгі



Өмір иірімдері

ұрпақ тәлім-тәрбие алса нең бар. Тағы бір сауал-біздің кермек дәмді балалығымыз бір бөлегі балалар үйінде өтті. Бір мен ғана емес, мыңдаған ұрпақтың өмірі солай. Содан көңіліме ой келеді-облыс көлемінде қанша ма балалар үйі болды, одан кімдер тәрбиеленіп шықпады. Олардың арасынан ғалым да, ақын да, жазушы да, журналис те, ұстаз да, дәрігер де, ел басқарған әкімдер де шықты. Енді осы өмір керуенінде ата-ананың айналайынын сезінбей сол бір жетім көңіл, жарты құрсақ күн кешкендердің құрметіне облыс көлемінде бір бас қосу өткізіп, бір ескерткіш орнатуға болмас па? Оған қалай қарайсыз? Баяғыда, бірақ осыны облыстық газетке жазамын деп ескерту алғаным бар.

- Өте дұрыс сауал. Менің де көңілімде көптен жүрген сұрақ.. Жанымды мазалайды, жүрегімді тырнайды, -деп қисайып жатқан жерінен Болатжан, ағайым ұшып тұрды да басындағы тақиясын, бір шекесіне қарай ойыстырды да әңгімесін әрі өрбітті. -Балалар тәрбиеледік өмір бойы. Облыс орталығында басын неге қоспаймыз, деп жақында Республикалық мәжіліс депутатына сұрақ қойдым. Бірақ о да күмілжіп қалды. Негізгі өміріміз күмілжумен өтіп, күндеріміз кедергімен өлшенетіні қалай? Осыны айтшы, інім?

- Расында да, - деп мен де күлімжи бердім.

Төртінші арна

Бірінші шегініс

АҚЖАН ЖӘНЕ МЕН

Жаманқала балалар үйінде мені жылы шырймен, оң қабақпен, мейірім-шуақпен, қарсы алған, жақсылыққа бейімдеген үлгілі үрдістерге жетелеген жайлы мінез жайсаң жандардың бірі - тәлімді тәрбиеші, күндей құлпырып, гүлдей жайнаған, зиялы да зайырлы келген Ақжан Балтабайқызы-тын. Өзі орта бойлы, бүйрек бет, қара торы келген бұйра шаш қыз. Білуімше сол жылдрда жасы он тоғыздар шамасындағы ақ сезімді, ақ пейіл ару. Байқауымша, оны селодағы үлкен-кіші, құрбы қыздарының, желең жігіттердің бәрі жақсы көреді. Оны қашанда тынымсыз қимыл, қызу қызмет құшағында көресің. Бірде балаларға сабақ оқытса, енді бірде қыз балаларға кесте тіккізіп отыратынына куә болар едің. Ал енді бір сәтте бір топ баланы жинап алып домбыра үйретуге кіріскенін көрер едің.

Бүгін күн жексенбі еді. Балалардың жасаңдау жағы алаңсыз ойынға

Қонаш Қалдыоразұлы



кіріскен. Ересектері ертеңгілік ағаш бұтақтарын жинастырып, жыңғыл шауып әкелуге тоғайға кеткен екен. Мен ұйқыдан оянғанмен жамылғы астында жасырынып жатып кітап оқу үстіндемін. Әбдіжәмил Нұрпейісовтің "Курляндия" атты әскери тақырыпта жазылған романы. Ұлы Отан соғысы кезіндегі сұрапыл күндер, майданда майып болған ерлер өмірі мен ерліктері, тірліктері тамсандыра жазылған, тандандыра өзіне тарта түседі. Кеше кластасым Серіктен әке - көке деп әрең сұрап алғанмын. Оқи түскім келеді, жылдамырақ оқып бітірсем деп құныға да құмарта оқимын. Кітапты оқи отырып, майданға кеткен өз әкең кездесіп қалмас па екенсің деп елеңдейсің. Әрбір жауынгер ерлігі мен өмірінен өз әкеңнің тұрпатын көргендей боласың. Түнде де түннің біраз уағына дейін оқығанмын. Міне, енді таң атып, күн шыққалы да біраз уақыт болды, әлі оқып жатырмын. Әбден түс тақағанда ғана орнымнан тұрдым. Таңертеңгі тамағымды Бетховен (Бектаза досымды жақсы музыкант болғаны үшін солай атайтынмын) қасыма әкеліп қойып кетіпті. Тез-тез жуындым да, атыл-ғұпыл тамағымды іштім. Ыдыстарды білдірмей асханаға апарып тастадым да демалыс залын бетке алдым. Демалыс залына жақындай бере әлде бір қуатты да әсем әуез домбыраның өн бойынан төгіліп, екпіндей, екілене жан-жаққа тарап жатқанын құлағым шалды. Таяп келіп, есікті білдірмей ашып асқақ әуенге құлағым түріп, жүйе-жүйкем елжіреп, жандүнием балқып тұрып қалдым. Күй әуені жүйкемді желпіндіріп, жүрегіме сағыныш сезімін ұялата берді. Артта қалған елімді аңсатып, туған жерім Жылойымды емірене еске алдым. Көңіліме мұң толып, көзіме жас келгендей сезілді. Ағайыннан алыста, көз көргеннен қияда, дос-таныстан тысқары жаның жабырқап, көңілің құлазып жүргенің қайбір жақсылық дейсің?! Әлгіндегі ашық аспандай мөлдіреген көңілімді сағынышты сезімнің мұнары тұмшалап алғандай. Өректіген көңілім су сепкендей басылып қалғаны қалай? Жоқ, көңіл құрғыр басылмайды ғой, басылмайды. Алыстағы артта қалған ауылымның жусанды даласын аңсай жүріп, сарғая сағыныш сазын шертумен күн кешіп келем емес пе?! Сендерді еш уақытта, ешқашанда ұмытпаспын ұлан далам, туыс-бауыр, достарым, қабырғалы қалың ел. Адайларым! Осы бір оймен есікті аша түстім.

Көңілді әуестік биледі. Кімдер екен домбыра тартып отырған? Ашылған есіктен сығаласам...? Ақжан, Ләтипа,... Үшіншісін әрең таныдым. Ауыл қыздарының бірі - Сағида екен. Ұғуымша үшеуі де мұғалім. Домбыра құлағын сәл қисайтып, бабына келтіріп, ал кеттік деп "Адай" күйін үшеуі қосылып, қайта шалқытты. Күй тартылып болғанша тапжылмастан есім кетіп есік алдында тұрдым да қойдым. Езіле елжіреп тұрмын. Егіле еміреніп тұрмын. Күй ерекше екпіндетіп барып аяқталды. Көп жылдан кейін



Өмір иірімдері

жазылған "Адай күйі" атты өлеңімде былай деппін.

Жүрегімде бір сезім жалындаған,
"Адай" кетті төгіліп, арындаған.
Тұяғыңда тұлпардың дүбірлеген,
Қалып жатыр айналып сағым далам.

Күйдің сырын ұға біл, жаным, балам,
Туған жерін қандай ер сағынбаған.
Жауын жеңіп, ерлігін елге жайған,
Ерлер жайлы ерлік жыр дабылдаған

"Адай" күйі - халықтың ерлігіндей,
Талай тажал басыма төнді нілдей.
Бәз біреулер кісімсіп сөз айтады,
Адай деген халықты жөнді білмей.

"Адай" күйі - халықтың ұлылығы,
Ұлылығы, жанының нұрлылығы
Адайларды ажалда ала алмаған,
Шабуылдап талай жау ұрды, қырды.

Адай ұлы қашанда тарылмаған
Бас ұрмаған ешкімге, жалынбаған.
Кіші жүздің бақ туы Адайдың да,
Құрекеңдей сезген ғой дарын бабам...

Есік алдында ерекше сезім құшағына оранып, ойым ойға, санам санға бөлініп тұрмын. Тұрғаным не керек, көңілім көкке қанат жайып әлдеқашан Жылыой жаққа ұшып кеткен сыңайлы. Менің осы тұрысымды домбырашы қыздар аңғарып қалса керек.

- Кел, кел, Қалихан. Апаларыңның домбыра тартысына әділ қазы болғайсың, - деді Ақжан мені байқап қалып, ішке шақырып. - Отыр, кел айналайын. Ұялма да қысылма. Домбыраны тартушыларға қарап та үйренуге болады.

Мен апалардан ұяла, имене ішке кіріп, шетте тұрған орындықтың біріне отырып, күй тыңдауға кірістім. Үш қыз домбыраларын қолдарына қайта алып, өзара сөйлесе отырып, құлақ күйлерін келтіре түсті.

- Адай күйін тағы бірі қайталайық, - деді Ақжан апай, - концертте

Қонаш Қалдыоразұлы

дұрыс шығара алмай қалармыз. Қиын да қиқар күй ғой бір кілтпаны байқалса тыңдаушыларымызды өкпелетіп алып жүрерміз.

Асқақ та арынды, шапшаң да шалқыта тартылатын күйге аса шеберлік, білгірлік, зерделі зеректік аса қажет. Бала болсам да байқаймын, мына үш қыздың салалы саусақтары шапшаң да шымыр, икемді екені көрініп-ақ тұр. Әсіресе, Ақжанның домбыра тартысы тамаша да тартымды. Ләтипаның да салалы да сүйріктей саусақтары сүйкімді көрінеді. Бір саусақ домбыраның бас пернесінде жүрсе, екіншісі сағақта жататындай. Сағида болса сырбаз да сындарлы күйші екенін ерекше танытқандай. Үш күйші қыз бірінен-бірі өткен ерен домбырашы екеніне анық көзім жетті. Көзім жетті де көңілім толды. Мен де домбыра тартуды үйренсем деп армандадым.

- Ал кеттік,-десті қыздар, ұшатын қырандай қанаттарын қомдай түсіп. Ақжан белгі берді. Үш домбыра қосылғанда Жайық толқынындай көкке шапшыған күй екпіні лекілдей, төгіле жөнелді. Домбыра шанағынан төгілген күй сазы зал ішін керней жөнелді. Екпіндете, екілене төгілген күй әуені көкірегімді сағыныш нұрына толтырып, жүрегімді балбырата түсті. Тамсанып барып басылған күй тағы бір тартылса деп отырмын. Мен жүзім нұрға малынып, жанарым алысқа қадалып отырып қалыппын. Тағы да бұйырғынды, боз жусанды, көкпекті көлдеулі, қызғалдақты қыратты елім есіме түсіп еңіреп жібере жаздадым. Жанымды жегідей жеген сағыныштың сарғайған сазы жүрегімді мазасыздандырып әкетіп бара жатты.

- Өңің қашып отыр ғой, ауырып қалмадың ба, Қалиханжан, - деген Ақжан қасыма келді. -Су ішші. Күй сазы көңіліңді бұзып, еліңді есіңе түсіріп отырған жоқ па? Жылыой жақ ылғи Адай дейтін дегенді естиміз ғой.

- Солай шығар,- дедім баяу ғана, су ішіп есімді жиғандай боп. Көңіл сезімін дәл басқан Ақжанға аңтарыла қарап қалыппын. Япыр-ай, менің жан дүниемді, көңіл сезімімді қайдан біліп тұр-ай сұңғыла қыз. Бұ қыздардың қайсысынан да ештеңені жасырып болмас. Орнымнан тұрып далаға беттедім. Боранжан ағаның үйіне баратыным, отындық ағаш жаратыным есіме түсті де солай беттедім.

- Ақжан апа, мен Боранжан аға үйіне баратын едім,-дедім.

- Бар айналайын, әжелеріңе сәлем айт,- деген Ақжан құрбы қыздарымен қала берді.

Боранжан ағаның үйіне беттеп Ақжан апа айтқан әңгімені есіме алдым. Ол бірде өзара бір әңгімелескенімізде өзінің Боранжанға бауырлығын, ата-тегі жайлы әдемі әңгімелеген-ді.



Өмір иірімдері

АҚЖАННЫҢ БІРІНШІ ӘНГІМЕСІ

- Атамыз Әли ұлы бабамыз Байсананың үшінші баласы екен, - деп бастаған сонда Ақжан әңгімесін. - Алты ағайындының ішіндегі ұзақ ғұмыр кешкені де, қиындық пен қияметті де, азап пен тозақты да көрген менің атам. Сексен сегіз жыл ғұмыр кешіп, әкемнен он жыл кейін қайтыс болды. Атам өзін өте таза ұстайтын адам еді. Дені таза болумен қатар ішкі жан дүниесі де таза да мөлдір, сұлу да сымбатты еді. Кеңес дәуірінің қыспағына да, қысталаңына да болмай ораза тұтуын, бес уақыт намазын оқуын, Алла жолына садақасын беріп, айт шалу дәстүрін бір қалдырған жоқ-ты. Өте байсалды да ұстамды да кісі атамыз. Кейде намаз оқығанда бағып тұрып арқасына жабысып жататын едім. Сұрапыл соғыс жылдарында біздің шаңырақ жоқтық көрген-ді дей алмаймын. Өйткені, ол кезде жасы жетпіске жетсе де атамыз өте оқсатымды, пысық кісі бопты. Табыскер адам аталыпты. Тәрбие жұмысымен, балаларға діни білім берумен айналысыпты. Діни білім - адамдардың арманын асқақтатып, адамгершілігін жолға қоятынын, адами қылықты қалыптастыратынын айтып отыратын. Қасында дос молдасы болды, екеуі елге шығып, бала сүндеттеп, Құран Кәрім хақында, Мұхамбет салолла ғалейссалам жөнінде әңгімелеп, уағыз айта білді. Әсіресе, әйел адамның тазалығы, ибалылығы мен инабаты, ізеті мен ізгілігі мейірімділігі жайында, жалпы адамдардың қайырымдылығы турасында толғана сөйлейтін. Атамның айтуы бойынша - біздің әкеміз құдайдан сұрап алған жан дегенде жалғыз баласы екен. Кіндігінде ерекше жағдайда кестіріп, атын Балтабай қойыпты. Әкеміздің үш апасы болған. Бәрі де бауырларын ерекше көріп, қолдарынан тастамайды екен. Біз де әкемізден бір ұл, үш қыз қалдық. Содан да ма екен, атамның ерекше қасиеті - әйел жұртын өте қатты сыйлайтын. Әйелге бағышталған әңгімесін "қарақ" деп ерекше мейіріммен бастайтын.

Әкеміздің соғысқа қай жылы алынғанын білмеймін, бірақ 1943 жылы оң қолынан жараланып келді. Саусақтары тиген оқтан қисайып кетіпті. Әкем аулымызда ілкі шаруашылықтар құралғанда 36 бас малмен сиыр фермасын құрып, басқарған. Соғыстан оралғасында сол фермаға басшылық жасады. Біз Бақсайдан төрт шақырым қашықтықта тұратын ек. Қай шаруаны да әкеміз әкесімен ақылдасып атқарады. Сонда әкеміз үлкен адамдай көрінгенмен, кейін білдік, жас екен ғой. Қасымызға Бақсайдан көп балалы бірнеше жанұя - отбасын көшіріп әкелдірді. Ондағы ойы - тартып, майын алған сүт болса да, балалар ішсін, ештеңесі жоқ,

Жонаш Қалдыоразұлы

бірақ балалы шаңырақтарға бірді - екілі мал беру еді. Фермада ылғи әйелдер жұмыс жасайды. Көбінің ерлері соғыстан оралмаған. Оралғандарының өзі мүтедек. Солар аш болмасын деп кейде жасырып мал сойып береді.

1947 жылдың күзінде ұзақ науқастан әжеміз дүние салды. Туыстарымыз Боранжан ағаның үйі, біздің үй. Аман көкемнің үйі бір-бір қызыл нар ұстайтын. Тілі жоқ хайуан демесең нар ақылды мал келеді екен. Сол кездегі бір жағдайды айтайын. Әжеміз жеті шақырымдай жердегі қауымға үйдегі қызыл нармен апарып қойылды. Арада екі күн өткенде сол нар жоғалып кетеді. Атпен атамның іздемеген жері, қарамаған белі, бармаған елі қалмайды. Бір адам көрмейді, білмейді. Салы суға кеткен атам кемпіріне дұға қылмаққа әжеміз жатқан қауымға бұрылады. Барса ...

Нешеме күн бойы іздеп жүрген нары әжемнің бас жағында сұлқ түсіп, көзінен жас парлап шөгіп жатады. Бұл жағдай бірнеше мәрте қайталанады. Кейін үй өртенгенде, сол нар және бір нар екеуі өртке кетті ғой...

Мен Ақжан апайымның әңгімесінің басын бірқалыпты тыңдағаныммен аяғы ауырлап бара жатқанын ұқтым. Бұйра бас бойжеткен қыздың күрсінісі көбейе түсті. Өткен өмірдің өкініші өкіндіріп, өзекті өртеп отырма, әлде Ақжан апайымның көңілін күпті еткен жайсыз жайлар бар ма, білмеймін, жанары жәудіреп, елсізде қалған жаралы киіктей күй кешіп отырған сыңайлы көрінген-ді.

Бақсайдағы шағын мектепте талайлар балаларға білім беріп, еңбек етеді. Соның бірі - Ерешев Әрсенғали деген ұзын бойлы, сары өңді кісі. Дене шынықтыру пәнінің падишасы. Әлбетте ол белгілі спортшы да емес, не спорттың бір түрінен жеткен жетістігі де бар деп айтылмайды. Балаларды спортқа баулыған оның өзіндік "тәсілі" бар. Бір күні біздің кластың балаларын қоймастан, есін тандыра жүгіртті. Балалардың бәрі де шаршайтын болу керек, Әрсенғалиға, әй, бір оңдырмай қарайды. Бойым тапал болғасын мен саптың соңында тыпыр қағып, тілім салақтап, демім біткендей әрең келе жатамын. Жүгірістен жек көрерім жоқ. Бұрын Құлсары пансионында да құрып кете жаздап едім.

-Алаңды тағы бір айналыңдар,- деді Әрсенғали даусы шаңқ етіп. Оның айтқаны бізге заң. Орындамасаң біттің, күнің күн болмайды. Біз сілеміз қатса да жүгіріп келеміз. Әбден болдырғаным ғой, бір сәт есімнен танып құлап қалыппын. Аузымнан да, мұрнымнан да қан сау ете түсіпті. Сұлқ жатқан мені көріп балалар қорқып кетсе керек, үрпіісе, ұйлығып, балалар үйіне, мектепке қарай тұра қашыпты. Оқыс оқиғаны естіген балалар үйіндегі тәрбиеленушілер мен тәрбиешілер жиналып қалыпты.

-Ой-бай-ау, қаршадай баланы өлтірдің ғой, байқамайсың ба? Не өшің



Өмір иірімдері

бар еді соншама жүгірткендей. Жүгіртуден басқа білерің бар ма,- деп Ақжан Әрсенғалиға ұра ла жөнеліпті. - Осыдан балаға бірдеңе болсын, көресінді көрсетемін мен саған... Ақжан апай жүзі күлгін тартып, асып-сасып тұрған Әрсенғалиға оңдырмай қарапты. Әрсенғали одан әрмен сасқалақтап, не істерге білмей, абыржыған күйге түсіп, Ақжанға да, басқаға да ештеңе айта айталмай, сүмірейген күйінде тұра беріпті. Ес - түссіз күйде жатқан мені көтерткізіп Боранжан ағаның үйіне әкелдіріп, әжелер салған төсекке жатқызыпты. Бір уақытта барып есімды жиып, көзімді ашсам керек. Дабырлаған дыбыстан көзімді ашсам айналамда толып адамдар отыр. Бәрінің жүзі сұсты, қабақтары түнеріңкі.

-Ә, көзін ашты, оянды,-деп шу ете түсті бәрі кенет. Қимылсыз, қозғалмай, сұлқ жатқан мені бәрі де өлдіге санаған сыңайлы. Мен көзімді ашқанда бәрі қуанысып, жүздеріне қан жүгіріп, аман қалғанымға тәубә деп жатты.

Қос шынардай қос ана - Боранжан ағайымның қос анасы Меңеш пен Күнсұлу мейірбан жүздерімен маған қарап отыр екен.

-Балам-ай бәрімізді шошыттың-ау. Тірі қалғаның өзіңе де, өзгеге де олжа болды-ау. Алланың әмірімен аман қалғаныңа ризамыз, шырағым. Шаршаған шығарсың, шырағым. Мынаны іш те демалшы,- деді қос ана қосарлана үн қатып, май салған ысқылтым сүтті ұсынып жатып. Мен Боранжан ағайым үйінде тағы да жатып қалдым. Боранжан ағайым тағы да дәрігер шақыртты, аналары күтімге алды. Ауданнан келген дәрігер, қатты шаршаған ғой, әбден тынықсын, енді күш түсірмесін өзіне деп бірнеше дәрі дәрмек беріп кетті. Арада бірнеше күндер өтті. Мен әбден ес жиып, қатарға қосылып келе жаттым. Кейін естуімше Ақжан апайым маған жаны ашып, Әрсенғалиға қатты ұрысқанын ел аңыздап, әңгімелеп те жүрді.

-Егер сол балаға бірдеңе болатын болса басыңмен жауап бересің,-деп тұқыртыпты Ақжан апай Әрсенғалиды. Әрсенғали мұғалім қатты сасқан сыңайлы. Ұйқыдан да, күлкіден де қалып, ішкен-жегені батпай, жүнжіп жүріпті. Осы оқиғадан кейін менің көзім ашылды. Дене шынықтыру сабағында мені қинамайтын болды. Бірақ бұған қарап мен өзімді спорттан қол үздіргенім жоқ. Сол күннен бастап дене шынықтырумен өз бетімше айналысуға кірістім. Спортсыз өмірімнің қиын соғатынын іштей сезіндім. Кейін бокс, күрес секцияларына қатыса жүріп, өзімді-өзім шынықтыруға шамам жетті.

...Бақсайға алғаш қадам басып, Жаманқала балалар үйіне орналастым. Әр жақтан келген балалармен біріге күн көріп, өзгеше бір өмір керуеніне ілесіп, тірлік легіне қосылдық та кеттік. Алдымен ауылдастарымды тауып

Қонаш Қалдыоразұлы

алдым. Олар едәуір үйреніп, бедел жинап қалыпты. Бетховен балалар үйінің жағдайын айтып, мектеп, класс жайынан хабардар етті. Кластағы ұлдар мен қыздар жөнінде айтуды ұмыт қалдырмады. Үйден келіп оқитын ұл-қыздар жөнінде де әңгімеледі.

Ертесіне балаларға еріп мектепке бет алдым. Әп - сәтте мектепке келіп, класымызға беттедік. Қасымда Бетховен. Ол зып беріп класқа кірді де кетті. Менің мектепке алғашқы келген күнім ғой. Имене басып класқа кірген соң қай жерде бос орын бар екенін аңғара алмай және кімнің қасына қалай барып отырарымды білмей аңырып тұрып қалдым. Осы сәтім үстіне алғашқы пән мұғалімі класқа кіріп келе жатты. Бұл кейін білгенімдей орыс тілі пәні мұғалімі Дүсіп Бижанов ағай екен. Ол класқа кіргенде менің тосырқап тұрғанымды байқады ма, терезе беттегі қатардан екінші партада отырған қара баланы тұрғызды да артқа жіберді. Ол тілін шығарып, бетін қисаңдатты да арттағы бос партаға қарай жөнелді. Босаған орынға мені отырғызды. Томпақ бет, қызыл реңді, аққұбаша келген бала қыздың қасына имене басып келіп жайғастым. Барымша қызға қарамауға тырыстым.

Уақыт өте кластағы тірлік жайы байқала берді. Кімнің сабақ оқитыны да, оқымайтыны да айқындалды. Кімнің тентек, кімнің момын екені де білінді. Алғашқы сәтте тағы бір байқағаным - Дүсіп Бижанов ағайдың бір аяғы жасанды іспетті, сықыр-сықыр етеді. Соғысқа қатысқан адам болу керек. Жүзі сұсты, қабағы қалың, үні зор, денесі үлкен, бойы биік келген кәдімгі нар қазақ. Сабағын әсерлі өткізеді. Ілкі күннен оның айтқанына зейін қойып, сабағын ұйып тыңдап, пәніне жете көңіл бөлдім. Орыс тілін жақсы оқымасам, тәуір сөйлемесем болашағым бұлыңғыр көрінетіндей сезіледі. Қатесіз сөйлеуге үйрену керек. Осыны мақсат еткен мен Дүсіп аға не тапсырса да орындауға бейім едім. Дүсіп аға қосымша сабақ ретінде "Правда" газетінің әр номерін үзбей оқытады. Кейбір сөздің мәнін, жазылуын түсіндіреді. Дүсіп мұғалімнің біздермен жүргізген тынымсыз жұмысы, берген дәрісі, үйреткені көп пайдасын берді. Бәріміз де бұл пәнді озық оқып, сөздік қорымызды молайтуға бет түзедік. Нан сұрауды білмейтін сорлы басым, менде орысшаға едәуір төселгенімді байқадым, түсінігімнің артқаны сезілді.

Алғаш қасына келіп отырған әдеміше қыз Ақжан апайымның кенже сіңлісі Мұқсина екен. Толықша келген, тымпиған, артық-ауыс сөзі жоқ, бәкене бойлы, қызыл реңді қыздың бала қылығының өзі сүйсінтеді. Сабақты тәуір оқитындардың бірі екені көрініп тұр. Қарапайым киінгендігіне қарағанда жанұяда тапшылықтың барлығын байқауға болады. Көркіне келбеті сай көңілге қонарлық шырайлы. Үйден келіп оқитын көп қыздардың бірі. Сабақ үстінде де, үзілісте де Мұқсина өзінің салмақты,



Өмір иірімдері

сабырлы, ұстамды, биязылығын, ибалылығымен иландырады. Үні күміс қоңыраудай сыңғырлап естіледі, сүйкімді-ақ. Класқа тымпиып келіп, тымпиып кетіп бара жатады. Ешкіммен ерекше әңгімелеспейді, сырласпайды, сөйлеспейді, тіпті кейде балаларға қосылып ойнамайды да. Оған кластағы балалардың бәрі дерлік ұната қарайды, сүйсіне көңіл бөледі. Мен де алғашқы күндерден соң оған көңіл бөліп, көз аудармай қарайтын болдым. Сүп-сүйкімді, сындарлы да сымбатты, әсем де әдемі балғын қыз ыстық демімен балқытып қасыңда отырғанда қалай ғана қарамассың. Ретін тауып әрнәрсені сұрағым келеді, әрнәрсені айтқым келеді. Бірақ бір сәті түспей-ақ дінкені құртады. Сәті түсер бір күні деп өзімді-өзім жұбатам. Сабыр түбі сары алтын деген, сабырлы болған жөн шығар деймін іштей ойға беріліп.

Сабақты жақсы оқитындардың қатарына ілігіп, мұғалімдер көзіне түсіп үлгердім. Әзір орыс тілі мен дене шынықтырудан басқасы круглый бес. Орыс тілінен әзірге толық үшпін. Өзіме-өзім со да жарайды деп қоямын. Ал дене шынықтыруды білмеймін. Әрсенғали ағайдың сергек сезімі мен қимас көңілі біледі. Шамалап жүгіруді, секіруді, еңбектеуді, отырып жүруді үйрендім. Үйренген үстіне үйрене түссем деймін... Содан да үздіксіз жаттығып өзімді-өзім қамшылап келемін. Неге дейсіз бе? Сыры бар. Жасымнан аурушаң, жаратылысым жеткіліксіз болып туылыппын. Анашымның сүтіне де жарымаған болуым керек...

Класта әр жастағы бала бар. Мұқсина мен бірге апасы Мұслимамен де класта бір оқимыз. Кейін аңғарып, кейін білдім, жасы Мұқсинаға қарағанда ересектеу. Ол дәуірде балалар ілгерілі - кейінді оқи береді ғой, еш сөкеттігі көрінбейді оның. Басқа қыздарға қарағанда Мұслима тентексоқтау, өз дегені болмаса көп ешкімге бола бермейтін, өжет, бір беткей қыз. Ұрынғысы келген ұлдардың да қиқаңын көтермейтінін, қайта оларды қағып жіберетінін көргеніміз қаншама. Көбіне-көп ер балалармен ойнайтын Мұслиманың олармен шатаса беретін, төбелесіп қалатын кездері де аз болмайды. Бірде Мұслима дығал қара Тілепов Құсанбек деген бір баламен теке тірес келіп тұрып қалды. Ұстасқанда ұтыла қоймады. Қайта Құсанбекті шырық көбелек айналдырып, ұшырып жіберді.

-Сен неңе мақтанасың. Жетім балдардың киімін кигеніңе ме?,-деп қалды Құсанбек. Мұслима намысқа шыдамады-ау деймін, кәне, қайта айтшы, деп орнынан әлгінде тұрған едәуіршік жігітшік баланың жағасынан алды да көйлегінің жағасын дар еткізіп, өзін бір соғып қайта жалп еткізді. Содан кейін ер балалардың көбі жүрегі тұрып Мұслимаға жоламайтын болды.

МҮСЛИМАНЫҢ ӘНГІМЕСІ



- Кейін, жылдар өтіп, жас қыздар бойжетті, ұлдар ержетті. Тұрмыс құрған қыздар ана атанды, үйленген ұлдар әке болды. Біз де бойжетіп, қатарымызды таптық,-деп бастады әңгімесін Мүслима. - Анау өзім төбелесетін Тілепов Құсанбек өскесін дырдай бастық бопты. Облыстық ГАИ-дың бір шендісі дейді әйтеуір. Қап, дедім бұндайын білгенде, оған өзім-ақ күйеуге шығып алатын едім. Неге дейсіз бе? Бір күні азаматымның автокөлігімен Атырау қаласынан келе жаттық. Атыраудан шыға берістегі көпірге жақындай бергенде ала таяғын шошаңдатып біреу бізді тұрғызды. Жүргізуші жазғанда не амал бар, машинасынан түсті де қызыл жағалыға қарай томпаңдап бет алды. Анау қолын шошаңдатып бірдеме деп жатыр. Азаматым абыржып қалды-ау деймін, қипақтап жан-жағына қарады. Реті анау қоқан-лоққы көрсеткен сыңайлы ма, қалай, біле алмай отырмын. Машинадан жедел түстім де кенет қастарына жетіп бардым.

- Әй, ГАИ, бұл кісіден не кінәрат тауып жатсың, - дегенім сол еді, ГАИ жігіт маған жалт қарады.

- Әй, Мүслима, аманбысың?

- Аман, аман. Құсанбек екенсің ғой. Қолыңнан келетіні Махамбет пен Бақсайдың шоферлерін шырылдату ма? Сен де сол топырақта өсіп, өніп, өмір сүрмеп пе едің?-дедім әй-шәйға қарамай.

- Жақсы, жақсы. Жүре беріңдер, жолдарың болсын.-Ол қолын күнқағарына апарып қала берді. Былай шыға азаматымнан не деді деп сұрасам:

- Сені сұрады аман ба деп, - дейді де күледі.

- Несіне күлесің, деймін.

- Неге күлмейін. Сенен оқсап таяқ жегені ұмытылмай жүрген сыңайлы, сенімен төбелеспей ме, - дейді.

- Айтады екен, - дедім де машина терезесінен тоғайлы Жайық бойына көз жібердім. Өткен күндер, балалық бал дәурен ойға оралды. Қызық еді-ау, ол күндер шіркін. Ал енді тигенің кім дегелі отырған шығарсың. Сен сұрамай тұрғанда өзім айтайын. Мен Боранжан ағамның немере қарындасымын. Туған балдызының жұбайымын.

Сонда Хафизаның қайын сіңлісі болып алып, келініне айналдым. Иә, одан ештеңе ұтылғанымыз жоқ. Сегіз балалы болдық. Бәрі де ержетті, бойжетті, өмірден өз жолдарын тауып үлгерді. Апаны апа деп, ағаны аға деп сыйлай білдік. Бүгінде тірліктің тауқыметімен, нарық заманының



Өмір иірімдері

қиындықтарымен қайыспай күресіп, бірді екі етеміз, жоқты бар етеміз деп жүрген жайымыз бар.

Адам тағдыры деген қызық. Оқыс оқиғалар, талайлы тағдырлар өмір болғасын талайдың басынан өтіп жатады. Олардың тірлікте өкініштісі де аз болмайды. Ондай жайдан Ақжан апайымның отбасы да құр алақан емес.

Соғыстан кейінгі қиын да ауыр кезең. Ауыл Жайық жағасындағы Көктерек өңірінде. Ақжанның бала қыз кезі, әрі кеткен де он екі - он үштегі шамасы. Үш - төрт үй сиыр ауыл бір қонысты қыстап отыр. Ақжаннан кейінгі екі қыз бен інісі әлі шикі өкпе сәбилер. Аталары Әли де, әкелері Балтабай да елге сыйлы, қадірі артқан кісілер. Әли қарт қайратты да қажырлы, қуатты да қунақ жан. Әкелері аса бір қайырымды, қарапайым, әділ де турап түсер азамат. Соғыстан қолы кеміс болып оралса да ферма меңгерушісі боп, мал шаруашылығы саласында еңбек етуде. Мал басын аман сақтап, өнім өндіруде алдыңғы саптан көрініп, ауыл басшыларының, халықтың құрметіне бөленіп жүр. Әркімге қол қайыры мықты, жаны жомарт, жүрегі шуақты адам атанды. Әркімге пайдалануға берген малын кейде сұрамайтыны да бар. Өмірден ол өтіп, шаңырақ шарт сынып ортасына түскен ауыр кезеңде кейбір ауыл адамдары:

- Мынау Бәкеңнен алған мал еді, қайырын көрдік, рухы риза болсын, өздеріңе қайтармақпыз, - деп әкеліп бергені қаншама? Көбіне ол қыста да, жазда да шаруашылық қамымен малды ауылды аралап, малшылар мен мал жайын біліп, түзде жүреді. Ауылға екі-үш күндеп бір келеді. Бірде Балтабай ауылға жайрағырақ оралды. Түн ортасы ауа үйге кіріп келген Балтабайдың көзіне балаларының қасындағы жатқан бөгде әйел бірден шалынды.

... Түс кезі еді. Күн ашық. Аяз қаттылау болатын сол күні. Шалғайдағы малды ауылдың тірлігі өзінше өтіп жатады, бөгде ешкім келмейді. Әлбетте Әли ақсақалдың үйінің босағасын сол күні бір бейтаныс әйел аттады. Кәдімгі құдайы қонақ. Құдайы қонаққа қай қазақ қарсылық етеді, құшақ жайып қарсы алып, төрге оздырады емес пе? Киімі жұпыны. Шашы қысқа қиылған, бірақ кескін-келбетті. Көркі келісті келген бір жан. Кәдімгі қазақ әйелі, мөлдіреген жанары шоқ секілді, көрген жанды қарып түсетіндей көрінеді.

- Түрмеден шығып ем, барар жерім жоқ, екі-үш күн паналатсаңдар, - деді әйел мүләйіммен сөйлеп, әрі көзінің жасын көл қылып жылай отырып.

Адамның, соның ішінде әйелдің көз жасын көрген қазақ шыдай ала ма? Қашанда әйелдің көз жасы ауыр деп есептейтін қазақтан төзім кетеді ғой. Әли қарт қалбалақтады да қалды.

Қонаш Қалдыоразұлы



- Япыр-ай, жағдайың қиын екен. Қаладан шығып қырға келуің қалай, ауылың қайда еді, қарағым,- деді Әли қарт жаны жаралы әйелге мейірімі түсіп.

- Ауылым шалғайда, Орал жақта. Көлік күтіп жолға шыққанмын, болмағасын жаяу жүре бердім-, деді әйел екі қолын қазандықтағы қи шоғына қақтап.

- Жаным-ау, мынадай қыста, мынадай киіммен...? Келінімнен де жас екенсің. Осы жастан тағдыр тауқыметін тартар не күнәң бар еді, қарағым. Паналаймын десең панала. Мына келінге қолғабыс етерсің. Көлікке мінетін ақша да алып берермін баламнан. Жол азығыңды да дайындатамын келінге,- деп қалбалақтаған Әли ақсақал мейірбандық танытады, аяушылық білдіреді.

Келіні әйел жүрісін, қылығын жақтырмаса да атасының ықтиярынан шыға алмайды. Үн-түнсіз анадай жерде отырған әйел сәлден соң жайылған дастархан шетіне келіп шайға отырады. Тамақ ішісі де көргенді таң қалдырады.

Түс ауа Бақсайдан оқудан Ақжан келеді. Қонақ әйел едәуіршік қыздан кәдіктерініп, алдап-сулап әңгімеге тартып, басын қаратуға кіріседі. Суыртпақтап сыр тартып, әрнемені сұрай берген әйелден мезі болды ма, Ақжан жұмған да аузын ашпайды.

Сол күні де шаруашылықта жүріп, малды ауылды аралап кешендеу оралған Балтабай келген бетте балаларының ортасында аяғын бауырына алып, бүктүсіп жатқан бейтаныс әйелді көріп тіксініп қалады.

- Мынау кім,- дейді Балтабай әйеліне сұраулы кейіппен, - Қайдан келеді, қайда барады? Елден шалғай мал ауылда не істеп жүрген жан.

- Мен қайдан білейін,- дейді әйелі естілер-естілмес.

- Құдайы қонақ, балам,- деді әкесі Әли әдеппен.

- Түрі жаман екен, ұсқыны ұнамайды. Қашқын емес пе,- дейді

Балтабай жаратпаған кейіппен, көзі жұмулы жатқан қонақ әйелге өткір зер сала. - Мынау сау адам емес.

- Жарайды, балам. Мезгілі бітіп, жазасын өтеп келе жатқан жан көрінеді. Тағдырдан таяқ жеген жанға оңай деймісің. Екі-үш күннен соң кетер, шыдас керек. Одан да шаруа күйің қалай, соны айтсаңшы, - Әли ақсақал әмір ете тіл қатты.

Әкелі-балалы екеуі шаруа жайын біраз әңгімелеп, ертеңгі шаруа жөнінде де пікірлерін ортаға салып әлде де біраз отырады.

- Жақсы, әке,- деп бір мезгілде Балтабай төсегіне бет алады. Оның әр сөзін тыңдап, көзі жұмулы болғанмен құлағы түрік қонақ әйел Балтабайға көзін сығырайта қарай қалғаны сол еді, көкірегінде кек қайнап шыға келеді.



Өмір шірімдері

... Әли ақсақал рұқсат еткесін қонақ әйел бір-екі күн үйде жүріп төңіректі шолып, үй ішін байқастай бастайды. Күні бойы ауыл адамдары шаруа қамымен далада жүреді. Балалардың жасаңдауы ойынға берілсе, Ақжан ертелетіп сабаққа кетеді. Бұл бейтаныс әйелге қолайлы сәт еді. Құрбан айттың кезі. Сандықтардағы бар тәуір киім, мата біткен ілулі тұр. Үйді емін-еркін аралаған бейтаныс әйел тәуір киімдерді, маталарды, кейбір азық-түлікті ыңғайластырып, белгілі жерге тыққыштап жүреді. Ал кешкілік түзге отырған болып шығып, түйіншектерін үйден қашығырақ бұта түбіне жасырып келеді.

Түн ортасы ауған кез. Түзге отыра шыққан бейтаныс әйел жоқ. Балтабай ойда жатады да ұйықтап кетеді. Күні бойғы шаруадан шаршаған жандардың бәрі де қалың ұйқы құшағында еді. Кенет біреу терезені тарсылдата қағады да "Өрт, өртеніп жатырсыңдар" деп айқайлайды. Шошып оянған Балтабай ұйқылы-оюу түйе қораға кіріп кетеді. Бұрылыстағы есікті таба алмай біраз жүреді. Адамдар келгенше Әли ақсақал төбедегі терезені ағашпен сындырып, балаларды сыртқа қарай зытырады. Ақжан атасының үстіне қайта құлайды. Екінші де терезе жақтауынан ұстап шыққан Ақжан атасы мен қалған балаларды анасының көмегімен тартып шығарады. Енді анасын тартып шығарайын десе Ақжанды жалын күйдіріп бара жатады. "Анашым, өртеніп өлесің. Әкел қолыңды бер" деп зар қағады Ақжан. "Мен ар жағынан басқа бөлмеден шығамын, күнім" деген аналары әрі қарай кетті. Күн болса қатты суық. Жел күшті, адамды ұшырып барады. Үйдің бір бөлегінде сүт тартатын машина тұрған бөлме бар-тын. Онда екі бұзау тұрған-ды. Алланың әмірімен сол өртенбей қалды. Балтабайдың келіншегі сол бөлме арқылы далаға шығып үлгерді.

Сол мезгілде жиналған ауыл адамдары үйдің төбесін құлатып, үй мүлкін аман алып қаламыз дегенде Әли ақсақал құлаттырмай "ішінде қонағым қалды" дейді. Ал қонағы болса әлдеқашан ауылдан әріректе осының бәрін бақылап отыр еді.



АҚЖАННЫҢ ТАҒЫ БІР ӘҢГІМЕСІ

Өрт қаулап, абыр-сабыр болып жүргенде кімнің қайда екенін кім білсін.

- Үйдің сыртында Балтабай құлап жатыр,- деді біреу.

- Тірі ме?


- Тірі. Ауылдастар жиналып бір сауыншының үйіне алып барды.

- Әке, қалайсың,- деп мен кіріп барғанымда ол болған жайды түсіндіре бастады. Кәдімгідей сөйлеп жатыр.

- Шығар есікті таба алмай, адасып біраз жүрдім. Әреңдеп еңбектеп, домалап, жорғалап далаға әрең шықтым. Үстіме жанған ағаштар құлап жатты,- деді әкем. Анам қасында отыр әкемнің басын сүйеп. Әкем түкірсе қап-қара ыс, қан аралас әлдене түседі. Түске жақын қайтыс болды.

Сонымен маңдайымызға шаң тимей келген бал дәурен балалық шағымыздың шадыман шаттыққа толы, келісті кезеңі аяқталғандай сезілді. Көкірек шерге, көңіл мұңға толды. Кеудені кек кернейтін сыңайлы. Әркімге сынай қараймын. Ызақор болып шыға келдім. Қонуға келген қонаққа да, тіпті қайыршы көрсем жыным келіп, үйге жақындатпаймын. Атам маған қарайды. Мен: - жібермеймін, деп безілдеймін, үйде дым жоқ. Ол кезеңде кімде не бар. Әркім бірдеңелер берген болды ғой. Ол не болады. Бәрінен де жалаңаш қалған жаман екен.

Жаманқалаға атам жібермейді, кетпе, дейді. Сөйтіп жүрген де Әбішев Тұхфат деген нағашым пансионға орналастырып, жалғасып кеттім ғой. 1954 жылы жақсы оқыған балаларды бастап Сталинградқа бардым. Сонда атамның тапсырмасы бойынша Болатжанның әкесінің бейітін іздедім. Ол ағамыз, Болатжанның әкесін айтам, осы қала үшін шайқаста қаза тапқан ғой. Әрбір ескерткіш таста, бауырластар зиратында көмілген, жауынгерлер мен офицерлер есімі жазылғанмен Дүйсенбай ағамыздың есімінің болмауы қалай, деп көңіліме түйіп, ауылға көңілсіз оралдым.



Өмір иірімдері

ӘЛИ АҚСАҚАЛДЫҢ ТҮСІ

Бір күні Әли ақсақал түн ортасында көрген түсінен қатты шошып оянды. Неден оянып еді? Ә...? Біреу өрт, өрт деп терезені шарт сындырып, есікті сартылдата берген екен ғой. Балтабай, үйің өртеніп жатыр...! Көрші әйелдің қылқынған үні қатты желмен бір естіліп, бір естілмеді. Ұйқысы қашқан Әли ақсақал сыртқа шығып, айналаны бір шолып келді. Бәрі тыныш. Ауылда Балтабайы жоқ болатын. Содан төсегіне келіп қайтадан қисайған Әли ақсақал көрген түсін көңіліне өткізе берді.

... Балтабайы үй есігінің көшегін иығына іліп кеткені несі! Е... Енді қайтсін. Өрт тілі жалмаңдап төрге жеткелі тұр. Тұрыңдар, тұрыңдар, балаларды құтқарыңдар, деген Балтабайдың да үні кетіп бара жатып әрең естіледі. Ұйқыдан шошып оянып, тұра берген үй адамдары есікке жүгірсе, есік мықтап тіреулі тұр. Е, бұны кім тіреген? Есіне ештеңені түсіре алмаған Әли ақсақал бір мезгілде терезеден балаларын біртіндеп шығарып, сыртқа шығып демін бір алды. Балтабай болса артына қарайлай алмай, қорадағы қоғам малын құтқаруға кеткен сияқты еді, әлі жоқ. Келетін уақыты әлдеқашан болған. Әли ақсақал ұлын күтіп отыр. Жоқ, отыра алмады.

- Балтабай, қайдасың? Әли қарт қараңғы түнді қақырата қақ жарып, айналаны жаңғырықтыра айқай салды. Жауап берген ешкім болмады. Қатар-қатар шопандар қыстауы екен дейді, біреуі тіл қатпайды. Олардың үйлері, мал қоралары өрттен аман, шаруалары түгел сыңайлы. Әли қарт әрең деп қораға жақындады. Аяғын баса алар емес, дір-дір етеді. Әрең деп қораға жақындағанмен ішке кіруге мүмкіндігі көрінбеді. Арада тағы да жарты сағат өтті. Өрт қаупі басылғандай көрінді. Әли ақсақал әуіріміпдеп қораға кіре берді. Күйіп, өртенген малдар ырсиып, ырсиып, әр жерде теңкиіп жатыр. Әли ақсақал қайда тап болғанын білмей шошып кетті. Ақ тұмандар арасында адасып жүргендей сезінді өзін. Тағы да ойына не түсті екен?

- Балтабай, Балтабай, -деп тағы да дауыстады. Жоқ, ешкім тіл қатпайды, еш дыбыс білінбейді. Мидай дала, құла түз секілді тұрған жері. Кенет көңілі қобалжып, жүрегі өректі. Бірте-бірте қора ішіне көзі үйренген Әлекең ептеп басып қора түбіне қарай адымдап, жүре түсті, үңіле берді. Кенет...

Бар күшін қоғам малын құтқаруға жұмсаған Балтабайы да жалынға оранып, отқа күйіпті. Ошағын, әкесін, бала-шағасын, асыл жарын ойлауға да шамасы келмепті. Болар-болмас қана ыңырсыған үні қора түбінен әрең естіледі Балтабайдың.

Қонаш Қалдыоразұлы




Әли ақсақал ырса-ырса болып жатқан баласына тұра жүгірді. Бауыры езілген қарт баласының от шалған басын кеудесіне баса берді. Қайран есіл ер, асыл азаматым-ай, деп еңіреген Әли ақсақалдың көз жасы көл болды. Елім деп еңбек етіп, ертеңім деп езілген, көңілі көл, ары ақ, жаны таза, жүрегі жомарт Балтабайдай бір туар жігітті кім өлімге қияр. Арада көп уақыт өтпей-ақ, Балтабай әкесіне елжірей де емірене қарап жатып, көзін жұмды. Үш-ақ мүшел жастағы Балтабай балаларына едәуір үлкен кісі көрінгенімен көрер қызығы, татар дәмі, күтер қуанышы алда еді ғой. Асқақтап артық айтпайтын азамат кімге не пейілімен жазды екен.

Әли қарт осы бір көріністен шошып оянса да жаманға жорымаған. Әлдеқалай жай шығар деп іштей өзі түйін жасаған да қойған. Содан бері үш айдың бедері өткен. Ел аман, жұрт тыныш еді.

... Күйік дегенің қиын ғой. Балтабайдың біраз жерін шарпыпты. Әбден әлсірегенше Әли қарт баласының басында көзінің жасы сақалын жуып отыра берер ме еді, егер бала-келіндері ата, деп тіл қатпаса. Көрші сауыншылар мен бақташылар, хабардар болған ағайын-тума, ауыл басшылары күн шыға жиналып-ақ қалды. Көп кідірмей Балтабайдың күйік шалған денесі Жер - Ана қойнына берілді.

Бар ықылас - ниеті халықтың қамын ойлау, арманы асыл, елі ардақ тұтқан, қайырымды да қарапайым, кішілігі мен кісілігі биік кешегі азамат қайда? Әли қарттың мұқалмас жігеріндей мықты тірегі мен қорғаны еді-ау. Жан-жарының жанашыры, балаларының панасы мен қорғаны қайда? Дос пен дұшпанды, қас пен қамқоршыны жазбай танитын, айқын ажырата білер ауылдың ардақты азаматының аяқ астынан бақилық болғаны қалай? Қайсар қылықты, әділ билікті ту еткен жан еді-ау, сабазың. Ұлы Отан соғысындағы сұрапылдан, өлім мен өмір арпалысынан, оқ пен оттан аман келіп алып, шалғайдағы шағын ауылда өртте күйіп өлуін айтсайшы. Қайран қыран тектес азамат, қызғалдақтай құлпырған қызықты дәурен, ғұлама ғұмыр енді басталар шақта қыршын қиылдың-ау. Әй, қайтейін-ай, қайтейін. Көрмегір түсті неге көрдім. Бәрінің дөп келуін қарашы. Әли қарт қайғыра отырып, қамыға отырып осылай ойлады.

Сен тәтті болғаныңмен неткен келте едің қу тірлік. Құса болып ата, асыл азамат еді деп елі, ардақты әкеміз деп балалары қалды, аңырап біз қалдық, деп тебіренді жан-жары. Сарғайған сағыныштың мұңды сазын талай кешерміз-ау. Жетілдің де кетілдің, Балтабай! Бізді кімге қалдырдың. Кемсеңдеп кемеңгер әкең, еңірегенде етегі толып, өкпе-бауыры езіліп жан-жарың, ботадай боздап, ұлардай шулап ұрпағың қалып барады артыңда, ардақтым. Оларды кімге тапсырдың. Сор маңдай болған соларды неге



Өмір иірімдері

ойламадың, артыңа бір қарайламадың-ау, сабазым. Алапат айқастан, оққа ұшқан жан достарыңның талайынан айрылсаң да, соғыстан аман келіп қуантқанда, елде еркін ғұмыр кешіп, қызық дәурен көрсетудің орнына қайғы-қасіретке қалдырғаның қалай, қосағым-ау? Қан жұтып, қайғы ішіп жүріп егде тартқан әкең қалай күн көрер? Отыздан жаңа асқан сыңарың мені айтпағанда, әлі қабырғасы қатып, бұғанасы бекімеген, жетіспеген жас ұрпақтарың қайғымен күн кешсін дедің бе? Әкеме, балаларға киім тігуге жаңа маталар әкелдім, деп қуантып едің ғой. Солардың киген киімін де қызықтамадың-ау.

... Бәрі де көрген түстей, әлде бір елес сыңайлы көрінді. Сенерін де, сенбесін де білмей жүрген бір адам. Бір бұрау қалмаған үй орнындағы күл-қоқыс анадай жерде қарауытып жатыр. Қарауға жүрек шыдамайды. Исі әлі қолқаны атады. Жалаң аяқ, жалаң бас шыққан бала-шағаға да, қартқа да, аналарына да оңай болған жоқ. Тұттай жалаңаш қалған қандай қиын еді. Әйтеуір жертөлелері аман үйлердің біреуінің бір жағына қыс қыстап шығуға тура келді. Әли қарттың әлі есі кірмей жүргендей. Неге бұлай болды? Қай пейлімнен таптым, деп өзін өзі жазғырады. Ақкөңілділігім мен ақпейілділігімнің ақысы ма? Апыр-ай қас пен көздің арасында не күйге түстік? Қу түсті көрмей-ақ көрер көзім шықса етті. Әлде Алланың ол алдын-ала ескертпесі ме еді? Аңғармағаным, тоқсармағаным қалай? Жазған басым-ай. Әлгі бейтаныс әйел қайда?

Өрт әбден сөніп, апа-сапа болғасын жұрт есі кіргендей бейтаныс әйелді іздеуді ойластырды. Ауыл адамдары кебеңнен шөп суыра жүріп, тығылып жатқан әйелді тауып алады.

- Бұл оқиғаға менің түк қатысым жоқ,- деп шыр-пыр болады әйел. Кім мойныма қояды, бәлесінен аулақ.

- Онда неге пішенге тығылып жатсың?

- Мен ештеңе істегенім жоқ. Әли атаның рұқсатымен бір-екі күн кідірдім. Енді ыңғайсыз болар деп түнделетіп кетейін деп ойладым, деді бейтаныс әйел. Біраз ұзағасын артыма қарасам мал қора мен Балтабайдың үйі өртеніп жатырғанын көзім шалды. Шыдай алмай қайтып кебенге тығылдым.

- Өрт қойып кеткен кім?,- деді Әли қарт шыдай алмай. Жазғаным қасірет тартқан қазақ әйелі ғой деп паналатқаным ба?

- Сізге көп рахмет, Әли ата. Өрт қойған мен емес, имандай шыным.

- Иманның садағасы кет, - деген Әли қарт орнынан жедел тұрды да сыртқа беттеді.

- Асықпа, айналайын. Әлі дәлелдейміз, мойындатамыз, - десті қаны

Қонаш Қалдыоразұлы

қайнап тұрған ауыл белсенділері. Ауданнан шақырылған милиция өкілдері әйелді алдарына салып, айдап кете барды.

Әрине, әйелге өрт оқиғасын мойындай салу оңай емес еді. Мойындаса болды тағы да жыл іліп кетері сөзсіз. Бірақ өзінің толық кінәлі екенін сезініп бара жатты. Әли ақсақалдың көңілшектігін, адамға жаны ашығыштығын, сенгіштігін шебер пайдалана алған бейтаныс әйел бүткіл бір әулетті өмір бойы осындай қайғылы қасіретке душар етті. Адамдыққа азғындықпен жауап берді. Атам қазақ айтатындай адал ас берген адамды таспен ұру тасырлықтың тура өзі еді. Әли қарт қайтсін, қайғырды, баласын аза тұтты, өз ісіне өкінді, опық жеді. Баласынан жаны бөлек болғасын бәріне де шыдады. Бәрі Алланың ісі деп, шүкіршілік етті. Сол сәттен бастап қайраттанды. Қыстың қиындығына қарамай үкі ойып, балық аулады. Оны Оралға апарып сатып, немерелері мен келініне киім-кешек, азық-түлік әкеліп, қыстан аман шығудың қамын жасайды.

... Кейін ... Қандай мақсатпен екені белгісіз Көктерек аулын өртке шалдырған бейтаныс әйел аяқтай жүреді. Бұл әлде заң орнының тәсілдерінің бірі ме?

АҚЖАҢНЫҢ ТАҒЫ БІР ӘҢГІМЕСІ

Кейін бейтаныс әйелдің үстінен өзіміздің киімдерімізді көргенде жанымыз шығып кете жаздады. Өзіміз танитын Бақсайдағы бір ісмер оған біздің киімдерімізді лайықтап, шақтап тігіп беріпті.

- Апатай-ау, оныңыз не, - деймін ісмерге. Бәрі біздің үйдің киімдері, бәрі біздің үйдің маталары.

- Білдім бе, құлыным-ау. Әкелді де қиылды. Қысқартып, лайықтап бердім, - деп назаланды ісмер.

- Сізді жазғырайын деп жатқаным жоқ. Көзіміз көргесін көңіліміздің шыдамай айтып жатқан наз-өкпеміз ғой, апасы, - дедік те қойдық.

- Алда айналайын-ай, айналып-ақ кетейін-ай. Алла кешірсін, білсемші. ... деп ісмер де, мен де езіле егілдік.

- Әлгінде кейінгі өміріңіз жөнінде айтпайсыз ба, деп қалдыңыз. Соны айтсам ба, айтпасам ба деп ойланып отырмын. Өйткені, көппен бірге еңбек еттік, өмір сүрдік.

Өзің білесің, еңбек ете жүріп 1955-1956 оқу жылында бастауыш класс мұғалімі курсына түсіп, 1957 жылы тәмәмдадым. Жаманқала балалар үйінде жұмыс істеу қызықты еді. Бұнда, Маңғыстауға жіберіп жатқан жерінен сұранып, әдейі келдім. Балалар үйінде жеті жылдай істедім.



Өмір иірімдері

Атқармаған жұмысым жоқ. Тәрбиеші, кітапханашы, клуб меңгерушісі т.т жұмыстар. Талғамадым, үйрене бердім, атқара білдім.

Балалар үйі 1962 жылы Доссорға көшірілді. Онда бәріміз де бармай қалдық. Содан мені Жаманқалаға балабақшаға жұмысқа шақырды. Жолдасым мектепке орналасып, орыс кластарына хим-биологиядан сабақ берді. Өзім білім алу мақсатында сырттай оқуға түсіп, 1966 жылы Гурьев пединститутын бітіріп шықтым. 1967-1976 жылдары орта мектепте сабақ берсем, 1976 жылдан көмекші мектеп интернатта кем балаларды оқытатын орында мұғалім болып жасадым. Қай жерде еңбек етсем де абыройым да, табысым да кем болған жоқ. Бірақ турашылдығым, тіке айтатындығым, бір беткейлігім, талапшылдығым - бастықтарға ұнамады, келісе алмаймын. Олардың өтірік айтатынына шыдамаймын. Қаным басыма теуіп, шындықтың шетіне жеткенше тіресемін. Соның бір мысалы - мұғалімдердің бірінші аттестациясы қорытындысымен - мені халық ағарту ісінің үздігі белгісіне ұсынды. Бірақ әлгіндей "қырсық" мінезім кедергі болса керек, бергізбей тастағанын кейін білдім.


Облыстық мектеп-интернаттың директоры мені әдейі жұмысқа шақырғасын бардым. Өзімнің тәжірибемді танытып, еңбекқорлығымды көрсете білдім. Содан оларға ұсыныс жасап, әлгі темірді берді ғой.

Жасым жетіп зейнеткерлікке қалдым. Жолдасымның өмірден өткеніне он жылдың жүзі болды. Бір қызым бар мамандығы дефлогопед. Атырау қаласындағы кеміс балаларға арналған орталықта бір бөлімнің бастығы. Екі жиенім гүлдей жайнап өсіп келеді. Қолымда бала-келінім, сегіз жылда зарығып, сағынып көрген немерем бар.

Адам шаруамен айналысса уақыты көңілді, әрі пайдалы өтеді. Жолдасым барда көптеп ірі қара ұстайтынбыз. Бүгінде ол жоқ, аздап қой - ешкі, қоян, тауық бағамыз. Ал басты әуесқойлығым гүл өсіру, жеміс-жидек егу, бақша салу. Бұның бәрі адамға алдымен еңбек, сосын ермек. Гүл өсіруді Бақсайда, Махамбетте көрші тұрған орыс ағайындардан үйрендім. Қазір өзім тәжірибе таратып жүрмін. Міне, бүгінде жас та жетпіске келді, өмірдің көбі кетіп, азы қалған шағы.

Әкең туралы дейсің бе? Әкеміз жас болса да өз заманының алдыңғы қатарлы абыройлы азаматы атанды. Өзі ауыл шаруашылығы еңбеккерлерінің, озаттардың слетіне сан мәрте қатысты. Үш мүшел жасқа келгенше еліне адами азаматтығымен анық танылған, қатарына қадірі артқан, елі мен халқы сыйлаған жігіт. Бірақ бірде бір суреті, құжаты қалмапты. Бір апамның үйінде көппен бірге түскен бір суреті әрең табылды.. Аудан энциклопедиясына мәлімет сұратқанда ештеңе таба алмадық... Содан бері қаншама жылдар өтті? Бастан өткен қиын күндерді кейде ойға алғың келмейді. Бәрі көз алдында, көкіректе сайрап

Қонаш Қалдыоразұлы



түр...Әке..ана..одан кейін іні қазасы...


Бүгінде,әйтеуір,үш қыз бармыз. Оғанда шүкір,мың тәубә!

Жылжып жылдар өтті. Әли қарттың баласы Балтабайдың өлімінен соң да дүние тоқтап қалған жоқ. Дөңгеленген дүние өз кезегімен өте береді,өмір-өзен өз бағытымен аға береді. Панасыз қалса да, аш-жалаңаш болса да Балтабайдың ұрпағы да ешкімнен кем болмай, өнегелі өсіп жетілді. Қыздар бой жетіп, өмірден өз орындарын тапты. Балтабайдың шаңырағын тіктеген-артында қалған жалғыз ұл - Мыңбай есімді азамат екен. Ақжанның айтысына қарағанда оның да ғұмыр жасы ұзақ болмапты. Ер жасы елуінде қан қысымынан дүние салыпты. Бір қуаныштысы-артында Артур, Мұрат, Орынша, Элеонора, Әселдей әсем перзенттер қалып, әке өмірін жалғастырып келе жатса керек.

Адамға өмір дегенің әртүрлі беріледі. Біреуге мол берілген өмір үлесі енді біреуге аз тиеді. Өлімде сол...Біреуге ерте,біреуге кеш келеді. Бәрі де бір ғана жаратушы Алланың қолында деп өзімізді-өзіміз жұбатамыз. Жалғыз баласы Балтабайдан тоғыз жылдан соң, 1957 жылы әділдігімен атағы елге жайылған Әли ақсақалда опасыз дүниеден баз кешті. Содан бері қаншама жылдар артта қалып, қанша таң атып, күн батты. Қанша су ағып, жер гүлдеді. Қаншама ауыр кезеңдерді, қиын сәттерді ел басынан өткерді. Бірақ адам бәріне төзеді, көнеді. Уақыт дегенің кімді көндіріп, бас иліктірмеген десейші! Сол бір қапияда мерт болып, тірліктің тұщы дәмін мейірі қана тата алмай кеткен Балтабайдың бір ұрпағы - Мұқсина-тын.

Ілкі сәттен-ақ Мұқсинаны көңіліме ұялатып, жаныма жақын тарттым. Томпиған бүйрек беті, қалыңдау келген түрік ерні, қызыл шырайлы жүзі, әп-әдемі аппақ бұғағы, әлі бала қыз болса да оның шырайын келтіріп, бір түрлі көңілге сүйкімді көрсететін. Рас, ол үйден қатынап оқитындардың бірі. Ондай оқушылар аз емес. Сансызбай, Қазима, Дәмеш, Мұслима т.т. Келер жылы көрші ауылдағы мектепте оқыған бір топ қыз Бақсай мектебіне ауысып, тағы біздің класқа кеп қосылды. Қамия, Гүлден, Балжан және басқалары. Бәріміз де дос болуға ынталы едік. Сен үйдікісің, біз детдомнанбыз деген айырмашылық айтылмайтын. Сабақты бірге оқып, бірге ойнап, қоғамдық жұмыстарға да қатысатынбыз. Біріміз сабақты түсіне алмай жатсақ екіншіміз көмекке әзір болатынбыз. Сонда Жұлдызғалиев Кәримолла, Тауманов Нәсіп, Тәжіғұлов Аманжол, Зиханов Бектаза және басқалары бір үйдің баласындай тату да дос едік. Ұстаздар да, тәрбиешілер де біздің кластың татулығына ерекше сүйсінетін.

Бірақ мына бір жай көңілімнен әлі күнге кетпей-ақ келеді. Ол жылдарда төртінші кластан бастап жыл аяғында белгіленген сабақтардан сынақ тапсыратынбыз. Оның өзі оқушылардың білімге деген құштарлығын, жауапкершілігін арттыратын. Балалар үйіне ілкі барған жылымда үзілген



Өмір иірімдері

сабақтарды жетілдіруге, орыс тілін үйренуге, дене шынықтыруға бейімделем деп әр сабақты ерекше ынтамен, қабілетпен оқып, соңғы тоқсанда екпінділер қатарына қосылып үлгердім. (кейін есейе келе орыс тілінде мақала жазып, жеңіл атлетикадан облыстық жарысқа қатысуға дейін жеттім) Бұның өзі менің мерейімді өсіріп, мұғалімдер жақсы қабақпен қарайтын болды. Жетім көңіл біз сияқты қара борбайға бұдан артық не керек. Соның ішінде есеп-қисапқа қиналмаймын, арифметикадан бастап математиканың басқа түрлерінде жетік оқып, қиын есептердің өзін қиналмай шашып тастайтынмын. Сонымен... жыл аяғында математикадан жазбаша сынақ тапсыратын күн де келді. Әркім өз орнында, өз партасында отырмыз. Мұқсина екеуміз бір партадамыз. Терезе беттегі қатарда отырған балаларға, олар біздер, бірінші, ортадағы қатардағыларға екінші, есік жақтағы қатардағыларға үшінші варианттағы есептер берілді. Класс іші тып-тыныш, еш дыбыс білінбейді. Артық ауыс сөз, бөгде қимыл жоқ. Әркім шұқшиып өзімен-өзі. Берілген есептерді шығаруға кірісіп кеткендерде бар. Алдымызда бетінде шешек дағы бар, қара өңді мұғалім ағай балаларға көзін алмай, тесіле қарайды. Жанары кеуденен өтеді, атып жіберердей кейіпте тұрғандай. Жүзі тас мүсін іспетті, сұсты. Әр баланың hareketін, қимыл-қозғалысын, бет әлпетін бағып тұр. Торғай баққан мысықтай. Артық қимылға барар жайың да жоқ. Бір сәт мұғалім борды алды да тақтаға әлденені жазуға кірісті. Қасқағым сәт... Қимылдап қал... Осы бір кез неткен қымбат едің? Сол сәтті пайдаланып Мұқсинамен екеуміз бірімізге-біріміз қарап қалыппыз. Мұқсина маржандай тістерін көрсете жай жымыды да төмен қарады. Ол есептерді шығарудың қандай тәсілі бар деп сұраған белгісі екен.

- Қиналып отырған жоқпысың? Қалай шығарғалы отырсың, - дедім. Ол нарттай қызарып, одан әрі төмен қарады. Соны сездім де берілген есептерді өз бетімше шығаруға кірісіп те кеттім. Байқаймын, Мұқсина басын көтерді. Жанарын мен жаққа жіберіп, есептерді шығару тәсіліме тәнті болды. Бір уақытта ол енді түсіндім дегендей - өз бетінше есептерді шығаруға кірісті. Ал осы бір көрініс өзіме сор боп тиді. Жалпы менің көбіне жолым болмай қалатыны бар. Менікі менікі емес боп, бәсім төмендейді кейде...

Уақыт өте берді. Мен де, Мұқсинада қозғалмастан отырмыз. Өзге балалардай далаға да сұрап шыққанымыз жоқ. Берілген есептердің бәрін шығардық та мұғалімге тапсырдық. Содан соң ғана далаға шықтық. Күн тастөбеде шақырайып тұр екен. Күн сәулесінің алтын нұры көңілімізге әлде бір әсем сезімді ұялатып, қанаттандырып жібергендей сезіндік. Менің көңілім көкке тартты. Ерекше құлшыныс құшағында өрекпулі. Өйткені бұл кезде Мұқсина жүзі алаулап, маусымның майда самалына бетін

Жонаш Жалдыоразұлы



тосып, көкке қанат қағар аққудың көгілдіріндей көрініп қасымда тұрған-ды. Келбетіне көзім түскенде көңілімде күй шалқып, ерекше сүйсіне бердім. Ол сол кезде айырықша ажарлы да сымбатты, сұлу да сындарлы көріне берді. Менің бала сезімім сәнді күйге бөленіп, сұлулық пен көркемдікке көзім де, көңілім де тоймай, тағатым таусылып, оған деген іңкәрлігім арта беріп еді. Мына қыз бойжеткен де бұдан да көрікті, бұдан да көркем болатын шығар деп ой түйген көңіліммен мен балалар үйіне, ол өз үйіне қарай бет алған едік.

Арада үш күн өтті. Бәріміз улап-шулап келіп тағы да мектепке жиналдық. Әзілімізді айтып, сөз жарыстырамыз. Бүгінгі тірлік, ертеңгі болашақ жайында пікір таластырамыз. Келесі емтиханға кіріспес бұрын сөз етеміз. Ал бүгінгі басты мақсат - математикадан тапсырған емтиханымыздың қорытындысын білу. Сол үшін біріміз де кешікпей класқа келіп, орнымызға жайғастық. Бұжыр бет мұғалім маңғаз басып, журналды қолтығына қыстырып класқа кірді. Қимылында асығыстық байқалмайды. Бұрынғыдай емес, апыл-ғұпыл жүріс, іс-қимыл орнын ірілік, бәлсіну басқандай. Бұны кімдер үшін, не үшін жасап тұрғаны да түсініксіз. Сәлден соң алдына қойған журналды ашып баппен, асықпай атақ-жөндерімізбен бағаларымызды айта бастады. Неге екенін қайдам, осы мұғалімді көрсем сұр жылан көргендей боламын. Суқаным сүймейді. Көзіне түспеуге, қозы көш қашық жүрте ұмтыламын. Нендей қылығыммен жақпай жүргенімді де білмеймін. Әріптер ретімен атақ-жөнімізді атап бағаларымызды айта бастады. Мұқсинаның атақ-жөні журналдың жоғары жағында болатын. Алдыңғылар қатарында оның есімі аталып, бақылау жұмысынан бес алғандағы белгілі болды. Қуандық. Мен Мұқсинаның қолын алып, құттықтап қойдым. Сол сәт бұл батылдығыма өзім де қайран қалдым. Ол қызарып кеткендіктен екі беті бал-бұл жанды.

Көп ұзамай менің де атақ-жөнім мен бағам айтылмақ. Мұқсина сияқты менің өзімде бес алған шығармын деп ойладым. Бұжыр бет мұғалім менің аты-жөніме келгенде тұтығып қалды. Сұп-сұр жүзі маған қадалып тұр. Ойым ойран болды. Менің жұмысыма үш қойылғанын үзіліп кетердей әрең айтты.

- А...? Үнім өзгеше шықса керек, балаларды бәрі маған жалт қарады. Өңім де өзгеріп кеткен сыңайлы. Қасымда отырған Мұқсина менен көз алмай, таңдана, таңырқай қарап қалыпты. Әлгіндегі нұр ойнаған жанар шоғы сөнген іспетті, бетіндегі қызыл реңкі де күлгін түске айналған сыңайлы ма, қалай? Әлде менің көзім бе бұлдырап тұрған. Айналаны шала көретіндеймін. Басым айнала ма, қалай? Ал маған қалай үш қойылды? Қандай қатесі, кемшілігі бар. Мұғалім тарапынан айтылмады. Әлде берілген есептердің шығарылмай қалғаны бар болар ма? Апыр-ау, бәрін



Өмір иірімдері

шығарған едім ғой... Ендеше бұл барып тұрған әділетсіздік, еңбекті дұрыс бағаламау. Ішім қайнап, өзегімді өксік алқындырып бара жатты. Мені әлдеқандай күш көтеріп кеткендей сезілді. Ешкімге көңіл бөлместен, мұғалімнен де рұқсат сұрамастан атып шықтым. Далаға шыққасын ғана көкірегім сәл ашылып, тынысым кеңігендей сезілді. Далаға шықтым да еш кідірмедім. Балалар үйіне тіке тарттым. Екі көзімнің сорасы ағып, жылап келемін. Жетімдікпен қоса зорлықтан айырмаған заман-ай деп зарланып келемін. Қаршадайымнан ата-анамнан айырылардай құдайға не жаздым деп арланып келемін. Сәттен соң балалар үйінде жүрген Боранжан ағаның құшағына ендім де еңкілдей жыладым. Жылауым басылар емес, намыс өлтіріп барады. Қасындағы қаршадай қыздай боп есепті шығара алмағаным не болғаным, сорлы басым? Не болғаным бұл, құдайым-ау. Өзімді-өзім жеп, өзімді-өзім кінәлап, тағдырыма лағнет айтып, асау құлындай бұлқынып, тыпыршып, тыныштық табар емеспін.

- Не болды, қалқам? - деді Боранжан ағайым күнге шағылысқан кең маңдайы күмістей жарқырап. Мен өксігім басылмай, өзегім өртене бұжыр бет мұғалімнің қылығын, қиянатын, қиястығын қалдырмай айттым.

- Е... сол ма? Жарайды, енді. Алдымен жылауыңды басшы. Түсінісерміз. Бір реті болар. Намыстылығың жарайды. Өз арың үшін күрескеннің артықтығы жоқ, - деген Боранжан ағайым мені құшағына қысыңқырап, маңдайымнан ұзақ иіскеді. Арқамнан қағып, қолтықтай жүріп, біраз ағалық ақылын айтты. Мен сабама түсіп басылғандай сезіндім өзімді.

- Біздікіне бар, әжелеріңе көмектескін. Бүгін сені келеді деп айтып қойғанмын. Сенің білімге деген құштарлығыңды, ойлау қабілетіңді мен білемін ғой. Бүгін үш алғаныңмен білімің ортаймайды. Ертең бәрінде сен жеңесің, шыдағын, - деді мені тыныштандырған, Боранжан ағайым. - Білім бәсекеден туады. Бүгінгі намысың сол бәсекенің басы.

Мен қол жуғышқа барып беті-қолымды жудым да, Боранжан ағаның үйіне қарай тұра жүгірдім. Боранжан ағайым неткен байқағыш еді. Расында да бәрі кейін ретке келді. Кластың үздігі де, қоғамдық істің белсендісі де мен атандым.

Кейін, ұзақ жылдардан соң "Ұстаз" деген әңгіме жаздым. Ол дәл осы оқиғаны сипаттайтын. Бірақ Боранжан ағайымның атын Балтабай деп алғанмын. Олай деуімнің бір себебі - Мұқсинаның бейнесін әкесінің есімі арқылы көкірегімде сақтау еді. Екіншіден, естіген әңгімелерім бойынша Балтабайда азаматтық ары биік, қастерлі қасиеттің, адамгершілік пен адалдықтың, азаматтықтың, турашылдық пен тәртіптің, әділдік мен әдеп иесінің символы деп білдім. Және солай есептедім. Ондай асыл қасиеттер Боранжан ағада да мол болатын. Айналасына алтын нұрдай шуақ шашып

Қонаш Қалдыоразұлы

тұратын. Сөйтіп, бірі арқылы екіншісін есімде сақтап, бейнесін сипаттауды мақсат еттім. Осы әңгімені сүйсіне оқыған Боранжан ағайым маған жазған бір хатында "Бұжыр бет мұғалімді сүмірейтіп суреттепсің" деген-ді.

Жылжыған жылдарға ілесіп уақыт керуені тоқтар да емес. Осы жылдарда Мұқсинаны бір көргенім жоқ. Көрер ме екенмін, қашан сәті түсер екен деп кейде армандаймын да. Білмеймін, бірақ қашан реті келетінін...

Бәріне уақыт жауапты, тағдырға байланысты. Ода бүгінде алпыстан асқан болу керек. Солай ғой, солай. Бұл уақыт кімді жеңбейді. Уақыт өткен сайын адам аңдамайды. Аяқты арпаң-тарпаң басып, құдай салғанға көнбеске шараң бар ма? Жоқ. Өйткені, адам - уақыттың құлы.

Бесінші арна *Бірінші шегініс*

ОРАЛУ

Уақыт дөңгелегіне ілесіп балалар үйіндегі тірлігіміз бірқалыпты өтіп жатты. Өзіміз тұрып, өмір сүріп жатқан селомыз шағын. Балалықпен селоны күндегісін он айналамыз. Село шетіндегі молаларды, бір сәт тоғайлықты кеземіз. Шағын селоның көркі көз тойдырмайды. Көрікті де көркем үйлер аз. Көбісі аласа, шымнан салған тоқал үйлер. Рас, балалар үйінің жатақханалары орналасқан үйлер бұрынғы заман үлгісімен салынған. Кенерелері көркем болып жасалған ағаштармен көмкерілген. Төбелері тұтас қаңылтырмен жабылып, қызыл сырмен боялған. Әшекейлеп суағарлар жасалған. Үйлердің бірінші қабаттары боз тастан, жоғары жағы ағаштан қыйып салынған. Көбісі солай. Бұл үйлерде о баста орыс көпестері мен байлары тұрған. Оны жергілікті тұрғындар айтып отырады.

Сол үйлердің бірінде клуб бар. Онда кино көрсетіледі, концерт қойылады, кештер ұйымдастырылады. Балалардың туған күндері сонда өткізіледі. Клубта кино көрумен бірге ән-күй, би үйренуге машықтанамыз. Балалар үйіндегі оқу залынан кейінгі ең көп болатын жеріміз осы клуб, оның кино бөдкесі. Бәрімізге қадірлі, бәрімізге сыйлы, бәрімізге керек бір адам бар. Ол - кино механик Мырзағалиев Құрман аға. Қара торы келген орта бойлы, шапшаң қимылдап, шапшаң жүретін



Өмір иірімдері

адам. Ол балалардың бәрімен, ал барлық бала онымен дос. Қай бала да аға қызметіне көмек етуге құштар, қашанда әзір.

Киноаппаратураларын, ленталар салынған жәшіктерді машинадан түсіруге, кино бөдкеге жеткізуге, аппаратураларды құрысуға таласамыз. Қажет болса бәрін жинақтап, автокөлігіне қайта тиіп беруге жедел кірісіп, тез атқарамыз. Шаршамаймыз. Тағы да мына жұмысты жасап таста десе екен, деп тұрамыз. Құрман ағаның келуінен кетуі жылдам. Өйткені, оның бізден де басқа баратын, кино қоятын нүктелері аз емес. Ертең тағы келемін, деп бізбен қош айтысады, басымыздан сипайды, арқамыздан қағады. Мақтана, мадиықтанып біз қаламыз.

Балалар үйіне келгелі Құрман ағаны киномеханик, жүргізуші деп те емес, үлгілі аға, ұлағатты азамат есебінде де қатты сыйлаймыз, әңгімелесеміз, кездесіп тұрамыз. Оны балалардың бәрі де жақсы көріп кетті. Менде жақсы көремін. Мені үнемі басымнан сипап, бауырына басады, әртүрлі әңгімелер айтады. Өзге балалардан гөрі жақсы көре ме, әйтеуір іш тартып тұрады. Көбіне барып кел, алып келдей жұмысқа мені жұмсайды. Маған сенімі мол, жиі жұмыс тапсырады. Бауырына тартып, басыңнан сипағанды, кеудесіне басқан кісіне кім жек көрсін және қалай жек көресің. Кім сені басыңнан сипап, еркелетіп, бауырына басып жатыр. Бұның өзі де жас балаға үлкен сенім медет, ерекше қуаныш. Оның үстіне сенің тума-туыстарың мен жаны ашыр достарың мен таныстарың шалғайда емес пе? Сонау Жылыойда жүрген бар тума-туысым, дос-жараным тағы да есіме түсіп елжіреп, көз алдыма елестеп, көңілім бұзылғандай сезіндім. Оларды көрмегелі қанша жыл өтті? Бақандай төрт жыл. Олармен қашан табысар екеміз деп күнде ойлаймын. Бірақ алғы күндердің бәрі де дүдәмәл, белгісіз. Көңілімді мұң, жанымды сағыныш биледі. Қайдасың қайран елім, жусанды далам, деп жүрегім езілді. Газының түнгі жарығы қияннан көрінетін Құлсарының мұнараларын қалай ұмытпақпын. Анау мұнай кәсіпшілігінің ішін балалық әуестікпен аралағанда жоғарылы-төменді ырғалған көкек бас качалкаларға таңдана да тамсана қарайтын қимас сәттерді қалай ұмытарсың. Уақыт белгісін білдіретін Қамыскөлден шығатын гудок үні әлі де құлағымда тұрғандай...

Жан ағаларым Жаппархан мен Маратхан, жеңгем Жұмагүлді, әпкем Нұржауғанды, аналарым Сәуле мен Тойдықты, Пәтер мен Жадыраны, әкеміз Мортқыты, Сатқын ағамды, өзімнің Оңдасымды сағынбағанда қайтем? Қайран тума-туыстарым, сендер не күйдесіндер. Бәрің бар болып, біріге күн кешіп жатырмысындар. Ел іші тірлік, тұрмыс жақсарып, адамдар тойынды ма екен? Мен шүкір, үкімет қарауындамын ғой. Енді өлмеспін... Өлтірмес өкіметтің өзі де...

Жонаш Қалдыоразұлы

Күн жексенбі еді. Төсек орнымды жиыстырып, бөлmemізді жуып, тазалап "генерльный" уборка жасадық. Мектепке киетін киімдерімізді үтіктеп болдым да іліп қойдым. Түс әлетінде Боранжан ағаның үйіне тартып бердім. Ол үйге бара бергім келеді. Бармасам бірдеңеден құр қалғандай сезінемін. Оның үстіне қос ананың әдемі әңгімелері тарта береді. Онда мұғалім болғанмен жаңа түскен келіншек Хафиза бар. Бидайы өнді, аққұбаша, уылжыған келіншек көркімен, қылығымен көз тартады. Жас келіншекпен әзіл жарыстырып, қалжың қағытысқанның өзі бір мерей. Келсем үйде бәрі бар екен. Шай дастарханы жайылып, түскі астарына енді кіріскелі отыр екен.

- Ассалаумағалейкум, - деп кіріп барғанымда алдымен қос ана қуана қарсы алды.

- Шайға кел, балам, - деді екеуі қосарлана үн қатып.

Шайды ұзақ іштік пе деймін, уақыт біраз болыпты. Боранжан ағайым мені өз бөлмесіне шақырды. Ол оны-мұны, кәкір-шүкір жайларды сөз етіп біраз отырды. Менде үн жоқ, тыңдаушымын. Тамағын кенеп, әлде бір әңгіме айтқысы келген ағайым кібіртіктей берді. Әлден уақытта барып бар батылдығын жиып Боранжан ағайым бір әңгіменің ұшығын білдірді.

- Қалиханжан, - деді Боранжан ағайым, - ағалық бір әңгіме айтқым келіп отыр, тыңдайсың ба?

- Иә, ағасы, Сіз не айтсаңыз да тыңдаймын ғой, - дедім бір тапсырма бергелі отырған шығар деп. Менің бір жаман әдетім бар, кім әңгіме айтса да жүзімді төмен салып отырамын. Сол әдетпен отырсам керек.

- Алдымен жүзіңді көтер, маған тура қара, - деді Боранжан ағайым - киномеханик Құрман ағаны білесің ғой.

- Иә, білем ғой, күнде жұмысына көмектесіп те жүрміз, - дедім, оны неге айтып отыр деген сұраулы кейіппен.

- Білсең сол ағанның пейілі саған ауып жүр. Бауырына тартып, бауыр еткісі келеді.

- Бала қылып алсам қайтеді, - дейді. Қалай қарайсың, Қалиханжан? - деген Боранжан ағайым әңгімесін кілт үзді. Менен жауап күтуде.

Әңгіменің ауанын, түпкі төркінін енді түсініп, миыма жаңа енген мен бейбақ қапелімде не дерге білмей үнсіз отырып қалдым. Не дермін бірден? Дардай жігіт боп қалған шағым. Бойым өсіп, ойым өрістеді. Оңды-солымды танып та үлгердім. Келген жылдардағыдай емес, есейген шақта мені қалай бала етіп алмақ? Сансыз сауалдар санам арқылы сезіміме еніп, миымды тескілеп барады. Ине сұққылағандай кәдуілгі жүрегіме де жеткендей. Үнсіз отырмын. Ойым оңға, санам санға бөлінді. Құрман аға жақсы адам, өте тамаша адам десе де болады. Бірақ ...



Өмір шірімдері

- Қалиханжан, әлде де ойланып көр, қабырғаңмен кеңес. Екі-үш күнде хабарын берерсің. Бірақ шешімің шала болмасын. Өмір керуенінде өкінбес үшін қадамыңды аңдап, есеппен бас. Менің ағалық ақылым, жеті ойланып, бір шеш, - деген Боранжан ағаның әңгімесі екі ұштылау аяқталды. - Адам болам десеңіз, тілеуің - өмірің алдында - деген ғой, Ыбырай атамыз. Менің әлі ештеңе демей үнсіз қалғанымды келісімге келгені деп есептесе керек. Орнынан көңілді тұрып, маған қарап жымия күлді.

Боранжан ағайым үйіне қуанышты көңілмен еркін келгенмен шығып кетуім оңай болмады. Орнымнан ауыр тұрып, үйден әрең шықтым. Көңілімді ой басты. Ойды ой қозғайды деген, ойыма Құрман ағаның бір айтқаны түсті. Бірде кинобөдкіде оңаша отырғанда ол:

- Осы сен Қалихан, менің балам сияқтысың, - деген. Неге айтқанын түсіндебім. Кейін мән де бермей, ұмытып та кеткем. Бақсам ол бастан мені өзіне икемдеп, әлгі сөзге құлағымды үйретіп, көңілімді орнықтырып жүр екен ғой. Жазған басым сезсемші оны. Әй, аңғалмын ғой.

... Кешкілік жатақханадағы бөлмемде жатып та қалың ой құшағына баттым. Бұндай да не деуге болады? Боранжан ағайыма не деп жауап бермекпін. Ал жақсы ағайымның көңілін қимай Құрманға бала болуға келістім дейін. Сонда менің азан шақырып қойған атақ-жөнім, құдай берген ата тегім кім болып, қалай аталады? Ата-анамның көкірегімде сақталған, дұғамдай болып жатталған есімдерін көңілімнен қалай өшірем.? Бұдан да ержетіңкірегенде, үлкен жігіт болған шағымда бәз біреу: - Құрман сенің әкең емес, - деп айдай әлемге айқай салып жария етсе қайтем? Сонда не күйге түсем. Бұл күнде жұрт сенің іргенді қымтауға емес, ашуға бейім. Ондайда жаным опырылып, ойсырап қалмаймын ба?

Рас, балалар үйінен жас балаларды сәби шағында бауырына басып, перзент қылып асырап алып жатқандар да баршылық. Ондай кезеңде ештеңе емес. Ал мен...? Тура он алтыға келген бозбала жігіт шағымда емеспін бе? Ержеткенім, жігіттікке бет алған кезге де келіп қалғаным айқын. Биологиялық, физиологиялық жетілуім күнбе-күн білініп келе жатқаны жасырын емес. Оны өзім түгіл, өзге достарымда, құрбыларымда байқап жүр. Демек бұл кезеңге жетіп тұрып, біреуге бала боламын деп келісім беру қалай болар екен? Мені мазалап, ой үстіне ой қосқанда осы жай болды. Көңілімді күпті еткен ойлардан құтыла алар емеспін. Жаным қиналып, екі оттың ортасында қалғандай сезіндім. Жылжып өткен күндермен көңілім құлазып, ойым іріп, жүзім солғын тарта берді. Бұл мен үшін ауыр да азапты күндер еді. Сабаққа барғаным болмаса, бұрынғыдай белсенді емеспін. Балалармен емен-жарқын араласып, ойнап-

Жонаш Қалдыоразұлы

күлуді де азайттым. Өзіммен өзім томсырайып бөлектене берем, оқшау жүрем. Мұқсина осы жайды біліп, байқап жүргендей сезілді.

- Қалихан, сен ауырып жүрген жоқпысың. Көңілсіз күйде жүргендейсің. Еңсең езіліп, денең басылып, шөгіп бара жатқандайсың. Бұрын физкультура сабағында сен менің алдымда тұратын едің, - деді бір күні Мұқсина, - енді сені Әрсенғали ағай қатардың ең соңына қоятын болыпты.

Мен шошып кеттім. Қапелімде не дерге де білмей қалдым. Жо ... жоқ. Мен ауырып жүргенім жоқ дей бердім. Сезімі сұңғыла, ойы сертек, ары апшақ қыз әлденені біліп, көңілімен сезіп жүргендей байқалды. Не десем екен? Айтсам ба оған жан сырымды, айтпасам ба?

- Несіне ойланасың, осындай жасқа келгенде ... кімге бала болмақсың... Болашағыңды ойлап, ойлан - дейтіндей маған Мұқсина. - Айтпасаң да сеземін. Ел құлағы елу деген, естімеді дейсің бе, естідім бәрін де. Алғы күндерің, асқақ армандарың, "ат айналып қазығын табар" деген ғой, арттағы елің қайда, ата-мекен - туған жерің қайда?

Мұқсинаның ішкі сырын осылай ұқтым. Айтпаса да түсіндім. Нұрлы жанары ішкі ойын жасыра алмайтын сыңайлы.

Жүрегім зырқ ете түсті. Кімге тұлға боласың, еліңе кет, деп тұрғандай Мұқсинаның сезімі. Ол дұрыс та шығар. Бірақ еліме қалай кетемін, қалай барамын. Қашып кетейін бе, әлде? Жоқ, айта көрме, олай етуге болмайды. Елден, Боранжан ағайымнан ұят. Ал ендеше кім жіберіп жатыр мені еліме? Қайта біреуге бала бол деп, қайырмалап, құраулап алып қалайын деп жүрген жоқ па. Япыр-ай, десейші. Жағдай қиындап, іс насырға шаппаса болды да. Жо ... жоқ. Мен ешкімге бала бола алмаймын. Халқыма, еліме перзент болып өтсем де жарар. Боранжан аға ренжиді-ау енді. Ренжісе қайтем, ренжісе ренжір көп болса... Ертең барам да осы ойымды Боранжан ағайыма айтам да шығамын.

Бірақ ... ? Сол күні-ақ сабақтан шығысымен Мұқсинаға қалай еріп кеткенімді өзімде білмей қалыппын. Менің сүлесоқ жайымды таныды ма, әлде көңілімді көтерейін деді ме, Мұқсина: - Үйге жүр, шай іш, - деді.

- Жоқ, шай ішпеймін, бірақ сүт ішіп шығайын, - дедім. Ол ойымның түпкі сыры - Мұқсинаның қолынан дәм тату еді. Үйге кірген маған аналары да, Ақжан апайым да, Мүслима да - жоғары шық, жоғары шық, - деді де қалды.

- Рахмет, - дедім бәріне, Мұқсина берген бір кәсе сүтті сімірдім де кері шықтым. Дереу Боранжан ағайымның үйіне беттей бердім. Былай шыға: Осы менің есім ауысып жүрген жоқ па? Жадымнан жаңылмадым ба екен? Әйтпесе, біреудің қызына еріп, үйіне баруым, одан шығып Боранжан



Өмір иірімдері

ағайым үйіне бет алуым қалай? Ертең келермін деген жоқ па едім. Әлде қызы түскірдің магниті ме тартып кеткен. Боранжан ағайым мені күлімсіреп қарсы алды. Біраз әңгіменің басын қайырдық. Ойымды жинақтап айта алмай біраз отырдым. Ол да айта алмай отырғанымды сезіп отыр. Тағы да біраз уақыт өтті.

- Өткендегі өтінішіңізді ... Ағасы, айып етпеңіз, қабылдай алмаймын, - ойымды он бөліп әрең айттым.

- Өзің білесің, Қалиханжан, зорлауға болмайды. Бірақ мен сені мәңгі інім деп өтемін. Сен мені аға дейсің, - деді Боранжан ағайым менің әңгімемді тыңдап болған соң.

- Мен сізге іні болуға келісемін. Қайда жүрсемде Жайықта жайсаң ағам бар деп есептеймін, - дедім басымды изей мақұлдап. - Сізден артық кімім бар. Боранжан ағайым мені бауырына қысып, маңдайымнан сүйді. Жаным жадырап, жүрегім елжіреп жайылып сала бердім. Шырайым кіріп, жүзім нұрлана түссе керек.

Осы оқиғадан кейінде талай апталар артта қалды. Қызыққа толы, думанды сәттерге толы бір қалыпты күндер өтіп жатты. Менің еңсем көтеріліп, сабаққа бұрынғыша зейінді кіріскенімді тағы да Мұқсина алдымен сезген екен.

- Әнеугі бір күндердегідей емес, жүзің жайнап, өңің кіріп қалыпсың ғой, - деді Мұқсина бір күні үзіліс арасында. - Басыңда бірдеңе болған жоқ па? Әуелі реніш, кейін қуаныш дегендей...

- Ойпырым-ай, Мұқсинадан ештеңе жасырып болмас. Қайдан бәрін сезіп, біліп отырады осы қыз, - дедім өзіме-өзім іштей. Бірақ оған басымнан өткен жайды айта алмадым... Осы кезеңде үшінші оқу тоқсаны да орталап, ақпан аяқталып, наурыз айы бастала берген-ді.

- Сені Боранжан ағай шақырып жатыр, - деді Мұқсина үзілісте.

- Неге шақырып жатыр екен? - дедім мен Мұқсинаға мейіріммен қарай.

- Мен қайдан білейін. Бір бала келіп айтып кетті, - деді Мұқсина да.

- Жарайды, онда, - деп келесі пән мұғалімінің рұқсатын алып балалар үйіне бет алдым. Тағы біреу бала қылып алуға құда түсіп келіп отырған жоқ па екен деген ойымда жоқ емес. Әлде Құрман аға тағы келіп отырса... Не айтамын? Екеулеп қолқалайын деп отырған шығар.

Мектеп пен балалар үйінің арасы біраз жер. Асыға басып жатақханаға да жеттім.

Есік қағып Боранжан ағаның кабинетіне кірдім. Кабинетке кірсем есікке сыртын беріп жалпақ жауырын кісі отыр. Мен кіргенде ол жалт қарады. Дөңгелек жүзді, бидайы өңді кісі екен. Қапелімде жыға тани алмасам да

Қонаш Қалдиоразұлы

амандастым. Бір қарағанда Жаппархан ағам сыңайлы. Сол ғой, сол. Бірақ тұра жүгірмей ұстамдылық таныттым.

- Қалиханжан, мына кісі сенің ағаң. Сонау қияндағы Жылыойдан сені іздеп шығып, алып кетуге келіпті, - деді Боранжан ағайым бірден әңгіменің ашығына көшіп. Әлгі кісіге тағы да жалт қарадым. Иә, Жаппархан ағам, кәдімгі. Менің аласұрған ішкі ойымды сезгендей ол орнынан жедел тұрып, мені құшағына алып, бауырына басты. Көзінен аққан мөлдір тамшылар менің бетіме тамып тұрғандай сезілді. Кейінде қалған, көңілде жүрген, сезімді билеп, сағыныш болған қоңыр жусанды, бұйырғынды, боз ебелекті дархан даламның, жайсаң Жылыойымның қоңырқай хош иісі көңіліме сезілгендей болды. Сайын даламды сағымға бөлеп, Жер-Анаға нәр беріп сылдырай аққан ерке Жем өзенінің толқыны құлағыма келгендей болады. Көңілімнің жібек желісі, алтын арқауы мені осы өңірге байлағандай сыңайлы. Қияр емеспін, қия алар емеспін. Сондықтан ба екен, көңілімді билеген қимастық сезім жеңді білем.

- Бірақ мен ешқайда бара алмаймын. Сабағымды үзгім келмейді. Мектепті осыннан бітірсем деймін, - дедім. Қос ағамның екеуі де менен бұндай әңгіме күтпесе керек. Әсіресе, Жаппархан ағамның көңілі пәс тартып, әлгіндегі қуанышынан жұрнақ та қалмағандай. Байқаймын, назары бірден сынып кеткендей көрінді.

- Құлыным, мен жал-құйрықсыз қалған құланмын. Түзде жалғыз жортып, адасып, мерт боларым да кәміл. Маратхан ағаң да, оның да, менің де ұлым бақилық болды. Жұмагүл жеңгең жөнін тапты. Ағаңның мұңды жанын сергітер, қызық-қуанышқа бөлентер енді өзің, қанатым, - деді мұңая түскен ағам. - Алды-артым тып-типыл тартып, көңілдегі қызықтан айрылдым. Жаралы жолбарыстай жалғыз ыңыранам. Менің жайыма қарар, жағдайымды білер пенде жоқ. Сенен айырылсам күнім не болар менің? Онда нағыз тасмаңдай атанам ғой.

Күңіренген ағамның үні кабинет ішін кернеп кетті.

- Қалиханжан, икемге кел. Бұндай іздеп келер ағасы бар бала бақытты емес пе.

Мен не айтсамда тыңдаймын дегенің қайда. Сонау үш жүз шақырым жерден мынау лайсаңда қиындыққа төзіп, қиянда сені тауып, алып кетуге келгені - ағаның азаматтығы, - деді Боранжан ағайым байыппен сөйлеп. - Ағаңа серік болғаның жөн. "Домсовет" деп сені текке айтып жүргеніміз жоқ, ақылды баласың ғой.

- Бауыр керек болса үш жүз емес үш мың шақырымнан да іздеп келеді. Ал, мен бара алмайтын шығармын, ағай. Мектепті осыннан бітіріп, әрі қарай тағы да оқуым керек, - дей бердім одан әрі өз позициямды ұстап.



Өмір иірімдері

- Оқисың, бауырым. Қай жерден де оқуға баруға болады. Жол ашық сіздер үшін, - деп Боранжан ағайым нығарлай түсті. - Екі ағаңның ортасында...

- Қалай кетем. Бауыр басқан достарым. Аурудан талай аман алып қалған қос анам... Күнде ақыл айтып, тәрбиелеп келе жатқан өзіңіз... Кластастарым... М... дей жаздап тілімді тістей қалдым. Тағы да Жаппархан ағам жүзіне көзім түсті. Өңі күлгін тартып кетіпті. Көңіліме Мұқсинаның "Кімге бала болмақсың, еліңе, туған жеріңе қайтпайсың ба. Ер емессің бе" деген сыры енді бір сәтте санамды сілкіндіргендей көрінді.


- Алыстан аңсап, саған деген сағынышын сартап қылып келген ағаңды жерге қаратпа, інім. Ол жігіттік емес, - дей берді енді ренжіген сыңаймен Боранжан ағайым.

- Сен ондай тас жүрек емес едің ғой. Жібек әжеңнің турашылдығы мен әділдігі, ақ пейілі мен ақ ниеті, азаматтығы мен адамдығы саған дарып еді ғой. Жүрегіңе жақсылық пен ізгілік нұрын ұялатпап па едің, - деп Жаппархан ағамның тағы да көңілі босағандай болғандығы байқалды. - Шүкір, үйлендім. Бірді - екілі бала бар. Жағдайымыз жаман емес. Осындай жақсылықтарға қол жеткесін сені өз үйіріңе қосайын деген ниетпен келдім. Ал оқимын десең, менің көмегім де, қамқорлығым да әзір ғой. "Ер туған жеріне" деген, Қалиханжан. Ауылда да интернат, пансион бар. Соларда жатып оқисың. Ал каникулда үйдесің. Екі жарты, бір бүтін боп күн көрсек кімнен кем боламыз...?

- Жақсы, - дедім мен біраздан соң ғана, - ол жақта оқи алмасам бұл жаққа қашып кетемін. Менің келісімімнен соң Жаппархан ағамның жүзі нұрланып сала берді. Қайран туыстық көңіл, бауырлық сезім соншама биік болармысың. Әлгінде ғана жаураған торғайдай бүрісіп отырған ағам әп-сәтте биікке қанат қағар қыранша қомданып, жоны күдірейіп шыға келді.

Рауандап атқан наурыз таңы ол күні ерекше еді. Ауа райы бір қалыпты, жай ғана ескен көктемнің алғашқы желі де жұмсақ та баяу болатын. Көкжиектен алтын нұрын шашырата шыққан күн Жер-Анаға мейірлене сәулесін себезгілеп сеуіп, биіктей түсті. Көктем күнінің күлімдеген нұрынан қуат алған село тұрғындары көңіл күйлері көтеріңкі, жүздері жарқын, еңселері биік күйінде жұмыс орындарына барып, еңбек көрігін баса бастаған шақтары болатын. Осы бір оңтайлы сәтте шағын селоның барлық тұрғындары, мектеп мұғалімдері мен балалар үйінің тәрбиешілері, мектеп оқушылары мен балалар үйінің барлық тәрбиеленушілері, кластастарым бірі қалмай балалар үйінің алдына жиналды. Маған деген пейілдері мен ықылас-ниеттерінің белгісі еді бұл. Бірі қалмай қоштасуға, жол болсын

Қонаш Қалдыоразұлы



айтуға келіпті. Балалармен бірге үлкендердің бәрі де, әсіресе Боранжан ағайым үйіндегі қос анам да көппен бірге қабаттаса келіп, құшақтарына алып, маңдайымнан сүйіп, тәтті тілектерін білдірісті. Бәрі де, балалар да, аналар мен ағалар да мені қимайтын секілді. Қимай, қиналып қоштасты. Әне, бәкене бойлы, бүйрек бет, қызыл шырайлы, түркі ерін, нұрлы жанарлы қыз шеткерірек тұр. "Жолың болсын, бақытыңды тап" деп тілек айтатындай. Кенет ол мені құшақтаған достарым тасасында қалып, көрінбей қойды. Достарымды, барлық кластас ұлдар мен қыздарды, жаңа табылған бауырларымды қимай да қимай қоштаса тұрып, жаным езіліп, жүрегім елжіреп, көңілім бұзылып, жүйкем босап кеткенін қайтерсің. Мені құшақтаған әр баланың ыстық алақандарының табы арқамда қалып қойғандай сезіліп, көңіл көкжиегіне жаңа бір әсем де әдемі сезім күйін орнықтырғандай. Ол бауырластықтың, достықтың, жолдастықтың жарасымды жоралғысы еді. Тайғанақ тірлікте, тар жерде бөліп жеген қара нанның дәмі бәрімізге ортақ қой. Оны ұмыту, естен шығару ешқашанда мүмкін емес.


Қоштасу! Қандай қиын да қастерлі сәт еді. Бабы осы арада табылса да, бақытын алдан күткен жәудір көз жандардың жүрек сезімі жанарларында мөлдір шықтай мөлдіреп, енді-енді үзіліп түскелі тұр еді. Менің де басым төмен салбырап, иығым қушиып, еңсем түсіп кеткені белгілі.

- Жолың болсын, жас қыран! Қанатыңды кең жазып көк жүзіне қалықтап биіктей ұш. Бақытың мен арманың асқақ болсын. Достарың мен ұстаздарыңды ұмытпағын, - деп Боранжан ағайым арқамнан қағып, өзі қолтықтап жолға бастады. Соңымыздан шұбырған көпшілік үлкен жолға дейін шығарып салды.

- Артыңа қарама, алдағы жолың ашық болсын, - деген Боранжан ағайым алыстап артта қала берді.

Әрең дегенде Жаппархан ағама ілесе бердім. Артыма қарамауға тырыстым. Қарасам көңілім босап, ниетім бұзылып, сезімім сетінері сөзсіз.

Селоның батыс бетінде көлік жолы болатын. Жаппархан ағам екеуміз соған шықтық. Алыстан келе жатқан қорапты бір машина көрінді. Қол көтердік. Жүргізуші жас жігіт екен. Тоқтады. Күн салқын, ауа райы да салқын тартты әп-сәтте. Қорапқа жайғастық. Гурьевке бет алдық. Жол-жөнекей қапталда шағын селолар, ауылдар қалып жатыр, қалып жатыр. Аудан орталығы Жаманқаланың үстімен әрі астық. Балалық дәуренімнің тәтті де шырын күндерін өткізген Бақсай селосы көз ұшында қалғанмен, ондағы дархан достарым, ұлағатты ұстаздарым, ағаларым мен аналарым көңіл төрінен берік орын алып, жүрегімде бірге тербеліп, жанымда бірге



Өмір иірімдері

келе жатқаны белгілі.

Қыстың аяғы, көктемнің басы болғасын ба, қар бір еріп, бір қатып жатқан кез. Даланың лайсаңды жолымен ауыр жүріп келген автомашинамен әрең дегенде түс ауа Гурьевке де жеттік-ау. Ал ертесіне...? Тағы бір автомашина үстінде Құлсарыға келе жаттық. Бұдан тура төрт жыл бұрын қимай-қимай аттандырған атамекенім, қасиетті туған жерім, киелі де қасиетті, жайсаң да жампоз Жылыойыма да оралғаным ба? Құшағыңды аш, туған жерім. Сарғайған сағынышын арқалап, алыстан ауылын аңсаған ұлың келді... Жылыойға жетіп, интернатқа орналасып, оқуымды одан әрі жалғастырдым. Алайда кермек дәмді балалығымның қызықты күндерінің белгілі бір кезеңін өткізген Бақсайымды, ондағы достарым мен мұғалімдерімді біразға дейін ұмыта алмай, алыстан аңсап, сарғая сағынып, келген-кеткеннен сұрап жүрдім... О да бір дәурен еді-ау.

Алтыншы арна

Бірінші шегініс

Суыт хабар

Өткен өмірімнің күнгейлі де көлеңкелі шақтарын, кермек дәмді балалық дәуренімнің Бақсайдағы балалар үйінде өткізген келелі кезеңдерін, мені адам қылып, қатарға қосуға, азамат етіп өсіруге бар күш-жігерін жұмсаған, тәлімді тәрбие беруде ақыл-білімін аямай арнаған ардақты ағалар мен апаларымды, асыл жанды аналарымды, көңіл арнасынан өткере, Боранжан мен Болатжандай, Ақжан мен Мұқсинадай аяулы жандарымды ойлап жатып ұйықтап кетіппін. "Ұйқы жанның тынышы" деген. Түннің көп мезгілін ұйқысыз өткізсем де жарты ғасыр бұрынғы жарқын күндерімнің, әзиз жандар жайында ой өрбітуімнің жемісі ме тыңайып тұрдым. Өзімді сергек сезіндім. Бекер екен. Жасырары жоқ, көңіл күпті. Әлдебір салмақ еңсемді езгілеп, жүрегімді мазалайды. Боранжан ағайым түсіме кіруі қалай? Қолын бұлғап алыстай бергені несі? Неге? Неліктен? Басымда берекесіз ой, жүрегімді жұлмалаған желбуаз сезім. Бәрін де біле алмай, басым қатып, қитығып отырғандаймын.

- Көзің кіртііп отыр ғой, шаршап тұрғансың-ау, отағасы, - деді келіншегім шай үстеліне отыра бергенімде.

- Жайсыз түстер көрдім-ау деймін. Шаршау жоқ сияқты көрінеді. Бірақ

Қонаш Қалдыоразұлы

бір ой еңсені басатындай... Түбі тұңғық, терең де тылсым ойлар жаныма маза бермейді, көңілімді жайсыздыққа толтырып, жүрегімді жұлқылайды, кеудемді керней түседі. Ал, нені ойлайтынымды өзімде білмеймін.

- Кімді ойлайсың? Ешкімді де, ештеңені де ойлама. Денсаулығыңа бола уайымдама да. Сенікі жазылатын дерт. Өзіңді өзің ойла, өзіңді өзің күт. Ауырсаң, басың қисайса сені ешкім ойламайды, ойға да алмайды. Ал сен жұрттың бәрін ойлайсың, - деп келіншегім қатайтқандай рай танытты. - Қайта-қайта ауырып, қиындықты басыңнан өткеріп жүрсің, кім келіп, демеу болып, көңіл білдіріп жатыр.

- Боранжан ағайымды ойлаймын. Жалындаған жас күнінде қандай қастерлі де аяулы азамат еді. Адамнан артық ардақты жан еді. Жасы жетпіске тақағанда оның кейпінен жетім көңіл, қараусыз, күтімсіз шал кейпін көргендей көңілім құлазиды, жаным жетімсірейді. Бұл менің көңіл түбіндегі белгі берген белгісіз сезім. Ешкімге айтпайтын жеке пікірім. Оның тәңірідей тәрбиеші, ұлағатты ұстаз, парасатты партком, сыйлы селсовет болғаны бүгінде кімге керек, неге керек? Әгәркі үйдегі күйі келіспесе...? Үлкен кісіге алдымен аялау, күтім, қамқорлық керек, дейміз. Үй іші хадари халдерінше күтімді жасап та жатқан шығар. Мен солай ойлаймын, солай көз алдыма елестетемін. Ал ауыл, аудан басшылары, қоғамдық ұйымдар қайда? Кешегі партия сарбазы, ел басшысы болған азаматқа бірі келіп бас көрсетпеуі, сәлемдеспеуі қалай? Үлкейгенде кісінің дәметері де сәлем емес пе?!

- Ол олардың өз шаруасы емес пе? Оған араласып біз не істей аламыз. Рас, адам үлкейгесін ерекше күтім керек екені белгілі. Күтім болмаса үлкен қарттар түгілі жас адамның өзі де аурушаң болары ақиқат. Менің де барғанда байқағаным - ағамның ауруы едәуір бар сияқты. Арқа сүйер қамқоры болған апасының ерте кетуі де қиын ғой, ойлайтын шығар. Бәрінің соңында өзім қалдым деп те ой кешіп, мұңданатын шығар. Әйтпесе, жетпіс жас деген немене, тәйірі. Жетпіске келген талай қарт шұнаңдап шауып жүрген жоқ па? - Келіншегім ішкі ойын, көңіл сырын осылай баян етті. Өзінше маған жігер беріп, жасықтық танытпа, деп пысытайын деген сыңайлы.

- Міне, міне... Өрісті ойың осылай өрістесе керек. Әңгіменің көші жаңа түзелді, бәйбіше. Адамның жасы егде тартқан шағында, шоу тартқан кезде ерекше күтімде, үйлесімде, қамқорлықта, жіті көңіл бөлуді де керек етеді. Бүгінгі адамдар, соның ішінде біздің қазақтар сүрініп кетіп, құлағанынша денсаулығын ойламайды-у, ойламайды. Денсаулығы сыр берген күні - дәрігерге қаралуға, емделуге жағдайы келмесе, міне, сол



Өмір иірімдері

мүжәлсіз адам. Аяу керек адамды, аялау керек ақсақалдарды. Болашағын ойламайтын бала, ақсақал боламын деп ойламайтын бала. Әрбір жас ертеңгі күні менде егде тартамын, күтім тілеймін, қамқорлықты қажет етемін деп ойлануы тиіс. Өйткені, дөңгеленген дүние тірлігінде кезектесіп келетін өмірдің бейнеті бар. Өмір бар жерде бәрі де адамға кездеседі, Алла тап қылады. Бірақ бәрінің ақыры - өлім, - деп ем, келіншегім келесі әңгімесін әріден бастайтындай кейіп танытты.

- Осының бәрін неге айтып отырсыз отағасы. Үлкендік менің де басым жақындап келеді, келінім саған айтам, қызым сен тыңда, деген алдын-ала ескертпең бе? Ден сау болсын, көрерміз кезінде. Күтпей жатсақ, қамқорлай алмай жатсақ сонда айтарсың ренішінді, аяқ-қолың балғадай, есің дұрыс, денің сау азаматсың ғой, алдағыңа алаңдай берме. Құдай салып жатса кезінде көрерміз. Көп қайғыра да, мұңая да бермегейсің. Сергек болсаң сенімді жүресің, - деп бір қайырды.

- Жоқ, бәйбіше, мен өзімді не Боранжан ағамды ғана айтып отырғаным жоқ. Жалпы қазақ қарттарына ортақ жай әңгіме өзегі еткелі отырғаным. Өзің ойлап қарашы, ауылда да, ауданда да зейнеткерлер бас қосатын бірде-бір орын жоқ. Ондай бас қосатын орын болса өмір көрген, елге, еңбегі сіңген ақсақалдар бірігіп отырып, әңгімелесіп, өткен өмір, кешкен қиындықтар жөнінде кейінгі жас ұрпаққа ұлағатты әңгіме айтар еді. Көкірегі қазына қарттардың көмбе байлықтары солайынша ашылмай, өмірден өтеді. Азаматтығы мен адамдығы мол ақсақалдар адаспайды, артық сөз айтпайды. Әңгімені тыңдайтын құлақ болса, әдемі айтады. Жалпы үлкен кісілер бас қосқанды, әңгімелескенді ұнатады. Олар өлсе жалғыздықтан, құсалықтан өледі.

«Даламның бір-бір пұшпағы, қарттарым аман-сау жүрші», деп неге әндетеміз. «Кәриялар азайып бара жатыр, сезесің бе сен, соны бала батыр, бірі мініп келместің кемесіне, бірі келіп әнеки, жағада тұр», деп неге мұңаямыз? Бәрі де қарттардың жайлы болуын, жағдайлы болуын тілегендіктен туған орайлы ойлар. Солай бәйбіше... Мен бағусыз қаламын деп байбалам салып жатқаным жоқ. Ортақ ой пікір барша қарттарға керек.

Сөйтіп, үй-іші болып, әрнемені бір әңгімелеп отырғанымызда телефон шыр ете түсті. Алыстан соғылып тұрғаны бірден белгілі болды. Әшейінде телефонға бара қоймайтын жазған басым осы жолы неге бардым екен? Әрі-сәрі күйде телефон тұтқасын қолыма алғаным сол еді, арғы жақтан келген бөгде кісінің үні тосын естілді.

- Алло, алло... Иә, шырағым, сұраған кісіңіз мен, тыңдап тұрмын, айта беріңіз, - дедім.

Қонаш Қалдыоразұлы



- Алло ... алло... Бұл - Махамбеттен ғой.

- Махамбеттен? ... Мен таңданысымды жасыра алмадым. Шетте жүрген жалақ ерін, шикіл сары Сайлаубай деген құрдасым бар еді, сол емес пе екен? О да, жалпы Махамбеттен ешкім телефон соқпайтын еді ғой. Айта беріңіз.

- Махамбеттен Айтқали деген азаматпын. Хафизаның інісімін, Боранжанның балдызымын, - деді телефондағы дауыс.

- Айта беріңіз. Не айтпақ едіңіз, Айтеке, - дедім жете біліп-жыға танымасам да.

- Ағайға бірдеңе боп қалмас игі еді. - Келіншегім шыдамсыздық танытты. - Аңада көрісе барғанда өңі өзгеше көрініп еді. Сонда уақытының жақындап қалғанын сезінді ме екен, кеткенше сөйлесіп, сырласқысы келе беріп еді-ау.

- Жә, - дедім мен қолымды көтеріп келіншегіме, - кідіре тұршы. Айта беріңіз... Не жағдай еді?

- Боранжан ағайыңа уақыт болды, шығаруы ертең, - деді де, телефон тұтқасын ұясына қоя салғандай көрінді. Менің құлағымға ызыңдаған дыбыс келді. Бірақ түкте естір жайым жоқ. Құлағым бітіп, есім ауысқандай ма, қалай? Үнсіз орнымда қатып қалыппын.

- Не болды, - деді келіншегім, өңің кетіп қалыпты ғой.

- Сенің айтқаныңдай, ағадан айырылыппыз.

- Иманынан жарылқасын. - Келіншегім қос қолымен бетін сипалады.

Енді не кідіріс бар. Асығыс жиналып түс ауа жолға шықтық. Баяу басталған, сіркірей жауған жаңбыр бірден-бірге күшейе түсті. Жақсы адамның өзі де, жүрген жері де, күні де нұрлы - ау деп ойға баттым. Іштей ойға берілген басым ұзын да ұзақ жол бойында ешкімге тіл қатпай, өзіммен өзім отырдым.

Сонымен сенің де алып жүрегің тоқтады ма, жан аға, асыл азамат, ұлағатты ұстазым, ардақты ағайым, таңғажайып тәрбиешім. Сен енді маған жоқсың, қамқорым болған, қамқоршым болған, аялай білген аяулы аға, биік мәндегі адам һәм азамат. Сенің жарқын жүзіңді, келісті келбетіңді, жампоз жаныңды, айтар ақылыңды талай сағынармын да. Елім деген ер едің. Жеріңді аялап, Жайығыңды жаның қалмай жақсы көретінсің. Жайсаң дүние, жазира өмір, тәтті тірлік, аялаған жан-жарың, мәпелеген ұрпағың... бәрі-бәрі артта қалды. Тірлікке жалғыз келіп ең шыбын жаныңды пида етіп жалғыз кетіп барасың. Неге асықтың у өлімге, өз аға.

Көңіл мұңы жабырқатып жанымды

Орта жолдан кілт үздің-ау әнімді



Өмір иірімдері

Асылзада мен ағадан айрылдым
Қара түнек басқандай боп таңымды.

Өттің аға, өттің бүгін өмірден
Азамат ең жанардан сыр төгілген
Кемел ойлы, кең маңдайлы бейнеңмен
Кетпей жүрсең болды-дағы көңілден, - деп келе жаттым.

Кештетіп аға көптен тұратын құтты мекен, Жайық жағасындағы
Жалғансай ауылына да жеткен болдық. Алдымнан шығып, қарсы алған
інім Маханы құшақтап, көз жасымды көлдете бердім. Бор көңілім бордай
үгітіліп, жанарымнан жас моншақтап мұсылманға лайық қағидамен
өмірден өткен аға рухына ғұрпымды білдіріп, басымды иіп тағзым еттім.
Кейін осы сәттегі көңіл сезімі өлең боп былайша өріліпті...

Сабыр ет інім! Айрылдың асыл әкеден,
Өсірген сені ардақтап дәйім мәпелеп
Алатау сын-ды азамат еді жан аға
Тірлікте тынбай талайға бақыт әперген.

Сабыр ет інім! Айрылдым менде ағадан,
Ондай да жанды енді де қайдан таба алам.
Байсынды байтақ жеріндеі кең-ді кеудесі,
Тағдырға болмай бүгінге жеткен нар адам.

Сабыр ет інім! Жігіттік қылық танытқын,
Жүрегі тынды бір туар аға-алыптың.
Көңілге толып қайғының мұны сөнгендей
Маңдайға біткен алтын да сәуле жарық күн.

Сабыр ет інім! Оңай да соқпас апаға,
Берілед неге адамға тағдыр қатал, ә?
Тойлатпай тойын 70-ке келер күздегі
Кетті ағам ерте. Сәулелі таңым атар ма?

Сабыр ет інім! Оңай да болмас бауырға,
Жетімдік кезең... Менің де жаным ауырған.
Ақжайнақ жанды талай да талай аңсармыз,
Қамал да еді-ау, Қорғайтын, ой-хой, дауыздан.

Қонаш Қалдыоразұлы

Сабыр ет інім! Шаңыраққа енді иесің,
Қамыға берме, жабыға берме, жи есің.
Өмірден өтсін, көңілден кетпей жүретін,
Қадірлей білгін әкенің әркез киесін.

Еді ғой өзі өзгеше жайсаң азамат,
/Арғымақ мүсін сұлуға келед қазан ат/.
Артқа да тастап барлығын ерте баз кештің.
Жүректі жұлқыр қайғың мен қазаң мазалап.

Көз жұмар шақта іздедің мені білемін,
Көзіңде сәнді, өзің де сәнді ірі едің.
Күйреуік көңіл күңіреніп сені іздейді,
Мәрт сынды-ау бүгін алтын да баған тіреуім.

Осылайша қамыққан көңіліміздің, жабыққан жанымыздың қайғырған жәйын білдіре, інімізден босап, сыртта топтаса тұрған көпшілікпен амандастық та ағаның алтын шаңырағының қасиетті босағасын "біссіміллаһи - рахмани - рахим" деп аттап үйге кірдік. "Әр елдің салты басқа" деген емес пе, бұл ауылда дауыс салып жылау, өмірден өткен азаматты азалау жоқ іспетті. Әркім өзінше харекет үстінде. Әкені жоқтар қыздар да, келіндер де шаруа қамымен далада жүр. Жеңгеміз де амансаулық сұрасудан аспады. Өмір деген осы. Өтеді де кетеді. Бәрі де қасқағым сәт, кеше бар адам бүгін жоқ. Адам - қонақ, уақытша тірлікке келді, енді мәңгілік мекеніне кетпек. "Дүние - арман, дүние - жалған" деп неге айтады дейсің. Ағаның қасиетін биіктетіп, арманын асқақтатып, тұлғасын даралап жоқтау айтса несі айып. Аймаңдай ағамыз деп алыстан ат арытып келгенімізде көңілге медет болар бір ауыз жоқтау айтылмауы халықтық әдетімізге, салтымызға, әрісін айтқанда мұсылмандық ғұрпымызға үйлесіңкіремейтін үрдіс сыңайлы көрінді. Әр нәрсенің өз сәні бар. Соның ішінде өлімді - жоқтау. "Аузын бұған өгіздей отырған ауыл әйелдері мен қыздарын көрген жеріміз осы болды". Әредік, әңгіме өзегі етіп өткен-кеткен бос жайларды, күнделікті күйбің тірлікті айтып отырған ауыл аналарының да жеделдесін іздеп жоқтау айтар жөні жоқ па еді? Әрине, жоқтау айту, айтпау әркімнің өз еркі де дерміз. Мен кімге және неге ақыл айтып, жол нұсқап жоқтау айттырмақпын. Бірақ...

Азаматы өмірден өтсе азалау от анасының басты парызы. Бұл ықылым заманнан қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Адам жоқтаусыз кетсе лажсыздықтан, артында ізі болар қызы болмаса, өзі болар ұлы болмаса деп ойлауға келер еді. "Ой бауырымдап" өзегін үзіп кей өңірде ерлерде



Өмір шірімдері

дауыс салып келеді емес пе? Ендеше нағыз қазақы өңір - Атырау аймағында, соның ішінде қазақтар көп шоғырланған, ұлттық дәстүрлі мол Махамбет ауданы аумағында өлгенді жоқтамайды дегенге сенерсің де, сенбессің де.

Бірақ бұған біз куә боп, көңілімізге түйдік. "Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар" дер бәлкім бәз біреу. Жоқ, жоқтау ешқашан тозбаған және жоғалмаған. Керісінше заман өткен сайын, уақыт озған сайын жоқтау айтудың үздік үлгілері жетіле түскен. Ақылы асқан аналардан, білімі асқан даналардан сұрасаң: жоқтаудың өрелі өнер екенін, ұрпақты тәрбиелеу бағытындағы тәлімді мектеп екенін айтар еді. Хош, Сонымен...

Алтыншы арнаның жалғасы

Екінші шегініс

«Біреудің адамы өлсе қаралы ол», деп ұлы ойшыл Абай дана да тегін айтпаған. Азаматы өмірден өткен шаңырақ қашанда қаралы екені белгілі. Міне, Боранжан ағайымның күзетінде отырмыз. Күзетке көп адам жиналыпты. Оған да шүкір. Олар негізінен ағаның алыстан келген ағайындары, тума-туысқандары, жекжат-жұрағаттары, ауылдас азаматтар, көрші-көлем, жұмыстас болған қатарлары. Әрине, өмірден өткен адамның қашанда жақсы қылықтары, жақсы қасиеттері айтылса артық болмайды. Ал Боранжандай ел сыйлаған, халқы қадірлеген, ұрпағы ұлғылаған ұлағатты адам жөнінде айтылар әдемі әңгіме де, есте қалар естелік те аз болмаса керек. Менің басты мақсатым, ынта-ықыласым сол әңгімелерді тыңдауға, көңілге түюге ауғаны. Рас, өз аға жайында жақсы әңгімелер аз айтылған жоқ.

Әлештің әңгімесі



Әлеш Қошанов сұңғақ бойлы, әдеміше келген, алпыстан асып, жетпіске бет алған, бірақ қимыл-қозғалысы көрікті, әңгімесі әдемі, әзілі жарасымды, тиянақты кісі көрінді. Күзет кешінде көбіне әңгіме шерткенде, Боранжан ағайымның асыл қасиеттері мен жақсы қылықтарын жан-жақты айтқанда сол болды.

- Мен әскери қызметімді мына Болатжанмен бірге қиыр шығыс аймағында Хабаровск өлкесінде өткіздім, - деп бастап, жалғастырды Әлеш әңгімесін. - Әскери қызметімізді өтей жүріп Болатжан екеуміз басымыздан не кешпедік. Әскери қызметке біраз төселіп, уақыт өткесін жауынгерлер арасында жаяу жарыс ұйымдастырылатын болды. Әзірленіп жүрміз. Өзіміздің спортшы екенімізді көрсетіп қалсақ дейміз. Келесі күні жаяу жүгіріс жарысы басталып та кетті. Жүздің үстіндегі жауынгер құйрық тістесіп жүгіріп келеміз. Менде өз әлімше бір деңгейде жүгірумен қатардан қалмай келемін. Желаяқтар озып, борпаяқтар қалып, екі ара ажырай берді. Бір сәт арттан келе жатқан "ЗИС" автокөлігі маған тақай берді. Қапталынан жабысып, міндім де қорабына құлай кеттім. Машинаның аты машина, заулады-ай келіп. Алда кеткендерді басып озып, асып кеттік. Енді түсейін десем түсе алар емеспін. Бір шама уақыт өтті, тағы да. Кенет шоқалақ жолға жеткен машина жүрісін баяулатты. Артқы жағынан секіріп түстім. Сәл-пәл демімді алып, тыныққандай болдым. Сосын жүгіре жөнелдім. Мәре әлі алда. Тыныққандықтан ба, ерекше екпінмен жүгіріп келемін. Мәредегі офицерлер күтіп алды. Арттағылар әлі жоқ.

- Мына шіркін ЗИС-қа мініп кеткен ғой, - деді бір офицер қасындағысына. Анау басын изеді.


-Десять дней гаупвахт, шагом марш,- деді әлгі офицер.

Мен басым салбырап, әскери бұйрықты орындауға жөнеле бердім. Сөйтіп, жарыста солай "чемпион" болғаным бар.

Елге келгесін бұл оқиғаны Боранжанға айтып бір күлісіп алғанымыз тағы бар.

Ол кісі болса өз есебінен қосып келесі тыңдаушыға тұздықтанқырап жеткізетінін қайтерсің.

- Бірде мектепте еңбек пәнінен сабақ беретін едім,- деп жалғастырды әңгімесін Әлеш,- сол кезеңде селода бірнеше үй өртенді. Село тұрғындары болып сөндіріп алдық. Сосын сол үйлерді тұрғызу керек? Ал қалай? Өртенген үйлердің біреуі Боранжандікі. Ол ағаш керектігін айтты. Қалай беремін? Мені қинағанда осы жай. Өйткені, мектеп директоры Орнаш, оқу ісінің меңгерушісі Ислам



Өмір иірімдері

мектептен кетпейді. Жұмыстан соң шахмат тақтасына отырады. Екеуіде бұл ойынға құмар. Екеуі іште отырғанда нар тауекел дедім. Тек шыға келіп, көріп қалмасын болды менің ойым. Он бес шақты баланы жинадым да екі-екіден ұстатып шеберханадан ағаш жіберудемін. Алды Боранжанның үйіне барып та қалды. Соңы мектеп шеберханасынан шыға алмай жатыр. Баланың ісі өне ме? Жай жүріп, жалпақ алып асықпайды. Көз алмай қарап-ақ тұрмын мектеп жаққа. Шахмат ойнап отырған директор мен завучтың шыға келмесі бар ма?

-Әркімнің шаруасы-ақ бітпейді,-деп өтірік айқайға бастым,-уақытым жоқ, әкетіндер, кетіндер, деп балаларға бақырған болып жатырмын. Балалар тақтайларды алды да алды-артына қарамай зытты. Орнаш ештеңе демейді. Ислам бірдеңе сезген сыңайлы. Естілер-естілмес етіп ернін жыбырлатқандай Ислам да, ибалы кісі еді, басы артық сөз айтпады. Екеуі де есті кісі ғой ештеңе деместен жөндеріне кете барды. Олар кетісімен құстай ұшып Боранжанға жеттім. Солай да солай деп болған жайды айттым...

Маған келе: - Құдалығың қайда? Жекжаттығың бар емес пе,.. Азғантай ағашты тіліп, сүргілеп берсең болмас па? Үйіміз өртеніп, көңіліміз кетіліп жатқандағы жасаған жақсылығың, берген көмегің осы ма деп реніш білдірерсің,-дедім де кетіп қалдым.

Арада аз уақыт өтпей-ақ Боранжан мектеп шеберханасына жетіп келіп өзім үйреткен "ақылымды" өзіме қарша боратып, екі есе асырып "ұрысты" дерсің. Мектепке бір айналып соғатын әдетімен үстімізден шыққан Орнаш: - Көмектес, көмектес, - деді де кетіп қалды. Басшы айтқасын сөз бар ма, Боражандікіне керегінше ағаш жеткіздірдім ғой. О да бір ойда қалған өмір эпизоды болғасын айтып жатқаным-дағы.

Жаз шықса болды басшы мұғалімдер мен үлкендер Жайықтан балық аулауды ұйымдастырады. Бәрі бірігіп балық, аулайды, демалады. Біз Болатжан екеуіміз соңдарынан бағамыз,-деген Әлеш тағы бір әңгіменің тізгінін қақты. - Олар аулаған балықтарын әр жерге лақтырып тастай береді. Бізге керегі де осы. Балық аулаудың үзілісінде олар арақ ішуге кіріседі. Ал Болатжан екеуіміз болсақ балықтың үлкендеу төртеуін алып кетеміз. Сосын олар: - Әй, балық қайда, - деп бір-бірінен көреді. Үлкендердің осылай бірімен-бірі қауқылдасқаны да бір қызық еді.

Әлештің Ислам деп отырғаны біздің қымбатты ұстазымыздың бірі Ислам Некесов есімді ағай болатын-ды. Суретті жақсы салатын кісі еді. Жайдары да жайсаң жан болатын. Өмірден тым ертерек өтті деп естідім.

Әні, анау жиегі аумақты шетен қалпақпен төрде отырған қошқар тұмсық кісі - Шәміл Кәкішев деген ұстазымыз. Жағырапиядан дәріс берген. Боранжан ағайымның туған жездесі. Марқұм Сақан апаның жолдасы.

Қонаш Қалдыоразұлы

Өткен жылы апай дүние салды. Кейін екі айдан соң азамат ұлдары кенеттен қайтты. Сол қос қайғыны көтере білген Шәміл ағаның нарлығына сөз жоқ.

Ал мынау шет жақта отырып, келген қонақтарды қабылдап, орналастырып жүрген баяғы Болатжан ағайым. Кәдімгі саңлақ спортшы, өрелі өнерпаз, менімен сырлас та мұңдас Болатжан ағайым. Баяғы қалпы, елгезек, сөзшең, әзілқой. Арасында тұздықтатып әзіл аралас әңгімелерді Әлеш екеуі кезектесе, келістіре айтқанда аузыңды ашып, аңырайып отырып қаласың...

Шетен қалпағының жиегі көлдей, қоңқақ мұрынды, қара торы, әдеміше келген Шәміл ағай бізге жағырпиядан дәріс берген дедім ғой. Кейінгі жылдарда басшылық жұмыстарда жүргенінде естігенмін. Жайдарбек деген баласы Атырауда тікұшақ зауытының директоры болып жүріп, парламент депутаты боп кеткен-ді. Енді әңгімеге сол Шәміл ағай кіріскен сыңайлы.

- Бұл әулетке оңай соқпай келеді, - деді Шәміл ағай әңгімесін бастай отырып. Жасы жетпістен асса да үні әлі баяғыдай. Кластағы, сабақ беріп тұрғандағы әсем әуезді қоңыр үні құлаққа келетіндей сезіндім. Бетінде әжім, шашында ақ көрінбейді. - Әбіл ағамыз фәни тірлікте 38 жыл ғана ғұмыр кешіпті. "Әй, бір қырық-ай" депті өлім аузында жатып әйеліне. Балаларды ешкімге телміртпессің, өзің білесің ғой, деп бақұлдасыпты. Үлкен арман ғой. Ағамыздың арманы орындалды деуге болады. Әбілден туған төрт бала ешкімге телмірмей, ешкімнен кем болмай өсті, өнді, өркендеді. Қос атаның шаңырағын шайқалтпай, қос ананың арқасында ерте оқып, қатарға қосылды. Төлжан қандай еді. Боранжан да қатарының алды боп, талай беделді қызметтердің тізгінін ұстады. Бұл шаңырақтың қыздары болсын, ұлдары болсын - алдымен азаматтықты қадірледі, адамдық пен адалдықты ардақтады. Бәрі де ақылман, білімді де білікті еді. Ұл-қызды үлгілі тәрбиелей білген ұлағатты жандар, жайсаң жігіттер еді-ау. Бір өкініштісі, сол бір бірге туған төртеудің бүгін бірі де жоқ. Соңы осы Боранжан ғой. Ажал оған да асығыс келді-ау деймін. Әйтпесе, төсек тартып жатқан жоқ, ішім - жемінен қалған жоқ. Әбіл ағамыз екі ағайынды боп келеді. Бауыры Құтыл баласыз жүрді. Содан Сақан мен Боранжанды Құтыл ағамыз бен Меңеш анамыздың бауырына салып еді ғой. Бұл туыстық, бауыр дегенді қойсайшы. Содан солар өле-өлгенше бір шаңырақ астында ғұмыр кешті. Әсіресе, қос ана өте тату, бірін-бірі өлердей сыйлайтын да еді. Қос ананың балаларға деген пейілі, ықыласы, ниеті өзгеше еді ғой. Олар бар анаға үлгі бола білген бір туар жандар-ды. Бүкіл ауыл қос ананың татулығына тәнті боп, табынатын. Солардың бауырларында тәрбиеленген Боранжан сауатты да, мәдениетті, білімді де білікті боп өскенін өздерің білесіңдер. Боранжан аса балажан, жүрегі



Өмір иірімдері

жомарт, жаны нәзік, кім-кімге де көмек, қамқорлық жасауға қашанда әзір тұратын мәрт жігіт-тін. Боранжанды алпысқа жетпей бақилық болған ғалым інісі Төлжанның, апасы Сақанның дүниеден ертерек өтуі шаршатты-ау деймін. Өткен жылы менің жұбайым, оның апасы Сақан қайтқасын-ақ Боранжан болдырып қалды. Кімге де бауыр қиын ғой. Ініге апаның орны өзгеше ғой. Екеуі бірін-бірі қатты сыйлайтын. Біріне-бірі ес, қамқор еді. Енді, міне, бауыры суық қара жерге Боранжандай берекелі тірліктің, өнегелі өмірдің иесі де аттанбақшы.

- Боранжанмен құда едік. Құда құрдасындай болсын, деген не деген керемет сөз. Құрдас, дос, сырлас едік - ау. Жұмыстас та болдық. Екеуміз бір-бірімізсіз жүре алмайтынбыз-ау, - деді әңгімесін бастай отырып құдасымын деген Байғожин Алпысбай атты азамат. - Әр күніміз бірге еді. Қуанышта бір қуанып, реніште де бір болатын едік. Енді Боранжан құдам жоқ. Сыңарымнан айрылғандаймын. Өте кішіпейіл, кісілігі жоғары, жайсаң да жампоз жігіт кім десе алдымен Боранжанды атар едім. Солай деп есептейтінмінде.

- Боранжанмен ертеден бірге келеміз. Боран мен аязда да бір болдық. Тоңсақ бірімізді - біріміз қымтап жылытатынбыз. Сонау 1948 жылы Гурьевтегі педучилище де бірге оқығаннан дос, сырлас болдық. Бері де Шойда (Бақсайда) он бес жылдан астам бір жерде жұмыстас болып, бір жүрдік. Қиыспас, көңіліміз бір. Өміріміз бір дос, тату едік. Бүгінде әрқайсысымыз әр шалғайда шілдің боғындай шашылып жүрміз. Жас жетпістен асты, денсаулық кеміді. Бұлар біраздан бері Жалғансайда да, біз Сарытоғайда тұрып келеміз. Бұл шаңыраққа ежелден құт дарыған, арғы жағы абыз аталары Байсана бабаларынан басталған береке, бірлігі бар, ұйымшыл ауыл екені белгілі. Шойдың шын иелері осылар еді, - деп әңгімеледі боз өңді егде кісі. - Боранжанның адамдығына бар жақсылықты сыйғызуға болады. Оның ұрпақ тәрбиесіндегі ұлағатты ұлы істерін қай заманның ұстаздарының ұлғылауына, үлгі тұтуына болады. Онда бала тәрбиелеудегі туа біткен талант бар еді.

- Мына кісі кім, танымадым-ау, - дедім Болатжан ағайыма.
- Е, ол баяғы Әрсенғали Ерешев ағайың ғой, Ерешев деген...
- Япыр-ай, - дедім іштей. - Уақыт оны қалай өзгерткен десеңші. Кешегі қылаңдаған жас жігіттен бір ізде қалмапты. Кәдімгі бетін тоқсан тарам әжім басқан, белі бүгілген, тізесі қалтыраған, қауқары қайтқан қарт болып шыға келіпті. Әлгінде байқағанмын, қасында ұзын бойлы, белі бүгілген кемпір болған-ды. Ол әйелдер арасында қалған. Сұрастырсам, ол баяғы дұл-дұл домбырашы апай екен. Аты Ләтипа болар. Әрсенғали болса, баяғы мені қан құсқанша жүгіртетін мұғалім ғой. Сен неткен қаскөй едің, уақыт?! Мынау үлбіреген қыздардың, желеңдеген жігіттердің жігер-қайратын

Қонаш Қалдыоразұлы

мұқалтып, күш-қуатын сарқып, жүздеріне неге сай-саланың сағасындай етіп әжім толтырдың? Адамдарға деген жақсылығың осы ма? Бұлардың бәрі де кешегі бір күндерде қызғалдақтай құлпырған, гүлдей үлбіреген, қызық дәурендері думанды өткен, жастық жалындары лаулаған жайсаң жандар еді ғой. Қайран менің асыл апайларым мен абзал ағайларым-ай!

- Мен барып амандасайын, таныр ма екен, - дедім Болатжан ағайыма.

- Өзің біл. Бірақ танымас, - деді Болатжан ағайым.

- Ассалаумағалейкум, Әрсенғали ағай, - дедім қос қолымды ұсынып.

- Оғалейкүмсәләм, қай баласың, айналайын, - деді Әрсенғали ағайым даусы дірілдей естіліп. - Осы күні ұмытшақтық дейтін де жолдасымыз бар.

- Ә, ... Мен Боранжан ағаның Жылыойдан келген інісімін. Қалихан Қалдыбеков деген...

- Ә... Ол кім еді? Қай бала еді? - Әрекең әлі ой үстінде, есіне түсіре алмай отырғандай. - Ойпырым-ай, ойыма оралмай отырсың.

- Баяғыда жүгіртем деп қан құстырған Қалиханыңызбын ғой... Енді есіңізге түскен шығар...

- Алда айналайын-ай, аманбысың. Ағайларыңды ұмытпағаныңа рахмет. Қазір денсаулығың қалай, жақсымысың? Сонда бір ағанды састырдың ғой, - деген Әрсенғали қалтасынан көлдей орамалын алып суланған көзін сүрте бастады. - Одан бері қаншама жылдар өтті. Үлкейдік, денсаулықта кемшілік бар. Өзің өндірдей азамат бопсың ғой... тіфә, тіфә... Тіл аузым тасқа... Шіркін, Боранжан сені аузынан тастамайтын еді. Адами қылығыңды ерте танып, білген екен ғой. Бізде сендей, тумаса да туғаннан артық іні жоқ. Аман бол, айналайын, өркенің өссін. Жеке келіп амандасқаныңа, рахмет! Кімдерді көріп тұрасың балалардан?

- Көп ешкімді көрмеймін. Ешқайсысының аттарын да, атақтарында естімеймін. Баяғыда, дәл бұдан қырық жыл бұрын, 1962 жылы жазда Болатбек Мұсабаев деген жігітпен кездестім. Бізбен қатар орыс класында оқыған бала. Ауылға, онда Ақкиізтоғай дейтін жерде тұратынмын, ертіп барып, қыдырттым. Содан біздің ауылда бір қызбен танысып, артынан соған үйленді. Миялы жақтың жігіті ғой, сонда алып кеткен ол қызды. Екеуміз, Болатбекті айтамын, біраз мезгіл хат жазысып тұрдық. Кейін тірлік жайымен, байланысымыз үзіліп, хабарласа алмай қалдым. Бір жылы оның ел жағынан келген біреулерден сұрап ем, қайтыс болды, дегенді айтты. Содан басқа еш баланың тағдырынан бейхабармын.

- Иманды болсын, ол әне бір көзілдірікті қара бала ғой. Бізден мектеп бітіріп, мұнай техникуміне түсті деп еді.



Өмір иірімдері

- Иә, иә. Дәл өзі. Оны ұмытпапсыз... ал мені ұмытуыңыз қалай?

- Сені де білемін ғой, бірақ көзі түскір кеміс, байқатпайды. Көп адамның жүзін ажырата алмаймын...

Осы кезде орта бойлы, қара өңді, беті әжімделген бір әйел ер адамдар отырған бөлмеге кірді де шет жаққа отыра кетті. Жұртпен амандасты да бір әңгіменің тінін өріп, өзінше сөйлеп кетті.

- Көрші бөлмеде отырып әңгімелеріңді естіп, тыңдап отырмын. Бәрінің де айтқандарың дұрыс, жөн-ақ, - деп бастады әлгі әйел әңгімесін, - Шыдай алмай қастарыңа келген жайым бар. Мен үшін Сақанның да, Боранжанның да орны ерекше. Екеуі екі қанатымдай көрінетін. Бүгінде сол қанаттарымнан айырылып, айдалада адасқан жандай күй кешіп отырмын. Менің аты-жөнім Мәреш Ысқаққызы. Сақан екеуіміз айрылмастай дос болып, айрықша ағайындай күн кештік. Бірімізден біріміздің жасырын сырымыз болмайтын. Жарты күн көре алмасақ тұра алмайтынбыз. Достығымызды, татулығымды көре алмаған бәз біреулер күңкілдеп күндейтін. Біріміздің үйімізге біріміз қона беретінбіз. Жаздың жанға жайлы түндерінде Боранжанды ортаға алып, далада ұйықтайтынбыз. Түннің бір уағына дейін әңгімелесіп, сырласып, ұйықтамайтынбыз. Еріксек, зеріксек жеті қат қара көк аспандағы шүпірлеген жұлдыздарды санайтынбыз. Аспандағы ақ боз ат, жетіқарақшы, темірқазық, шолпан жұлдыздары, ай, құс жолы болып сырласамыз. Ақбоз атпен алып қашатын ер жүрек жігіттерді көз алдымызға елестетеміз. Шіркін, о да бір ұмыта алмайтын, әрдайым қызықтырып, желіктіріп тұратын дәурен еді-ау. Ол күндерді, кезеңді қалай ғана ұмытарсың-ау. Сол бір дәуреніңді ұмытсаң қазғалдақтай үлбіреген жас кезіңді, жастығыңды жадыңнан шығарған болмай ма? Содан таң ата ғана көзіміз өзінен-өзі айқасып, амалсыз ұйқыға кетеміз. Өліп ұйықтап қаламыз. Сонда анам: Меңеш-ау, Күнсұлу-ау, олар осы үйдегі қос ана, біздің Мәрешті жіберсеңдерші, деп анадайдан үйдің қасында тұрып айқайласа керек. - Сақанжан екеуі біріксе болды біріне-бірі жабысып қалады-ау.

- Қайдан жібереміз. Сақан екеуі желімдей жабысып әлі ұйықтап жатса... "Тұр-тұрдан хабар келсе, ұйқыдан маза кетеді" деген қайда, қанша тұр-тұрласаңда тұрар емес, деп жауап береді бұл үйдегі қос ана. Содан бір мезгілде, күн тас төбеге таянғанда Сақан екеуіміз тұрған боламыз. Сонда да керіліп-созылып, ұйқымыз ашылмай, бір тұрып, бір жатамыз. Боранжан болса сары ала таңнан тұрады да аналарының шаруасына көмектесуге кетеді. Сондай елгезек, ұғымтал, шаруагер баланы көрмедім, жұмыс десе жанып кететін, шаршауды білмейтін, қайратты боп өсті.

Қонаш Қалдыоразұлы

Шалғымен шөп шапқаны, үйге отындық ағаш дайындап, шапқандағы қимылын айтсаңшы... Біздер бір-бірімізден ажырамастай дос, сырлас болғанмен ажал құрығы жеткен күні айырылып, көңілім қамығып, жаным жабығып отыр. Қандай қимас жандарымнан айрылдым десеңші. Әкем өлгенде де қатты қиналып, жапа шекпеп едім-ай. Ай, асыл арыстарым-ай.

- Апасы, сіздің әкеңіз кім болған кісі еді, - деп қалғанымды өзімде байқамай қалдым. Әй, аңғал басым-ай танымайтын кісіден сұрамайтынды сұрайтын кім едім-ай. Біреудің, танымайтын кісінің әкесі маған неге керек болғаны. Әй жоқ, шәй жоқ, бұл не дегенім. Сауал салғаным бар болсын өзімнен-өзім ұялып, ыңғайсызданып отырдым. Бірақ табиғатынан ақ жарқын жаратылған Мәреш апай менің сауалымды аяқсыз қалдырмады, іле әңгімесін жалғастырды да кетті.

- Темірді қызған кезде соқ, деген, өзі өзегі талып, өңеші үзілгенше сөйлейтін кісінің қоламтасын көсеп, қоздырып жібердің-ау, Қалихан, - деді Болатжан ағайым, - енді ол Калининнен бір қайтады.

- Калинин кім? - дедім мен, осы араның бір шалы шығар деп.

- Қазір түсінесің, тыңдай бер, - деді Болатжан ағайым.

Расында да мен тыңдауға көштім. Өйткені өзім сұрадым ғой.

- Менің әкем Ысқақ ел басқарған, қатарына қадірлі, халқына сыйлы болған, орысша оқыған, білімі де, білігі де көп, двухкласник адам. Ол адалдық үшін күрескен, шындық үшін шырылдаған торғайдай басын топқа салған жан. Не үшін? Ел бірлігі, татулығы үшін. Баяғыда Кеңес өкіметі осы өңірге орнағанда осы жақта жер үшін жанталас, жайылыс пен шабындық үшін шапқыншылықтың талайы болған. Көзбе көз ағайындар араздасып, аралары алшақтаған. Соның бірі сол кезде мына Қарашығанақ көлі үшін теке тірес, талас, алапай айқай, ұласқан ұрыс, керілдескен керіс болған. Кімдердің арасында? Мына №8-9 ауылдықтар арасында. Сонда әкем төрелік іздеп Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің төрағасы, ардақты ақсақалы М.И.Калининге арнайы тілігрәм салып, осы өңірде жаңа өкімет саясатына ден қоймай, халықтар арасында ұрыс-керіс, барымта-сырымта болып жатқанын жазып былай деп білдірген ғой: "Есенцы напали на наш Карашиганак топорами, вилами, вооружеными силами" деп айқайлатып жазып жіберген ғой. Қайдан шықса одан шықсын деген болар. Ал Калинин ақсқал: "Разберитесь, что за нация Есенцы" деп облыс басшыларына тілігрәм салады. Облыстағылар болса: "Есенцы - это не нация, один из ру казахов, разобрались" деп жауап береді. "Кончат такую игру, прекратить балтовню" десе керек жауап хатында Калинин әкей. Содан соң ел арасы тынышталған сыңайлы.



Өмір иірімдері

Бірде ертеректе бір жылы №8 ауылдан жолаушылап келе жаттым. Жолаушыға кім кездеспейді. Еріккен Есендердің бір-екі қылжақбас көкбасының кездесе кеткені. Әй жоқ, шәй жоқ, амандық жоқ, саулық жоқ әлгілер: "Қарашығанаққа егін салып жатырмыз, өсімін көре кетпеймісің", - деп кергіді дерсің керауыз немелер.

- Салмай қайтейін деп едіңдер. Бегістер жаудан қырылды, Есендер тоғайға тығылды. Солай "аман" қалғандарыңды қанағат етіп, қарық боласыңдар ғой,- дедім.

- Сорпа саған сөз жоқ деген, саған дауа жоқ шығар, тіліңе шоқ түскір, -деп Есендер есеңгіреп қала берді дерсің.

- Тіліме шоқ түссе алдымен сендерді қарыр едім, шұнақ қар кілен, деп кете бардым. Өз шоқтарыңа өздерің өртеніңдер...

Боранжан ағайымның күзетінде отырған жұрт ду күлді. Күлкі арсыз деген осы ғой.

Мәреш апай болса мәз болып, өз әңгімесіне өзі риза көңілмен көтеріліп қалғандай еді...

- Мынау сіз айтқан әңгіме ғой, Болатжан аға,- дедім.

- Иә, иә... Бәрі бір әңгіме... Мынау сол Ысқақ ақсақалдың тұяғы...

Аңқылдаған, ақкөңіл, ашық, барын жалпылдатып айтып отыратын адам. Бүгін қайта сөйлемей отыр, бір сөйлеп кетсе таңға дейін тоқтамауға бар...

-Ә...

Ақырғы арна

Қоштасу

Өлімге жылау, өлген адамды азалау мұсылмандық парыз. "өлімге жылау жарасар" деген, жоқтамаса жоқ адам-ау, ізсіз адам-ау, жетім адам-ау деп қаймана қазақтың кінәлайтыны бар. Содан сақ болған жөн. Менің елімде жоқтаушы аналарым мен жеңгелерім біраз бар. Олардың тебіренге айтқан сөздерінен сай-сүйегің сырқырайды, жаның елжірейді, жүрегің езіліп, еріксіз сенде егілесің. Бір жеңгем бірде бәрімізге ыстық бауырымыз дүние салғанда былай дегені бар:

Алтын топшым қайырылды,

Алмас жүзім майырылды.

Қазаға көнгіш қазағым,

Арысынан айырылды.

Қонаш Қалдыоразұлы

Есіктің алды жар болды,
Заманым менің тар болды.
Кешегі жүрген жеделіме,
Қалың ел бүгін зар болды.
Аспаннан жұлдыз жиі ақты,
Қара түн жапқан сияқты.
Таңдап бір алдың, Құдайым,

Жақсыдан қалған тұяқты ... Бұл жоқтауды егілмей отырып тыңдау мүмкін емес. Жалпы жоқтау өлген адамға құрмет, ізет. Кеше бар, бүгін жоқ болған бақилық пендеге көрсетілер ана мен жеңгенін, сүйген жар мен келіннің, қыз атаулының ақырғы арыздасуы. Сол жылау арқылы шарт сынған шаңырақ иесінің ел мен жер, ағайын мен туыс, бауыр мен дос, құрбы мен қатар алдындағы беделі мен абыройы асқақтаса несі бар. Менің ойымды осы бір жайлар мазалап, тынышсыздау ұйықтадым ба, таң қылаң бере төсектен тұрып кеттім. Ауыл таңы қашанда ерекше, таңғажайып күйде атады ғой. Мамыражай тірліктің маңғаз көріністері көз алдыңнан өтіп жатыр. Ауыл оянып, тіршілік құшағына енісімен көзге көрінер көзайым көрініс өзгеріп сала берді. Өріске беттеген мал ауыл ажарын ашса, өзара қауқылдаса амандасқан адамдар өмір базарын байытатындай. Бәрі де көңілге таныс, жанға жақын ерекше көрініс. Оған менің көңілім үйлесер емес. Кейде көл болып көсілер, кейде түйін боп шешілер көңілім бүгін алай-түлей. Көп ұзамай Боранжандай ардақты ағамен қоштасамыз, ақырғы сапарға аттандырамыз, мәңгілік мекеніне ұзатамыз. Оның кең маңдайлы келбетін көңіл сүзгісінен өткізіп, аға ретінде айтқан ақылдарын, азаматтық пікірлерін, адами кеңестерін есіме алып, ой өрбітемін. Әсіресе, ол өзімен бірге оқыған, бүгіндегі белгілі азматтардың бірі, математика ғылымдарының кандидаты Наурызбаев Жетібай, балалар үйінде тәрбиеленіп, техника ғылымдарының кандидаты атанған Маңқыстау өңіріндегі Жетібай тас карьерінде, Алматы қаласындағы мрамор карьерінде бас директор болған Майлыбаев Егізбайдың ерекшеліктерін сүйіне, сүйсіне әңгімелейтін. Әрқайсысы бір-бір кітап деп отыратын. Сондай-ақ, ол балалар үйінде тәрбиеленіп, өнегелі өмірдің, еселі еңбектің, тәлімді тәрбиенің иесі атанған ағайынды Дәулетов Сайлау, Маржан, Жұбанғалиев Жұмағали, Науқан, Шарапиев Мұғаян, Жамбыл, Шпрингер Евгений, Эдик, Пуцин Виктор, Алеша, Белоносов Анатолий, Янболотов Борис, Мұсабаев Болатбек, Медиев Итемген, Гусев Геннадий, Тауманов Нәсіп, Тәжіғұлов Аманжол, Зиханов Бектаза, Әубекеров Толыбай, Дүйсенғалиев Жарас, Мырзағалиев Мәдениет, Әлиев Бабажан, Мусин Тыныштық, Бирюкова Галина, Жантөрина Галина, Шевелева



Өмір иірімдері

Любовь, Крынина Зоя, Федотова Лена және басқалар жөнінде жан-жақты әңгіме айтып, қылықтарын еске алып, күлісіп отыратынбыз. Немесе, екеуара төбелесуден ертеден кешке дейін бір танбайтын, шаршауды да білмейтін Халықов Жігер мен Илларионов Николай, ұзынтұра, тауық көз Субботин, суретті тәуір салатын бала Виктор Быченко турасында тым-тәуір толғана әңгімелейтін. Соларды іздестіру жөнінде кейде маған да құлаққағыс жасайтын.

Қайран ағайым! Сол балалар жайында көп ойлап, қайда жүр екен, қалай жүр екен, деп аңсаған күйде айтып та қоятын-ды. Енді ше? Ол азамттарға сен жоқсың, өз аға! Жаным жабырқап, жүрегім езіліп, сол сәтте менде сол бір ұлдар мен қыздарды, балалар үйінің тұрмыс-тірлігін бірге көріп, бір қазаннан ас ішіскен тағдырластарымды тебірене тұрып, толғана тұрып ойлағам. Ойлай тұрып: О, ардақты азаматтар! Бүгін бәрімізді аяулы ұстазымыз, асыл жанды ағамыз Боранжаннан арсыз ажал ажыратып, арамызды алыстатты. Бәрімізді сырттай ойлап, қамқорлап жүрер жүрегі нұрлы, жайсаң жаннан көз жаздық. Осылай деп бар дауысым жеткенше бәріңе айтқым келеді, аза тұтыңдар дегім келеді. Жүрегім тоқтап қалғандай, көзім жасаурап, көңілім босап, ақ берен азаматынан айырылып, иесіз қалған шаңырағы шарт сынған ағаның ақ ордасына мұңая да мұңдана қарай бердім. Көңілім көл көсір жасын төгіп жылап тұрды. Ештеңе болмағандай тып-тыныш ауыл. Кісісі өлсе қаралы көрінетін ауыл түрі бұнда байқалмайды. Бәрі де үн-түнсіз өзіндік حرکتке берілген. Кім не жасап жүр, белгісіз, түсініксіз. Әйтеуір, бес-алты әйел ошақ басында от жағып, қазан көтеріп жатыр...

Сәттен соң Боранжан ағамен қоштасуға арналған қаралы митингі басталды. Мәйітті қаумалап, ентелеген ел-жұрттың біраз жиналғаны байқалды. Бәрі де кім не айтар екен деп құлақ түрген сыңай бар. Бәрі де сынай қарайды, міней қарайды. Алдымен ол зейнеткерлікке қалғанша еңбек еткен мектеп директоры сөз алды. Уылжыған жас жігіт екен. Ол біреуді аза тұтып, қаралы митингіде емес, салтанатты сәттерде сұңқардай саңқылдап сөз сөйлейтін жігіт екені көрініп-ақ тұр.

-Халайық! Сынаптай сырғыған уақыттың өткені байқалмайтыны өкінішті екен. Кеше ғана ортамызда жайнадап, ағалық ақылын айтып, парасатты пікірін білдіріп отыратын ардақты ата, аяулы әке, асыл жар, абзал азамат, тірлігінде ел ағасы атанған Құтылұлы Боранжан ағаны 70-ке қараған шағында мамырдың 19-жұлдызында, таң шапағы рауандап жаңа атып келе жатқанда, ажал тырнағының жебесі кенеттен ақ адал, өлең төсегінде бақилыққа алып кетті, - деп бастады жас жігіт азалы сөзін. Содан соң әзиз жанды аймаңдай ағаның елімізді өркендетудегі, бала

Ҷонаш Ҷалдыоразулы

тәрбиесіндегі атқарған алуан істерін, ұстаған тізгіндері мен отырған тақтарын, тәмәмдаған оқу орындары жайында тым-тәуір айтып берді. Боранжан ағаның үлкенге ізетті іні, кішіге қамқор аға бола білгені, көзінің тірісінде қолынан келгенінше жұртқа тек жақсылық жасауға ұмтылатын ұлағатты қасиеттеріне тоқталды. Орыстық тәрбиенің тәлімі бойынша тағы да құрдастары мен туыстарының бір-екеуі лебіз білдірді. Алыстан келген інісі ретінде мағанда сөйлеуге, ағаға деген, оның өлмес рухына деген ниетімді білдіруге тура келді. Бірақ қобалжыған көңіл, толқыған жүрек, жанардан аққан жас қапелімде сөйлетер болмады. Жылай тұрып, өкси тұрып мына бір өлең жолдарын жиналған жұртшылыққа оқып шыққан болдым.

Жүрсемде шалғай, жан аға,
Келуші ем аңсай әр дайым
Өсірдің баурап жан аға,
Ұқтырып өмір мән-жайын.

Оқытып өмір парағын,
Тарыққан шақта демедің
Адам бол, оқы, қарағым
Талай да талай деп едің.

Көрісе келсек көктемде,
Ауруға қапсың кезігіп.
Әкемдей мені өпкенде,
Жүрегім тұрды езіліп.

Фәниден - тірлік - жалғаннан,
Сенде өтгің асыл ардағым.
Үзілді ерте арман-ән,
Селдіреп қалды-ау жан-жағым.

Жетпіске күзде келер ең,
Ойлаушы ек бірге той қамын
Жаның пәк, таза, ерен ең,
Кететін алыс ойларың.

Жеткізбес бірақ, дегенге,
Өлшемі мықты Алланың.



Өмір шірімдері

Бір тілек - асыл жеңгеме,
Қайырын берсін қалғанның.

Қош болғын, аға, қош болғын,
Кетесің мәңгі мекенге.
Аға - іні болдық, дос болдық,
Қол созып бірге ертеңге.

Бақұл бол жеңгем-асылым,
Және де туыс, бауырлар.
Төгісіп кейде жан сырын,
Отырушы едік дауылдап.

Алып та сенің жүрегің,
Кең кеудеңе симаған.
Пана деп сені жүр едім,
Өлімің бүгін қинаған.

Ардақты ағам сен едің,
Әкемдей артық сыйлаған.
Сыңарым сенсің деп едің,
Жалғыз қап бүгін қиналам.

Сағынтып мені шалғайда,
Жан ағам - нәрім, өзенім.
Сұм ажал! Сенде ар қайда?
Өртеніп тұр ғой өзегім.

Жайсаң бір аға, қош болғын,
Қырқылып қалды-ау қанатым.
Қазаңда жылап - бос болдым,
Тойыңда ән сап жанатын.

Қош бол, ардақты ағайым, қасиетті қара шалым, деп көл болған көзімнің жасы бұлт жапқан аспанның сіркірей жауған жаңбыр тамшысымен ұласа берді. Сәттен соң аға мүрдесі салынған көлік Бақсай селосы тұсындағы Байсана қорымына қарай бет түзеді. Балауса күндерімнің бағбаны болған, байтақ өмірдің өріне өнегесін өсіріп, үлгісін үкілеп үрдісін қалдырған аса бір ардақты ағаны жер қойнына бердік те бір бел топырақ салып, дұғамызды оқып, парызымызды өтедік.

Жонаш Қалдыоразұлы

Меңдекешше айтқанда "бір төбенің басында бір төбе боп" қалды ағам. Қимай-қимай қоштасып, көзге жас толып, көңілге мұң толып кейін қайттық...



Шүйін

Талайлар өмірден өтеді. Өмірге келгесін өтуде парыз. Ол табиғат заңы. Мәңгілік ештеңе жоқ. Табиғат қашанда құбылмалы. Сол табиғаттың бір бөлшегі адамға да мәңгілік өмір берілмеген. Мәңгілік өмір о дүниеде деп үйретеді Кәрім Құранда. Оған нанбасқа шамаң жоқ. Өйткені, Құран Кәрім Мұхамбет пайғамбардың хадистері мен өсиеттерінен өрілген. Ал Мұхамбет Пайғамбар салолла ғалейссәләм Алланың елшісі. Алланың өзі де рас, сөзі де рас, деп дана Абай тегін айтпаған болар, сенесің. Сенбеске жайың жоқ. Қайткенде де бір құдірет күш бар екенін көңіліңмен ұғасың. Сол күш бәрін өзі реттеп тірлікті қозғалысқа салып отыратын сыңайлы. Сол күш бүгін мені алыстан аңсап келер ағамнан айырды. Теңіз бетінде адасқан жалғыз қайықтай қалтылдап, айдалада қала бардым. Бағытым қайсы, барар жерім қайда? Өзімнің де денсаулығым кеміп, ешкімнен тірек таба алмай жүргенде тумаса да туғаннан артық болған азамат ағайымнан айырылып, тіреуімнің түбі босап, көңілімнің көлі сарқылып, тауым шағыла таусылып, төзімім түгесіліп, жаным жүдеп, жүрегім езіліп аға аулынан аттанысымен көп ұзамай облыс орталығында ауруханаға түсіп, облыстық онкологиялық диспансерде операция жасалып, алланың әмірімен аман қалдым. Төрт айдан кейін тәуір болып елге оралысымен, есімнен кетпес екі күн оқиғасын, алдымен мамыр айында түн ортасында көрген түстен соңғы ойлар мен аға азасы жайындағы көңіл сырларын тезірек қағазға түсіруді ойластырдым. Күнделікті жарамды таңдыра отырып, осы жазбаларымды 2002 жылдың желтоқсанында бастадым. Бірақ әлім келмегендіктен асығыс жазылған шығармамды 2006 жылдың ақпан айының аяғында қайта қарап, аяқтап отырмын. Бұл өзіңізге қойған ескерткішім болсын, Боранжан аға. Құрметпен інің һәм шәкіртің Қалихан Қалдыбеков деп білерсіз. Бұны менің кермек дәмді балалығымның, сіздің кермек дәмді қарттығыңыздың куәсі ретіндегі жыр деп көңілімде мәңгі әлдилеп, аялап жүрерім сөзсіз.

2002-2006 жылдар

Мазмұны

Осы кітаптың авторы туралы	4
Алғысөз	5
Ажалмен арпалыс (повесть)	7
Ұлымның күнделігі (повесть)	99
Кермек дәмді балалық (повесть)	213

Қонаш Қалдыоразұлы



Қонаш Қалдыоразұлы

Өмір иірімдері
(повестер жинағы)

"Ағатай" баспасы

Баспаның директоры Клара Оралқызы
Техникалық редактор Сәуле Марданова
Редакторы Лаура Нариманова
Көркемдеуші-дизайнер Сәуле Сариева

Теруге 01.10.2011 ж. жіберілді. Басуға 10.12.2011 ж. қол қойылды.

Офсеттік басылым. Қаріп түрі «Palatino Linjtype».

Таралымы 300 дана. Тапсырыс №21

Атырау қаласы, «Ағатай» баспасы